

Б 63(5К)

М79



Жоғары оқу орындарының Қауымдастығы

Ч. Мусин



Қазақстан тарихы



Ч. Мусин

ББЗ(5к)

М79


ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арналған
оқулық

(көне дәуірден 2005 жылдың басына дейін)

Толықтырылған үшінші басылымы

АЛМАТЫ, 2005



Ч. Мусин

М 79 /Қазақстан тарихы/ Оқулық, 3-ші басылым. Алматы, 2005, 592 бет.

ISBN 9965-465-99-1

Тарих ғылымының докторы, профессор Чапай Мусин дайындаған бұл оқулықта көне заманнан біздің дәуірімізге дейінгі Қазақстан тарихы кезең-кезеңімен баяндалады. Бұрын-соңды жарық көрген негізгі тарихи еңбектер мен қазақ халқының тарихына бүгінгі таңда қалыптасып жатқан көзқарастарға сүйене отырып жазылған бұл оқулық жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының студенттері мен оқушыларына, жалпы жұртшылыққа арналған.

М 0503020905
00(05)-05

ISBN 9965-465-99-1

© Ч. Мусин
© Қазақстан Жоғары оқу
орындарының қауымдастығы

АЛҒЫ СӨЗ

Карпат пен Хинган тауларының аралығындағы Еуразиялық құрылықта, 40-50 ендікте созылып жатқан ұлы даланы мекендеген әлемдік оркениетті дамытуға өзіндік сүбелі үлесін қосқан түркі тілдес халықтардың қашаннан бір тармағы болып келетін, тармағы болғанда “қазақ түрік емес, ерксіз түрік түрік емес” деген мәтелге өзек болған түрік тектес халықтардың ең іргелісі қазақ халқы болып саналады. Оның тарихы да, тағдыры да осы ұлы даламен тығыз байланысты: сабақтас, салалас, аралас, ортақ. Сондықтан да қазақ халқының тарихын алып даладан бөле-жара қарай алмаймыз. Сайып келгенде, егер осы ұлы даланы айдынды асқар теңіз ретінде қоз алдымызға елестететін болсақ, теңіздің қайнар бастауы, оның деңгей-дәрежесінің негізі - осы даланы жайлаған түрік тектес халықтар, оның ішінде қазақ халқы екенін ұмытпауымыз керек.

Кезінде Қазақстанның осы ұлы даланың елеулі бөлігін қиусыра құшақтап, қарымды, қамтып жатқан бүгінгіден де үлкен жері болды. Қазақстанның бүгінгі жері 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін 20-шы жылдарда қалыптасты. Оның шеңбері Германия, Италия, Англия, Жапония сияқты ондаған мемлекетті емін-еркін сыйғыза аларлық: таулы-тасты, орман-тоғайлы, озен-қолді. Каспийдей асқақ теңізі, ашық далалы алқаптары бар, батысынан шығысына дейін - 3 000, оңтүстігінен солтүстігіне дейін - 1700 шақырымға созылып жатқан, жалпы көлемі 2 миллион 700 мың шаршы шақырымды қамтитын байтақ алқап. Өзінің көлемі мен шекарасының ұзындығы жөнінен дүние жүзіндегі ең ірі жеті мемлекеттің қатарына жататын республикамыз жерінде қаптағып мал өсіріп, егіс салып, дән дайындап, кен қазып, байлық тауып, одан қоғамға қажетті өнім шығарған ежелгі қазақтардың, олармен берекелі достық, ырысты ынтымақтық жағдайында тіршіліктің қам-қарекетімен айналысқан

басқа ұлт өкілдерінің күш-жігерімен зауыт, фабрикалар, мәдени-әлеуметтік ғимараттар, тұрғын үйлер шоғырланған жүздеген қалалар, мыңдаған елді мекендер бой түзеп, егеменді Қазақстанның бүгінгі болмысы, келісті келбеті мен келешегі бүкіл дүние жүзінің назарына ілігіп, оны өзіне аударуда.

Қазақстан тарихында болып жатқан бүгінгі бетбұрыс, оның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік өміріндегі қайта түлеу, жаңару көп жылдар бойы тоталитарлық басқару жүйесінің езгісінде болып, халықтың өткенін білуі күңгірттеніп, ұрпағы мәңгірттеніп, өз елінің тілі мен дінінен, дәстүр салтынан қол үзе бастаған жартылай орыстанған шала қазақтар көбейіп келе жатқан кезде қолға алынды. Осындай бетбұрыстың нәтижесінде жұртшылықтың өз халқының тарихына деген ынтасы мен ықылас пейілі, құштарлығы мен шексіз құмарлығы жаппай бой көрсетті. Білсек деген сұрақтар көбейді. “Біз қазақпыз, сонда біз кіміз, өткенімізде ғибрат аларлық не бар, келешегіміз не болмақшы, елдің тарихындағы батырлары мен билері бетке ұстар адамдары кімдер?” – осындай сұрақтар ашық қойыла бастады. Жасыратыны жоқ, соңғы он төрт жыл ішінде қазақ халқының тарихына, өткеніне байланысты жоғарыда айтылған сұрақтарға біршама толық жауап беретін көптеген басылымдар мен жарияланымдар, мақалалар, ірілі-уақты кітаптар жарық көрді. Қазақ жеріндегі аталып өтуге лайықты аса маңызды саяси оқиғалар мен тұлғалы азаматтардың тойлары өткізілді. Тарихтың көптеген мәселелері қайта қарастырылып, жаңа бағаға ие болды. Ақтандақ беттерді ақиқат шындықтармен толықтыру ой-өрісімізді кеңейтуге, тарихты бүгінгі биіктер тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік беруде. Сойтіп, мұның өзі өшкенімізді тірілтіп, өткенімізді білуге, оны бүгінгі қалыптасқан ойлау жүйесі мен қозғалыстар тұрғысынан түсінуге жұрттың ынта-ықыласын бұрыпғыдан да арттырып отыр.

Қазір халқымыздың тарихын жастардың зердесіне құйып, оларды осы тарихтың тағылымымен таныстырудың, әсіресе жоғары, орта оқу орындарында оқып жүрген студенттердің тарихи санасын бүгінгі талаптар тұрғысынан қалыптастырудың маңызы зор. Жастар халқымыздың келешегі, заманымыздың болашағы. Бүгінгі қоғамда атқа-

рынын жатқан әлеуметтік-экономикалық игі істердің бәрі солар үшін, солардың берекелі бақыты үшін істелуде. Жастар жаман болмасын, ел азбасын, халық тозбасын дегін болсақ, бүгінгі жоғары оқу орындары шаңырағының астында жүрген қыз-жігіттердің зердесін тарихи тұрғыдан ұштау керек. Бұл тек ұстаздар үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл зиялы қауымның алдында тұрған міндеттердің келелісі, адамгершілік парыздың өрелісі болып табылады.

Сөлай бола тұрса да, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында Қазақстан тарихы бойынша оны қазақ жастарының ана тілінде оқын үйренуіне мүмкіндік беретін оқулықтар жетіспейді. Кодекші оқу құралдары да жеткіліксіз болып жатыр. Осындай зәрулікке байланысты жастардың тарихты оқын-үйренуіне септігін тигізе ме деген үмітпен жұртшылықтың назарына осы еңбекті ұсынып отырмыз. Оқулықтың тақырыптары қазақ халқы тарихының белгілі кезеңдеріне байланыстырып алынды. Оларды жазған, баяндаған, мазмұнын ашқан кезде Қазақстан тарихы бойынша бұрын-соңды жарық көрген еңбектер кеңінен пайдаланылды. Сонымен бірге Қазақстан тарихындағы көптеген маңызды оқиғаларға соңғы кезде беріліп жатқан тың бағалар мен жалтақсыз айтылып жатқан сындар, жаңадан қалыптасып жатқан қозқарастар жап-жақты ескерілді. Мәселен, тарихшыларымыз соңғы кезге дейін патша өкіметінің отарлау саясатының басқыншылық сипаты мен зиянды зардаптары туралы айтуға бата алмай келген. Тек бүгінгі жариялық жағдайда ол туралы ақиқатты ашық айтуға мүмкіндік туып отыр, немесе Кенесары Қасымұлы бастаған ХІХ ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы қазақ дала-сындағы қозғалысты алайық. Ол соңғы кезге дейін хандық билікті қалпына келтіруге бағытталған ақсүйектердің мүддесі үшін жүргізілген күрес деп бағаланып, оның азаттық, халықтық сипатын айтуға батылы жеткен Е. Бекмаханов сияқты тарихшыларымыз қудаланды. Осы қотеріліске байланысты кейінгі кезде жарияланған құжаттар, Кенесарының патша әкімшілігімен жазысқан хаттары және басқа да деректер оның халықтың қамы, қара қазақтың ары үшін Ресей империясының отарлау саясатына, озбырлығына қарсы қасық қаны қалғанша күрескен парасатты басшы, ке-

меңгер ұйымдастырушы, тайсалмайтын табанды батыр болғанын корсетіп отыр.

Орыс шаруаларын қазақтың шұрайлы жерлеріне қоныстандыру сияқты отарлау саясатының мерзімі 1915 жылға дейін жалғасты. Оны өршітуші Ресейдің Министрлер Кеңесінің Төрағасы Столыпінді Ресей тарихшылары прогресшіл саясатшы деп күні бүгінге дейін мақтайды. Ал қазақ тарихшылары оның олай емес екенін біле тұра шындықты айта алмады.

Қазан төңкерісі, Қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауы жөніндегі көпірме сөздер кітаптан кітапқа көшіп жатты. “Алаш”, “Үш жүз” партиялары, “Алаш” үкіметі жөніндегі шындық осы көпірме сөздердің қалталарында қалды. Колхоздастыру, 1932-1933 жылдардағы аштық, солардың барысында халықтың қырылуы сондай-ақ, 1929, 1937 жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғындау, сол арқылы мыңдаған адал азаматтардың сталиндік жазалаушы жезтырнақ аппараттың қолынан қазаға ұшырауы жөніндегі ондаған жылдар бойына халықтан жасырылып, мемлекеттік құпия дәрежесінде сақталып келген құжаттар жұртшылық назарына жеткізілуде. Бұл сияқты материалдарды неғұрлым толық пайдаланғанымызды айта кетелік.

Сонымен бірге республика тарихын бір жақты, тек қана қаралау тұрғысынан қарастырудың тарихшыға да, тарихты үйренуші өзгеге де абырой бермейтінін түсінуіміз керек. Біздің тарихымыздың жанды жадырататын жарқын беттері де аз болған жоқ. Өткеннің бәрін қателік пен адасушылық деп қарасақ немесе толассыз табыстар мен жетістіктердің шеруі десек, біздің өзіміз парасатсыз болып шығамыз.

Сондықтан біз үшін ең қажеттісі - шындықты бұрмаласыз, боямасыз көрсету болып табылады. Бұл ұсынылып отырған оқулықтың авторы ең әуелі, яғни 1994 жылы, тарих ғылымының докторы профессор Х. Мадановпен бірігіп “Ұлы дала тарихы” кітабын шығарған еді. Кейін 2000 ж. автор жеке өзі “Қазақстан тарихы” деген атпен жаңа оқу құралын, ал 2003 жылы студенттер үшін арнайы оқулық дайындады. Сөйтіп, автор бұрынғы тақырыптарды қайтадан сын көзімен қарап, көптеген соңы өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, “Ұлы дала тарихында” 22 тақырып болса, үшінші басылым отыз сегіз тараудан тұрады. Оқулықты

Қазақстанның көне және орта ғасырлар дәуіріндегі, соның ішінде түркі тілдес тайпалық одақтар мен мемлекеттердің тарихы, қазақ жерінің Ресей империясының құрамына кіру кезінде бұқара халықтың ұлт-азаттық қозғалысы тың деректер негізінде толықтырылып қайтадан жазылды. Сондай-ақ, Қазақстанның тәуелсіздік алған 1991 жылдан бергі кезең республикамыздың газет-журналдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жаңа материалдар негізінде жинақталып, қорытылып көрсетілді.

2003 жылы жарық көрген “Қазақстан тарихы” шыққанын бері де, елімізде айтарлықтай көптеген өзгерістер болды. Қазірде Қазақстан егеменді ел болып, өзге жұртпен тең болып, ата-бабаларының ертеден бергі арман-тілегі іске асып, қалыптасқан елдік дәстүрі қабылданған Ата заңы бар, дербес оркениетті елдердің қатарына қосылды. Осы уақыт ішінде Тәуелсіз Қазақстанның тарихы туралы көптеген жаңа очерктер мен кітаптар, жинақтар мен монографиялық еңбектер, оқу құралдары, ғылыми мақалалар мен тың материалдар жарық көрді. Олардың ішінде студенттерге дәріс беруде Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғалымдарының қазақ тілінде шығарған “Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін”. 1-2-3 томдар. Алматы, 1996, 1997, 2000; “Қазақстан тарихы. Очерктер /Бас редакторы академик М. Қ. Қозыбаев/, Алматы, 1994; “Қазақтың көне тарихы” /құрастырушы Мұратхан Қани/, Алматы, 1995; Сәйден Жолдасбайұлы – “Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан”, Алматы, 1995; Күзембайұлы Ә., Әбілов Е. – “Қазақстан тарихы”, Алматы, 1996; Әбдіжапар Әбдәкімұлы “Қазақстан тарихы”, Алматы, 1997; Көкіш Рысбайұлы - “Қазақстан Республикасының тарихы”, Алматы 1999 және т.б. еңбектерді бөліп көрсетуге болады. Жалпы осы оқулықты шығаруда пайдаланылған әдебиеттердің тізімі кітаптың соңында берілген.

Автор соңғы кездегі жаңа деректерді ескере отырып, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінде және М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясында Қазақстан тарихы бойынша студенттерге оқыған лекция тақырыптарын барынша толықтырып, егеменді

еліміздің тарихы бойынша осы жаңа оқулықты шығаруды жөн көрді. Онда Қазақстан егемендік алғаннан бергі болып жатқан өзгерістер жан-жақты ескеріліп, тың деректермен қайтадан толықтырылды.

Әрине, жұртшылық назарына ұсынылып отырған бұл еңбекте Қазақстан тарихы бойынша тың мағлұматтар мен деректер түгел пайдаланып, олардың мазмұны мен маңызы толық ашылды деп кесіп айта алмаймыз. Мінсіз дүние болмайды, бұл еңбектің де мүлт кеткен, толықтыруды, жетілдіруді керек ететін жерлері болуы әбден ықтимал. Сондықтан оқулық туралы сын-ескертпелер болатын болса, ризашылықпен қабылдаймыз.

І - БӨЛІМ

ЕРТЕ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН



Бірінші тарау

Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыс.

§1. Көне, орта және соңғы тас дәуірі

Адамзат тарихы өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуында: тас дәуірі, мыс (қола) дәуірі және темір дәуірі болып үш кезеңге бөлінеді. Ежелгі тас дәуірі адамзат тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезде адамның жерден бауырын көтеріп, екі қолдың еңбек әрекетіне бейімделуі іске асты. Мұның өзі алғашқы адам іспеттес тіршілік иелерінің күнкөріс үшін тас құралдарын жасауына мүмкіндік берді. Осы құралдардың қалдықтары адамзат баласының ең ұзаққа созылған тас дәуірінің уақытын шартты түрде белгілеуге негіз болды.

Батыс Еуронаның тарихи материалдары негізінде құралған классикалық схема бойынша ежелгі палеолит үш дәуірге: дошель, шель, ашель болып бөлінеді. Орта палеолит соңғы ашель, мустье, ал соңғы палеолит ориньяк, солотре және мадлен болып айырылады.

Соңғы жылдары бұл схемаға кейбір өзгерістер енгізілді. Бірқатар авторлардың пікірі бойынша: олар палеолитті екі дәуірге - ежелгі дәуір мен соңғы дәуірге бөліп, мустье мен соңғы палеолит арасына меже қояды. Көбінесе Африкада жаңа материалдар негізінде адамзат өміріндегі әуелгі дошельді қамтитын ежелгі кезең бұл күнде олдувэй дәуірі деп аталады. Ол б.з.б. 2,6 млн. жылдан басталады. Ежелгі палеолиттің одан кейінгі екі дәуірі - шель мен ашель 800 мың жылдан 140 мың жылға дейінгі дәуірді қамтиды. Көптеген зерттеушілер орта палеолитті /соңғы ашель мен

мустьени/ біздің заманымыздан бұрынғы 140-40 мың жылдықтарға жатқызады. Соңғы палеолит 40 мың жылдықтан 12 мың жылдыққа дейінгі уақытқа сәйкес келеді.

Алғашқы адам тақылеттес тіршілік иелері мен оның қарапайым шаруашылығының қалыптасу кезеңін қамтитын ежелгі тас дәуірі өндіргіш күштердің өте төмен деңгейімен сипатталады. Ол тұстағы адамдардың кәсібінің мәні табиғаттың дайын өнімдерін пайдаланумен шектелген. Олар оздігінен өсіп тұрған дәндерді, жеміс-жидектерді теріп жеп, жабайы аңдарды аулап, олардың етімен қоректенді. Бұл тұстағы адамдардың өзара қарым-қатынасы олардың теңдігіне, еңбек бөлінісінің жынысқа, жасқа қарап реттелуіне негізделді.

Еңбекке бейімі бар, адам тақылеттес ең әуелгі тіршілік иесі ғылымда презинджантроп деген атпен белгілі. Оның сүйектерінің қалдықтары Шығыс Африкадан табылған. Ғылымда “*Homo habilis*” /”шебер адам”/ деп аталып кеткен ол осыдан 1 миллион 750 мың жыл бұрын өмір сүрген. Оның миының аумағы 652 см³, яғни ертедегі маймылдың миынан әжептеуір көлемді де салмақты болған. “Шебер адамның” еңбек құралы малта тастың сындырылған түрлерінің қырлары пышақ сияқты откір болып, кесу үшін пайдаланылған.

Адамзаттың дамуындағы тас дәуірінің орта және соңғы кезеңдеріне сәйкес келетін “*Homo erectus*” /”түрегелген немесе бойын жазған”/ питекантроп /”маймыл адам”/ және синантроп /”адам”/ болып екіге бөлінеді. Оның алғашқысы мен соңғысының араларында дамудың, жетілудің оң өзгерістері болғанын, сонымен бірге олардың дамуында сабақтастық барын байқатады.

Бірінші питекантроп 1891 жылы Индонезиядағы Ява аралында табылды. Питекантроп бұдан бір миллиондай жыл бұрын өмір сүрген. Ол “*Homo habilis*”-пен салыстырғанда елеулі эволюциялық өзгерістерге ұшыраған. Ми көлемі үлкейіп (959 см³), бас сүйегі мен жақ сүйектері кішірейген, аяқ пен қолдың пропорциясы өзгерген.

“*Homo erectus*”-тің екінші бір түрі синантроп болды. Синантроп 1927 жылы Қытай жерінде Чжоу-коу-дяң үңгірінен табылды. Одан синантроптың сүйектерімен бірге әр түрлі формадағы тас құралдар, ошақта көп жатқан тастар және төменгі

антропоген /геологиялық жер қыртысы/ тарихындағы ширектік дәуір фаунасы жануарларының көп сүйектері табылған. Бұдан синаптроптар сол кездің өзінде-ақ от жағуды білген деген қорытынды жасауға болады. Бұл кезде піскен етті, өсімдікті тамақ ету адамның дамуына, әрине, өзінің игі әсерін тигізбей қойған жоқ. Б.з.б. 300 мың жыл бұрын “Homo erectus” қазіргі кезеңдегі адам түріне, немесе “Homo sapienske” /“ақылды адам”/ айналды. “Ақылды адамның” қалдықтары Еуропада, соның ішінде Германиядағы Неандерталь жотасында табылған. Сондықтан ол тарихта неандерталь адамы деген атпен белгілі. Ал б.з.б. 45-35 мың жылдықта Франциядағы Креманьон жотасында қазіргі адамдарға ең жақын ертедегі адамдардың қалдығы табылды.

Қазақстан жерінде, ежелгі адамның қазынды қалдықтары әзірге кездесе қоймағанына қарамастан, олардың мекен еткен аудандарының бірі – Қаратау жотасы болғаны анықталып отыр. Арыс өзені жағасындағы Кіші Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде ертедегі адамдардың еңбек құралдары болып табылатын ірілі-уақты шақпақ тастардың табылуы осыған айқын дәлел бола алады.

Климаттық жағынан алғанда, Қаратау жері ертедегі адамдар үшін айрықша қолайлы болып келген. Мұндағы жағдай Қаратау қыраты аймағында ұзақ замандар бойы қалыптасқан. Онда көп түрлі өсімдіктер өсіп, жануарлардың мекендеріне қолайлы табиғи жағдай жасалған. Осының бәрі ежелгі адамдардың бұл араны мекендеуіне жол ашқан. Олар бұл жерлерден қоректі де, су көздерін де, сонымен қатар өзендер жағалаулары мен үңгірлерден, бортопырақты аудандардан шұрайлы мекен жайлар тапқан. Олардың ең бастылары археологиялық зерттеулерде көрсетілгендей, ашель дәуіріне жататын Боріқазған, Тәңірқазған тұрақтары болып табылады. Қаратаудың алғашқы тұрғындары от жағып, оны сондірмей ұстай білген. Олар аң аулаумен, тамақ болатын өсімдіктерді жинаумен шұғылданған.

Ашель дәуірінің ескерткіштері Орталық Қазақстанда да табылған. Оған Жезқазған қаласынан 150 шақырым жердегі Жаман айбат, Қарағанды облысының Жезді ауданынан табылған Обалысай тұрақтарын боліп айтуға

болады. Орталық Қазақстан жеріндегі қазбаларға қарағанда, осы маңда орналасқан ежелгі адамдар еңбекте тас құралдарын кеңінен пайдаланған. Олар тастарды үшкірлеп, үлкен-үлкен қырғыштар, әр түрлі донгелек тас құралдар жасап, қажеттеріне жарата білген. Сондай-ақ, көне палеолиттік ескерткіштер қалдығы Батыс Қазақстанның, әсіресе оның Маңғыстау түбегінде табылған. Мұндағы ашылған ескі тұрақтардың бәрі Каспий теңізі жағалауының шығыс аймақтарында орналасқан.

Соңғы палеолит б.з.б. 35-30 мың жылдан 12-10 мың жылға дейінгі кезенді қамтиды. Бұл-адамзаттың жердің барлық климаттық аймақтарына тарап қоныстанған және нәсілдер мен нәсілдік топтардың құрылған кезі. Кейінгі палеолит дәуірінде саналы адамның пайда болуы мен адам қоғамының материалдық және рухани мәдениетінің дамуы іске асты.

Соңғы палеолит дәуірінде адамдардың рулық қауымы мен топтық ұжымдары қалыптаса бастады. Рулық қауымдар көп жерде алдымен отбасының қамқоршысы, бала өсіруші ананың төңірегінде топтасты, осыған байланысты әйелдер алғашқы қауымда үстемдік жасады, мұның өзі аналық-матриархаттық дәуір деп аталды. Бұл кезде әйелдердің қауымдағы жағдайы өте жоғары болды. Сөйтіп, ана әулеті ертедегі адамдардың өзара қандас туыстығымен, жалпы ана жағынан шыққан тегімен ерекшеленді.

Тас дәуірінің тарихында мезолит пен неолит біздің заманымыздан бұрынғы 12-5 және 5-3 мың жылдықтардың арасын қамтиды /мезолит-орта тас дәуірі, неолит-соңғы тас дәуірі/. Ол кезде табиғат осы заманғы бейнеде болды. Жануарлар дүниесінің құрамы өзгеріп, енді аңшылардың аулайтыны кобінесе бизон мен жылқы, жабайы ешкі мен киік, қоян, үйрек болды. Мезолит заманындағы адамдардың садақ пен жебені ойлап шығаруы үлкен жетістік еді және осы тұста микролиттер - үшбұрыш, ромб, трапеция, сегмент - тәрізді ұсақ қалақтар шықты.

Біздің заманымыздан бұрынғы 5 мың жылдықта басталған неолит - тас құралдарын барынша пайдаланған дәуір. Бұл кезде еңбек құралдары жетілдіріліп, тастарды бұрғылау, тастарды тегістеу, ағашты арамен кесу сияқты жаңа технологиялық әдістер қолданылған. Қиын оңделетін тас-

тар бірте-бірте тұрмысқа, шаруашылыққа пайдаланылды, тас балталар, кетпендер, келілер, дән үккіштер, келсаптар жасана бастады. Неолит дәуірінде Қазақстан жерінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығының тууы, ертедегі адамдардың бұрынғы табиғаттың даяр өнімдерін иемденуден, яғни өсімдік дәндерін жинау, аң аулау орнына, өндіруші шаруашылыққа қошуге жағдай жасады. Шаруашылықтың жаңа түрлерінің пайда болуы адамзат қоғамынан одан ары дамуына өз ықпалын тигізді, адам еңбегінің ауқымы мен көлемі кеңейді, сонымен қатар оның мінез-құлқына да сапалық өзгерістер әкелді.

Алғашқы қауымдық құрылыс өндіргіш күштерінің дамуы тас дәуірінің соңғы кезеңінде мәдени-тұрмыстық жаңашықтардың ашылуына әсерін тигізді. Бұл кезде тау-кен ісі мен тоқымашылық ілкі қадам жасады. Сонымен қатар керамикалық ыдыс жасау іске аса бастады.

Өлеуметтік жағынан алғанда неолит кезеңі рулық қауым дәуірі еді. Онда бірігіп еңбек ету және өндіріс құрал жабдықтарына ортақ меншік үстемдік етті. Осы кезде тайпа бірлестіктері құрылды. Тайпалар туыстық жағына және шаруашылықтың түріне қарай негізделді. Ежелгі қазақ жеріндегі тайпалар аңшылықпен, балық аулаумен, өсімдіктерді жинаумен шұғылданған. Кейініректе олар мал өсірумен, егіншілікпен және кен өнеркәсібімен айналыса бастады.

Қазақстан жерінде ғылымға белгілі 600-ден аса неолиттік ескерткіштер табылған. Бірақ олардың басым көпшілігі осы уақытқа дейін зерттелмеген. Неолит тұрақтары өзінің жер-жерге орналасу сипатына қарай төрт түрге: бұлақ бойындағы, өзен жағасындағы, көл жиегіндегі және үңгірдегі тұрақтары болып бөлінеді. Олардың қалдықтары археологиялық зерттеулер барысында Қазақстанның барлық аймақтарынан табылған.

§2. Қола дәуірі. Бегазы-Дәндібай мәдениеті

Біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдықта мал және егіншілік шаруашылығымен қоса металл өңдеу кәсібі дами бастады. Мұның өзі Қазақстан жеріндегі өлеуметтік-

экономикалық жағдайларды өзгертуге жол ашты. Мал өсіруші тайпалар ірі және қуатты бірлестіктер құрды. Бұлардың арасында әр түрлі себептермен келіспеушіліктер болып, қарулы қақтығыстар да орын алды. Қару енді жабайы аңдарды аулау үшін ғана емес, сонымен қатар тайпалардың соқтығыстарында да жиі қолданылды, қару жасау бірте-бірте металл өңдеудің дербес саласына айналды.

Б.з.б. 2 мың жылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола заттарын жасауды меңгерген. Қола - әр түрлі өлшемдегі мыс пен қалайының, кейде сүрменің, күшаланың, қорғасынның қорытпасы. Мыспен салыстырғанда қола өте қатты және балқу температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі болып келеді. Ол еңбек құралдары мен қару жасау үшін қолданылатын негізгі шикізат болып табылады. Қазақстан жерінде түсті металдар өңдеуге, әсіресе, мал өсіруге мықтап көңіл болген. Сөйтіп, б.з.б. 2 мың жылдықтың аяғында - 1 мың жылдықтың басында дала халықтары шаруашылықтың жаңа түрі - көшпелі мал шаруашылығына ауысады.

Қола дәуіріндегі экономикалық басты-басты екі бағыттағы: мал шаруашылығы мен металл өңдеу кәсібінің тез дамуы, ең алдымен еркектердің еңбегін қажет етті. Мұның өзі қоғамда еркектер ролінің күшеюіне әкелді. Сөйтіп, аналық рудың орнына аталық ру /патриархат/ пайда болды. Қоғамдық өмірдегі ірі өзгерістер ондірістік күштердің өсуіне, қоғамдық еңбектің мамандануына, патриархаттық қатынастың дамуына байланысты еді. Жеке отбасылар бөлініп оқшауланды, меншік ұлғайып кеңейді, рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі көрініс бере бастады.

Қола дәуірінде Сібірдің, Қазақстанның және Орта Азияның кең-байтақ далаларын тегі және тарихи тағдырының ортақтығы жағыпан туыс тайпалар мекендеді. Бұл тайпалар бір үлгідегі, бір-біріне ұқсас мәдениет қалдырды. Олар қалдырған ескерткіштердің табылған жері Сібірдегі Ачинск қаласы маңындағы Андронов селосының атымен ғылымда шартты түрде “Андронов мәдениеті” деп аталды.

Андронов мәдениетінің негізгі орталықтарының бірі - Қазақстан жері. Археологиялық деректерге қарағанда, Андронов мәдениеті дәуірінде халықтың басым көпшілігі оты-

Мәдениетінде өмір сүрген. Өзендердің, колдердің жағасындағы жайылымы мол жерлерге орналасқан рулық-патриархальдік отбасылардың үйлері мен үлкен жертолелері болған. Олардың жанынан әр түрлі шаруашылық жайлар мен мал қаманын орындар салынған. Өйткені, бұл кезде мал бағу кәсібі басымырақ еді. Тайпалар малшылық-егіншілікпен аралас шұғылданды.

Андронов мәдениеті дәуірінде адамдар металдан еңбек құралдарын, қарулар және сәндік заттар жасауды жақсы білген. Олар түбі шығыңқы балталар, сағасында ойығы бар шапалар, балға, шоттар, найзалар мен жебелердің өзгеше ұштары, білезіктер, айналар, моншақтар және әр түрлі тиемшектер, егін оратын орақ, пішен шабатын шалғы сияқты құралдарды өздері жасап, күнделікті тұрмыста кеңінен қолданды.

Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіштерін 1914 жылы А.Я. Тугаринов ашты. Содан бері өткен уақыт ішінде Көкес елінде, сонымен бірге Қазақстанда бұл мәдениетке қатысты орасан көп археологиялық материалдар жиналды. Андронов мәдениеті қола дәуірінің алғашқы кезеңін /б.з.б. XVIII-XVI ғасырлар/ және орта кезеңін /б.з.б. XV-X ғасырлар/ түгелдей қамтиды. Орталық Қазақстанда қола дәуірінің соңғы кезеңінде /б.з.б. X-VIII ғасырлар/ Андронов мәдениетімен салыстырғанда анағұрлым жоғары Дәндібай-Беғазы мәдениеті болғанын білеміз. Ол Қарағанды қаласы маңындағы Дәндібай ауылында және Балқаштың солтүстік төңірегіндегі Беғазы қойнауында қола ескерткіштерінің алғашқы қазылған жеріне қарай аталған. Дәндібай-Беғазы мәдениеті Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ даладан табылған көптеген ескерткіштерімен сипатталады. Олардың қатарына Ақсу-Аюлы-2, Ортау-2, Байбала-2, Бесоба, Бұғылы-3 кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге тән нәрсе, бір жағынан, Андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің, тұрпаты ерекше бөйіттік тамдардың, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы. Жерлеу ғұрпы да Андронов мәдениетіне тән емес. Әдеттегі бүктелген қаңқалармен қатар аяқтарын созып, шалқасынан жатқызылған қаңқалар да кездеседі. Мұндай жерлеу ғұрпы кейінгі ерте темір дәуірінде Қазақстан жерінде тұрған малшы тайпаларда кеңінен тараған.

Беғазы мәдениеті жерінде жерленгендерден мүлік теңсіздігінің болғанын да байқаймыз. Басына обалар жасалып, оның айналасы ірі гранит тақталармен белдеуленген молалар да кездеседі. Бұл патриархаттық-рулық қоғамның көрнекті мүшелерінің қабырлары. Сондай-ақ, бұл тағы малдарды, жануарларды қолға үйрету көшпелілер қоғамы дамуының заңды кезеңі еді.

Қазақстан жерінде мал шаруашылығымен қатар неолит дәуірінен бастап егіншілік дамыған. Мәселен, Усть-Нарым қонысында /Шығыс Қазақстан/ табылған қыстырма орақтар егіншіліктің болғанын көрсетеді. Тастан астық үтетін құралдар: астық түйгіштер, тоқпашалар, келілер, келсаптар жасалған. Егін жинауда алғашқы кезде пышақ пайдаланылған болса, соңғы қола дәуірінде әр түрлі қола және мыс орақ, шалғы қолданылады. Алқаптарда негізінен бидай, қара бидай, тары егілген.

Қола дәуірінде адам қоғамының өндіргіш күштерінің дамуында мал өсіру және егін егумен қатар әр түрлі рудаларды өндіру, тас пен сүйекті пайдалану аса маңызды рөл атқарған. Оған Қазақстан жеріндегі мыстың, қалайының және алтынның бай кендерінің болуы қолайлы жағдай жасаған.

Андронов мәдениеті кезінде Қазақстан жерінде мекен еткен тайпалардың қоныс жайларын анықтау мақсатында бірнеше қазба жұмыстары жүргізілді. Әдетте қоныстар озендердің жағасында, жайылымы мол мүйісте, колдің маңына орналасқанын археологиялық қазбалардың нәтижелері көрсетіп отыр. Қоныстар 6-10 үйден, үлкендері 20 үйден тұрған. Өзен жағасында олар бір немесе екі қатар болып тізілген. Мүйістегі үйлердің ортасынан кең алаң - қотан қалдырылған. Тұрғын үйлердің аумағы кең 100 шаршы метрден 300-400 метрге дейін жеткен.

Қола дәуірінде Қазақстан жеріндегі тайпалардың өмірге керекті және үй-тұрмысына қажетті заттарды істеп шығара бастағанын байқаймыз. Мал шаруашылығы адамдарды тек тамақтандырып қана қойған жоқ, сонымен қатар киім-кешекпен және аяқ киіммен де қамтамасыз етті. Сойған малдың жүнін түтіп, оны иіріп киім етіп кию үшін жаңадан ұршық және қарапайым тоқыма станогі пайда болды. Бұлар бірнеше қазбалардан табылды. Мұның өзі сол тұста қазақ

даласындағы үлкен жетістік еді. Адамдар малдың терісін оңдеп, үстіне тон, басына тымақ, аяғына киім етіп киеді. Қойдың биязы жүні мен ешкінің түбітінен жүн киімдер гоқылған.

Б.з.б. 1 мың жылдықтың басында андроиовшылар отырықшы болған, мал үй іргесінде жайылған. Мал өсірудің мұндай түрінен жайылым тез тозған. Сондықтан мал шаруашылығының өнімділігін бір деңгейде сақтап, оның санын арттыру үшін мал өсірудің жаңа тәсілі-жартылай кошпелі маусымдық шаруашылыққа көшу басталады.


Қоныстарды мекендеушілерде керамика ыдыстарын жасау кеңінен дамыған. Оның бәрі шаруашылық пен тұрмыста пайдалануға арналды. Бұл тұстағы құмыра жасаушылардың көбі әйелдер еді. Күйдірген балшықтан ыдыс-аяқтардың бірнеше түрі жасалған. Ыдыстарға әшекейлеп орнек салынған. Соңғы қола дәуіріндегі құмыралардың дені иіні дөңгелек, бүйірі шығыңқы болып жасалынды. Андроиовшылардың құмыра, козелерін көркемдеп көрсететін ою-орнектері мыңдаған жылдар бойы сақталған.

Қола дәуіріндегі тайпалар жауынгерлік қару жасап, оларды үнемі жетілдіріп отырған. Ол кездегі негізгі қарулар: найза, күрзі, дүмі шығыңқы балта, балға, шот. Кейбір жауынгерлердің қанжары болған.

Қоғамда азық-түліктің көбеюіне байланысты артық заттарды айырбастау, осындай айырбас сауда барысында байлықтың қорлануы етек ала бастайды. Мал шаруашылығының қарқынды дамуы қоғамдық алғашқы ірі еңбек бөлісін туғызды, басқалардан өз алдына бақташылар бөлініп шықты. Сол сияқты егіншілік кәсіпте біраз өзгерістер болды. Өңделіп егілген жерлердің көлемі өседі. Бұл өзгерістер қоғамдық еңбекте үлкен болінуді туғызып, матриархаттық қатынастар патриархаттық-рулық қатынастармен ауыса бастады.

Патриархаттық отбасылық қауымның бірнеше сатыдан өткенін айту керек. Ерте кезде мұндай қауымдар әке жағынан туыс адамдардың төрт-бес ұрпағынан құралды және аумағы 200 шаршы метрдей, немесе одан да кең үлкен үйлерде бірге өмір сүрді. Әрбір патриархаттық-рулық қоныс-мекен осындай бірнеше үйлерден құралатын еді.

Отбасылық қауым отбасылық-өндірістік ұжым болды,



ал ұжымдық еңбек тұсында өндіріс құрал-жабдықтары мен өндірілген өнім ортақ меншікке айналды. Кейін, әсіресе, соңғы қола дәуірінде кейбір материалдық жағынан күшейіп алған патриархаттық қауымдар барған сайын оқшаулана түсті, мұның өзі алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына, отбасылық меншіктің пайда болуына әкелді. Мәселен, айналасы дуалдармен қоршалып салынған қоныстардың Солтүстік Қазақстанда көп кездесуі, бұлардың қорғаныс, бекініс ретінде салынғанын, қола дәуірінің орта кезінде тайпалар арасында наразылық пен қақтығыстардың күшті болғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, қоныстар мен қорымдардан табылған жебелердің қола және сүйек ұштары да тайпалар арасында жиі-жиі қақтығыстар болып тұрғанын байқатады. Жебе ұшы бір жолы /Шығыс Қазақстанда/ тізенің ұршығына, тағы бір жолы /Орталық Қазақстанда/ адам қаңқасының жамбас сүйегіне қадалып тұрған жерінен табылды.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде рудың ыдырауы және одан жеке отбасылар шаруашылығының бөлініп шығуы нәтижесінде үйлердің пошымы өзгерген. Кейбір үйлер жеке дербес отбасыға арналып екі-үш бөлмеден салынған, олардың тамақ пісіретін жер ошақтары бөлек болған. Рулық құрылыстың ыдырағанын және мүлік теңсіздігінің шыққанын қорымдардың қалдықтарынан да көруге болады. Кедейлердің қабірлері қарапайым және жерлеу саймандары да қарапайым. Ал байлардың қабірлерінен алтын және қола заттар мен шебер өрнектелінген балшық ыдыстары табылған. Отбасы иесінің, ру мен тайпа көсемдерінің молалары үстіне биік етіп топырақ оба үйілген немесе үлкен-үлкен гранит тастардан қоршау жасалынған.

Қола дәуіріндегі тайпалардың діни нанымдары мен сенімдеріне келетін болсақ, ол тұстағы адамдардың тұрмысы мен әл-ауқаты түгелдей табиғатқа тәуелді болғандықтан, олар табиғат күшін киелі рух деп білген. Бұл күштер ең алдымен су, күн, от, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі еді. Күн мен от, жарық жылылықты береді, мұның бәрі қайырымды күдіретті рухтармен байланыстырылды. Адам мен жануарларға сусыз өмір жоқ, сондықтан суға да, сол сияқты, ай мен жұлдызға да табыну сияқты наным күшті болды.

Қола дәуірінің тайпалары ата-бабаларына сыйынған және о дүниеге сенген. Ауру адамдарды емдеу және оларды өлмінен сақтап қалу әрекеттері де болып отырған. Ол әрекеттер нәтиже бермеген жағдайда олген адамды о дүниеге кәжет деп санаушылық, о дүниеде тамақ керек деп, тамақ пен киіммен, құралдарымен, қару-жарағымен, сәндік заттарымен барынша жақсылап кому - қола дәуіріндегілерге көп рәсім.

Қола дәуірінде күнге, отқа, суға, айға, жұлдыздарға және қорғанушы рухтарға арнап құрбан шалу ғадеті де болған. Кейін келе адамның ой-өрісінің осуі нәтижесінде, оның өзі туралы және табиғат жөнінде ұғымы күрделілене түсті, сойтіп, діни дүниетаным келіп шықты. Қорытып айтқанда, қола дәуірінің соңғы кезінде ондірістік жабдықтарға және ондіріс өніміне ортақ меншіктің пайда болуына байланысты қоғамда қауымдық құрылыс ыдырап, отбасылық меншік пайда болды.

Екінші тарау

Ерте темір дәуіріндегі тайпалық одақтар мен көне мемлекеттік құрылымдар

§1. Сақ тайпалық одақтары

Б.з.б. бір мың жылдықта Қазақстан жерінде тұрған ежелгі тайпалар темірден заттар жасауды игеріп, қуатты тайпа одақтар құрған. Қолына көп мал жинаған ірі бай отбасылары қонысын әрдайым ауыстырып, озен бойларына ғана емес, сонымен қатар дала және шөлейт жерлерді, Тынш-Шаньның биік таулы бөліктерін бірте-бірте игере бастаған. Жұрт темірді пайдасына жаратып, атқа ауыздық жасауды үйренген, сойтіп, атты алысқа қатынайтын аса маңызды көлікке айналдырған ірі бай-феодалдар қоғамдағы ықпалды күшке айнала берді. Олар көшіп-қонуға қолайлы жеңіл киіз үйді тұрмысқа жайлы тұрақты тұрғын үйге айналдырған. Алыстан козден ататын садақ, ұшы үш қырлы жебе, ақинақ /қысқа семсер/ қорғанудың және шабуылдың

сенімді құралы болды. Мал және жайылым үшін таластартыстардан, соғыстардан әскер басшылары байыды. Әскер басшыларының және батырлардың рөлі артып, соғыссыз уақытта олар малдарын көбейтіп, байып, халықты биледі. Бұл кезде ел басқару жұмыстарын тежеп отыратын ақсақалдардың кеңесі болған. Тонаушылық соғыстардың жиіленуі бірнеше тайпалардың бірігуін қажет етті. Сойтіп, тайпалық одақтар құрылды. Оларды көсемдер басқарды.

Біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдың 40-шы жылдар аяғында грек тарихшысы Геродоттың “Тарих” деп аталатын еңбегінде және басқада қол жазбаларда біздің заманымыздан бұрынғы I мың жылдың орта шенінде Орта Азия мен Қазақстан жерінде *сақ* деп аталатын бірнеше тайпалардың қуатты жауынгер одағы болғаны айтылады. *Бұл одақ массагеттер, каспийшілер, есседондар, кейініректе аландар, сарматтардан тұрған.* Персия патшасы I Дарийдің Накширустамдағы /Персеполға жақын/ тас жазуларында сақ тайпалары үш топқа: сақ-хаумаваргаларға /хаома сусынын дайындайтын сақтар/, сақ-тиграхаудаларға /төбесі шошақ бас киімдері бар сақтар/, сақ-парадарайандарға /теңіздің арғы бетіндегі сақтар/ бөлінеді делінген. Бірінші топтағы сақтар Ферғана жерін мекендесе, екіншілері Сырдарияның орта аймағы және Жетісу жерін жайлап, үшіншілері – еуропалық скифтер немесе Арал теңізі және Сырдарияның арғы бетіне орналасқан.

Геродоттың айтуынша: Сақтар скиф тайпалары, бастарына тік тұратын төбесі шошақ тығыз киізден істелінген борік және шалбар киген. Олар садақ, қысқа семсер және айбалтамен қаруланған. Тамаша атқыш жауынгерлер болған.

Сақ әулетінің іргесін қалаушы Алып Ер Тоңға /Афрасиаб/ болған деген деректер бар. Археологиялық қазбаларға қарағанда, сақ тайпалары темірден зат жасай білсе де, мыспен қоланы пайдалануды артық көрген. Оларда жабайы аңдардың суреттері салынған қоладан құйылған үлкен тайқазандар болған. Сақтардың аңдарды өрнектеумен дүние жүзіне әйгілі болған даналық өнері жалпы адамзаттың даму процесіне елеулі әсерін тигізді.

Сақ тайпаларында көпке дейін матриархаттық ел билеу

төртібі сақталып, әйелдер ерекше жағдайда болған. Мәселен, олардың көсемдерінің бірі - тамаша сұлу, әрі жігерлі, өмірі әйгілі патша ханум Зарине ел билеп, қалаларды сақтауға және әскери жорықтарға өзі қатысқан.

Персия мемлекетінің патшасы Кир - Мидия патшасы Крезбен б.з.б. 558-529 жж. соғысқан кезде - сақтармен одақ жасасын, олардан әжептеуір көмек алған. Кейін Кир сақтармен массагеттерді өзіне бағындыруды ұйғарады. Сойтіп, Мидия патшалығын жеңгеннен кейін, Кирдің әскерлері сақтардың жеріне басып кіреді. Сақтар парсылардың басқыншылық әрекетіне қарсы қайсарлықпен қарсылық көрсетеді. Кирдің әскерлері өздерінің жеңісін тойлап жатқан кезде, сақтардың жауынгерлері тұтқиылдан лап қойып, парсыларды қырып салады. Осы шайқаста олар Кирдің өзін де өлтіреді. Осыған байланысты Геродот жазбаларында мынадай аңыз бар: парсыларды жеңгеннен кейін сақтардың әйел патшасы Томирис: “Сен қапқа құмартып едің, енді шөлің қансын” деп үлкен торсыққа толтырып қап күйғышын, оған Кирдің басын салдырады.

Кирдің Орта Азиядағы басқыншылық жорықтарып I Дарий б.з.б. 521-486 жылдары жалғастырады. Жеке-жеке отырған сақ тайпаларын бір-бірлеп бағындырған ол аз уақыт болса да, оларды басып алды. Сақ тайпаларының біраз бөлігі оларға салық төледі және парсы патшасына жасаққа жігіттер беріп тұрды. Тіпті сақтардың біразы парсы патшасының “өлмейтін он мың” деп аталатын ұланының құрамына кіріп қызмет етті. Б.з.б. VI ғасырдың аяғы V ғасырдың басында /500-449 жж./ ежелгі Шығыстағы грек-парсы соғысында сақ тайпалары парсылар жағында болды. Мәселен, б.з.б. 490 жылғы грек-парсы әскерлерінің Марафон жеріндегі болған соғыста сақтар парсылар жағында болып, гректерге қарсы соғысты.

Б.з.б. IV ғасырдың 30-шы жылдарында македониялық гректер Александр Македонский басшылығымен соңғы Ахеменид, III Дарий Кодоманның әскерлерін талқандап, Орта Азияға баса көктеп кірді. Олар Маракандты /Самаркандты/ алып, Сырдарияға бет алды. Сырдария бойына бекініп алу үшін кіші-гірім “Александр Крайный” немесе “Шеткі Александр” деген қала салдырды.

Александр Македонскийдің басқыншылық әрекетіне

қарсы кошпелі Сақ тайпалары асқап ерлікпен, табан тіресе соғысты, кескілескен ұрыстарда катапультпен қаруланған гректер оқтың күшімен сақтарды кейін шегіндірді. Соғыста сақтар мыңдаған адамынан айрылды. Гректер сақтардың біраз жерін басып алды. Бірақ Александр Македонскийдің әскерлері сақтардың жерінде көп тұра алмады. Ыстық күн, жолсыз шөл дала, ержүрек сақтардың тынымсыз шабуылы, Александр Македонскийдің сырқаттанып қалуы гректерді қашуға мәжбүр етті. Олар Сыр бойындағы “Шеткі Александрді” тастап, Самарқанд қаласына шегінді. Сөйтіп, Сырдария сыртындағы Сақ тайпалары грек басқыншылығына қарсы күресте өз тәуелсіздігін сақтап қалды.

Александр Македонский б.з.б. 323 жылы сүзектен қайтыс болды. Ол олғаннан кейін, оның ұлан-байтақ империясы ыдырай бастады. Өйткені ол берік экономикалық және саяси байланыс бірлігі жоқ әр түрлі тайпалар мен халықтардан құрылған мемлекет еді.

Сақ тайпалары кошпелі және жартылай мал шаруашылығымен айналысты. Оның себебі, біріншіден, бұл тұста климат жағдайы өзгеріп, құрғақшылық болып, күн ысып, өзен, көл сулары тартылып, шөп шықпайтын шөлейт жерлер пайда бола бастаған еді. Екіншіден, бұл жерлер бұрынғы теңіздің табаны болғандықтан, оның біраз бөлігі құнарсыз, сусыз, сортаң болып келді. Мұндай жерлерге өсімдік, шөп шықпайды, егін егуге де жағдай болмады. Сондықтан бұл жердегі адамдар мал өсірумен шұғылданып, оны өзінің тұрақты кәсібіне айналдырды. Малдың жайылымына қарай олар көшіп-қонып жүрді.

Кошпелі мал шаруашылығымен айналысу далалы және шолді жерлерді мекендейтін тайпалардың өміріндегі ірі жетістік еді, мұның өзі алғашқы қоғамның ондіргіш күштерінің дамуын ілгері бастырған қадам. Мал өсіруге маманданған адам еңбегі неғұрлым өнімді бола түсті де ет, май, тері, жүн т.б. өнімдерді көп өндіруге мүмкіндік берді. Мал шаруашылығы өнімдері неғұрлым көп өндірілген сайын олардың құны артып, мал өсірушілер мен егіншілер арасындағы айырбастың дамуына жағдай жасады.

Сақтардың мал шаруашылығының негізгі бағыты қой өсіру еді. Оның еті мен сүті ғана емес, сонымен бірге киіз басу, арқан есу үшін жүні де іске асты. Б.з.б. I мың жыл-

тықтың орта шеніндегі грек авторы Харил сақ тайпаларын қойшылар тайпасы деп атаған. Сақтардың тұрмысында жымық да үлкен рол атқарады, ойткені ол мінсе - қолық, жесе - тумақ, ішсе - сүті сусын қымыз.

Сақтардың заманында жылжымалы арба да болған. Гиппократ скифтердің тұрмысын суреттей келіп, былай деп көрсетеді: “Арбалар өте шағын, торт доңғалақты. Басқа бір аты доңғалақты арбалар киізбен жабылатын үйге ұқсас екі және үш қабат киіз жабылған арбалар жасалып, олар жаңбыр мен желден пана болды... бұл арбаларда балаларымен әйелдер отырып, ал ерлер қашанда ат үстінде жүретін”. Оңтүстік Қазақстан жеріндегі /Сырдария аңғары, Арыс, Келес т.б. өзендер бойы/ сақ тайпалары егіншілікпен де айналысқан. Олар тары, арпа, бидай еккен. Кейбір жерлерде /Сырдария/ суармалы егін шаруашылығы дамыған.

Сақ тайпалары мал шаруашылығы мен егіншіліктен басқа аңшылық пен балық аулау кәсіптерімен де шұғылданған. Олар тау теке, арқар, қабан, бұғы, бұлан, дуадақ аулайтын. Жартастағы суреттер таулы-далалық тайпалардың аңды салт атпен қоршап аулайтыны бейнеленген.

Б.з.б. I мың жылдықтың орта шенінде, яғни сақ заманында өндірістің мамандандырылған түрлері болды. Бұлар руданы өндіру және өңдеу, темір ұсталығы, темірді құю және зергерлік істер еді. Бірақ сақтардың қол өнер кәсібі әлі жетілмеген болатын.

Б.з.б. I мың жылдықтың басында Қазақстан жерінің ежелгі тайпалары қызыл және қоңыр темір тасты, магнитті, темір жылтыры сияқты тез балқитын рудаларды жақсы білген. Мұны Қарқаралы қаласына жақын Суықбұлақ қоныс жұртын қазу кезінде табылған оңды сұрыпталған темір рудасының үйіндісіне қарап білуге болады. Орталық Қазақстан мен Жетісу обаларынан б.з.б. VII-VI ғасырларда темірден соғылған заттар - темір қанжарлар, пышақтар, жүген әшекейлері табылған.

Ежелгі Қазақстанда мыс-қалайы өндіру басым болды. Сақ заманында кен ісі мен руданы алғашқы өңдеу техникасы Андронов дәуірімен салыстырғанда едәуір ілгеріледі. Сақ шеберлері, әсіресе, қола құю ісінде елеулі табыстарға жеткен.

Шаруашылықтың жаңа түрлері өздеріне лайықты сәбек құралдарын жасауды қажет етті. Осыған байланысты ертедегі шеберлер ат тұрманын, қару-жарақ, ауыздық жасауды үйреніп, соғыс құралдарын, қару-жарақтарды, жебенің ұштарын, қысқа семсерлер (ақинақ), қанжар, ұзын семсерлер, найза, түрлі балталар жасады.

Металл өңдеумен бірге қолөнердің тұрмыстық ыдыс-аяқ жасау, тас қашау, сүйек ою, тері илеу, жіп иіру және тоқымашылықтың түрлері де болды. Темірден пышақ, металдан ыдыс, темір ілгектер, қашаулар, т.б. заттар жасалынды.

Сақтар Алтай, Сібір, Шығыс және Батыс Еуропа халықтары мен тығыз байланыс жасап тұрды. Бұл жөніндегі қазылған ескі молалардан табылған заттар сақтардың өмірі туралы көптеген мағлұматтар береді. Сақтардың әлеуметтік қоғамы жөнінде айтқанда, олардың басты үш топқа бөлінгенін көрсетуге болады. Біріншісі - әскери топтар, екіншілері - ауқатты бай топтар, діни адамдар, жрецтер, үшіншілері - жай қатардағы сақтар, бұлар - кедейлер, оларға соқа және екі оғіз тән.

Сақтардың молалары кең, биік болған. Сондай молалардың бірі – 1969 жылы қазіргі Алматы облысы, Есік қаласының жанынан табылды. Б.з.б. V ғасырда бой көтерген бұл қорған ағаштан қиылған, биіктігі 7 метр, оның ішінде жерленген бай жас сақ жауынгерінің барлық киімі алтынмен қапталған. Оның басындағы телпегінен бастап аяқ киіміне дейін атты, жолбарысты, тау ешкіні, құстарды бейнелейтін 4 мың алтын алқа қадалған. Мұны “Алтын адам” деп атайды. Ол - сол кездегі сақ тайпаларының тұрмысы мен мәдениетінің қандай болғандығын көрсетеді. Сақ мәдениетіне тән басты көркемдік сала - «аң стилі» өнері. Сақтар тастарға ойып, қашап жануарлар бейнелерін қалдырған. Сақтардың «аң стилі өнерінде» арыстан, самұрық, бұғы, қошқар, түйе, барыс, жолбарыс, бүркіт сияқты тағы және жергілікті үй жануарларын бейнелеу ерекше орын алған. Бұл сақтардың өмірінде, тұрмысында, киген киімдерінде кеңінен көрініс тапқан. Олардың «аң стилі» өнерінің қалдықтары археологиялық зерттеулердің барысында Қазақстанның барлық аймақтарынан табылып отыр.

Басқа халықтар сияқты сақ тайпаларыда табиғаттың тылсым күштеріне - күнге, найзағайға, күннің күркіреуіне, желдауылға табынған. Өйткені бұл құбылыстар оларға құдай бейнесі секілденіп көрінген. Сақтардың түсінігі бойынша құдайлар, қанатты тұлпарлар, ат-самұрықтар және тағы да басқа қиялдан туған жануарлар бейнесінде елестеген. Сондықтан бұл образдар сақ тайпаларының ауыз әдебиеті мен мифологиясында кеңінен көрініс тапқан. Сақтардың сенімшыншымы бойынша әлемдегі тәртіп, үйлесім, ондағы болып жатқан барлық нәрселердің ұйымдастырушылары - Митра, Вируна, Индира секілді құдайлар деп түсінген.

§2. Сармат тайпалары

Археологиялық деректемелерге қарағанда, б.з.б. VII-IV ғасырлада Қазақстанның батыс аймақ далаларын мәдениеті мен этникалық жағынан туыс тайпалар – аорстар мен роксаландар мекендеген. Тарихи зерттеу жұмыстары олардың сармат тайпалары екендігін дәлелдеп отыр. Сармат тайпаларының қалдырған ескерткіштері Солтүстік Каспий маңында, Еділ мен Жайық өзендерінің төменгі ағыстарында және Қобда, Елек, Ор, Жем өзендерінің бойларында табылған. Олар бір-біріне ұқсас болып келген. Обалардың биіктігі әрқалай 1,5-2 м, көлемі 20-26 м, олар жерленген адамдардың әлеуметтік жағдайына байланысты болған. Мысалы, Елек өзені бойындағы Сынгас обасына жерленген адамның жапынан табылған қару-жарақ, құрал-саймандар, түрлі қымбат бұйымдар, оның белгілі әскери қолбасшы болғандығын көрсетеді.

Жерленген адамдардың бас жағы оңтүстікке немесе оңтүстік-батысқа қаратылған. Мәйіттер қойылған жердің үстінен ағаш шатырлар жасалған. Оның үсті жеңіл-желпі бұталармен жабылып, одан соң топырақ құм, таспен оба тұрғызылған. Жерлеудің мұндай әр түрлі болып келуі, сармат тайпаларының өздеріне тән жергілікті әдет-ғұрып, салт-сананың өзгешелеу екендігін байқатады. Сарматтардың қалдырған обаларынан қару-жарақтан көбінесе қанжар, семсер, садақтың ұштары, әшекейлік бұйымдардан - әр түрлі аңдардың суреттері бейнеленген асыл тастар, қапсырма-

лар, түрлі-түсті моншақтар, қола айналар табылған. Обаларда коп кездесетін құрал-саймандардың бір түрі ат-әбзелдері, оның ішінде үзенгі, ауыздық пен оның сулығы, сондай ақ әр түрлі пошымды жасалған көзелер, қасықтар. Сарматтардың өлген адамдарды дүние-мүліктерімен бірге жерлеу, олардың о дүниедегі өмірге сену, ата-баба аруағына табыну сияқты діни-наным сенімдердің орын алғандығын дәлелдейді.

Батыс Қазақстан жерін мекендеген ежелгі тайпаларының ескерткіштеріне жүргізілген зерттеу жұмыстары, оларды негізгі қазба жұмыстары жүргізілген жердің атымен (Прохоров және Сулов мәдениеті) екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең-б.з.б. VII-V ғғ., ал екінші кезең-б.з.б. IV-II ғғ. қамтиды. Археологиялық қазба зерттеулері бойынша бірінші кезең ежелгі сарматтар атымен белгілі болса, екінші жазба деректер негізінде кейінгі сарматтар кезеңі деп аталған. Олар өздерінің осы атауларымен б.з. IV ғасырына дейін белгілі болған.

Б.з.б. III ғасырдан бастап сарматтар Қара теңіз жағалауындағы скифтерге қарсы жаулап алу соғыстарын жүргізеді. Олар Скифияның едәуір бөлігін басып алып, жеңілгендердің бірінде қалдырмай қырып-жойып отырған. Сөйтіп, елдің басым бөлігін шөлге айналдырған. Сарматтардың басты бір тайпасы-роксоландар б.з.б. I ғасырында Мидияның шекарасына жетіп, Риммен соғысқан. Олардың ізімен аландар жүріп отырған.

Сарматтар өздері басып алған жерлердегі халықтардың саяси өміріне белсене қатысқан. Мысалы, б.з.б. 2-ші ғасырдың соңғы кезінде Понтия патшасы Митридатпен болған соғыста роксоландар скифтерге қосылады. Б.з.б. I ғасырда Митридат Римге қарсы күрескенде сарматтар оның жағында болған. Б.з.б. 49-шы жылы римдіктер мен сарматтар тайпасы бірлесіп, Боспор патшасының одақтастары сирактарды жеңеді. Басқа тайпаларға қарағанда жорыққа кешірек шыққан аландар Қара теңіздің солтүстік өңіріне дейін жетеді. Кейінірек олар ғұндарға қосылып, Испаниядан барып шығады. Жалпы атауы сарматтар деп аталатын қандас-туыс бұл тайпалар одағы Оралдың оңтүстік өңірінен шыққан болатын.

Б.з.б. IV ғасырдың бас кезінде сарматтар Доннан Ембіге

дейінгі жерлерді алып жатқан. Ал кейінгі сарматтар Орал өңірі мен Еділ бойын, Дон өңірі аймақтарын қамтып, Орал сарматындағы даладан Буг өзеніне дейінгі аралыққа түгел тарайды. Уақыты жағынан бұл б.з. II-IV ғ. кезеңі. Кейінгі сарматтар көптеген бұрынғы салт-дәстүрлерді сақтап, оны одан ары жалғастыра түседі. Өлген кісілердің қалың көшпелілігі іші көмкерілген тар қабырларға жерленетін болған.

Археологиялық зерттеулер, сондай-ақ Оңтүстік Орал сармат тайпаларының Орта Азия халықтарымен және солар арқылы Таяу шығыс елдерімен бірнеше ғасырлар бойы мәдени-шаруашылық байланыстары болғандығын да көрсетеді. Сарматтар өте ұзақ уақыт бойы, яғни б.з. IV ғасырдан аяғындағы ғұндар шапқыншылығына дейін, сол заманның халықаралық оқиғаларына белсене қатынасып тұрған. Кейінірек олар Закавказьенің, Шығыс Еуропаның, Қазақстанның және Орта Азияның көптеген тайпалары мен халықтарының құрамына енген.

Сармат тайпаларының басты кәсібі - көшпелі мал шаруашылығы. Сарматтар көбінесе жылқы мен қой өсірген. Климаты аса қатал континенталды келетін аймақтың қысқы күндерінде малшылар малға табиғи панасы бар, жері ойлы-қырлы аудандарға көшіп отырған. Батыс Қазақстандағы мұндай жерлер оңтүстік пен батыс беттегі ағынсыз өзендері мол шағылды аймақтар, жалпы сырт сілемдері мен үлкен өзендер алқабы болып табылады. Көшпелілер әдетте ағашы мен бұтасы қалың тоғайлы, қопалы жерлерді таңдап алған. Көктем шығысымен қысқы қоныс өрістерін тастап кетіп отырған. Олар от пен судың, мал азығы қорының қалпына келуіне, сойтіп ел-жұрттың қайта оралып қыстауына жағдай жасаған. Жалпы алғанда сарматтар шөбі шүйгін жерлерді іріктеп пайдаланып, ол араның шөбі тапталғаннан кейін, жаңа жайылымға көшетін болған. Осының нәтижесінде су көздерінен алыс жатқан жалпақ жазықтағы кең жайылымдар, мал айдап көшіп өткенде ғана болмаса, өте аз пайдаланылған. Осы уақытқа дейін сармат тайпаларының ескерткіштері толық зерттеле қоймаса да, қазылған обалардан алынған материалдар оларда әлеуметтік теңсіздіктің орын алғанын көрсетеді. Сарматтар елдік-халықтық дәрежеге жеткені, өзіндік әдет-ғұрып, салт-дәстүрі

қалыптасқан Қазақстан жеріндегі ірі тайпалардың бірі болып саналады.

§3. Үйсіндер

Қазақстан жерін ертеден жайлаған үйсіндер туралы не білеміз? Қытай жазба деректемелерінің хабарына қарағанда б.з.б. III ғ. бастап Жетісу жерін Үйсін тайпалары мекендеген. Үйсіндердің тарихын жазуда шығыс зерттеушілері Н. В. Кюнсер мен Н. Я. Бичурин үлкен ғылыми жұмыстар атқарған. Бұлардың Қытай тілінен аудармаларын және басқа да деректерді пайдалана отырып академик В. Бартольд өзінің «Жетісу тарихының очеркі» деген еңбегін жазып, онда үйсін тайпаларының қысқаша тарихын жарыққа шығарды. Ал Қытай тілінің маманы Ю. А. Зуев кеңес дәуірі кезінде үйсін тайпаларының тарихы туралы жаңа деректерді пайдалана отырып, Қазақстан тарихын зерделеуде өз үлесін қосты.

Үйсін тайпаларының тарихын жазуда, археологиялық материалдарды жазба деректермен байланыстыра отырып, зерттеуде Қазақстан ғылым академиясының академигі Ә. Марғұлан және атақты археолог ғалым А. Бернштам зор айтуға тұралық еңбек сіңірді. Ал республикаға белгілі археолог А. Г. Кушаев Іле өзенінің бойындағы үйсін тайпаларының ескерткіштеріне қазу жұмыстарын жүргізіп, олардың өмір сүрген уақытын кезендерге бөліп, бір жүйеге келтірді. Жетісу жерін мекендеген сақ және үйсін тайпаларының тарихымен ұзақ жылдар бойы сондай-ақ атақты тарихшы-археолог К. Ақышев жап-жақты айналысты. Ол өзінің зерттеулерінің барысында үйсін тайпаларының қоғамдық құрылысы мен әлеуметтік-экономикалық жағын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, олардың мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген деген қорытындыға келеді.

Үйсіндер мекендеген жерлердің шекарасы батысында Шу және Талас өзендерінің бойымен отіп, Қаратаудың шығыс беткейлеріне дейін созылып жатқан. Үйсіндер иеліктерінің орталығы - Іле аңғары, басты ордасы - Есік көлімен Іле өзенінің оңтүстік жағалауы аралығында орналасқан Чигу-Чен («Қызыл-аңғар») қаласы. Ол ертеден белгілі «Ұлы

Жібек жолындағы» маңызды сауда орталығы. Үйсіндердің билеушісі гуньмо (ғұнбек) деп аталған.

Үйсін тайпалары туралы алғашқы хабарлар б.з.б. II ғасырдың аяқ кезінде пайда болды. Бұл кезде Қытай императорының сарайындағылар ғұндарға қарсы күресте одақтасуды, б.з.б. 138 жылы Батыс олкеге Чжан Цянь бастаған елшілік жібереді. Жолда Чжан Цяньды ғұндар тұтқынына алып, олардың елінде он шақты жылдай болады. Алайда ол кейінен қашып шығып, Жетісуға барады, бұл жерден Қытайға үйсіндер жөніндегі алғашқы хабарды әкеледі. Чжан Цяньнің хабарына қарағанда, үйсіндердің саны 630 мың адам және олардың 188 мың жауынгер жасақтарының болғанын айтады.

Б.з.б. 73-ші жылға дейін үйсіндердің жері үш бөлікке: сол /шығыс/ бөлікке, оң /батыс/ бөлікке және ғұньмонның өңіне қарайтын орталық бөлікке бөлінген, бірақ олардың бәрі ғұньмоға тәуелді болды. Үйсіндердің тарихы кіші ғұньмолар мен ұлы ғұньмолардың үстемдік үшін өзара болған күрестерімен тығыз байланысты. Үйсіндер көршілес ханықтармен тығыз қарым-қатынас жасаған. Хань империясы және ғұн тайпалары үйсіндермен одақ болып, Хань мен ғұн әміршілерінің қыздарын үйсін ғұньмоларына әйелдікке беріп отырған.

Б.з.б. 64-51 жылдары Хань империясының Үйсіннің хан тағы мұрагерлігіне араласуы халықтың наразылығын күшейтеді. Халық бұқарасы гуньмонның ғұн тегінен тарайтын мұрагерлерінен болуды жақтады. Бұл үйсіндердің халқы мен территориясының екі бөлікке: ұлы гуньмо және кіші гуньмо иеліктеріне бөлінуіне алып келген. Олардың қарамағындағы жерлердің шекарасына межелер қойылған.

Үйсін мемлекетінің дәуірлеген кезі Цылими гуньмонның билік құрған, б.з.б. 45-14 жылдардың арасы деп саналады. Ойткені, ол туралы «билікті берік ұстады» және иеліктерінде «алаңсыз тыныштық пен бейбітшілік орнады» деген деректеме осы уақытқа дейін жеткен.

Қытайдың Хань дәуіріндегі әулеттік жазбаларда үйсіндердің саяси тарихын баяндап жазу, шамамен алғанда, біздің заманымыздың III ғасырына дейін жеткізілген. Біздің заманымыздың 437 жылы үйсіндер Хань ордасына елшілер жіберді деген хабар бар. Академик В. В. Бартольд – “Очерк

истории Семиречья” деген кітабында және қазақ халқының ауыз әдебиеті тарихында үйсіндердің негізін құраушылардың бірі – Дулат атты тайпаның болғанын айтады.

Үйсіндер қоғамы біртекті болмаған. Ол байларға, ру және тайпа ақсүйектеріне, әскери және діни адамдар, жрецтер болып, сондай-ақ жәй мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысатын қарапайым топтарға бөлінген. Үйсіндердің тапқа бөлінуін олардың қалдырып кеткен қорғандары көрсетеді. Жалпы Жетісу жеріндегі үйсін заманынан қалған мыңдаған обалар үш түрге бөлінеді. Олардың біріншісі-диаметрі 50-80 м және биіктігі 8-10-12 м үлкен жер обалар. Мұнда атакты адамдар әскери басшылар, ру-тайпа көсемдері, ірі меншік иелері мен олардың әйелдері қойылған деп айтуға болады. Бұл обалардан сәндік заттар, бай мүсінді алтын қаптырмалар, лак бұйымдарының қалдықтары, аң стиліндегі әшекей бұйымдар, қару, қыш және ағаш ыдыстар табылған. Екінші үлгідегі обалардың көлемі 15-20 м шамасында, биіктігі 1 м дейін болған. Үйінді астында бір-екі мола, кейде бір молада кездескен. Құрал саймандардан: үш-төрт қыш және ағаш ыдыстар, ұсақ қола, кейде алтын әшекейлер (сырға, жүзік, түйреуіш, білезіктер), «скифтік» өнер стилінде жасалған қола аспалы белдіктер, қару-темір қанжарлар мен семсерлер, жебенің үш қырлы және қалақ бас ұштары. Мұндай обаларда өз алдына болек шаруашылық жүргізетін, халықтың көпшілігін қамтитын ерікті, қатардағы қауым адамдары жерленген. Ал үшінші түрдегі обалардың аумағы-5-10 м және биіктігі 30-50 см шағын үйінділер түрінде кездескен. Мұндағы көмілген заттар біркелкі және аз: бір-екі ыдыс, темір пышақтар мен түйреуіштер, оқта-текте қола сырғалары мен моншақтар кездеседі. Оларда қару болмаған. Бұл обаларда тәуелсіз ұсақ өндірушілер мен құлдар жерленген.

Үйсін қоғамында жеке меншіктің болғанының тағы бір белгісі - ондағы әлеуметтік таптардың ерекше бір белгілерімен бөлініп таңбалануы. Ерекше белгілерді ойлап тауып, оларды әсіресе бай топтардың иеліктерінде пайдалану ең алдымен әлеуметтік-экономикалық себептермен туындаған. Мұндағы меншік таңбалары ең әуелі қыш ыдыстарында пайда болған. Одан кейін меншік белгісі, үй малдарында,

тан айтқанда, мініс аттарына да салынған. Сөйтіп, жеке меншік белгісін салатын металдан, тастап және қыштан жасалған мөрлер шыққан. Мұндай тұжырымды үйсін моласынан табылған қыш мөрі дәлелдейді. Ертедегі жазба деректердің мәліметтеріне қарағанда, үйсіндердің өздеріне тән кейбір әскер басшылары, мен шенеуніктерінде алтын және мыс мөрлері болған.

Үйсін қоғамындағы байлықтың негізгі өлшемі-шаруашылықтағы жылқы саны. Үйсін байларының жылқысы көп, олардың ең бай адамдары төрт-бес мың жылқы ұстаған. Оны Қытай саяхатшысы Сыма Цянь өзінің «Тарихи жазбаларында» («Шицзи») атап көрсеткен. Үйсін қоғамында, сонымен қатар малдары аз, немесе жоқ кедей топтарының болғандығы да ешқандай күмән тудырмайды. Үйсіндердің мал құрамында жылқыдан басқа, көп мөлшерде қой және сиыр, есек, ешкі де болған. Таптық қоғамда байлықты қозғалмалы және қозғалмайтын мүлік деп болуға болатыны мәлім. Олардың біріншісіне - мал, қол өнер өнімдері, тұрғын үй т.б., ал екіншісіне – жер, жатқызылады. Қозғалмалы мүлік ертерек жеке меншік түрлеріне айналды, өйткені ол айырбас жасауға мүмкіндік берді. Мұның өзі, әсіресе көшпелі тайпаларда, соның ішінде Жетісудағы үйсіндердің белгілі бір топтарында мал түріндегі байлықтың жинақталып, мүліктік теңсіздігінің дамуына себепші болды. Үйсіндерде малға жеке меншіктің кеңінен тарауымен байланысты мұнда бөлінбейтін байлық- жерді пайдалану ісінде де теңсіздік орын алды, тіпті оны мұрагерлік жолымен пайдалану көрініс тапты. Атап айтқанда, «менің ата-бабаларымның сүйегі жатқан жер, немесе менің қыстауым тұрған жер, менің жерім» деген белгілі қағида орын алды. Бұл көшпелі қоғамның бәріне тән жазылмаған заң - кімнің малы көп болса, іс жүзінде жердің де қожасы сол болуы керек деген қағида-үйсіндердің де нақты әлеуметтік өмірін бейнелейді. Яғни бай үйсіндердің төрт-бес мыңнан жылқысы болса (ал қыс кезінде бір жылқыны асырау үшін сапасы орташа 8-10 гектар табиғи жайылым керек), мұншама жылқыны бағу үшін шамамен алғанда 30-50 мың гектар табиғи жайылым қажет екенін есептен шығару қиын емес. Сондықтан мұның өзі ежелгі үйсін қоғамында б.з.б. I ғасырдан бастап малы көп байлардың шұрайлы жайылымдарды

басып алу үрдісі басталғанын айтуға негіз бола алады. Осымен байланысты б. з. алғашқы ғасырында үйсін жоғарғы топтарының қолында байлық одан әрі қорланып, мүліктік теңсіздік қанаушылардың үстемдігі мен қаналушылардың тәуелділігін күшейте түсті. Сөйтіп, үйсіндерде таптық қоғам қалыптасты.

Үйсіндер шаруашылығының даму ерекшелігіне Жетісудың жағрафиялық жағдайы көп әсерін тигізген. Мұндағы ерекшелік мал шаруашылығы егіншілікпен ұштастырып жүргізіледі. Ал көшпелі тұрмыс-салт жартылай отырықшылықпен ұштасты. Ертедегі үйсіндердің қоныстары мен қабірлерінен табылған мал сүйектерінің қалдықтарына жасалған талдау, олардың қандай мал түлектерін өсірумен айналысқанын айырып білуге болады. Сондай-ақ, оларда мал шаруашылығының қандай формасы және тайпалардың тұрмыс салты туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни үйсіндердің малдың түліктік құрамы мал өсіруге негізделген жартылай көшпелі шаруашылықтың болғандығын көрсетеді. Үйсін тайпалары мекендеген бүкіл Жетісу аймағында олардың мал шаруашылығы құрамында үй малдарының барлық түрі: қой, жылқы, сиыр, қос өркешті түйе, ешкі, есек болғанын археологиялық қазба және жазба деректемелер дәлелдейді.

Үйсіндер егін шаруашылығымен де айналысқан. Оны Кеген өзені бойындағы Ақтас қыстау-қонысын қазғанда табылған жер өңдеу құралдары - тас кетпендер, қол орақ, тастан жасалған дәнүккіштер айқын көрсетеді. Бұл аймақты зерттеген кезде үйсіндерде қарапайым суармалы егіншілік шаруашылығының болғандығы байқалады. Суармалы егістік жүйелері Жоңғар Алатауы, Шолақ-Ілс және Шу-Іле тауларының қойнаулары мен баурайларында, Қырғыз Алатауының (Талас аңғары) солтүстік баурайларында орын алған. Негізінен тары мен арпа егілген. Жетісуда суармалы егіншілік қана емес, сонымен қатар тәліми егіншілікте дамыған. Оған жауын-шашынның біршама көп болуы, топырақтың табиғи ылғалының жеткілікті болуы үлкен әсерін тигізген.

Мал шаруашылығы және егін салумен қатар үйсіндерде үй кәсібі, қолонер дамыған. Әсіресе саз балшықтан ыдыстар жасау кең өріс алған. Ыдыстар пайдаланылуы

қиялмен-тамақ ішетін, тамақ пісіретін және шаруашылық, қып-түлік сақтайтын ыдыстар болып болінеді. Тамақ ішетін ыдыстардың ішінде ағаштан ойып жасалғандары да кездеседі. Олар: шағын табақтар, тостағандар, ожаулар және т.б.

Үйдегі үйсіндердің шаруашылығында темір, мыс, және тағы басқада түсті металдарды қазып алу, қорыту және иірту маңызды орын алған. Темірден, мыс пен қоладан әйбек құралдары, тұрмыс заттары - балталар мен шоттар, аңшылар миес пышақтар, біз бен шеге, қазандар мен құрбан шалғайы ыдыстар, қару жарақ, қапжарлар мен жебелердің ұштары жасалды. Сәндік заттарға білезіктер, сырғалар мен сәндіктер, сондай-ақ зергерлік бұйымдар-алтын, күміс, мыс, немесе қола сымнан бұрап жасалған, асыл тасты алқалары бар сырғалар, қола түйреуіштері жатады.

Үйсін қоғамында тоқыма жіп иіру, тері илеу, тастан, сүйектен бұйым жасау ісі де өрістеген. Жіп иіру мен тоқымашылық, киіз басу, жүннен киім тоқу едәуір ауқымда дамыған. Мата жасау үшін, қазақтардың «өрмегі» сияқты қарапайым тоқыма станогы қолданылған. Үйсіндер жануарлардың терісін илеп оңдеу арқылы аяқ киім, тері шалбар мен бешпент тігуді игерген, сондай-ақ теріден ыдыстар мен ат әбзелдерін дайындаған.

Үйсін мемлекетінің Чигу-Чен (Қызыл аңғар) астанасынан басқа да көптеген қалалары, сауда орталықтары болған. Олар Шығыс Жетісу жеріндегі - Сүмбе, Лепсі, Батыс далалық аймақтарындағы - Суяб, Құлан, Ақтөбе және т.б. қалалар.

§4. Қаңлы тайпалары

Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырдан бастап Қазақстан жерін мекендеген ірі тайпалардың бірі - *қаңлылар*. Олар Қытай жазба деректерінде кангюйлар деп аталса, иран діни жинағы «Авеста» және үнді діни кітабы «Махабхаратада» кангха болып кездеседі. Сол кездегі ірі елдердің жазба деректерінде көрсетілуі қаңлы тайпаларының жайғана ру-тайпалық деңгейде өмір сүрмегендігін, олардың мемлекеттік дәрежеге көтерілгенін байқатады. Ғылыми пікірлер

және Қытай жазба деректері қаңлыларды сақ тайпаларының жалғасы, олардың ұрпақтары деп көрсетеді.

Қытай жазба деректері негізінде қаңлы тайпаларының тарихын алғашқы зерттеушілер Қытай тілін жетік білген ғалымдар Н. Я. Бичурин мен Н. В. Кюнер. Бұлардан кейін жазба деректерді саралай отырып академик В. В. Бартольд қаңлы тайпаларын Сырдарияның орталық ағысында өмір сүрді деген қорытынды жасайды.

Қытай деректеріндегі Чжан Цяннің хабары бойынша қаңлы тайпалары халқының жалпы саны - 600 мың, жауынгер жасақтарының саны - 120 мың адам. Орталығы Сырдария өзенінің бойында орналасқан Битон қаласы. Қытай деректеріне қарағанда, қаңлы тайпаларының иелігінде Сусе, Фуму, Юени, Ги, Югень деп аталатын бес аймақ болған. Бұл жерлерді кәзіргі кезеңдегі аудандармен салыстырып қарайтын болсақ: Югень-Хорезм; Ги- Сырдарияның сағасы; Фуму-Жаңақорғанның солтүстік батысынан Қазалыға дейін; Сусе-Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзенінің аңғары, Қаратау беткейі; Юени-Ташкент аймағы.

Қазақстан және Орта Азия жерінде қаңлы тайпаларының ескерткіштеріне жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша, олардың қалдырған материалдары шартты түрде үш мәдениетке бөлінеді. *1. Қауыншы. 2. Жетіасар. 3. Отырар-Қаратау мәдениеті.*

Бірінші - Қауыншы мәдениеті, Ташкент маңындағы кенттерден табылған заттармен байланысты, оның бірі Қауыншы қаласының атымен аталған. Бұл мәдениеттің тарихи тұрғындарының өмір сүрген кезеңдері б.з.б. III ғасырмен б.з. I ғасыр арасы. Қазақстан ғалымдары бұл мәдениетке Ташкент аймағына жақын орналасқан Шардара су қоймасының жеріндегі ескерткіштерді де жатқызады. Олар Ақтобе I, Шаушықұм қалашықтарының орындары. Бұлардан керамикалық ыдыс-аяқтар, егіншілік кәсібіне және мал шаруашылығына қажет құрал жабдықтар мен қару-жарақтар табылған.

Екінші - Жетіасар мәдениетіне Сырдарияның төменгі ағысындағы және Арал бойындағы қаңлы тайпаларының тарихи ескерткіштері жатады. Бұлардың қатарына - Алтынсар, Томпақасар, Бидайықасар, Үңгірліасар, Жетіасар қалашықтары кіреді. Мұндағы табылған заттар б.з. I мың

■ Мәдениеттің алғашқы жартысында өмір сүрген қаңлы тайпаларының тарихы туралы мәлімет береді. Жетіасар мәдениетінің халқы Қауыншы мәдениетінің тұрғындарына қарағанда тұрақты мекен-жай салу және оның күрделі әрі сапалы болуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ бұларда керамикалық заттар жасауда айырмашылықтар болған.

Үшінші – Отырар-Қаратау мәдениетіне Сырдарияның ортаңғы ағысы, Отырар аймағы мен Қаратаудың солтүстік бөлігі күнгей бетіндегі ескерткіштер жатады. Жазба деректер бұл жерлердегі қаңлы тайпаларының негізгі өсіп-өнген, өткізгіштік ата-мекені болғанын көрсетеді. Сондықтан да Қазақстан ғалымдары Отырар, Қаратау мәдениетінің тарихи ескерткіштерін тереңірек зерттеуге ерекше назар аударған.

Б.з.б. II ғасырдың екінші жартысында қаңлылар жерінің оңтүстік аймағы юечжиге, ал солтүстік бөлігі ғұндарға тәуелді болғаны көрсетіледі. Ал б.з. I-ғасырында мұндағы жағдай өзгеріске ұшырайды. Бұл кезде Амудария мен Сырдария аралығындағы юечжилердің негізгі бөлігінің оңтүстікке, Бактрияға қарай ығысуы, қаңлы тайпаларының күшеюіне мүмкіндік береді. Қаңлылар одағының құрамына жогарыда аталған бес иелік кіреді. Қаңлылар Арал-Каспий өңіріндегі сармат-алан тайпалар одағы мен Орал өңіріндегі сармат тайпаларын бағындырады. Қаңлы билеушілері Қытай империясымен қатынаста еркін, тәуелсіз бағыт ұстайды. Ол жөнінде мұндағы Хань наместнигі императорға берген есебінде: қаңлылар үйсіндермен салыстырғанда өркөкірек, батыл және Қытай елшілерінің алдында бас иемейді. Олар қабылдау кезінде Қытай елшілігі өкілдерін, үйсіндерден томен отырғызады деп хабарлаған.

Ферғана-Қытай соғысы кезінде тек қаңлылардың араласуы ғана ферғаналықтарды қирап жеңілуден құтқарып қалған. Б.з.б. 47-46 жылдары қаңлылардың билеушісі солтүстік ғұндардың шаньюйы Чжи-Чжиді қолдаған. Бұл кезде ол Қытай императоры сарайымен қатынасын үзіп, байырғы ғұп иеліктерінен айырылған болатын. Б.з. I ғасырының орта шенінде қаңлылардың шығыс шекарасына Қытай мемлекетінің қолдауымен үйсіндер шабуыл жасады. Үйсіндер мен Қытайға қарсы күресте қаңлылар Чжи-Чжимен одақтасты, қаңлы билеушісі оған әйел-

дікке қызын және оз иелігінің шығыс аймағынан жер береді. Сонымен бірге оз әскерінің бір бөлігін Чжи-Чжидің басқаруына беріп, оны үйсіндерге қарсы айдап салады. Бірақ Чжи-Чжи қаңлылар қойған талаптарын орындамайды, ол үйсіндерді жеңе алмайды. Нәтижесінде бұлардың арасында жанжал туады. Чжи-Чжи қаңлы билеушісінің қызын, оның атақты адамдарын өлтіреді. Осыдан кейін Чжи-Чжи қаңлы билеушісінің ордасынан қуылып, Талас өзенінің бас жағына кетеді. Мұнда ол өзіне арнап қала салдырады. Шаньюдің күшеюі және оның үйсіндерге шапқыншылықтары Қытай мемлекетін едәуір алаңдатты. Сөйтіп, Қытай әскерлері оған қарсы жорыққа шықты. Олар үш топқа бірігіп Қашғар, Ферғана арқылы Шанас және Талас жотасындағы Қарабура асуларымен Шу мен Талас аймағына беттеді. Мұнда Чжи-Чжидің қаласын қоршауға алды. Чжи-Чжидің әскерлері қаһармандықпен қорғанғанына қарамастан қытайлар оның қаласын талқандап, қамалына басып кіреді. Чжи-Чжидің жақындары, балалары, әйелдері және атақты әскери қолбасшылармен бірге, 1518 адам тұтқынға алынып, барлығы тегіс өлтіріледі.

Осыдан кейінгі кезеңде қаңлылар Арал-Каспий өңіріндегі массагеттерге тәуелді болады. Ал III-V ғасырда қаңлылар өздерінің Амудария және Сырдария аралықтарындағы жерлерінен біржолата айырлады. Бұл кезде олар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп, Эфталит мемлекетінің құрамына кіреді.

Қаңлы тайпалары одағының алып жатқан жері-табиғи-климаттық және ландышафтық жағрафиялық жағынан алуан түрлі болды. Осымен байланысты қаңлылардың шаруашылығы әр түрлі салалармен ерекшеленді. Хорезмде, Арал өңірінде, Зеравшан аңғарында, Ташкент алқабында отырықшылық шаруашылық дамып, ертедегі қоныстар мен қалалар қалыптасты. Далалық аймақтарда қаңлылар көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Үй жануарларының негізгі түрі: қой, сиыр, ешкі, жылқы т.б. Өзендер мен көл жағалауларында халық суармалы егін шаруашылығымен шұғылданған. Б.з. алғашқы ғасырынан бастап қаңлылар егісті суаратын каналдар мен арықтар қазып, тоғандар мен бөгеттер салған. Олардың егін

дәнділері арпа, тары, бидай, ал бақшаларында қауын, шырша, жемістердің түрлері: алма, жүзім, өрік және бақшалары өсірілді. Астықты үлкен қыштан жасалған көздер мен ыдыстарда сақтаған, еден астынан ұра-шұңқырлар салынған. Қанышлар балық аулаумен және аңшылықпен де айналысқан.

Қанышларда қолонер кәсібі өте жоғары дәрежеде оркениленген. Қолонер орталықтары-қалалар, ондағы сауда базарлары халыққа қажеттінің бәрімен қамтамасыз етіп отырған, өсіресе керамика ісі дамыған. Үй тұрмысында металл ыдыспен бірге керамика ыдыс тамақ дайындау үшін пайдаланылған. Сұйық нәрселерді сақтау және тасу үшін күнбатыс бар құмыралар тұтылған, ал ас ішуге арнайы жасалған сапталықтар, құмыралар, кеселер болған. Қаңлыларда ағуан түрлі металдан бұйымдар жасау жоғары деңгейде болған. Мұндағы металлургия өндірісінің жетекші орталықтары болып Шаш-Илак аймағындағы қалалармен қоныстар саналған. Қалаларда алтын мен күміс өңдеу, темір ұсталығы, қола құю, зергерлік біркелкі жақсы дамыған. Шеберханаларда әскери қару-жарақ, ат әбзелдерінің болшектері, ауыл шаруашылық құралдары, сәндік бұйымдар: сырғалар, алқалар, білезіктер, айылбастар, иелер, біздер дайындаған. Сондай ақ, сүйектен пышақтың, қанжар мен семсердің саптары істелген. Қолонер тұрмысының әйелдер үшін басты дәстүрлі саласы жүн өңдеу болған. Жүннен иірілген жіптен жылы киім тоқылды, қой жүнінен киіз басылды.

Қаңлы мемлекетінің қалалары мен қоныстарында мыс теңгелер соғылып, сауда айналымына түсіп отырған. Теңгелер шығарылған негізгі аймақ - Ташкент (Шаш) алқабы. Қаңлы мемлекеті Иран, Үндістан, Сирия, Қытай және т. б. елдермен сауда қатынастарын жүргізген. Олар Сырдария өзенін бойлай өтетін солтүстік-батыс жақтағы Жайық өңіріне, Еділ бойына және одан ары Солтүстік Кавказ бен Қара теңіз аймағына баратын маңызды жол тармақтарын бақылап отырды. Археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде қаңлылардың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлерін баяндайтын көптеген ескерткіштер табылған. Өлген адамдармен бірге жерленген құрал-сайман, қару-жарақтар, сәндік әшекей бұйымдар, олардың о дүниеге табынғанын, ата-

баба әруағына сиынғанын байқатады. Қаңлылар табиғаттан тыс құдіретті күш бар деп сеніп, құрбан шалған. Сонымен қатар олар күнге, айға, жұлдыздарға табынған. Үлкенді-кішілі зираттардан табылған бұйымдар мен қымбат бағалы заттардың біркелкі болмауы, қаңлы қоғамында әлеуметтік теңсіздіктің болғанын көрсетеді.

§5. Ғұндар

Б.з.б. I мың жылдықтың екінші жартысынан бастап Байкалдан Оңтүстікке қарай және Ордосқа дейін созылып жатқан дала және шолейт аудандарда қарабайыр мал шаруашылығымен шұғылданған, этникалық жағынан әр түрлі тайпалар көшіп жүрді. Солардың басты бір тобы б.з.б. IV-III ғасырларда Солтүстік Қытайдың шекарасына дейінгі жерді мекендеген тайпалық екі одақ Сюнну және Дунху бірлестіктері еді. Қытай тілінде сюнну деген атау солтүстікдегілер деген мағынаны білдіреді.

Сюннулар хунну немесе ғұндар деп аталады, әсіресе, б.з.б. III ғасырда мейлінше күшейді. Тайпалардың бұл тобының аты қайдан шыққаны белгісіз. “Ғұн” деген атаудың өзі кейінірек сюнну (хунну) деген аттан шыққан деп болжам жасалынды. Ғұндар туралы тарихи деректер көрнекті Қытай тілінің мамандары Н. Я. Бичурин мен Н. Кюнердің еңбектерінде берілген. Ал олардың тарихын жазуда үлкен еңбек сіңірген ғалымдар А. Н. Бернштам, Л. Н. Гумилев, Н. И. Конрад. Ал Қазақстан ғалымдарының арасында ғұндардың тарихымен К. М. Байпақов және т. б. айналысып жүр.

Ғұндардың этникалық тегі туралы мәселе әлі анықталып болған жоқ. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы аталары деп болжайды. Ғұндардың құдіреті тасып тұрған кезде, олардың бірлестігіне басқа бірнеше тайпалар қосылған, сондықтан “ғұн” атауы этникалық болудан гөрі саяси одақ атауына қарай айналыңқыраған. Ғұн тайпаларының бір одаққа бірігуіне негізгі себеп Қытайлықтардың бұларға қарсы төрт ғасырға созылған кескілескен соғысы деу керек. Хань империясы кезінде Қытайлықтар ғұндарды талай рет басып алмақшы болады,

біріктірілген тайпалармен бірігіп, Қытайлықтардың шабуылдарына батыл тойтарыс беріп отырады. Ғұн тайпаларының бірігіп топтасуы б. з. б. 209 жылы “Ғұн үйінің өршеуі” кезінде іске асты. Оларды бір одаққа біріктіру әйгілі Мөде /Боғда/ батырдың есімімен байланысты. Оның туған жылы 230, ал өлген кезі б.з.б. 174 жыл.

Мөде ғұндарды күшті державаға айналдыру үшін әскери реформалар жүргізді. Моденің басшылығымен ғұндар өздерінің оңтүстігіндегі дунхуларды талқандады. Олар Саян-Алтай тайпаларына және Үйсіндерге шабуыл жасап, өміне қаратты. Мөде батыста Юсчжи тайпаларына жорық жасап, оны бағындырды. Б.з.б. 200-ші жылдары ғұндар Ордосты қаратып алды, Қытай Хань әулетінің негізін қалаушы Лю Баньмен соғысып оны жеңді. Ұлы Қытай қорғаны салынуының бір себебі осы ғұндардың шабуылынан қорғану амалы еді. Қытайдың “Жылнама” атты байырғы кітабында айтылатын “тұрағы жоқ, үйі жоқ ғұндар бәле болды ғой” деп келетін жолдар ғұндардың Қытай еліне қатты қауіп төндіргенін көрсетеді. Б.з.б. 188 жылы Мөде мен Қытайдың Хань императоры Гаоцзу “тыныштық және туыстық” жайлы шартқа қол қойды. Мөде Қытай ханшасын өзіне әйелдікке алды, сонымен бірге Хань империясы ғұндарға жыл сайын салық төлеп тұруға тиісті болды. Ғұндардың жүргізген жаулап алу соғыстарының нәтижесінде Забайкальеден Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзенінің орта бойына дейін созылып жатқан жердің бәрі олардың қол астына көшті. “Ғұн державасы” орасан зор үлкен болғанымен оның осал ұрымтал жері де бартын. Мұның өзі олардың арасындағы берік бірліктің болмауымен байланысты еді. Осыдан келіп б.з.б. 59 жылы ғұндардың өз арасында соғыс басталды. Ғұндардың өз іштеріндегі болып жатқан мұндай талас-тартыстарды Қытай мемлекеті пайдаланып қалуға тырысты. Қытайлар үйсіндермен одақтаса отырып, ғұндарға қарсы бірнеше шабуыл ұйымдастырды.

Б.з.б. 47 жылы ғұндар державасы оңтүстік және солтүстік ғұндар болып екіге бөлінді. Оңтүстіктегі ғұндар Қытайдың Хань империясына бағынды. Ал Чжи-Чжи шаньюй бастаған солтүстіктегі ғұндар өздерінің тәуелсіздігін сақтап, Солтүстік Моңғолия және Шығыс Түркістанның

Солтүстік аймақтарында көшіп-қонып жүрді. Бұлардың бір бөлігі Тянь-Шаньдан өтіп, Қаңлы тайпаларымен шарттасып, олардың шығыс жағына қоныстанды. Мұның өзі ғұндардың Қазақстан мен Орта Азия жеріне тұңғыш рет жаппай өтуі еді. Екінші бір толқыны біздің заманымыздың I ғасырында басталды. 93 жылы Хань империясының әскерлері ғұндардың күштерін ығыстырып, олардың солтүстіктегі тайпаларының бірін өздеріне бағындырып, енді біреулермен одақ жасасып, үшіншілерін батысқа қарай ығыстырды.

Олар Тарбағатайға дейін келіп, Оңтүстік-Шығыс Балқаш өңірін жайлаған Юебань тайпалары пайда болды. Ғұндардың осы жылжуымен байланысты болса керек, кейінірек бұлар Орталық Қазақстан және Сырдариядан солтүстікке қарай созылған жерлерді алып жатты. Арал теңізі мен Каспий маңына шығып, алаңдар мен ассаларға шабуыл жасап, оларды батысқа қарай ығыстырды. Сөйтіп, ғұндардың Қазақстаннан Шығыс және Орталық Еуропа жеріне жеткенше үш ғасырдан астам уақыт өтті.

Ғұндар Рим империясына үлкен қауіп туғызды. V ғасырдың 30-шы жылдары ғұндардың басшысы Аттила /410-453 ж.ж./ Румыния және Венгрия елдеріндегі көшпелі тайпаларды өзінің қол астына жинап, Рим империясының аудандары Паннония мен Мезияны басып алған соң, Франция жеріне отеді. Жаулап алған жерлердегі халықтарды қырып-жойып, қалаларды бүлдіріп, селоларды ортеп, бүкіл Еуропа елдерінің үрейін ұшырады. Н. А. Машкин “Ертедегі Римнің тарихы” деген кітабында, 375-376 жылдары вестготтардың Қазақстан даласынан келген ғұндармен біріккен күрестері ежелгі Рим империясының құлауына әкеп соқты деген қорытынды жасайды.

Тарихи деректерге қарағанда, ғұндар 24 руға бөлінген, оларды ру басылары, ақсақалдар басқарған. Рулық құрылыстың ақсақалдар кеңесі және халық жиналысы сияқты институттары жұмыс істеген. Олар жылына үш рет бірінші, бесіпші және тоғызыншы айларда өткізіліп, онда ру басылары мемлекеттік істерді талқылап, ат жарысы мен түйелердің жарысын қызықтаған.

Ғұн тайпаларының патриархаттық-рулық құрылысы негізінде жаңа қоғамдық қатынастар, теңсіздік, таптарға бөлі-

не көпіншасты. Қабірлерден шыққан заттар ғұн қоғамындағы мүлік теңсіздік жайын айқын сипаттайды. Обаларды қарап келе келе табылған бұйымдар, қымбат маталар ғұн қоғамы үстем топтарында жиналған байлықты дәлелдейді. Қытай саяхатшысы Сыма Цянь қалдырған жазбаларда ғұндарды малға әулеттік және жеке меншіктік болғаны айтылады. Ғұн тайпалары ұжым болып көшіп жүрген және әрқайсысының өзіне бөлініп берілген жер учаскелері болған.

Ғұндарда соғыс тұтқындарынан және бағынышты аймақтардың халқынан құралған құлдар болған. Олар үй бағыметшілері, бақташылар, колонершілер және жер жыртушылар ретінде пайдаланылған.

Елді шаныюй басқарды, оның қолында шексіз дерлік билік болды. Шаныюйдан кейін түмен басылар деп аталатын басқалар тұрды. Олар шаныюйдің ұлдары, інілері немесе жақын туысқандары болатын. Барлығы 24 түмен басы және олардың әр қайсысының көшіп жүретін өз жерлері болған. Түменбасылар өз иеліктерінде мыңбасылар, жүзбасыларды тағайындап отырды. Ғұн қоғамында пауазымдар мен жоғарғы шендер мұраға қалдырылған. Ғұн шаныюйі өлсе оның орнына інісі не үлкен баласы билікті өз қолдарына алатын болған.

Ғұндардың өмірінде мал шаруашылығы басты рөл атқарды. Олар үй жануарларынан жылқы, ірі қара, қой-ешкі өсірді, кейбіреулері түйе, есек ұстаған. Негізінен көшпелі мал шаруашылығы үстемдік еткен. Шөптің қалың, судың мол болуына қарай бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Үй малдарының етімен тамақтанып, терісінен киім, аяқ киім тіккен, жүн мен аң терісін жамылған. Ғұндар отырықшылық пен егіншілікті кәсіп еткен. Жазба деректер бойынша олар тары өсіруді жақсы меңгерген. Өйткені тары ерте пісетін дақылдардың бірі және ол суаруды қажет етпейді. Ғұндардың егіншілікпен айналысқанын олардың қалдырып кеткен темір орақ, шойын түрендер, қол диірмендер, тас үккіштер т. б. құрал-саймандар айғақтайды. Сондай-ақ, ғұндардың үй-жайларынан астық сақтайтын ұралар, еден, қабырғалар сылағынан, ішкі кірпіштердің арасынан сабанның қалдықтары кездескен.

Археологиялық зерттеулер корсеткендей, ғұндарда қолөнері де жақсы дамыған. Олардың қорымдары мен қыстақ-

тарынан қару-жарақтар, ыдыс-аяқтар, қола қазандары, әр түрлі пошымдағы керамикадан істелген құмыралар табылған. Ғұндар үй-тұрмысына қажетті бұйымдарды металдан, тастан, ағаштан, сүйектен, мүйізден, балшықтан жасаған. Ғұндар арасынан темір ұсталары мен зергерлер көп шыққан. Мұны бай адамдардың зираттарынан табылған алтын сырғалар, жүзіктер, әшекейлеп жасалған кемер белдіктер және т. б. көрсетеді. Ғұндар Қытай және т. б. елдермен сауда қатынастарын жүргізген. Оны үстем тап өкілдерінің молаларынан алынған айналар, көз салған әшекейлер, қымбат бағалы Қытай маталары дәлелдейді.

Ғұндар өмірінде аң аулау маңызды рөл атқарды. Аңшылық ісіне бала кезден бастап тәрбиеленген. Балалар садақ тартуды және құстар мен тышқандарды атуды үйренген.

Сонымен қорытып айтқанда, сақтар мен үйсіндер, қаңлылар мен ғұндар және сарматтар тайпалары қоғамдық құрылымы мемлекеттік деңгейге өскен және өзіндік материалдық мәдениеті мен өнері бар, айрықша бір өркениетті жасау ісінде жоғары дәрежеге жетеді. Міне, тап сол кездері Қазақстан жерінде ежелгі түрік тілінде сөйлейтін халықтар пайда болады.

ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕ
(VI-XII ғғ.)



Үшінші тарау

Ерте ортағасырлық мемлекеттер

§1. Көне түрік және Батыс түрік қағанаттары

II-V ғасырларда ғұн тайпаларының Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Еуропаға ұлы қоныс аударуы, бұл жерлердің этникалық және саяси картасына едәуір өзгерістер енгізді. Ал IV ғасырда түркі тілдес телэ (тирек) тайпалар одағы Солтүстік Монғолиядан Орта Азиядағы Әмудария өзенінің бойына дейінгі кең байтақ аймақты қоныстанды. Олардың орнына VI-X ғасырларда Қазақстан жеріндегі алғашқы феодалдық мемлекеттер Көне және Батыс түрік қағанаттары қалыптасты. Біздің заманымыздың бір мың жылдығындағы Орталық Азия жерін мекендеген тайпалар одақтарының тарихы бұлармен өзара тығыз байланыста болды. «Түрік» деген ат алғаш рет 542-ші жылы аталады. Қытайдың солтүстік батысында орналасқан Вэй князьдігіне түріктер (туцюе) жыл сайын шабуыл жасап, ойрандап отырғандығы жөнінде айтылады. Қытайлар түріктерді сюнну-ғұндар деп атаған, мұның өзі түріктердің ғұн тайпаларының жалғасы екенін көрсетеді.

546-шы жылы тирек (телэ) тайпалары Монғолияның оңтүстік және орталық аудандарын мекендеген аварларға (жуань-жуань) қарсы жорық жасайды. Осы кезде күтпеген жерден түріктердің қағаны Тумышның (Бумыш деп те атаған) басқаруымен түріктер тирек (телэ) әскерлеріне шабуыл жасап, быт-шытын шығарып жеңіп, 50 мың әскерін тұтқынға алады. Осыдан кейін түріктер күшейіп, енді бұрын

өздері тәуелді болып келген аварларға (жуань-жуань) қарсы шығып, авар қағаны үйінің ханшасын Тумынге әйелдікке беруді талап етеді. Авардың қағаны өзіне бұрын бағынышты болып келген түріктердің елшісін үйінен қуып шығады. 552-ші жылы көктемде түріктер аварлардың ордасына шабуыл жасап, оларды күйрете жеңеді, авардың қағаны Анағұй өзін-өзі өлтіреді. Осы кезден бастап Тумын түрік билеп-төстеушілердің қағаны деген атағын алады. Тумын 553-ші жылы қайтыс болады.

Тумын өлгеннен кейін, таққа оның інісі Қара-Еске отырады. Ол Орхонның жоғарғы жағында аварларды екінші рет жеңеді. Қара-Ескеден кейін, оның мұрагер інісі Еркінді-Мұқан деген атпен қаған болады. Оның ел билеген кезі 553-572 жылдар. Мұқанның тұсында аз уақыт ішінде (553-554 жж.) түріктер шығыста қайлар (татабтар), кидандар және оғыз-татар тайпаларын, солтүстікте Енсей қырғыздарын, Жетісу жеріндегі түргенттерді өздеріне қаратты. Бұл жылдары түріктердің батысқа қарай жасаған жорықтары күшті болды. Оларды Тумынның басқа бір інісі Естемі жүргізді. Кейін тарихи деректерде оны Батыс түріктерінің түпкі атасы және Батыс Түрік қағанатының негізін қалаушы деп атайды. 563 жылы Түрік қағаны Силзибул (Естемі) Эфталит мемлекетін басып алуға кіріседі. Алайда бір шеті Каспий теңізінен, екінші шеті Солтүстік Үнді ойпатына дейінгі Орта Азияда ұлан-ғайыр жерді алып жатқан эфталиттерді оңай жеңе алмайтынын түсінген Түрік қағаны Иран шахы Хұсрау I Ануширванмен одақ жасайды. Түрік қағанымен жасаған келісім бойынша Хұсрау I шах өзінің әскерлерін Тохарстанға аттандырып, оны 564 жылы эфталиттерден тартып алды. Сөйтіп, эфталиттер берік тылынан айырылады. Мұның өзі түрік қағаны Силзибулға (Естеміге) 563-567 жылдары Эфталит патшалығын талқандауға мүмкүндік береді. Осыдан кейін түріктердің батыстағы шекарасы Каспий теңізінен Солтүстік Индияға және Шығыс Түркістанға дейін созылып жатты.

Алайда осы жеңістен кейін Түрік қағанаты мен Иран шахының арасындағы одақтастық ұзаққа созылмайды. Оған басты себеп, түріктер Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Жерорта теңізіне баратын Ұлы Жібек жолына иелік етті. Бұл Иран шахының түріктерге деген наразылығын туғыз-

ды. Оның үстіне түріктер мен олардың қарауында болған елдер Византия мемлекетімен тікелей сауда байланысын орнатуға мүдделі болды. Ал Иран бұған кедергі жасады. Атап айтқанда, Иран шахы түріктердің Персия арқылы Византияға жіберген екі елшілігін қайтарып жіберді. Сондақтан 568-ші жылы соғды көпесі Маниах түрік қағаны елшілігін енді Иран арқылы емес Каспий теңізі мен Кавказ тауы арқылы Константинопльге алып барады. Онда екі ел арасында сауда келісімі және Иранға қарсы әскери шарт жасалды. Оны Земарх бастаған Византия елшілігінің түрік елшілігімен бірге аттандырылуы дәлелдейді. Земарх бастаған елшілік Түрік қағанының астанасы Суяб қаласында қабылданды. Түрік елшілігінің Константинопльде жүргізген келіссөздері Иран мен Византия қатынастарын шиеленістерді, олардың арасында соғыс жағдайы қалыптасты. Мұны Түрік қағанаты өзінің жаулап алу соғыстары үшін пайдаланды.

571 жылы түріктердің қағаны Естемі Солтүстік Кавказды басып алды, сойтіп Керчь түбегіне (Боспорға) шықты. Оның баласы Түріксанф Керчті басып алып, 576-шы жылы Қырымға шабуыл жасады. Бірақ Естемі олгеннен кейін, 582-593 жылдары Түрік қағанатында билік үшін қырқыс басталды. Өз ішіндегі алауыздық пен әлсіздік қайшылықтар қағанатты қатты әлсіретті. Елде талай жылдарға созылған мал індеттері, жұттар мен ашаршылық орын алды. Түрік қағанаты шекараларына шығыстан Қытайдың Сүй әулетінің (581-618 жылдары) шабуылы күшейді. Міне, бұл жағдайлардың барлығы 603 жылы Түрік мемлекетінің екі дербес қағанатқа - Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлінуімен аяқталды. Батыс қағанатының орталығы – Жетісу жеріндегі Суяб қаласы болды.

Батыс түрік қағанаты ежелгі үйсін жерін жайлады. Ол Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жердің бәрін алып жатты. Қағанаттың негізгі этникалық-саяси ұйытқысы – “он тайпа” (он-ақ будунның) мекендеген жері де осы ара болған. Сонымен қатар ол Шығыс түрік қағанатының Шығыс Түркістан және Орта Азияның Самарқанд, Бұқара тағы басқа қалаларын басып алды. Осы қалаларда қағанның орынбасарлары отырды.

Қағанның жазғы ордасы Мың бұлақ (Түркістан қаласына жақын) деген жерде болған. 610-618 жж. Жегуй қаған

мен оның інісі Түнжабғы қаған /618-630 жж./ билеген кезде қағанаттың күш қуаты таси түседі. Тохарстан мен Ауғанстанға жасаған жаңа жорықтар мемлекет шекарасын Үндістанның солтүстік батысына дейін жылжытып кеңейтеді. Мұндай кең – байтақ жерді берік ұстап тұру үшін Түнжабғы елде саяси-басқару реформаларын жүргізген. Кейбір аймақтарды өз қолында ұстау үшін мүмкін болған айла-тәсілдерді пайдаланған. Мәселен, Орта Азиядағы ірі қала Самарқандты қарауында ұстау үшін қаған оның билеушісіне өзінің қызын әйелдікке берген. Шығыс Түркістан мен Орта Азия өлкелеріндегі билеушілеріне шад деген атақтар беріп, оларды өзінің орынбасарлары етіп тағайындаған.

Түрік қағанаты әлеуметтік тұрғыдан алғанда, бір жағынан, ақсүйек тайпалар, екінші жағынан, оларға бағынышты, тәуелді тайпалар болып екіге бөлінді. Бағынышты тайпалар алым-салық төлеп тұрған. Қағанаттың басында жоғары билеуші, әскер басшысы, барлық жердің иесі қаған болған. Елдегі барлық билік оның туыстары арқылы жүргізілді. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар - жабғы, ұлық, шад және елтебер-қаған әулетіне ғана тән атақ-тұғын. Сөт қызметін бұйрық берушілер, тархандар жүргізді. Қағанаттың негізгі халқы малшы қауым мүшелері, оларды «қара буын», («қара халық», «тобыр») деп атаған.

Түріктердің ежелгі жазуы болған, оны Жетісу жеріндегі ескерткіштерден көреміз. Шығыс пен батыста, оңтүстікте ұшы-қиыры жоқ жері бар біртұтас орасан зор мемлекет құрған түрік батырлары “басы барды идірдік, тізесі барды бүктірдік” деген сөздерді тасқа қашап жаздырып қалдырған. “Күлтегін” жыры да осы тас жазуы арқылы бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Осы жырдағы Білге қағанның “Ілгері – күн шығысында, оң жақта – күн ортасында, кейін – күн батысында, сол жақта түн ортасында – осының ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды” деуі түріктердің қаншалықты зор мемлекет құрғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, түріктердің мәдениеті көп халықтарға қарағанда жоғары деңгейде болған. Жергілікті халықтар түріктердің мәдениетіне, әдет-ғұрыптарына көшіп, тілін қабылдаған.

Батыс түрік қағанатында әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың ала-құлалығына, үстемдік ету мен бағыну формаларының алуан түрлілігіне қарамастан таптар-

ның қалыптасуы мен ертедегі феодалдық қатынастардың орбуі біршама тез іске асты.

Түрік қағанаты мал және егіншілік шаруашылығымен шұғылданды, мал шаруашылығына байланысты көшіп қонып жүрген. Егістік жерлерде түріктер отырықшылық шаруашылықпен айналысты. Қала мен дала қағанат құрамындағы біріккен әлеуметтік-саяси ағзаның бір-біріне аса қажет, бірін-бірі толықтырып отыратын болшектері еді. Елдің халқы - түріктері де, соғдылары да - бәрі бірдей сауда-саттықпен, қолонер кәсібімен, егіншілік және мал өсірумен айналысқан. Нәтижесінде түріктердің қалалары өркендей бастады. Қалаларда сауда-саттық кеңінен жүргізілді. Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласына Орта Азия және Қытай жерінен неше түрлі заттар әкеп сататын болды.

Сыртқы сауда айырбасы да, ішкі сауда айырбасы да ақша айналасын шығарды, сойтіп Батыс түрік қағанатының қарамағындағы шет аймақтарының да, орталығының да халқы осы айналысқа көшті. Түрік халқы қолөнерімен де шұғылданып, өмірге қажетті, әсіресе, үй тұрмысына керекті заттарды және қару-жарақтарды жасап, пайдалана білді. Сауда мен қолөнердің дамуына Жетісу қалалары мен Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс аудандарына Орта Азиядан соғдылардың қоныс аударуының үлкен әсері тиді. Олардың VI-VIII ғасырларда Жетісуға қоныс аударуы Орта Азиядағы араб жаулап алушыларымен және ондағы әлеуметтік қысымшылықтарымен байланысты еді. Соғды көпестері көшіп келгеннен кейін Батыс Түрік қағанаты жерінде саудамен, соның ішінде жібектерін откізумен кеңінен айналысты. Олар Жетісудың егіншілік және қала мәдениеті тарихында елеулі із қалдырды. Сонымен қатар, түркі тілдес ортаға түскен соғдылықтар жергілікті халықтардың тіліне, мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне көшті. Соғдылықтардың келуімен байланысты түріктер Жетісуда теңге жасауды игерді. Теңгелерді соғдылықтар түрік қағандары атынан соққанымен, олардағы сөздер соғды тілінде жазылды. Сондай ақ соғдылар өміріне түріктердің тигізген әсері де аз болған жоқ.

Сөйтіп, түрік және соғды халықтарының арасындағы өзара байланыс осылай дамып отырды. Мұның өзі олар-

дың этникалық-саяси тарихында, материалдық және рухани мәдениетінде көрініс тапты. Сонымен қатар халықтардың Батыс түрік қағанатының кезінде саяси-экономикалық дамығандығын көрсетеді.

Дегенмен, Батыс түрік қағандығының өмірі де ұзақ болмады. Топжабғы қағанның жүргізген қатал үстемдігі, он оқ бұдыш одағы әскер басыларының наразылығын туғызды. Олардың астыртын жасаған қастандық әрекеттерінің нәтижесінде қаған өлтірілді. Қағандық үшін Батыс түрік мемлекетінде басты екі тайпаның - Дулу және Нишаби тайпаларының арасында талас басталады. Нишаби тайпаларының қолдауымен Ышбар Елтеріс Шир қаған болады. Бірақ қағандықты тұтас қайта қалпына келтіру бағытында жасаған оның әрекеттері ешқандай нәтиже бермеді.

Қағанат ішіндегі өзара тартыс, билеушілердің жиі-жиі ауысуы, он алты жылға /640-657 ж.ж./ созылған тайпалар арасындағы соғыс пен ішкі қырқыстар Жетісуға Қытайдың Тан империясы әскерінің баса-көктеп кіруіне әкеліп соқты. Түріктердің Тан басқыншылығына және олардың сыбайластарына қарсы жүргізген тынымсыз күресі барысында қағанат құрамында түргештер күшейіп көтерілді, сөйтіп 704 жылы Батыс түрік қағандығы құлап, оның орнына Түргеш қағандығы құрылды.

§2. Түргеш қағанаты

Түрік тектес түргеш тайпалары VI-ғасырда Тянь-Шань таулы аймақтарын мекендеген, ал VII-ғасырда Жетісудың орталық аймақтарын қоныс еткен. Олар өзінен бұрынғы өмір сүрген Батыс түрік қағанаты құрамындағы халқы көп тайпалардың бірі болған. Түргеш тайпалары жөніндегі алғашқы мәліметтер Күлтегін ескерткішінде және Қытай жазба деректерінде кездеседі. Ал түргештердің жеке қағандық болып құрылуы туралы дерек «Тоныкок» жазуында айтылған.

Түргеш қағанаты халқының этникалық құрамы негізінен сары және қара түргеш тайпаларынан тұрған. Жазба деректердің көрсетуі бойынша олар Шу, Талас, Іле бойларын жайлаған. Шу бойындағы түргештер сары, ал Талас аймағындағы түргештер қара түргештер деп аталған.

Түргеш қағанаты 704-756 жылдар аралығында өмір сүрді. Бұл кезде Жетісу аймағында араб басқыншыларына қарсы күрес жүріп жатқан болатын. Жетісуда Түргеш қағанаты билеушілерінің негізін қалаушы Үшелік-қаған. Оның билік жүргізген кезі - 699-706 жылдар. Ол Жетісудан Батыс түрік билеушісі Борішадты қуып, Ташкенттен Турфанға және Бесбалыққа дейін өзінің өкіметін орнатты. Оның басты саяси орталығы - Шу өзені бойындағы Суяб қаласы. Ікінші орталығы - Іле өзені бойындағы Күнгүт қаласы. Үшелік елді 20 ұлысқа /бөлікке/ бөліп, олардың әр қайсында 7 мыңнан әскер ұстады.

705 жылы арабтар шабуыл жасап, Әмударияның шығысындағы Мәуеренахрды жаулап алуға кірісті. Хорасанды билеуші Күтеиб-ибн-Мүсілім Балхы жерін басып алып, Бұхараға аттанады. Осындай қиын кезеңде түргештер Соғды /Соғдиана/ еліне көмекке келеді, онымен бірігіп Күтеибке тойтарыс береді. 709 жылы Күтеиб Мәуеренахрға қайтадан жорық ұйымдастырады. Ол Соғдиана патшасы Тархунды алдап, оны түріктердің көмегінен бастартуға мәжбүр етеді, сөйтіп Бұхараны басып алады.

Түргеш қағанатында Үшелік өлгеннен кейін билік оның баласы Сақал-қағанға көшті. Оның ел билеген кезі 706-711 жылдар. Бұл кезде елдің ішкі және сыртқы жағдайы өте күрделі болды, бірлік болмады. Қаған билігі үшін сары және қара түргеш тайпаларының арасында талас-тартыс басталды. Батыста түргештер соғдылармен бірігіп арабтарға қарсы күрес жүргізді. Оңтүстіктен оған Қытайдың Тан империясы, шығыстан Орталық Азия түріктері қауіп төнгізді. 711 жылы Шығыс түрік қағаны Қапаған Жоңғария жерінде /Бөлісу жанында/ түргештерге соққы беріп, Сырдариядан өтті. Бұл кезде арабтарға қарсы самархандықтар мен Орталық Азия түріктері көтерілді. 712-713 жылдары арабтарға қарсы түріктер, соғдылар Шаш /Ташкент/ қаласы тұрғындары және ферғаналықтар бірігіп күш көрсетті. Мәуеренахрдағы араб иелігіне төніп отырған қауіпті түсінген Күтеиб Шаш қаласын ортеді, 714 жылы ол Исфиджабқа шабуыл ұйымдастырды.

Көптеген қиындықтардан кейін, яғни екі тайпаның арасындағы тартыста қара түргештер жеңіске жетеді, олар қолдаған Сұлу тархан қаған болады. Түргеш қағанаты Сұлу

қағанның /715-738 жж./ тұсыпда қайта күшейе бастады. Бұл кезде өкімет қара түргеш тайпаларының қолына көшіп, мемлекет орталығы Талас (Тараз) қаласына ауысты. Айлалы саясаткер және күшті әскери қолбасшы Сұлу екі майданда: батыста арабтарға қарсы, шығыста Батыс түрік қағандары мирасқорларын (Шығыс Түркістанда орныққан) қолдаған Тан империясымен күрес жүргізді. 723 жылы түргештер Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен бірігіп, арабтарға күйрете соққы берді. Дегенмен арабтар 732 жылы өз әскерлерін біріктіріп, түргештерді қирата жеңіп, Бұхара қаласын басып алды. 737 жылы Сұлу арабтарға қарсы жорық ұйымдастырып, Тохарстанға дейін жетті, бірақ кейін жеңіліп қалды. Қайтып келе жатқанда, оны өзінің әскери басшысы Баға-тархан өлтірді. Сұлу қаған қаза болғаннан кейін билік үшін “сары” және “қара” түргештердің арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Түргеш мемлекеті өз ішіндегі күрестің нәтижесінде едәуір әлсіреді, мұны Тан /Қытай/ империясы ұтымды пайдаланды. Оның Шығыс Түркістан жеріндегі билеушісі 748 жылы түргештердің басты қаласы Суябқа әскер жіберіп, оны басып алды, Шаш қаласының билеушісі өлтірілді. Оның баласы арабтардан көмек сұрады. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд-ибн-Салых бастаған араб әскерлері мен Гао-Сяньчжи басқарған Қытай әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрді. Қытайлықтарға қарсы оның тылындағы қарлұқтар көтерілді. Нәтижесінде Қытай әскерлері жеңіліске ұшырады. Олар Жетісуды ғана емес, ұйғырлар мен тибеттердің қысымымен Шығыс Түркістан жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Сондай-ақ, арабтар да Талас жерін қалдырып, Шаш қаласына шегінді. Бірақ, өз ішінен әбден әлсіреген Түргеш мемлекеті де 756 жылы құлады.

Түргеш қағандығы бар-жоғы жарты ғасырдай өмір сүрді. Оның көп жылдары сыртқы жаулармен соғыста отсе, ішкі жағдайында да тыныштық болмады. Тайпалар екі жаққа болініп, бір-бірімен талас-тартысқа түсті. Әрине, мұндай ұзақ уақытқа созылған саяси күрес қағанаттың экономикалық және мәдени жағынан өсіп өркендеуіне кері әсерін тигізді. Осыған қарамастан Түргеш қағанаты бұрынғы Батыс түрік мемлекеті қалдырған ел басқару жүйесін, әлеу-

экономикалық бағытындағы дамуын жалғастырды. Түрік қағанаты құлағаннан кейін бұрынғы көшпелі түрік қағанаттары құрған Батыс түрік қағанатының орнына төрт түрлі мемлекет құрылды. Олар: Төменгі Поволжье мен Солтүстік Кавказ жеріндегі Хазар қағанаты, Сырдың орта ағысы мен Арал даласында орналасқан Оғыз қағанаты, Солтүстік Шығыс және Орталық Қазақстанда Мемлекет қағанаты, ал Батыс түрік қағанатының негізгі орталығы болған Жетісу жерінде қарлұқтардың мемлекеті орна-
тты

§3. Қарлұқ қағанаты

Қарлұқтар туралы алғашқы мәлімет V ғасырдан бастап белгілі болады. Бұл кезде қарлұқтар Монғол Алтай тауы мен Балқаш көлінің шығыс жағалауы арасын қоныс етіп, өмір сүрген. VI-VII ғасырларда қарлұқтар Түрік, Батыс түрік және Шығыс түрік қағанаттарының құрамына кіреді. Олар ірі-ірі үш тайпалық-бұлақ, шігіл (себек) және ташли идігіне бірікті. Қарлұқ тайпалар одағының билеушісі елтебер деп аталды. VII-ғасырдың басында Шығыс түрік қағанатының құрамына енген қарлұқтар оның билеушілеріне қарсы қотерілістер жасап тұрған.

742 жылы Монғолия даласындағы Шығыс Түрік қағанаты үш тайпаның-қарлұқтардың, ұйғырлар мен басмалдардың біріккен одағы күйретіп жеңеді. Қағанат билігі аз уақыт басымалдардың қолына көшіп, олардың көсемі қаған болады. Қарлұқтар басшысы мен ұйғырлардың жетекшісі жабғы атағын алады. Алайда, көп кешікпей бұлардың арасында талас-тартыс басталып, 744 жылы басымалдарды ұйғырлар мен қарлұқтардың біріккен күші тас талқан етеді. Сөйтіп, Орталық Азияда жаңа мемлекет Ұйғыр қағанаты (744-840жж.) құрылады. Ұйғыр тайпаларының басшысы жоғарғы қаған болады да, қарлұқтар көсемі жабғы атағын алады. Бірақ қарлұқтардың дербестікке ұмтылуы, олардың Ұйғыр қағанатынан бөлініп шығуына жеткізеді. 746 жылы қарлұқ тайпалары Жетісу жеріне қоныс аударады. Ал мұндағы Түргеш мемлекетінің саяси жағдайы тым күрделі болатын. Сыртқы жаулардың шабуылынан және өзара қыр-

қысқан күрестен әлсіреген түргеш қағандары қарлұқтарға лайықты қарсылық көрсете алмады. 766 жылы түргеш қағанының екі ордасы – Тараз бен Суяб және бүкіл Жетісу жері қарлұқтар жабғуының қолына көшті.

Қарлұқ тайпалары VIII-X ғасырларда Қазақстанның Жоңғар Алатауынап бастап, Сырдарияның орта бойына дейінгі кең байтақ жерлердің бәрінде қоныстанды. Олар Балқаш пен Ыстықкөлдің арасын, Ыстықкөлдің айналасын, Іле, Шу, Талас аңғарларын, Тянь-Шаньнің бауырайларын мекендеді. Қарлұқтардың бір тобы 766-775 жылдары Қашғарды басып алды, ал VIII ғасырдың аяғында олардың екінші бір бөлігі Ферғанаға өзінің үстемдігін жүргізді. IX ғасырдың бас кезінде қарлұқ тайпалары Оңтүстік Қазақстандағы Отырар (Фараб) қаласы маңына барып қоныстанды.

Бұл кезде Қарлұқ конфедерациясына түркі тілдес көшпелі және жартылай көшпелі әр түрлі тайпалар: жікілдер, бұлақтар, халаждар, түргештер, азкишлер, тухсилер, шарухтар, аргулар, барсхандар кірген. Бұлардан басқа оның құрамында оғыздардың негізгі көпшілігі Сырдарияның орта және төменгі ағысына көшкеннен кейін Жетісу жерінде қалған кейбір топтары, сондай-ақ түрік болып кеткен Жетісу соғдылары болды.

Қарлұқ қағандығы билікті өз қолдарына алғаннан кейін, батыстағы Мәуеренахрдың араб жаулаушыларымен, саманидтермен ұзақ жылдар бойы соғыс қимылдарын жүргізді. Қарлұқ жабғуы IX ғ. басында арабтарға қарсы Ферғана және Жетісу қарлұқтарының күрестерін қолдап отырды. 810 жылы арабтар қарлұқтарға қарсы шабуыл жасап, Құлан /қазіргі Луговой стансасы/ қаласына жетеді. 812 жылы арабтар Отырарға жорыққа шығып, қарлұқтар қолын қирата женеді. Олардың жабғусы Қимақ еліне қашып кетуге мәжбүр болады. Осыдан кейін Оңтүстік Қазақстан жерінің Қарлұқ қағанатына кіретін бір бөлігінде араб билігі орнайды.

Қарлұқтардың шығыстағы Ұйғыр қағанаты мен жүргізген бәсекелестік әрекеті, қақтығыстары да сәтсіздікпен аяқталады. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде қарлұқтар мен тибеттіктердің біріккен әскерлерін талқандайды. 812 жылы олар қарлұқтар мен соғыста тағыда жеңіп шығады. Ұйғыр қағаны қарлұқтарды қуа отырып, Ферғана мен Сырдарияға дейін жетеді. Олардың адамдары мен

андарын қолға түсіріп, Орталық Азиядағы ордасына қайтап оралады. Осы жеңілістен кейін Қарлұқ жабғуы Монғолиядағы Ұйғыр қағанының билігін мойындауға мәжбүр болды.

840 жылы Орталық Азия даласында аса маңызды тарихи оқиға орын алды. Енесей қырғыздары Ұйғыр қағанатын талқандап, оның халқын Турфан аймағы мен Ганьчжоу ауданына еріксіз көшіреді. Бұл оқиғаны Исфиджаб билеушісі, қарлұқ жабғысы Білге құл Қадырхан шебер пайдаланады. Ол жаңадан қаған атын алып, өзінің жоғарғы өкіметті алуға қақысы бар екенін ашықтан-ашық жариялады. Алайда қарлұқтардың билігі берік болмады. Сол жылы Орта Азия саманилері оған қарсы «қасиетті соғыс» жариялап, Исфиджабты басып алды. Қала көшпелі түріктерге ислам дінін таратудың орталығына айналды. 893 жылы Самани билеушісі Исмаил-ибн-Ахмет Таразға жорық жасапты. Қарлұқ қағаны Оғұлшақ Қадырхан қорғанғанымен ақырында қала құлап, халқы ислам дінін қабылдайды. Оғұлшақ өз ордасын Тараздан Қашқарға көшіреді де, саманилерге қарсы соғыс әрекеттерін одан әрі жүргізе берді. Бұл кезде Жетісу түріктері саманилердің қысымына тойтарыс беріп қана қоймай, олардың мемлекетіне жорықтарда жасан тұрды. 904 жылы олар Мәуеренахрға басып кіреді, бірақ көп ұзамай тастап кетуге мәжбүр болды.

Қарлұқтардың феодалдық мемлекет болуымен байланысты, онда еншілік тайпалық жүйесі қалыптасты. Бұл, әрине, басқарудың орталықтанған түрінің бекуіне жәрдемін тигізбеді, өйткені ірі-ірі тайпалар тұрған, енші жер-суы бар билеушілер өздерін жартылай дербес, ал шын мәнінде тәуелсіз иеліктерін кеңейтуге тырысты. Осының салдарынан қарлұқ жабғылары билігінің аты болмаса, заты жоқ-тұғын.

Қарлұқ феодалдық қоғамында әлеуметтік және жіктік теңсіздік күшейді. Қоғам байлар мен кедейлерге бөлінді, одан басқа қауымның ешбір құқы жоқ тобы – құлдар-тын. Халықтың негізгі бөлігі - қоғамның қарапайым қатардағы мүшелері, олар малы мыңғыраған байларға экономикалық жағынан кіріптар болды. Көшпелі тайпалардың билеуші ақсүйек топтарының қолында жайылымдар мен құнарлы жер ғана емес, қалалар да болатын. Тарихи деректер бой-

ынша қарлұқтар елінде 25 қала мен қыстақ болған. Олар: Тараз, Құлан, Мерке, Атлақ, Тұзын, Балиг, Барысхан, Сыйқол, Талғар, Тонг, Пенчуль т.б. Қарлұқтардың астанасы және олардың көптеген қалалары Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан, ал бұл жолдың Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу үшін басқа мемлекеттермен елшілік және сауда-саттық байланыстар жасауда да орасан зор маңызы болды. Қалаларда колонер және зергерлік кеңінен дамыды. X ғасырдың басында Қарлұқ қағанатының жағдайы біршама нашарлай түсті. Оған Орта Азиядағы саманилер әулеті мен арабтардың шабуылы күшейді. Сонымен қатар Қарлұқ қағанаты өз қолына берік саяси-экономикалық байланыс жүйесін орната алмады. Ішкі қырқыс, өкіметті басып алу, қоныс-өрісті иемдену жолындағы талас-тартыс оның береке-құтыи қашырды. Міне, осындай қиын жағдайда шын мәніндегі қауіп-қатер Қарлұқ қағанатына Қашғар жағыпан келді. Шығыс Түркістанда Ұйғыр қағанатының күшеюіне байланысты, Қашғар жеріндегі түрік тілдес тайпалар Оңтүстік Қазақстан аймағына жылжыды. 940 жылы олар Баласағұнды басып алды да, Қарлұқ мемлекеті құлады.

§4. Оғыз мемлекеті

Қарлұқ қағанатының солтүстік-батыс жағында, Сырдарияның орта және төменгі бойында, оған жалғасып жатқан Батыс Қазақстан далаларында IX-X ғасырларда *Оғыз тайпаларының ежелгі феодалдық мемлекеті* қалыптасты.

Оғыздардың ата-бабаларының әуелгі қоныстанған жерлері Ыстыққолдің маңы. Қазіргі кезде оның жағасында “9 оғыз” деп аталатын демалыс үйі бар. Батыс түрік және Түргеш қағанаттары құлап, қарлұқтардың шабуылынан кейін Оғыздар IX ғасырда Сырдария бойына келіп орналасады, бірақ ондағы кангар-печенег бірлестігімен ұзақ уақыт соғысуға тура келеді. Кангар – печенегтер мен соғыста оғыздар осы өңірдегі бұрыннан тұратын халықтармен одақ құрады. Оның құрамына Оңтүстік және Батыс Қазақстанның байырғы тұрғындары, Сырдария аңғарындағы, Арал маңындағы және Каспийдің солтүстігіндегі басқа дала тайпала-

ранның біразы кірді. Сондай-ақ, оған Жетісу мен Сібірдің қартылай кошпелі және кошпелі рулары мен тайпалары енді. Бұл одаққа енген тайпалар Қазақстанның далалы аймақтары мен озендерінің жағасында, колдердің маңында көшпін-қонып жүрді.

Истахри жазып қалдырған “Китаб месалик әл-мемалик” кітабының дерегі бойынша, Оғыз елі хазаралар мен қимақтар арасындағы жерлерді қамтып, Қарлұқ пен Бұлғар және мұсылман елдері Джурджана, Фараб, сондай-ақ, Исфиджабпен шектесіп жатқан. Махмұд Қашғари Оғыз елінің 22, кейбір деректерде 24 тайпаға бөлінгенін және әр тайпаның өз белгі таңбасы мен туы болғанын айтады.

IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың бас кезінде оғыз тайпалары Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейінгі орасан кең жерлерді мекендейді. Оғыздардың қоныс орістері Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл озендерінің бойларында, Сырдарияның Қаратау баурайлары мен Исфиджаб шегіне дейін жеткен. Олар Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойында, Арал өңірі мен шығыс Каспий аймағында шоғырланып қоныс тепті. Оғыздар жер иелігі отырқшы Хорезммен, Мәуеренахрмен және Хорасанмен шектесіп жатқан.

X ғасырда сонау Хазарияға дейін созылып жататын ұлан дала, сол сияқты Солтүстік Каспийдің құла түзі, оңтүстік-шығыс Қарақұм шолі мен Арал аймағының Қызылқұмы Оғыз сахарасы деп аталған. Оғыздардың түрік тайпалары қарлұқтармен, тоғыз оғыздармен, қимақтармен жүргізген соғыстары жөніндегі мәлімет тарихи деректерде сақталмаған.

X ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасы – Янгикент немесе Жаңа Гузия деп аталатын қала болды. Ол Қимақ даласы арқылы Сарысу, Есіл және Нұра бойларына баратын сауда жолының үстінде орналасқан, сондықтан Сығнақ пен Оңтүстік Оралға баратын керуен жолдары осы қаланың үстінен өткен. Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік тұрмысы жағынан көне феодалдық мемлекет болды. “Жабғы” атағы бар жоғарғы билеуші Оғыз мемлекетінің басшысы болып саналды. Оғыз жабғыларының орынбасарларын Кол-еркін деп атаған. Жоғарғы билеушілер орны мұрагерге беріліп отырған. Оғыз хандарын сайлау кеңестерде

откізілген, бұл әлгі әскери демократия дәуіріндегі халық жиналыстарының өзгертілген түрі тәрізді. Жабғудың «инал» деген атағы бар өз мұрагерлері болған. Жас кезінде оларды тәрбиелеу үшін арнайы қамқоршылар (атабектер) тағайындалған. Оғыз жабғыларының әйелдері сарай маңындағы өмірде айтарлықтай рөл атқарған. Оларға «қатын» деген атақ берілген. Сарайда әскери кеңеске сүйенетін оғыз әскерінің бастығы (Сюбашы) маңызды орын алған. Әскер басылары елдегі саяси оқиғаларға араласып, кейде тіпті жабғуға да қарсы шығып отырған.

965 жылы Оғыз жабғуы Киев князі Святослав пен одақтасып хазарларды талқандады. Киев русьтары өздеріне бәсекелес хазарлардың жеңілгеніне қуанса, оғыз шонжарлары Дон және Қара теңіз жағасындағы тамаша жайылымға ие болды. Хазар қағанатының талқандалуы Оғыз мемлекетінің саяси қуатының осуіне себебші болды.

985 жылы оғыздар Орыс князьдарымен бірігіп, Еділ Булғариясын күйрете жеңді. Оғыздар Еділ бойынан, Маңғыстаудан /оғыздар Ман-кишлак деп атаған үстірттен/ өтіп, Еуропаны Азиямен жалғастыратын аса маңызды сауда және әскери стратегиялық жолдарды басып алғысы келді, бірақ оған қол жеткізе алмады.

Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік даму жағынан ертедегі феодалдық мемлекет болды. Онда әскери-демократиялық құрылыстың жалғасы ретінде ел билеу институттары сақталды. Ал жабғудың билігін ірі әскери-тайпалық ақсүйектердің кеңесі шектеп отырды.

IX-X ғасырларда Оғыз мемлекетінде ескі рулық-тайпалық институттардың тез ыдырауы жағдайында патриархаттық-феодалдық қатынастар дамыды. X ғасырдың аяғы мен XI ғасырдың бас кезінде Оғыз елінде алым-салықты тиянақты түрде жинап отыру жүйесі орын алды, бұл - мемлекетте тұрақты басқару аппаратының құрылғанын көрсетеді. Жабғының салық жинаушылары мың адамға дейін жететін арнаулы отрядтардан құрылды.

Оғыздар қоғамында феодалдық жекеменшік түрі қалыптасып дамыды, сөйтіп ақсүйек байлар тобы болініп шықты. Малға жекеменшіктік теңсіздіктің негізі болған. Бай ақсүйектермен бірге қауымның қатардағы мүшелері: кедейлер мен құлдар бұқарасы тіршілік еткен.

Оғыздардың көпшілігінің басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Көшпелілер маусымдық жайылымдардан бірінен соң-біріне ауысып, ұзақ уақыт көшіп жүрді. Олар өзендердің белгілі өткелдерінен, қолайлы тау асуларынан өтіп, суы мол, шөбі қалың жайлауларға ауысып отырды. Оғыз тайпаларының бір бөлігі Сырдарияның төменгі бойына қыстап, жайлауға Каспий маңындағы далаға көшкен. Оғыздар негізінен жылқы, қой, ешкі, сиыр, өгіз, түйе өсірген. Әсіресе, қой өсіру шаруашылығы маңызды рөл атқарған. Сондай-ақ оғыз бай-феодалдары жер қайыстырған қалың жылқы үйірлерін ұстаған. Көшпелі оғыздар түйе де оның ішінде айыр өркешті ірі түйелер өсірген. Оғыздар аңшылықпен де айналысты, терісі қымбат түлкі, сусар, құндыз сияқты аңдарды аулаған. Оғыз кедейлері Арал теңізінен, Сырдариядан, тағы басқа да өзендерден балық аулап кәсіп істеген.

Тарихи дерсктемелер оғыздардың арасында отырықшы егіншілер мен қала халықтарының едәуір көп болғандығын көрсетеді. Қалалардағы үйлер көбіне тастан, ағаштан, қамыстан тұрғызылды. Оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысында Жанкент, Жент, Жуара, ал Сырдарияның орта ағысында Қарнак, Сүткент, Фараб, Сығнақ және Сауран т. б. қалалары болған. Оғыз көшпенділері Мәусренахр, Хорезм және Жетісу сияқты егіншілігі дамыған елдермен тығыз байланыс жасап тұрған. Оларда қолөнер кәсібі, соның ішінде мал өнімдері мен шикізаттарды өңдеу дамыды. Малдың терісінен әр түрлі аяқ киім, ыдыс, садақтың қаптамасы, қорамсақ, ер-тұрман әбзелдері, торсық-мес секілді заттар жасалды. Киіз үйге керекті заттар дайындалды. Киім, сондай ақ жабайы жануарлар мен аңдардың терісінен де тігілді. Оғыздарда құмырашылық өндірісі де өркендеді. Олар мекендейтін аумақтарда темір, күміс, алтын, мыс және асыл тастар өндірілді. Шеберлер олардан сән-салтанат және әсемдік бұйымдар дайындады.

Оғыздар табиғи күштерге табынып, бақсы-балгерлерге сенген. Сонымен бірге олардың арасында бірте-бірте ислам діні де ене бастайды. Оғыздар Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды.

XI ғасырдың басында Оғыз мемлекеті құлдырай баста-

ды. Оған алым-салықты жыртқыштықпен аяусыз жинауға наразылық білдірген оғыз тайпаларының көтерілісі себеп болды. Бұл жағдай X ғасырдың екінші жартысында өкімет басына келген Әлиханның билік құрған кезіне жатады. Жабғының өкіметіне қарсы халық наразылығын, Жент маңына келіп қоныстанған салжұқтардың көсемдері пайдаланды. Салжұқ көсемдері Янгикенттегі оғыз билеушілеріне қарсы көтерілісті бастап, Жент қаласын басып алды, бірақ оны ұзақ ұстап тұра алмады. Осы кезде ел басына Әлиханның мұрагері Шахмәлік келіп, мемлекет едәуір күшейеді. 1041 жылы оғыздар Хорезмді жаулап алады. Алайда, арада екі жыл өткеннен кейін оғыздардың соңғы жабғысы Шахмәлік салжұқтардың қолына түсіп өлтіріледі. Салжұқтармен жүргізілген ұзақ жылғы соғыстар Оғыз мемлекетін қатты әлсіретті. Аяғында келіп жабғы мемлекеті қыпшақ тайпаларының соққысынан біржолата құлады. Оғыздардың бір сыпыра топтары осыдан кейін Шығыс Еуропаға, Кіші Азияға қоныс аударды. Енді біразы Орта Азияға, Оңтүстік Қазақстандағы Қарахан әулетінің және Хорасанның салжұқ билеушілерінің қол астына көшті. Ал XI ғасырдың ортасында қыпшақтар талқандаған оғыздардың кейбір қалдықтары кейін келе Дешті Қыпшақтардың түркі тілдес тайпаларына сіңіп кетті.

Оғыз тайпалары қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен, өзбек, қарақалпақ халықтарын қалыптастырушы бөлшектердің бірі болды. Оғыз этнонимдері Кіші жүз бен Орта жүздегі қазақ рулары мен тайпаларының аттарында сақталған.

§5. Кимек қағанаты

Қытай деректемелерінде көрсетілгендей (Кимектер) Қимақтар тарихы VII ғасырдан басталады. Ондағы аталатын яньмо тайпасы зерттеушілердің шамалауы бойынша *кимек тайпасы* болып саналады. Теле тайпаларының бірі болған яньмолар (кимектер) VII ғасырдың бас кезінде Солтүстік Монғолияны мекендеген, ал VIII ғасырдың ортасына таман кимектер Алтай тауларының солтүстігі мен Ертіс өңіріне көшіп барады. Кимек тайпаларының басшы-

ғы «шад түтүк» деп аталған. VIII ғасырдың екінші жартысы – IX ғасырдың басында кимек тайпалары үш бағытта: оңтүстік-батыста Оңтүстік Оралға, оңтүстік-батыста Сырдария аңғарымен Оңтүстік Қазақстанға, оңтүстікте Солтүстік Шығыс Жетісу аймағына қарай қоныс аударады.

766 және 840 жылдар аралығында кимектер Батыс Антан, Тарбағатай мен Алакол ойпатының жерлерін жайып, Шығыс Түркістанды мекендейтін тоғыз оғыздардың теріскей шебіне дейін жетеді. Осы кездері жеті тайпалар: оймур, имек, қыпшақ, татар, баяндүр, ланиказ, оғыздан тұратын кимек федерациясы құрылды. Кимек тайпаларының басшысы «байғу» (жабғы) деп аталады. Бұл атақ өзінің лауазымдық дәрежесі жағынан шадтан жоғары болған.

IX ғасырдың бас кезінде кимектер Сырдарияға қарай жылжиды. Бұл жерде олар қарлұқтармен одақтасып, Сырдария бойындағы және Арал өңіріндегі қаңғар-печенег тайпаларын талқандайды. Печенегтерді бұл жерлерден ығыстырып, осында қоныс аударған оғыз тайпаларына оларды батысқа қарай қуып жіберуге пәрменді көмек береді. Мұның өзі сонымен бірге кимек тайпаларына Оңтүстік Орал мен Сырдария бойына дейін тақап баруға жол ашады және Кимек мемлекетінің күшейіп, өркен жаюына да себепші болады. Сондай-ақ Кимек билеушілерінің құдіреті үшін едәуір арта түседі. Олар мемлекетінің ішінде тайпалар ақсүйектерінің өкілдерінен билеушілерді тағайындап отырған.

IX ғасырдың аяғы – X ғасырдың бас кезінде, яғни Кимек қағанатының құрылған уақытынан бастап, олардың ханы түріктердің ең жоғарғы лауазымы хақан деп аталған, немесе хандардың ханы деген мағынаны білдіреді. Хақаннан кейінгі билік Қимақ мемлекетінің құрамына енген тайпалар бірлестігін басқарған жабғулардың қолында болған. Олардың кейінгі жеке-жеке ру-тайпаларды шад-түтүктер билеген.

Кимек мемлекетінің қалыптасып өсуіне қарай, олардың тайпаларының құрамы да өзгеріп отырған. Тарихи деректердің корсетуі бойынша, бұл кезде қағанат құрамына кірген тайпалардың саны 12-ге жеткен. Кимектердің 16 қаласы болынты, бастылары Кимекия, Қараңтия, Дамурния, Шна-

рия, Сараус, Дахлан, Банджар, Астур. Қимақтың ақсүйек байлары киімді қызыл және сары жібектен киетін болған, кедейлері жұпыны киінген. Қимақ қоғамындағы мал-мүліктің теңсіздігінің нәтижесінде көшпелі ақсүйектер пайда болады. Малы аз қимақтар кедейге айналады. Сойтіп, қимақтардың қоғамында әлеуметтік теңсіздіктің едәуір орын алғанын байқаймыз. Қимақтар қол өнермен, аң аулау, балық аулаумен шұғылданып, қыстауларды қоныс етіп, шағын мекендерде тұрған, бұл мекендер бірте-бірте қалаға айналған.

Қимақтар жазуды білген. Олар ежелгі көне түрік жазуын пайдаланып, қамыс қаламмен жазған. Мәдени және әлеуметтік жағынан алғанда кимектер көп жағдайда VI – X ғасырларда көне түріктер қауымында қалыптасқан дәстүрлерді мирас етіп алып, оларды едәуір дамытып отырған.

IX ғасырдың екінші жартысы мен XI ғасырда қимақ-қыпшақ тайпалар одағының негізінде ертедегі феодалдық мемлекет қалыптасты. Қаған елді көптеген басқарушылары арқылы билеген. Соңғылары салық жинаумен айналысқан.

Қимақтар табиғаттың әр түрлі күштері мен құбылыстарын пір тұтқан, көк тәңірісі ата-бабаларына сиынған. Олар күнге, жұлдыздарға, аруақтарға да табынған. Ертіс озенін қасиет тұтып, “өзен-адамның тәңірі” деген. Өлгендерді өртеп жерлеген. Оларға тас сымбат /мүсін/ қойып, оған табыну салты кеңінен тараған.

XI ғасырдың бас кезінде Орталық Азиядан шыққан көшпелі тайпалардың бірінен соң бірінің шабуыл жасауы Қимақ мемлекетін әлсіретті. Бұдан басқа қағанаттың өз ішінде де билік үшін талас-тартыс күшейді. Сондықтан оның құрамына кірген қыпшақтар өзінің қоныстанған жерлерін тастап, Сырдария бойындағы, Аралдың батысы мен Каспийдің солтүстік оңіріндегі оғыздарды орындарынан қозғап, оларды оңтүстікке және Қара теңіз далаларына көшіп баруға мәжбүр етті. Оғыз жерін басып алғаннан кейін, қыпшақ хандары күшейе түсті.

Осы оқиғалардың барысында қимақтар саяси үстемдігінен айырылып қана қойған жоқ, сонымен қатар қыпшақтарға тәуелді болып шықты. Қимақтардың бір бөлігі

Ертісте қалып, екінші бөлігі Түркістан және Орта Азия аймағына қоныс аударды, енді біразы қыпшақ тайпаларымен батысқа, оңтүстік орыс далаларына қарай қозғалды. Сойтіп, қыпшақтар Қимақ мемлекетінің орнын басты.

Төртінші тарау

Кейінгі ортағасырлық мемлекеттер

§1. Қарахан мемлекеті

Қарахан қағанаты Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірін құтты қоныс етті. Оның құрылуы 940 жылдан басталады. Қағанаттың орталық астанасы Шу өзені бойындағы Баласағұн, кейінірек Ордакент (Тараз) қаласы. *Қарахан мемлекетінің* Үзген, Мерке, Құлан сияқты қалаларында ірі алыпсатар алпауыттары мен қолөнершілері мекендеген.

Қарахан әулетінің негізін салушы Сатұқ Боғрахан (915-955 жж.) болып есептеледі. Ол Қарлұқ хандығының иесін көтеріп, мәртебесін асырушылардың бірі – Білге күл Қадырханның немересі. Сатұқ Тараз және Қашқар қалаларын өзіне қаратып, 942 жылы Баласағұндағы билеушіні күлатып, өзін *жоғары қаған* деп жариялайды. Қарахан мемлекетінің өз тарихы осы уақыттан басталды. Мемлекеттің күшеюіне қарлық, шігіл, яғма тайпалары үлкен үлес қосты. Сатұқ олгеннен кейін билік оның баласы Мұсаға көшті, ол 960 жылы Қарахан мемлекетінің халқын ислам дініне қаратты. Оның астана қаласы Қашғар болды. Сатұқтың екінші баласы Сүлеймен-ілек Баласағұнды иеленді. Кейін бұл өңірді оның ұлы Хасан Боғрахан мұра етіп алды.

Мұса олген соң, Қарахан жеріндегі жоғарғы қаған атағы оның баласы Әли Арсылан ханға көшті. Оның еңші жерінің орталығы Қашғар болды. Сонымен қатар ол Тараз бен Баласағұнның да билеушісі болып есептелді. Қарахан мемлекетінің саяси тарихы Әли Арсылан өмір сүрген алғашқы ондаған жылдың өзінде-ақ негізінен ықпалды әрі күшті

екі отбасы әулетінің - Әли Арсылан хан мен Хасан (Харун) Боғра ханның ұрпақтары арасындағы өзара қырқысқан күреске толы болды. Алғашқы кезде Әли (Әлилер) ұрпағының ықпалы күштірек болса, ал кейін бұл ықпал Хасан (Хасанилерге) ұрпақтарына кошті.

X ғ. 80-ші жылдарында Орта Азиядағы күшті Саманилер мемлекеті феодалдық талас-тартыстардың нәтижесінде әлсірей бастады. Оны Қарахан мемлекетінің билеушілері пайдаланды. 990 жылы Қарахан билеушілерінің бірі Хасан (Харун) Боғра хан Исфиджабты бағындырды. Ал 992 жылы қарахандықтар шығыста Хотанды, батыста Бұхараны басып алды. 999 жылы Қарахан билеушісі Әли Арсыланның баласы Насыр Орта Азиядағы Саманилер мемлекетіне ойсырата соққы берді. Қарахан хандығы қияп-кескі ұзақ соғыстардан кейін 1004-1005 жылдары Мәуеренахр жерін түгелдей өзіне қаратты. Осыдан кейін Қарахан мемлекеті XI-ғасырдың 30 жылдары Шығыс және Батыс қағанаты болып екіге бөлінді: 1. Жетісу және Шығыс Түркістан жері Шығыс қағанатына қарап, оның орталығы әуелі Орда (Баласағұнға жақын), кейін Қашғар қаласы болды. 2. Мәуеренахр жерлері – Бағыс қағанатына қарап, оның орталығы Үзкент, кейінірек Самарқанд болды.

Жетісу мен Шығыс Түркістанды XI ғ. басында Хасан әулетінен шыққан Туған хан билеп тұрды. Бірақ онымен Боғра-хан Харунның баласы Қадырхан Жүсіп бәсекелес болды. 1005 жылы Қадыр-хан Жүсіп Туған-ханды Қашғардан тықсырып шығарды.

1017-1018 жж. Жетісу Шығыстан кошпелі тайпалар шабуылына ұшырады. Олармен шайқастан кейін көп ұзамай Туған хан дүние салды. Осы кезде Қадыр-хан едәуір күшейіп, Шығыс Қарахан мемлекетіндегі бүкіл билік оның қолына кошеді. 1032 жылы Қадыр-ханның иелігіне Жетісу, Исфиджаб пен Тараз оңірлері және Шығыс Түркістан жері қарады. Бірақ осыған қарамастан Шығыс Қарахан қағандығында билік үшін күрес шиеленісе түсті.

1056 жылы Қадырханның ұлы Иинал-тегін өкімет мұралығы жолындағы күресте інісі Сүйлеменнің иелігін басып алды, бірақ ол көп ұзамай Ииналды у беріп өлтіреді. Таққа Иинал-тегінің баласы Ибраһим ие болады, ол біраздан кейін Барысхан әміршілігімен соғыста қаза табады. Осыдан кейін

Шығыс қағанатын он бес жыл бойы /1059-1074 жж./ Қадырхан Жүсіптің баласы Юсуф Тоғрулхан мен Боғрахан Харун басқарады. Олардың тұсында Ферғана Шығыс қағанаты күшінен қосылады, ал екі қағанат арасындағы шекара Самарқандияны бойлай отеді. Тоғұрыл хан өлгеннен кейін оның орнына баласы мұрагер болып тағайындалады. Алайда осылай өткеннен кейін Тоғұрыл тегінің немере ағасы Боғрахан Харун (1074-1102 жж.) билікті басып алып, Баласағұнды, Қашғар мен Қотанда өз иелігін жүргізді. Тап осы кезде Қарахан мемлекетіне саяси қуаты әбден толысқан Салжұқ мемлекеті тарапынан қатты қауіп төнді. Сөйтіп, 1089 жылы Салжұқ сұлтаны Мәлік шах (1072-1092 жж.) көп әскерімен Батыс қағанаттың орталығы Самарқандты басып алды. Салжұқ әскері Узкентке жеткеннен кейін Боғрахан өзін Мәлік шахтың боданымын деп мойындауға мәжбүр болды. Салжұқтар Қарахан мемлекетінің ішкі істеріне көп араласпай, онда оздеріне қолайлы хандарды тағайындаумен шектелді. Бұл кезде Шығыс түрік қағанатының билеушісі Тоғұрыл Қашғарды басып алды.

1102 жылы Боғрахан олгеннен кейін Тараз бен Баласағұнды билеуші Қадырхан Жабырайыл салжұқтардың Орта Азиядағы үстемдігіне қарсы шықты. Мәуеренахрды басып алған ол салжұқтардың жеріне беттеді, бірақ Термез түбінде жеңіліске ұшырап тұтқынға түсті. Осыдан кейін Салжұқ сұлтаны Санжар Ибрахим Тамғаш ханның шобересі Арсылан ханды (1102-1130жж) Мәуеренахрдың билеушісі етіп тағайындады. Арсылан ханда салжұқтардан болек тәуелсіз саясат жүргізуге әрекеттенді. Оның бұл саясатын дін басылары, ақсүйек-феодалдары, әскери басылары қолдамады. Оларға қарсы күресте Арсылан баласы Насырмен бірлесіп елді билемекші болды. Бұған дін басылары қарсы шығып, Насырды у беріп өлтірді. Арсылан көмекке салжұқ билеушісі Санжар сұлтанды шақырды. Ол әскерімен келіп Самарқандты басып алды. 1130жылы Арсылан ауырып, Балқы қаласында қайтыс болды. Осы оқиғалардан кейін, XII ғасырдың бірінші жартысында Қарахан мемлекеті іс жүзінде тарихи сахнадан шығып қалды. Қарахан мемлекетінің ыдырап құлауына шығыстан көшіп келген қидан тайпаларының да үлкен әсері тиді.

Қарахан мемлекетінде жоғарғы өкімет билігі хаканның

қолында болған. Ол мұрагерлікке қалып отырған. Қарахан феодалдық қоғамының үстем тап өкілдеріне хаканның ұрпақтары тегіндер, ілек хандар, бектер, нәменгерлер, нөкерлер жатқан. Ханға ең жақын адамдардың бірі уәзір болған. Уәзір жоғарғы билеушінің ең жақын көмекшісі және кеңесшісі болып саналды. Хан сарайы, оның басты ордасы мемлекеттік және әкімшілік басқару орталығы болып есептелді. Хан тоңірегінде сарай адамдары топтасты. Олардың арасында сарай күзетінің бастығы (Қапығ-башы), есік қорғаушылар (қорықшылар), қазынашылар (ағнашылар), елшілер, хат жүргізушілер, аспазшылар және т.б. қызмет етті.

Тарихи деректемелерге қарағанда мемлекеттік әкімшілік құрылымдары бірегей болмай, олардың отырықшы және көшпелі аймақтарда өз ерекшеліктері болған. Мәселен, отырықшы егіншілік аймақтарында толық болмаса да, негізінен саманилер тұсында қолданылған құрылымдар сақталды. Жетісу мен Мауеренахр алқаптарында бұрынғыша қоныс және қала басшылары (мехтарлар, әкімдер, раистар) билігін жүргізді. Сонымен бірге бұрынғы сахиб-бариды (мәліметшілік қызметтерді қоса атқаратын пошта бастықтары), мұстауфалар (қаржы-салық қызметкерлері) және басқа да лауазымдар сақталды.

Қарахан мемлекетінің мал шаруашылығымен айналысатын далалық аймақтағы халықты басқару тәртібі басқаша болды. Мұнда да билеу сатылық принциптерге негізделі тұрса да, көшпелі қауымдардың әкімшілік басқаруы рулық-тайпалық басшы топтар арқылы жүргізілді. Олардың басында бектер мен хандарға бағынатын ру басылары тұрды. Қарахан бектерінде едәуір кең өкілеттік болды. Олар тәртіп сақталуын қадағалады, сонымен қатар сот үкімдерінің және одеттегі құқық (төру) нормаларының орындалуын бақылау міндеттелді, сондай-ақ шекараларды қорғау да соларға жүктелді.

Қарахан мемлекетіндегі аса маңызды өлеуметтік-саяси институт әскери-мұралық жүйе болған. Хандар елді өзіне жақын адамдармен және уәзірлермен бірігіп басқарды. Мемлекет бірнеше үлестерге бөлінді. Олардың бастылары: Тараз, Исфиджаб, Баласағұн. Хан мемлекеттік немесе әскери қызметі үшін феодалдарға жер беріп, сол жердегі халық-

тин санық жинауға рұқсат еткен. Мұндай жерлер икта, ал оны *иеленуші мукта* деп аталған. Икта институты Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының шаруашылық және саяси өмірінде елеулі рол атқарған. Иктаны берудің бірнеше түрі болған. Ол муктаның қоғамдағы орнына байланысты болып отырды. Мәселен, егер мукта қаған әулетінен болса, ірі жер үлестері, ал орташа үлестік жерлер бектерге, кіші үлестік жерлер тәуелді қызметкерлерге таратылған.

Қарахандардағы жер иеленудің тағы бір көп тараған түрі әскери – үлестік жерлер. Ол әскери қызмет үшін берілген. Үлеске берілетін жердің көлемі әскери қызметкердің дәрежесіне, сіңірген еңбегіне, қоғам алдындағы бет-беделіне байланысты болған. Үлестік жер алғандар да, иктадорлардың өздерінің билеушілерінің алдында, қажет болған кезде қару-жарағымен қаруланған сарбаздарымен қызметке дайын тұрған. Иктамен қатар жер иеленушіліктің басқа түрлері де болды. Олар ислам дін иелеріне қарасты – вакфтық жерлер. Діни мекемелердің пайдасына сондай-ақ атақты және бай жер иеленушілер мен кошпелі әскери басылары осиегетін қалдырған жерлер беріліп отырған. Бұл жерлерден мемлекет пайдасына алым салық төленбеген.

Қарахан феодалдық қоғамында шаруаларды қанаудың бір түрі – жалға үлестік жер беру орын алған. Араб-парсы деректерінде үлестік жер алған шаруалар мұзарлар немесе барзугар деп аталған. Бұлардың басым көпшілігі өзінің суармалы жері жоқ шаруалар болған. Үлескер жерден алынған өнімнің денін салық түрінде мемлекетке және жер иелеріне төлеп отырған. Шаруаларды қанаудың екінші бір түрі – коммендация жер иелігі. Оның мәні: әлсіз адам өзінің жер телімін күштінің қамқорлығына береді, ол күшті адам әлсіз адамды басқалардан қорғауға тиіс. Шаруалар өздерін басқа феодалдар мен шенеуніктердің үстемдігінен қорғауы үшін де салық толеген. Екіншілер сияқты, кошпелілер де феодал шонжарларды паналауға тырысты. Олар өздерінің малын барымталаудан қорғау үшін бай феодалдың қамқорлығына тапсырды. Бұл үшін шаруалар сан алуан міндеткерлік атқарды. Көбінесе олар өз феодалдарының малын бағуға және мүлкін басқалардың шабуылынан қорғауға міндеттенді, яғни феодал-шонжарға тәуелділікке түсті.

Бұл айтылған әлеуметтік жағдайлар, жер иеленудің әр

түрлілігі және Қарахан мемлекетінде бұрынғы феодалдық мемлекеттермен салыстырғанда феодалдық қатынастардың едәуір дамығандығын көрсетеді.

Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аудандарын мекендеген қарахандықтар негізінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Мал шаруашылығында жылқы өсіру жетекші орын алды. Өйткені жылқы мінсе ат, көшсе көлік, жауға шапса серік, ішсе су-сын, жесе тамақ болған. Қарахан мемлекетінің құрамына енген түркі тайпалары отар-отар қой ұстады, сондай-ақ түйе, ешкі, ірі қара өсірді. Отырықшы, жартылай отырықшы түрік тайпаларының біразы егіншілікпен де айналысты. Олар тары және басқа да дәнді дақылдар өсірді, отырықшылар қала мәдениетімен араласып, қала халқын толықтырды. Бұған қағанат жеріндегі Талхир, Тараз, Исфиджаб, Баласағұн сияқты қалалардың үлкен әсері болды. Қалаларда қолөнер кәсібі, әсіресе көзешілік кеңінен дамыды. X-XII ғғ. Орта Азиядан ауып келген, әдетте қалаларда тұратын соғдылықтардың түріктену үрдісі күшейді. Түріктермен араласа отырып, соғдылықтар түркі тіліне көшті.

Қарахан қағанатының отырықшы және жартылай көшпелі халықтары аңшылықпен де айналысқан. Құлан, киік, бұғы, арқар, қабан, қасқыр, түлкі, тиін аулаған. Сондай-ақ Сырдария, Іле, Шу, Талас өзендерінен балық аулау айтарлықтай рөл атқарды.

Қорытып айтқанда, XI ғасырдың аяғына қарай Қарахан мемлекеті қырқысқан соғыстармен және феодалдық иеліктердің одан әрі бөлшектенуімен байланысты күлдырай түсті. XII ғасырдың 30-шы жылдары Шығыс Қарахан иелігін, Жетісуды және Қазақстанның оңтүстігін шығыстан келген кидандар жаулап алды.

§2. Қарақытай мемлекеті

Монғол тілді кидан тайпалары б.з. IV ғасырында Қытайдың солтүстік жағында Маньчжурия мен Уссури аймағын мекендеген.

X ғ. басында Солтүстік Маньчжурия мен Мөнғолияда Киданның Ляо мемлекеті /907-1125/ құрылды. Кидандық-

түр Сун /960-1279/ империясы жерінің бір бөлігін және Гобелит мен Орхондағы Ұйғыр қағанатының жерлерін басып алып, Алтай мен Тарбағатайға қарай жылжиды. Алайда, осыған қарамастан – Кидандардың Ляо империясы тұрақты болмады. Корші тайпалардың соғыстарына және ішкі талас-тартыстарға байланысты Ляо империясы әлсірей берді. 1125 жылы ол түңғыс-маньчжур тайпаларының соққысынан бас котере алмайтындай жеңіліске ұшырады. Осыдан кейін Кидан тайпалары Елюй Дашының басшылығымен батысқа қарай көшіп, олардың саяси ықпалы Жетісу жеріне, Сырдарияның оң жағалауына және басқа аймақтарға тарайды. Жергілікті жерлердегі түркі тайпалары кидандарды қарақытайлар деп атады.

1128 жылы Қарахандар әулетінен шыққан Баласағұнды билеушісі Арыслан оздеріне қысым жасап, тыныштық бермеген қаңлылар мен қарлұқтарға қарсы күреске қарақытайларды көмекке шақырды. Қарақытайлар көсемі Елюй Дани Баласағұнды басып алып, Қарахандар әулетінің билеушісін тағынан тайдырды. Сойтіп, Жетісуда өз мемлекетін орнатады. Осыдан кейін қарақытайлар жаулап алу жорықтарын жалғастырып, мемлекет шекарасын Енисейден Таласқа дейін кеңейтеді. Олар қарлұқтарды бағындырып, Шығыс Түркістанды қосып алды. 1137 жылы қарақытайлар Ходжент қаласы жанында Мәуеренахрдың билеушісі Махмудхан әскерін талқандады.

Қарақытайлар Орта Азияға қарай жылжып, Салжұқ сұлтаны Санжарға соққы беріп, 1141 жылы Самарқанд қаласын басып алды. Осыдан кейін Елюй Дашы өзін ең жоғарғы лауазымды атақ гурхан (ұлыхан) деп жариялады. Қайтар жолда гурхан әскерлері Бұқараны оңай басып алып, Баласағұн аймағына келіп орналасты. XII ғасырдың 30-40 жылдарында қазіргі Оңтүстік Қазақстанның, Бұқара мен Самарқандты қоса алғанда, Мәуеренахр аймағының жері қарақытай иелігіне кірді. Қарахандар әулетін қарақытайлар өз боданына (вассал) айналдырды. Осы ұлан-байтақ өңірді мекендеген халықтар, соның ішінде түрік тайпалары мен ұлыстары Қарақытай мемлекетінің құрамына кірді. Қарақытайлар өзіне бағынған ұлыстардың хандарын және аймақтардың билеушілерін өкімет басынан тайдырмады. Олар Қарақытай өкіметіне бодан ретінде бағынды да, өз

биліктерін жергілікті жерлерде жалғастыра берді. Қарақытай өкіметі олардан тек алым-салық алуды ғана білді. Алым-салықтың екі түрі болды. Оның бірі – үй басынан алынатын бір динар түгін салығы, екіншісі, егіншілер өнімінің оннан бірі көлемінде алынатын астық салығы еді.

Қарақытайлар Жетісу және Орта Азия жерлерін басып алған кезде, ондағы қалалар мен отырықшы қоныстарды қиратпады. Өйткені олар бұл жерлердегі қалалармен және егіншілік аймақтармен сауда жүргізуге мүдделі болды. Олар мұндағы өздеріне дейінгі саяси-билік құрылымды және әр түрлі аймақтар арасындағы өзара байланыстарды өзгертпеді. Қарақытайлардың әрбір қалада өз билеушісі отырды. Ол Қарақытай гурханына салықтан түскен ақшаны жеткізіп беріп тұрды. Хорезмде алымдар мен салықтарды гурханның арнайы жіберген адамдары жинады. Ал басқа аймақтарда алым жинау және оны қарақытайлардың астанасына жеткізу жергілікті феодалдарға міндеттелді.

Қарақытай мемлекеттік бірлестігінің қалыптасуымен қатар басқарудың патриархаттық – феодалдық принциптері нығая түсті. Дегенмен мұнда жоғары билікті мұраға қалдыру жүйесінің өзіндік ерекшелігі болды. Мәселен, гурхан өлген жағдайда оның мұрагері болып әйелдері тағайындалу орын алды. Мұның өзі жергілікті мұсылман халқының түсінбеушілігі мен наразылығын туғызды.

Қарақытай билеушілері өзі орналасқан қалаларда хан сарайларын, будда ғибадатханаларын салдырды. Оларды салуда Қытайда қалыптасқан құрылыс үлгісі мен өнер өрнектері қолданылды. Қалаларда қол өнер мен сауда дамыды. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған аймақтарда егіншілік етек алды. Арпа, бидай, тары, күріш сияқты астық дақылдарымен қатар, сулы жерлерде мақта да егілетін болды. Жеміс-жидек бақшаларында алма, анар, жүзім т.б. өсірілді.

Қарақытай мемлекетінде тұратын түркі халықтарының көпшілігі ислам дінін қабылдады, сонымен бірге онда будда дініне сенушілер де, несториан дінін ұстанушыларда кездесті.

Елюй Даши 1143 жылы қайтыс болды. Баласы Иле жас болғандықтан хандықты Елюй Дашының әйелі Табуян ба-

соңғы Жеті жылдан соң Дашидың ұлы Иле әкесінің тағына отырып, 1150-1164 жж. гурхан болды. Ол қайтыс болған соң, қарындасы Бүсұған таққа отырып, 1164-1177 жж. билік жүргізді. Оның хандығының соңғы кезінде Қарақытай әрдасында саяси өзгерістер болып, Бүсұған өлтірілді. Оның орнына Иленің баласы Жилугу гурхан болды. Жилугу өзінің билігін 1213 жылға дейін жүргізді.

Жилугу үстемдік еткен кезде кидан ақсүйектері алым-салмақты көбейтіп, халықты аяусыз езіп қанады. Қарақытайлар өздерінің салық саясатын айтарлықтай өзгертіп, ашық тонауға кошти. Олар бейбіт қоныстарға шапқыншылық жасады, адамдарды өлтірді, тұтқынға алды, тонады. Жаңадан жаулап алған аймақтарда Қарақытай әскерлері едәуір шоғырланды. Енді оларға жергілікті халықтың салым төлеу міндеттілігі күшейді. Бұдан басқа қарақытай шонжарларының басқаруы халықты үлкен ауыртпалыққа ұшыратты, олардың қысым жасауы, әсіресе салықтар жинау кезіндегі шамадан тыс талаптары бұқараның наразылығын туғызды. Нәтижесінде Қарақытай мемлекеті әлсіреп, Орта Азияда басып алған жерлерінен айырыла бастады. 1198 жылы Ауған аймағынан шыққан гурид билеушілері қарақытайларға күйрете соққы берді. Көп кешікпей гурханның қол астынан құтылуға тырысқан Хорезмде қарақытайларға қарсы шықты. Гуридтерге қарсы күресте Қарақытай мемлекетін қолдаудан бас тартқан Хорезм-шахы Бұхараны қоршап басып алды. 1205 жылы қарақытайлар Термезден кетті. Осыдан кейін олардың бодан-вассалдары – Самарқанд пен Бұхара билеушілері – гурханға қарсы күресте Хорезммен одақтасты. 1210 Хорезмшахы Мұхаммед Тараз қаласының жанында қарақытайларға күйрете соққы берді. Бұл жағдайды Жетісу жеріне көшіп келген наймандар пайдаланды. 1213 жылы қарақытайлардың Жетісудағы иеліктері наймандардың қолбасшысы Күшліктің қолына көшті. Сөйтіп, Қарақытай мемлекеті ыдырап тарады.

§3. Найман, Керейт, Жалайыр ұлыстары

Қазақстан жеріндегі ертеден келе жатқан – Найман, Керейт, Жалайыр ру-тайпалары. Найман тайпалар одағы

/түрікше “сегіз тайпа одағы”/ VIII ғасырдың орта шенінде Жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында пайда болып, Ханғайдан Тарбағатайға дейінгі жерлерді алып жатты.

Найманның батыстағы көршісі Ертіс өзені бойында тұрған қаңлылар, ал солтүстігінде - қырғыздар, шығысында - Тола алқабын, Орхонның орта ағысы және оң жақ бетін алып жатқан меркіттер мен керейттер, Оңтүстігінде ұйғырлар болды. Алайда, бұл қоныстар тұрақты болмады, өзара талас-тартыс, соғыс пен шапқыншылықтар барысында тайпалар бір жерге тұрақтай алмай, жаңа жерлерге көшіп отырды. Өйткені наймандарда және олармен көрші керейттер де көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан еді.

X-XII ғасырлардың басында наймандар Ляо империясына бодан болып, оның батыс аймағында, яғни Шығыс Қазақстан мен Батыс Монғолия жерінде тұрған. Жетісуда Қарақытайлар мемлекеті құрылғаннан кейін наймандардың жері солардың иеліктерімен көрші болды. Наймандар мен керейлерде ертедегі феодалдық қатынастардың орнығуы ұлыстардың құрылуымен қатар жүрді. “Ұлыс” деген сөз ол кезде “халық” деген ұғымды білдірді, әрбір ұлыс белгілі бір жерлерді алып жатты. Оны белгілі бір рудың өкілі, хан басқарды. Хан ордасы ұлыстың өздеріне меншікті жазғы жайылымы, қысқы қыстауы болып, әскері - ондық, жүздік, мыңдық, түмендерге бөлінді. Наймандар мен керейлер XII ғасырда іс жүргізуде ұйғыр жазуын пайдаланған. Ханның “алтын мөрі” болып, онымен қажетті құжаттарды куәландырып отырған. Шыңғысханның жаулап алу жорықтарына дейін наймандар Орталық Азия жеріндегі өте күшті ұлыстардың бірі болған. Шыңғысханның әкесі Ясукай батырдың тұсында найман елін Иналых Білгі Бұқа хан билеген. “Иналых” – сенімді, “білгі” – білімді, кемеңгер, “бұқа” – ұлық, мықты деген сөз. Бұқа ханды тек өз ұлысы емес, өзге ұлыстар да қадыр тұтып құрметтеген. Білгі Бұқа хан өлгеннен кейін, оның екі баласы: Таян (Байбұқа) хан мен Бұйрық хан арасында тақ таласы басталып, найман ұлысын екіге бөлген. Бұл алауыздықты монғолдар пайдалануға тырысты. 1199 жылы Шыңғысхан керейлердің билеушісі Оң ханмен одақтасып, найман Бұйрық ханға шабуыл жасайды. Алтай аймағының Ұлыңгір көлінің ма-

паналағы шайқаста Бұйрық хан жеңіліп, қырғыз еліне ымыран кетеді.

1202 жылы Бұйрық хан меркіт, татар, қаташын ұлыстармен бірігіп, үлкен әскер жинап, Шыңғысханға шабуыл жасайды. Бірақ оның шабуылы жеңіліспен аяқталып, өзі ымыран құтылады. 1204 жылы Шыңғысхан керейлерді жаулап алғаннан кейін, найман Таянхан мен меркіттердің билеушісі Тоқтабектің біріккен әскерлеріне шабуыл жасап талқандайды. Таянхан қаза табады, ал оның баласы Күшлік хан майдан шебінен құтылып шығып, әкесінің інісі Бұйрық ханға кетеді. 1206 жылы монғолдар Бұқтырма өзенінің бойында Бұйрық бастаған наймандарды жеңіп, оның өзін өлтіреді. Бұйрықты паналаған Күшлік хан мен меркіт билеушісі Тоқтабек Ертіс бойына қашады.

1208 жылы Шыңғысхан Алтайдағы Күшлікхан бастаған наймандарға қатты соққы берді. Бұдан кейін наймандардың бір бөлігі Алтайдан Жетісу жеріне ойысты, ал екінші бір бөлігі Шығыс Қазақстанда қалып қойды. Осы кезде Жетісу жерінде Қарақытайдың әскерлеріне Хорезм шахы Мұхаммед шабуыл жасап соққы берді, ал қалғандарын 1213 жылы Күшлікхан басқарған наймандар жаулап алды. Қарақытай әскерлері талқандалып жеңілген кезде, олардан ұйғырлар бөлініп шықты. Осыдан кейін Қарақытай мемлекеті құлады. Хорезмшах наймандардың шабуылынан қорқып, оларға Сырдария өзеніне дейінгі жерлерді – Сайрам, Ташкент және Ферғананың солтүстік бөлігін бөліп берді. 1218 жылы монғолдар Жетісу жеріндегі наймандарды талқандан жеңді. Қашып шыққан Күшлікті олар ұстап алып Бадахшанда өлтірді. Бүкіл Шығыс Түркістан мен Жетісу жерлері монғолдардың қол астына кошті.

Керейттер туралы жазба деректердегі ең ерте мәліметтер X ғасырдың бас кезіне жатады. Керейттер конфедерациясының этникалық құрамы бір текті болмаған. Ол түрік тілді және монғол тілді жұрттан құралады. Керейттердің батысында - наймандар, солтүстігінде - меркіттер, шығысында - татарлар, оңтүстігінде - таңғұттар мекендеген. Керейт тайпалары көсемдерінің екі ордасы болған. Солтүстік ордасы – Орхон өзені бойындағы Қатынбалық қаласы, ал оңтүстік ордасы Хуанке өзені бұрылы-

сының теріскейіндегі Қара-Хото қаласы. Орхондағы бас орда өте қолайлы жерде, сауда жолының аса маңызды бөлігінде орналасқан. Сол себепті ол көршілес және алыс елдерден келетін көпестер, сол сияқты діни миссионерлер жиналатын орынға айналған. 1007 жылы керейттер наймандармен бірге христиан дінінің несториандық тармағын қабылдайды. Тарихи деректерде керей ұлысының Марғұзхан, Құршақұз, Бұйрық хан, Горхан және Оңхан деген билеушілерінің аты да аталады.

XII ғасырдың 50-ші жылдары керейттерде Марғұз хан билік жүргізді. Кейін ол қытайлар қолына түсіп олтірілген. Одан кейін елді Бұйрық хан биледі. 1171 жылы хан тағы оның баласы Тұғырылға көшті. Оның Оңхан деген екінші лауазым аты болған. Бұл ат “Уаң хан” дегеннен шыққан, мағынасы – бір елдің әміршісі. Тұғырыл бір кезде Монғол мемлекетінің билеушісі Алтан ханға көмектесіп, татар тайпаларын бағындырған. Бұл еңбегі үшін Алтан хан оған “Уаң” атағын берген. Жүре келе “Уаң хан” деген сөз “Оңхан” болып аталып кеткен.

Тоғырылхан тұсында Керейттер ұлысы солтүстікте - Селенганың жоғарғы бойынан, оңтүстікте - Хуанкеге дейінгі, батыста - Хангай тауынан, шығыста - Халкин Голге дейінге жерлерді еркін жайлаған. Керейттер найман, қаңлы, ұйғыр, меркіт, монғол, қарақытай, таңғұттармен тығыз саяси және этникалық-мәдени байланыс жасап тұрған. Тоғырылханның бай жиһазды сарайында дала тайпаларының болашақ билеушілері - Темучин (Шыңғысхан) мен Жамуха - тәрбие алып, саяси және елшілік өмірден хабардар болады. Керейттер билеушісі Тоғырылхан сарай қызметіне қаңлы ақсүйектерінің өкілдерін кеңінен тартқан. Тоғырыл хан Шыңғысханның әкесі Ясукаймен дос болған. Сондықтан осы жағдайды пайдаланып, Темучин Монғолиядағы күшті ел болып келген Керей ханы Тоғырылға арқа сүйеген. Темучин билік үшін талас-тартыста бәсекелестерінің бәрін жеңіп, монғол ру-тайпаларының басын біріктіреді. Тоғырыл екеуі өзара дос болды, үнемі одақтасып, жорыққа аттанып отырды. Шыңғысханның ақыл айласы мен ерлігін, соғыс өнеріне жетіктігін байқаған Тоғырылхан оны қадір тұтқан. Әскери-әкімшілік істерде енді Оңхан Шыңғысханға сүйенетін болған, тіпті

Оқханның әскерлері мен халқына да Шыңғысхан бұйрық бере бастайды. Бұл жағдай Тоғырыл ханның балалары мен туыстарына, уәзірлері мен жақындарына ұнамайды. Сондықтан олар екеуінің арасында іріткі салу әрекетін қолданып, біріне-бірін айдап салады. Мұның аяғы насырға шауып, керейлер мен моңғолдар арасында соғыс қықтығысына әкеліп соқты. Ақырында Шыңғысхан 1202 жылы Оқханның елін шауып, өзін өлтіріп, жерін жаулап алды. Шыңғысханнан жеңілген соң, Керей ұлысы оған тәуелді елге айналды. Керейлердің билеушілерін Моңғол қағаны тағайындап отырды. Олардың бір бөлігі батыс жаққа, қазіргі Шығыс Қазақстан жеріне қоныс аударды.

Керейттер мен наймандар және жалайырлар әлеуметтік-саяси дамудың бір деңгейінде тұрған. Олар дербес мемлекеттік құрылым-ұлыстар болып ұйымдасты. Әрбір ұлыстың өз территориясы болған. Оның шекарасының ең маңызды жерлері күзетке алынып отырған. Ұлыстарда хан қосының басқару органдары, әскері мен жасауылы бар басқару аппараты жұмыс істеген. Наймандар мен керейттерде кәдуілгі хұқ нызамы қолданылған. Қоғамның таңдаулы тобына қызмет орындары мұра болып берілген.

Жалайырлар туралы алғашқы тарихи деректер X ғасырдан бастап кездеседі. Жалайыр жайында тарихшылардың негізгі сүйенетін еңбектерінің бірі - Қадырғали Жалайырдың 1602 жылы жазған “Жылнамалар жинағы” деген кітабы. Оның шыққан тегі жалайыр болғандықтан, кітабын Оғыз ханнан бастап Шыңғыс хан дәуіріне дейін жеткізген. Бірақ осыған қарамастан жалайырлардың шығу тегі осы кезге дейін жете ашылмаған, яғни олар моңғолдар ма әлде түріктер ме, бұл мәселе әлі толық зерттелмеген. Бірқатар ғалымдар Парсы тарихшысы Рашид ад-диннің “Жамих-ат-тауарих” еңбегіне сүйеніп жалайырларды түріктенген ұйғырлардан шықты деген болжам жасайды. XII ғ. жалайыр тайпалары құрамында түріктенген ру тайпалар мен моңғол тілді тайпалардың болғаны айтылады.

Ляо империясы және Қытайдағы Жин әулеті кезінде жалайырлар Моңғолиядағы белді ұлыстардың бірі болған. Өйткені жалайыр халқының басқа ұлыстармен салыстыр-

ғанда саны біршама көп, жайлаған жері де едәуір үлкен аймақты алып жатқан. Атап айтқанда, олардың бір шеті Өнан бойында болса, екінші бір қанаты Монғолияның орталық аймағы Қарақорымға дейін жеткен. Бұл кездегі жалайыр ұлысы он ірі тайпаға бөлінген. Олар: жат, тоқырауыт, қаңқауыт, құмсауыт, оят, нылқын, қорқын, толеңгіт, торы және саңғұт. Ал осы тайпалардан кейін көптеген рулар өрбіп шыққан.

XIII ғ. басында Шыңғысхан моңғол тайпаларын бір орталыққа біріктірген кезде, жалайырлар оған бағынып, Шыңғысханның басты әскери күштерінің біріне айналады. Шыңғыс жасақтарының қатарында жалайырдан шыққан көптеген қолбасы, түмен басы, мың басылар, белгілі батырлар әскери жорықтарға қатынасып, өздерінің ерліктерімен көзге түскен. Бұлардың ішіндегі ең атақтысы жалайырдың жат руынан шыққан Мұқалы батыр. Ол Шыңғысханның ең сенімді серіктерінің бірі болып, оның әскерінің сол қанатына қолбасшылық еткен. 1216 жылы Мұқалы өз жасақтарымен Жинжу қаласын билеуші Қытай ақсүйегі Жаң Жиннің монғолдарға қарсы көтерілісін басқан, ал 1218 жылы ол қалың қолды бастап кидандарды жаулап алу жорығына қатысқан.

Жалайыр жасақтары 1219-1221 жж. Шыңғысханның Орта Азияға, Қазақстанға және Иранға жасаған жорықтарына қатынасып, олардың арасынан әйгілі әскери қолбасылар шыққан. Олар Орта Азияда, Индияда, Иран жерінде үлкен рол атқарып, тарихта өздерінің аттарын қалдырған. Солардың бірі – Шағатайдың мыңдаған қолын басқарған Мұқанойын Сартақ Жалайыри мен оның баласы Оба Жалайыри. Олар Шыңғысхан сарайында бек атанып, Шағатай ұлысына, Моғолстанға, Мәуеренахрға билік жүргізуге араласқан. Кейбір белгілі жалайырлар жайында “Темір тарихында”, “Бабырнамата” жазылған. Бабыр Орта Азияны билеп тұрған кезде жалайыр басшылары оған көп көмек көрсеткен. Әбілқасым Жалайыри, Сейтқасым Ішік Жалайыри, Хасен Әли Туфейл Жалайыри, Құсайын Әли Жалайыри Бабырдың әскер басшылары, кеңесшілері болған. Бабырдың айтуы бойынша бұл кезде жалайыр рулары Ферғана оңірінен Жетісуға ауысып, ол жерді өздерінің құтты қоныстарына айналдырған.

Қорытып айтқанда, моңғолдар талқандағаннан кейін наймандар мен керейттер, жалайырлар Қазақстан жерінде басынғасып жатқан көптеген түрік халықтарының құрамына соның ішінде қазақ халқының құрамына кіріп, біртіндеп енісе берді. Наймандар моңғолдар дәуірінде қазақ даласына қоныс аударып, Сырдарияға дейін жетіп, қазақ халқының қалыптасуына өз үлесін қосты. Керейттерді алатын болсақ, олардың бір бөлігі батысқа, Еділ бойына дейін жетті, онда өзінің керейіт деген этнонимін сақтап қалды. Керейіттердің бір тобы Солтүстік Қазақстанда қалды да, бұрынғы этнонимдегі – іт жалғауын жоғалтып, керей (қара керей, абақ керей) деген атпен Орта жүз қазақтарына қосылды.

Наймандар, керейіттер, жалайырлар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Олар өз малына жайылым таппастан, бір жерден екінші жерге жыл бойы бірнеше рет көшіп отырған. Көшіп-қонудың екі түрі болған. Оның бірі тайпалық ірі-ірі топ болып кошу болса, екіншісі кіші-гірім рулық топ құрып кошу орын алды. Бұлай көшіп-қонуға сол кездегі жаугершіліктен сақтану басты себеп болған. Көшпелі тайпалардың басты байлығы үйірлі жылқы болды. Көшпелілер үшін жылқы басты қатынас құралы, соғыста және аң аулағанда мінер аты болды. Көшпелілер оның етін жеп, сүтін ішіп, терісі мен қылын пайдаға асырды. Ірі қара да көлік ретінде пайдаланылды. Күркелі арбаға өгіздер мен сиырларды жекті. Қой малы еті, терісі мен жүні үшін өсірілді. Наймандар, керейіттер, жалайырлар мал шаруашылығымен қатар аңшылықпен, өзен-көлдерден балық аулаумен де айналысты. Олар аңды күс салып аулауды ұнатты.

Бір жерден екінші жерге көшкенде наймандар, керейіттер, жалайырлар донғалақты арбаларды пайдаланды. Орталық Азия көшпелілерінде арбалардың екі түрі болған. Біреуі көшкенде әртүрлі заттарды алып жүру үшін қолданылған. Екіншісі күркелі арбалар жығылып – жиналмайтын киіз үйлерді алып жүру үшін пайдаланылған. Бұл көшпелі тайпалардың үздіксіз шаңқыншылықтар мен соғыстар кезінде бір жерден екінші жерге тез көшіп қозғалуына мүмкіндік берді.

Наймандар, керейіттер, жалайырлар көшпелі мал шару-

ашылығымен және аңшылықпен қатар қолонермен де айналысты. Олар жүннен киіз басты, киіз үйдің шаңырақ, басқұр, уық-кереге секілді саймандарын, арба, ыдыс-аяқ, ертоқым, садақ, жебе, найза және басқа да қару – жарақтар жасады. Бұл кәсіппен айналысатын арнайы темір ұсталары, ағаш шеберлері болған. Ал жетіспейтін қажетті бұйымдарды: қару-жарақ, әр түрлі сән-салтанат әшекейлерді, тағам өнімдерін – ұн, мата т. б. көшпелілер Орта Азиядан келген мұсылман көпестерінен мал және мал өнімдерімен айырбастап алып отырған.

Сондықтан наймандардың, керейіттердің, жалайырлардың шаруашылығын – көшпелі өмір салты үстем, тауар-ақша айналымы жете дамыған, натуралдық шаруашылық түрі басым көшпелі мал шаруашылығы деп сипаттауға болады.

§ 4. Қыпшақ хандығы

Қыпшақтар туралы алғашқы хабар Қытайдың жазба деректерінде кездеседі. Қыпшақтар ең әуелі Алтай, Саян тауларының баурайларын мекендеген. VII ғасырда олар Қазақстан жеріне Алтайдағы телә тайпаларының құрамында қоныс аударып келген. VII-X ғасырларда Қазақстан аумағында қыпшақ этникалық қауымдастығының ұзаққа созылған қалыптасу процесі жүрді. Бір ескертіп айтатын жәйт кимектер мен қыпшақтар бір халық деп осы кезге дейін айтылып келген пікір қате, өйткені тарихи жазба деректер бойынша бұлар екі халық, бірақ түркі тілді туыс тайпалар болған.

Қазақстан жерінде *қыпшақ этникалық қауымдасуын үш кезеңге* боліп қарауға болады. *Бірінші кезең*, қыпшақтардың қимақ тайпалық одағында болуы: VII ғасырдың екінші жартысы – VIII ғасырдың соңына дейін. *Екінші кезең*: VIII ғасырдың аяғы – XI ғасырдың басы. Бұл кезде қыпшақтар Алтай және Ертістен Орал таулары мен Еділге дейін қоныс тепті. Қыпшақ тайпалық одағына Мұғалжар жеріндегі құмандар және қимақ тайпалары кірді. Қыпшақтар Сырдария, Қаратау бойындағы қалаларды өздеріне бағындырды. Маңғыстау мен оған таяу жатқан аудандарды қаратып ал-

ғиннан кейін қыпшақтар Хорезмнің теріскей шебіне жетті. Олар ертедегі башқұрт, печенег, карлұқ, әсіресе оғыз тайпаларының конфедерацияларымен этникалық-мәдени өзара байланыстар жасап отырды. XI ғасырдың орта кезінен бастап қыпшақтар кәзіргі Волгадан (Еділден) батысқа қарай жылжыды, сойтіп шығыс Еуропа елдерімен, орыс княздіктерімен, Византиямен, Венгриямен шектесті. Ұлан-байтақ қыпшақтар мекендеген жерлер «Дешті қыпшақ», яғни қыпшақ даласы деп аталды. Ал қыпшақтардың өзі Батыс Еуропа деректерінде құмандар, орыс жылнамаларында половнылар деп көрсетілді.

XI ғасырдың екінші жартысынан бастап 1219 жылға дейін қыпшақ тайпалық одағы дамуының *үшінші кезеңі* жүрді. Осы кезде қыпшақ хандарының мәртебесі, күшқуаты өсті. Олардың этникалық құрамы өзгеріп, кимақ, құман, ертедегі башқұрт, оғыз т. б. тайпалар кірді. Сондай-ақ қыпшақтардың этнос болып қалыптасуына түрік тілді қырғиылар, ұрандар, Шығыс Түркістаннан келген баяғтар, түргештер, қарлұқтар, шігілдер әсерін тигізді.

Бұл кезде қыпшақ хандары өз жерлерін оңтүстікте Тариз қаласына дейін жеткізіп, қарахандықтармен шектесті. Олардың арасындағы шекара – Балқаш көлі және Алакөл ойпаты болды. XII ғ. қыпшақ тайпалары Алтайда, Ертістің жоғарғы жағында наймандармен, қаңлылармен, керейттермен шектесті, солтүстікте қырғыздар және хакастармен көрші болды. Қыпшақ тайпаларының басында қаған, одан төмен қарай хан, тархан, басқақ, бек, байлар тұрды. Қыпшақ қоғамы әлеуметтік және сословиелік жағынан тең болған жоқ. Негізгі теңсіздік малға деген жеке меншік еді. Жылқы басты байлық болып сапалды. Қыпшақтар елінде көптеген бай адамдары бірнеше мың жылқы ұстаған. Олардың кейбіреулері он мың және одан да көп үйірлі жылқыны иеленген. Төменгі тапқа малы аз шаруалар, кедейлер жатса, ал қолға түскен тұтқындар құл ретінде пайдаланылды.

Қыпшақ тайпаларының көшіп-қону аймағы кейде мыңнан астам шақырым жерді қамтыған. Негізгі жайылымдардың орны мен кошу жолдары және осы бағыттағы жинақталған сан ғасырлық тәжірбие ұрпақтан-ұрпаққа көшіп отырды. Кошу жолдары мен жайылымдарды болу қоғам-

ның қалыпты тіршілігін қамтамасыз еткен жайылымдық-көшпелі жүйенің негізгі шарты болды. Мал ұрлау қатаң жазаланды. Жеке меншіктегі малға рулық-тайпалық белгілер салынды. Малынан айырылған, немесе көшу мүмкіндігін жоғалтқан қыпшақ кедей шаруалары отырықшы тұрғындар-жатақтар қатарына көшті. Бірақ олар жеткілікті мөлшерде мал жинап алысымен, қайтадан көшпелі шаруашылыққа ауысып отырды.

Қыпшақ хандары Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе Хорезм шахтары және салжұқтармен табанды күрес жүргізді. 1065 жылы салжұқтардың билеушісі Алып Арсылан қыпшақтарға қарсы Маңғыстауға шабуыл жасайды. Қыпшақтарды жеңіп бағындырғаннан кейін, ол Жент пен Сауранға жорыққа шығады. Соғыста жеңіліс тапқан қыпшақ тайпаларының бір бөлігі Хорасан салжұқтарына тәуелділікке түсті. Алайда, осыған қарамастан XI ғасырдың соңғы ширегінде қыпшақтар Маңғыстау мен Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғыша өз билігін жүргізіп тұрды. 1096 жылы “Қүдіретті” хан бастаған қыпшақ бірлестігінің әскерлері Хорезмге қарсы жорық жасады, бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды.

XI ғ. аяғы - XII ғ. бас кезінде Жент, Янгикент, төменгі Сырдарияның тағы басқа қалалары қыпшақ көсемдерінің қолына қараған. Дегенмен XII ғ. алғашқы жартысында осынау қалалар қыпшақ хандары мен соларды қайтсе де басып алғысы келген Орта Азияның билеуші мұсылмандық әулеттері арасындағы қиян-кескі ұрыс алаңына айналады. Хорезмшахы Атсыз (1127-1156жж) Жентті жаулап алады, сонан соң солтүстікке қарай бет алып, өз қарауына Маңғыстауды да қосады. 1133 жылы Жент қаласынан Дешті Қыпшақ даласына тереңдеп жорық жасаған Атсыз қыпшақтарды ойсырата жеңеді. Тап осы кезден бастап қыпшақ хандығының ыдырауы басталады. Оған себеп болған негізгі жәйттер: қыпшақ тайпалары ақсүйектерінің арасында Хорезмді жақтаушылардың кобеюі, қыпшақтарға қарсы қаңлылардың аса ірі бірлестігінің құрылуы, өкімет билігі үшін өзара әулетті қырқыстың күшеюі еді.

Бұл жағдайды Хорезм билеушілері, әсіресе Текеш пен Мұхаммед жан-жақты пайдалануға тырысты. Олар қыпшақ билеушісі Қадыр-Бүке хан мен оның немере інісі Алып-

Деректің арасындағы бітіспес тақ үшін таласты пайдаланып Қыпшақтардың орталығы Сығнақ қаласын басып алуға әрекет жасады. 1195 жылы Текеш (1172-1200 жж.) өз ойын жеке асыру үшін Сығнақты басқарып отырған Қадыр-Бүке ханға жорыққа аттанды. Бірақ, шайқас кезінде Хорезм шахының түріктердің ұран тайпасынан құрылған сарбаздары Қадыр-Бүке ханмен келісіп, соның жағына шығып кетеді. Осыдан кейін талқандалған әскерінің қалдығымен Текеш Хорезмге қайтып оралады. 1198 жылы Текештің ұлы Мұхаммед Алып-Дерекпен одақтасып Қадыр-Бүке ханға қарсы қайта жорық жасады. Соғыс барысында Қадыр-Бүке жеңіліп, Хорезмге жеткізілді. Хан билігі енді Алып-Дерекке көшті. Алайда, ол Хорезм шахтарына қарсы тәуелсіз сарбаз жүргізді. Қыпшақ ханының одан әрі күшейіп кетуінен қорыққан Текеш Қадыр-Бүке ханды босатып, оған Хорезмнің көп әскерін беріп, Алып-Дерекке қарсы аттандырды. Шайқастың барысында Алып-Дерек әскерлері жеңіліске ұшырады, бірақ қыпшақ билігін қолына алған Қадыр-Бүке ханның өзі де Хорезм-шахқа тәуелді болып шықты. Хорезм шахтары қаңлы, қыпшақ, имек, ұран тайпалары топтарының жетекшілерін әртүрлі қызметке тартты. Бұдан басқа туыскандық үшін қалыптасқан дәстүрге сай, Хорезм билеушілері әйелдерін қаңлы мен қыпшақтардың хан әулеттерінен алып отырған. Мысалы: XIII ғ. бас кезінде хорезмшахы Ала ад-дин Мұхаммед қаңлылардың басшысы Әмин Мәліктің қызына үйленген. Міне осыған байланысты Әмин Мәлік Хорезм-шахтар сарайында маңызды рөл атқарған.

Хорезм шахы Мұхаммед /1200-1220 жж./ өз мемлекетінің құрамына XIII ғ. бас кезінде Сығнақ жерін қосып алады. Сығнақ иелігінен айырылып қалғанына қарамастан қыпшақ хандары Хорезмге қарсы қажырлы күресін жалғастыра берді. Бұл кезде хорезмшахы Мұхаммед Дешті Қыпшақ еліне бірнеше рет жорық жасайды. 1216 жылы қыпшақ билеушісі Қадырханға қарсы аттанған әскери жорықтарының бірінде ол Ырғызға дейін жетеді. Осы кезде ол Торғай даласында қыпшақтар еліне қашып кірген меркіттерді қуалап келе жатқан Шыңғысхан қолымен соқтығысып қалады. Бұл монғолдардың Қазақстан жерінде алғаш рет болуы еді, сөйтіп монғол басқыншылығының дәуірі басталады.

Ол қыпшақтардың Хорезм шахтарымен ұзаққа созылған күресін тоқтатты. Монғолдар шапқыншылығы басталған кезде Қыпшақ хандығы Хорезм шахына тәуелді бодандық жағдайда еді.

Қыпшақтардың басты шаруашылығы мал өсіру болды. Олар жылқы, қой, сиыр, өгіз, түйе өсірді. Қыпшақтар малының құрамында қыс кезінде тебіндеп жаюға неғұрлым бейімделген жылқы мен қой басым болған. Өйткені жылқы басты көлік құралы және қыпшақтар сиыр мен қой етінен жылқы етін артық көрді. Бие сүтінен тамаша, шипалы сусын қымыз, ал қойдың жүні мен терісінен жылы киім дайындалды. Қыпшақтар қой, жылқы шаруашылығымен қатар ірі қара өсірумен де айналысты. Бірақ саны жағынан ол әлде қайда аз болды. Өйткені сиырлармен өгіздер кошкен кезде алыс қашықтыққа көп жүрісті көтере алмайтын еді. Сондықтан ірі қара өсірумен жартылай көшпелі, тұрақты қыстаулары бар қыпшақ кедей топтары айналысқан. Өгіздер кобіне арбаларға жегуге пайдаланылған. Батыс Қазақстан аймақтарында қыпшақтардың жекелеген топтары түйе шаруашылығымен де шұғылданған. Түйе құмды, топырағы ащы, тұзды және шопсіз жерлерде ең пайдалы да қолайлы үй жануары болды.

Малды жем-шоппен қамтамасыз ету үшін орасан зор жайылым қажет етті. Сондықтан қыпшақтардың көші-қоны ғасырлар бойы қалыптасқан белгілі бір маршруттар бойынша жүзеге асырылды. Олар қалыптасқан рулық дәстүр тәртібі негізінде өз малдарын қыста, жазда, көктемде және күзде қайда, қай жерлерге жаятынын біліп отырған.

Қыпшақтар аңшылықпен де айналысқан. Олар аң аулағанда садақ пен жебеден басқа, лашын бүркіт сияқты құстарды, жүйрік тазыларды пайдаланған. Бағалы аң терілерін қыпшақтар басқа елдерге шығарып, сауда қатынасын жүргізген. Дегенмен, аң аулау дербес сала болмай, шаруашылықтың басты түрі-мал шаруашылығының көмекші саласы қызметін атқарған. Аң аулаумен қатар қыпшақтардың өзен мен көл жағалауларында тұратындары балық аулаумен шұғылданған, олар кішкене қайық, кемелерді пайдаланған.

Қыпшақ қоғамында малсыз кедейлер егіншілікпен, со-

ның ішінде озен бойларында суармалы егіншілікпен айналысқан. Оны Ұлытау және Торғай аймақтарындағы суландыру жүйелерінің, көптеген бөгеттердің, құдықтар мен тоғандардың қалдық орындары көрсетеді. Қыпшақтар негізінен тары өсірген. Олар жетіспеген астықты Орта Азияның егіншілерінен мал шаруашылығы өнімдеріне айырбастап алып отырған. Қыпшақтарда үй кәсібі, колонер жақсы дамығап. Олардың ағаш шеберлері, темір ұсталары, зергерлік онермен айналысатындар өздерінің қажетті жақсы бұйымдар жасаумен көзге түсіп дараланған. Оны қыпшақтардың артына қалдырған заттарынан көруге болады.

Бесінші тарау

VI-XII ғғ. Қазақстан жеріндегі отырықшы және көшпелі мәдениет

§1. Орта ғасырдағы Қазақстан қалалары. Ұлы Жібек жолы.

VI-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен колонердің, дін мен мәдениеттің прегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Исфиджаб сияқты қалалар бой көтерді. Олардың көтерілуі таптық қоғамның шығуының айқын көрінісі еді.

Орта ғасырда Қазақстан өзінің қалалары арқылы әлемдік қарым-қатынастан тысқары қалмай, Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасасып, байланысын үзген жоқ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігінде басты және ірі қалалардың бірі - Исфиджаб (қазіргі Сайрам) болды. Оның толық сипаттамасын әл-Макдиси берген. “Исфиджаб ірі қала, - деп жазды ол. Оның рабады (күзеті) мен тұратын мединасы бар. Онда (мединада) төбесі жоқ базарлар, мата базары мен үлкен мешіт бар. Оның торт қақпасы: Нуджакент қақпасы, Фархан қақпасы, Шахраны қақпасы, Бұхара қақпасы, әр қақпаның жапында рабады бар”. Ис-

фиджаптан шыққан керуендер шығысқа қарай бет алып, Шараб және Будархент қалалары арқылы Таразға барған.

VI-XII ғасырларда тікелей сауда орталығы ретінде мөлiм болған Исфиджабта тауарлардың көптеген түрлері өндiрiлiп, осы жерден басқа жақтарға мата, қару-жарақ, мыс пен темір әкетiлiп тұрды. Ағын суы мол, ағашы көп және тамаша бақшалары бар ең гүлденiп, көркейген кенттердiң бiрi болған Исфиджаб қаласының қазылып, зерттелiп осы уақытқа дейiн сыры ашылған жоқ. Бiрақ оның қандай рөлi болғаны туралы жазба деректер аз емес.

Қазақстандағы Сырдарияның орта бойына орналасқан iрi қалаларының бiрi – Отырар. Араб-парсы деректемелерiнде Отырар қаласы Фараб, одан бұрын Тарбан (Трабан) деп те аталған. IX ғасырдың бас кезiнде арабтар Фадлибн Сахлдың басқаруымен Отырар аймағын басып алуға тырысты. Ол шекаралық әскерiнiң бастығын өлтiрдi және Қарлұқ жабғуының ұлдарын қолға түсiрдi деп хабарлайды деректемелер. VII-VIII ғасырларда Отырар шахристаны мұнарлары бар дуалдармен қоршалған. Бұл дуалдар қайта салынған түрiнде IX-X ғасырларға дейiн сақталған. Отырар тоғыз жолдың торабында тұрған. Одан шыққан жолдың бiр тармағы Шавгарға, екiншi тармағы Сырдариямен жоғары орлеп, оғыздар қаласы Сүткенттi басып Шашқа, ал төмен қарай Жентке кеткен. Женттен Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенiшке қаражол тартылып, одан әрi Едiл бойымен Кавказға асып кететiн болған. XIII ғ. Жiбек жолының осы бөлiгi Сарайшық, Сарай-Бату т.б. қалалардың үстiмен жүрген.

Отырар аймағында болған бiрнеше ұсақ қоныстар мен қалалардың бiрi – Кедер IX-X ғасырларда оазистiң астапалық орталық дәрежесiне дейiн көтерiлген, мұның өзi саяси жағдайдың өзгеруiне және осы ауданның оғыздарға бағынуына байланысты едi. Отырар өмiрi X-XII ғасырлардан кейiн де жалғасып, оның орта Сырдария өңiрiнiң экономикасы мен мәдениетiне ықпалы күштi болған. Отырар көлемi жағынан орта ғасырдағы ең өскен қала болып саналады.

Қазақстанға белгiлi болған орта ғасырлық қалалардың бiрi – Тараз. Ол жазба деректемелерде 568 жылдан бастап аталады. Византия императоры Юстинианның елшiсi Земарх Килликискийдi Батыс түрiк қағаны Дизабұл өсы Та-

раз қаласында қабылдаған. Шамамен 630 жылы Қытай саяхатшысы Сюань Цзан Таразды (Далассы) шеңбері 8-9 лиге (4-4,5 км) жеткен маңызды сауда орталығы деп сипаттайды. Ол көпестер қаласы деп аталған.

VII ғасырда Тараз “Ұлы Жібек жолындағы” ірі мекенге айналды. Оны шапқыншылық кезінде түрік, қарлұқ, оғыз тайпалары, араб және иран жауынгерлерінің басып алып, талай рет ойранын шығарғаны жөнінде тарихи мағлұматтар бар.

X-XII ғасырларда Тараз қаласының су құбырлары, сонымен қатар күйген кірпіштен көпшілік үшін салынған моншасы болған. Оған жақын жерде Айша-бибінің күмбезі көтерілген. Ол жақсы күйдірілген кірпішпен қаланып безендірілген, қабырғаларына ою-өрнектер салынған. Қатты қирап тек батыс жақ қабырғасы мен бұрышы сақталып қалған бұл күмбез қазір қалпына келтірілді. Тараз жеріндегі ортағасырлық сәулет өнерінің тағы бір ескерткіші – Қарахан күмбезі. Өкінішке қарай, қираған күмбез XX ғасырдың басында қайта тұрғызылып, соның салдарынан оның бастапқы жоспары бұзылып, сәнді өрнектері өшіп кеткен. Бізге дейін жеткені тек оның суреті ғана.

Тараз Жетісудың саяси, экономикалық және мәдени өмірінің ірі орталығы болған. Оның төңірегіндегі Талас, Асса сияқты өзендердің бойында Томенгі Барысхан, Хамукент, Жікіл, Адахкент, Ден, Нуджикент, Құлан, Мерке, Аснара, Жұл, Баласағұн, Барсхан қалалары мен қоныстары бір-біріне тізбектеліп жалғасып жатқан. Сондай-ақ, Іле өзенінің алқабында Қойлық, Талхиз, Екі-оғыз сияқты басқа да қалалар орналасқан. Жібек жолдың бұл аймақтағы бөлігі Ферғаналық және Жетісулық бағыттарын қамтыған.

XI ғасырда Ясы (Түркістан) қаласы Шауғар округінің орталығы саналған. Мұнда XII ғасырдың аяғында Ахмет Нассауи күмбезі салынып, қала діни орталыққа айналады.

Сырдариядағы ірі қала – Сығнақ. Қазақстанның солтүстігі мен солтүстік-шығысына баратын керуен жолдарының қиылысында орналасқан ол XII ғасырда қыпшақ бірлестігінің орталығы болды. Қазір Сығнақтың орнында Сунақ-ата жұрты бар.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда жоғарыда

айтылған кенттерден басқа жаңа бірқатар қалалар - Қарашоқы, Қарнақ, Асанас, Баршанкент, т. б. пайда болды. Олардың алып жатқан жер көлемі ұлғайып, сауда шаруашылық орталығы – шахристаннан рабадқа ауысқан.

Қазақстан жеріндегі халықтардың экономикалық өмірінде сауда орасан зор рөл атқарды. Жазба деректемелер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда қатынасы болғанын дәлелдейді. VI-X ғасырлардағы халықаралық саудада “Ұлы Жібек жолының” зор маңызы болды. Бұл жол Шаштан (Ташкент) Газгирдке, одан Исфиджабқа жетті, одан әрі керуендер Тараз қаласына беттеген. Исфиджаб пен Тараз арасында бірнеше шағын қалалар мен керуендер аялдайтын сарайлар болған. “Жібек жолы” Тараздан терістікке қимақтарға қарай Адахкент, Дех-Нуджикент қалаларын басып өтті.

Тараздан “Жібек жолымен” Төменгі Барысханға, Құлаңға (Луговое қаласы), одан әрі Меркеге және Аспараға қарай шұбыра жолшыбай бірнеше қалаларға соғып, Бедел мен Ақсудан асқан керуендер Шығыс Түркістанға барып жеткен.

Исфиджаб қаласынан солтүстікке қарай шыққан керуен жолы Қаратаудың терістік бауырындағы Құмкент, Бабаата, Созақ қалаларын, одан кейін Орталық Қазақстан далаларын басып өтіп, Кеңгір, Жезді, Нұра, сондай-ақ Ырғыз бен Ертіс аңғарларына, қимақ-қыпшақ тайпалары мекендеген аудандарға қарай беттейтін болған.

Маңызды сауда жолдарында керуен сарайлар, жолда құдықтар мен су қоймалары орналасқан. Өзендерге көпірлер салынған. Қалаларда сауда орны, ірі базарлар болған. Орта Азиядан шыны, асыл заттар, көп қолданылатын өнер бұйымдары, жылқы малы т. б. шығарылып, Қытайдан жібек, фарфор, керамика әкелінген. Шеттен әкелінген бұйымдар – меруерттен, лазуриттен, маржаннан жасалған немесе солармен әшекейленген заттар.

Қалалардың өсіп оркендеуі, сауданың дамуы, ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұранымды арттырған. Мұның өзі егіншілік пен мал шаруашылығының дамуына себепкер болды. Жауын-шашынның аз болуына байланысты Қазақстанда егіншілік көбінесе суармалы негізде дамыды.

Егін шаруашылығы елдің Оңтүстігінде, Сырдария, Арыс, Бадам өзендері алқабында, Жетісуда Шу, Талас, Іле өзендері бойында біршама жақсы дамыды. Орталық Қазақстан егіншілікпен судың тапшылығына байланысты тек озен алқаптары мен тау бауырындағы жерлерде ғана шұғылданды. Елдің барлық жерлерінде егіншілік кәсіптері мал шаруашылығымен ұштасып жатты.

IX-XII ғасырларда Отырар өңірі суармалы егіншіліктің орталығы болды. Мұнда егістік көп тармақты суландырма жүйемен жабдықталды. Су жолы Арыс өзеніндегі су қоймасы арқылы жүргізіліп, оның бір саласы Отырар қаласына келді, екінші саласы Құйрық тобе, Алтын тобе, Жалпақ тобе, Марданкүйік қалаларына барды. Отырарға баратын су жолы төңіректегі рабадтарды сумен қамтамасыз етіп, сонымен бірге қаланың солтүстігіндегі алқапты суландыртан. Ал Сырдариядағы су жолы Сауран мен Сығанақты және сол жағалаудағы Сүткентті, Аркокті, Аққорған және Үкентті сумен қамтамасыз еткен. Талас жотасының тау баурайларындағы жерді суландыру үшін Бадам, Сайрамсу, Арыс, Ақсу өзендерінің суы пайдаланылған.

Жер кетпен тәрізді темір шоттар және темір, не шойын ұштары бар, жер жыртатын құралдармен /омаш/ оңделіп, егін ору темір орақпен жүргізілген. Дәнді ұнтақтау үшін тас диірмендер қолданылған. Қолдан суару негізінде Жетісу тұрғындары астық өсіріп, жүзім шаруашылығымен және шарап жасаумен айналысты, бақша және бау дақылдарын екті. Таудың төменгі етектерінде Талғар, Есік, Қаскелең, Үлкен және Кіші Алматы, Бақанас, Көксу, Лепсі өзендерінің орта және төменгі ағыстарының бойында да суландыру құрылыстары болған. Талас өзенінен Тараз қаласына тартылған су жолы арқылы қаланың айналасындағы бау-бақшалар суғарылып, гүлдеп тұрған.

Қазақстан жерінде халықтар өздерінің даму дәрежесіне қарай колонер кәсібімен де шұғылданды. Феодалдық қатынастардың дамуы селолық қауымдардың натуральды шаруашылығының біртіндеп ыдырауына әкеп соқты. Құмыра жасаушылардың, шыны үрлеушілердің, зергершілердің, қару-жарақ жасаушылардың, ұсталардың, ағашқа, сүйекке, тасқа өрнек салушылардың істеген заттарына халықтың сұранымы күшті болды. Саз балшық бұйымдар

өндірісі ерекше дамыды. Отырар алқабында және Қаратаудың бауырындағы қалаларда керамиканы оркестудің қалыптасқан түрлері сақталған. Сырдарияның төменгі бойындағы қалалардан табылған саз балшықтан жасалған заттарда әсем өрнектер басым болды. Керамикадан кесе, тостаған, аяқ-табақтар, т. б. ыдыстар жасалынып, сырты оюланып, неше түрлі қызыл, жасыл, сары, қоңыр түсті бояулар жалатылды. Аңдар мен құстар бейнеленген күйма ыдыстар тобы ынта қоярлық. Мәселен, Тараз қазбалары кезінде арыстанды бейнелеген тамаша табақша шықты. Отырарда өсімдік ою-өрнегімен әшекейленген құмыра табылды.

Бұрыннан келе жатқан ақша айналысы сол күйінде қалды. Қалалардың ішкі рыноктарында саудада мыс ақша қолданылды. Қалалар арасындағы, сондай-ақ, сыртқы саудада байлық ретінде жинап сақтауға қолайлы алтынның орнына күміс ақша пайдаланылды. IX-XII ғғ. Отырар мен Ясыда, Тараз және Исфиджаб қалаларында ақша жасайтын теңге сарайы істеді.

§2. Қазақстан жеріндегі материалдық және рухани мәдениет

Қазақстан жерінде VI-XII ғ. өмір сүрген түрік тайпалары өздеріне тән *үлкен материалдық мәдениет* қалдырған. Олардың қалдықтары, әсіресе, соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде белгілі болып отыр. Түркі дәуіріндегі материалдық мәдениет қалдықтарының түрлері негізінен адамдардың шұғылданған шаруашылықтармен байланысты болған. Оған археологиялық қазба зерттеулері нәтижесінде табылған заттар толық дәлел бола алады. Мәселен, түркі дәуірі кезіндегі обалардан көбірек кездесетін заттар: қол диірмендер, үккіштер, темір орақ т.б. құрал-жабдықтар. Бұлар ол кездегі халықтардың егін шаруашылығымен айналысқан жағдайын байқатады. Ал түркі тайпаларының мал шаруашылығымен кеңінен айналысқандығын археологиялық қазбалардың барысында молырақ кездесетін темірден жасалған ат әбзелдері (ауыздықтар, олардың әшекейлері, үзеңгілер) құрал-сай-

ман, қару-жарақтар, әсіресе, темір семсерлер, найзалар, олардың ұштары т. б. көрсетеді. Олардың барлығы сол кездегі түркі тайпаларының темір қорытуды жақсы меңгергендігін дәлелдейді. Сондай-ақ, ғылыми қазба жұмыстары кезінде түркілердің зираттарынан құрал-саймандар, қару-жарақтармен қатар колонер бұйымдары, әшекейлік заттар өте көп кездеседі. Олардың ішінде: кіселер, белдіктер, омырауға тағатын алқалар т. б. бар. Кіселер алтын, күміс және қымбат бағалы тастармен безендіріліп отырған. Түркілер тамаша етікшілер болған. Табылған аяқ киімдердің ішінде оқиғасы биік емес, қайқы бас етіктер және кебіс қалдықтары кездеседі.

Түркі халықтарының материалдық мәдениеті жөнінде бітқанда, әсіресе, зираттардың басына тастан жасалған мүсіндердің көптеп қойылғандығы көңіл аударады. Олар: балбал тастар, тас келіншектер т. б. Бұл тас мүсіндер Қазақстанның барлық аймақтарында көптеп кездеседі. Олар түркі тайпаларының ішінде колонерінің, әсіресе, тас қашайтын шеберлердің болғандығын көрсетеді.

Ортағасырлық Қазақстанның материалдық мәдениетінің басты бір саласы – архитектуралық құрылыс өнері. Оның даму барысында қалаларда қоғамдық ғимараттар, тұрғын үйлер тұрғызу, ислам және басқа да діни кешендерін салу ісі өрістеді. Бұлардың архитектуралық сыртқы көрінісі жинақы, қаланың орталық алаңдарында орналасқан іргелі құрылыстардан тұрған. Мешіт құрылысында, оның зәулім биік мұнарасын тұрғызуда сәулет өнерінің сол кездегі жетістіктері пайдаланылған. Ол кездегі монументальдық архитектуралық құрылыстар қатарына Тараз қаласынан 18 шақырым жердегі Бабаджа – Хатуи және Айша бибі кесенелері жатады. Бұл құрылыстар тек архитектуралық әсемдік жағынан ғана емес, сонымен қатар оның безендірілуі, ондағы ою-өрнектер халқымыздың материалдық асыл мұралары қатарынан жоғары орын алады. Материалдық мәдениет жүйесінде, осы заманға дейін жеткен шығыс моншасының құрылыстары және оларға тартылған су құбырларының маңызы ерекше. Мұндай құрылыстар Оңтүстік Қазақстандағы қазба жұмысымен жүргізілген Отырардан, Түркістаннан, Тараз, Ақтобе, Талғар т.б. қалалардан табылды. Қала тұрғындары тұрмысында монша алдыңғы кезек-

тегі ролдердің бірін атқарды. Монша мешіттен кейінгі адамдар ең көп баратын орын болды.

Түркілер өздерінің діни наным – сенімінде ата-бабалар әруағына табынды, олардың о дүниелік болғаннан кейінде өмір сүретініне сенді. Сондықтан жерленген адамдардың тірі кезінде пайдаланған заттарымен, мініс аттарымен бірге қоятын әдет-ғұрыптары қалыптасты. Түркілер нанымының басты бір түрі - отқа табыну болды. Мұндай әдет-ғұрып адам бойындағы ауру немесе жамап пиғылды “шайтан” әрекеттері болса, оны отпен аластап тазарту қажет деп түсінді. Оны Византия елшісі Земархты түрік қағанына кездестірудің алдында жағылған екі оттың арасынан өткізіп, алып баруы айқын көрсетеді.

Ертедегі түрік дінінің негізі Кокке (Тәңір) және Жер-Суға (Иер-Суб) сыйыну болды. Құдырет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Кок болды. Қағандар нақ осы Коктің еркімен өздерін халықтан жоғары тұрып билеп отырмыз, Коктің еркімен соғыста жеңіске жетіп отырмыз, жүт жылдары түрік халқын Кок пен Жер-Су сақтап қалады деп түсінді. Сондықтан түрік хандары Кок тәңірін әрдайым өздерін желеп-жебеуге шақырды. Түріктердің нанымы бойынша Көктен кейінгі желеп-жебеуші әйел тәңірісі – Ұмай ана. Ол – отбасымен бала-шағаны қорғаушы. Ұмай түрік тайпалары сыйынған құдіретті үш күштің бірі болған. Ол туралы түріктердің атақты әскер басшыларының бірі Тоныкөктің құрметіне орнатылған ескерткіште жазылған - “Кок, Ұмай (құдай), қасиетті Жер-Су, міне бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек”, – деген сөздерден коруге болады. Кейбір түркі тайпалары күнге, айға, жұлдыздарға табынған. Түркілер жыртықшы аңдарының ішінде бөріге (қасқыр) табынып, оларды “көк бөрі” деп атаған.

Ортағасырлық Қазақстан жерінде ертедегі пұтқа табынушылықпен қатар белгілі дүниежүзілік *будда*, *христиан*, *манихей*, *зороастра* діндері де тарай бастады. Олардың тарауына Ұлы Жібек жолы маңызды рол атқарды. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда діні Үндістаннан Орта Азия мен Қазақстан арқылы өткен. Зерттеушілердің пікірінше, түріктер VI ғасырдан бастап буддизмнің ықпалына түскен, ал VII ғасырдың бірінші жартысында батыс түріктерінің

бір билеушілері буддизмді қолдап, оған қамқорлық жасаған. Будда діні Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда едәуір кең таралды. Будда дінімен қатар Жібек жолымен Баһастан Шығысқа қарай жылжи отырып христиан діні, оның несториандық бағыты тарайды. V ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Рим империясында әулие Несторий Мариянадан құдай емес, адам туған, Христос “құдайлар менненнен келуші”, қасиетті рухты таратушы ғана болған деп ұғындырайды. Бұл жаңалық халық арасында абыржушылық туғылды. Несторийдің ағымы 431 жылы Эффес соборында танытылып, несториандар аяусыз қудалана бастады. Қуғын-суданулар нәтижесінде олар шығысқа қашуға мәжбүр болды. VII-VIII ғасырларда несториандық ағым Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында орын алды. Тараз бен Меркеле христиан шіркеулері жұмыс істеді. Тарихи деректер христиан дінінің несториандық тармағын қыпшақтардың батыс бөлігі, Жетісу жерінде наймандар мен керейіттердің қабылдағаны жөнінде мәлімет береді.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тұрғындары арасындағы тараған келесі діндердің бірі – зороастра. Бұл дін ең әуелі б.з.б. VII-IV ғасырларда ертедегі Иран жерінде қанықтасты. Зороастра діні суды, отты, жерді, ауаны қастерлеуді уағыздады. VI-VII ғасырларда Қазақстан қалаларына зороастра дінін Орта Азиядан соғдылар әкелген. Негізінен Сырдария бойындағы қалаларда таралған және пұтқа табынушылықпен, атап айтқанда, отқа, ата-бабаларға, үй жануарларына – қойға, жылқыға, түйеге табынумен тығыз араласып кеткен.

VIII ғасырда Қазақстан жерінде түрік тайпаларының арасында ислам діні тарай бастайды. Әсіресе Орта Азиядағы саманилер әулеті тұсында ислам қарқынды түрде жүрді. Оны тарату үшін Қазақстанның оңтүстік аудандарына, Жетісуға көптеген жорықтар жасалды. Саманилер Исфиджаб, Фараб, Шаухар және Тараз қалаларын басып алып, өздеріне тәуелді етті. Исфиджаб үшін болған шайқастар “дін жолындағы күрестің” орталығына айналды. X ғасырдың аяғында ислам Жетісу қалаларына кеңінен тарады және олардың көпшілігінде мешіттер пайда болды. Қарахандықтар Шу алқабын жаулап алғаннан кейін исламды ресми дін деп жариялады. Осыдан кейін ислам Қазақстан жерінде хри-

стиан дінін де, будда дінін де, зороастра дінін де, жергілдікті пұтқа табынушылықты да біртіндеп ығыстырып шығарды. Дегенмен олардың қалдықтары көп жерлерде ұзақ уақыт сақталып қалды.

VI-XII ғасырларда Қазақстанда өмір сүрген ру-тайпалардың түркі тілінде сөйлегендігі ғылыми-зерттеу барысында толығымен дәлелденген. Сонымен бірге, түркі тілінде қарлұқтардың, кимақ-қыпшақтардың, оғыздардың, ұйғырлардың, қырғыздардың және т. б. ру-тайпалардың өздеріне тән диалектілерінің бар екендігі белгілі болып отыр. Мәселен, Ферғана жеріндегі қарлұқтар қағанды “яғбу” десе, Алтай-Сібір жағындағы қарлұқтар “жағбу” деп атаған. Бірақта олар сөйлескен кезде бірін-бірі жақсы түсінген. Тілдегі диалектикалық өзгерістерге сол кездегі ру-тайпалардың кошпелі өмір салты, сондай-ақ олардың арасындағы жаулап алу соғыстары нәтижесінде жиі-жиі орын ауыстырулары өзінің едәуір әсерін тигізген.

Археологиялық зерттеулер барысында түркі тілінде ру тайпалар өмір сүрген жерлерден үлкенді-кішілі екі жүзден астам көне түркі тіліндегі тасқа қашап жазылған жазба деректер табылған. Оған Орхон, Енесей өзенінің бойындағы Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері, Қазақстанда Талас өзені бойындағы Терезсайдан табылған жазулар және т. б. жатады. Түркі тіліндегі жазулар ғылымда руна жазуы деп аталған. Ол Скандинавия халықтарының тілі бойынша, сыры ашылмаған құпия жазу деген мағынаны білдіреді. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың оқылу сырын алғаш ашқан Дания университетінің профессоры В. Томсен. Одан кейін Орхон-Енесей жазуларын орыс тіліне аударған тюрколог ғылым В. Радлов болды. Мұның үлкен тарихи маңызы бар, өйткені XIX ғасырдың аяғында руна жазуының ашылып оқылуы ертедегі түркі тілдес халықтарының да өздеріне тән жазуларының болғандығын көрсетеді.

Ертедегі түріктердің руна жазуы XI-XII ғасырлардан кейін қолданудан шығып қалған. Оны Орталық және Орта Азияда әуелі ұйғыр және соғды жазуы, содан соң ислам дінін қабылдаған түрік тайпаларының арасында тараған араб жазуы ығыстырып шығарды. Түркілер арасынан шыққан бұл кездегі атақты ғалымдар, ақын-жазушылар өз шығармаларын араб әрпімен түркі тілінде жазды.

X-XII ғасырларда Қазақстан жеріндегі халықтардың ғылымы мен мәдениеті қорші елдерге қарағанда едәуір жоғары дәрежеде өркендеген. Бұған феодалдық қатынастардың нығаюы, мемлекеттік құрылымның шығуы, отырықшы-егіншілік шаруашылық пен қалалардың өсуі, шоғырланып топтасқан этникалық процестердің күшеюі сияқты тарихи жағдайлар әсерін тигізді. Орта Азия, Алдыңғы Шығыс және Шығыс Еуропа халықтарымен шаруашылық, сауда және мәдени байланыс жасау - осы елдердің халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің өсіп-өркендеуіне игі ықпалын тигізді.

Қазақстан жерінде туып-өскен философ әрі энциклопедияшы ғалым мұсылман шығысында Аристотельден кейінгі “Екінші ұстаз” ретінде белгілі болған Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби атты түрік Шығыс пен Батысқа X ғасырда мәлім болды. Ол 870 жылы түрік /қазақ/ отбасында Отырар (Фараб) қаласында туған. Руы – қыпшақ, әкесі - әскери адам болған, әл-Фараби жас кезінде өте зерек, ақылды, пысық, аттың құлағында ойнайтып, садақты да жақсы ата білген. Ол қол өнері шеберлігін және ғылым негіздерін Отырардың медресесінде игерді, онда өзінің ана тілі және түрік тілінде оқыған. Бағдат халифатының орталығы Бағдат қаласында оқуын жалғастырған ол араб тілін терең біліп үйренген.

Әбунасыр Бағдатқа барар жолында Шашта, Самарқандта, Исфаканда, Хамаданда және басқа қалаларда ұзақ уақыт аялдап, Бағдатта ежелгі грек философиясы мен математиканы, логика мен медицинаны, музыка мен бірнеше тілдерді оқып меңгерген. Ол грек ойшылы Аристотельдің еңбектерін жорынтамен оқып үйренді.

941 жылдан бастап әл-Фараби ел басшылары өзіне көп қамқорлық жасаған Дамаскі мен Халеб қалаларында тұрды. Ол осы тұста белгілі ақындар мен ғалымдардың арасында өзінің оқымыстылығы және білімінің тереңдігімен көзге түсті.

Көптеген елдерде, әр түрлі этникалық ортада бола жүріп, әл-Фараби отанын ұмытпайды, өзінің түрік екенін үнемі айтып жүрген. Ол 950 жылы Дамаскі қаласында қайтыс болды.

Әл-Фараби философиясының негізі - аристотелизмдік

эманация туралы неоплатондық іліммен ұштастыру болып табылады. Оның философиясының бірегей, дербес сипатына ешкім күмән келтірмейді. Негізінен идеалист бола тұрып, әл-Фараби материалистік пікірлер де айтқан. Мәселен, ол ең жоғарғы дүниенің бар екенін және оны түйсік арқылы танып-білуге болатынын мойындаған, адамның жанын денемен байланысты қараған. Нақ осы себептен де мұсылман дін басылары философты діннен безген деп те кінәлаған.

Дүние, әл-Фарабидің көзқарасы бойынша, материалдық элементтерден құралатын заттардан тұрады. Қозғалыс - денелердің қасиеті. Заттардың өзінде қозғалыс мүмкіндігі бар.

Сана туралы ілім әл-Фараби философиясындағы маңызды жетістіктердің бірі. Ол адамның санасы мен болмысының бірден бір бастамасы құдайдың күдіретімен болған деген объективтік-идеалистік түсінікке негіздеп, адамның санасы мен болмысындағы диалектикалық бірлігін ашты. Әл-Фараби жер бетіндегі дүниеге іштей тән және дүниенің заңдылықтарын анықтап отыратын “әрекетті сана” туралы тұжырым ұсынды.

Әл-Фараби ғылымның методологиялық мәселелеріне ерекше мән берді. “Ғылымдардың шығуы” деген трактатында ол ғылым дінге тәуелсіз деген тұжырымға сүйенді. Табиғат өз алдына дербес, оның себептері өзінің сипаты бойынша табиғи түрде болатынын атап көрсете отырып, құдайды тек қана әлемің жаратылуында алғашқы себепшісі ретінде ғана бар деп білді. Әл-Фараби жаратылыстану, математика ғылымдарына зор көңіл бөледі. Оның математикалық астрономия, музыканың, физикалық-математика теориясы, сондай-ақ геодезия мен архитектураның математикалық негіздері жөнінде бірқатар іргелі зерттеулері бар.

Әл-Фараби тіл мен ойлаудың, логика мен тілдің өзара байланысы туралы өте маңызды пікірлер айтқан. Оның еңбектерінде ұғымдардың және олардың логикалық мазмұнының, сөздер мен сөз тіркестерінің семантикалық табиғаты мен байланысы атап көрсетіліп, тіл туралы топтастыру жайы көрсетілген.

Әл-Фарабидің ғылыми мұрасы Шығыс пен Батыстың

шынымен мен мәдениетінің дамуына, оның ішінде ибн-Туфайл, ибн-Рушд, ибн-Сина, Омар Хаям, Родтер, Бэкон, Леонардо да Винчи және басқа ойшылдардың шығармашылығына зор әсерін тигізді. Сол сияқты әл-Фарабидің еңбектері басқа оқымыстыларға, оның ішінде әл-Хорезмиге, білгілі астроном және математик Аббас Жаухари, сондай-ақ тілші Махмуд Қашғаридің еңбектеріне үлгі болған. Ол белгілі географ әрі саяси қайраткер, Қимақ ортасынан шыққан Жапақ ибн Хақан әл-Кимақи еңбектеріне ықпалын тигізген.

XI ғасырда Жүсіп Баласағұни мен Махмұд Қашғаридің түрік тілінде жазылған әдеби еңбектері халық арасында кең тарады. Жүсіп Баласағұни (1021-1075 жж.) Баласағұн қаласында туған. Ол түрік отбасынан шыққан, жас кезінен бастап жақсы білім алып, әдебиетпен шұғылданған, парсы-тәжік әдебиетін көп оқыған. Жүсіп өзінің еңбектерін Қарахан әулетінен шыққан Боғра-қара-хақанға тарту еткен. Осыдан кейін хан оны жоғарлатып мемлекеттік бақылау қызмет басшысы етіп қояды. Оның бұдан арғы өмірі туралы деректер жоқ.

Жүсіп “Құтадғу білік” /”Құт негізі – білім”/ деген 6520 бет тұратын поэма жазған. Автордың пікірінше, ол идеалды қоғамның нормаларын, ондағы түрлі топтарға бөлінген адамдардың мінез-күлқып, ережелерін, билеушілер мен бағыныштылар арасындағы өзара қарым-қатынас ережелерін сипаттайтын терең мағыналы философиялық-дидактикалық шығарма. Осы еңбекте ол ел басқарғап әкімдерді жамап қылықтан сақтандырған. Бұл шығармада Жүсіп Баласағұни өз заманындағы өмір шындығы, қоғамдық сана және белгілі бір әлеуметтік топтардың саяси тұжырымдамасы өзінің бейнемен көрсетілген. Әсіеттер мен тағылымдар жинағы болып табылатын әдеби дастанда қолөнершілер мен қонестердің мемлекеттегі ролі жоғары бағаланды.

Махмұд Қашғари, толық аты Махмұд ибн әл-Хүсейн ибн Мұхаммед әл-Қашғари (1030-1090 жж.) Қашғарда туса керек. Автордың айтуынша, Қарахан әміршісі Насыр ибн Әли тұқымынан шыққан. Әкесі Ыстық колдің оңтүстігіндегі Барсханда тұрған. Махмұд бастапқы білімін Қашғар қаласында алады, кейін өзінің білімін көтеру үшін Орта Азия мен Иран елінің қалаларын аралайды. Ол біраз уақыт Бағ-

дат қаласында тұрған. Онда араб тілін оқып үйренеді. Махмұд түріктердің тілі мен ауыз әдебиетіне ерекше қоңіл боліп, әрбір түрік тайпаларының қоныс жерлерін аралап сапар шеккен. Түріктердің сөздерінің мағынасын, олеңдерін, жұмбақтарын, ертегілерін, әдет-ғұрыптарын жазып алады. Байқауларын жинақтап 1074 жылы “Диуан лұғат-ат-түрік” (“Түрікі тілінің сөздігі”) деген еңбек жазды. Бұл еңбекті ежелгі орта ғасырдағы түріктердің халықтық өмірінің нағыз энциклопедиясы деп атауға болады. Осы шығармасымен автор тіл білімі тарихына үлкен үлес қосты. Махмұд Қашғари өзінің кітабында түркі тілдес халықтардың тарихын, тұрмысын, мінез-құлқын, сондай-ақ сол заманның табиғи-ғылыми түсініктерін зерттеді.

Қала халқының мәдени өмірінде ислам дінін уағыздаушы, сопы ақындардың ішінде Ахмет Иассауидің (1103-1166) шығармалары елеулі орын алады. Оны Қожа Ахмет Иассауи деп те атайды. Ол Оңтүстік Қазақстандағы түрік халқының арасында ислам мен мұсылман дінінің тарауына зор әсерін тигізді. Қожа Ахмет олеңдері көпшілік арасында кеңінен тарады. Оның өлеңмен жазылған “Диуан-и хикмат” (“Даналық жайындағы кітап”) деген еңбегі ерекше бағаланды. Ақиқатты, шындықты, адалдық пен тазалықты, имандылықты уағыздаған Қожа Ахмет бір өлеңінде былай дейді:

*Қожа Ахмет басыңды елге не біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл.
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық қана дүниеге не бұл.*

Ахмет Иассауидің Хакім ата деген атпен елге есімі белгілі Сүлеймен Бақырғани /1186 ж. олген/ сияқты шәкірттері де аз болмаған. Қожа Ахмет Иассауи Сайрамнан /Исфиджабтан/ шыққан, оның ұстазы исламды уағыздаған белгілі Арсылан-баб немесе /Баб Арсылан/ болған. Ол жөнінде Қожа Ахмет өз шығармаларында атап көрсетеді.

Қорытып айтқанда, VI-XII ғасырларда Қазақстан жерін мекендеген түрік тайпалары қыпшақ-оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде сойлеп, олар кейінгі ұрпаққа көптеген ошпес тарихи-әдеби мұралар қалдырған.

Моңғолдардың Қазақстан жеріне шанқыншылығы және жаулап алуы

§1. Моңғолдардың Қазақстан жеріне басып кіруі. Отырар апаты.

Татар-моңғол тайпаларының саяси жағынан басып біріктіріп, Моңғол феодалдық мемлекетінің негізін салушы Темучин болды. Ол тарихтағы бір деректер бойынша 1162 жылы, екінші бір деректер бойынша 1155 жылы ірі нойон Есугай баһадүрдің отбасында туған. Темучин ер жете келе негізгі қарсыластарының барлығын жеңіп, Моңғолдың бүкіл тайпаларын өзінің қол астына біріктірген. 1206 жылдың көктемінде Өнан өзенінің сағасында Темучинді жақтаушы-моңғол ақсүйектерінің құрылтайы болып, онда ол салтанатты жағдайда Шыңғысхан деген атпен моңғолдардың әміршісі болып жарияланды. Осыдан кейін Темучин өзін хан көтерген ақсүйектердің құлқынын тойғызу мақсатында қорші елдерді жаулау, оларды талау-тонау үшін үлкен әзірлік жүргізді.

Шыңғысхан әскери-ұйымдастыру принципін мемлекеттік құрылыстың негізі етіп алды. Елдің бүкіл жері мен халқы он қанат /барунғар/, сол қанат /жоңғар/ және ортанық /гол/ атты үш әскери әкімшілік округке бөлініп, әрбір округте он мың адамнан тұратып бірнеше түмгелер /түмендер/ болды. Олар өз кезегінде “мыңдық”, “жүздік”, “ондықтан” құрылды.

Өте қатал тәртібі, мүкнәт құрылымы бар әскер басында моңғолдардың феодалдық жоғарғы тобының өкілдері-нойондар, багадурлар, мергендер, сечендер тұрды. Шыңғысханның бұлардан басқа, өзіне шын берілген, 10 мың таңдаулы жауынгерлерден тұратын кешігі /ұланы/ қызмет етті. Оның көмегімен Шыңғысхан нойондар мен феодалдарды өзіне тәуелді етіп ұстады.

1207-1208 жылдардың қысында Шыңғысханның үлкен баласы Жошы Енесей қырғыздарын және Сібірдің оңтүстігіндегі басқа да “орман халықтарын” бағындырды.

1208-1209 жылдары Шыңғысхан әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасап, таңғұттық Си Ся мемлекетін күйретті. Шыңғыстың қаһарынан сескенген қазіргі Шығыс Түркістан аймағындағы ұйғырлар моңғолдарға өз еркімен бағынды. Олардың ел басшысы Баршық өзін Шыңғысханның боданымын деп мойындаған. 1211 жылы Шыңғысханның қолы Солтүстік Қытайға бет алды, 1215 жылы олар сол кезде Цзинь мемлекетінің астанасы болған Чжундуды /Пекинді/ бағындырды.

Қытайда моңғолдар соғыс ісінің сол замандағы жоғарғы техникасымен танысты. Қытайдан көптеген қару-жарақ, қамал бұзатын машиналарын және оны қолдана білетін адамдарды, қолөнершілерді алған. Шыңғысхан өз әскерінің санын көбейтіп, жауынгерлік дайындығын одан ары жетілдірді.

Сөйтіп, ол Шығыс Еуропа мен Алдыңғы Азияға жол ашатын Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алу жорығына жап-жақты әзірленді. Бұл үшін ол мұсылман көпестерінен, моңғолдардың қол астында болған босқындардан мәліметтер алып, Қарақытайлар мемлекетінің, содан кейін Хорезм шахындағы ішкі жағдай мен әскери күштер туралы деректерге қанықты, соның негізінде ойластырылған іс-қимылдың бағдарламасын жасады.

Шыңғысхан Қазақстан мен Орта Азияға жорықты Жетісу арқылы жүргізбекші болды. Өз басының жеке жауы найманның ханы Күшлік ханды талқандап, бай қалалары бар Жетісуды өзіне қарату үшін оған 1218 жылы Жебе ноян бастаған әскер тобын жіберді.

Жетісуды Шыңғысхан әскері қарсылықсыз оңай басып алды. Моңғолдарға қарсы тұруға жарамай қашып кеткен Күшлік ханның мұсылмандарды қудалауы, қаталдығы, жігерсіздігі, салықпен зар илеткен зорлық-зомбылығына ыза болған жергілікті халық Шыңғысханға мойынұсынатынын білдірді. Жетісуды бағындырғаннан кейін Шыңғысханның Мәуеренахрға, сол кезде бүкіл Орта Азияны билеп отырған Хорезм мемлекетіне қарсы жорыққа жолы ашылды. Көп кешікпей оған сылтауда табылды. 1218 жылы көктемде Шыңғысхан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. 500 түйеден тұратын керуенінде моңғол жансыздарын қосып есептегенде барлығы 450 адам болатын. Көп адамы бар керуен

1218 жылдың жазында Отырарға келіп жетті. Отырардың билеушісі Қайырхан Иналшық көпестерді тыңшылық жауапсыз деп күдіктеніп, оларды өлтіруге бұйырды. Шыңғысхан Хорезм шахынан Қайырханды ұстап беруді талап етті. Бірақ Хорезм шахы бұл талапты орындамады, Шыңғысхан жіберген елшілерді өлтіруге әмір берді. “Отырар апаты” деп аталатын бұл тарихи оқиға Шыңғысханның Хорезмге қарсы соғысын тездетті.

Орта Азияны бағындыру үшін Шыңғысхан өзіне тәуелді елдерден алған жасақтармен қоса жалпы саны 150 мыңға дейін адамы бар қалың қолды бастап шықты. Моңғол әскері Отырарға таяп келгенде моңғолдардың басшысы Шағатай мен Үгедей бастаған бірнеше түменді қаланы қоршау үшін қалдырып, әскерлердің Жошы бастаған басқа бір шоғырын Сыр бойымен төмен бағыттады. Жебе мен Сүбедей басқарған үшінші шоғырға Сырдарияның жоғарғы ағысы бойындағы қалаларды бағындыру міндетін жүктеді. Шыңғысхан кіші ұлы Төлеймен - скеуі әскердің негізгі күштерімен Бұхараға беттеді.

Хорезмнің шахы Мұхаммед моңғолдарға қарсы тұруға дайын емес еді. Өзін онша жақсы көрмейтін жергілікті феодалдардың күш біріктіріп өзіне қарсы шығуынан қорыққан ол әскери күштерді әр қалаға бөліп ұстап отырған. Мұның өзі Шыңғысханға қалаларда тұрған шағын-шағын шоғырларды оп-оңай қарсылықсыз құртып жіберуге мүмкіндік жасады.

1219 жылдың күзінде Шыңғысхан орасан зор армияны бастап Жетісу арқылы Мәуереннахрға аттанды. Оңтүстік Қазақстанның жергілікті халқы моңғол басқыншылығына қатты қарсылық көрсетті. Мұнда Шыңғысхан әскерлері Отырар қаласына келіп, оны қоршауға алды. Қайырхан басқарған қалада 80 мыңдай әскер бар еді. Отырар қорғанысы Қазақстан мен Орта Азияның халық бұқарасының моңғол басқыншыларына қарсы жүргізген ерлік күресінің айқын көрінісі болды. Қарамағында қамал бұзатын техникасы, соның ішінде жанып кететін күбіршіктер, ататын машиналары болса да, моңғолдар бұл қаланы алты ай бойы ала алмады.

Қаланың құлауына опасыздық себеп болды. Әскер басыларының бірі – Караджа түн жамыла қала қақпасы-

нан шығып, моңғолдарға өтіп кетті. Қаланы қоршап тұрған моңғол әскерлері осы қақпа арқылы ішке лап берді. Моңғолдар қаланы әбден талады, халқын қырғынға ұшыратты. Осыған қарамастан әскердің бір бөлігі мен қала халқы Қайырханның басшылығымен оның ішкі қамалына кіріп алып, бір ай бойы қайыспай қарсылық көрсетіп, бір адамы қалғанша соғысты. Әбден титықтап барып алған қамалдағы жаралы адамдарды моңғолдар қырып салды.

Сойтіп, Отырар қамалын жермен-жексен етіп, Шағатай мен Үгедей бастаған моңғол шоғырлары Шыңғысханға келіп қосылды. Бұл кезде Шыңғысхан Бұхара мен Самарқанд арасындағы жолда болатын.

Сыр бойындағы қалалардың тұрғындары да ерлікпен қорғанды, соның бірі Сығнақ қаласы еді. Ол өзі жақсы бекінген, халқы көп, ірі сауда орталығы болатын. Жошы бастаған моңғолдар қаланы ұрыссыз беруді талап етіп, Сығнаққа Хасан қожа көпесті жіберді. Сығнақ халқы келіссөзге көнбеді, сатқын есебінде Хасан қожаны өлтірді. Содан кейін моңғолдар озеурей шабуылға шықты. Жеті күнге созылған шабуылға қала тұрғындары табан тіресіп қарсыласты. Бірақ көп ұзамай Сығнақ жеңілді. Моңғолдар қаланы талап, халқын аяусыз қырды. Көп ұзамай Үзгент және Баршанкент алынды. 1220 жылы 4 көкекте моңғол әскерлері Жент қаласын бағындырды. Әскердің Жошы жіберген басқа бір шоғыры Шехркентті /Янгикентті/ басып алды.

Сыр бойындағы қалалардың қарсылығын жеңгеннен кейін Шыңғысханның әскерлері Орта Азияның ішіне баса көктеп енді. Бірақ мұнда да олар халық бұқарасының қасарысқан қарсылығына кездесті. Үргеніш қаласының тұрғындары қаланы бірнеше ай бойы ерлікпен қорғады. Сондықтан бұл қалаға Жошы, Шағатай және Шыңғысхан әскерлерін әкелуге мәжбүр болды. Қала алдырмады. Оны тура шабуылмен ала алмағандан кейін, моңғолдар Әмудария өзенінің боғетін бұзып, қаланы суға тоғытып барып алды.

Моңғол басқыншыларына Орта Азияның ең ірі қалалары Бұхара мен Самарқандтың халқы да табынды қарсылық көрсетті. Самарқанд пен оның тоңірегінің еңбекшілері моңғол шабуылдарына тіресе тойтарыс беріп, өздері батыл

шабуылға шығып отырды. Моңғолдар қала билеушілері мен қолбасшылардың сатқындығының арқасында ғана Самарқандты басып алды.

1219 жылдан 1221 жылға дейін Шыңғысхан әскерлері бүкіл Орта Азия мен Қазақстанға ойран салып отті. Талай қалаларды талап, жойып жіберді. Хорезм шахы Мұхаммед Иранға қашып кетті. Ол кейін Каспий теңізі аралдарының бірінде олды. 1220-21 жылдардағы қысқы жорықтардың нәтижесінде моңғолдар Хорезм жерін тегіс жаулап, Орта Азиядағы соғыс қимылдарын аяқтады. 1221 жылдың көктемінен бастап соғыс Хорасан, Ауғанстан және Солтүстік Иран мемлекеттерінің жеріне ауысты.

Моңғол әскер басшылары Жебе мен Сүбедей нояндар басқарған 30 мыңдық жасақ Солтүстік Иранды басып алып, 1222 жылы Кавказға кірді. Моңғол әскерлері алаңдарды, қышпақтарды және Қалқа өзенінде орныққан орыстарды тас-талқан етіп жеңді. Олар орыс жерінің оңтүстік аймағын ойрандап, Қазақ /Дешті Қыпшақ/ даласы арқылы 1224 жылы Шыңғысханның Ертістегі ордасына қайта оралды.

Сонымен, 1219-1221 жылдардағы шапқыншылықтың нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына енді. Шыңғысханның жаулап алған байтақ жері түгелімен оның балаларына бөліп берілді. Шыңғысхан Ертістен Орал тауларына дейінгі, онан ары батысқа қарай «моңғол атының тұяғы жететін» аймақты үлкен ұлы Жошының билігіне берді. Орта Азиядағы иеліктерінен Жошы ұлысына - Әмударияның төменгі жағындағы аудандар /Солтүстік Хорезм/ мен Сырдария кірді. Жошының ордасы Ертіс алқабында болды.

Шыңғысханның екінші баласы Шағатайдың үлесіне Мәуеренахр, Жетісу және Қашқар тиді. Оның ордасы Іле алқабында орналасты.

Үшінші баласы Үгедейге Батыс Моңғоллия мен Тарбағатай жері қарады. Оның ордасы қазіргі Шәуешек қаласының маңында болды.

Кіші ұлы Толей - Шыңғысханның негізгі жұрты - Моңғолдың өзін мұраланды.

Сонымен Қазақстан жері моңғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен /далалық/ бөлігі - Жошы ұлысының, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан - Шағатай ұлысының,

Жетісудың солтүстік - шығыс бөлігі - Үгедей ұлысының құрамына кірді.

§2. Батыйдың Батысқа жорығы. Алтын Орданың құрылуы.

1227 жылы Шыңғысхан олды. Ол олгеннен кейін 1235 жылы Қаракорымда откен моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасауға шешім қабылдады. Моңғол әскерлерін Шыңғысханның мұрагер немересі, Жошының ұлы Батый /Бату/ басқаратын болды.

Батый әскері моңғол шоғырларына еріксіз енгізілген, әртектес тайпалардың жауынгерлерінен құралды. Ондағы басқару қызметтерінің бәрінде моңғол феодалдары тұрды.

Батыйдың самсаған әскері 1236 жылы Қамадағы Булғарияны, Мордваларды талқандап, 1237-1240 жылдары орыс мекендеріне келіп шүйлікті. Рязань, Мәскеу, Владимир түбінде моңғол әскерлерімен кескілескен ұрыстар жүрді. Орыстың шағын қаласы Козельск тұрғындары жеті апта бойы моңғолдарға жан аямай қарсылық көрсетті. Осы ұрыстарда мындаған моңғолдар қырылды. Бірақ сан жағынан әлдеқайда көп моңғолдар қаланы басып алып, оны жермен-жексен етті.

1239 жылдың басында моңғол әскерлері Еділ өзенінің ту сыртынан орыс жеріне екінші жорыққа аттанды. Қызу ұрыстар жүргізе отырып, моңғолдар Переяславль қаласын, онан кейін Чернигов қаласын қоршауға алып, оны өртеп күлге айналдырды. 1240 жылдың күзінде Батый әскерлері Киевті қоршады. Киев халқы ұзақ уақыт қаланың сыртында, тіпті, моңғолдар қала ішіне басып кіргеннен кейін де, қарсылығын тоқтатпады. Олар түгелімен дерлік қырғынға ұшырады. Аса бай мәдениет ескерткіштері бар ертеден келе жатқан орыс қаласы тағылықпен талқандалды.

Орыс халқының моңғолдардың күшін әлсіреткен, оларға қарсы жүргізген ерлік күрестің нәтижесінде ғана Батыс Еуропа моңғол шапқыншылығынан аман қалды. Бірақ, соның өзінде моңғолдар Польша, Венгрия, Чехияны және басқа елдерді талап құлазытты.

Батыйдың тау суындай екпінді жорығы барысында моңғолдар кең байтақ жерге не болды. Оның шегі батыста - Дниестрге, шығыста - Ертіске, оңтүстікте - Солтүстік Кавказға, Солтүстікте Батыс Сібір ойпатына дейін жетті. Батый иеліктерінің құрамына оңтүстік-шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Орыс княздіктері де Батыйға тәуелді бодан болды. Осындай аса зор мемлекет шығыс деректемелерінде Кок Орда, ал орыс жылнамаларында Алтын Орда деп аталды. Алғашында Алтын Орда Моңғолия империясына оның бір ұлысы ретінде енген еді, ал XIII ғасырдың 60-шы жылдарынан кейін ол дербес ел болып бөлінді.

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда - Еділ булғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен аңнан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес Қыпшақ, Қаңлы, Найман, Қоңырат, Керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті Қыпшақ тоңірегі мен Еділ бойына қоныс аударған моңғолдар аз болған жоқ. Олар жергілікті түркі тілдес халықтарымен сіңісіп кетті. Алтын Орданың орташық аймағы - Еділ бойы қазіргі Саратовтан Астраханға дейін (астанасы - Берке сарайы немесе Сарай әл-Жадид), негізгі әскери феодалдық күші - қыпшақ тайпалары. Алтын Орда өзіп билеген хандары - Батый 1241-1256 ж., Берке 1257-1266 ж., Моңке-Темір 1266-1280 ж., Төде Моңке 1280-1287 ж., Төле-Бұқа 1287-1291 ж., Тоқа-Темір 1291-1312 ж., Өзбек 1312-1342 ж., Жәнібек 1342-1357 ж. тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Батый Моңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары оздерін тәуелсізбіз деп есептеді. Ол Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық жүргізді, әр түрлі кәсіпшілікпен айналысып, қолөнерді дамытты.

Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында үстем дінге айналды. Саяси өмірдің ерекше маңызды кезеңдерінде билеуші Шыңғысхан әулетінің өкілдері бастаған феодалдық алпауыт

бсктердің құрылтайы шақырылып тұрды. Мемлекет құрылысы әскери негізде болды, шет аймақтарда әскери әкімшілік биледі. Қарулы күштер оң қол, сол қолға бөлініп, оларды ханзда-ұғландар, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы басқарды. Аса маңызды әлеуметтік қызметтерге билеуші таптың өз адамдары - ұғландар, әмірлер, даруғабектер қойылды. Мемлекеттік мекемелердің басында атақты билер мен олардың көмекшілері - бақауыл, тұтқауыл, жасауыл, қази, муфти, диуан игітіршілері, тамғашы, тартынақшылар отырды. Қалалар мен бағынышты аймақтарды басқару үшін даруғашылар (даруғабектер), басқақтар тағайындалды. Олардың негізгі міндеті жергілікті халықты бұғауда ұстау, әскердің күшімен алым-салық жинау еді. Алтын Орда халқының қоғамдық және мәдени даму дәрежесі әрқелкі болды.

Алтын Орда хандығы берік мемлекеттік бірлестік болмады, оның әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әр түрлі, экономикалық негізі төмен болды. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы байланыстар шиеленісе түсті. 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен кейін, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасындағы хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алды. Бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін іштегі алауыздық жегідей жеді. Тек 1357 жыл мен 1380 жыл арасында Алтын Орда тағына ие болған 25 хан ауысты. Оған қоса Алтын Орда қарауындағы езілген бұқара халықтың азаттық күресі өрістеді. Осындай қат-қабат қайшылықтар мен тартыстар нәтижесінде әлсіреген Алтын Орда XIV ғасырдың екінші жартысында ыдырап, бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп кетті. Негізінен қыпшақ рутайпалары мекендеген Алтын орданың шығысындағы ұлаң байтақ оңірде Батыйдың ағасы Орда Ежен Ақ Орда мемлекетін құрды. 1380 жылы Куликов даласында Мамай хан бастаған моңғол-татар әскерлерін талқандаған орыс княздары Алтын Ордадан тәуелсіздік алды. Алтын Ордадан бірте-бірте Қырым, Еділ бұлғарлары бөлініп шықты. Хорезм Ақсақ Темір мемлекетінің құрамына кірді. XIV ғасырдың аяқ кезінде Орта Азияның билеушісі Әмір Темірдің күшті шабуылдарының нәтижесінде Алтын Орда ыдырап құлады.

§3. Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуына және қазақ халқының қалыптасуына моңғол шапқыншылығының тигізген зардаптары

Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде моңғолдардың жаңа жерлерге қоныс аударғандары болды. Қазақстан жеріне, оның батыс және солтүстік аудандарына олардың шамалы бір бөлігі, ал оңтүстік аймаққа көптеген бөлігі келді. Олар біраз уақыттан кейін жергілікті түркі тілдес халыққа түгел сіңісіп кетті.

Моңғолдар жаулап алған елдерін арнайы тағайындалған уәкіл-әкімдер - даруғашылар мен тамғашылар - арқылы басқарды. Басқа елдердегі сияқты, моңғолдар бұл жерлерде де басқарудың бұрынғы жүйесін өзгерткен жоқ. Жергілікті басқару қызмет орындарының көпшілігінде бұрынғыша жергілікті феодалдар тұрды, бірақ оларды моңғол шенеуніктері қадағалап отырды. Өз артықшылықтары мен үстемдігін сақтау үшін моңғол феодал шонжарлары жергілікті феодалдармен туысқандасып кетті, бұл жағдай жаулап алушылардың жергілікті халыққа сіңісіп кетуіне де өсерін тигізді. Келе-келе моңғол шонжарлары жергілікті тілде сөйлей бастады. Дегенмен сұлтандар (төрелер) сияқты феодалдық ақсүйектер, біз - Шыңғысханның тұқымымыз, “ақсүйекпіз” деп есептеп, бұқара халықтан болектенуін қойған жоқ.

Ежелгі дәстүр бойынша тек Шыңғысхан ұрпағы “алтын ру” өкілі ғана хан бола алатын еді. Шыңғыс әулетінен тармаған сұлтандар Алтын Орда құлап, жаңа мемлекеттер құрылғаннан кейін де, халыққа билік жүргізу құқығын сақтап отырды.

Моңғолдар Қазақстан жеріне Шыңғысханның құқық нормаларын “Ясырларын” ендірді, мұнда феодал шонжардың артықшылықтары белгіленген-ді. Ол бойынша жергілікті халық соғыс жорықтарына қатысу үшін әрбір он үйден /түтіннен/ бір жауынгер беруге міндетті еді. Бүкіл халықтан хан әулетіне сыбаға тиіс деп есептелді және оларға ауыр алымдар мен міндеттемелер түсіп отырды. Кошпелі мал өсірушілер көпчур деп аталатын салық төлеуге тиісті болды, оның мөлшері жүз бас малдан бір бас мал беру. Егіншілерден де астықтай салық алынды. Әрбір он

тугар егістен қазына пайдасына бір тугардың өнімі, кейбір жерлерде харадж /жер салығы/ алынды.

Зерттеушілер жер-жерден жаппай алынған, моңғолдар белгілеген салықтың кемінде 20 түрін атап көрсетеді. Салық жинау құқығы сатып алынатын болды. Бұл құқықты сатып алушылар салықты аяусыз жинап, оны белгіленген мөлшерінен көбейтіп, артылғанын өз пайдасына сіңірді. Копестер баж салығын төледі. Салық жинаушылардың қарамағына арнаулы әскерлер тобы берілді.

Моңғол феодалдары салық төлеуді және басқа міндеттемелерді орындауды халықтан өте қатал талап етіп отырған. Салықты котере жинау жүйесінің ауыртпалығы негізінен еңбекшілерге түсті.

Моңғолдардың өздері салықтың қалай жиналып жатқанына онша назар салып қарамады. Моңғол шонжарларына керегі салықты уақытымен алу. Өздерінің қойған котере жинаушыларынан олар неғұрлым көп алса, котере жинаушылардың халыққа ауыртпалығы соншама күшейді. Оның үстіне котере жинаушылардың өздері де салықтар мен алымдардың өсе түсуіне күштартын. Өйткені жиналған қаражаттың бір бөлігі солардың қолдарында қалып қоятын.

Шыңғыс тұқымдары жергілікті феодал шонжарлардың көптеген өкілдеріне халықтан табыс түсіру және халықты әр түрлі жұмыстарға жегу құқығын беретін жарлықтар шығарып отырды. Халыққа лау және әскерді орналастыру міндеттемелері ауыр тиді. Елші-чиновниктер, бай копестер, хан әулетінің мүшелері Қазақстан жерінен өткен кезде әзір үй, азық-түлік, мал жемін, ат және басқаларды талап етті. Моңғол әскерлері қалаларда тұрды, олар және моңғол әскер шоғырларының бастықтары халық есебінен жабдықталды.

Моңғол үстемдігі Қазақстанның қоғамдық дамуына ауыр және кеселді зардабын тигізді. Әсіресе, ол қазақ қауымының экономикалық, мемлекеттік, әлеуметтік дамуына кері әсер етті. Елдің саяси және мәдени байланыстарын үзіп, шаруашылығын күйретті. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыстағы отырықшы аудандарының халқы қатты күйзелді. Мәселен, моңғолдарға дейінгі уақытта 200-ге тарта елді мекен болған бұл аймақта XIII-XIV ғасырларда жиырмадан аспайтын шағын қоныстар ғана қалды. Оның ішінде Отырар, Сауран, Сығнақ, Жент, Асанас сияқты ірі орталықтар қира-

тылып, Жетісу бойындағы қалалар құрып кетті. Еуропа саяхатшысы Марко Полоның (1271-1291) айтуы бойынша, моңғол билігі орнағаннан кейін олар бағындырған елдерде, соның ішінде Қазақстан жерінде әскердің кіруіне бөгет болмас үшін елге дуалдар мен қақпалар салуға рұқсат етпеген.

Моңғолдардың жаулап алуы салдарынан өндіргіш күштер құлдырап, адамдар жаппай қырылды. Халықтың материалдық және мәдени қазыналары жойылды. Ондаған мың тамаша шеберлер мен қолонершілер құлдыққа шетке айдалды. Жаулап алынған елдерде ауру-індеттер таралып, жаппай жоқшылық пен мұқтаждық күшейді.

Егістік алқаптар тапталып, халық дәулеті талан-таражға ұшырады. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға, әсіресе, Жетісуға моңғол көшпелілері ағылып келе бастады. Осының нәтижесінде үш моңғол ұлысының ордасы Жетісуға, Орта және Оңтүстік Қазақстанға келіп орын тепті. Елдің саяси жағдайы ауырлап кетті. Қалалар мен егістік алқаптар мал жайылымдарына айналды. Ол жөнінде Іле алқабын басып өткен саяхатшы Вильгельм Рубрух (1253-1255) бұрын бұл жерлерде көптеген қалалар болғанын, бірақ олардың көпшілігін моңғолдар қиратыпты, өйткені ең шұрайлы жайылымдар сол аймақта жатқандықтан, оларға мыңғыраған малды еркін жаятын жер қажет болды деп жазады.

Моңғол басқыншылығы шаруашылыққа кері әсерін тигізіп қана қойған жоқ. Ол сондай-ақ қоғамдық дамуды да тежеді, мұнымен қоймай жаулап алынған елдердің, оның ішінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымына елеулі қырсығын тигізді. Моңғолдар басып алған өлкелерде құл иеленушілік кең стек алды, феодалдық қатынастардың ең артта қалған формалары орныға бастады. Феодализмнің одан әрі даму процесінің тежелуі егіншілік пен қала мәдениетінің күрт құлдырауына, экономикада көшпелі мал шаруашылығының үлес салмағының арта түсуіне жол ашты.

Оның үстіне моңғол басқыншыларының қоғамдық даму дәрежесі Қазақстанның отырықшы аудандарына қарағанда әлдеқайда төмен еді. Атап айтқанда, Моңғолияда феодалдық қарым-қатынастар енді-енді дами бастаған болса, шаңқыншылық қарсаңында Қазақстанның отырықшы аудандарында феодалдық қатынастар едәуір дамыған болатын.

Бір айырықша айта кететін нәрсе: моңғол үстемдігі қазақ халқының қалыптасуын және оның жеке мемлекетінің құрылуын кешеуілдетті. Өйткені, жоғарыда айтылғандай, Қазақстан жері үш ұлысқа - Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарына бөлінді. Сойтіп, мұның өзі бір-бірімен нашар байланысқан түрік рулары мен тайпаларының біртұтас халық болып қалыптасу мүмкіндігіне кедергі жасады. Елдің саяси-территориялық тұтастығы бұзылды.

Моңғол үстемдігі сондай-ақ, Қазақстан жеріндегі коптеген этникалық топтарды сапырылыстырып жіберді. Бірақ, осыған қарамастан, байырғы тұрғындар әдет-ғұрпын, тілін сақтап қалды. XIII ғасырда моңғол ұлыстары арасындағы феодалдық тартыстар салдарынан ұлыстар ғана емес, этникалық топтар да ұсақталып кетті.

Шыңғысханның және моңғол феодалдарының жаулап алу саясаты басып алынған халықтар үшін ғана емес, сондай-ақ моңғолдардың өздері үшін де кесепат болды. Таусылмайтын соғыстар моңғол араттары бұқарасына шалғай жерлерге жорықтар кезіндегі қасіреттер мен жат жерде өлуден басқа ештеңе берген жоқ. Шыңғысханның және оның ізбасарларының соғыстары жаулап алынған елдердің ғана емес, сондай-ақ, Моңғолияның өзінің де ондіргіш күштерін күлдыратты.

Қорытып айтқанда, Шыңғысхан бастаған моңғол басқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің кеселді зардабы жағынан ең ауыр апат болды. Ол коптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси, экономикалық және әлеуметтік, этникалық дамуын ұзақ уақытқа тоқтатты.

Жетінші тарау

XIV-XV ғғ. Қазақстан жеріндегі феодалдық мемлекеттер.

§1. Ақ Орда мемлекеті

XIV-XV ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан халқы моңғол шапқыншылығының ауыр зардаптарынан бірте-бірте

арыла бастады. Бүліншілікке ұшыраған шаруашылықты, қираған қалаларды қалпына келтіруге бағытталған шаралар жемісін беріп, феодал-байлардың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары біраз жақсарды. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қала мәдениеті, еліншілік, колонер өндірісі жандана түсті. Өлкенің батыс, орталық, далалық оңірі мен оның оңтүстігі, Жетісу және Орта Азия аймақтарымен сауда байланыстары қалпына келтірілді. Сонымен бірге бұл тұста моңғолдардың қол астында болып келген көптеген ұлыстар мен елдер дербес тәуелсіз мемлекеттер қатарына шықты. *Осындай тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан жерінде алғашқы рет жергілікті этникалық негізде пайда болған ірі мемлекет - Ақ Орда хандығы.* Оның шекарасы Жайық өзенінен Ертіске, Батыс-Сібір ойпатынан Сырдың орта шеніне дейін созылып жатты. Ақ Орданың негізгі халқы ерте заманнан осында мекендеген түркі қыпшақ тайпалары, сондай-ақ, Алтайдан осында қоныс аударған паймандар, қоңыраттар, керейттер, үйсіндер, қарлұқтар және басқалары. Бұл тайпалар тілі жағынан бірін-бірі түсінетін біртекті түрік тілдес болды. Олар әлеуметтік-экономикалық жағынан, мәдени әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері де бір-бірімен ұқсас, туыстас тайпалар еді.

Ақ Орданың негізін қалаған Шыңғыстың немересі Жошы ханның үлкен ұлы Орда Ежен. Ақ Орда алғашқы құрылған кезде Алтын Ордаға тәуелді иелік болып есептелді, ал іс жүзінде өз алдына тәуелсіз саясат жүргізіп отырды. Ол кезде Алтын Орданың астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы еді. Ал Ақ Орданы билеген Орда Еженнің ордасы алғашында Ертіс алқабында Алақол маңында, яғни әкесі Жошы ханның алғашқы қоныстарында болды. Ақ Орда хандарының кестесі оларды болған уақытына қарай мынадай ретпен тізеді. Орда Ежен, Сартақ, Қоныша, Баян, Сасы-Бұқа, Ерзен, Мұбарак, Шымтай, Ұрыс хан, Қойыршақ, Барак, т.б.

Ақ Орданың кемеліне келіп, толысқан шағы XIV ғ. екінші жартысы. Бұл кезде Ақ Орда мемлекетінің шаруашылығы, мәдениеті қарыштап дамып гүлденді. Кошпелі және жартылай кошпелі мал шаруашылығы оркендеді. Ақ Орда хандары қалаларды қалпына келтіріп, қайта құруға зор күш

жұмсады. Олар хандықтың астанасы Сығнақ қаласында өз аттарынан металл ақша шығарды.

1361 жылы Ақ Орданың билеушісі болған Ұрыс хан өз жағдайын біраз күшейтіп, енді Алтын Орда тағына отыруға күш салды. Сөйтіп, 1374-1375 жылдары Еділ бойымен жорыққа шыққан ол Сарайды өзіне қаратып, Хаджы-Тарханды (Астраханды) қоршауға алды. Кама бұлғарларының жерін бағындырды. Бірақ Ұрыс ханның үстемдігі ұзаққа созылмай, келесі жылы ол Еділ бойынан кетіп, Алтын Ордадағы билікті Мамайға беруге мәжбүр болды. Өйткені бұл кезде Орта Азиядағы Мауеренахр жерінде билікті өз қолына алып күшейе түскен Әмір Темір Ақ Орданың оңтүстік шекарасына шабуыл қауіпін төндірген еді. Ақ Ордаға қарсы шабуылда Әмір Темір Маңғыстау үлесінің билеушісі Түйқожа оғланның баласы Тоқтамысты пайдалануға тырысты. Түйқожаны Ұрыс хан Алтын Ордаға қарсы жорықта қолдамағаны үшін өлтірген болатын. Ал Тоқтамыс Самарқандқа қашып келіп, Әмір Темірді паналады. Әмір Темір Ақ Орданы жаулап алу мақсатын жүзеге асыру үшін қару-жарак, әскери күш беріп, Тоқтамысты Ақ Ордаға қарсы айдап салды.

Тоқтамыстың алғашқы жорығы (1374-1375) сәтсіз аяқталды, Ақ Орда әскерлері Тоқтамыстың шоғырларын талқандады. Бұл соғыста Ұрыс ханның баласы Құтылық Бұға қаза тапты. Әмір Темірден жаңадан әскер алған Тоқтамыстың екінші жорығы да Ұрыс ханның баласы Тоқтақия басқарған Ақ Орда әскерлерінен жеңілді. Әмір Темір Ақ Ордаға жорық жасау үшін Тоқтамысты үшінші рет әскермен жасақтады және бұл жорықты өзі бастап шықты. Әмір Темір әскерімен Сырдариядан өтіп, Отырар маңына орналасты. Ұрыс хан әскерімен Сығнаққа келіп тоқтады. Алайда екі әскер тобы осылайша бір-біріне жақындамай, аталған жерлерде үш айдай тұрып, шайқаспай кері қайтып кетті. Тек төртінші жорық кезінде Ұрыс ханның және оның баласы Тоқтақияның қайтыс болуы Әмір Темірдің жеңіске жетуіне мүмкіндік берді. 1377 жылы Ұрыс хан қайтыс болғаннан кейін, Ақ Орда иелігі оның баласы Темір Мәлікке көшкен-ді. Осы кезде Тоқтамыс Орта Азия әміршісі Ақсақ Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандайды, сөйтіп 1379 жылы өзін Ақ Орданың ханы деп жариялайды.

Ақ Орданың көптеген әмірлерінің қолдауына ие болған ол 1380 жылы Сарайды, Хаджы-Тарханды, Қырымды және Мамай ордасын басып алады. Тоқтамыстың бұл табысы орыс жеріне басып кірген Алтын Орда ханы Мамайдың 1380 жылы Куликово даласында орыс әскерлерінен жеңілуі нәтижесінде мүмкін болды. Тоқтамыс мұнымен тоқтаған жоқ, әбден күшейіп алғаннан кейін ол Ақсақ Темірдің қамқор-қамтуынан босануға тырысады. Бірақ, 1388, 1391 және 1395 жж. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен үш жорығынан кейін Алтын Орда тас-талқан болып қиратылады. Темірден жеңілген Тоқтамыс Сібірге қашып кетті, оны 1406 жылы Сібір ханы Шәдібек олтірді. Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі талас-тартыстан XIV ғ. аяғы мен XV ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсірейді. Ол Әмір Темірдің боданына айналды.

1423-1424 жылдары Ұрыс ханның немересі Барақ өзінің бақталастарын жеңіп шығып, Ақ Ордада хандықты өз қолына алады. Бұл кезде, Ақ Орданың басты қаласы Сығнақ, сондай-ақ Сырдың орта ағысындағы қалалар Темір әулетінің қолында еді. 1425-1426 жылдары Барақ Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа аттанып, Сығнақты және Сырдария бойындағы басқа да қалаларды босатты. Осы жеңістің нәтижесінде Ақ Орда Темір әулетінің үстемдігінен тәуелсіз болып алды. Алайда, Ақ Орданың ішіндегі феодалдық таластартыс тоқтамады. Осының салдарынан 1428 жылы Барақ хан жауларының қолынан қаза тапты. Ол Ақ Орданың ең соңғы ханы болды. Барақ хан олгеннен кейін Ақ Орда ыдырады да, билік Жошының кіші ұлы Шайбан тұқымынан шыққан Әбілхайыр сұлтанның қолына көшті. Шайбан әулетінен шыққандар Барақ олгеннен соң, Ақ Орда жерінің елеулі бөлігін басып алды. Сөйтіп, 1227 жылы Жошы өліп, оның ұлысы екіге жіктелгенде жарыққа шыққан Ақ Орда хандығы екі ғасыр өмір сүрді. Ақ Орданың отырықшы аудандарында жерді шартты түрде иелену мен жеке меншіктің түрлері қалыптасты. Көшпелі аудандарда мал шаруашылығы кеңінен дамыды. Қыруар мал бай-феодалдардың қолына жинақталды, олар жердің пағыз кожасына айналды. Тарихи деректерде Ақ Орда елінде ақсүйектер жер иеленушілігінің инд-

жу, милк, соқтұрған сияқты түрлері және тархандық сый-тарту белгілі болғаны да айтылады. Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен ақсүйектер пайдасына күпшір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп, әртүрлі парыз-қарыздарды да өтеп тұрған.

Түркі тілдес тайпалар мекендеген Ақ Орданың ресми тілі - қыпшақ тілі, немесе көне қазақ тілі болып саналады. Батыс түрік (VI-VIII ғасырлар), түркеш-қарлық (VIII-X ғасырлар) және қимақ-қыпшақ (XI-XII ғасырлар) дәуірлерінен бастап қазақ тайпаларының өз алдына халық болып қалыптасуы осы Ақ Орда кезеңінде үздіксіз жүрді.

Қорытып айтқанда, Ақ Орданың хандары бұқара халықтың қолдауымен Алтын Ордадан тәуелсіздік алып, оны дербес мемлекетке айналдырды. Сырдария бойындағы шаруашылық, мәдениет орталығы болған маңызды қалалар үшін күресте Мәуеренахрдағы Шағатай хандарын жеңді. Әмір Темірдің Ақ Ордаға қарсы жасаған шапқыншылығына тойтарыс беру үшін аянбай күрес жүргізді. Ақ Орданың негізгі халқы моңғол шапқыншылығынан әлдеқайда бұрын қалыптасқан біртұтас этникалық территориясы, бірыңғай шаруашылығы және ортақ мәдениеті бар түркі тілдес ру-тайпалар болды. Кейін олар қазақ халқының жеке халық болып қалыптасуында үлкен рол атқарды.

§2. Моғолстан мемлекеті

XIV ғасырдың ортасына қарай Шағатай ұлысы дербес екі иелікке – шығыс және батыс бөліктерге бөлінді. Шағатай ұлысы қоныс еткен Мауеренахрдың батыс бөлігінде 50-60 жж. феодалдық ыдыраушылық әрекеті жойылып, Әмір Темір мемлекеті құрылды. Ал оның шығыс бөлігінде Моғолстан мемлекеті орнады. “Моғолстан” тарихи-жағрафиялық термині “моңғол” атауынан шыққап. “Моңғол” есімі Орта Азия мен Қазақстанда түрік және парсы тілдеріндегі тарихи туындыларда “моғол” деп аталып, жазылатын болған. Моғолстан мемлекеті алғашқы құрылған кезде билік Шағатай ханға адал қызмет еткен Дулат тайпасы әмірлерінің бірі – Болаттың қолында болған. Шыңғыс тұқымынан шықпаған, сондықтан хан болуға құқы болмағандық-

тан, Болат өзінің айтқанына конетін әлі жас 18 жастағы Шағатай ұрпағы Тоғылық Темірді 1348 жылы хан тағына отырғызды.

Моғолстан мемлекетінің құрамына Шығыс Түркістан, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Орта Азияның кейбір жерлері кірді. Мемлекеттің шекарасы батыста Ташкент пен Түркістан аймағынан шығыстағы Баркол мен Хами қаласына дейінгі, солтүстікте Балхаш, Тарбағатай мен Қара Ертістен оңтүстіктегі Ферғана мен Қашғарияның егінді аймақтарына дейін созылып жатты. Сонымен XIV ғасырдың ортасында ыдыраған Шыңғысхан империясының жерінде тағы бір хандық – Моғолстан мемлекеті құрылды (орталығы – Алмалық қаласы). Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасты. Бұл мемлекеттің негізін қалаған жоғарыда айтылғандай моңғол өмірлерінің бірінің баласы - Тоғылық-Темір хан (1348-1362 жж.). Ол Шығыс Түркістаннан бастап Жетісу өңірінен Оңтүстік Сібірге дейінгі көлемі зор, таулы-тасты, өзенді-көлді, ашық далалы, орман-тоғайлы жерлерді мекендеген түркі тектес тайпалардың басын қосты.

XIV-XV ғасырларда Моғолстан құрамына кірген тайпалар: дұғлаттар (дулаттар), қапшылар (бекшіктер), керейттер (керейлер), арғындар (арғынұт), баириндер, арлаттар, барластар, булғашылар және басқалары. Кейбір тайпалардың, мәселен, үйсіндердің аты аталмағанымен, олардың да осы бірлестікте болғанына ешбір күмән жоқ.

Моғолстанда мемлекеттің саяси басшысы және жер-судың жоғарғы иесі хан болды. Ақ Ордадағы сияқты мұнда да бай-феодалдар жерді шартты иеленудің икта, инджу, сойұрғал сияқты түрлерін пайдаланған. Кошпелі аймақтарда жер жалпы қауымның қарауында болған. Бірақ мал ірі ақсүйек байлардың қолында шоғырлануымен байланысты кошпелі аудандарда қоныс – өрістердің бәрі шынында да солардың меншігіне тиді. Хандар мен ел билеуші ақ сүйектердің пайдасына қала мен ауыл тұрғындарынан, егінші мен кошпелі халықтан күншір, зекет, тағар, баж, қарадж және тағы басқа да салықтар жиналды. Бұқара халық әр түрлі міндеттерді: әскери, кірешілік, сибек, пошта т. б. міндеттерді атқарды. Мемлекетті басқару ісінде ханға ұлысбек көмектесті. Дәстүр бойынша ол елдегі саны көп, бе-

жу, милк, соқтұрған сияқты түрлері және тархандық сыйтарту белгілі болғаны да айтылады. Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен ақсүйектер пайдасына күпшір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп, әртүрлі парыз-қарыздарды да отеп тұрған.

Түркі тілдес тайпалар мекендеген Ақ Орданың ресми тілі - қыпшақ тілі, немесе қонне қазақ тілі болып саналады. Батыс түрік (VI-VIII ғасырлар), түркеш-қарлық (VIII-X ғасырлар) және қимақ-қыпшақ (XI-XII ғасырлар) дәуірлерінен бастап қазақ тайпаларының өз алдына халық болып қалыптасуы осы Ақ Орда кезеңінде үздіксіз жүрді.

Қорытып айтқанда, Ақ Орданың хандары бұқара халықтың қолдауымен Алтын Ордадан тәуелсіздік алып, оны дербес мемлекетке айналдырды. Сырдария бойындағы шаруашылық, мәдениет орталығы болған маңызды қалалар үшін күресте Мәуеренахрдағы Шағатай хандарып жеңді. Әмір Темірдің Ақ Ордаға қарсы жасаған шапқыншылығына тойтарыс беру үшін аянбай күрес жүргізді. Ақ Орданың негізгі халқы монғол шапқыншылығынан әлдеқайда бұрын қалыптасқан біргұтас этникалық территориясы, бірыңғай шаруашылығы және ортақ мәдениеті бар түркі тілдес ру-тайпалар болды. Кейін олар қазақ халқының жеке халық болып қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

§2. Моғолстан мемлекеті

XIV ғасырдың ортасына қарай Шағатай ұлысы дербес екі иелікке – шығыс және батыс бөліктерге бөлінді. Шағатай ұлысы қоныс еткен Мауеренахрдың батыс бөлігінде 50-60 жж. феодалдық ыдыраушылық әрекеті жойылып, Әмір Темір мемлекеті құрылды. Ал оның шығыс бөлігінде Моғолстан мемлекеті орнады. “Моғолстан” тарихи-жағрафиялық термині “моңғол” атауынан шыққан. “Моңғол” есімі Орта Азия мен Қазақстанда түрік және парсы тілдеріндегі тарихи туындыларда “моғол” деп аталып, жазылатын болған. Моғолстан мемлекеті алғашқы құрылған кезде билік Шағатай ханға адал қызмет еткен Дулат тайпасы әмірлерінің бірі – Болаттың қолында болған. Шыңғыс тұқымынан шықпаған, сондықтан хан болуға құқы болмағандық-

тан, Болат өзінің айтқанына конетін әлі жас 18 жастағы Шағатай ұрпағы Тоғылық Темірді 1348 жылы хан тағына отырғызды.

Моғолстан мемлекетінің құрамына Шығыс Түркістан, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Орта Азияның кейбір жерлері кірді. Мемлекеттің шекарасы батыста Ташкент пен Түркістан аймағынан шығыстағы Баркөл мен Хами қаласына дейінгі, солтүстікте Балхаш, Тарбағатай мен Қара Ертістен оңтүстіктегі Ферғана мен Қашғарияның егінді аймақтарына дейін созылып жатты. Сонымен XIV ғасырдың ортасында ыдыраған Шыңғысхан империясының жерінде тағы бір хандық – Моғолстан мемлекеті құрылды (орталығы – Алмалық қаласы). Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасты. Бұл мемлекеттің негізін қалаған жоғарыда айтылғандай моңғол әмірлерінің бірінің баласы - Тоғылық-Темір хан (1348-1362 жж.). Ол Шығыс Түркістаннан бастап Жетісу өңірінен Оңтүстік Сібірге дейінгі көлемі зор, таулы-тасты, озенді-колді, ашық даланы, орман-тоғайлы жерлерді мекендеген түркі тектес тайпалардың басын қосты.

XIV-XV ғасырларда Моғолстан құрамына кірген тайпалар: дұғлаттар (дулаттар), қаңлылар (бекшіктер), керейттер (керейлер), арғындар (арғынұт), баириндер, арлаттар, барластар, булғашылар және басқалары. Кейбір тайпалардың, мәселен, үйсіндердің аты аталмағанымен, олардың да осы бірлестікте болғанына ешбір күмән жоқ.

Моғолстанда мемлекеттің саяси басшысы және жер-судың жоғарғы иесі хан болды. Ақ Ордадағы сияқты мұнда да бай-феодалдар жерді шартты иеленудің икта, инджу, сойұрғал сияқты түрлерін пайдаланған. Кошпелі аймақтарда жер жалпы қауымның қарауында болған. Бірақ мал ірі ақсүйек байлардың қолында шоғырлануымен байланысты кошпелі аудандарда қоныс – өрістердің бәрі шынында да солардың меншігіне тиді. Хандар мен ел билеуші ақ сүйектердің пайдасына қала мен ауыл тұрғындарынан, егінші мен кошпелі халықтан күншір, зекет, тағар, баж, қарадж және тағы басқа да салықтар жиналды. Бұқара халық әр түрлі міндеттерді: әскери, кірешілік, еңбек, пошта т. б. міндеттерді атқарды. Мемлекетті басқару ісінде ханға ұлысбек көмектесті. Дәстүр бойынша ол елдегі саны көп, бе-

делді дулат тайпасы әмірлерінен тағайындалған. Сондай-ақ хандар қасында ақсүйектер кеңесі қызмет еткен.

Моғолстанның алғашқы ханы Тоғылық Темір өзі билеген түркі тілдес мұсылман халықтары арасында беделін арттырып, үстемдігін нығайту үшін ислам дінін қабылдаған. Сонымен бірге ол өзіне қарасты ел арасында ислам дінін таратуға батыл шаралар қолданған. Мұның өзі Тоғылық Темірдің беделін арттырып, елдегі үстемдігін нығайта түсті. Осыдан кейін ол бұл кезде феодалдық ыдырау жолына түскен Мәуеренахрда Шағатай әулетінің билігін қалпына келтірмекші болды. Сойтіп, бұрынғы Шағатай ұлысының жерлеріне толық билікті жүргізуді көксеген Тоғылық Темір Мәуеренахр өлкесін Шыңғыс әулеті Денішмендінің атынан билеп отырған Қазағанның көзін құртуды, сол арқылы бұл өңірді Моғолстанға қосып алуды ойлады. 1358 жылы ол астыртын кісі жіберіп Қазаған әмірді олтірді. Бір жыл өткеннен кейін үлкен соғыстардың бірінде Қазағанның мұрагері, оның ұлы Абдолла да қаза тапты. Осыдан кейін Мәуеренахр бірнеше тәуелсіз иеліктерге бөлініп кетті. Бұл жағдайды пайдаланып қалуды көздеген Тоғылық-Темір оларды бағындыруға кірісті. Өзінің алғашқы жорығына Тоғылық Темір Жетісудан 1360 жылғы ақпан-наурыз айларында аттанды. Әскерлерімен Ташкентке жақын жерде тоқтап, Тоғылық Темір хан ілгері қарай барлаушы тобын жіберді. Ол Сырдариядан өтіп, Шахриябз қаласына қарай жүріп кетті. Тоғылық-Темірдің өзара жауласып жатқан жергілікті әмірлер өзіне қарсылық көрсетпейді деген есебі ақталды. Солардың бірі – Орта Азияның болашақ билеушісі Әмір Темір Тоғылық Темірге бағынатынын білдіріп, сол үшін Кеш қаласын үлесті жерімен өзіне басқаруға алды.

Алайда, Моғол әскерлерінің одан ары ілгерлеуіне Тоғылық-Темір әскербасыларының арасындағы алауыздық кедергі келтірді. Олар әуелі хан ордасына келіп, содан соң бүлік шығарып, Моғолстанға қайтып кетті. Моғол ханы Мәуеренахрды бағындыру жөніндегі одан арғы әрекетін тоқтатуға мәжбүр болды. Моғолстан әміршілерінің бүлігін басқан соң, Тоғылық Темір 1361 жылы көктемде тағы да Мәуеренахрға аттанды. Тоғылық әскерлеріне Мәуеренахрдың әміршілерінің бірі Хожа-Барлас жөнді қарсылық көрсе-

те алмай қашқанда Темір оған ілеспеді. Ол Тоғылық Темірге тағы да өзінің бағынышты екенін мойындады, сойтіп Шахрияб түменінің қолбасшысы болып тағайындалды. Мұның өзі оған Барлас тайпасына көсем құқығын берді. Бұл тұста ол 25 жаста еді. Мәуеренахрға екінші рет шабуыл жасап, оны бағындырған Тоғылық әмір оған билеуші етіп баласы Ілияс-қожаны қалдырды. 1362 жылы Тоғылық-Темір қаза тауып, Моғолстанда билік Ілияс-қожаға көшкенде Мәуеренахрға билеуші болып Қазағанның немересі Хұсайын тағайындалды. Осы тұста қарындасына үйленіп Хұсайынмен дос болған Темір онымен бірге Моғолстанға қарсы шығып, Мәуеренахрды өздерінің қол астына біріктіруге кірісті. Осындай тынымсыз шайқастардың бірінде оның екі саусағы кесіліп, бір аяғы жаншылды. Аяғы өмір бойы сырқырап ауырып, ақсақ болып қалған соң, ол содан бастап Темирлан (дұрысы Темирленг, “ленг” парсыша - ақсақ) Ақсақ Темір атанды. Ақсақ Темір мен Хұсайын Моғолстан әскерлерін талқандап, Мәуеренахрдағы жергілікті әмірлерді тізе бүктірді.

Тоғылық Темірден кейін Моғолстанның ханы болған Ілияс-Қожа 1365 жылы бұрынғы Шағатай иеліктерін біріктіруге әрекет жасады. Темір өз әскерлерімен оны Чиназ бен Ташкент аралығында Сырдарияның жағасында Батпақты деген жерде қарыс алды. Бұл жерде өткен белгілі “Батпақ шайқасында” Әмір Темір жеңіліп қашып құтылды. Шайқас кезінде екі жақтан 10 мыңға жуық адам қаза тапты.

Осы жеңістен кейін Ілияс Қожа Мәуеренахрдың басты қаласы Самарқандты қоршауға алды. Бірақ Самарқанд халқы кескілескен қарсылық көрсетті. Қаланы ұзаққа созылған қоршау Моғол әскерлерін әлсіретті. Әскерлердің мініс аттарының арасында “жамандат” ауруы пайда болып, қырылып қалды. Сондықтан Самарқандты алуға мүмкін еместігіне көзі жеткен хан Моғолстанға қайтуға мәжбүр болды. Ілияс Қожа қайтып келген кезде оны Қамар-ад-дин бастаған Дулат тайпасының әмірлері өлтіріп, билікті өз қолдарына алды. Сойтіп, Моғолстанның алғашқы хандары – Тоғылық Темір мен Ілияс Қожаның Шағатай ұрпағы мемлекетін қалпына келтіру жолында жасаған әрекеттері феодалдық алауыздық салдарынан сәтсіздікке ұшырады.

Моғолстанда осындай феодалдық бытыраңқалық жайлап жатқанда, өзінің туысы Хұсайынды өлтіріп, Мәуеренахрдағы билікті өз қолына алып, күшейген Әмір Темір енді Моғолстанды жаулап алуға кіріседі. Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған алғаш жорығы 1371 жылы басталды. Оның жіберген әскерлері Алмалық маңына дейін жетіп, осы өңірдегі Керей тайпасын талан-таражға салып, кері қайтады. 1372 жылы Әмір Темірдің өзі Моғолстанға қайта жорық жасап, Ыстыққол маңындағы Сегізтағашқа дейін барып, сансыз тұтқын, сан жетпейтін олжа түсіріп оралады. Осыдан кейін Әмір Темірдің сол кездегі Моғолстанның ең ірі билеушісі болған әмір Қамар-ад-дин дуғлатқа қарсы 1375-1377жж. аралығында бірнеше жорықтары жүрді.

Жорықтың алғашқысы 1375 жылы Жетісу жеріндегі Шарын өзені бойында болып, Моғол әскерлері талқандалды, дулат әмірі Камар-ад-дин Үш турфанға қарай қашты. Оның артынан Темір баласы Жаһангерді әскерімен аттандырды. Ол бұл аймақта Камар-ад-диннің елін, туған-туыстарын тонап, кері қайтты.

1376 жылдың көктемінде Хорезмді жаулап алумен айналысып жатқан Темір Моғолстанға Камар-ад-динге қарсы 30 мың әскерімен әмір Сасы-Бұға қыпшақты, Әділ-шақты және басқа да әмірлерін аттандырды. Бірақ әмірлер Моғолстанға бармай, Темірдің Хорезмге кеткенін пайдаланып, бүлік шығарды. Алайда, бүлікшілер Самарқандқа жетпей сәтсіздікке ұшырады. Олардың бір қатары Ақ Орданың билеушісі Ұрысханнан қолдау табамыз деген үмітпен Дешті Қыпшаққа қашты. Осыдан кейін әмірлер Моғолстанға Камар-ад-динге келіп оны Темірдің Мәуеренахрда жоқтығын пайдаланып шабуыл жасауға қондырды. Мұны естіген Темір әскерлерімен Мәуеренахрға қайтып оралды. Кейін шегінген Камар-ад-дин әскерлерінің артынан түсіп, Нарын жазығында Атбасы жерінде оларды талқандады.

1377 жылы Камар-ад-дин екі рет: біріншісінде – Қаратау етегінде, екіншісінде - Шу бойымен Ыстыққолге баратын жолдағы Бұғым шатқалында Әмір Темірден жеңіліске ұшырап, өзі қашып құтылды. Шапқыншылық кезінде халықтың мал-мүлкі тонауға түсіп, адамдар топ-тобымен Мәуеренахрға құлдыққа айдалды.

Моғол жеріндегі мұндай тонаушылыққа Әмір Темір қанағаттанып қойған жоқ. Ол Моғолстанды біржолата басып алуды көздеді. Оған жету үшін 1380-1390 жж. арасында Темір балаларымен бірігіп, Моғолстан жеріне бірнеше рет жойқын жорықтар ұйымдастырды. Моғол билеушілері Камар-ад-дин, Енге-гөре, 1379 жылы хан болып сайланған Тоғылық Темірдің баласы Қызыр Қожа қарсылық көрсеткенмен жеңілістен көзін ашпады. Темірді өз күштерімен жеңе алмайтындығына көзі жеткен олар Ақ Орданың ханы Тоқтамыспен келісіп, Темірге қарсы саяси одақ құрды. Алайда, бұл одақтан да еш нәтиже шықпады. Темір әскерлері Моғолстан жасақтарын Оңтүстік Шығыс Қазақстан жерінде, Алақол маңында, Күнгес пен Текес өзендерінің аралығындағы Жұлдыз жазығында, Ыстыққолде, Алмалыда, Қаратал өзенінің бойында ойсырата жеңді. Қызыр Қожа атағынан және билеу құқығынан айырылды.

Ақсақ Темір басқан ізінен қан сорғалатып, тек Моғолстанды ғана емес, сонымен бірге тағы басқа да көптеген елдерді жаулап алды. Мәуеренахрдан өзінің қанды жорығын бастаған ол әмірші болған 35 жыл ішінде (1370-1405 жж.) Хорезмді, Персияны, Әзірбайжанды, Гератты, Грузияны, Арменияны, Ақ Орданы, Ауғанстанды, Үндістанды, Египетті, Бағдатты, Сирияны, Кіші Азияны жаулап алып, табан астына салды. Мындаған адамдарды қырып, талай мың адамды құл қылып, қалаларын ойрандады, бақ-дәулетін шашты.

Әмір Темір түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақтардың тағдырына зор кеселін тигізді. Алтын Ордапын құлауына себепші болды. Қазақстанның оңтүстігінде гүлденіп тұрған Отырар, Сайрам, Ясы, Сауран, Еділ бойындағы Сарай-Берке, Астрахань сияқты қалаларын қиратты. Ақ Орданың быт-шытын шығарып, оның ханы Тоқтамыстың түбіне жетті.

XIV ғасырдың аяғына қарай Азия мен Еуропа құрлығының елеулі бөлігін жаулап алып, Әмір Темір құрған орасан зор мемлекет, 1405 жылы ол олғаннен кейін бытырап тарап кетті. Алайда, Моғолстанның жағдайы Әмір Темір олғаннен кейін де жақсармады. Қызыр Қожа ханның мұрагері Мұхаммад хан (1408-1416) Темір әулетінің ішіндегі талас-тартысты пайдаланып, Моғолстанның тәуелсіздігін

алу үшін Ферғанадағы Темірдің немересі Алшрақ Ахмад мырзаның Ұлықбекке жасаған қарсылығына оз әскерімен көмек берді. Бұл көмек біраз болса да моғолдардың, оз тәуелсіздіктерін алуға жағдай туғызады. Алайда Мұхаммад хан қайтыс болған соң Моғолстан жеріндегі билік үшін талас-тартыс, феодалдық бытыраңқылық қайта басталды. Осындай талас-тартыстың барысында Моғол билігі Қызыр Қожа ханның немересі Уәйіс оғлан қолына көшті. Уәйіс ханның тұсында да сұлтандар мен феодалдар арасында билік үшін талас ешбір толастамады. Бұл кезде хандық билік үшін Уәйіс ханның ағасы Шер-Мұхаммед күрес жүргізді. Оны Дулат әмірлерінің ішінде Құл-Мұхаммед пен Жаһан шах қолдады. Сонымен қатар ол Мәуеренахр ханы Ұлықбектен көмек сұрады. Осыны пайдаланып Ұлықбек 1425 жылы Моғолстан жеріне жойқын шабуыл жасады. Шапқыншылықтың барысында бұқара халық қисапсыз қырғынға ұшырады.

Дегенмен Ұлықбектің 1425 жылғы жорығы Моғолстанның мемлекет ретінде тұтастығына айтарлықтай әсер ете алған жоқ. Ұлықбектің моғол тағына оз адамын отырғызуға да, Жетісу жерін басып алуға да қолы жетпеді. Моғолстан дербес мемлекеттігін сақтап қалды.

1428 жылы Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін Моғолстандағы жағдай одан әрі шиеленісе түсті. Бұл кезде хандық үшін Уәйіс ханның екі баласы Жүніс пен Есенбұғы арасында талас басталды. Таластың барысында Қашқар жеріндегі дулат әмірлерінің қолдауымен 1434 жылы Есенбұғы хан тағына отырды. Бірақ хандық өкімет үшін Жүніс екеуінің арасындағы талас 1462 жылы Есенбұғы олгенге дейін тоқтамады. 1434 жылы Моғолстандағы хан тағы үшін інісі Есенбұғыдан жеңіліп, Мәуеренахрға барған Жүніс сұлтанды Ұлықбек Персияға жіберді. Жүніс Персияда 20 жылдай тұрып, мұсылманша толық білім алды. XV ғасырдың 50-ші жылдары Мәуеренахрдың билеушісі Әбусағит мырза Жүністі Персиядан шақыртып алды. Ол Моғолстанда жаңадан қырқыс тудырып, Есенбұғыны әлсірету мақсатымен 1455 жылы Жүністі оған қарсы аттандырды. Бұл ұрыста Есенбұғыдап жеңілген Жүніс сұлтан Мәуеренахрға қайтып оралды. 1462 Жүніс Есенбұғы ханның қайтыс болғанын естіп, өзінің Моғолстанға хандық өкіметке заңды

мирасқор екендігін жариялап, онда 1487 жылға дейін билігін жүргізді. Жүніс ханның тұсында да Моғолстанда талас-тартыс тоқтамады. Бұған қоса 1472 жылы ойраттар Моғолстан құрамындағы Жетісуға шабуыл жасады. Жүніс хан Іле бойындағы соғыста ойраттардан ойсырай жеңіліп, Сырдария бойына қашып кетті. Онда Жүніс хан Ташкент билеушісінің қолына тұтқынға түсті. Бір жылдан кейін босатылып, Моғолстандағы билік басына қайта оралды. Осы кезде Жүніс хан Мәуеренахр билеушісі Әбусағит мирасқорларының талас-тартысына араласып, 1482 жылы Сайрамды, 1485 жылы Ташкентті басып алды.

1480 жылы дулат тайпасы жетекшілерінің бірі Әбубәкір мырза Дулати Қашқарияны Моғолстаннан бөліп алып, өз алдына тәуелсіз иелік етті. Сондай-ақ 1481 жылы Жүніс ханның баласы Сұлтан Ахмет әкесінен бөлініп, моғолдар мен қырғыздар ақсүйектерінің қолдауымен Қырғызстанда іс жүзінде тәуелсіз иеліктің негізін қалады. Ал Ташкентте Жүніс ханның иелігін Сұлтан Махмұд (1487 – 1508 жылдар билік еткен) мұраға алды. 1514 жылы Моғолстанның Шағатай әулетінен шыққан хандардың ұрпағы Сұлтан Саид хан Әмір Темір әулеті Заһриден Бабұрға арқа сүйеп, Әбубәкір мырза Дулатиден Қашқарияны тартып алды да, жаңа хандық құрды.

XVI ғасырдың басында Жүніс хан ұрпақтары арасындағы алауыздық пен ішкі феодалдық қырқыс Моғолстан хандығының біржолата ыдырауына әкеліп соқты. Нәтижесінде ежелден Жетісу мен Іле өңірін мекендеген үйсін, дулат, қаңлы, жалайыр және тағы басқа қазақ ру-тайпалары Жетісуда құрылған Қазақ хандығының құрамына бірікті.

§3. Ноғай Ордасы

Алтын Орда ыдырап, Ақ Орданың әлсіреуі нәтижесінде Қазақстанда бой көтерген мемлекеттік құрылымдардың бірі - Ноғай Ордасы еді. Ноғай Ордасы Алтын Орданан XIII ғасырдың екінші жартысында болектене бастады. Бұл жағдай әмір Едіге тұсында 1396-1411 жылдары жалға-

сып, оның баласы Нұр ад-дының (1426-1440) кезінде аяқталды.

Ноғай Ордасындағы басты тайна маңғыттар болды. XIII ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша басшысы түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып “Ноғай Ордасы” ұғымы пайда болған.

Ноғай Ордасы Еділ мен Жайық арасындағы созылып жатқан жалпақ дала мен құмды, таулы жерлерді мекендеді. Оның халқы солтүстік батыста - Қазанға, оңтүстік шығыста - Арал, Атырау өңірлерінің солтүстігіне, тіпті Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі жерлерде коше-қонып жүріп мекендеді. Сыр бойындағы қалалар мен қамалдардың да бірқатары осы Ноғай Ордасына қарады. Оның орталығы - Жайықтың төменгі сағасындағы Сарайшық қаласы.

Ноғай Ордасының негізін қалаушы Едіге болып саналады. Ол XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында 15 жыл Алтын Ордада бүкіл билікті оз қолынан шығармай, оны өзі тағайындаған хандар арқылы басқарды. “Беклер бегі, немесе Ұлы әмір атанған Едіге көрші ұлыстардың өміріне де ықпал етіп отырған.

Едіге түрік тектес халықтардың тарихи зердесінде өшпес із қалдырды. “Ел қамын жеген Едіге” - деп ардақтаған халық оның тұлғасын “Артынан келіп қарасам, қаһардан пайда болғандай, алдынан келіп қарасам, лапылдан пайда болғандай”, - деп сүйсіне жырға қосты. Ол 1399 жылы Литва-Польша әскері мен Тевтон ордені рыцарьларының біріккен жасақтарына күйрете соққы берді. 1408 жылы Едіге орыс әскерлерін талқандап, Мәскеуге дейінгі жерлерді жеңісті жорықпен жүріп өтті. Оның есімі тарихи шежіре-жылнамалардың бәрінде де үлкен құрметпен аталады. Едіге Тоқтамыспен де егесіп соғысқан. Алтын Ордадағы феодалдық озара қырқыс кезінде Ноғай ұлысын нығайтуға тырысқан жаулары Едігені 1419 жылы өлтіреді. Едіге өлгеннен кейін де Ноғай Ордасында бүкіл саяси билік пен экономикалық жағдай шын мәнінде оның ұрпағы – маңғыт әмірлерінің қолында болды. Мұнда Алтын Ордадан болектенген бірқатар иеліктерде Шыңғыс әулетінен хан көтеру Едіге ұрпағының келісімінсіз қабылданбайтын дәстүр қалыптасты.

Ноғай Ордасы құрамына Маңғыттармен қатар Қоңырат, Найман, Арғын, Қаңлы, Алшын, Қыпшақ, Кенгерес, Қарлұқ, Алаша, Тама және басқа ру тайпалары кірді. Олардың басына арасында билік пен жер үшін толассыз тартыстар үнемі орын алды. Өйткені Ноғай Ордасы да Алтын Ордадан кейін құрылған басқа бірлестіктер сияқты біртұтас этникалық құрылым емес, көбінесе саяси құрылым негізінде ұйымдасқан хандық еді.

Қазақстан жеріндегі басқа да көшпелі мелекеттер сияқты, Ноғай Ордасының шекарасы тұрақты болмай, сыртқы жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. XV ғасырдың екінші жартысында ноғайлар Жайықтың сол жағалауынан өтіп, “Көшпелі өзбектердің” өріс-қонысын басып ала бастайды. Бұл кезде Сырдария қалалары мен Орға Азияға шапқыншылық жасаудан қолы тимеген Әбілхайыр хан ноғайларға қарсылық көрсете алмады. Нәтижесінде ноғайлардың солтүстік-шығыстағы өріс-қоныстары Батыс Сібірге дейін жеткен, ал оңтүстік шығыста олар кейде Сырдария бойында, Арал теңізі жағасында көшіп жүрген. Ноғай ру-тайпаларының билеушілері Уақас би, Мұса мырза, Жаңбыршы мырза және басқалары Әбілхайыр ханға Сырдария бойындағы қалаларды жаулап алуға көмектескен. Кейбір кезде ноғайлар қазақ хандығымен соғысса, енді бірде тағуласып, олармен одақ құрып отырған.

XIV-XV ғасырларда Ноғай Ордасында ерте феодалдық қатынастар қалыптасқан. Әлеуметтік бай-феодал топтардың қатарында хандар мен мырзалар, сұлтандар мен билер, бектер болды. Олар Орда құрамындағы ұлыстарды, ру-тайпаларды басқарды. Барлық байлық, экономикалық маңызды мәселелер далалық ноғай ақсүйектерінің қолдарына жинақталды. Мұндағы жер-су, жайылым жерлер сөз жүзінде рулық қауымдастықтың меншігі болып есептелгенімен, шын мәнінде қоныстар, мал өрістері, аң аулайтын жерлер бай топтардың иелігінде болды.

Ноғай Ордасында өкімет пен елді басқару ісі саяси ұйымдастырудың ұлыстық жүйесі негізінде қалыптасты. Шыңғыс тұқымынан шыққан хандар мен сұлтандарға Ордадағы өкімет билігі, соның ішінде әскери, елшілік, әкімшілік т.б. билік түрлері мұра ретінде көшіп отырған. Орда бірнеше ұлыстарға бөлінген. Ұлыстың қарапайым қатардағы

көшпелі малшылары мырзалармен, бай-ақсүйектермен бірге көшіп-қонып отырған. Олар алым салық төлеп отыруға, соғыстар мен жорықтар кезінде мінетін атымен, қару-жарағын асынып келуге міндетті болды.

XV ғасырда Ноғай Ордасы өздерінің солтүстіктегі көршісі Орыс мемлекетімен сауда-экопомикалық қатынастар және саяси байланыстар орнатады. Мұның өзі Ноғай Ордасы тарихын Еділ бойы мен Сібірдегі, сондай-ақ Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі басқа да көрші мемлекеттер тарихымен тығыз байланыстырып қарауда үлкен маңызы бар. Ноғайлар тарихы, әсіресе, көшпелі өзбектер мен қазақтар тарихына ерекше жақын келеді. Өйткені Ембі мен Сырдария арасында көшіп жүрген ноғайлар қазақтармен ұдайы араласып-құраласып байланысып жатқан. Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының жақын туысқандығы туралы Ш. Ш. Уәлиханов өзінің шығармаларында әдейі атап көрсеткен. Ол алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек тұсында достық қатынаста өмір сүрген ноғайлар мен қазақтарды “екі туысқан орда” деп атаған.

Ноғай Ордасында да сұлтандар мен ақсүйек-феодалдардың арасында хандық билік үшін талас-тартыс тоқтамай үнемі жүріп жатты. Осы алауыздық оның да түбіне жетті. XV-ші ғасырдың бірінші жартысында Ноғай Ордасы ыдырап, оның орнына Қазан, Қырым, Астрахань хандықтары құрылды. Оның Қазақстан жеріндегі бір бөлігі қазақтардың Кіші жүзінің құрамына кірді.

§4. Әбілхайыр хандығы *(“Көшпелі өзбектер мемлекеті”)*

XIII ғасырдың ортасынан бастап Жошы ұлы Орда Ежен негізін қалаған Ақ Орданың батыс жағында Шыңғысханның тағы бір немересінің атымен Шайбан ханының үлесті жері даралана бастайды. Ол Боз орда деп те аталған. Тарихи деректердің көрсетуі бойынша, Шайбан бұл жерлерді Бату ханның батыстағы соғыстарына қатысканы үшін алса керек. Шайбан ханның Батудан сыйлық ретінде алған үлесіне алғашқы кезде қосшы, найман, бұйрақ, қарлұқ тайпалары кірген. Шайбани хан Орал бөктеріндегі Тобыл, Жайық,

Ырғыз озендерінің аралығындағы кең байтақ жерлерді жаны жайлау қылса, Арал жағалауында, Шу, Сарысу, Сырдария бойларының төменгі ағыстарында қыстаған.

Шайбани тұқымдары Алтын Орда тағында ешуақытта билік етпеген және олар Батый хан ұрпақтарына үнемі басынып отырған. Сойтіп олар Ақ Орда хандары сияқты Алтын Орда тағы үшін жан аямай күреспеді, өздерінің материалдық және адам ресурстарын ысырап етпеді. Шайбанилер Әмір Темір мен оның мұрагерлерінің басқыншылық соғыстарына тойтарыс беруге де аз тартылды. Өйткені Әмір Темірді Шайбан ұрпақтары көшіп жүрген далалық аймақтардан гөрі бірінші кезекте Сырдария бойындағы бекініс-қалалар қобірек қызықтырды.

XIV ғасырда Орда-Ежен мен Шайбани ұрпақтары иелігіндегі ұлыстар мен ру-тайпалар Ақ Орда мемлекетінің құрамында болды. Мұнда Орда-Ежен мен Тоқа Темір әулетінен шыққан хандар билік жүргізді. Дегенмен, осыған қарамастан Шайбани ұрпақтары өз иелігіндегі билігін сақтап қалды. Ал XV ғасырдың 20-жылдарының аяғына қарай Шыңғыс ұрпақтары мен көшпелі түрік шонжарларының қиян-кескі күресінің нәтижесінде билік Орда-Ежен мен Тоқа-Темір мұрагерлерінен Шайбан ұрпақтарына ауысады. Оған Ақ Орданың әлсіреуі мен құлдырауы, оның соңғы ханы Барақтың 1428 жылы қаза табуы себепші болды. Бұл кезде Ақ Орданың жерінде бір-біріне тәуелсіз екі саяси бірлестік нығайды. Олардың біріншісі – Жайықтан және оның батысына қарай Еділге дейінгі жерлерді қамтыған Ноғай Ордасы. Ал Жайықтың шығыс жағында Ырғыз, Елек, Торғай, Сарысу бойында, Тобыл мен Есілдің жоғарғы ағыстарына Шайбани ұрпақтары иеліктерін жүргізді. Олар: Аралдан солтүстікке қарай Шайбани әулеті Жұмадық ханның ұлысы, Шайбани әулетінің екінші бір тұқымы Мұстафа хан Атбасарда, үшінші бір тұқымы Махмұд-Қожа Тобылда, маңғыт Кепек би мен Адабек Бүркіт Батыс Сібірдегі Тура өңірінде билік еткен. Жазба тарихи деректерде бұл феодалдық иеліктер Көшпелі өзбектер хандығы деп те аталған. Бұл ұлыстардың арасында жер үшін, билік үшін ешбір тоқтаусыз, қиян-кескі ұрыстар үнемі болып тұрған. Осы талас-тартыстың барысында Жошының Шайбан ұрпағынан тараған Дәулет-Шайхоғылының баласы 17 жасар Әбілхай-

ыр жеңіске жетті. Ол 1428 жылы Батыс Сібірде Тура (Тюмень) қаласында хан болып жарияланды. Оны Шайбани ұлысына кірген рулар мен тайпалдардың 200-ге жуық ірі өкілдері қолдаған.

Әбілхайыр хандығы Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарының көптеген жерін қамтыды. Халқының құрамына Ақ Ордаға кірген түрік және түріктенген түрік-монғол тайпалары жатты. Олардың бастылары: қыпшақ, найман, қият, маңғыт, қарлұқ, қоңырат, қаңлы, ұйылың, шыпбай, күрлеуіт және тағы басқалары. Бұл тайпалар тілі, шаруашылығы, мәдениеті және тұрмысы жағынан туыстас тайпалар. Сондықтан олар “өзбек” деген атпен саяси жағынан бірге аталған.

Шығыс Дешті-Қыпшақтың феодалдық бытыраңқы жерлерін біріктірген “Қошнелі өзбектер мемлекетінің” яғни Әбілхайыр хандығының Қазақстан тарихында елеулі орыны бар. Оның иелігі Ноғай Ордасының шығыс бетін, батыста - Жайыққа, шығыста - Балқашқа дейінгі, оңтүстікте - Арал теңізі мен Сырдарияның төменгі ағысына, солтүстікте - Тобыл мен Ертістің орта ағысына дейінгі жерлерді қамтыды.

Әбілхайыр басқарған 40 жылдай уақыт ішінде (1428-1468 жж.) елдің саяси жағдайында тұрақтылық пен тыныштық болмады. Оның қолынан билікті алу үшін күрескен әр түрлі топтар мен күрес жүргізуге тура келді. Жошы әулеті - оның ішінде Ибак-хан, Берекесұлтан, Ұрыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей тағы басқалары - Әбілхайырға үнемі қарсы шығып отырды. Сондықтан Шығыс Дешті-Қыпшақтың аумағы саяси жағынан бытыраңқы бөлініп қала берді. Бұған Әбілхайыр ханның тоқтаусыз жүргізген соғыстары мен жорықтарының да үлкен әсері тиді. Әбілхайыр да хандық билікті өз қолына алған соң, басқа хандар сияқты, елдегі үстемтап өкілдерінің талабына сай қызмет етуге әрекет жасады. Осы мақсатта ол басқа елдерге жорық жасау, жаңа елдерді басып алу, соғыс барысында қолға байлық түсіру, оны ақсүйек-феодал арасында бөліске салу ісімен айналысты.

Әбілхайыр хан өзінің жаулаушылық әрекетін XV ғасырдың 30-шы жылдарынан бастайды. Ең әуелі ол Тобыл бойында Шайбани ұрпағы Махмұд Қожа ханды талқандайды. Жошы балаларының бірі Тоқы-Темірдің тұқымдары

Махмұд ханмен Ахмед ханның иелігіндегі Арал, Сырдария жерлері үшін Екіретүште болған шайқаста жеңіске жетіп, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға жол ашады. Әбілхайыр Алтын Орданың әлсіреуін пайдаланып, Еділ бойындағы көптеген жерлерді басып алады. Өзінің орталығын Турадан Орда-Базарға көшіреді. 1430 жылы аз уақыт Хорезмді басып алып, Үргеніш қаласын тонайды. 1446 жылы Әбілхайыр өзіне қарсы болып жүрген күшті шонжарлардың бірі – Мұстафа ханның әскерлерін талқандайды. Сол жылы Әбілхайыр хан Сырдария өзені мен Қаратау байрағындағы Созақ, Сығнақ, Аққорған, Үзкент қалаларын басып алып, Сығнақты өз хандығының астанасына айналдырды. Сырдария бойындағы қалаларды Әбілхайырдың бағындыруының үлкен саяси-экономикалық маңызы болды. Өйткені кәсіпшілік пен сауда орталықтары болып саналатын Сырдария қалалары Әбілхайыр хандығын нығайтуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз еді. Қалалар көшпелі өзбек хандығының әмірлері мен сұлтандарына берілді. Созақ өзіне қарасты барлық жерлерімен Бақтияр сұлтанның, кейін оның баласы Әлеке сұлтанның иелігіне көшті, Үзгенг - маңғыт Уақас би қол астына берілді. Ал Отырар, Ясы, Сайрам мен Сауран Темір әулетінің қарамағында қалды.

Әбілхайырдың Сыр бойындағы қалаларды басып алу ағайындас Шайбани ұлысы мен Ақ Орда ұлысы ру-тайпаларының арасындағы қырғи-қабақ қатынастарды одан әрі шиеленістіре түсті. Себебі бұл қалалар мен оның төңірегіндегі алқаптарды қарату Барақ ханның тұқымдары Керей мен Жәнібек сұлтандардың және оларға тәуелді, Сырдария мен Қаратау өңірінде көшіп-қонып жүрген қазақ руларының мүдделеріне қайшы келді. Бұл олардың арасындағы күрестің қайта жанданып, қазақ сұлтандары мен оларға қарасты рулар мен тайпалардың Моғолстан жеріне көшіп кетуіне әкеліп соқтырды.

XV ғасырдың 50-ші жылдары Әбілхайыр Мәуереннахрдағы Темір ұрпақтарының ішкі тартысына араласып, Самарқанд пен Бұхараға талау-тонау жорықтарын жүргізді. Әбілхайырдың шапқыншылықтарының табысты болуына, оның жергілікті бай-феодалдармен келісімге келуі ықпалып тигізді. 1451 жылы ол Темір ұрпақта-

рының бірі Әбу-Саидке Самарқандта өкімет билігін алуына көмектесті.

Соғыстар барысында Әбілхайыр қанша жерлерді қосып алғанымен, хандық ішінде саяси берік бірлік болмады, әлеуметтік-экономикалық қайшылықтар күшейді. Бұған Әбілхайырдың өз тұқымдарын, ақсүйектерді қолдап, ерекше еркіндік беруі, ал жергілікті ру-тайпалардан шыққан би, бек, сұлтандарды қарасүйек деп оларға өктемдік көрсетуі де өзінің теріс әсерін тигізді. Сондықтан ірі феодалдық топтар, ру басылары, сұлтандар оны қолдамады, қарсы шығып отырды. Әбілхайыр мемлекетінің ішкі әлсіздігі, Шығыс әулеті арасындағы тоқтаусыз қырқыстар, көшпелі рулар мен тайпалар сұлтандарының өз алдына болінуге ұмтылуы 1456-1457 жылдардағы Әбілхайырдың Үз-Темір-Тайшы басқарған ойраттармен Сығнақ маңындағы шайқаста күйрей жеңілуіне алып келді. Ол Түркістандағы талан-таражға түскен қалаларын тастап, Дешті-Қыпшақ даласына кетуге мәжбүр болды. Тек 60-жылдардың басында ғана Әбілхайыр Сырдария бойындағы бұрын өзі жаулап алған қалаларына қайта оралды. Осы жерден Әбілхайыр 1468 жылы Моғолстанға қарсы жорыққа кетіп бара жатқанда кенеттен қайтыс болды.

Сонымен ішкі және сыртқы қайшылықтардың шиеленісуі, бітпейтін феодалдық соғыстар мемлекеттің шаңырағын шайқалтып, Әбілхайыр хандығының ыдырап тарауына ұрындырды. Сөйтіп Шайбани әулетінің Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі тоқтады. Көшпелі өзбек тайпаларының бір бөлігі XVI ғасырдың бас кезінде Мәуеренахрға көшіп кетті. Қазақстан жерінде қалып қойған ру-тайпалар қазақ хандарының қол астына кірді. Темір ұрпақтары өкіметінің әлсірегенін пайдаланып, Шайбанилер Орта Азиядағы өкімет билігін басып алды.

§5. XIV-XVғғ. Қазақстан экономикасы мен мәдениеті

XIV-XV ғасырларда Қазақстан жеріндегі халықтардың өмірінде бір хандықтар тарап, екінші хандықтар құрылып, шексіз өзгерістер болып жатқанына қарамастан, халық ертеден келе жатқан ата кәсібі - мал шаруашылығымен

дәйекті шұғылданған. Оның отырықшы, кошпелі және жартылай кошпелі түрлері болды. Отырықшы мал шаруашылығы оңтүстікте, Сыр бойының күнгей беттерінде күшті дамыды. Маңғыстау, Арал аймақтарын мекендеген ел бүкіл жыл бойы жайылымнан жайылымға үздіксіз көшіп жүрген. Мал шаруашылығының кең тараған дәстүрлі түрі жартылай кошпелі мал шаруашылығымен айналысқан шаруалар ішінара егін егіп, малдың қысқы азығын дайындауды әдетке айналдырды. Олардың қыстауға арналған тұрақты орындары болды. Көп жерлерде қой мен жылқы өсіру басты орын алса, оңтүстік пен оңтүстікшығыстағы отырықшылық жерлерде табындап мүйізді ірі қара өсірілді. Малдан түсетін өнімдер кошпелілердің киім мен тұрмыс заттарына сұранымын қанағаттандырып отырды. Кейбір жекелеген қол өнер шеберлері аса күрделі бұйымдарды - аттың ер-тоқымының металл әшекейлерін, қару-жарак: семсер, сүңгі, садақ, оқ, арба және т. б. келістіріп жасады.

Қазақстан саяси орталығының елдің оңтүстігіне ауысуы егіншіліктің дамуына жол ашқанын айту керек. Бұл жерлерде ел билеушілер егіншілік ошақтарын қалпына келтіруге күш салды. Егіншілік, өсіресе қала мандарында қатты дамыды. XIV ғасырда Сырдарияның орта ағысындағы егіншіліктің күшті дамыған жері - Сығнақ қаласы. Қала тұрғындары суармалы учаскелерде бау-бақша мен көкөніс өсірді, дәнді дақылдар егілетін суармалы және тәлімі жерлер олардан алысырақ орналастырылды.

Егіншіліктің екінші бір орталығы - Ясы қаласының маңы. Бұл араның тұрғындары астық және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерімен тек өз мұқтаждықтарын қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар астықты базарға шығарып отырды. Егіншіліктің ірі ошақтары Отырар, Сауран және Сайрам, сондай-ақ Тараз, Сауыр, Қорған, Аспара қалаларының маңында көптеген егін шаруашылығы дақылдары өсірілді. Іле алқабында дәнді дақылдар, атап айтқанда, бидай мен арпа өсірілгені туралы деректер бар.

XIV-XV ғасырларда өндіргіш күштердің дамуы Қазақстанның оңтүстігінде ескі қалалардың қалпына келтіріліп, жаңа қалалардың пайда болуына, мәдениеттің оркендеуіне жол ашты. Оңтүстіктегі ірі қалалардың бірі

– Тараз, елдің экономикалық мәдени тұрмыс тіршілігіне елеулі ықпал жасады. Онда күмістен теңге құйылып, әшекейлі бұйымдар, орнектелген ыдыс-аяқтар жасалды. Оның тоңірегінде бірнеше әдемі мазарлар бой көтерді. Сырдария мен Арыс алқабында жиырмадан астам қала болған. Сырдың сол жағасында Асанас, Үзкент, Аққорған, Сүткент сияқты қалалар бой көтерді. Ақ Орданың астанасы Сығнақ ірі сауда-егіншілік орталығы және мықты бекінісі бар қамал ретінде көзге түсті. Түркістан, Батыс Моғолстан және Темір ұрпақтары мемлекетінің тоғысқан жеріндегі Сайрам қаласы ірі сауда, колонер орталығына айналды.

XIV ғасырда қалпына келтірілген Отырарда көптеген жаңа үйлер салынып, алтын, күмістен ақша құятын сарай жұмыс істей бастады. Батыс Қазақстандағы ірі қалалардың бірі - кейін Жайық казак-орыстары талқапдап кеткен, Жайықтың Каспийге құяр жеріндегі Сарайшық қаласы. Бұл оңірде қала тигітес салынған мекендер аз болған жоқ.

Осы тұста жаңа архитектуралық стильдің қалыптасуы, құрылыста жаңа әшекей орнектер түрлерінің, қаптама материалдарының пайда болуы көптеген қалаларда көрнекті ғимараттардың бой көтеруіне мүмкіндік берді. Солардың бірі - Түркістандағы Қожа Ахмет Иассаунидің мазары. Отырар, Тараз, Сауран, Жент және басқа қалаларда салынған медіресе, мешіттер Сығнақ маңындағы Шайбани тегінен шыққан дала хандарының әшекейлі мазарлары оздерінің қайталанбас бітімімен көз тартатын құрылыстар.

Орталық Қазақстанда Сарысу, Кеңгір, Торғай өзендерінің алқаптары мен Бетпақдаладағы XIV-XV ғасырларда озіндік ерекшеліктері бар Алаша хан, Жошы хан, Болған-ана мазарлары да оздерінің көркемдік стилімен ерекшеленеді.

XIV-XV ғасырларда Қазақстанда сауда-саттық кеңінен дамыды. Мұнда Орта Азиядан Жетісу арқылы Алтайға және Моңғолияға баратын сауда жолы маңызды рол атқарды. Сондай-ақ, Еуропа елдері мен Византия, Қырым арқылы өтіп, одан ары Танға (Донның төменгі ағысы), Еділ бойындағы Сарайға, Әмудариядағы Үргенішке, Қызылқұм арқылы Отырар мен Сайрамға баратып, сол жерде ежелгі “Жібек жолына” келіп қосылатын сауда жолы да, экономикалық

қырым-қатынас пен сауда-саттықтың оркендеуіне зор әсерін тигізді.

Бұл кезде Орта Азия мен Хорезмнің, Оңтүстік Қазақстан мен Батыс Жетісудың негізгі мәдени ошақтарында рухани өмір жандана түсті. Моңғолдар жаулап алған өлкелерде моңғол тілі үстемдік ала алмай, Жошы мен Шағатайдың ұлыстарында хан жарлықтары көбінесе түрік тілінде жазылды. Мұнда араб және парсы тілдерімен қатар түрік тілі әдеби және ғылыми шығармалар тілі болды. Қазақстан жерінде қоныстанған моңғолдардың тез арада түріктеніп кетуі, мұнда түркі тілдес халықтың басым болғандығын көрсетеді. Жалпы алғанда, XIV ғасырдың аяғына қарай Қазақстан мен Орта Азияны алып жатқан ұлы құрлықта татар, қырым татары, әзірбайжан, ескі өзбек (шағатай), қазақ, түрікмен тілі және түрік әдеби тілдерінің негізі қалыптасты. Моңғолдар Дешті Қыпшақтың негізгі халқымен сіңісіп кеткеннен кейін түрік тілі, дәлірек айтқанда, қыпшақ тілі Алтын Орданың әдеби тіліне айналды. Алтын Орданың ыдырау дәуірінде қыпшақтардың тіл ортақтығына байланысты Қыпшақ-ноғай кіші тобы қалыптасып, одан соң ол XIV-XV ғасырларда қазақ және ноғай тілдеріне бөлінді. Бұл уақытта осы аймақта түрік тілдерінде араб алфавиті барған сайын тез таралды.

XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда да (Дешті Қыпшаққа), Мамлюктік Египетте қыпшақ тілінде көптеген шығармалар туды. Дешті Қыпшақ тілінде жазылып, ертеден бізге жеткен мұра 1245 жылы құрастырылған түрік-араб сөздігі. Озінің сипаты жағынан алғанда бұл глоссарий қыпшақ (құман) тілі ескерткіштерінің бірі - “Кодеке куманикустың” (XIII ғасырдың аяғы - XIV ғасырдың басы) тіліне жақын. Біздің заманымызға дейін жеткен қыпшақ-орыс сөздігінің үзінділері де сол кезеңге қатысты. XIII-XIV ғасырларда түрік тілінде жазылған, Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан белгілі жазба ескерткіштер де жоқ емес. Мәселен, XIII ғасырдың басында Мұхаммед ибн Қайс түрік тілі туралы грамматикалық шығарма жазды (“Үлкен кітаб”). Ғалым Хусам ад-дин Хамиди әл-Асими Баршаплығының есімі әйгілі болды. Ол өз шығармаларын үш тілде (араб, түрік, парсы) жазды.

Моңғолдар үстемдік еткен кезеңде Дешті Қыпшақ түркі

әлеуметінің дамуына Алтын Орданың Еділ жағалауындағы, Хорезмдегі, Қырымдағы мәдени ошақтардың маңызы зор болды. Жошы ұлысының Шығыс бөлігінен шыққан белгілі ғалым, әдебиетші Ахмет Хорезми өзінің “Махаббат наме” деген шығармасын жазды. Өзбек хан тұсында, XIV ғасырдың 30-жылдарында Алтын Орданың түркі тілді әдебиетінің әйгілі ескерткіші - Құтыбтың “Хұсрау-Шырын” поэтикалық шығармасы жарық көрді.

XIII-XV ғасырларда халықтың ауызекі шығармашылығы күшті дамыды. Қыпшақтар мен басқа да түрік тайпаларының оркен жайған ауызша поэзиясы болды. Көркем сөздің нағыз шебері болған Сыпыра жырау мен Қодан тайшы (XIV ғ.), Асан Қайғы мен Қазтуған (XV-XVI ғғ.) жыраулардың шығармашылығы кеңінен танылып, олар шығарған тарихи шындықты бейнелейтін батырлар жыры халық зердесінде сақталды. Алтын Орда мен Дешті Қыпшақ халқының тарихын бейнелейтін “Ер Тарғын”, “Қамбар батыр”, “Алпамыс батыр”, “Қобыланды батыр”, “Едіге бағыр” және басқа жырларды солардың қатарына жатқызуға болады. Сол тұста туған “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” лирикалық эпосы да халықтың рухани қазынасындағы шығармалардың бірі.

Бұл кезде Қазақстанның Оңтүстік аймағында отырықшы халықтар арасында ислам басты дінге айналды, “Яссауый”, “Нахшбандия” сопылық ағымдарының әсері күшейді. Сонымен бірге, көшпелі халықтар ішінде ескі шамандық пен ата-бабалар рухына табыну қалдықтары да сақталып қалды.

Сегізінші тарау

Қазақ хандығының құрылуы және қазақ халқының қалыптасуы (XIV-XV ғғ.)

§1. Қазақ хандығының құрылуы.

Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV-XV ғасырларда орын алған әлеуметтік-экономикалық және

экономикалық-саяси процестерден туған заңды қоғамдық құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, кошпелі аксүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың оршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі XV ғасырдың екінші жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып соқтырды.

Дешті Қыпшақ жеріндегі кошпелі еңбекшілер бұқарасы феодалдық қанаудың күшеюіне, соғыстар мен тартыстардың оршуіне, хандар мен феодалдардың қол астынан көшіп кетіп, қоныс аударумен жауап берді. Сойтіп, XV ғасырдың 50-70 жылдары арасында Әбілхайыр хандығынан Жетісудың Шу мен Талас өзендерінің жазығына 200 мыңдай адам көшіп келді. Бұл кезде Жетісуды билеп отырған Моғолстан ханы Есенбұғы (1434-1462) қазақтардың мұнда қоныс аударуына қарсы болмады. Өйткені оның да өз есебі бар еді. Есенбұғы қазақ ру-тайпаларын өзінің ішкі және сыртқы саясатында, атап айтқанда, Әбілхайыр хандығына және Шығыстан күшейіп келе жатқан ойраттар шапқыншылығына қарсы күресте, сондай-ақ хандықтың өз ішіндегі феодалдық алауыздықпен талас-тартысты тоқтату үшін пайдалануды көздеді. Ал қазақтардың Жетісу жеріне қоныс аударуының басты бір себебі, Әбілхайырдың қол астында қанаушылықтың күшеюі болса, екінші бір себебі, оларды Шыңғыс әулетінен шыққан Керей мен Жәнібек сұлтандардың жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру, оның тәуелсіз саяси және экономикалық дамуын қамтамасыз ету жолындағы қадамы мен қызметі өзінің ықпалын тигізді. Олардың халық қолдаған дербес мемлекет құру саясатының нәтижесінде Жетісудағы рулар мен тайпалар мемлекет бірлестігінің орталығына айналды. Бұл арада тұңғыш қазақ хандығын құруға Керей мен Жәнібек сұлтандардың сіңірген еңбегін көрсете отырып, олардың саясатты кәсіп деп түсінген, жасынан қоғамдық-әлеуметтік өмірдің бағыт-бағдарын ойластырып, халық, ел тағдырына байланысты шешім қабылдап үйренген хандардың отбасында өскен адамдар екенін айта кеткен жөн. Жәнібек қазақ хандығының тұңғыш шаңырағын көтерген Барақ ханның ұлы, ал Керей оның ағасы Болат ханның баласы. Барақтан басталатын қазақтың дербес мемлекеттігі

жолындағы күресті оның туған ұлы мен немересінің жалғастыруы, әрине, табиғи құбылыс.

Бұл кезде жаңадан құрылған Қазақ хандығының алдында тарихи үш үлкен міндет тұрды. Біріншіден, жаңа қоныстанған аймақта бұрыннан Дешті-Қыпшақ даласында қалыптасқан дағдылы мал жайылымдарын қалпына келтіру. Екіншіден, “Ұлы Жібек жолы” бойында орналасқан ірі колонер-сауда орталықтары – Сығнақ, Созақ, Сауран, Отырар, Ясы (Түркістан) және т.б. қалаларды қазақ хандығына қарату. Үшіншіден, бытырап жүрген қазақ ру-тайпаларын бір орталыққа біріктіріп, қазақтың этникалық территориясын қалыптастыру.

Қазақтың алғашқы хапы болып Керей жарияланды /1458-1473 жж./. Одан кейін қазақ ханы болып Жәнібек сайланды /1473-1480 жж./. Бұлардың тұсында Жетісудың қазақ рулары мен тайпалары 1462 жылы Моғолстан ханы Есенбұғы олгеннен кейін, ондағы феодалдық тартыстардың күшеюіне байланысты, өзара ынтымақтықты нығайта түсуге күш қосты. Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан жерінен бірқатар рулардың ауа көшіп, Жәнібек пен Керейдің қол астына келуі Қазақ хандығын бұрынғыдан да күшейтті. Бұлар жаңадан құрылған Қазақ хандығының үкімет билігін нығайтып, оның беделі мен әскери саяси күш-қуатын арттыра түсті. Едәуір әскери күш жинаған және Жетісуда берік қорғанысы бар Жәнібек пен Керей, Жошы әулетінен шыққан сұлтандардың Шығыс Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресіне қосылды. Бұл күрес 1468 жылы Әбілхайыр олгеннен кейін қайтадан оршіді. Оның елінде қиян-кескі қырқыс басталып, халық ыдырай бастады. Мұны қазақ хандары Керей мен Жәнібек тиімді пайдаланды. Олар бұдан 12 жыл бұрын оздері көшіп кеткен ата қонысы Дешті Қыпшаққа қайта оралды. Сөйтіп, Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күрес жүргізді. Бұл күрестің барысында Әбілхайыр ханның орнына отырған мұрагер баласы Шайх Хайдар өлтірілді. Әбілхайыр ханның немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд сұлтан Астраханға барып паналады. Күресте жеңіске жеткен Қазақ хандары 40 жыл Әбілхайыр билеген Дешті Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды өзіне қосып алды. Қазақ хандығының жері едәуір кеңейді.

Керей мен Жәнібек, олардан кейін Бұрындық Шығыс пен Батыс арасындағы сауда жолының үстіне орнаған Сырдария жағасындағы Сығнақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркістан) т.б. қалаларды Қазақ хандығына қарату үшін бітіспес күрес жүргізді. Сырдария бойындағы қалалар үшін соғыс Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен отыз жылдан астам уақытқа созылды. Өйткені Мұхаммед Шайбани Астрахань қоршауынан қашып шығып, Түркістан аймағына келді. Мұнда ол өзінің билігін жүргізіп отырған Әмір Темір тұқымынан шыққан Мұхаммед Мәзит тарханды паналады. Ол Қазақ хандығына қарсы Мұхаммед Шайбаниды айдап салу мақсатын көздеді. Бірақ бұдан ештеме шықпады. 1470 жылы қыста қазақ ханы Керей әскерлерімен Түркістанға шабуыл жасады. Ал Жәнібектің үлкен баласы Махмұд сұлтан Созақ қаласын бағындырды, екінші баласы Іренжі Сауранды немденді. Сауран түбінде соққы жеген Мұхаммед Шайбани Бұхараға қашты.

1472 жылы Мұхаммед Шайбани Түркістанға қайта оралып, Ноғай Ордасының әмірі Мұса мырзаның көмегімен Аркок бекінісі мен Сығнақ қаласын басып алды. Бұл уақытша жеңіс еді. Бұрындық сұлтан мен Махмұд сұлтан бастаған қазақтың біріккен жасақтары Қаратаудағы Соғұнлық асуында Мұхаммед Шайбанидің әскерлерін талқандады. Бұрындық сұлтан Сығнақ қаласын қайтарып алды. Бұл соғыста күйрей жеңілген Мұхаммед Шайбани Манғыстауға қашты. Сырдария жағасындағы қалалар қайтадан Қазақ хандығына өтті.

Бұл кезде Қазақ хандығына Мұхаммед Шайбанимен қатар Моғолстан ханы Жүніс және Орта Азия жерінде билік етіп тұрған Әмір Темір әулетімен де күрес жүргізуге тура келді. Өйткені бұларда Сырдария жағасындағы маңызды сауда орталықтарын өздеріне қаратып алуды көздеді. 1482-1485 жж. Моғолстан ханы Жүніс әскерлерімен Ташкент пен Сайрам қалаларын басып алды. Ал XVI ғ. басында Моғолстан билеушісі Жүністің баласы Сұлтан Махмұд хан Отырар қаласын басып алып, оны Мұхаммед Шайбаниға берді. Моғолстан ханының қолдауына сүйеніп және Отырарға не болған Мұхаммед Шайбани тағы да Сауран мен Ясы (Түркістан) қалаларына шабуыл жасап, басып алды.

Қазақ ханы Бұрындық және Қасым мен Жәдік сұлтан-

дар Темір әулетінен шыққан Мұхаммед Мәзит тарханнан қолдау алып Созақ, Сауран қалаларына әскери шабуыл ұйымдастырды. Бұрындық Сауранды қайтарып алып, Отырар қаласын қоршауға алды. Бірақ Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд Ташкенттен Мұхаммед Шайбаниға әскери көмек беріп, қазақ жасақтары амалсыздан Отырар қаласын қоршауды тоқтатты. Мұхаммед Шайбани хан қазақтармен бітім жасады. Осы келісім бойынша Отырар, Ясы, Аркөк, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниға қарады. Сығнақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігінде қалды. Ал Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд биледі.

Сөйтіп, Дешті-Қыпшақты басып алуға ұмтылғандардың бірінен соң бірін жеңіп және Сығнақ, Созақ, Сауран қалаларын саяси, шаруашылық және әскери тірек еткен Қазақ хандары өз иеліктерін едәуір ұлғайтты, хандықтың нығаюына үлестерін қосты. Дешті Қыпшақта Қазақ хандары билігінің орнығуы, Мұхаммед Шайбаниды Дешті Қыпшақтағы тайпалардың кейбір бөлігін соңына ертіп, Мәуереннахрға кетуге мәжбүр етті. Мұнда ол Темір әулеті арасындағы өзара тартысты пайдалана отырып, өкімет билігін басып алды да, Шайбани әулетінің негізін қалады.

Сыр өңіріндегі қалалар мен олардың төңірегіндегі көшпелі жұрт мекендеген жерлер және Жетісу өлкесі үшін күрес барысында қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарының этникалық шекарасының қалыптасуы тездеді.

Сонымен қорытып айтқанда, Қазақ хандығының құрылуына XV ғасырдың екінші жартысында Қазақстан жерінде екі мемлекеттің - Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбек мемлекеті) мен Моғолстанның ішкі саяси ахуалы нақты жол ашты. Өйткені, бұл мемлекеттердегі көшпелі әкесүйек-сұлтандардың экономикалық күш-қуаты артып, олардың әрқайсысы өз иеліктерінде жеке билік жүргізуге ұмтылды, феодалдық талас-тартыс күшейді. Сөйтіп, бұл мемлекеттердің тарихи біріккен елдігінен айырылып, күйреуіне алып келді.

Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы аса маңызды оқиға болды. Ол ұлан-байтақ өңірді ме-

кендеген қазақ ру-тайпаларының басын қосып шоғырландыруда, қазақтың этникалық территориясын біріктіруде маңызды рол атқарды. Қазақ хандығының қалыптасуы қазақтың байырғы заманнан басталған өз алдына жеке ел болып бірігу жолындағы күресін біржолата аяқтауда шешуші кезең болуымен ерекшеленді.

Қазақ хандығының құрылуы Жетісу жеріндегі ру-тайпалардың оның қол астына бейбіт жолмен қошуын қамтамасыз етті. Қазақтардың біртұтас мемлекеттігінің пайда болуы қазақ жүздерінің, жалпы қазақ халқы қалыптасуының маңызды факторларының бірі болды. XV ғасырдың екінші жартысында оңтүстік-шығыс Қазақстанның халқы өлкенің басқа аймақтарымен шаруашылық, этникалық және саяси қатынастары одан әрі жалғасып, күшейе түсті.

§2. Қазақ халқының шығу тегіндегі антропологиялық және этникалық жақтары

Демограф ғалымдарының зерттеулері негізінде қазіргі кезеңде дүние жүзінде 5 мыңнан астам халықтар бар деп септеледі. Әрбір халықтың жеке халық болып қалыптасуы үшін көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткізуіне тура келеді. Бұл күрделі процесс бір немесе екі ғасырдың ішінде болмайды, халық болу үшін бірнеше ғасырларды керек етеді. Мәселен, Қазақстан жерінде халық болып құрылу процесі алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, одан кейін қола дәуірі мен (б.д.д. II-I м.ж. кезеңі) темір дәуірі (б.д.д. VII-IV ғғ.) кезеңдерінен немесе бұл кезде өмір сүрген ру-тайпалардың өсіп-өркендеуінен басталады. Олар негізінен Қазақстанның ұлан-ғайыр территориясын ежелден мекендеген байырғы (автохонды) тайпалар мен тайпалар бірлестіктерінен құралған. Археологиялық деректерге сүйенетін болсақ, олар мал шаруашылығымен, егіншілікпен, металл өндіру және оны өңдеумен айналысқан.

Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кезеңдерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі /Андронов, Беғазы-Дөңдібай мәдениеттері/ мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың /сақ, сармат т.б./ иран тілдес болғандығы айтылады. Сондай-ақ, ғалым-

дардың көрсетуіне бұл кездегі тайпалар антропологиялық жағынан монголоидтық белгілері бар европеидтік нәсілдер екендігі көрсетіледі. Қазақ халқының бастауы болып табылатын, керек болса, сақ тайпаларының тікелей жалғасы болып үйсін, қаңлы тайпалары саналады. Оны Қытай деректері “өзі сары, көзі қызыл, ат жақты сә /сақ/ тайпалары үйсіндердің арасында жүр” – деп көрсетеді. Бұл сақтардың жалғасы үйсіндер екендігіне ешбір талас тудырмайды.

Қазақ халқының шыққан тегі туралы көптеген аспектілері ішінен өзекті ретінде лингвистикалық және антропологиялық мәселелерін болшектеп алған жөн. Жоғарыда айтылғандай Орта Азия мен Қазақстан өңірінде осы екі процестің екеуі де қатар дамып отырған. Қазақстанның ертедегі тарихын екі аумақты кезеңге: үнді-еуропалық және түріктік кезеңге болуге болады. Бірінші кезеңде, лингвистикалық тіл жағынан Қазақстан тұрғындары үнді-еуропалық топтың ежелгі иран тобына кіреді, яғни бұл кез б.з. дейінгі III-I мыңжылдықтарды қамтиды.

Екінші кезеңде, Қазақстан территориясына шығыс жақтан көптеген көшпелі тайпалардың, соның ішінде ғұндардың, Батысқа қарай қоныс аударуына байланысты, сақ және сармат тайпаларының жалғасы - үйсін мен қаңлылар ғұн тайпаларымен араласып, ассимиляцияға түскен.

Ол қалай болды? Б.з.б. I ғасырда Солтүстік ғұндардың құрамына кірген көптеген түркі тілдес тайпалардың бір бөлігі Орталық Азиядан Тянь-Шань арқылы өтіп, Қаңлы тайпалық бірлестігімен көрші-қолаң отырды. Ғұндардың Қазақстанға отуінің екінші толқыны б.з. 2-ші ғасырдың бірінші жартысында орын алды. Бұл кезде Солтүстік ғұндардың толып жатқан тайпалары Шығыс Қазақстан мен Жетісуға қоныс аударып, VI ғасырға дейін өмір сүрген Юэбань мемлекетін құрды. Ғұндардың біріктіруші ролінің арқасында сырттан келген тайпалармен байырғы тұрғындардың этникалық жақындасуы іске асты. Мұның өзі тайпалардың жаңа этникалық қауымдастығының қалыптасуына әкелді және сол этникалық процестердің бағыт-бағдарып айқындап отырды. Этномәдениеттік жағдайда түркі тілінің одан ары дамып жайылған аймақтарда сол сияқты сыртқы моңғол түрінің белгілі әсері де көбейді.

Сөйтіп, үйсіндер мен қаңлылардың моңғолондық мәсіліге өтуі басталды. Бұл процесс тарихи деректерге қарағанда б.з. I-V ғасырларын қамтиды, мұның өзі жергілікті жұрттың кескін-кейпіне, оның тіліне белгілі дәрежеде әсер еткені даусыз. Оның үстіне бұл тайпалық одақтардың қоныстарына жүргізілген археологиялық зерттеулер олардың өдет-ғұрып, салт-санасында, діни-наным сенімдерінде бірін-бірі қайталайтын ұқсастық қасиеттерінің барлығын байқатады. Олардың жұрттарынан табылып жүрген ыдыс-аяқ, құрал-сайман, торт-түлік үй жануарларының сүйектері, егін етуге қажетті құралдар, қол диірмендер т.б. өмірге қажетті бұйымдардың табылуы, олардың да бір-біріне ұқсастығын, экономикалық жағынан бұлардың арасында ешбір қайшылық жоқтығын дәлелдейді.

Ал, б.з. VI ғасырынан бастап үйсін, қаңлы және басқа тайпалар тарих сахнасынан көрінбейді, аттары аталмайды. Оған себеп, бұл кезде Қазақстан жерінде, әсіресе оңтүстік аймақта шығыстан Алтай, Сібір жақтан келген түркі тайпаларының басымдылығы болса керек. Олар негізінен: Байырку, Бұлақ, Қарлұқ, Кимек, Едіз, Қыпшақ атты тайпалары. VI ғасырда Қазақстан жері түгелдей құдыретті бір тұтас мемлекет – Түркі қағанаты құрамына кірді. Жазба деректерден алғаш Түркі қағанатының /542 ж./ одан кейін Батыс түркі қағанаты /603 ж./ сияқты феодалдық мемлекеттер құрылғандығы белгілі. Осы қағанаттықтардың құрамында 30-дан астам түркі тілдес ру-тайпалардың болғандығы тарихта айтылады. Үйсіндер мен қаңлылар осы тайпалармен араласып, сіңісіп кеткенге ұқсайды. Тонықок жазуында “бұрынғы үйсіндердің жерін жайладық” – деген сөздерге қарағанда, олар арасында да түріктерге тәуелділікке түскен. Сөйтіп, VI-VIII ғасырда олар түркі тілдес болды деген болжамдар айтылады.

702 жылы Батыс түркі қағанаты тарағаннан кейін оның орнына Түргеш қағанаты (704-756 жж.), Қарлұқ қағанаты (756-940 жж.), Оғыз мемлекеті (IX ғ. соңы – XI ғ. басы), Кимек қағанаты (893 ж. – XI ғ. басы), Қыпшақ хандығы (XI ғ. – 1219 ж.), Қарахан мемлекеті (942-1212 жж.) өмір сүрді. Осы мемлекеттердің ішінде қазақтардың халық болып қалыптасуына, әсіресе екі мемлекеттің тарихи ролі ерекше болған. Оның біріншісі – Қыпшақ хандығы (XI–

XIII ғ.ғ.) Ертіс пен Еділ арасындағы кең байтақ жерді иемденді. Қыпшақ хандығының құрылуына байланысты этникалық процестер жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Осы бір даму кезеңде қыпшақтар мекендеген этникалық территория қалыптасып, ол қазақ халқының қазіргі территориясының көпшілік бөлігін қамтыған. Бұл кезде қазақ тілінің негізі - әдеби қыпшақ тілі құралып, сонымен қатар қазақтардың өзіне тән антропологиялық кескіні қалыптасты. Қыпшақтардың құрамы болған сол бір этникалық қауымдастық – қазақ халқының шығу тегімен байланысты. Қазақ этнотегінде қыпшақтар этнос ретінде маңызды рөл атқарды. “Қазақ” сөзінің шығу тегінің өзі қыпшақтар мекен еткен аймақтарда пайда болды деуге толық негіз бар. Кейбір турколог ғалымдардың пікірінше, “қазақ” терминінің таралу аймағы Шығыс Дешті-Қыпшақ даласымен және іргелес Мәуеренахр өлкесімен байланысты.

Қазақ халқының қалыптасуына ықпал еткен екінші мемлекет – ол оңтүстік, оңтүстік-шығыс Қазақстанда өмір сүрген Қарахан феодалдық мемлекеті. Бұл мемлекеттің кезінде халық болып қалыптасу пісіп-жетіліп, қалалық өмір оркәндеп, отырықшылық жанданып, қолөнер дамып, көрші жатқан елдермен сауда қатынасы артып, жалпы мәдени-экономикалық дамуы өскен. Бұл мемлекетте қарлұқтардың ықпалы күшті болды. Қарахан мемлекетінде феодалдық қатынастар түрі қоғамның барлық саласын қамтыды. Шығыстан моңғол тектес көшпелі халықтардың жасаған шапқыншылығы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның қалыптасқан этникалық жайына оншалықты өзгеріс жасай алған жоқ.

Дегенмен Алтай жақтан ығыса келіп, өздерінің мемлекеттік бірлестіктерін құрған Наймандар мен Керейлер Қарахан мемлекетінің этникалық құрамына елеулі әсерін тигізді. Кейін Найман және Керей тайпаларының атауы сол күйінде қазақтың генеологиялық құрылымына енді.

Бірақ осы бір сапырылыс кезеңде шығыстан кидандардың /қарақытайлардың/ шапқыншылығы болып, Қарахан мемлекетінің жағдайы нашарлап кеткен. XIII ғасырдың басында Қарахан мемлекеті қайта дамып келе жатқанда моңғол шапқыншылығы басталды, сөйтіп халық болып қалып-

тасу процесі тоқталды. Сондай-ақ, осы кезде Қазақстанда халық болып қалыптасудың екінші бір ошағы болған Орталық, Солтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстан жеріндегі Қыпшақ мемлекеті де ауыр жағдайға ұшырады. Өйткені моңғол шапқыншылығы халық болып қалыптасып келе жатқан екі ошақтың екеуінде тас-талқан етіп қиратты. Нәтижесінде қазақ жеріндегі этникалық бірлестіктердің құрамы бұзылып, халық болып қалыптасу процесі XV ғасырға дейін немесе 200 жылдай уақытқа кешеуілдеді.

§3. Қазақ халқының құрылуының негізгі кезеңдері және этнос ретінде қалыптасуының аяқталуы.

Моңғол шапқыншылығы салдарынан Қазақстан жеріндегі ру-тайпалардың арасындағы тарихи қалыптасқан жағрафиялық ортақтастық пен мәдени-экономикалық байланыстар бұзылды. Моңғол басқыншылары көптеген қалалар мен елді мекендерді, егіншілік ошақтарын талқандап, өлкенің өндіргіш күштерін күйзелтті. Мұндағы экономикалық және мәдени байланыстарды үзді. Көптеген бейбіт халық: егінші, малшы, зергер тағы басқа да кәсіп иелері қырылды. Ірі ру-тайпалардың бірсыпырасы қоныс аударуға мәжбүр болды. Мәселен, қыпшақтардың бір бөлігі Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібірге көшті. Моңғол феодалдарының Шығыс Қазақстан мен Жетісуда таңдаулы жайылымдарды тартып алуы, әсіресе жергілікті халықтың жиі-жиі ығысуына әсерін тигізді. Моңғол әмірлері өз үстемдігін берік ұстау үшін жаулап алған елдерді ұлыстарға бөліп, этникалық жағынан туыстас жергілікті халықты бір-бірінен бөліп тастауға тырысты.

Қазақстан жерінде қаншалықты жойқын шапқыншылық болғанымен, халық болып қалыптасудың негізгі шарты - тіл бірлігі жойылмады. Қайта, керісінше, уақыт өткен сайын моңғол шапқыншыларының оздері өз тілдерінен айырылып, жергілікті ру-тайпалардың қалыптасқан түркі тіліне, әдет-ғұрпына, салт-санасына көшіп, XIV ғ. өзінде-ақ толық түркіленіп кетеді. Бірақ бұл кезде бұрынғы екі үлкен расаның /нәсілдің/ байырғы еуропидтік және кейін қосылған моңғолоидтық нәсілдердің күрделі араласу нәтижесінде қазіргі қазақ халқы құрамының /антропологиялық,

этникалық және лингвистикалық негізде/ бірыңғай тұтас қосындысы /қорытпасы/ келіп шығады.

Алайда, бүкіл Қазақстанның жерінде өмір сүрген ру-тайпалар түркі тіліпде сойлегенімен территориялық бөлінуге ұшырап, Ақ Орда, Моғол, Әбілхайыр, Ноғай, Кошім хандықтарының қол астында өмір сүріп жатты. Олар саяси, мәдени және экономикалық жағынан бытыраңқы болды. Атақты “92 баулы қыпшақ” атты шежіреде көрсетілген бұл ру-тайпалардың барлығы кейін қазақ халқының құрамына кірген.

XIV-XV ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюы негізінде Моғолстан, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасында толассыз тоқтамай жүріп жатқан феодалдық соғыстар мен тартыстарға қарамастан, халықтар арасында өзара бірігу, топтасуға ұмтылу процестері барған сайын белең алды. Қазақстанның ежелгі тайпалары өз мекендерінің тарихи-жағрафиялық, экономикалық және саяси оқшаулануының тарихи қалыптасқан жағдайларына /түрлі тайпалық одақтар мен ертедегі феодалдық мемлекеттерге кіруі/ байланысты этникалық жағынан біртұтастық пен бүтіндікке ұмтыла отырып, үш негізгі этникалық - шаруашылық топқа бөлінді. Яғни, жағрафиялық жағдайына байланысты үш жүз қалыптасты. Олар: Ұлы, Орта және Кіші жүз. Ұлы жүздің орталығы – Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Орта жүздің орталығы – Орталық Қазақстанда және Кіші жүздің орталығы – Батыс Қазақстанда болды.

Ұлы жүз Сырдариядан бастап Жетісу жерін түгел жайлайды. Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр, шанышқылы, катаған, т.б. ру-тайпалар кіреді. Орта жүз Орталық Қазақстан аудандары мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанның бір бөлігін қоныс етеді. Оның құрамында қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ, тарақты тайпа-рулары бар. Кіші жүздің мекені – Сырдарияның төменгі жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей бөлігі. Оның құрамындағы тайпалар одағы - Әлімұлы /қарасақал, қаракесек, кете, тортқара, шомекей, шекті;/ Байұлы /адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, есентемір, қызылқұрт, шеркеш, ысық, таз, масқар;/ Жетіру /табын, тама, кердері, жағалбайлы, керент, телеу, рамадан/.

жүздердің ұйымдасқан уақыты, қалай құрылғаны әлі жете біріктірілмеген.

Үш жүздің пайда болуына ертедегі ел билеудің әскери тәртіпке негізделуінің де әсер етуі ықтимал. Қазақтың үш жүзі ешқашанда бір-бірімен жауласып, өзара араздыққа барып қормеген. Керісінше, олар қазаққа қауіп төнгенде, қазақ халқының тағдыры шешілер сәтте хандары, батырлары, билері, тағы да басқа беделді адамдары арқылы бір жерден тобылып, мәселені бірігіп шешіп отырған. Жоңғарларға қарсы соғыста солай болды. Қазақтар үш жүздің бірлігін қадірлен, қастерлен келе жатқан халық. Төле бидің “Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін” – деуі де осыдан.

Мұндай үштіктің шығуына, бір жағынан, Ақ Орда, Ноғай Ордасы және Әбілхайыр хандығының құрылуы, Моғолстанның оқшаулануы түрік және түріктенген моңғол тайпаларының қазақ халқы болып бұрынғыдан да жедел әрі топтасу процесінің күші алуы көмектесті. Екінші жағынан, қазақ тайпаларының феодалдық мемлекеттердің бұл жүйесінде ұзақ болуы қазақ халқының үш этникалық тармақ, үш жүз болып қалыптасуын негіздеді.

Әрбір жүздің тайпалары жалпы шаруашылық мүдделер негізінде топтасқан, өз шекарасында экономикалық жағынан оқшауланған еді. Олардың тілі, материалдық тұрмыс-мәдениеті жөнінен басқа жүздердің тайпаларынан ешбір айырмашылығы болған жоқ. Жалпы алғанда, XV ғасыр қарсаңында бұл тайпалар түрік тектес халық болып топтасты да, кейінірек “қазақ” деген этникалық ортақ атауға ие болды, сөйтіп халықтың қалыптасу процесі негізінен аяқталды. Бірақ бұл процесс кейбір себептермен байланысты кешеуілдеп барып іске асты. Оған қазақ халқының этникалық құрамына кірген тайпалардың бірнеше мемлекет құрамына енгені, кейбір жеке тарихи қалыптасқан болшектердің бытыраңқылығы себеп болды. XIV-XV ғғ. көптеген жұрттың қоныс-қонып, сапырылысуы орын алды. Мәселен, Темірдің соғыстары кезінде моғол топтары Жетісудан Орта Азияға қоныс аударады. Әбілхайыр тұсында оған Моғолстаннан қалучи және бұлғашы тайпалары қоныс келеді. Бір кездері керейлер Жетісудан Орта жүзге кетіп қалады, маңғыт-ноғайлар батыстан Сырдария бойына ауып келеді. XV ғасыр бітер шақта Мұхаммед Шайбани ханға еріп, Шығыс

Дешті-Қыпшақтың көптеген рулары мен тайпалары Орта Азияға ауысты. Міне, осының бәрі саяси жағдайды тұрақсыздандырып, Қазақстанның байтақ жеріндегі халықтың этникалық бірігуін қиындатты.

XV ғ. екінші жартысы мен XVI ғ. қазақ халқының негізгі этникалық территориясын мемлекет етіп біріктіру, халықтың да қалыптасу процесінің аяқталуын тездетті. Қазақ хандығының бұрынғы мемлекеттермен салыстырғанда тиянақты этникалық негізі қалыптасып аяқталған халқы болды. Моңғол жаулаушылығынан кейін тұңғыш рет Шығыс Дешті-Қыпшақтың, Түркістан мен Жетісудың бүкіл түрік рулары, тайпалары түгелге жуық бір мемлекетке біріктірілді. Оған бұл аймақты мекендеушілердің шаруашылық-саяси тағдырларының ортақтығы және байланыстылығы үлкен әсерін тигізді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың оңтүстік-батыс территориясы баяғыдан бері қазақ халқының құрылып, қалыптасуының басты этникалық орталығына айналды. Мұнда Қазақстанның аса ірі екі этникалық қауымдастығының тоғысқан жері жатты. Олар – Орталық, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстандағы Қыпшақ тайпалар одағы мен Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы Үйсін тайпалар одағы, бұларға Сырдарияның томенгі ағысы арқылы Кіші жүз тайпалары келіп қосылды. XV ғ. екінші жартысынан бастап, осы бір қалыптасқан халық өздерінің көршілері арасында “қазақ” деген атпен белгілі болған.

Қазақ этнонимінің туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу айтыстарының тақырыбына айналған. Ол халықтың өзінің шыққан тегі туралы туғызған көптеген аңыз-әңгімелерінде сөз болады. Кейбір деректерде бұл термин әлеуметтік мәнінде қолданылған “қашақ” деген атаудан шықты деп есептейді. Немесе “қазақ” атауы Жәнібек пен Керей бастап Жетісуға болініп көшіп кеткен рулық одақтарды білдіру үшін бастапқы кезде “өзбек-қазақ”, кейін “қазақ” түрінде пайдаланылған деп пайымдалады. “Қазақ” термині 1245 жылы Мамлюк мемлекетіндегі қыпшақтардың ортасында жазылған ерте қыпшақ жазба ескерткіштерінде /түрік-араб сөздігінде/ кездеседі. Мұнда “қазақ” деген сөз “басы бос-кезбе” деген мағына береді. Бұл семантикалық ұғым бойынша “қазақ” терминіне әлеуметтік ма-

ына беріледі, яғни еншісі бөлек, үлкен ұлдардың ата шаырақтан бөлініп уақытша ру, тайпалардан кетіп, күнкөріс үшін әскери жорықтарға қатысуып санаған.

Кейде бұл термин ертедегі екі тайпалық /Каспий және етк/ одақтардың атынан шыққан деп жорамалдайды. Ал кейбір тарихшылар “хас” – нағыз және “сақ” деген сөзден күралған деп болжам жасайды. Қалай дегенде де “қазақ” этникалық терминнің ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, тұрақты бір шешімі әлі жоқ.

Сонымен, қорытып айтқанда, қазақ халқының этнос болып қалыптасуы өте ұзақ процесс. Ол 2,5-3 мың жылды қамтитын күрделі және ұзақ даму жолынан өткен. Қазақ халқының халық болып қалыптасуының басты алты кезеңін бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең – сақ және сармат дәуірі, шамамен бес ғасырды қамтиды /б.з.б. VII-II ғғ./.

Екінші кезең – үйсін, қаңлы және ғұн дәуірі /б.д.д. III ғ. – б.д. IV ғ./.

Үшінші кезең – түрік дәуірі /542-702 жж./.

Төртінші – кыпшақ және қарлұқ дәуірі /IX-XIII ғғ./.

Бесінші – моңғол дәуірі /XIII ғ. басы – XIV ортасы/. Алтыншы – Алтын Орда тарағаннан кейінгі мемлекеттер дәуірі /XIV ғ. ортасы – 1465 ж./.

Мұның барлығы әзірше алынып отырған бөлінулер кезеңі, бұл маңызды тарихи проблема өзінің одан әрі қарай ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттеулерін талап етеді.

Тоғызыншы тарау

XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

§1. Қазақ хандығының этномемлекеттік шекараларының кеңеюі

XVI-XVII ғасырларда қазақ хандығы нығайып, оның шекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз тұсында “жерді біріктіру” процесін жедел жүзеге асырып, неғұрлым көзге түскен қазақ хандарының бірі – Жәнібек ханның ұлы Қасым. (Туған жылы 1445 ж.). Іс жүзінде Қасым хан елді Бұрындық кезінде-ақ басқара бастады. Қасым ханның басқаруынан бас-

тап елде билік жүргізу тек Жәнібек ұрпақтарының қолына көшті. Қасым ханның тұсында /1511-1523 жж. билік құрған/ қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы жаппай жақты нығая түсті. Ол феодал ақсүйектердің қарсылығына тойтарыс беріп, әскери күштерді нығайтты, өз билігіндегі жерлерді кеңейтті. Қасым хан билік құрған кезде қазақ халқы өзінің осы күнгі мекен тұрағының негізгі аймақтарын біріктірді. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа, оңтүстік-батыста Сырдың оң бойындағы бірсыпыра қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлау қоныстары Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі /Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері/ қарады. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірімен сауда және елшілік байланыс жасалып, Орыс мемлекетімен қатынас қалыптасты. Қазақ хандығымен елшілік байланыс орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі – ұлы князь III Василий /1505-1533 жж./ билік жүргізген кездегі Мәскеу мемлекеті еді. Осы тұста қазақтар өз алдына дербес халық ретінде батыс Еуропаға мәлім болды.

Қасым хан алғашқы қазақ заңы – “Қасқа жолды” жазып шығарады. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданып жүрген ислам дінінің /шариғат/ заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Соның үшін ол Қасым ханның атымен байланыстырылып «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Бұл заңға кірген ережелер:

1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері)
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза).
3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат).
4. Елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік)
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мерекесі үстіндегі ережелер, жасауыл, бокеуіл, тұтқауылдардың міндеті.)

“Қасым ханның қасқа жолының” қазақ феодалдық қоғамына нығайтуда үлкен маңызы болды.

Қазақ хандығының күшеюі және оның территориясының кеңеюі Орта Азиядағы Мәуеренахрды билеген Шайбани тұқымдарын қатты састырды. Олар қазақтардың Мәуеренахрға басып кіруінен қорықты. Жергілікті халықтың Шайбани әулетінің билеушілеріне наразылығын пайдаланып, мұндағы өкімет билігін тартып алады деп қауіптенді. Сондықтан Мәуеренахр билеушісі Мұхаммед Шайбани қазақтарды барынша әлсірету үшін ең әулі экономикалық қыспаққа алу саясатын жүргізді. Осы саясат бойынша Мұхаммед Шайбани өзінің қарауындағы жерде тұратын халықтың қазақ саудагерлерімен сауда жасауына тыйым салып, Мәуеренахрға келген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық берді. Мұхаммед Шайбани Қазақ хандығына экономикалық қыспақ жасау мен қатар, оның жеріне бірнеше рет тонаушылық жорықтарын да ұйымдастырды.

Атап айтқанда, 1503-1504 жылдары Мұхаммед Шайбани қалың қолды бастап Түркістан аймағына жорық жасады, оның солтүстік шекарасына дейін жетіп, жергілікті халықты тонан, талан-таражға салды. 1505-1506 жылдары мыңдаған әскері жасақты бастап ол тағы да жорыққа аттанды. Түркістан аймағы арқылы Қазақ хандығының жеріне жетті. Сығнақ қаласын айналдырып өтіп, Сыр бөйіріндегі қазақтардың қысқы қоныстарының орталығы Қара-Абдалға дейін жетті. Бұл жолы да Шайбани әскерлері қазақтарды қирата шауып, қыруар мал-мүліктерін тонады. Әсіресе, Жәнібек ханның баласы Жаныш сұлтанның ұлысы ерекше талан-таражға түсті. Осыдан кейін Мұхаммед Шайбанидан кек алу үшін, Жаныш сұлтанның ұлы Ахмет 1508 жылы 50 мың жасақ жинап, Мәуеренахрға қарсы жорық жасады. Шайбанилардың орталық қалалары Самарқан мен Бұхараға шабуылдап, бұл қалалардың тоңірегіндегі қыстақтарды ойрандады. Бұған жауап ретінде Мұхаммед Шайбани қазақтарға қарсы үшінші жорығына шықты. 1509 жылы қалың қолмен аттанып, Арқок, Үзгент және Ясы (Түркістан) қалаларын басып өтіп, тағы да Сыр бойындағы қазақ қыстауларының орталығы Қара-Абдалға жетті. Мұндағы Жаныш сұлтанның жасақтары тұтқиылдан жасалған шабуылдан күйрегі жеңілді. Шайқастардың барысында Жаныш сұлтанның баласы Ахмет қаза тапты. Жеңіліске ұшыраған қазақтар Бұрындық ханның Дешті-Қыпшақтағы ордасына қашты.

Мұхаммед Шайбани әскерлері бейбіт жатқан қазақ халқын аяусыз ойрандап, қисапсыз мал-мүлкін тонап кері қайтты.

Келесі 1510 жылы Мұхаммед Шайбани Сыр бойындағы ірі қала Сығнаққа қайта келді. Бұл кезде қазақ хандығы әскерлерінің басты қолбасшысы Қасым сұлтан еді. Мұхаммед Шайбани Сығнақ қаласы маңына орналасып, баласы Темірмен, немере інісі Ұбайдолла бастаған әскерін Қасым сұлтанның ордасы орналасқан Ұлытауға аттандырды. Ұлытау жерінде өзбектер Қасым ханның жоқтығын пайдаланып, оның ордасын шапты. Бұл хабарды естіген Қасым өзбектерге қарсы Мойыпсыз-Хасанның бастауымен көп әскери жасақтар жіберді. Шайқас барысында жонді қарсылық көрсете алмаған өзбектер қашуға мәжбүр болды. Қасым ханның әскерлері оларды окшелей қуды. Қаруларынан және көптеген адамдарынан айырылған өзбектер Шайбани ханның Самарқандағы ордасына өзер жетті. Мұхаммед Шайбанидің бұл жеңілісі нәтижесінде Түркістан қалаларының басым көпшілігі Қазақ хандығының қолына көшті.

Қазақ хандығына жасаған жорықтан күйрей жеңіліп қайтқан Мұхаммед Шайбанидың еліне 1510-жылы Иран шахы Ысмаил мен оның одақтасы Әмір Темір өулетінен шыққан Бабыр шабуыл жасады. Хорасандағы Мерві қаласы түбіндегі Иран шахы әскерлерімен шайқаста Мұхаммед Шайбани қаза тапты. Оның қаза табуы осыдан кейін өзбек-шайбани билеушілерінің Темір ұрпағы Бабырмен күресі Қазақ хандығының тұрақты қарсыластарын Түркістаннан басқа жаққа аударып әкетті. Қасым хан бұлардың арасындағы қиян-кескі қырқыстар мен қайшылықтарды ұтымды пайдаланып, Оңтүстік Қазақстанда өзінің билігін орнықтырды. Мұндағы Сайрам қаласы Қазақ хандығына қосылды, соның нәтижесінде Қазақ хандық шекарасы Сырдарияға дейін жетті.

Қасым хан бұрынғы Дешті-Қыпшақ жерінде, яғни кең-байтақ қазақ далалық кеңістігінде өз үстемдігін нығайтты. Бұл кезде Моғолстан ханы Жүністің ұрпақтары арасындағы алауыздық пен ішкі феодалдық тартыстың барысында моғолдар мемлекеті ыдырап тарады. Оның ханы Сұлтан Саидтың 1514 жылы Шығыс Түркістанға кетуі Қазақ ханының Жетісудағы билігінің нығаюына өз әсерін тигізді. Батыстан Қасым ханның қол астына

Ноғай Ордасының дағдарысын бастарынан кешірген қазақ ру-тайпалары көшіп келді, сойтіп хандықтың шекарасы Жайық өзеніне дейін кеңейді. Солтүстік пен Солтүстік Шығыста Қазақ хандығының иеліктері Ұлытау мен Балхаш көлінен ары асты.

Алайда Қасым хан тұсында Қазақ хандығы шекарасының ұлғайғанына қарамастан, ол берік бір орталыққа бағынған мемлекет болмады. Мұның өзі Қасым хан өлгеннен кейін бірден байқалды, сұлтандар мен басқа да феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқисудың зиянды зардантары хандықты әлсіретуге әкеп соқты. Қазақ билеушілеріне қарсы моғол және өзбек хандарының одағы қалыптасты.

Өзара тартыс кезінде Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты. Қасым ханның немере інісі Тахир (1523-1532 жж.) хан болды. Бірақ оның айрықша елшілік және әскери қабілеті жоқ еді. Тахирдың тұсында өзбектермен арадағы соғыс жалғастырылды. Бұрын Қазақ хандығына сенімді одақтасы болып келген маңғыт және моғол билеушілерімен әскери қақтығыстар басталды. Бұл соғыстар қазақтар үшін сәтті болған жоқ. Қазақ хандығы оңтүстіктегі және солтүстік-батыстағы жерінің едәуір бөлігінен айырылып, оның ықпалы тек Жетісуда сақталып қалды. Тахир хан өліп, оның інісі Бұйдаштың (1533-1534 жж.) хандық құрған тұсында да феодалдық қырқисулар мен соғыстар тоқталған жоқ. Бұл кезде Қазақстанның Батыс аймағында Ахмет хан, Жетісуда Тоғым хан билік жүргізді. Сойтіп Қасым хан қайтыс болғаннан кейін, феодалдық қырқыстар салдарынан Қазақ хандығы үш иелікке бөлініп кетті. Қазақ хандығындағы бұл саяси дағдарыс 15 жылға созылды. Ішкі феодалдық қырқыстар және көрші елдермен соғыстар халық бұқарасын қатты күйзелтті, сонымен қатар Қазақ хандығын да едәуір әлсіретті.

XVI ғасырдың екінші жартысында әлсіреген хандықты біріктіруде Қасым ханның баласы Ақназар (1538-1580 жж) үлкен үлес қосты. Ол таққа отырған соң, хандық билігін нығайтуға күш салды. 1523-1524 жылдары құрылған қазақ-қырғыз одағына сүйене отырып, Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген Моғол ханы Әбд-ар Рашидке қарсы

ұтымды күрес жүргізді. Сөйтіп, Шығыстағы және Жетісудың оңтүстігіндегі қазақ жерлерін басып алушылықтан сақтап қалды.

Ақназар батыста Ноғай Ордасын билеген маңғыт мырзаларының арасындағы қырқысты пайдалануға тырысты. Бұл қырқыстар Ноғай Ордасын құлдыратып, 1569 жылы оның ыдырауына алып келді. Осының нәтижесінде оған қарасты бірқатар кошпелі тайпалар-қаңлылар, қыпшақтар, алшындар т.б. Қазақ хандығына келіп қосылды. Ақназар хан Ноғай Ордасының ыдырауын пайдаланып, Жайық жағалауындағы кошпелі ру-тайпаларды Қазақ хандығына қосып алумен ғана тынбады. Шығай, Жалым сұлтан-дармен бірігіп, Ноғай Ордасы жеріне әскери шабуылдар ұйымдастырды. Ноғай мырзаларын Жайық пен Еділдің батыс жағына, Дон далаларына көшуге мәжбүр етті. Бұл жеңіс Қазақ хандығының жерін кеңейтіп, күш қуаты мен беделін арттырды. Хандықтың өз ішіндегі тартыстың бәсеңдеуі, ішкі саяси биліктің нығаюы, мал және егін шаруашылығының, сауда қатынастарының дамуына көмектесті. Солтүстіктегі шекаралас Ресеймен саяси және экономикалық байланыстар барған сайын ұлғайды.

Ноғай Ордасы жерінің бір бөлігін басып алған Ресей мемлекетімен тікелей көрші болу, Сібір және Моғол билеушілерімен қарама-қарсылық Ақназардың Қазақ хандығының сыртқы саясатын өзгертуге мәжбүр етті. Ол бұрын үнемі жауласып келген Мәуеренахрдағы Шайбани әулетімен одақ жасауға ұмтылды. Сөйтіп, Бұхара ханы Абдолламен дос болып, өзара көмектесу туралы шарт жасасты. Осының нәтижесінде екі хандықтың арасындағы бұрын болып келген соғыс қимылдары тоқтап, бейбітшілік орнады. Қазақтардың Орта Азия халықтарымен сауда-саттық қарым-қатынасы, экономикалық байланысы одан әрі өрістеді.

Бұл кезде Бұхара ханы Абдолла мен Ташкенттің ұлыстық билеушісі Наурыз Ахмет ханның баласы Баба сұлтанның арасында талас-тартыс күшейген болатын. Өйткені Баба сұлтан Бұхара хандығынан болініп шығуға әрекет жасады. Ақназар Мәуеренахр билеушілерінің өзара қырқысына араласып, біресе Абдолла ханды, кейде Баба сұлтан-ды қолдап отырды. 1579 жылы Қазақ хандығы Абдолланы

қолдау арқылы Сырдария бойындағы бірсыпыра қалаларды өзіне қайтарып алды. Осыдан кейін Ақназар Ташкент билеушісі Баба сұлтанмен келіссөз жүргізіп, Қазақ хандығына Түркістан, Сауран қалаларын бергені үшін оны қолдап шықты. Бірақ қазақтардың Баба сұлтанмен одағы баянды болмады. Олар қайтадан Абдолла жағына шығуды көздеп, Баба сұлтанды өлтіруге әрекет жасайды. Мұны біліп қойған Баба сұлтан өзіне келіссөз жасауға келген қазақ сұлтаны Жалымды, оның екі ұлын, Ақназар ханның екі баласын өлтіреді. Көп кешікпей оның астыртын жіберген адамы 1580 жылы Ақназар ханды да у беріп өлтірді.

Ақназардың мұрагері - Жәдіктің баласы, Жәнібек ханның немересі қартайып қалған Шығай (1580-1582 жж.) хан болды. Ол өзінің баласы Тәуекелмен (1586-1598 жылдары хан болған) бірге Баба сұлтанға қарсы күресінде, Бұхар ханы Абдолламен одақ құрды. Бұл үшін Абдолла Шығайға Ходжент қаласын сыйға тартты. 1581 жылдың жазында Абдолла хан Баба сұлтанға Ташкенттен қуып жіберді. Баба сұлтан жасақтарымен Түркістан қалаларын – Аркөкті, Ясыны (Түркістан), Сайрамды, Созақты басып алды. 1582 жылы Абдолла Шығай хан әскерлерімен бірігіп, Баба сұлтанға қарсы жорыққа аттанады. Соғыста Баба сұлтан жеңіліп, Дешті-Қыпшақ даласына қашты. Абдолла мен Шығай ханның әскерлері Баба сұлтанды Сарысуға, Ұлытауға дейін қуды. Шығай хан сол жорықта қайтыс болды да, қазақ хандығының билігі енді Тәуекелге көшті.

1582 жылы маусым айында Түркістан қаласының түбіндегі шайқаста Тәуекел бастаған қазақ жасақтары Баба сұлтанды талқандап, оның басын алды. Қас жауын өлтіргенге қатты риза болған Абдолла хан Самарқан өңіріндегі Африкент иелігін Тәуекелге сыйға тартты. Баба сұлтан өлтірілгеннен кейін Сауран, Түркістан, Отырар, Сайрам қалалары Абдолла қолына көшті. Қазақ хандығының Түркістандағы егіншілікті, колонерлі бай сауда орталықтарынан айырылу, оның экономикасына қатерлі қауіп тудырды. Сондықтан Тәуекел хан 1583 жылы Бұхарамен жасаған шартты бұзып, Ташкентке шабуыл жасап, Сырдария бойындағы қалаларды қайтарып алды.

Тәуекел хан Орта Азияның сауда орталықтарына шығу үшін белсене күрес жүргізді. 1598 жылы науырызда Аб-

долла ханның қайтыс болғанын пайдаланып, 100 мыңнан астам қазақ әскерімен Мәуеренахрға шабуыл ұйымдастырды. Ахси, Өндіжан, Ташкент, Самарқанд қалаларын басып алды. Бірақ сол жылғы Бұхара түбіндегі бір шайқаста Тәуекел хан ауыр жараланып, қайтыс болды. Осыдан кейін хандыққа Есім сұлтан Шығайұлы (1598-1628 жж.) билік етті. Ол 1598 жылы Бұхарамен бітім шартын жасасты. Шарт бойынша өзбектер бұрын тартып алған Сыр бойындағы қалалар мен Ташкентті Қазақ хандығына бекітіп берді. Сөйтіп, Сыр бойындағы қалалар және Оңтүстік Қазақстанның жерін кеңейту үшін бір жарым ғасырға созылған күрес біраз бәсеңдеді.

Есім хан елді жуасытып бағындыру саясатын жүргізді. Сондықтан ол қанға-қан, кек алу, құн толеу, барымта жасау, құлды сату, дүре соғу, көп әйел алу, қалың мал толеу, әмеңгерлікті сақтау, зекет, ұшыр жинау, айып салу, діни патриархалдық ескі салтқа арқа тіреу және т.б. уағыздады. Халық Есім хан заңдарын “Есім хан салған ескі жол” - деп атады. Есімханның қазақтарды бір орталыққа бағындыру саясатына қарсы болған сұлтандар Қазақ хандығын болшектеуге тырысты. Атап айтқанда, Қазақ хандығына қараған Ташкент қаласын билеп отырған Жәнібек ханның немересі Жалым сұлтанпың баласы Тұрсын Мұхаммед өз алдына тәуелсіз хан болуға әрекет жасады. Мұның өзі Қазақ хандығын екіге бөліп, Түркістан қаласын орталық еткен Есімхан мен Ташкент қаласының билеушісі Тұрсын хан арасындағы қақтығыстарға алып келді. Күрестің шиеленісуі барысында Есім хан 1527 жылы Тұрсын ханды өлтіріп, Ташкентті өз қол астына біріктірді. Бірақ, бір жылдан кейін Есім ханның өзі де қайтыс болды. Оның орнына баласы Жәңгір хан болып сайлапды.

XVI ғасырда Қазақ хандығы солтүстікте құрылған Сібір хандығымен (орталығы Түмен) шектесті. 1563 жылы Шайбани әулеті мен Тайбұғы руы арасындағы ұзақ жылдар бойы жүргізілген күрестен кейін Сібір хандығы Шайбани әулеті Көшім ханның қолына көшті.

Сібір хандығының халқы түркі тілдес қырық рудан құрылған және уғар тайпаларының ала-құла жиынтығынан тұратын еді. Хандықтың негізгі халқы Батыс Сібірдің орманды далалық бөлігінде, салалармен қоса Есіл, Тобыл және Тура

өзендерінің орта ағысын, сондай-ақ, Ертіс пен Обь өзендерінің алқаптарында қоныстанған түркі тілдес “Сібір татарлары” деген атпен белгілі.

Сібір хандығы Орта Азия, Қазақстанмен саяси және сауда байланыстарын жасап отырды. Сауда ерте заманнан бері қалыптасқан керуен жолдары арқылы жүрді. Орта Азиядан қазақ даласы арқылы жібек, мата және жүн мата, елтірі, кептірілген жемістер тиелген керуендер бағалы аң терісіне, “жұмсақ дүниеге” және тағы басқа заттарға айырбастау үшін ағылып келіп жатты. Кошім хан билік жүргізген кезде өзінің қарамағындағы өлкеге ислам дінін таратуға үлес қосты.

1552 жылы Ресей Қазан қаласын жаулап алғаннан кейін, ол Сібір хандығымен тікелей қорші болып шықты. 1581 жылы Ермактың Сібірге жорығы басталды. Кошім хан жеңіліске ұшырағанымен, Ермак жеңісті баянды ете алмады, ол 1584 жылы тамызда қаза тапты. Бірақ Сібір хандығы да қотерілмеді. Сойтіп, 1598 жылы Ресей мемлекетінің құрамына енді. Осыдан кейін орыс патшасы Батыс Сібірді неғұрлым толық игеруге және Шығыс шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылып, орыс шаруаларының шығысқа қоныс аударуын, бекіністер салуды құптап отырды.

§2. Тәуке хан және оның «Жеті жарғысы»

XVII ғ. екінші жартысында Қазақ хандығының жағдайы нашарлап қалған еді. Ірі ақсүйектер мен феодалдардың арасындағы қырқысуларды пайдаланып, жоңғарлар Жетісудың бір бөлігін басып алып, осы аймақта көшіп жүрген қазақтар мен қырғыздарды бағындырды. Бұхара әскерлері Ташкентті алып, қазақтарды ығыстыра бастаған кезде, қазақ ханы Жәңгір Бұхар әміршісіне жоңғарларға қарсы күресу үшін әскери одақ жасасуға көндірді. Жәңгір хан шебер саясатшы ғана емес, сонымен бірге өте батыл ержүрек жауынгер қолбасшы еді. Оның тұсында қазақтар мен ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас – біріншісі 1635 жылы, екіншісі 1643 жылы, үшіншісі 1652 жылы болған. 1635 жылғы шайқаста Жәңгір жоңғарлардың қолына түсіп, көп ұза-

май тұтқыннан қашын шыққан. Ал 1643 жылғы екінші шайқаста Жәңгір хан 600 жанкешті сарбаздарымен Жоңғар тауының бір қуысына бекініп, ойраттардың 50 мың әскеріне ерлікпен қарсы тұрды. Шайқас қызып жатқан кезде Жәңгір ханның шақыруымен 20 мың әскерімен көмекке жеткен Кіші жүздің Жалаңтос батыры екеуі соғыстар тарихында бұрын болмаған жеңіске жетті, қалмақтың 10 мың әскерін шығындады. Жәңгір хан өз өмірінің денін жоңғарлармен соғыста өткізді. Оларға қарсы жорықта жүріп 1652 жылы Жәңгір ойраттармен үшінші үлкен шайқас кезінде қаза тапты.

1680 жылы Қазақстан жеріндегі хандықтардың билігі Жәңгірдің баласы Тәуке ханға (1680-1717 жж.) кошти. Ол өзін жақтайтын феодалдардың, ел силаған билердің қолдауына сүйене отырып, халықтың, елдің бірлігінің туын жоғары ұстады.

Тәуке хан 1687-1688 жж. Бұхара ханы Сұбхан-Кулимен Ташкент туралы келіссөз жүргізген, тіпті қаланы алуға әрекеттенген. Сырдария бойындағы Тәукеің хандық өкіметі нығайып, Түркістан қаласы оның астанасы болған. XVII ғ. 90-шы жылдарында, яғни Тәуке ханның тұсында жоңғар феодалдарының қазақтардың жеріне қысымы босансыды. Өйткені бұл кезде қазақ, қырғыз, оған қарақалпақтардың бір бөлігі бірігіп қимыл жасады. Дегенмен, жоңғарлардың тонаушылық шапқыншылығы тоқтамай, жалғасып тұрды. Олардың 1680 жылы Оңтүстік Қазақстанға шабуылы кезінде тек Түркістан қаласы ғана жоңғарлардың тонаушылығынан аман қалды. Өйткені мұнда әскерлерімен Тәуке хан болған еді. Жоңғарлардың салған ойраны Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар тіршілігін күйзелтті, маңызды сауда жолдарын кесіп тастады, бұқара халықтың шаруашылығына үлкен зардаптарын тигізді.

Тәуке хан феодалдық озара тартыстарды уақытша тыйып, үш жүздің үшеуінде де тыныштықты қалпына келтіруге тырысты. Осы арқылы ол қазақ руларының қоныстарын сыртқы жаулардан қауіпсіздендіруге күш салды. Тарихи деректерде айтылғандай, Тәуке ханның өз билігінде 80 мыңдай жауынгерлерінің болуы, оған сыртқы және ішкі жаулармен күресте жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді.

Тәуке хан өкіметтің беделін көтеруге және оған үш

жүздің руларын бағындыруға бағытталған шаралар қылды. Оның тұсында “Жеті жарғы” деген атаумен қоғамындағы әдеттегі құқық олшемдерінің жиіағы құрастырылды. Мұнда феодалдық құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Тәуке хан елдің бірлігін, ынтымағын ойлап, халықты ру-руға, жүзге боліну саясатын және бет-бетімен әрекет жасауды шектеу үшін пиянбай күресті. Осы мақсатта ол қазақ мемлекетінің саяси-құқық жүйесін белгілеп, халықты бірлікке, ынтымаққа шақырды. Тәуке хан оз тоңірегіне Ұлы жүзден Төле биді, Орта жүзден Қаз дауысты Қазбекті, Кіші жүзден Әйтеке биді кеңесші ретінде қызметке тартты. Сойтіп, қазақ халқының тарихына ірі құқықтық өзгерістер енгізді. Бұл оның халыққа кең тараған “Жеті жарғысымен” байланысты еді. Ол тек сол заманға сай құқықтық құжат емес, сонымен қатар кошпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл заңдарда сондай-ақ феодалдық меншікті қорғауға және меншік жопіндегі дау шараларды шешуге баса мән берілген.

“Жеті жарғы” кошпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Оның негізгі баптарының мазмұны:

- қаңға қаң алу, яғни біреудің кісісі олтірілсе, оған ердің құнын толеу (ер адамға - 1000 қой, әйелге - 500);

- ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылыққа олім жазасы кесіледі, жазаны ердің құнын толеу арқылы жеңілдетуге болады;

- денеге зақым келтірсе, оған сәйкес құн төленеді (бас бармақ - 100 қой, шынашақ - 20 қой);

- егер әйел ерін олтірсе, олім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн толеумен ғана құтылады, мұндай қылмысты екіқабат әйел жасаса, жазадан босатылады);

- төре мен қожаның құны карашадан 7 есе артық төленеді;

- егер ері әйелін олтірсе, әйел құнын төлейді;

- ата-анасы оз баласының олімі үшін жауапқа тартылмайды, ал анасы баласын қасақана олтірсе, олім жазасына кесіледі;

- озіне-озі қол жұмсағандар болек жерленеді;

май тұтқынан қашып шыққан. Ал 1643 жылғы екінші шайқаста Жәңгір хан 600 жанкешті сарбаздарымен Жоңғар тауының бір қуысына бекініп, ойраттардың 50 мың әскеріне ерлікпен қарсы тұрды. Шайқас қызып жатқан кезде Жәңгір ханның шақыруымен 20 мың әскерімен көмекке жеткен Кіші жүздің Жалаңтос батыры екеуі соғыстар тарихында бұрын болмаған жеңіске жетті, қалмақтың 10 мың әскерін шығындады. Жәңгір хан өз өмірінің денін жоңғарлармен соғыста өткізді. Оларға қарсы жорықта жүріп 1652 жылы Жәңгір ойраттармен үшінші үлкен шайқас кезінде қаза тапты.

1680 жылы Қазақстан жеріндегі хандықтардың билігі Жәңгірдің баласы Тәуке ханға (1680-1717 жж.) көшті. Ол өзін жақтайтын феодалдардың, ел силаған билердің қолдауына сүйене отырып, халықтың, елдің бірлігінің туын жоғары ұстады.

Тәуке хан 1687-1688 жж. Бұхара ханы Сүбхан-Кулимен Ташкент туралы келіссөз жүргізген, тіпті қаланы алуға әрекеттенген. Сырдария бойындағы Тәуке ханның хандық өкіметі нығайып, Түркістан қаласы оның астанасы болған. XVII ғ. 90-шы жылдарында, яғни Тәуке ханның тұсында жоңғар феодалдарының қазақтардың жеріне қысымы босаңсыды. Өйткені бұл кезде қазақ, қырғыз, оған қарақалпақтардың бір бөлігі бірігіп қимыл жасады. Дегенмен, жоңғарлардың тонаушылық шапқыншылығы тоқтамай, жалғасып тұрды. Олардың 1680 жылы Оңтүстік Қазақстанға шабуылы кезінде тек Түркістан қаласы ғана жоңғарлардың тонаушылығынан аман қалды. Өйткені мұнда әскерлерімен Тәуке хан болған еді. Жоңғарлардың салған ойраны Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалар тіршілігін күйзелтті, маңызды сауда жолдарын кесіп тастады, бұқара халықтың шаруашылығына үлкен зардаптарын тигізді.

Тәуке хан феодалдық өзара тартыстарды уақытша тыйып, үш жүздің үшеуінде де тыныштықты қалпына келтіруге тырысты. Осы арқылы ол қазақ руларының қоныстарын сыртқы жаулардан қауіпсіздендіруге күш салды. Тарихи деректерде айтылғандай, Тәуке ханның өз билігінде 80 мыңдай жауынгерлерінің болуы, оған сыртқы және ішкі жаулармен күресте жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді.

Тәуке хан өкіметтің беделін көтеруге және оған үш

жүздің руларын бағындыруға бағытталған шаралар қолданылды. Оның тұсында “Жеті жарғы” деген атаумен қазақ қоғамындағы әдеттегі құқық олшемдерінің жиінағы құрастырылды. Мұнда феодалдық құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Тәуке хан елдің бірлігін, ынтымағын ойлап, халықты ру-руға, жүзге бөліну саясатын және бет-бетімен әрекет жасауды шектеу үшін аянбай күресті. Осы мақсатта ол қазақ мемлекетінің саяси-құқық жүйесін белгілеп, халықты бірлікке, ынтымаққа шақырды. Тәуке хан өз төңірегіне Ұлы жүзден Толе биді, Орта жүзден Қаз дауысты Қазбекті, Кіші жүзден Әйтеке биді кеңесші ретінде қызметке тартты. Сойтіп, қазақ халқының тарихына ірі құқықтық өзгерістер енгізді. Бұл оның халыққа кең тараған “Жеті жарғысымен” байланысты еді. Ол тек сол заманға сай құқықтық құжат емес, сонымен қатар кошпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру жөне жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл заңдарда сондай-ақ феодалдық меншікті қорғауға және меншік жөніндегі дау шараларды шешуге баса мән берілген.

“Жеті жарғы” кошпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Оның негізгі баптарының мазмұны:

- қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын толеу (ер адамға - 1000 қой, әйелге - 500);

- ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылыққа өлім жазасы кесіледі, жазаны ердің құнын толеу арқылы жеңілдетуге болады;

- денеге зақым келтірсе, оған сәйкес құн төленеді (бас бармақ - 100 қой, шынашақ - 20 қой);

- егер әйел ерін өлтірсе, өлім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн толеумен ғана құтылады, мұндай қылмысты есіқабат әйел жасаса, жазадан босатылады);

- төре мен қожаның құны қарашадан 7 есе артық төленеді;

- егер ері әйелін өлтірсе, әйел құнын төлейді;

- ата-анасы өз баласының өлімі үшін жауапқа тартылмайды, ал анасы баласын қасақана өлтірсе, өлім жазасына кесіледі;

- өзіне-өзі қол жұмсағандар бөлек жерленеді;

- егер екіқабат әйелді атты кісі қағып кетіп, одан өлі бала туса: бес айлық бала үшін – бес ат, 5 айдан 9 айға дейінгі балаға - әр айына 1 түйеден (анықтама үшін 100 түйе – 300 атқа немесе 1000 қойға тең);

- әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептеледі. Мұндай қылмыс үшін еріне, немесе қыздың ата-анасына күн төлепуге тиіс, егер жігіт өзі зорлаған қызға қалың төлеп үйленсе жазадан босатылады;

- егер ері әйелінің көзіне шөп салу үстінде ұстаса, өлтіруге қақылы, бірақ қылмысты сол сәтінде жария етуі тиіс, әйелінің көзіне шөп салды деп күмәнданғап еркектің сөзін 4 сенімді адам теріске шығарса, әйел күнәсіз деп табылып, жазадан босатылады;

- біреудің әйелін күйеуінің келісімінсіз алып қашқан адам өлімге бұйырылады немесе ердің құнын төлейді, егер әйелдің келісімімен әкетсе, күйеуіне қалың төлеп, қосымшасына қалыңсыз қыз беруге тиіс;

- әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауға тиіс, сұрамаса арсыздығы үшін айып салынады;

- қан араластыру (жеті ата ішінде) өлімге немесе ағайындар белгілеген жазаға бұйырылады;

- құдайға тіл тигізген (жеті адам куәлік берсе) таспен атып өлтіріледі;

- кәпір болған адам мал-мүлкінен айырылады;

- құл өмірі күнсыз, ол қожайының билігінде;

- ата-анасына тіл тигізген ұлды мойнына құрым байлаған күйі қара сиырға теріс мінгізіп, өзін қамшымен сабап, ауылды айнала шапқылатады, ал қыз қол-аяғы байланып анасының билігіне беріледі;

- ұрлық жасаған адам үш тоғызымен қайтаруға тиіс;

- ерінің ұрлығын біле тұра хабарламаған әйел мен баласы жазаға тартылмайды, ойткені үлкеннің үстінен шағым айту әбестік саналады;

- осіет ағайындар мен молданың қатысуы арқылы жасалады;

- барымтадан қайтқан мал төлемімен қайтарылуы тиіс;

- дауды шешу билер мен ақсақалдарға жүктеледі;

- куәлікке екі немесе үш адам жүреді;

- билерге билік айтқаны үшін кесілген малдың оннан бірі тиесілі;

- егер айыпкер айыбын төлемесе, оны ру басының рұқсаты арқылы барымтамен алуға болады;

- ұрлық пен кісі өлтіруді қоса жасаған адам екі бірдей жаппағ тартылады;

- егер әкесінен бөлек тұратын ұлдың өлгенде баласы болмаса, оның мал мүлкі әкесіне тиесілі.

Тәуке хан заң баптарының орындалуын жүзеге асыруда хан бастаған барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері халық істерін талқылау үшін күз айында бір жерге жиналып, маслихат өткізуді белгілеген. Халық жиналысына бірде-бір қазақтың қару-жарақсыз келуіне болмайтындығы және қарусыз адам дауыс бере алмайтындығы атап көрсетілген. Сондай-ақ қару ұстап жүре алатын кез келген адам хан мен билеушілерге жыл сайын мал-мүлкінің 20-дан бір бөлігін салық ретінде төлеп отыруға тиісті болған.

Тәуке ханның “Жеті жарғысының” әрбір бабы сол заманның талаптарына сай келді. Онда әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық өлшемдері, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар, жер дауы, құн дауы туралы ережелер енгізіліп, ол қазақ қоғамы өмірінің барлық жағын түгел қамтыды. Оның жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ қоғамында заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы ролі де зор болды.

Оныншы тарау

XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының саяси-қоғамдық құрылысы және шаруашылығы мен мәдениеті

§1. Қазақ хандығының саяси және қоғамдық құрылысы

XVII ғ. аяғында Қазақстан аймағында бірнеше феодалдық мемлекеттер, яғни хандықтар құрылды. Олардың әрқайсысы сұлтандардың, жеке ірі феодалдардың иеліктеріне бөлінді. Қазақ хандықтарының күрделі мемлекеттік аппараты болған емес. Басқару мақсатында феодалдық қатынас-

тарға бейімделген патриархалдық институттар немесе бұрыннан қалыптасқан ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Жалпы бұл кезде қазақ қауымы үш жүзге бөлінді. Үш жүздің халқы Қазақ хандығына бағынды. Үш жүзді билеген қазақ ханы “Ұлы хан” болды. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, ру-тайпаларды билер, ру басылары, ал ауылдарды ауыл ағалары басқарды.

Қазақ хандары мұрагерлік жолмен сайланды. Хан өлсе орнына үлкен ұлы отырды. Ер жеткен баласы болмаған жағдайда аға-інілері, немесе олардың балалары сайланды. Бірақ хан мұрагерлерінің таққа отыруы сұлтандар мен ру-тайпа басшыларының құрылтайында, яғни “хан котеру” деп аталатын сайлаудан отуге тиісті болды. Жиында хан болуға лайықты адамды ақ киізге отырғызып, үш рет хан котеріп, “хан атасы” болған беделді адамның батасын алғаннан кейін, ресми заңды хан тағына отырған.

Сыртынан қарағанда хан шексіз билік жүргізді. Хан мемлекет басқарушысы, қарулы күштердің басшысы және жоғарғы төре саналды. Ол сұлтандарға тәуелсіз, әрбір сұлтан оған тәуелдікте болды. Сұлтандар мен билер ханға жүгінді. Ханның жанында ірі сұлтандар, тайпа көсемдері, билер, батырлар, шешен-жыраулардың кеңесі құрылды. Олар маңызды саяси, әскери және азаматтық мәселелерді ақылдасып шешті.

Қазақ хандықтарында әскери ұйым күрделі емес еді. Тұрақты әскер болған жоқ. Оған әрбір азамат-жауынгер өз атымен, қару-жарағымен келуге тиіс болды. Жеке әскер шоғырларын сұлтандар, билер және батырлар басқарды. Оның шығынын халық котерді.

Хандар кезеңіндегі қазақ қоғамы бір-біріне қарама-қарсы негізгі әлеуметтік топтан - ақсүйектер мен қара сүйектерден тұрды. Олардың экономикалық жағынан ғана емес, саяси және құқықтық белгілері жағынан да айырмашылығы болды. Сұлтандар деп аталатын Шыңғыс ұрпақтары мен Мұхаммед пайғамбар жолын ұстаушылардың ұрпақтары деп саналатын қожалар ғана ақсүйектерге жататын еді. Қоғамның қалған топтары мен жіктерінің бәрі қарасүйек деп саналды. Қоғамның текті-топтық белгілері бойынша бөлінуі мен осы белгілерімен құқықтарын айыру арқылы біріктіру принципі дәйекті түрде сақталды.

Қазақ феодалдық таптық қоғамда адамдардың мүлкітік жағдайына қарай бай-кедей деп болу орын алды. Қоғамның материалдық байлықты өндірушілер халықтың көпшілігін құраған қазақ шаруалары еді. Шаруалардың экономикалық жағдайы бірдей болған жоқ, сондықтан бай-феодалға тәуелділік дәрежесі де әр түрлі болды. Олардың біраз бөлігі экономикалық жағынан азды-көпті қамтамасыз етілген жай шаруа еді. Халықтың көпшілік бөлігін кедей шаруалар құрады. Кедейлердің біразы көшпелі өмір күруге мүмкіндіктері болмағандықтан, отырықшы тұрмысқа ауысты. Олар жатақтар деп аталды. Ішінара құлдар да кездесті. Олар жат жұртпен қиян-кескі соғыста қолға түскен тұтқындар есебінен ұсталды.

Феодалдық қанау көптеген салық салуды әдетке енгізді. Олардың негізгілері: малшылардан – зекет, соғым, сыбаға, сыйлық, егіншілер мен қолөнершілерден – ұшыр, тағар, баж және хараж алынды. Бұған қосымша шаруалар үстем таптың пайдасына жұмыс істеуге және борышын еңбекпен өтеуге тиісті болды. Осындай әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан шаруалардың көбі, әсіресе, ең кедей бөліктері феодалдарға кіріштар болып, бай туыстарының “көмегіне” сүйенуге мәжбүрлікке түсті.

Қазақтың хандық мемлекетінің қажетіне керекті шығындар халықтан жиналатын феодалдық салықтардан басқа, соғыстан түсетін олжадан, сот алымынан және “ықтиярлы” қайырымдылық қорынан құралып отырды. Әрине, негізгі ауыртпалық еңбекші бұқараның мойнына түсті.

XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың қоғамдық қатынасын зерттеушілердің көпшілігі оны патриархалдық қарым-қатынас деп санайды. Әсіресе, ол көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы аймақтарында басым болған. Ал, экономикалық жағынан пәғұрлым дамыған Қазақстанның Оңтүстік аудандарында феодалдық қарым-қатынастардың көбірек қанат жайғандығы атап көрсетіледі. Іс жүзінде қазақ қоғамы мен қазақ мемлекеттігі екі әлеуметтік-экономикалық құрылысқа негізделді. Моңғол үстемдігі кезінде қала мәдениеті кері кетіп, егіншіліктің құлдырауы, көшпелі мал шаруашылығының артуы патриархалдық қоғамдық қатынастарға қарай ойысуына әсерін тигізді.

Қазақтың далалық аудандарында жерді пайдаланудың қоғамдық түрі үстемдік етті. Жайылымдарды пайдалану құқына кошпелі рулар мен қауымдардың барлық мүшелері ие деп саналды. Бірақ соның өзінде ру-тайпа ақсүйектері мен қатардағы кошпенділердің арасында жерді, жайылымды пайдалануға іс жүзінде тепе-тең құқығы болмады. Ақсүйек феодалдардың қоныстарға иелік ету, өзінің отарлары мен жылқы үйірлері және өз жақын-жұрағаттары үшін жақсы жайылымдарды, аңшылық құратып жақсы оңірлерді пайдаланатын артықшылығы болды. Жалпы алғанда, мал жеке адамның және отбасының меншігіне тиді. Өз малдарын өсірумен жоғарғы ақсүйектер тобы да, тайпалар мен рулардың көсемдері де және рудың қатардағы мүшелері де шұғылданды. Мал кошпелілер байлығының, олардың тұрмыстық жағдайының басты өлшемі болып саналды. Малдың басым көпшілігі байлардың қолында жинақталды, олар мыңғыраған малды бағатын жайылымдарға іс жүзінде өздерінің билеп-төстеу құқығын жүргізді.

Қазақ жерлерінің жоғарғы басқарушысы хан-патшалар болатын. Олар тек Шыңғыс хан ұрпақтарынан шыққан, өздерінің сұлтандарымен бірігіп билік жүргізді. Демек, кошпелі халық бұқарасына малдарын жайып бағуға берілетін жерлер билеуші әулеттің меншігі болып саналды, олардың бұған құқы заңмен бекітілді және салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен қуатталды. Феодалдық шартты жер иеленушілік, жерге меншіктің тұрақты түрлері, әсіресе Қазақстанның оңтүстік аудандарында, Сыр бойындағы қалалар аймағында қалыптасты. Олардың сойырғал (хандардың туыстарына немесе кошпелі шонжарлар өкілдеріне сыйға берілген жерлер), ықта (хандардың туысқандары мен жақындарына тарту етілген жерлерден өз пайдасына салық жинау құқығының берілуі), мильқ (әскери қызметі үшін сыйға алған жерлердің уақыт өте келе ірі феодалдық таза жер иелігіне айналуы), бақып (ислам діни иеліктеріне қарасты жерлер) сияқты және басқа түрлері кеңінен орын алды. Ханнан тархандық құқық алып, сыйлық жерді иеленушілер онда тұратын егіншілерден, қолонершілерден, саудагерлерден өз пайдасына салықтар жинады.

Қазақ қоғамын әлеуметтік-таптық топтарға болу негізіне әл-ауқаттылық жағдайынан гөрі, әлеуметтік шығу тегі

ланды. Жоғары аристократтық топ-ақсүйектерге Шыңғыс әулеттері: хандар, сұлтандар, оғландар немесе төрелер, биер, бектер сондай-ақ, қожалар жатты. Шыңғыс әулеттері қазақ рулары мен тайпаларының ешқайсысына жатпайтын, олар қоғамның басқарушы тобын құрады. Ал бүкіл өзге халық әл-ауқаттылық жағдайына қарамастан төменгі топқа-қара сүйекке жатқызылды. Қарапайым халық қатарына шаруалар, малшылар, егіншілер мен қолонершілер, жалақтар мен қала халықтары, ұсақ саудагерлер мен ауыл адамдары, т. б. кірді. Соғыс кездерінде өзінің жауынгерлік ерліктерімен даңққа бөленген қатардағы сарбаздар әлеуметтік баспалдағымен жоғары жылжып, батырлар тобынан орын алды. Батырлар қазақ қоғамының әлеуметтік тәртібінде маңызды рөл атқарды. Олардың едәуір бөлігі өзінің шыққан тегі және мүлік жағдайымен ауқатты әскери-кошпелі ақсүйектер қатарына жатты.

§2. Қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениеті

XV-XVII ғасырларда қазақтар шаруашылығының жетекші саласы - кошпелі мал шаруашылығы. Әр рудың 800-1000 шақырымға дейін жететін кош жолдары жазда жайлауға шығып, қыс түсе қыстақтарға оралуға мүмкіндік беретін. Олардың қыстақтары малға суықта пана болатын өзен, қол бойларында орналасатын. Ертеден қалыптасқан тіршіліктің жүйесі алыстағы шалғай жерлерге (Жетісудан басқа жерлерде) көшіп-қону, табиғи жағрафиялық жағдайлары мен тарихи дәстүрлерге, ал көшіп барып қонатын жерлерді таңдап алу, көбінесе халықтар арасындағы қақтығыс, соғыс, шайқастардың бар-жоғына, саяси жағдайларға байланысты болды. Малдың негізгі түліктері қой, жылқы және түйе еді. Бұлар халықтың тұрмыс-тіршілігіне бірден-бір қолайлы түліктер. Мұндай мал халықтың тұрмыс-тіршілігін жеңілдетіп, ет, сүт, қымыз, шұбат пен киімге керек материалдармен қамтамасыз етіп отырды. Әрине, мал бағу ауыр еңбекті, төзімділікті және өмірге икемділікті талап етті. Сонымен бірге ол кезде мал шаруашылығының табиғаттың дүлей құбылыстарына түгелдей тәуелді болғанын да айту керек. Жем-шоп дайындау жүргізілмеді, қыста

мал тебіндеп жайылды. Міне, осыған байланысты қыс сұрапыл қатты болған жылдары малдың жаппай қырылуы (жүт) жиі кездесетін. Мұндайда қошпелі малшылар тақырлана кедейленіп қалатын.

Қазақ халқының өмірі ілгері басқан сайын мал шаруашылығын жүргізудің формасы мен оның өнімділігі жақсара түсті. Қолайлы жылдары мал басы үдемелі қарқынмен өсіп отырды. Мал шаруашылығын жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі сақталып, үнемі жетілдіріп отырған.

Қошпелі мал шаруашылығы қазақ отбасының өмірін көп жағынан қамтамасыз етіп тұрды. Бұл сала қазақтарға ішіп-жейтін тамақ өнімдерін, киім-кешек пен аяқ-киім, үй жабдықтары мен жасауларын, көшіп-қонуға қажетті тасымал құралдарын берді. Әскери жорықтар мен шайқастарда жылқының орнын ешнәрсемен алмастыруға болмайтын. Қошпелі малшылар оздерінде артылып қалған малдан түскен өнімдерді Түркістанның Сығнақ, Сауран, Ясы және басқа қалаларының базарларына апаратын, соның ішінде арбалар, төсектер мен ыдыстар жеткізетін болған.

Малшылар бұл өнімдеріне айырбасқа қалалардан әр түрлі тауарлар: мақта маталары мен жібек маталар, темірден соғылған бұйымдар, дайын киім-кешектер, шапандар, орамалдар, бас киімдер, аяқ киімдер, сондай-ақ әр түрлі үйге қажетті заттар т. б. алатын. Қошпелілердің астық өнімдеріне - бидайға, тарыға, арпаға, жеміс-жидекке - сұранысы өте қатты болды.

Қошпелі және жартылай қошпелі мал шаруашылығымен қатар халықта тұрақты егіншілік маңызды рөл атқарды. Қазақстанның Оңтүстік аудандары мен Жетісуда суармалы егіншілік дамыды. Археологиялық зерттеулер XV-XVII ғасырларда Отырар, Түркістан, Сауран маңындағы егістік жерлерге құбырлар арқылы су жіберіліп отырғанын дәлелдейді. Басқа жерлерде егіншілік мәдениетінің дәстүрлі ошақтары озен алқаптары мен көл жағалауларында, шол және шөлейт далалардың қоғалды жерлерінде дамыды. Әдетте, егіншілікпен көбіне көшіп-қонуға мүмкіншілігі жоқ кедей жатақтар шұғылданды. Негізгі дақылдар – тары, бидай, арпа, жүгері. Егіншілік Қаратау, Ұлытау өңірлерінде, Ертіс өзені алқабында, Зайсан көлінің жағасында да едәуір

дамиды. Егіншілік саймандары тесе, кетпен, қарапайым соқа, тіс ағаш, тырма, қол орақ болды. Дән түю, үн тарту үшін ағаш келі, қол днірмен пайдаланылды. Астық ұраға көмшін сақталды.

Қазақстанның алуан түрлі тағы жануарлары бар кеңбай-тук даласы көшпелілерге жеке-дара және ұжым болып ашылық етуге зор мүмкіндік берді. Олар аң аулауда бас-ты қаруы ретінде көбінесе садақты қолданды. Аң аулау-ның бірнеше түрі болған: күс салған, тазы иттер қосып және қаумалап аулаған. Қыран құстардан қаршыға, бүркіт, сұңқар, лашын т.б. пайдаланылған. Қыран құстармен аң аулау Қазақстанда ХХ ғасырдың басына дейін кеңінен та-раған. Көшпелілер бұлғын, сусар, түлкі, қарсақ т.б. аңдар-дың терісін алу үшін, арқар, киік, құлан, елік, тау ешкі, қарақұйрық сияқты аңдардың етін жеу үшін, бұғы мен бөкенді мүйізі үшін аулады. Қаз, үйрек, кекілік, қырғауыл, аудақ, күр, бодене т. б. құстарды алуан түрлі әдістермен аулап көмекші азық етті. Аю, жолбарыс, қабылан, қасқыр сияқты жыртқыш аңдарды қазақтар торт түлік малын сақ-тау үшін аулады. Олардың терісін тұлып, тон, ішік, тымақ т.б. қыс киімдерін тігуге жаратты. Дегенмен, қазақтарда аң аулау дербес кәсіп болмаған, ол мал шаруашылығына тек көмекші кәсіп болған. Оның халық шаруашылығындағы үлес-салмағы да онша көп болмады.

Өзен мен көл жағасын мекен еткен қазақтар балық аула-умен де шұғылданған. Балықшылықпен көбінесе малы аз, тұрмысы томен кедей шаруалар айналысқан. Олардың ба-лық аулаудағы құрал смаймандары: қармақ, шанышқы, өрнек, ау т. б.

Қазақ халқының тіршілік-тұрмысында қолөнер кәсібі үлкен маңызды орын алды. Өйткені мал шаруашылығы не-месе егіншіліктің дамуы қолөнер кәсіпшілігімен тікелей байланысты болды. Мал шаруашылығы үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малды ұстайтын, байлайтын жабдықтар, егіншілік үшін жер жыртатын және тырмалайтын, астық-ты жинайтын және оңдейтін құралдар т.б. қолөнершілердің еңбегімен дайындалды. Сондықтан Қазақстанның қалала-ры мен қыстақтарында қолөнері (теріден, жүннен бұйым-дар жасау, киім тігу, ағаш оңдеу, зергерлік, ұсталық, құры-лыс ісі т.б.) басым дамыды.

Дегенмен бұл кездегі қазақтың колонер кәсіпшілігі қарабайыр шаруашылық еді. Үйде істелетін кәсіп бұйымдардың көпшілігі тауарға айналмайтын, өндірушінің өз отбасын ғана қанағаттандыруға пайдаланылатын. Халық өнері, әсіресе, киіз үйдің жабдықтары, жиһаздарын жасауда (кілем, текмет, алаша, әшекей, сандық, тосек, ыдыс-аяқтар, т.б.) ерекше өрістеді. Қолданбалы өнер халықтың еңбек қарекетімен, оның тұрмыс-салтымен тығыз байланысты болды. Ол халыққа өнімдер мен шикізат беріп отыратын қарабайыр мал шаруашылығының басым болуына сәйкес келді. Қалалар мен ауыл тұрғындарының, сондай-ақ көшпелі малшылардың колонершілер өнімдеріне сұраныстың осы сауда қатынастарын өрістетіп, тұрақты базарлар жұмыс істеді.

Бұл кезде, әсіресе оңтүстік Қазақстан қалаларының Орта Азиямен, Шығыс Түркістанмен, Орыс мемлекетімен сауда-саттық байланысы жапданды. Осының арқасында көшіп-қонушы және отырықшы халық топтарының экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым-қатынасы мүмкіндігінше кеңейе түсті. XV-XVII ғасырларда “Ұлы жібек жолы” бойында орналасқан Сығнақ, Сауран, Отырар, Түркістан, Сайрам, Жент т.б. қалалардың тездеп өркендеуі, қазақ халқының біртұтас ел болуына, жеке хандық құрып нығайуына үлкен әсерін тигізді. Түркістан, Отырар, Тараз, Сайрам және тағы басқа қалалардан табылған күміс теңгелер мен мыс ақшалар Қазақ хандығы тұсында сауда-саттық өркендеп, ақша айналымы дамығандығын көрсетеді. Бұл металл ақшаларының бірсыпырасы XV-XVII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қаласында жасалды.

Қазақ халқы өте ауыр кезеңдерді басынан кешірсе де, өзінің ата-бабаларының ертеден қалыптасқан мәдени қазыналарын сақтап қалды. Әрине, мәдениеттің дамуы Қазақстанның барлық жерінде біркелкі жүрген жоқ. Атап айтқанда, мәдени даму отырықшылық-қалалық жерлерде көшпелі және жартылай көшпелі аудандармен салыстырғанда күштірек жүрді. Сығнақ пен Сауранның, Ясы мен Отырардың архитектуралық комплекстері, Жәнібек пен Қасымның Сарайшықтағы, Қазанғаптың Ұлытау жеріндегі кесенелері, Маңғыстаудағы, Сырдария алқаптарындағы

және Қаратау қойнауларындағы мазарлар өзіндік сәулет-сипатымен, архитектуралық формаларының жиілікпен әрі айқыншылығымен ерекшеленді.

Ұлан байтақ кең далада мал бағып, күндерін табиғат құшағындағы мал өрісінде, түндерін жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген қалың қазақ, әлемдегі табиғат құбылыстарын үнемі бақылап отырған. Осы бақылаудың нәтижесінде халықтың көпжылдық тәжірибелері қорытылып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинақталған. Және оның негізінде байырғы қазақ күнтізбегі қалыптасты. Қазақ халқы аспан әлемін бақылау арқылы “күс жолы”, “құйрықты жұлдыз”, “ақпа жұлдыз” және “кемпір қосақ” жайында ұғымын кеңейтті.

Қазақтар көктемде 22-ші наурызды, күн мен түннің теңелетін кезеңін “наурыз тойы” – деп атап отуді ертеден әдетке айналдырған. Бұл тойда қазақтар ағайын-тума, ауыл-аймағын аралап, жаңа жылмен құттықтап, молшылық пен егіндіктің түсімді болуына тілектестік білдіріп, бата берді. XV-XVII ғасырларда қазақтар арасында ислам діні кенінен тарады. Оны таратуға Сығнақ, Түркістан, Хорезм, Бұхара, Самарқанд сияқты қалалар айырықша рөл атқарды. Алайда, ислам діні көшпелі халық арасында герең тамыр жайған жоқ. Оған себеп дүркін-дүркін жүргізіліп отырған қақтығыстар, соғыстар және түрлі саяси қарама-қайшылықтар еді. Сондықтан халықтың, әсіресе көшпелі бөлігі ислам дінін көпке дейін қабылдамай, тәңірге, күнге, аспанға, жерге, суға табынуға негізделген нанымды ұстады. Қазақтар өмірінде отты қасиеттеу үлкен рөл атқарды.

XV-XVII ғасырларда қазақ халқының арасында тақырыбы мен жанры жағынан алуан түрлі ауыз әдебиеті кең өріс алды. Қазақтың ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жасаған да, оны ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген де халық арасынан шыққан дарынды адамдар - ақындар, сал, серілер, жыраулар еді.

Ақындар халықтың поэтикалық мұраларын сақтап, айтып берушілер, лирикалық жырларды жасаушылар болды. Сал, серілердің арасынан көптеген атақты сазгерлер мен жезтаңдай әншілер шықты. Әншілер, күйшілер, ұлттық ат

спорты ойындарының шеберлері, алуан түрлі сауыққойлар, күш иелері балуандар, күсбегілер, жалпы халықтық тойларда оздерінің даңқын шығарып жүрді.

Қазақ халқының поэзиясында жыраулардың орны ерекше бағаланды. Жыр толғауларында қанатты сөздер, ғибратты нақылдар кең орын алды. Өмір мен өлім, қазіргі мен келешек туралы ойды өрбіте келіп, жырау өзінің моральдық-этикалық көзқарастарын жеткізді, өз тұсындағы қоғамға, табиғатқа өзінің көзқарасын білдірді. Жауынгер жыраудың туындылары әдетте шабытты романтизмге, ерлік пен азаматтық пафосқа толы болды. Қазақтың батырлар жырын туғызушы да осы жыраулар еді.

Сол кездегі қазақ поэзиясының аса ірі тұлғалары – Шалкиіз /XV ғ./, Доспамбет /XVI ғ./, Жиембет /XVII ғ./, т. б. жыраулар. Олар Әбілхайыр хан мен Жәнібек хан заманында өмір сүріп, сол кездегі шиеленіскен саяси күрестің қиын-қыстау кезеңдерін жырға қосып көрсете білген адамдар.

Халықтың ауыз әдебиеті туындыларында көшпелі малшы халықтың көзқарастары, ұғымдары мен еңбегі, олардың ғасырлар бойы жинақтаған еңбек тәжірибесі жан-жақты бейнеленді. Әсіресе, соның ішінде салт-сана өлеңдерінің көптеген үлгілері оздерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктерімен құнды.

Қазақтың батырлар жыры эпосқа тән аңыз сияқтанғанымен, олардың бәрі дерлік тарихи оқиғаларға құрылған. Мәселен, Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Ер Сайын, Қамбар дастандары тарих шындығымен қабысып жатқан шығармалар. Қазақтың әлеуметтік-тұрмыстық дастандары да /”Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қыз Жібек” т. б./ феодалдық рулық қоғамның өмірін үлкен шеберлікпен көрсетеді.

Бұл кезде Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысы мен халық өмірінің ерекше жағдайларын өзіндік өзгешелігімен қамтитын қоғамдық уклад “билер сөзі”, “билер айтысы”, “билер дауы”, “төрелік айту”, “шешендік сөздер” деп аталатын көркемдік мәдениеттің бірегей түрін туғызды. Әдебиеттің бұл түрін шығарушылар негізінен XV-XVII ғасырларда қазақ қоғамында сот ісін жүргізумен айналысатын билер болатын. Олар тек сот ісін жүргізумен ғана айналысқан жоқ. Билер хан кеңесінің мүшелері болып, мемлекеттік

істерге белсене араласты. Сонымен бірге атақты билер тайпалар мен рулардың басшылары болып, ел басқарды, жиындарда солардың атынан сөз сөйлеп, айтыс-тартыстар кешінде олардың мүдделерін қорғады.

Қазақтың атақты билері поэтикалық таланты зор және сұрып салып айту мен шешендік сөз арқылы өзара айтыстың тамаша шеберлері болған. Би-шешендердің әдеби шығармашылығы түрі жөнінен де, мазмұны жөнінен де ерекше, прозаны поэзиямен ұштастырып отырған. Олардың поэтикалық туындылар жанры, тақырыбы және жасалу себебі жағынан да алуан түрлі болып келген. Сондай-ақ би-шешендер әдебиетінің тақырыбы да өте кең, ал олар көзғайтын проблемалар қоғамдық жағынан да маңызды орын алды. Олар: әділеттік-озбырлық, достық-жаулық, игілік-зұлымдық, ұжымдық-бытыраңқылық, адамдық-опасыздық, мейірбандық-қатыгездік, шыншылдық-екіжүзділік, ақылдылық-топастық, батырлық-қорқақтық және тағы басқалары.

XVI-XVIII ғасырлардағы би-шешендер арасында мемлекеттік және қоғамдық қызметінің маңыздылығы, шешендік өнерінің күшімен поэтикалық шеберлігі жағынан Төле би Әлібекұлы (1663-1756), Қазыбек Келдібекұлы (1665-1765) және Әйтеке Байбекұлы (1682-1766) ерекше орын алды. Олар тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Ресейде, Хиуада, Жоңғария мен Қытай империясында танымал болған.

Бұл кезде қазақ тіліндегі жазба әдебиеттері діни және аңыздық мазмұндағы кітаптар түрінде таралды, сондай-ақ тарихи шығармалар мен рулар тарихы (шежіре) жасалды. Олардың ішінен Захир-ад-дин Бабырдың “Бабырнамасын”, Камалад-дин Бинайдың “Шайбани-намесін”, Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидинің”, Қожамқұл бек Бахидің “Тарих-и-Қыпшағын”, Қадырғали бектің “Жамиат-таварихын” және басқа да шығармаларды арнайы боліп көрсетуге болады. Жоғарыда көрсетілген авторлар тек оқиғаларды суреттеумен және мемлекетті билеушілердің тұқымдық шығу тарихын баяндаумен ғана шектелмеген. Олар өз суреттемелеріне қоса көркем бейнелер жасап, кейде тарихи шайқастардың немесе басқа оқиғалардың әдеби көріністерін беріп отырған.

Бұл кезде Қазақ хандығы көршілес мелекеттермен, Орта және Таяу Шығыс елдерімен үздіксіз араласып отырды. Мұның өзі араб-мұсылман мәдениеті мен ғылымының таралуына әсерін тигізді. Қазақ жерінде мектептер мен медреселер ашылып, оларда оқу араб-парсы және түрік тілдерінде жүргізілді. Қазақтар жазуда араб әліп-биін тұтынды. Мектептер мен медреселерде ғылымның әр түрлі салалары (дін ілімі, математика, логика, философия) бойынша білім беріліп, Шығыстың ұлы ақындарының классикалық туындыларымен таныстырылды. Сарай маңындағы шонжарлар, ірі феодалдар, бектер мен басқа да дәулетті адамдар өз балаларын Бұхараға, Самарқанға, Бағдадқа және мұсылман дүниесінің басқа да мәдени орталықтарына оқуға жіберіп отырды. Мұның бәрі қазақ халқының жалпы дамуына, бүкіл қоғамның рухани өмірі мен мәдениетіне игі ықпал жасады.

Сонымен, XV-XVII ғасырларда Қазақ қоғамында шаурашылықтың және мәдениеттің дамуында елеулі ілгерілеушілік орын алды. Оның басты бір себебі, қазақ халқының біртұтас мемлекетке бірігуі мен байланысты еді.

Он бірінші тарау

Қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресі

§1. Жоңғар мемлекетінің құрылуы және оның қазақ жеріне шапқыншылығы

XVIII ғасырда Алтайдан Атырауға дейінгі байтақ даланы алып жатқан қазақ халқы жерінің жағрафиялық жағдайына қарай үш жүзге бөлініп өмір сүрді. Оның әрбір Жүзінің өзі Еуропадағы әлденеше шағын елдер мен мемлекеттерді сыйдырарлық көлемдегі жерлерді жайлады. Қазіргі Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтобе, Қызылорда облыстарын мекен еткен Кіші жүз, Орталық Қазақстанға жататын аймақтарды мекендеген Орта жүз, елдің Оңтүстік және Оңтүстік-Шығысын қоныс еткен Ұлы жүздің әрқайсысының өз хандары болды. Кіші жүзде -

Әбілхайыр, Орта жүзде – Сәмеке /Шахмұхамбет/, Ұлы жүзде – Жолбарыс, Түркістан қаласын астана еткен Үлкен Орданың ханы Тәуке еді. Бұл хандардың ақылшысы болғанын, үш жүздің басын біріктіріп, даулы істеріне билік айтты, берсе бастаушы болған Кіші жүздегі Әлім руынан шыққан Әйтеке биді, Орта жүздің биі арғын, Қаракесек руынан шыққан Қаз дауысты Қазыбек биді, Ұлы жүздің биі үйсін, Жаңыс руынан шыққан атақты шешен Төле биді, Үлкен Орданың сарай ақыны Бұқар жырауды бүкіл қазақ жұрты, алты алаштың адамдары жақсы білді.

Үш жүздің билеушілері әдетте бас қосып, оқтын-оқтын мәслихат-мәжіліс өткізетін. Ондай мәжілістер Сайрам маңындағы тауларда, Мәртөбе жотасында өтетін. Оларда қыстау жағдайы, қауіп-қатерден сақтану мен қауіпсіздік мәселесі талқыланатын. Бірақ, қазақ жерінде біртұтас бір иелікке бағынған, басқару жүйесі орталықтанған ірі мемлекеттің жоқтығы ылғи да сезіліп тұрды. Мұны қазақ жеріне ертеден қозғалып келе жатқан Қазақстанмен жапсарлас, жерлері шектесіп жатқан елдердің билеушілері пайдаланып қалуға тырысты. Оңтүстік-батыстан Жайық қазақ-орыстарының қолдап-қолпаштауымен Еділ өзенінің бойындағы башқұрттар, қалмақтар Кіші жүздің халқына тынымсыз шабуыл жасады. Қазақ жеріне солтүстіктен Сібір қазақ-орыстары килікті. Орта Азиядағы Бұқара мен Хиуа хандықтары да қазақ жерінен дәмелі болды. Оларға қазақ жасақтары табандылықпен тойтарыс беріп отырды. Осылардың бәрінен де асып түскен, қазақ халқына мәңгі жойылып, құрып кету қаупін төндірген жау - жоңғарлар еді.

XVII ғасырдың бірінші жартысында ойраттар мен қазақтардың арасындағы әскери қақтығыстар жиілей түсті. Ойрат феодалдарының Шығыс Моңғолияға қарсы ойдағыдай жүргізген соғыстары олардың күшін нығайтты. XVI ғасырдың аяқ шенінде ойраттар басты-басты төрт тайпалық бірлестіктен құралды. Олар: Тарбағатайдан Шығысқа қарай өңірді алып жатқан торғауыттар, Ертістің жоғарғы ағысын бойлай қоныстанған дербеттер, қазіргі Дихуа қаласының тоңірегіндегі хошоуыттар және Іле өзенінің жоғарғы жағындағы шоростар еді.

Қазақ және ойрат әміршілерінің арасында жайылымдық жерлер үшін ірі қақтығыстар XV ғасырдың өзінде бастал-

ған болатын. XVI ғасырдың аяғында ойраттардың шағын бір бөлігі сәтсіз шабуылдан кейін қазақ ханы Тәуекелге бағынышты болып шықты. 1635 жылы қоңтайшы Батурдың бастауымен Жоңғар хандығы құрылды. Осыдан соң, егер XVI ғасырдың аяғында XVII ғасырдың басында қазақ хандығына бытыраңқы ойрат тайпалары қарсы болса, XVII ғасырдың екінші ширегінде күштердің ара салмағы жоңғар тайпаларының пайдасына өзгере бастады. Қазақ-жоңғар қатынастары, әсіресе Батур-қоңтайшы /1634-1654 жж./ билік құрған кезде ерекше шиеленісе түсті. Одан кейін Ғалдан-Бошақту (1670-1697 жж.) билеген кезде, оның мұрагері Цеван-Рабтан (1697-1727 жж.) өкімет басына келгенде қазақ-қалмақ қатынастары қатты шиеленісіп кетті. 1698 жылдан ойраттар мен қазақ хандары арасындағы қарулы қақтығыстардың жаңа кезеңі басталды. Жоңғарлардың әскер басшылары маңызды сауда жолдары өтетін және ірі сауда орталықтары орналасқан Оңтүстік Қазақстан жерін басып алуды көздеді. Қазақтың Сығнақ, Түркістан, Отырар, Сайрам, әсіресе Созақ қалалары жоңғарлармен күресте өзіндік стратегиялық тірек бекетіне айналды. Тәуке ханның ойраттармен күрестегі кейбір сәтті шайқастары оған үлкен жеңіс әкелмеді, соғыс барысындағы басымдық ойраттардың жағында болды.

Жан-жақты әскери дайындығы бар және шабуыл жасайтын жерлердегі жағдай жөнінде толық мағлұмат жинаған жоңғарлар 1710-1711 жылдары қазақ жеріне басып кіріп, қырғын соғыс жүргізді. Көп олжа алып, кері оралған олар 1717 жылы жазда Аякөз өзенінің жағасында қазақтардың 30 мың жасағын талқандап жеңді. Келесі жылы жоңғарлардың әскері тағы да қанды жорыққа аттанып Бөген, Шаян, Арыс өзендерінің бойында қазақтарды қырғынға ұшыратты.

1718 жылы Тәуке хан өліп, билік оның баласы Болат ханға өткен тұста қалмақтардың қазақ жерлеріне жорығы күшейді. Бұл жорықтардың табысты болуына шведтің артиллерия сержанты Иоганн Густав Ренаттың тигізген әсері үлкен. 1709 жылы Полтава түбінде орыстардың қолына түскен Ренат Тобыл қаласына айдалады, осында Ертістің бойымен жоғары өрлеп бара жатқан Бухгольцтың экспедициясы құрамында Кереку қаласының маңында 1715 жылы

қалмақтарға тұтқынға түседі. 1733 жылға дейін қалмақтардың қолында болған ол қалмақтарды темір балбалмен зеңбірек жасауға, оның оғын дайындауға, тіпті баспанана жасап, әріп құюға үйретеді. Сонымен бірге қазақтарды өз қол астына өтуге мәжбүр еткісі келген Ресей қалмақтарға Сібір бойындағы бекіністерден зеңбірек берген деседі. Ренаттың көмегімен зеңбірек атыс жарақтарын жасап, жүз мыңнан астам әскер құрап, қалмақтар қалмақтарға қарсы соғысқа дайындалып жатқанда қазақтар жағы олардан қауіп күтпей, ішкі талас-тартыспен жүрген болатын. Бұл тұста қазақтар мен қалмақтардың шекарасы Ертіс өзені, Балқаш көлі, Шу, Талас өзендерінің аралығымен өтетін.

1723 жылы көктемінде қазақ жерін бет қаратпай басып алуға әбден бекінген жоңғарлар шешуші жорыққа шықты. Мол әскер жинап, барынша толық қаруландырып, оның қолбасшылығына Шуно Дабо деген қалмақ баһадүрін тағайындады. Оның тактикалық жоспары бойынша қалмақ әскерлері стратегиялық екі бағытта қимыл жасауға тиісті болды. Бірінші бағыт Қаратауды басып өтіп, Шу мен Талас өзендеріне шығу болса, екінші бағыт – қазақтарға ес жиғызбай соққы беріп, Шыршық өзенінің қойнауына жету еді. Бұл жоспарды іске асыру үшін әскерлер жеті топқа бөлініп, оның бірі Жетісу Алатауының етегіндегі Балқаш көліне құятын төрт өзеннің бойына топтастырылды. Қалмақтың ірі қолбасшысы Амурсана басқарған 70 мың адамнан тұратын екінші бір тобы Іле өзенінің бойына, Кеген өзенінің солтүстік жағасына, Нарын өзенінің күншығыс жағындағы Кетпен тауының баурайына орналасты.

Сөйтіп, Алатау баурайын жайлаған қашпен-қаперсіз отырған қалың елге шабуылға шыққан қалмақ әскерлері қазақтардың қанын судай ағызды. Еркек кіндікті адамдарды қырып, әйелдерді, қыздарды байлап-матап алып кетті. Бейғам отырған ел басқыншыларға ешқандай қарсылық көрсете алмады. Шапқыншылықтың басты ауыртпалығы Ұлы жүздің, Жетісудың халқына түсті. Ешбір бөгетсіз, қарсылықсыз, жолындағының бәрін жайпап келе жатқан зұлым жау араға көп уақыт салмай Орта жүз бен Кіші жүздің жеріне жетті. Малын, қонысын тастап, бала-шағасынан, ту-

ысқандарынан айырылып босқан халық беті ауған жаққа қашып-пысуға мәжбүр бөлді. Ұлы жүз бен Орта жүздің қазақтары Самарқанд пен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазақтары Хиуа мен Бұқараға ағылды. Босқындардың біразы Алакол маңына келіп паналады. Мұхаметжан Тынышбаевтың айтуынша, Орта Азияда осындай екі көл болған. Оның біріншісі - Сырдың сол жақ бетінде, Бетпақдала каналы екіге бөлінетін жерде, екіншісі - Ташкенттен 90 шақырым жерде, ол да Сыр бойында. Халық осылардың алғашқысына барып паналаған. Бұл кезеңді қазақ “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп атады. Яғни, қазақтардың табаны ағарғанша шұбырып, Алқакөлге жетіп азап пен аштықтан сұлаған жерлер еді дейді. Сол сұлағаннан талай қазақ жан тәслім қылып, басын қайта котермеген. Осы ауыр жылдарда шыққан қазақтың қаралы да қайғылы, ән ұраны сияқты “Елім-ай” әнін білмейтін, оны айтқанда тебіреніп, қатігездіктің құрбаны болған боздақтарын еске түсіріп, бүгінге дейін көзіне жас алмайтын қазақтың көріжасы кемде-кем. “Елім-ай” әнінің сөзі былай болып келеді, авторы Қожамберді би:

*Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайып бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған қиын екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.*

*Мына заман қай заман, бағы заман?
Баяғыдай болар ма тағы заман!
Атадан ұл, енеден қыз айырылды,
Көздің жасын көлдетіп ағызамын.*

*Мына заман қай заман, қысқан заман?
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман!
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман!...*

Мұнан үш жүз жылға жуық уақыт бұрын шығарылған осы өлеңмен оның әні қазақтың басына түскен сол бір ауыр күндердің өшпес ескерткіші іспеттес. Қазақты бірлікке, елдікке, ерлікке үндейтін бұл өлеңді білу, ұмытпау жастар үшін бүгінгі таңда да тарихты білу болып табылады.

82. Қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күресі. Жоңғар мемлекетінің күйреуі.

Ақтабан шұбырындыда ауа кошкен жұрт көптеген қалалар мен елді мекендердегі отырықшы халықтарды жұтқа ұшыратты. Оның нәтижесінде Самарқанд, Бұқар, Хиуа, Ферғана сияқты қалалар қаңырап қалды. Сол жылдарда Хиуа маңындағы мекендер мен егіндік жерлер иесізденіп, қаланың өзінде қырық шақты ғана отбасы қалған.

Жаппай босу, аштық, елді, жерді сағыну қазақтардың қайрат-жігерін ұштады, оларды ортақ жауға ұйымдасып қарсы шығуға жұмылдырды. 1726 ж. Шымкентке таяу Ордабасы деген жерде Үш жүздің басшылары, билері жиын өткізіп, онда қазақ жасақтарының қолбасшысы болып Әбілхайыр хан және Бөгенбай батыр сайланды. 1727 жылы халықтың қаһарлы қарсылығының алғы шебінде болып, қалмақ әскерлерімен үш жылдай ұрыс жүргізген Әбілхайыр бастаған Кіші жүз жасақтары, ондағы айтулы батырлардың бірі Тайлак және оның жиені Ұлы жүздің Ошақты руындағы Тасжүрек тайпасынан шыққан Саңырық батыр Ырғыздың оңтүстік-шығыс бетіндегі Бұланты өзенінің жағасында “Қара сиыр” деген жерде қалмақтарға есеңгірете соққы берді. Қалмақ әскерлері қиян-кескі соғыста ондаған мың адамынан айырылды. Қазақтар жағы өздерінің талай-дан қаны қайнап ыза мен кекке суарылған қайрат-жігерінің жемісін көріп қуанды. Жеңіс туралы хабар қазақ арасына ілезде тарап кетті. Алты алаштың рухын көтеріп, оларды күреске шабыттандырған бұл жеңіске қол жеткен жер кейін “Қалмақ қырылған” деп аталды.

1729 жылы көктемде Балқаш көлінің маңында қазақ пен қалмақтардың арасында тағы бір қатты қырғын соғыс жүрді. Бөгенбай, Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Жәнібек, Бөкенбай, Малайсары сияқты атақты батырлар бастаған қазақ қолдары мен жасақтары қалмақ әскерлеріне екінші рет күйрете соққы берді. Майдан даласында мыңдаған қалмақ әскерлері қаза тапты. Көбі қырылып, жаралы болып, жаны шықпай жатқап жау әскерінің аңыраған дауысы бірнеше күн даланы басына көтерді. Бұл жер кейін “Аңырақай” деп аталып кетті. Сөйтіп, Аңырақайда аяусыз соққыға душар болған Шуно Дабо басқарған қалмақ

әскерлері Іле өзенінің бойымен шығысқа қарай қашуға мәжбүр болды.

Осы тұста Тәуке ханның баласы үлкен Орда иесі Болат хан қайтыс болып, осыған байланысты қазақ халқының тағдырына қатысты ірі оқиғалар орын алды. Қазақтың үш жүзінің басын қосып, біртұтас тәуелсіз мемлекеттігін қалыптастыруға тиісті Үлкен Орданың басында отырған Болат хан жігерсіз жан еді. Мұны қазақтың хандары, ел билеушілері түсінді. Бірақ ашық айтқан жоқ. Егер Болат хан алай-бұлай болып кетіп, Үлкен Орданың билігі өзіме тисе, қазақ хандығын когертер едім деп жүрген аға хандықтан бірінші үміткер Болат ханның інісі, Орта жүздің ханы Сәмеке /Шахмұхамбет/ болды. Сәмеке ақылсыз адам емес еді. Бірақ оған аға хандық бұйырмады. Үлкен Орданың иелігіне екінші үміткер – Кіші жүздің ханы Әбілхайыр. Кіші жүзден аға хан сайлау дәстүрде болмағанмен, айдыңның жайылма суындай қаптап келе жатқан қалмақ әскерлеріне Бұланты өзенінің маңында бірінші рет бас көтертпей соққы беріп тоқтатқан, Аңырақай түбіндегі тамаша жеңістің дем берушісі болған, үш жүз әскерлерінің бас қолбасшысы болып сайланып, өзінің ұйымдастырушылық дарын-қабілеті, жеке басының ерлігі мен алты алашқа аты шыққан, оның үстіне тәжірбиесі мол, егде тартқан Әбілхайырдың аға хандықтан үміт етуіне негіз бар еді. Үлкен Орда иелігі оған да бұйырмады. Аға хан болып көпшілік билер қолдамаса да Болаттың ұлы Әбілмәмбет сайланды. Тарихшылардың долбарлауы бойынша мұндай таңдау жасалғанына наразы болған Әбілхайыр майдан шегінен әскерін алып, еліне кері бұрылды. Хандықты өзіне тимегеніне риза болмаған Сәмеке де Әбілхайырдан кейін әскерін алып, Шудың бойымен Бетпақдалаға қарай бет түзеді. Жоңғарларға қарсы майдан әлсіреп, өз әскері мен Ташкентке бағыт алған Ұлы жүздің ханы Жолбарыс қазақтың Ресеймен бірігуі іске асқанша қазақ елінің қас жауы жоңғарлармен мәмлеге келуге мәжбүр болды. Бұл арада айта кететін жай: Әбілхайыр мен Сәмеке майдан шебінен өздеріне аға хандық тимегендіктен пендешілік жасап, ренжіп кетіп қалды ма, жоқ әлде басқа себеп болды ма? – бұл жөнінде құжатталып қалған ешбір дерек жоқ. Бұл тарихшылардың долбар болжамы ғана. Әбілхайырдың

инге қарай кері бұрылуына Батыстағы қалмақтар мен башқұрттардың Кіші жүз жеріне шабуылын үдетуіне байланысты болуы да мүмкін.

Ащырақайдағы жеңіліске ұшырағанына қарамастан жоңғар мемлекетінің қазақтардың жеріне қайта шабуыл жасау қауіпі жойылмады. 1734 жылы жоңғарлар Қазақ хандығының жеріне тағы да бір үлкен жорығын ұйымдастырды. Жауға қарсы тұра алмайтын болғандықтан, Орта жүз ханы сол жылы Ресейдің қол астына отуға тілек білдірді. Қалмақтардың жойқын шабуылы өте-мөте Жетісу жеріне ауыр тиді. Өйткені Ұлы жүз қазақтары қаһарлы жауға жалғыз өзі тойтарыс беруге күштері жетпеді.

1740 жылы Ресеймен жақындасу қозғарасын ұстанған Жоңғар ханның өлтірілуі және өзінің саяси бағдарын жиі өзгерткен Сәмеке ханның қайтыс болуы қазақ хандықтарының сыртқы саяси жағдайларының осалдығын айғақтанды. Ойраттар оңтүстік-шығыс шептегі, сондай-ақ Қазақстанның өз ішіндегі оқиғалар туралы да жақсы хабардар болып отырды. Осы жағдайларды пайдаланып, 1739-1740 жылдардың қысында ойрат әскерлері оңтүстіктен, Сырдария өзенінің жоғарғы ағысынан және солтүстіктен Ертіс өзені жақтан шапқыншылық жасап, Орта жүздің Тобыл мен Есіл бойындағы қоныстарып едәуір шығынға ұшырағты.

Осы бір қиын-қыстау тұста әрбір жүздің ішінде феодалдық бытыраңқылық күшейіп, ру басшылары мен сұлтандары хан билігіне бағынбай, бөлінуін тоқтатпады. Кіші жүз сұлтандары Батыр мен Нұралы (Әбілхайырдың баласы) өз алдына ел биледі, сол сияқты Орта жүзде Күшік және Барақ сұлтандардың да өз иеліктері болды. Қазақ хандығының Бұқара мен Хиуамен қатынастары да шиеленіскен күйінде қала берді. Еділ өзенінің бойында қалмақтар мен башқұрттар Кіші жүздің жеріне шабуыл жасап, үнемі қауіп туғызып отырды. Сондықтан Кіші жүздің батыс шекарасында тыныштық пен бейбітшілік орнатуды Әбілхайыр хан өзінің басты міндеті деп санады. Сонымен бірге қазақ қауымының ортақ жауы - жоңғарларға қарсы күрес те күн тәртібінен түскен жоқ.

1742 жылы 20 тамызда Ор қаласында Ресей, жоңғар және қарақалпақ, қазақтардың Кіші, Орта және Ұлы жүздің өкіл-

дері қатысқан келіссөз жүргізілді. Онда Ресей өкілі қазақ пен жоңғар арасындағы қақтығыстарға байланысты уәж айтпақшы болды. Бірақ жоңғар басқыншылары оған құлақ аспады. Олар қазақ қоныстары мен орыс қамал-бекіністеріне шектес жатқан жерлерде 20 мың өскер ұстап, қазақтарды мазалауын қоймады. Ендігі жерде қазақ халқының тек өзінің күшіне ғана сену керек екеніне, үш жүздің басын қосып, жоңғарлардың феодалдық әскер күшіне соққы беру арқылы ғана өз жерін жаудан босатуға болатынына көзі жетті. Осы идеяны орнықтыруға Абылайхан зор еңбек сіңірді.

1711 жылы “қан ішер” Абылай ханның баласы Уәли сұлтанның шаңырағында қазақ тарихында үлкеп орын алған бала дүниеге келген, оның азан шақырып қойған аты - Әбілмансұр болатын. Қалмақтар Түркістанды алып, Уәли ханды өлтіріп, оның 13 жасар ұлы Әбілмансұрды тұтқындағы басқа адамдармен бірге Хиуа базарына апарып құлдыққа сатпақшы болды. Осы жерде ол тұтқыннан қашып елге келіп ауқатты адамдардың малын бағуға жалданды. Үйсін Толе бидің түйесін, одан соң Дәулеткелді байдың жылқысын бағады. Ұйпа-тұйпа болып жүргені үшін жұрт оны Сабалақ деп атаған. 1731 жылы Сабалақ ауыл адамдарымен бірге қалмақтарға қарсы шайқасқа қатысып, өзінің асқан ерлігі, батылдығымен көзге түседі.

Осы ұрыста “Абылай, Абылай!” – деп ұрандап, жігіттерге жігер беріп, жаудың тобына ұмтылған ол қалмақтардың әскер басшысы Шарыш батырды жекпе-жекте өлтіреді. Атой салып шайқасқа үш рет кірген ол ұрыста жауды талқандап, жеңіске жетуге үлкен еңбек сіңіреді.

Әбілмәмбет хан жаудан жеңіспен оралған Сабалақтың өз туысы екенін түсінеді. Риза болған ол оған “Абылай” деп ат беріп, хандық тағын ұсынады. Абылай есімін алған Сабалақ хан болудан бас тартып, Әбілмәмбет қайтыс болғанға дейін сұлтан дәрежесінде бас ақылшы, кеңесшісі болады.

1741 жылы жазда Ұлытаудың маңында аң аулап жүргенде қапыда қалмақтарға қолға түскен Абылайдан жоңғарлардың ұлы қонтайшысы Қалдан-Серен: “Менің ұлымды өлтірген сен бе?” – дегенде, ол: “Сенің балаңды өлтірген мен емес, халық, менің қолым халықтың бұйрығын орын-

дүниә гана”, - деп жауап берген. Абылай 1743 жылдың қыркүйек айына дейін Жоңғарияда болып, Ресей мемлекеті және Қазақтың үш жүзі атынан Төле би бастаған өкілшілік жүргізген келіссөз барысында тұтқыннан босатылды. Осыдан кейін ол Орта жүз жерінде уақытша жоғалтып алған билік тізгінін қайта қолға алады.

1745 жылы Жоңғар мемлекетінің ханы Қалдан Серен өзі, оның мирасқорларының арасында хан тағы үшін талас, кескілескен тартыс басталады. Ең әуелі оның орнына 19 жасар ұлы Цэван Доржи отырды. Осы орайда көрші жатқан Цинь империясы жоңғарларға қарсы қайта-қайта соғыс ашып, жоңғар мемлекетін әлсіретеді. Міне, осы аласаңыран, жанталас уақытты ұтымды пайдаланған Абылай қазақ жерін жоңғар қалмақтарына тазарту мақсатымен Оңтүстіктегі Теліколдің маңына үш жүздің әскери жасақтарын жиып, Түркістан мен Сыр бойындағы қалаларды азат ету жорығына аттанады. Бұл үш жүздің қоянқолтық басы қосылған алғашқы жорығы еді. Осы жорықта серен ерлігі, жойқын батырлығымен көзге түскен Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Кіші жүздің батыры Бұғыбай, Уақ руының батыры Баян, шапырашты Наурызбай, шақшақ Жәнібек т. б. өз есімдерін ошпес даңққа бөледі.

Абылай бұл жорықта қазақ әскерлерін үш топқа бөлді. Оның бірінші тобын Қанжығалы Бөгенбай батыр басқарды. Оған атақты Үмбетей жырау қосылды. Бөгенбай басқарған 10 мың әскер қолы Түркістанның Солтүстік жағына, Созақ бекінісіне барып бекінуге тиісті болды.

Екінші қолды Жәнібек батыр басқарды. Ол Сыдарияның төменгі сағасына қарай бет түзеді. Оған Тәтіқара жырау қосылды.

Үшінші, негізгі қолды Абылайдың өзі басқарды. Жорыққа қатынасқандар Шиелі, Жаңақорған бойымен Түркістанның күнбатыс жағына қарай жылжыды. Бұл топқа қазақтың атышулы батырлары Қабанбай, Баян, Сырымбет, Малайсары, Жанұзақ, Жәнек, т. б. кірді. Бұқар жырау науқастанып келе алмағандықтан, топқа 17 жасар Котеш ақын қосылды.

Жоңғар әскерін басқарған Қалдап Сереннің ортаншы ұлы Цэван Доржи де өз әскерін үшке бөлді. Ол өзінің басты

күшін Абылайға қарсы бағыттады. Жоңғар әскерлерінің қаруы - мылтық, найза, қылыш болды және түйе үстіне орнатқан 15 зеңбірегі бар еді. Қазақ жасақтары сойыл, шокпар, садақ, кейбіреулері найзамен қаруланған болатын.

Цэван Доржи өзінің ауыр қолымен Абылай әскерлерінен бұрын келіп, Жаңақорғанға бекініп алды. Абылай Жаңақорған бекінісін алуды Қабанбайға тапсырды. Сырымбетті оң жақ қанатқа, Баянды әскердің сол жақ қанатына қойды. Олардың сыртынан үш мың қолы бар Малайсары, Оразымбет батырлардың жасақтарын топтастырды. Абылай өзінің Сағымбай, Қанай, Жанұзақ сияқты сенімді батырларымен және 17 жастағы ұлы Жапаймен әскердің дәл ортасында жүрді.

Бұл соғыс екі айға созылды. Қазақ әскерлері Жаңақорғанды, Шымкентті жаудан тазартып, Түркістанға таяп барды. Бөгенбай басқарған әскерлер Созақ пен Сайрамды босатты. Батыр Баян Талас өзеніне тақау барды. Жәнібек батырдың әскерлері қарақалпақ жерін босатып, қалмақтарды Сырдың жоғарғы сағасына шегіндірді. Ама-лы таусылған Цэван Доржи Абылайдан бітім сұрауға мәжбүр болды.

Келісім бойынша Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент қалалары Қазақ хандығы қарамағына өтті. Түркістан қаласы туралы мәселе кейінірек шешілетін болды. Абылай бұл жолғы жеңістерін жоңғар хандығының күйреуінің бастамасы деп есептеді.

Қазақ жерін қалмақтардан біржолата тазарту мақсатымен Абылай және қазақ әскерлерінің қолбасшылары Қабанбай, Бөгенбай, тағы басқа батырлары қазақ жасақтарының басын қосып, 1750 жылы Аякөз өзені бойындағы ірі шайқаста жеңіп шықты. 1752 жылдың орта кезінде Абылай ханмен Қабанбай батыр ұйымдастырған қазақ қолы Жоңғар қақпасы маңында жаудың негізгі күшін үш қабат қоршап, ес жидырмай талқандап түбегейлі жеңіске қол жеткізді. Бұдан кейінгі жорықтарды Қаракерей Қабанбай батырдың басшылығымен жоңғарлардың алауыздығын пайдалана отырып, 1753-1755 жылдары жалғастырды. Бұл кезде қалмақтарды Алтай, Қалба оңірінен қуып, соңғы рет үш айға созылған атақты Шорға соғысында қазақтар жоңғарларды

күңіретте жеңді. Сойтіп, қалмақтардың бір ғасырдан астам уақытқа созылған басқыншылық, зорлық-зомбылық соғысы осымен аяқталды.

1755 жылы Қытай империясы жоңғар жеріне басып кірді. Нәтижесінде жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кеткен болатын. Осыдан кейін көп кешікпей Жоңғар мемлекеті 1758 жылы біржолата құлады.

1758 жылы Цинь империясы Шығыс Түркістандағы кәсіргі Синь-Цзянь жерін басып алды. Цинь империясының батыс шекарасы қазақ жерімен шектесіп жатты. Қытайлар көрші жатқан қазақ елдеріне тынымсыз шабуыл жасады. Абылай басқарған қазақ жасақтары Қытай әскерлеріне бірнеше рет соққы беріп, олардың ішке қарай жылжуына мүмкіндік бермеді. Қытай әскерлерінің басып алу қаупінен сескенген Әбілмәмбет Үлкен Орданы Іле өзенінің бойынан Түркістан жаққа көшіруге мәжбүр болды.

Бір айтып кететін жай, Ресей патшалығы өзінің қол астындағы қазақтарға Қытайлар шабуыл жасап жатқанда елшілік жолмен наразылық білдіруден басқа көмек көрсетпеді. Ол наразылыққа құлақ асқан Цинь империясы болған жоқ.

Абылай ақсақалдардың алқа кеңесін шақырып, Қытаймен соғысты соза беруге бөлмейтінын, халықтың азып-тозып кеткенін айтып, Цинь әкімдерімен елшілік қатынас орнату мақсатында Пекинге адамдар жіберді. Сойтіп, ол Цинь империясымен сауда, экономикалық байланыс орнатудың амалын істеді. Ол Ресеймен қарым-қатынасты да ұлғайтты. Абылай хан қазақ жерін, қазақ халқын көршілес күшті елдердің /Ресейдің, жоңғарлардың, Қытайдың/ қаупінен қорғап қалуға үлкен еңбек сіңірді. Батырлығы, ұйымдастыру шеберлігі, саясатшылығы арқасында қазақ халқының елдігін сақтау үшін көп жұмыс тындырды.

1771 жылы Әбілмәмбет хан олғаннен кейін, Түркістанда Қожа Ахмет Иассаудың мешітінде хандар мен сұлтандар бас қосып, Абылайды ақ жылқы сойып, ақ киізге орап, Орта жүздің ханы етіп көтерді. Бірақ Абылай өзін қазақтардың үш жүзінің ханымын деп есептеді.

Бір жылдан кейін 1772 жылы вице-канцлер М. Л. Во-

ронцовтың жарлығымен Абылайға арналып Есіл өзеніне таяу жердегі Жаңғызтауда ағаш үй салынды. Абылай 1781 жылы мамыр айында Ташкентке жақын жерде 69 жасында қайтыс болды. Абылайдан кейін Орта жүздің ханы болып, оның баласы Уәли сайланды. Үш жүздің басын біріктіріп, жоңғар басқыпшыларын қазақ жерінен қуып, қазақ халқының тәуелсіздігі сақтап қалуда үлкен еңбек сіңірген Абылай атақты мемлекеттік қайраткер ретінде тарихта өшпес із қалдырды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА



Он екінші тарау

Қазақстанның Ресейге қосылуы

*§1. Қазақстанның Ресейге қосылуының себептері.
Кіші жүздің империя құрамына кіруі.*

Қазақ халқының елдігі жолындағы тарихи күрес барысында, әсіресе, XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ хандары өзінің үлкен көршісі Ресей мемлекетімен байланыс жасауға көңіл бөлді. Орыс мемлекетінің қазақ хандығымен сауда және елшілік байланыстары Қазан (1552 ж.) және Астрахань (1556 ж.) хандықтарының Ресейге қосылуы, оның Жайық пен Еділ аралығындағы даланы алып жатқан Ноғай Ордасына саяси үстемдігін орнатқаннан кейінгі жерде ұлғая түсті. Еділ бойындағы халықтардың орыс мемлекетінің құрамына кіруі, оның шекарасын Қазақстан жеріне жақындата түсті. Маңғыстау мен Үстірт арқылы отетін құрлықтағы керуен жолдары, Каспий, сондай-ақ, Еділ мен Кама арқылы отетін су жолы Ресейдің Кавказ, Орта Азия және Қазақстанмен экономикалық байланысын күшейтуде зор рол атқарды. Қазақстан өлкесі арқылы отетін атақты Жібек жолы барған сайын халықаралық маңыз ала бастады. Бұл жол Шығыс және Батыс Еуропа елдерін Орталық Азиямен байланыстырды, сауда-саттықты, экономикалық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік туғызды.

Орыс мемлекеті ең алдымен қазақ даласы арқылы отетін қатынас, сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақ хандарымен байланысын нығайтуды көздеді. Сондай-ақ, Сібір хандығына, Орта Азия билеушілеріне қарсы күресте және жоңғар феодалдары тарапынан күшейе

түскен қауіпке байланысты одақтас іздеген Қазақ хандығы Орыс мемлекетімен экономикалық, саяси-елшілік байланыс орнатуға мүдделі болды. 1583 жылы Қазақ хандығына Третьяк Чебуков бастаған орыс елшілігі жіберілді. Соның нәтижесінде орыстың атақты кәсіпкерлері Строгановтар өзіне Тобыл, Ертіс және Обь бойындағы жерлердің бекітіліп берілуіне қолдарын жеткізді. Сонымен қатар олар баж төлемей қазақтармен сауда жүргізуге ұрықсат алды. Бұл кезде Мәскеу мемлекетінің билеушісі IV Иванмен қазақ ханы Ақназар арасындағы алғашқы саяси байланыстар Сібір ханы Көшімге қарсы бағытталды.

Орыс мемлекеті мен Қазақ хандығының арасындағы саяси байланыстардың дамуы Тәуекел хан жіберген елшілікпен одан әрі жалғасты. 1594 жылдың аяғында Ресеймен достық келісім жасау үшін Мәскеуге қазақ елшісі Құлмұхамед жіберілді. Тәуекел орыс патшасымен “достық пен ынтымақ” жасауға асықты. Өйткені Бұқар ханы Абдулламен уақытша бітім жасап, ноғайлармен арадағы қатынас өте шиеленісіп тұрған болатын. Елшіліктің алдына Мәскеуде аманат ретінде ұсталып отырған ханның жиені Оразмұхамедті босату және Борис Годуновтан “отты қару” алу еді. Орыс патшасы Тәуекел ханға жауабында оған “отты қаруы бар көп әскер” жіберетініне және қазақтарды олардың барлық жауларынан “сақтайтынына” уәде берді.

1595 жылы Тәуекел ханға жауап ретінде 2 жылға Ресейден Вельямин Степановтың елшілігі жіберілді. Елшілік арқылы орыс патшасы: Тәуекел хан және оның ханзада бауырларының бәрі патшаның қол астына кірсін, ал патша әрі ұлы князь оларды барлық дұшпандарынан қорғауға, Бұхара мен Көшім ханға қарсы тұруына көмектеседі. Өзінің патша ағзамға адалдығын білдіру үшін Тәуекел хан ұлы Үсейінді жіберуді, ал сол үшін бауыры Оразмұхамед ханзаданы босатуға уәде беретінін хабарлады. Тәуекел хан Мәскеу патшасының талабы мен қойған шарттары қисынсыз, өте ауыр болғандықтан қабылдамады.

XVII ғасырда Орыс мемлекеті мен Қазақ хандығындағы ішкі және сыртқы жағдайлармен байланысты бұлардың арасындағы қарым-қатынас біраз уақытқа үзілді. Саяси байланыстар XVII ғасырдың аяғында, екі мемлекетте де билік басына аса қорнекті саяси қайраткерлер – Тәуекел хан мен I

Петр келген кезде жаңаданды. Мұның өзі Ресейдің Батыс Сібірді игеру, Түмен, Тобыл, Тара қалаларының осуі, қазақ даласы арқылы Орта Азиямен сауданың күшеюіне байланысты еді. 1687 жылы Тобыл қаласына Тәшім батыр баспаған қазақ елшілігі жіберілді. Бұл елшіліктің басты міндеті екі мемлекет арасында неғұрлым берік байланыс орнату болатын. Тобылға 1689 жылдың аяғы – 1690 жылдың басында барған келесі елшілікті Тұманшы батыр басқарды. Бұл екі елшілікте нәтижесіз аяқталды. Жалпы 1686-1693 жылдары Тәуке хан Ресейге бес елшілік жіберген, алайда оның берік саяси байланыстар жасауға ұмтылысы тиісті нәтиже бермеген. Өйткені Тобыл әкімшілігі тарапынан да, Қазақ хандығы жағынан да жіберілген елшіліктерді екі жақта да дұрыс қабылдамай, арандатушылық орын алған. Мұның өзі Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың шиеленісуіне әкеп соқтырды. Бұл XVII ғасырдың аяғы – XVIII-ғасырдың басында Ресейдің жоңғарлармен жақындасуына себеп болды. Осыған қарамастан Қазақ хандары солтүстіктегі өзінің үлкен көршілесімен саяси-экономикалық байланыстарды жақсартуды үнемі өз алдарына басты міндет етіп қойды. Өйткені Ресей мен Қазақ хандығының екі жақты жақындасуына XVIII ғасырдың басында жоңғар феодалдарының шапқыншылығына қарсы тұру мүдделілігі басты себеп болған еді. Бұл кезде қазақ хандығының Бұқар және Хиуамен қатынастары да шиеленіскен күйінде қала берді. Еділ өзенінің бойындағы қалмақтар мен башқұрттар Кіші жүздің жеріне шабуыл жасап, үнемі қауіп туғызып отырды. Осындай күрделі мәселелерді шешу үшін Солтүстіктегі қуатты көрші Ресеймен мәмілеге келуді керек етті. Қазақстанның басқа көрші ел халықтарымен қарым-қатынасын ұшықтырып, өзіне тәуелді болуын іске асыруға бағытталған жымсық саясат жүргізіп отырған Ресеймен тең құқықты, тату-тәтті қарым-қатынас орнату қазақ хандары үшін, оның ішінде елдің батыс бетіндегі қалмақтар мен башқұрттардың тынымсыз шабуылынан мазасы кетіп отырған Кіші жүздің ханы Әбілхайыр үшін қазақ даласында тыныштық орнатудың кепілі сияқты көрінді.

Қазақ даласы Ресейді Шығыс мемлекеттермен жалғастыратын көпір іспетті еді. Ол арқылы Еуропа елдерінен Шығыстағы елдерге және одан кері қарай құрлық пен су-

мен ең төте ежелгі сауда жолдары өтетін. Осы жолдармен Ресейден Орта Азияға, Ауғанстанға, Персияға, Қытайға, Үндістанға және басқа шығыс елдеріне баруға болатын еді.

Орыс патшасы Бірінші Петр бұл елдермен экономикалық және саяси байланыс орнату, оны дамыту үшін алдымен Қазақстан және Орта Азия елдерін Ресейге қосып алу керек деп есептеді. Осы мақсатта қазақ жеріне бірнеше экспедиция жіберілді. Солардың бірі – подполковник Иван Дмитриевич Бухгольцтің экспедициясы. Экспедиция үшін адамдар Томскіден, Түменнен, Тарадан және басқа жерлерден жинап алынды. Әскери-дипломатиялық сипаттағы барлық дайындықтар біткеннен кейін, 1715 жылдың шілдесінде құрамында 2797 адамы бар И. Д. Бухгольц отряды жорыққа шықты. 1715 жылғы қазанда экспедиция Ямышев көліне жетіп, сол жерде Ямышевск деп аталатын бекініс салды. Осыдан кейін Бухгольцтің отряды Ом өзенінің сағасында 1716 жылы 20 мамырда Омбы бекінісінің негізін қалады. Бұл әскери-инженерлік құрылыстардың басты мақсаты оңтүстік-шығыс шекарапы, Ресей мемлекетінің сыртқы ықпал ету аймағын кеңейту болып табылды.

И. Д. Бухгольцтің экспедициясынан кейін Батыс Сібір генерал-губернаторы М. Гагарин Ертіс бойында жаңа бекіністер тұрғызу үшін воевода Павел Северский мен Василий Чередовты жіберді. 1717 жылдың жазында П. Северскийдің отряды – Железинск, В. Чередовтың отряды – Колбасин бекіністерін салды. Чередов одан әрі жүріп жаңа бекініс - Семипалат(Семей) бекінісін салатын жерді таңдап алды. Сөйтіп, 1718 жылы Семей қамалының, ал 1720 жылы И. М. Лихарев экспедициясы Үлбі өзенінің Ертіске құятын жерінде Өскемен бекінісінің негізін қалады.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарында Бірінші Петр өкіметі Орта Азия және Қазақстан билеушілерімен елшілік арқылы байланыс жасап тұрды. Қара теңіз бен Балтық теңізі арқылы Еуропаға терезе ашқан Бірінші Петр енді Азия елдеріне төте баратын жолды іздестіре бастады және бұл жолдың қазақ даласы арқылы өтетінін жақсы түсінді.

Ресеймен қарым-қатынасты нығайтудың қажеттілігіне бұл тұста Кіші жүзден басқа қазақтың Орта және Ұлы жүз хандары мен ру басшылары да бой ұра бастаған еді. Өйткені ондаған жылдар бойына созылған жоңғар қалмақтарының

және көршілес Орта Азия хандарының шапқыншылық әрекеттері қазақ елін әбден тоздырып әлсіреткен болатын.

XVIII ғасырдың бас кезінде қазақ хандары орыс патшасынан жоңғар қалмақтарына қарсы көмек сұрап елші жіберді. 1730 жылы 8 қыркүйекте Уфаға Әбілқайырдың Сейітқұл Қойдағұлов пен Құлымбет Қоштаев бастаған елшілігі келді. Олар әйел патша Анна Иоанновнаға Кіші жүзді Ресей империясының құрамына қосу жөнінде өтініш жасады. “Біз Әбілқайыр хан, - деп көрсетілді жолдамада, - маған қарасты Орта жүз бен Кіші жүздің көптеген... халқымен сіздің алдыңызда күллі бас иеміз... Сіздің қамқорлығыңызда болсақ дейміз”. 1731 жылы 19 ақпанда орыс патшасы Әбілқайыр ханға және “бүкіл қазақ халқына” олардың Ресей қол астына ерікті түрде қабылданғаны туралы грамота жіберді. Оны қазақтарға жеткізу үшін 1731 жылдың 30 сәуірінде Кіші жүзге А. И. Тевкелев бастаған елшілік келді. Олармен бірге Петроградқа жіберілген қазақ елшілері де оралды. Сонымен 1731 жылы 10-шы қазанда қазақ сұлтандары мен ру басыларының жиналысында Кіші жүздің Ресей құрамына бодан болып қабылдануы жөнінде шешім қабылданды. Осыдан кейін 1731 жылы 15 желтоқсанда Тевкелевпен келіссөз жүргізген Орта жүздің ханы Сәмеке Ресей империясының құрамына кіретінін білдіріп ант беріп, “өзінің мөрін басты”. Бірақ, бұл шарт тек 1734 жылдан кейін ғана жүзеге асырыла бастады.

Ресей патшасының Кіші жүзді қол астына алғанын естіп, Ұлы жүздің атынан Қодар би, Төле би, Сатан батыр, Бөлек батыр патша әйел Анна Иоанновнаға хат жазып, Ұлы жүзді де өз қол астына қабылдау жөнінде өтініш жасады. Бұл хатты Петроградқа Хангелді батыр жеткізді.

1734 жылы 10 тамызда Ресей патшасы Ұлы жүзді Ресей құрамына қабылдау жөніндегі құжатқа қол қойып, Ұлы жүз хандығына: “Сіздерді қол астымызға Әбілқайырды алған шарттар бойынша аламыз”, - деген қағаз жіберді.

Қазақтар Қазақстанның Ресеймен бірігуі елдің экономикалық өркендеуіне, саяси, мәдени жағдайының жақсаруына игі ықпал жасайды деп үміт етсе, патша өкіметі өзінің отаршылдық саясатын жүргізу үшін пайдасы бар деп санады.

1734 жылы 10 маусымда Анна Иоанновна Әбілқайырға

Ор өзенінің сағасынан бекініс салу қажеттігі жөнінде хат жолдап, қала салатын жерге И. К. Кириллов пен А. И. Тевкелевті жіберді.

Патшаның әмірімен қазақ даласындағы өзендердің бойына бекініс қамалдар салынып, олар біртіндеп ірі қалаларға айнала бастады. Сол тұста Жайық өзені бойынан 14 қамал салынды. Басқа өзендердің жағалауларынан да бірнеше қамал-бекіністер бой көтерді. XVIII ғасырдың 50-ші жылдарында Ертіс өзенінің жағасына салынған Омбы, Железинск, Семей, Өскемен, Ямышев сияқты қамалдар қалаларға айналды. Мұндай әскери бекіністер салу отарлау саясатын жүргізуге кең мүмкіндіктер ашты.

Жайық бойында тұрғызылып жатқан қалалар мен бекіністердің маңында қазақтардың көшіп-қонуына тыйым салынды. Ертіс, Тобыл, Есіл, Үй өзендерінің бойындағы құнарлы жерлерінен айрылып, оңтүстікке қарай ығысқан Орта жүздің қазақтары Бұқара мен Ташкент түбіне келіп қоныстануға мәжбүр болды.

1740 жылы Орынбор экспедициясының бастығы генерал-лейтенант князь В. А. Урусов Орынборға елшілік тапсырмамен келіп, 19 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Нұралы, Ералы сұлтандармен, Жәнібек, Бөкенбай және Есет батырлармен, кейінірек Орта жүздің ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтанмен келіссөздер жүргізді. Оның барысында Кіші жүз бен Орта жүздің 399 өкілі Ресейге қарайтындығы жөніндегі шартқа қол қойды. Осы шарттан кейін патша өкіметінің отарлау саясаты жаңа қарқып алды. 1740-1743 жылдардың өзінде ғана Кіші жүзбен Оңтүстік Оралдың жерлері түйісетін маңда қазақтардың қоныстарын тарылытқан, көптеген жаңа бекіністер салынды. Мұндай жаппай әскери тірек базаларын салуға қарсы болған Әбілқайырмен оның төңірегіндегілердің пікірі ескерусіз қалды.

Бұл кезде кең-байтақ Орынбор өлкесін басқарып отырған И. И. Неплюев Ресейдің Кіші жүздегі билігін күшейтуге бар күшін салды. 1742 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан үшінші рет Ресейге бодандығы жөнінде ант берді. Неплюев Кіші жүздің бағындырылуын тездету мақсатында “Қосалқы жоспар” әзірлеп, Сенаттың бекітуіне ұсынды, оны сенат 1744 жылғы 1 науырызда бекітті. Осы жоспарға сөйкес барлық ағымдағы істер И. И. Неплюевтің өзіне жүктелді.

Әбілқайыр ханның билігін әлсірету үшін Неплюев қарақашпақтар мен башқұрттарды Кіші жүз қазақтарына айдап салды, сөйтіп ұлтаралық қайшылықты қоздырды. 1744 жылы Орынбор губерниясы құрылып, оның бірінші губернаторы болып генерал И. И. Неплюев тағайындалғаннан кейін, онымен Әбілқайыр арасында араздық басталды. Неплюев Әбілқайыр ханды саяси аренадан кетіру үшін, небір жымсысқа әдістерді қолданды. Ол Орынбор өлкесінде отарлау шараларын адам айтқысыз қатыгездікпен жүргізді, орыстардың Кіші жүз жеріне қоныс аударуына барынша қамқорлық жасады.

Әбілқайыр хан патша өкіметі мен Орынбор губернаторының түпкі мақсаты бүкіл Қазақстанды империяның отарына айналдыру, өздеріне ұнамайтын ықпалды сұлтандар мен ру басыларын әр түрлі әдістермен жоюды көздейтінін бірден аңғарды. Олар Әбілқайыр ханды айтқанынан шықпайтын орындаушы деңгейіне дейін томендетуге тырысты. Ол үшін И. И. Неплюев ханға қарсы Орта жүздің атақты шонжары Барақ сұлтанды айдап салып, бұлардың арасындағы феодалдық топтық қырқысты шиеленістіруге себепші болды. Бұл қырқыс 1848 жылы 1 тамызда Ұлқияқ және Торғай өзендерінің арасында болған қақтығыс кезінде Барақ сұлтан тобының Әбілқайыр ханды өлтірумен аяқталды. Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды зорлықпен өлтіру өзінің даңқы мен билікке жетуіне даңғыл жол салып береді деп есептеді. Алайда, ол қатты қателесті, өз тайпаластарының көпшілік бөлігін өзіне қарсы қойып алды. Қазыбек бидің жетекшілігімен өткізілген билер соты оны ақтағанымен, халық одан теріс айналып кетті, сөйтіп көп ұзамай Барақты саяси қарсыластары улап өлтірді. Ал Кіші жүзде 1749 жылы хан болып Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан сайланды. Ол алғашқы жылдардан бастап ақ патша өкіметінің айтқандарын орындайтын тәуелді билеуші екендігін көрсетті.

Сонымен XVIII ғасырдың орта кезінде Ресейге Кіші жүздің біраз бөлігі, Орта жүздің тек аз бөлігі кірді. Ал, Солтүстік-шығыс және Орталық Қазақстанның негізгі аймақтары Ресей құрамына тек XIX ғасырдың 20-40 жылдарында ғана, патша өкіметінің әскери-саяси күш көрсету нәтижесінде қосылды.

§2. Ресей империясының қазақ жеріндегі отарлау саясаты. Орта және Ұлы жүздердің Ресейге бірігуі.

Патша өкіметі Қазақстан жеріндегі отарлау шараларын біртіндеп жүзеге асырды. Оның 1742 жылғы 19 қазаандағы жарлығы бойынша Жайық өзені жағасының қамалдар маңында қазақтардың көшіп-қоиуына тыйым салынды, сонымен қатар олардың Каспий теңізінің жағалауында көшіп-қонып жүрген жерлері шектелді. XVIII ғасырдың 50-60 жылдары Ертіс, Тобыл, Есіл, Үй өзендері алқаптарындағы Орта жүздің қазақтары да өздерінің мекендеген жерлерінен ығыстырылды.

Қазақ даласында патша өкіметінің отарлау саясаты үш бағытта: біріншіден, гарнизондар мен күшейтілген бекіністі әскери шептер құрылысын тездетіп салу және тұрақты казак-орыс (Орынбор, Жайық, Батыс-Сібір, кейін Жетісу) мекендерін құру жолымен, екіншіден, саяси әкімшілік реформалар жасау, сыртқы округтер мен приказдарды одан ары құру, басқарудың дистанциялық жұмыс түрін енгізу жолымен, үшіншіден, қазақ даласын озіне біржолата қосу, ал Орта Азия хандықтармен сауда-саттықты кеңейту жолымен жүргізілді. Алайда, отарлау барысында патша үкіметіне жергілікті барлық билікті ресейлік әкімшіліктің қолына шоғырландыру саясатын жүзеге асыру сұлтандардың, ру шонжарларының, билердің наразылығын тудырды. Өйткені оларды патша өкіметі орындары сот-әкімшілік қызметіне қатыстырмауға тырысты.

Патша өкіметі қазақ даласын түпкілікті билеу үшін әуелі әр түрлі реформалар жүргізіп, қазақтың елдік-этникалық ұйытқысын ірітіп, ұлыстарды болшектеп, оларды губернияларға, округтерге теліп, ұлтанды елді тұтастықтан айырды. Рас, олар мұның бәрін бірден жүзеге асыра қойған жоқ. Бұқпантайлап, торғай ұстаған мысықтай, жақыннан қармау үшін алыстан арбап, зымияндық саясат жүргізді. Патша өкіметі оны кезең-кезеңімен іске асырды.

Оның алғашқысы – 1731 жылдан 1822 жылға дейін созылған ел билеу жүйесіндегі протектораттық дәуір, яғни күшті мемлекеттің әлсіз мемлекетке формальды түрде болса да қамқорлық жасау саясатын жүргізу еді. Бұл кезде патша өкіметі ел билеудің бұрынғы хандық жүйесін сақ-

ни. оның ішкі тірлігіне араласпай, тұзақты алыстан құрып, сырт иелігін жасады, яғни қазақ елін өзіне жағынып, бас шұғылып, бағынышты болған хандар арқылы басқарды. Сөйте тұра, қазақ жұртының арасына өз білімдар адамдардан қаптатып, ғылымды бет перде етіп алға ұстап, соның нәтижесінде тұрып, елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мінез-құлқын жан-жақты зерттеп, қазақ халқының осал тұстарын пайдалануға тырысты. Оны меңгергеннен кейін хан тағына үміткер ханзадалар мен сұлтандар арасында ши жүгіртіп, оларды тақ таласына итермеледі. Солардың ішінде шенге құмар, атаққұмарлары ерекше бағаланып, бұлардан патша өкіметі ештемені де аяған жоқ. Патша отаршылары қазақ жұртшылығының арасына алауыздық ұрығын осылайша енгізе бастады.

Патша үкіметінің қазақ елінің басына тәуелділік ноктасын біржола кигізуі 1822 жылдан 1867 жылға дейін созылды. Сөйтіп, патша үкіметінің отаршылдық саясатының екінші кезеңі басталды. Бұл кезде ол әскер күші арқылы елдің ішкі тірлігіне араласып, жергілікті қазақ шаруаларын қонысынан қуа бастады. Олардың орнына ишкі Ресейде жоқшылыққа ұшыраған орыс босқындарын өкпе орналастырды.

Отарлаудың осы әскери-әкімшілік кезеңінде патша өкіметінің тірек пункттері ретінде әскери бекіністердің іргесі қалана бастады. Оларды тұрақтандыру үшін шекаралық белгілермен бөлді. Біртіндеп бекіністер Қазақстанның ішкі аймақтарына тамыр жайды. Бастапқы кезде бұл бекіністер Орал, Ертіс сияқты өзен-арналарына орналасты. Ал кейінірек патша өкіметінің отарлау саясатының күшеюі нәтижесінде әскери қамалдар салу Қазақстанның батыс, солтүстік-шығыс аймақтарын тегіс қамтыды. 1744 жылы Орынбор қаласы, 1752 жылы Петропавл қаласы салынды. Ресейдің Шығыс Қазақстан жеріндегі экспансиясы бұрынғысынан неғұрлым күшейе түсті. 1752 жылдан бастап Оңтүстік Алтайдың, Ертістің жоғарғы ағысындағы Үлбі, Бұқтырма және Нарым бойындағы жерлердің Ресейге қосылғаны туралы ресми түрде жарияланды. 1760 жылы Өскемен бекінісінен Телецк көліне дейін бекіністер салына бастады. Келесі 1761 жылы Өскеменнен Зайсан көліне дейін Бұқтырма шебінің бекіністері пайда болды. 1764 жылы Куз-

нецк-Колыван шебінің бір бөлігі Өскеменнен Тигерец форпостына дейін көшірілді. Сөйтіп, Қазақстандағы шекаралық шептің шығыс қанаты XVIII ғасырдың 60-жылдары Ресей әскери қамалдарының бірнеше шебінен тұратын күшті бекіністі ауданға айналдырылды.

Салынып жатқан бекіністердің қорғанысын қамтамасыз ету үшін Ресейден Қазақстанға жаңадан көптеген әскери күштер әкелінді. Бұдан басқа патша өкіметінің әкімшілігі Солтүстік және Шығыс Қазақстанға орталық губерниялардан орыс шаруаларын қоныстандыруға белсене күш жұмсады. Бұл жерлердегі қазақтарды ығыстырып шығару жөнінде шаралар қолданылды. 1764 жылы қазақтардың Ертіске 10 шақырымнан және орыс бекіністеріне 30 шақырымнан жақын жерде көшіп жүруіне тиым салынды. Патша өкіметінің отарлау ежелден тұрып жатқан қазақтардың дәстүрлі қоныстарын тарылтты, Сібір әкімшілігі мен қазақ сұлтандары арасында шиеленіс тудырды. Шығыс аймақта патша өкіметі әскери әрекеттерінің күшеюі, Цин империясы әскерлерінің Қазақстан жеріне басып кіру қауіпі, 1771 жылы Орта жүздің ханы Әбілмамбет өлгеннен кейін хан болып сайланған Абылайдың Ресей бодандығын сақтай отырып, Қытай империясы өкімет билігін де қабылдауға мәжбүр етті. Абылай ұстанған екі жақты бодандық саясат Қазақстанның өмірлік мүдделеріне сай келді. Екі ірі мемлекеттің Абылайды Орта жүз ханы деп мойындауы, оның позициясын едәуір нығайта түсті. Ол жоңғар басқыншылығына қарсы күресте үш жүздің жасақтарын біріктіріп, қазақ халқының азаттық күресін ұйымдастырған айбынды әскери қолбасшы болды. Абылай аса ірі шайқастарда ерен ерлігін, батырлығын көрсете білді. Ол қазақтардың бір орталыққа бірігіп, сыртқы жаулармен күресте олардың еркіндігін сақтап қалуда үлкен еңбек сіңірді.

1781 жылы Абылай қайтыс болғаннан кейін, Орта жүздің ханы болып, оның баласы Уәли сайланды. Ол бір мезгілде Ресейге де, Қытайға да бодан болатыны жөнінде ант беріп, өз әкесінің саясатын жалғастыруға ұмтылғанын көрсетті. Дегенмен, оның тұсында хандық ішінде ыдыраушылық күшейді, сұлтандардың ықпалы өсіп, мұның өзі қазақ хандығының әлсіреуіне әсерін тигізді. Бұл Ресейдің Орта жүз жеріне неғұрлым белсенді түрде енуіне жағдай

бастады. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында шын отарлау саясаты барысында патша өкіметі ең әуелі Қазақстан жеріндегі хандық билікті жоюға кірісті. Хан билігі орыс шенеунігі басқарған уақытша кеңестің қолына өтті. Осындай кеңес құру арқылы Кіші жүз бен Орта жүз хандықтарының саяси дербестігін түпкілікті жою мақсатын көздеді. Патша өкіметі бұл мақсатты іске асыруды Орта жүз хандығынан бастады. Мұнда 1815 жылы Орта жүз ішіндегі Уәлидің билігін әлсіретуге тырысып, екінші хан етіп Бокейді тағайындады. Орта жүздің хандары Бокей 1817 жылы, Уәлихан 1819 жылы қайтыс болған соң, патша өкіметі жаңа хан сайлатпай, Орта жүзді бірнеше әкімшілікке бөліп, оларды басқарып-бақылауға патша әкімдерін қойды.

1822 жылы орыстың белгілі мемлекет қайраткері М. М. Сперанскийдің басшылығымен “Сібір қырғыздары” туралы жарғы, 1824 жылы “Орынбор қырғыздары жөніндегі жарғы”- деген құжат негізінде патша үкіметі қазақ жерін басқару тәртібі жөніндегі заң шығарды. Осы заң бойынша Орта жүз бен Кіші жүз хандықтары жойылды. Кіші жүзде (соңғы хан Шерғазы Айшуақов) хандық биліктің орнына Ресейдегі сияқты әкімшілік-саяси басқару жүйесі қалыптасты. Ал Орта жүзде “аға сұлтан” деген басқарушы қызмет енгізілді. Орта жүз жекелеген әкімшіліктерге бөлініп, Омбы қаласының ішкі округтері деп саналды. Округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Болысқа бөлудің негізіне рулық емес, территориялық боліну принципі алынды. Сондықтан жаңа заңды іске асыру барысында рушылдықтың іргесі сөгіліп, айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қазақтардың белгілі бір әкімшілік шеңберден екінші әкімшіліктің жеріне ауысуы шектеліп, бұрынғы көшіп-қонудың рулық тәртібі бұзылды. Ауыл старшындары қазақтардан сайланды. Болыстыққа сұлтандар тағайындалып, бұл қызмет шын мәнісінде атадан балаға мирас болып қалдырылып отырды.

XIX ғасырдың басында Хиуа хандығы Мервті басып алып, өзінің билігін Каспий теңізі жағасындағы түркмендердің бір бөлігіне, Үстірт пен Сырдария қазақтарына жүргізіп тұрды. Ал Оңтүстік Қазақстан қазақтарының бір бөлігі Қоқан қарауында болды. Хиуа мен Қоқан қол ас-

тындағы қазақ шаруалары бұл елдердің феодалдарына қарсы күреске талай рет көтерілді. Олармен бірге еңбекші қырғыздар, өзбектер, қарақалпақтар және басқа да халықтар ұзаққа созылған ұлт-азаттық күресін жүргізді. Соның ішінде 1821 жылғы көтеріліс айрықша тегеурінді болды, оған Түркістан, Шымкент, Әулиеата маңындағы қазақ шаруалары қатысты. Көтерілісті Тентекторе басқарды, оның басшылығымен 12 мыңға жуық көтерілісші шайқасты. Көтерілісшілер Сайрам қаласын басып алып, оны өздерінің әскери-стратегиялық тірегіне айналдырды.

Бұл кезге дейін Хиуа мен Қоқан хандары өздерінің қол астына кірмейтін қазақ және қырғыз жерлеріне олжа салу үшін жорықтар жасаса, енді олар Қазақстанның оңтүстігі мен Қырғызстан жерін өзіне қаратуды коздеді. Ал оңтүстік қазақтары Қазақстанның басқа жүздерімен бірге біртұтас елдікті сақтап, Ресеймен бірігуге ұмтылды. 1818 жылы Ұлы жүз қазақтары оздерін Ресей қол астына қабылдауын сұрап, патша өкіметімен келіссөз жүргізді. 1819 жылдың 18 қаңтарында Сүйін Абылайханов сұлтан өзіне қараған 55462 адаммен Ресейге адал болатыны жөнінде ант берді. 1824 жылы І Александр Ұлы жүздің Жетісуда көшіп-қонып жүрген 14 сұлтанын (165 мың ер адамы бар) Ресейдің қол астына қабылдауы туралы куәлікке қол қойды. 1830 жылы патша өкіметі Орта жүздің бірқатар аудандарының халқынан (25400 үй, 80481 ер адам) ант қабылдады. 1845-1847 жылдары Ұлы жүздің барлық рулары дерлік (оңтүстікте көшіп-қонып жүрген, әлі де Қоқан хандығының қол астындағылардан басқалары) Ресейге қарады. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысының аяғына таман, атап айтқанда, 1847 жылы Орта жүз қазақтарының басым көпшілігі орыс бодандығына кошті де, Қазақстанның Ресеймен бірігу процесі аяқталу сатысына қадам басты.

Орта және Ұлы жүздердің қосылған территорияларында Ақтау, Алатау, Қапал, Сергиополь (Аягөз), Лепсі, Верный бекіністері салынды. Бұл бекіністер Ресейдің Іле өзенінің арғы бетіндегі (Заилийск) билігін нығайтуға арналған тірек пункттеріне айналды. 20-40-шы жылдарда Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Аманқарағай округтерін құру аяқталды. Ұлы жүздің қосылған аудандарын басқару үшін 1848 жылы Батыс-Сібір генерал-губер-

иторына бағынатын үлкен Орданың приставы лауазымы белгіленді. Жетісу өлкесінде 1847 жыл мен 1867 жыл аралығында казак-орыстар тұратын 14 станица бекіністері салынды. Бұл Ресей империясы отарлаушы әкімшілігінің өкіметін нығайтуға көмектесті.

Қазақстанды отарлаудың және Шу мен Талас алқаптарының қазақтарына ресейлік ықпалды таратудың басты тірегі Верный бекінісі болды. Осы жерден орыс әскерлерінің Шу аңғары арқылы қоқандық бекіністері - Әулиеатаға, Шымкент пен Ташкентке қарай әскери шабуылы басталды. 1863—1864 жылдары полковник М. Черняевтің әскерлері қоқандық бекіністер - Созақты, Шолаққорғанны, Әулиеата және Шымкентті, ал патша офицері М. Веревкиннің жасақтары Түркістанды күшпен басып алды. Сөйтіп Шығыс-Сібір мен Сырдария шептері қосылды. Ұлы жүзді Ресейдің жаулап алуымен, жалпы Қазақстанды қосып алу осылай аяқталды. Осымен байланысты қазақ елі жалпы ресейлік қоғамдық еңбек бөлінісіне ене бастады. Пошта, жол қатынасының дамуы, сауданың, экономикалық байланыстың орнығуы іске асты.

Қазақ елі негізінен мал өсіруші өлке еді. Екіншілік шаруашылық айналымына енді-енді еніп келе жатты. XIX ғасырдың 30-60-шы жылдарында Қазақстанда небәрі 29 мың десятина егін егілді. Оның 14 мыңы Батыс Қазақстан аймағында, қалғаны елдің басқа аудандарында орналасты. Екіншілік халықтың аралас шаруашылық жүргізуі есебінен дамыды. Жартылай көшпелі өмір сүріп, мал өсіретін шаруалардың бір бөлігі көктем шыға жер жыртып, тұқым сеуіп, тырмалап егінді қарайтын адам қалдырып, жайлауға көшетін, сонан соң егін жинауға оралатын.

Екінші қазақтарды жатақтар деп атады. Жатақтардың көбінде көлігі, құрал-саймандары болмады. Сондықтан олар жинаған өнімнің тең жартысына дейін беріп, көлікті, күрделі құрал-сайманды байлардан, ауқатты шаруалардан жалға алатын. Қазақтар балық аулау, тұз өндіру, аңшылық істермен де айналысты. Мал, аң терілерін, құс мамығын оңдеп сатуды жолға қойып, ұста-зергерлік кәсіп ететін қазақтар аз болған жоқ. Ресейден шығысқа қарай өтетін сауда жолындағы қазақ шаруалары керуеншілерге көлік жалдап та пайда түсірді.

тындағы қазақ шаруалары бұл елдердің феодалдарына қарсы күреске талай рет көтерілді. Олармен бірге еңбекші қырғыздар, өзбектер, қарақалпақтар және басқа да халықтар ұзаққа созылған ұлт-азаттық күресін жүргізді. Соның ішінде 1821 жылғы көтеріліс айрықша тегеурінді болды, оған Түркістан, Шымкент, Әулиеата маңындағы қазақ шаруалары қатысты. Көтерілісті Тентектөре басқарды, оның басшылығымен 12 мыңға жуық көтерілісші шайқасты. Көтерілісшілер Сайрам қаласын басып алып, оны өздерінің әскери-стратегиялық тірегіне айналдырды.

Бұл кезге дейін Хиуа мен Қоқан хандары өздерінің қол астына кірмейтін қазақ және қырғыз жерлеріне олжа салу үшін жорықтар жасаса, енді олар Қазақстанның оңтүстігі мен Қырғызстан жерін өзіне қаратуды көздеді. Ал оңтүстік қазақтары Қазақстанның басқа жүздерімен бірге біртұтас елдікті сақтап, Ресеймен бірігуге ұмтылды. 1818 жылы Ұлы жүз қазақтары өздерін Ресей қол астына қабылдауын сұрап, патша өкіметімен келіссөз жүргізді. 1819 жылдың 18 қаңтарында Сүйін Абылайханов сұлтан өзіне қараған 55462 адаммен Ресейге адал болатыны жөнінде ант берді. 1824 жылы І Александр Ұлы жүздің Жетісуда көшіп-қонып жүрген 14 сұлтанын (165 мың ер адамы бар) Ресейдің қол астына қабылдауы туралы куәлікке қол қойды. 1830 жылы патша өкіметі Орта жүздің бірқатар аудандарының халқынан (25400 үй, 80481 ер адам) ант қабылдады. 1845-1847 жылдары Ұлы жүздің барлық рулары дерлік (оңтүстікте көшіп-қонып жүрген, әлі де Қоқан хандығының қол астындағылардан басқалары) Ресейге қарады. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысының аяғына таман, атап айтқанда, 1847 жылы Орта жүз қазақтарының басым көпшілігі орыс бодандығына көшті де, Қазақстанның Ресеймен бірігу процесі аяқталу сатысына қадам басты.

Орта және Ұлы жүздердің қосылған территорияларында Ақтау, Алатау, Қапал, Сергиополь (Аягөз), Лепсі, Верный бекіністері салынды. Бұл бекіністер Ресейдің Іле өзенінің арғы бетіндегі (Заилийск) билігін нығайтуға арналған тірек пункттеріне айналды. 20-40-шы жылдарда Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Аманқарағай округтерін құру аяқталды. Ұлы жүздің қосылған аудандарын басқару үшін 1848 жылы Батыс-Сібір генерал-губер-

историяна бағынатын үлкен Орданың приставы лауазымы белгіленді. Жетісу өлкесінде 1847 жыл мен 1867 жыл аралығында казак-орыстар тұратын 14 станица бекіністері салынды. Бұл Ресей империясы отарлаушы әкімшілігінің өкіметін нығайтуға көмектесті.

Қазақстанды отарлаудың және Шу мен Талас алқаптарының қазақтарына ресейлік ықпалды таратудың басты тірегі Верный бекінісі болды. Осы жерден орыс әскерлерінің Шу аңғары арқылы қокандық бекіністері - Әулисатта, Шымкент пен Ташкентке қарай әскери шабуылы басталды. 1863—1864 жылдары полковник М. Черняевтің әскерлері қокандық бекіністер – Созақты, Шолаққорғанды, Әулисата және Шымкентті, ал патша офицері М. Веревкиннің жасақтары Түркістанды күшпен басып алды. Сөйтіп Шығыс-Сібір мен Сырдария шептері қосылды. Ұлы жүзді Ресейдің жаулап алуымен, жалпы Қазақстанды қосып алу осылай аяқталды. Осымен байланысты қазақ елі жалпы ресейлік қоғамдық еңбек бөлінісіне ене бастады. Пошта, жол қатынасының дамуы, сауданың, экономикалық байланыстың орнығуы іске асты.

Қазақ елі негізінен мал өсіруші өлке еді. Екіншілік шаруашылық айналымына енді-енді еніп келе жатты. XIX ғасырдың 30-60-шы жылдарында Қазақстанда небәрі 29 мың десятина егін егілді. Оның 14 мыңы Батыс Қазақстан аймағында, қалғаны елдің басқа аудандарында орналасты. Екіншілік халықтың аралас шаруашылық жүргізуі есебінен дамыды. Жартылай көшпелі өмір сүріп, мал өсіретін шаруалардың бір бөлігі көктем шыға жер жыртып, тұқым сеуіп, тырмалап егінді қарайтын адам қалдырып, жайлауға көшетін, сонан соң егін жинауға оралатын.

Екінші қазақтарды жатақтар деп атады. Жатақтардың көбінде көлігі, құрал-саймандары болмады. Сондықтан олар жинаған өнімнің тең жартысына дейін беріп, көлікті, күрделі құрал-сайманды байлардан, ауқатты шаруалардан жалға алатын. Қазақтар балық аулау, тұз өндіру, аңшылық істермен де айналысты. Мал, аң терілерін, құс мамығын өңдеп сатуды жолға қойып, ұста-зергерлік кәсіп ететін қазақтар аз болған жоқ. Ресейден шығысқа қарай өтетін сауда жолындағы қазақ шаруалары керуеншілерге көлік жалдап та пайда түсірді.

Қазақстанда табиғаттың мол қоры болды. XIX ғасырдың ортасына қарай көптеген кен орындары ашылып, мыс, қорғасын, күміс, көмір өндіру қолға алынды. Кен балқытатын, өндіретін, өңдейтін кәсіпорындар салына бастады.

Қазақ жерінде тауар-ақша қатынастары бірден-бірге дами берді. Оған жәрмеңкелік сауда жасаудың зор ықпалы тиді. Қазақстандағы Қызылжар, Семей, Ақтобе, Кокшетау, Гурьев, Орал, сондай-ақ, көрші Ресей губернияларындағы Омбы, Қорған, Түмен, Орынбор, Ірбіт, Томенгі Новгород қалалары ірі сауда орталықтарына айналды, оларда жазғы және күзгі кездерде жәрмеңкелер жұмыс істеді. Қазақстан орыс кәсіпшілігі үшін мал, шикізат жеткізуші әрі өндіріс өнімдерінің тұтынушысы болды. Қазақтар жәрмеңкелер мен айырбас пункттеріне қой, жылқы, ұсақ және ірі қара малдары мен май, былғары, тері, елтірі, ешкі түбітін, арқан жеткізді.

XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басында Ресеймен шекаралық сауда орталықтарында Қазақстаннан тек бір жыл ішінде 1,5 миллионнан астам мүйізді ірі қара мал және 100 мыңнан аса жылқы сатылған. XIX ғасырдың ортасында Ертіс шекаралық ауданында жыл сайын 150 мыңдай жылқы, 3 млн. қой-ешкі және 100 мың өгіз бен сиыр - барлығы 8 млн. сомға дейін қаржыға мал түсіп отырған.

Бұл кезде Қазақстан Ресей астығының негізгі тұтынушысына айналды. Барлық шекаралық сауда орындары арқылы мұнда жыл сайын 400-500 мың сомға астық жеткізілді. Ресейден шұға, қағаз, қант, бояулар, жабайы аңдардың қымбат терілері, өңделген былғары, темір, болат, шойын, ине, алтын және күміс теңгелер алды. Сауда негізінен айырбас ретінде жүрді. Баға өлшемі жұрттың бәріне бірдей үш жасар қойдың құны 1 сом күміске теңеліп, сол бойынша басқа тауарларға тиісті баға қойылды.

Халықтың бай, кедей болып жіктелуінің күшеюі, жартылай көшпелі елге ақша-тауар қатынастарының барған сайын батыл енуі қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын өзгертін, әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістірді және қауымдық-рулық қалдықтарының күйреуіне себебін тигізді.

Бұл өзгерістер бірден бола қалған жоқ. Елде тап тартысының, яғни кедей шаруалар мен ауқатты қанаушы топтар-

ның арасындағы қайшылықтың күшеюі, қазақ шаруаларының отаршылдық саясатқа қарсы күресі барысында іске асты. Орыс мемлекетінің отарлау саясаты қазақтың ел басқару ісіне қойған адамдарының небір орескелдіктерді істеуіне жол ашты. Олар алым-салықты көбейтіп, патша өкімшілігінің, жергілікті әкімдердің пайдасына халықтың малын, қаржысын алып, өздерін бет қаратпай бағынышты етін ұстағысы келді. Ал, қазақ шаруалары өздерінің адамдық құқып пайдаланып, біз де бір атаның ұрпағымыз деп торлық-зомбылыққа көңісі келмеді, әділдік пен адалдықты көргісі келді. Міне, осыдан келіп, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы басталды.

Сонымен бір жарым ғасырға дерлік созылған Қазақстанның Ресеймен бірігу процесі негізінен аяқталды. Бірақ, оның көптеген өзіндік ерекшеліктері бар еді. Ол ерекшелік өте күрделі әрі көп жағынан әр түрлі қайшылықтармен сипатталды. Айтап айтқанда, қазақ жүздерін қосып алу әртүрлі сыртқы және ішкі шиеленіс жағдайында өтті. Кіші жүздің едәуір бөлігі, Орта жүздің кейбір аудандары ресейлік бодандықты өз еріктерімен қабылдады. Ал Орта жүздің үлкен бөлігі және Оңтүстік Қазақстанның бірқатар аудандары тек патша үкіметі әскери күштерінің көмегімен қосылды.

Он үшінші тарау

Қазақстанның Ресейге қосылуы кезіндегі ұлт-азаттық күрес

*Сырым Датұлы бастаған
Кіші жүз қазақтарының көтерілісі
(1783 – 1797 жж.).*

§1. Кіші жүздегі көтерілістің басталу себептері және оның барысы

XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында, Кіші жүз Ресейге қосылғаннан кейін, патша өкіметі қазақ жерін игеру үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу, қазақ даласы арқылы Орта Азияға отетін сауда жолдарын ашу, бұл жолдардың қазақ

жерін басып өтетін аймағында балығы, шабындығы, егіске қолайлы жерлері мол өзендер бойынан бекіністер салу сияқты шараларды жүзеге асыра бастады. 1744 жылы Орынбор қаласы салынды. Ол орыс патшасының отарлау саясатын жүргізу үшін, қазақ жерінде құрылған әкімшілік орындары орналасқан орталыққа айналды. Одан көп қашық емес Ор өзенінің бойынан Орск бекінісі бой көтерді. Орал қаласынан Өскеменге дейінгі 3,5 мың шақырым қашықтықтағы Жайық, Ертіс өзендерінің жағалауларында көптеген ірі әскери бекіністері салынды. Оларда патша үкіметінің отар елдердегі қол шокпарлары - казак-орыстар орналастырылды.

Жайық бойындағы жақсы жерлерге жайғасып алған казак-орыстар қазақ ауылдарына дүркін-дүркін шабуыл жасап, малдарын айдап әкетіп, адамдарына зорлық-зомбылық жасады. Оның үстіне патша өкіметінің шенеуніктері мал өсіріп отырған шаруалардың шұрайлы жерлерін тартып алып, қысым қорсетті. Патша өкіметі қазақтарды “ішкі жаққа” Жайық сыртына өткізбей оған тиым салды, қазақ ақсүйектері бір бөлігінің құқықтарына қысым жасалды. Кіші жүздің ханы Нұралының да халыққа тізесі батты. Оның адамдары елдегі шаруаларды алым-салықпен зар илетті. Осының бәрі халықтың наразылығын күшейтіп, жаппай көтерілуге әкеп соқты. Көтерілістің басты қозғаушы күші қарапайым кошпенділер болды. Сонымен қатар азаттық қозғалысқа патша өкіметінің қысымына шыдамағап би, старшын және батырлар қатынасты.

Көтерілістің басты мақсаты - ғасырлар бойы Кіші жүз жерінде қалыптасқан жерді пайдалану жүйесін қалпына келтіру, Орал казак-орыс әскерінің қазақ жерлерін басып алуын тоқтату, Нұралы хан мен оның сарайындағы ақсүйектердің озбырлығына шек қою еді.

Көтеріліс басында Кіші жүздің Байбақты руынан шыққан Сырым батыр /1742-1802 жж./ тұрды. 1783 жылы бұл көтеріліс басталғанда - Сырым ақыл тоқтатқан, орнықты, елге өзін танытқан, сөзін тыңдатқан беделі зор адам болған. 1773-1775 жылдардағы Е. Пугачев көтерілісі кезінде орыс шаруаларының азаттық идеясын қолдап, оған қатысқан қазақтардың арасында Сырымның болғаны туралы да үзік-үзік деректер бар. Соның бірі шаруалар көтерілісін басуға басшылық еткен орыс әскерлерінің даңқты қолбасшысы Суворовтың

граф Панинге жазған хатында /1775 ж. 22 маусым/: “Сырым бастаған қарулы топтар тосыннан келіп шабуыл жасайды, тез арада жоқ болады. Оның артынан қуғанмен ешкім жете алмайды”, - деген анықтама келтірілген. Бұдан әрі қолбасшы: “әскерлерге мынадай бұйрық бердім: реті келген бірде-бір қолайлы сәтті күр жібермей, бүгіннен бастап Сырым батыр бастаған өз беттерімен кеткен ұры-қары қырғыздарды қай жерде кездесе де, қандайлық алысқа қууға тура келсе де, оның өзін ұстап алып, тамырына балта шауып немесе сол жерде өлтіріңдер дедім”, - дейді.

Бұл айтылғандар Сырымның котеріліс кезінде белгілі адам болғанын, оның орыс әскерлерін де тыныш қалдырмағанын, сонымен бірге азаттық күресіне котерілген орыс шаруаларымен бір тілектес болғанын байқатады.

Батыс Қазақстанда ұлт-азаттық котерілісі басталған кезде Сырым Байбақты руының старшыны болатын. От тілді, орақ ауызды, болмысында батыл да батыр, шешендігімен аты шығып дүрілдеп тұрған кісі екен. Кіші жүзде ол айтты деген ұшқыр да ұтымды сөздер аз болмаған. Сырым қазақтың небір кемеңгер, дана адамдарымен жақын болып, олардың ақылын тыңдаған. Солардың бірі Тама руынан шыққан Малайсары би Сырымға: дүниеде адамды адам ететін үш қасиет бар, соны бойыңа дарытсаң, халық алдында сыйлы боласың - дегіті. Ол қандай қасиеттер? - деп сұрағанда, би: олар - ар, намыс, парыз. Тағы бір ақылым, жақын жүргенді жаралама, алыстағыны қаралама!-деген екен.

Ар-ожданына, намысына дақ түсірмей, халқының алдындағы азаматтық парызына әрқашан адал болған Сырым бірге туған апасына үйленген Нұралы хан жақыны болса да, хан мен халықтың біріне таңдау жасауға келгенде ойланбастан халық жағына шыққан, халыққа тізесін батырғандарды, зорлық-зомбылық жасағандарды аямай жазалаған. Осындай озбырлығымен аты шыққан Шағанов деген Орал казак-орыс атаманын қолға түсіріп, Хиуа хандығына құлдыққа сатып жібереді.

1783 жылдың көктемінде қазақтардың Орал бекінісі желісіне шабуылы басталды. Ағамандар Тасболат пен Ерболат бастаған қазақ жасақтары Гирьяль бекінісіне шабуыл жасап, ондағы солдаттарды тұтқыңға алды, малдарын айдап кетті. Орынбор коменданты Ладыменский далаға орынборлық ка-

зактардан құралған жазалау отрядтары мен жүзбасы С. Харитонов басқарған башқұрттардың 1500 адамдық отрядын жіберді. Қазақ жасақтары Харитоновтың отрядына табанды қарсылық көрсетті, бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды.

1783 жылғы тамыз айында әскери шайқастардың бірінде Сырым Орал қазақ-орыс жазалаушы отрядтың қолына түседі. Бірақ 1784 ж. көктемде оны Нұралы хан 70 жылқы, 350 сом күміс ақша беріп, босатып алуға мәжбүр болады.

1784 жылы мамыр айында Сырым Датов орал казактарымен кескілескен ұрыстар жүргізді. Қазақ жасақтары Нижнеуральск желісі ауданында, Орск бекінісі маңында әрекет жасады. Қараша айында С. Датовтың жасағында 1000-дай адам болды.

1785 жылы көктемде қазақ даласына патша үкіметінің жазалаушы әскерлерінің шыққанын естіп, Сырым оларға тойтарыс беру үшін 2700 адамнан жасақ құрады. Оған 3,5 мың адамы бар Барақ пен Тіленшінің /Жоңғарларға қарсы соғыста аты шыққан табын Бөкенбайдың баласы/ шоғыры қосылды. Оларды шекара бойына қалдырып, Сырым бес жүз жігітімен Сахарный бекінісіне шабуыл жасады. Бірақ оның жақындап келгенін білген казактар алдын-ала зеңбіректен оқ атып қарсы алды. Түтқиылдан тиісемін деп келген Сырым бекіністі ала алмады. Дегенмен, ол жазалаушы шоғырлардың қимыл-қозғалысын бағып, жақын жердегі казактардың бекінісі мен шағын топтарына шабуыл жасап, берекетін кетіреді. 1785 жылдың жазында оның жасақтары жаңа адамдармен толығып, көтеріліс бұқаралық сипатқа айналды. Осы тұста Тама руының старшыны Қадыр және Садыр деген батырлардың бастауымен Нарын құмының жігіттері Сырымды қолдап, патша әскерлеріне қарсы күрес жүргізді. Бұл кезде Кіші жүзді кең қамтыған көтерілісшілердің тек Жем өзені бойында шоғырланған тобының қатары жеті мыңға дейін жеткен еді.

Халық қозғалысының қаһарынан қорқып патша үкіметінен әскер сұраған Нұралы хан оның көмегімен тағын, малын, жанын сақтамақшы болды. Нұралының Сырымға қарсы әрекеті халықты жирендіріп, Сырымның беделі күшейе түсті.

1785 жылы Орынбордан патша генералы Смирнов, Орал қаласынан Жайық атамандары Колпаков пен Пономарев

бастаған әскер шоғырлары шығып, Сырым жасақтарын күртпақшы, көтерілісті баспақшы болды. Олар қазақ ауылдарын тонап, жазықсыз адамдарды тұтқындап елді зар илетті. Сырым жасақтары жақсы қаруланған патша әскерлерімен ашық шайқасқа бармай, олардың ізін бағып, Жайық бойындағы казак-орыстарды дүрліктіріп, бекіністеріне тұтқиылдан тиісіп, партизандық соғыс жүргізді.

Кіші жүздегі жағдайға Ресей патшасы қанық болды. Ол да халықтың тек өз әкімдеріне ғана емес, сонымен бірге ханна да қарсы болып отырғанын түсінеді. Сойтіп, Орынбор өлкесінің билеушісі Игельстром арқылы старшындармен келісіп, оның ішінде Сырым батырмен пікірлесіп, хандық тәртіпті жоюды ұйғарады. Сырым бұл шараны қолдады. Бұл арада әрқайсысының өз ішкі есебі болғанын айту керек. Патша өкіметі хандық тәртіпті жойып, Кіші жүзді басқаруды жалпы империяны басқару жүйесіне жақындатуды ойласа, Сырым хандықты жойып басқару ісін халық қолына, халықтың өз ортасынан шыққан би-старшындарға беруді, солар арқылы ел билеу мәселелерін шешуді демократиялық жолмен жүргізуді көздеді. Сойтіп, 1786 жылы хандық жойылып, Нұралы хан Жайық бойындағы патша әскерлері бекіністерінің біріне көшіп барып паналады. Сырымды алдап-сулап бауырына тартуды көздеген патша өкімдері оны он екі ата Байұлы руларының аға старшыны етіп тағайындады. Сырым осы жұмыста болған кез халық үшін жайлы жылдар болды. Әділдік пен адалдықты, дұрыстықты жақтаған Сырым халықтың хал-жағдайын біліп, олардың мұң-мұқтажымен санасып отырды. Ол жергілікті старшындардың жыл сайын съез-мәслихатын откізіп, онда халық мүддесіне қатысы бар мәселелерді талқылады. 1786-87 жылдарда өткен бұл съездердің маңызы зор еді. Қазақ халқы еңсесін көтере бастады. Казак-орыстардың қазақ ауылдарын тонап, шауып кетуі азайды. Шенеуніктер де халыққа бұрынғыдай озбырлық жасай алмайтын болды. Ұзақ жылдар бойы сүйеніш болып келген хандық билікті жойып қате жасағанын патша үкіметі түсінді. Сойтіп, хандықты қалпына келтіру қамына кірісті. 1790 жылы Нұралы өлгеннен кейін, осы оқиғаны желеу етіп оның інісі Ералыны хан көтерді.

Ералы да қазаққа теңдік әперуді ойлаған жоқ. Оның тұсында да қазақтардың жайылымдық жерлері тарылды.

Жайық бойында мал жаюға, Жайықтан балық аулауға, мал суаруға тиым салынды. Осыған байланысты қазақтардың наразылығы күшейе түсті. Олар жасақтар құрып, Сырымның төңіргіне топтасты. 1791 жылдың наурыз айында Сырым батыр патшаның әскери жазалаушы күштерінен бейбіт ауылдарды сақтау үшін, Табын мен Кердері руларына шығысқа Мұғалжар тауларына қарай ойысуды ұсынды. Батырдың қазақ ауылдарын ойрандаудан алыс ұстауға бағытталған бұл саясаты кейіннен өзін ақтады. 1792 жылы Сырымның қарулы күштері құрамына мыңнан астам жасақ жиналды. Сол жылы қыркүйек айында Сырым жасақтары Елек қамалына шабуыл жасады. Бірақ ол сәтсіздікпен аяқталды.

Патша өкіметі Сырым Бұқара мен Хиуа хандығымен бірігіп, Орыс мемлекетіне қарсы шыға ма деп қауіптенді. Мұндай қауіпке негіз де бар еді. Сырым шығыс беттегі бұл елдердің әміршілерімен астыртын келіссөз жүргізіп, олардың көтеріліс басталған жағдайда көмек көрсететініне үдесін алды.

Сырым бастаған қазақ жасақтары мен шаруалардың толқуларын басу үшін патша өкіметі кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Жайық өзенінің оң жағында мал жаюға, Жайық пен Еділ арасындағы Үлкен және Кіші өзендердің /Қара өзен, Сары өзен/ бойындағы жайылымдарды пайдалануға рұқсат етті. Бірақ бұдан жағдай жақсарған жоқ. Шұрайлы жерлерді, шабындық-жайылымдарды, орман-тоғайларды бұрынғысынша казактар, хан, патша адамдары иемденді. Алым-салық, хан төңірегіндегілердің халыққа озбырлығы мен астамшылығы азаймады.

1794 жылы жеккөрінішті Ералы хан өліп, оның орнына 1796 жылы хан тағына отырған Нұралының баласы Есім де езгіні жеңілдеткен жоқ. Бұрыннан қаталдығымен аты шығып жүрген өл халықты одан өрі қан қақсатты. Осының бәрі ұлт-азаттық қозғалысының жаңа күшпен өрлеуіне, жандануына жол ашты. Оның дем беруші көссмі Сырым болды. Оған Байбақты, Есентемір, Шеркеш, Алаша, Таз руларының шаруалары қосылды. Олардан шыққан Ерсалы, Қайсарлы сияқты қазақ батырлары Сырымға қалтықсыз қызмет етті.

С. Датов Кіші жүздегі мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен тәуелсіздігі ішкі және сыртқы жағдайлармен бай-

шысты екенін жақсы түсінді. Сондықтан да Ресеймен саяси және экономикалық байланыстарды нығайтуды жақтады, бірақ сонымен бірге, Сырым патша үкіметіне сенбеді. Атап айтқанда, халық бұқарасының қозғалысын басқару кезінде ол Орынбор генерал-губернаторы Игельстроммен кездесуден бас тартты. Патша әкімшілігімен хаттар жазылып, келіссөздер жүргізу арқылы оны бейтарап етуге тырысты. Сонымен қатар Сырым котерілістің табысқа жетуі тек Қазақстан мен Орта Азия халықтарының, сондай-ақ атамандардың күшін біріктіргенде ғана мүмкін болатындығын түсінді.

1795 жылы Сырым бастаған котеріліс қайтадан кең қанат жая бастады. Қазақ жасақтары, әсіресе 1796 ж. малдың жаппай қырылуына әкеп соққан қысқы ауыр жұттан кейін белсенді қимылдар жасады.

1797 жылы наурыздың 26-сынан 27-сіне қараған түнде котерілісшілер Есім ханды өлтірді. Бірақ ханның өліміне Сырымның жеке басының ешқандай қатысы болмаған. Котерілісшілерді жазалау үшін Орал казак-орыс әскерінің атаманы Донсков жазалау тобын ұйымдастырды. 1797 жылдың күзінде полковник Скворкин бастаған әскери топ Сырымды кудалауды күшейтті. Жазалаушыларға ханның туыстары, соның ішінде Бокей сұлтан басқарған жасақтар қосылды. Алайда, Сырым жасақтарының Ойыл өзені бойына кошiп кетуi жазалаушылардың жоспарын iске асырмады. Оған Скворкин тобына қосылған қазақ старшындарының көпшілігінің өз жақтастарымен ауылдарына тарап кетуі де себеп болды. Сөйтіп, жазалаушылардың тағы да бір қимылы сәтсіздікке ұшырады.

§2. Котерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызы

Есім хан өлгеннен кейін Кіші жүз сұлтандарының бір бөлігі - Нұралы ұлдарының бірі - Қаратайды хан етіп сайлауды қалады. Сырым батыр бұл мәселеден тыс қалмай, хан сайлауда халықтың пікірін ескеруді талап етті. Хан мәселесі тоңірегіндегі тартыс Кіші жүздің би, сұлтан, старшындарып екіге бөлді. Осындай жағдайда Орынбор генерал-губернаторы Игельстром хан сайлауын тоқтатып, жүзді

басқаруды хандық кеңеске беруді ұсынды. Кеңестің төрағасы болып Айшуақ сұлтан тағайындалды. Кеңес мүшелігіне төрт адам кірді, оның құрамына Нұралы ханның бірде-бір ұрпағы енгізілмеді. Кеңес құрамына Сырым батыр да кірмеді.

Хан кеңесі жиналған кезде Нұралыға жақын феодалдар оның баласы - Қаратайды хан деп жариялады. Бұл - Нұралыға қарсы старшындардың Сырымның төңірегіне қайтадан топтануын күшейтті. Оның ықпалының осуі патша әкімшілігін қатты үрейлендірді. 1797 жылдың күзінде патша үкіметі Кіші жүзде хандық билікті қайтадан қалпына келтіруге бағыт алды, сойтіп Айшуақты хан етіп бекітті. Осыдан кейін Сырымға қарсы қуғын күшейді. Оған 800 адаммен Қаратай сұлтан қосылды. Бірақ Сырымға олармен шайқасудың сәті түскен жоқ, ол Сыр бойына барып, көтерілісшілерді таратып өзі Хиуа хандығына отіп кетті. Сол жақта Сырымды 1802 жылы қазақ сұлтандарының итаршылары у беріп өлтірді.

Сырым батыр бастаған 1783-1797 жылдар арасындағы Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы патшаның отарлау саясатына қарсы бағыт алған, қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болғанын айтуымыз керек.

Көтерілістің негізгі қозғаушы күші феодалдық және отаршылдық езгіден, хандардың, сұлтандардың және патша әкімшілігінің зорлық-зомбылығынан құтылуға талпынған шаруалар еді. Олар Жайық пен Еділ өзендері аралығындағы өздерінен тартып алынған жерлерді қайтарып алуға тырысты. Көтеріліске бірқатар билер мен ағамандар қосылды. Олар өздерінің таптық мүдделерін - Кіші жүздегі жағдайды нығайтуды, хан мен сұлтандарды билікті өздерімен бөлісуге мәжбүр студі көздеді. Сырым халық бұқарасының жер үшін күресіп қолдады, хандық билікті жойып, оны халық съездерімен алмастырып, ал съездер аралығында билікті ағамандардың қолына беретін қазақ мемлекеттілігінің жаңа формаларын құруға талпынды.

Сырым Датов бастаған көтерілістің жеңіліске ұшырауының көптеген себептері бар. Оның жеткілікті ұйымдаспаған стихиялық сипатта болуы, айқын бағдарламасының жоқтығы қозғалысты мақсатына жеткізе алған жоқ. Балтамен, айбалтамен, айырмен, найзамен т. б. қаруланған қазақ ша-

руаларының мұздай жарақтанған, зеңбірекпен және мылтықпен қаруланған патша әскерлеріне қарсы тұруы ешқандай мүмкін емес еді, ол көтерілістің жеңіліске ұшырайтынын алдын-ала айқындап берді. Көтерілістің жеңілуінің тағы бір себебі жергілікті қауымдық-рулық меншік ру ақсүйектерінің қоныстарға иелік етуіндегі кедергі, қайшылықтар еді. Осыдан келіп халық бұқарасы мен басшыларының қолға қару алып, күресу мақсаттарындағы көзқарастары әртүрлі болды. Жеке көтерілген топтардың арасындағы байланыстар әлсіз еді. Ресейдегі шаруалар көтерілісінің көптеген қолбасшылары сияқты Сырым батырға да аңғырттық-монархиялық қиялдар тән болатын. “Жақсы ханға” сенушілік Сырым Датовты да құтылдырмады. Патша өкімшілігімен келіссөз жүргізу кезінде, хан билігін қалпына келтіруге келісім беріп, көнімпаздыққа барды.

Бірақ тәуелсіздікке ұмтылған Сырым бастаған көтерілістің қазақ халқының азаттық идеясын шындауда үлкен әсері мен ықпалы тиді. Көтеріліс Кіші жүздегі хаидық биліктің негіздеріне зиян келтіріп, оның түпкілікті жойылуын жақындатқан ірі аттаныс еді. Көтеріліс және оның көсемі туралы хабар ой мен қырға, қазақ даласына кеңінен жайылды. Бүкіл үш жүздің басын құрайтын қазақ халқы Сырымның, оның сарбаздарының ерлігі мен батырлығын, тапқырлығын аңыз етіп айтып жүрді. Қазақтың ауыз әдебиетінде Сырымға, ол бастаған ұлт-азаттық қозғалысына байланысты тамаша жырлар, әндер туды. Сырымның, оның төңірегіндегілердің шешендік сөздері ауыздан-ауызға тарап кетті.

Он төртінші тарау.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған шаруалар көтерілісі (1836-1838 жж.).

§1. Исатай мен Махамбет басқарған көтерілістің басталу себептері.

Еділ өзенінің төменгі Каспийге құятын аймағын 1635 жылдан бастап Жоңғар шапқыншылығы кезінде бөлініп

қалған қалмақ ру-тайпалары мекендеген болатын. Оны қазақтар Қалмақ қыры деп атады. 1771 жылы бұл жердегі қалмақтар екіге бөлініп, бір бөлігі Қазақстан жері арқылы өздерінің туып-өскен отаны - Жоңғарияға барып қосылды. Ал, екінші бөлігі батысқа қарай ығысып, Дон даласына көшіп кетті. Осы босап қалған жерге 1801 жылдан бастап, патша өкіметінің рұқсатымен Кіші жүздің Бөкей сұлтан басқарған бес мың қазақ шаруашылықтары қоныс аударды. Мұның өзі Ішкі /Бөкей/ орданың құрылуына бастапқы негіз болды.

Бөкей ордасы жан-жағынан Астрахань, Саратов, Оренбург губернияларының жерлерімен, Орал бойындағы патша әскери бекінісімен және Каспийдің солтүстік жағалауындағы балық кәсіпшілігі аймағымен шектесті. Оның ауқымы шығыстан батысқа қарай 350 шақырым және солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 шақырым жерді алып жатқан ықшам әрі шағын хандық болды. Оренбург әкімшілігінің қолдауымен Бөкей сұлтан 1812 жылы өзі құрған орданың ханы болып сайланды. 30-шы жылдардың аяғына қарай мұнда 20 мыңдай шаруашылық пен 80 мың адам қоныстады. Бірақ жер мен жайылымдар біркелкі бөлінбеді. Қысқа мерзім ішінде жердің үштен екі бөлігі қазақ феодалдары мен орыс помещиктері Юсупов пен Безбородконың жекеменшік иелігіне өтті.

Оралдың әскери мекемесі Үлкеп және Кіші озен бойындағы, Қамыс-Самар көлі тоңірегіндегі жерлерді казак-орыстардың пайдалануына алып қойды. Жерге байланысты өткір дағдарысқа басқа да маңызды зор жағдайлар келіп қосылды. Бұл кезде патша үкіметі Ішкі орда мен Кіші жүзді басқаруды өздерінің мүдделеріне қарай бейімдеп жатты. Дистанциялар /аралық басқару жүйесі/ құрылып, оның бастығы қызметі енгізілді. Жайық озені бойындағы жерлерді Орал казак-орыс әскері иемденді. Қазақтарға Жайық озенінен өтуге және казак-орыстардың озен жағалауындағы белдеулеріне көшіп келулеріне қатаң тиым салынды.

Бұдан басқа қазақ шаруалары орыс помещиктері мен қазақ сұлтандарынан жалға алған жерлерінің құны үшін уақтылы есеп айырысуға тиісті болды. Тек есеп айырысқаннан кейін ғана олар помещиктер мен қазақ байларының жеріне өздерінің малдарын бағуға рұқсат алды. Қанаушы

тар окілдері қазақ ауылдарынан арендалық ақыны жылдан жылға өз қалауынша ала бастады, олардан айыптар, әр түрлі салықтар жинап отырды.

1815 жылы Бөкей хан қайтыс болды. Осыдан кейін хандық билік оның баласы Жәңгірге көшті. Бірақ оның көмегіне толуына дейін орданы уақытша Бөкей ханның туған інісі Шығай сұлтан басқарды. 1824 жылы Жәңгір патша үкіметінің жарлығымен хан деп жарияланды. Жәңгір хан тағына отырған соң, патша өкімшілігінің қолдауымен, хандықтың қоғамдық өмірі мен тұрмысының жекелеген жақтарына, сондай-ақ жергілікті басқарудың дәстүрлі жүйесін қайта құруға кірісті. Ол көшпенділердің отрықшылануын, олардың орыс хуторлары сияқты мекендер салуын, қырдаппен шабуын, ағаш өсіруді, малдың тұқымдарын асылдандыруын және ауыл шаруашылығы құрал-саймандарының жаңа түрлерін алдыруды, мектептер, училищелер, мешіттер ашуын және ауылдарда мал санының артуына, сауданың және басқарудың жаңа формаларына көшуді көтермеледі. Ол патша өкімет орындары мен қазақ шонжарларының мүдделерін жаңа әдістермен ұштастыруға күш салды.

1827 жылы Жәңгір хан Нарын құмындағы Жасқұс мекенінде тұрақты хан ордасын орнатып, елді осы орталықтан басқаратын болды. Сол жылы хан кеңесі құрылып, оған 12 ата Байұлы руларынан бір-бір биден кірді. Ханға 12 старшын, сондай-ақ бірнеше базар сұлтандар қызмет етті. Оның татар бөлімі және жалпы бөлімнен тұратын өз кеңесі болды. Кеңсе жанында арнаулы тергеуші штатта тұрды.

Жәңгір хан 1845 жылы өлді. Бұған дейін Қазақстанның барлық бөліктерінде хандық билік жойылған болатын. Өкіметтік топтар ішкі Ордада хандықты жоюды ұйғарды, хан билігі орыс шенеунігі басқарған Уақытша кеңестің қолына көшті.

Патша үкіметінің жергілікті феодалдар мен шонжарларға сүйене отырып, барынша күш сала жүргізген саясаты орталық езгінің күшеюіне, қазақ бұқарасының наразылығына әкелді.

Наразылық жер дауынан басталды. Ішкі Ордада қазақ байлары мен орыс помещиктері ең құнарлы жерлерді өздеріне алып алған-ды. Кедей шаруаларға құнарсыз жерлер

тиді. Бір ғана Жәңгір хан 400 мың десятина жерді өз иелігіне қаратты. Жәңгірдің інісі Мендігерей Бөкейханов, би Балқы Құдайбергенов, ханның қайып атасы Қарауылқожа Бабажанов сияқтылар орасан көп жерлерге иелік етіп, оған қоса жерді пайдаланғаны үшін шаруаларға салық салды, елдің қанын сүліктей сорды.

1831 жылы Ресеймен шектес жерлерде сұлтандар мен Орынбор Шекара комиссиясына бағынатын әкімшіліктер құрылып, әкімдер мен старшындар жергілікті басқаруды өз қолдарына алды. Бара-бара одан да сорақы жағдай қалыптасты. Жайық бойын иемденген Орал казак-орыс әскерлері қазақтарға Жайық озенінен өтуге немесе оның жағасына көшіп-қонуға тиым салды.

Жәңгірге наразы болған бір топ сұлтандар мен старшындар казак шаруаларын Жайықтың арғы жағына қайтадан өтуге шақырды. 1827 жылдың қысы қатты болып, жұттан көп мал қырылды. Қалған малды сақтау үшін қазақтар Саратов губерниясына, ондағы князь Юсупов пен граф Безбородконың жер иеліктеріне кошпекші болды. Көктем шығысымен Байбақты руы бірінші болып Жайыққа бет алды. Оны Жанторе Қарабатыров, Нұршабай Байжурин, Өтен және Әбен Котібаровтар, Нәдір Қашқынов, Ырсалы Көсепулин басқарды. Ресми өкімет орындары бұл кошуге қарсы болды. Мұның өзі Кіші жүз қазақтарының патша өкіметіне қарсы наразылығын күшейтті. Олардың арасында толқулар басталып, аяғында келіп 1836-1838 жылдары Ішкі Орданы және бүкіл Кіші жүзді қамтыған халық көтерілісі бүрқ ете түсті. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші - казак шаруалары. Сонымен қатар оған старшын, билердің де бірқатар өкілдері қатысты. Алайда, көтеріліс тегеуріні әлсірей бастағанда, үстем тап өкілдері Жәңгір мен патша жазалаушы шоғырларының жағына шығып, сатқындық жасады, көтерілістің жеңілісін тездетті.

Көтерілістің басында Беріш руынан шыққан белгілі батырлар Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы тұрды. Исатай 1791 жылы туған. Оның жігіт болып қалыптасуына нағашысы Жабай Бегалин зор ықпал жасады. 1808 жылы Исатайдың руы Ішкі Ордаға кошті. Исатай Таймановтың ең жақын серігі - ақын Махамбет Өтемісұлы (1803-1846 жж.). Оны анасы Қосуан тәрбиелеген. Ол татар және орыс

ндерін білген, Хиуада болған, Орынборда тұрған. Махамбет орыс жазушысы әрі этнограф В. И. Дальмен таныс болған. Ішкі Ордада және Орынборда қызмет істеген оқымысты - саяхатшы Г. С. Карелинмен де тығыз қарым-қатынас жасаған.

1812 жылы Бокей хан Исатайды Жайық бойындағы руларға старшын етіп тағайындайды. 1814 жылдың аяғында оны Орынбор Шекара комиссиясы бекітіп, уақытша жарлықпен оған мор тапсырады. Бірақ 1817 жылы Исатай старшын Өтеміс Құлманиязовты тонады деген жаламен қамауға алынып, абақтыға отырғызылады. Одан 20 мың сом кепіл беріп, босап шыққан Исатай 1818 жылы старшын ретінде Бокей ордасы өкілдерінің Ұялыдағы съезіне қатысады. 1823 жылы Исатайды сұлтан Шығай Нұралиев қамауға алады, оған кісі өлтірді деген айып тағады. Атырау бекінісінен келген Дон казактарының конвойы Орынборға әкетеді. Жол бойында Исатай конвойдан қашып шығып, елге оралады. Бірақ, осыдан кейін де Жәңгір ханның Исатайдың соңына түсуі тоқтамады. Өйткені Исатай батыр халықтың мүддесін қорғап, қарапайым шаруалардың жерсіздігі мен байлардың озбырлығына душар болуына байланысты әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресті одан әрі жалғастырды.

Бұл күрестің күшеюіне, әсіресе, 1833 жылы Жәңгір хан өз қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлын Каспий теңізі өңірінде көшіп жүрген қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы себепші болды. Қарауылқожаның қазақ шаруаларына рақымсыздығы, шектен шыққан бассыздығы, Жәңгір және оны қоршаған феодалдық күштердің халық мүддесімен санаспауы, таптар арасындағы әлеуметтік тартысты жылдан-жылға шиеленістірді. Қарауылқожаның үстінен түскен бұқара халықтың шағымдарына Жәңгір хан мән бермей, жауып тастап отырды. Бұған қоса Ішкі Ордамен іргелес орыс бекіністерінің салына бастауы, патша шенеуніктері мен помещиктерінің озбырлығы халықтың наразылығын күшейтті. Қазақ шаруаларының екі жақтан бірдей қанауға түсуі халықты тек өз феодалдарына ғана қарсы емес, сонымен қатар Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы шығуына итермеледі. Сөйтіп, қозғалыстың басты мақсаты - хан озбырлығына шек қою, шаруалар жағ-

дайын біршама жақсарту, патша өкіметінің отарлау саясатын тоқтату еді.

§2. Көтерілістің барысы және оның жеңіліспен аяқталуы.

Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі өзінің дамуында басты үш кезеңпен өтті. *Бірінші кезең* – 1833-1836 жылдарға келеді және қарулы көтеріліске әзірлік кезеңі ретінде сипатталды. *Екінші кезең* – көтерілісшілердің ханға қарсы /1837 жылдың бас кезі/ аттануынан бастап, олардың жеңіліске ұшырауына – 1837 жылғы қараша айының орта шеңіне дейінгі кезеңі. *Үшінші кезең* – Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің шағын тобының Жайықтың сол жағалауына отуінен /1837 жылғы желтоқсан/ жаңа ұрысқа күш жинаудан Ақбұлақ-Қиыл озені маңындағы ұрыста біржолата жеңілуге дейінгі /1838 жылғы шілде айының орта кезі/ уақытты қамтиды.

1836 жылы ақпанда халықтың хан сұлтандарға қарсы наразылығы күшейіп, ашықтан-ашық шайқасқа қарай бет алды. Бұдан шошынған Жәңгір хан қозғалысты бастап, дем беруші Беріш руының қоныстарына бірнеше қожа мен старшын жіберіп, көтерілісті тоқтатуды талап етті. Исатайға жазған хатында хан түлкі бұлаңға салып, “дос едік қой, патшаға адалдыққа ант беріп едің ғой, бүлікті тоқтат, хан сарайына кел, татуласайық, әйтпесе іс насырға шабады”-дейді. Сонымен қатар ханның жандайшабы Қарауылқожа 1836 жылғы наурыздың 24-не қарай 800 адамды қол жинайды да, жайлауға көшіп кеткен Исатай ауылын шаппақ болады. Бұл кезде хан Исатайға екі адам елші жіберіп, дереу келсін деп бұйырады. Бұған Исатай Қарауылқожа жасақтарын таратса ғана барамын деп шарт қояды. Хан осы шартқа көнгенсіп айлаға кошеді. Оған сенген Исатайдың аңқау ауылы бұрынғы қонысына көшіп келе жатқанда, 1836 жылдың 4-сәуірінде Қарауылқожа мен старшын Дүйсенбай бастаған отряд алдынан шығады. Мұны көрген Исатай көшті тоқтатып, қорғанысқа дайындалады. Алайда, Қарауылқожаның шабуылға шығуға батылы жетпей кейін қайтады. Өйткені ол да, Жәңгір де жеңіліп қаламыз ба деп қорыққан. Ондай жағдайда халықтың рухы өсетінін және орыс

әкімшілігіне хан билігінің масқара болатынын олар жақсы түсінген-ді. Қарауылқожа Исатай ауылып шаппаса да алты күн қоршауда ұстап тұрды. Бұлай созыла берсе кісілер де, мал да аштыққа ұшырайтынын сезген Исатай тәуекелге бел бұды. Ол 200 жігітті бастап, Қарауылқожаның Қиялыдағы тұрағына жақындап келді. Бәрі де екі жақтың қоз алдында бетпе-бет тұрысты. Әбден ашынған екі жүз сарбазды жеңе алмасын білген Қарауылқожа қулықпен уақыт оздырып, ханға ақыл сұрап кісі жібереді. Исатай ханның жауабын күтпейтінін айтты да, түнделетіп сарбаздарымен ауылына қайтып кетті. Көтерілісшілердің батылдығы мен бірлігі Қарауылқожаны састырды.

1836 жылы мамыр айында оқиғаның барысы күрт өзгерді. Бұл кезде Күшік Жапаров деген шалды біреу өлтіреді. Тергеу ұзаққа созылса да, қылмыскер табылмайды. Жәңгір мен оның жандайшаптары мұны өз мақсатына пайдаланып қалуға тырысып, бұл қылмысты Исатай мен Махамбет жасады деп жала жабады. Орыстың қылмыс кодексі бойынша кісі өлтіруші қатаң жазаға тартылатын. Тергеу кезінде Исатай да, Махамбет те бұл істі мойындарына алмады.

Жазға қарай Исатайдың ауылына хан, сұлтандардың озбырлығына, әділетсіздігіне шыдамай наразы болғандар ағылып келіп жатты. 1836 жылдың қазан айының аяғында Исатайдың туы астына қосымша 20 ауыл көшіп келді. Олар әр түрлі рулардан еді. Бәрі Исатай мен Махамбеттен әділеттік іздеді. Енді одан әрі тозуге болмайтын еді. Исатай хан ордасына барамын деп шешті. Бұл сапарда Исатай жалғыз болған жоқ. Оның қасына Махамбет, Иса, Тінәлі, Есмағамбет, Рахмет, Құба, Амаштай, хатшы ретінде Исатайдың ұлы Жақия ерді. Жол бойы оларға ханға барып ру басшыларына шағым айтқысы келген көп кісілер қосылып, жүз қаралы адам жиналды.

Исатайдың келе жатқанын естіген хан оның алдынан бірнеше старшын жіберді. Бұлар Исатай тобымен хан ордасынан 100 шақырым жердегі Толыбай құмында кездесті. Хан Исатайға кері қайтсын деген екен. Жаналыұлы деген сұлтаннан Исатай қолхат алып тұрып, көптің көзінше халықтың ханға қоятын талабын бажайлап айтып берді. Бұл талаптарды ханның орындамайтынын білген Исатай, оның

қаншалықты қаныпезер екеніне жұрттың көзін жеткізіп, ханға деген сенімін сейілткісі келген.

Жәңгір хан Орынбор шекара комиссиясына Исатай мен Махамбетті әскер күшімен ұстап алып кісен салып, жер аудару керек деп қайта-қайта талап қойды. Исатай мен Махамбеттің халық мұңын жоқтаушы ретінде абырой-беделі аспандап, даңқы қазақ даласына кеңінен тарады. Жәңгірдің маңындағылар Исатай, Махамбетті қудалаумен тынбай, оған арыз айта барғандардың малдарын тартып алып, күзгі шөбін ортеп, оларды қыспаққа алды. 1836 жылы қазан айында Қыпшақ руының мың үйі, 200 адамы, көптеген малы мен шөбі ортеніп кетті. Қарауылқожаның сөзін сойлейтін старшындар патшаға Исатайдың үстінен арыз жазып, осы пәленің бәріне кінәлі Исатай Таймапов деп көрсетті.

Ордадағы оқиғалар 1836 жылдың аяғында Петербург сарайына әбден белгілі болды. Астрахань губернаторының граф Чернышевқа хабарынан көтерілістің үдеп бара жатқанына наразылық білдірген І Николай патша “бүліктің” басшыларын қатаң жазалауды талап етті. Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовский көтерілісті басу үшін подполковник Гекенің басқаруымен әскери күш болді. Оған Жайық казак-орыс атаманы Покатиловпен және Жәңгірмен бірігіп көтерілісті жаншуды тапсырды.

Исатайдың басына мазасыз күндер туды. Хан жағындағылар халықты талап, талайларды жазықсыз таяққа жықты. Жапа шеккендер әділдік іздеп Исатайға келді. 1836 жылғы қарашада Жапаровтың өлімі жөніндегі іс қайта қозғалды. Старшина Сиротин, депутат Чукшин дегендер жауап алғанда, Исатай: “Менің Қарауылқожаның озбырлығын тоқтатуға әрекеттенгенім, старшындардың қарапайым халықты зәбірлеуіне қарсы болғаным рас. Бірақ сексендегі шалды өлтіруге ешбір қатысым жоқ”, - деп мәлімдеді.

Қазақ жігіттерінің күшімен Исатай, Махамбеттер 1837 жылы қазан айында ханның қайын атасы Қарауылқожаның, Балқы бидің, Шоқы сұлтанның ауылдарын шабады. Малдарын алып, өздерін қашуға мәжбүр етеді. Ханның кеңесшісі, Ордадағы ең бай феодалдардың бірі - Балқы ауылының талануы көтерілісшілердің қатарының осуіне әсер етті. Сол жылғы қараша айында Исатай мен Махамбет хан ордасын шабуға бел буып, өз шоғырымен Ордаға аттанады.

Исатайдың екі мыңнан астам сарбаздары хан сарайын қоршауға алған кезде ханның әскер күші аз болды. Оны халық жасақтары бір ұмтылғанда-ақ жайпап кететін еді. Исатай көшірім сұрап, бәйсек болған хан сөзіне алданып бірнеше күнді босқа өткізді. Сол екі арада ханға Орынбордан әскер күші көмекке келіп жетті. Исатай ханнан Балқы би мен Қарауылқожа сұлтанды тоңірегінен аластауды, билікті ру старшындарына беруді талап етті. Бұған хан көнбеді, өйткені ол осы тұста келіп үлгерген подполковник Геке бастаған казак-орыс шоғырларымен Исатайға қарсы тұра алатын халге жетті. 700 казак-орыс, екі зеңбірек, ханның 400 сарбазы Исатайларға тегеурінді қарсылық қорсетті. 1837 жылы 15 қарашада Тастобе деген жерде шайқас басталғанда көтерілісшілер казак-орыстарды біраз ығыстырды. Арғымақ атпен алмас қылышын кезек сілтеп жау ордасына кірген Исатай олардың көбін жайпап тастады. Сол кезде Геке зеңбірекпен атындар деп бұйырды. Сөйтіп, шайқастың барысында аласапыран басталды. Зеңбіректердің күрсілдеген қорқынышты үні, снарядтардың Исатай жасақтарының арасында жиілеп жарылуы көтерілісшілердің жеңілуіне тікелей себепші болды. Алпыс жігітінен айырылған, мықты қаруланған жазалаушылардың күшіне шыдай алмаған көтерілісшілер топ-топқа бөлініп кетті. Күші басым жаудың қолына түспес үшін Исатай аз ғана топ жігіттерімен шегінуге мәжбүр болды.

Көтерілістің жеңілуіне өздерінің ұсақ мүдделерін көздеп қатысқан старшындар мен билердің сатқындығы да әсер етті. Олар Гекенің үндеуіне сеніп, көтерілісшілер қатарын шайқас алдында тастап кетті. Исатай тобының Тастобе түбіндегі жеңілісі көтерілістің кейінгі барысына да кері ықпалын тигізді. Көтерілісшілер қатары азайып, Исатайдың тоңірегінде бар болғаны ондаған өзіне берілген серіктері ғана қалды. Олар көптеген мал-мүлкінен айырылды. Бұл сәтсіздік шаруалар қозғалысын қожыратып қана қоймай, үлкен қасіретке душар етті. Жәңгір хан Исатайды ұстап берген кісіге 500 сом күміс ақша беремін деп жариялады. Көтеріліс шағын-шағын топтарға бөлініп тарап кетті. Исатай мен Махамбет қуғыннан құтылу үшін, Жайықтың арғы жағына отудің амалын қарастырды. 1837 жылғы желтоқсан айында Исатайдың тобы Жайықтан өтіп, Сарторғай,

Қаракүм, Тайсойған мекендері, Ойылдың сағасын басып өтті. Жазалаушы жасақтан араларын қашықтату үшін, Сағызға қарай тартты. Жазалаушылардың қуғыншылығы он сегіз күнге созылды. 1838 жылдың қаңтарында Исатай Тайманов өзінің жасағымен Үлкен Борсық құмындағы шекті руының қоныстарына келіп тоқтады. Оған Жайықтан бұрын-ақ өткен Науша тобы, Алаша руының ағаманы Сарыбобек қосылды.

Коктем шығысымен жер-жерде қазақтардың қозғалысы қайтадан қанат жайды. Елек өзенінің бойында Жоламанның жасағы, Сам құмдары мен Арал-Каспий аралығы кеңістігінде Жүсіп батыр бастаған, Орталық Қазақстан далаларында Кенесары басқарған көтерілістер қимыл жасады. Осындай жағдайда Исатай Тайманов Хиуа хандығы жерінен шыққан Қайыпғали Есімовтың көтерілісшілерімен қосылуды жөн көрді. Қайыпғали Есімов өзін хан деп жариялады, оның жасағында үш мыңдай адам болды. Жасақтардың бірігуі Ойыл сағасындағы Шікілін руы ауылдарында өтті.

Бұл кезде Сібір өңірінен шегінген Кенесары отрядтарының бір бөлігі Орынбор өлкесіне ауысқан еді. Сондықтан олардың Исатай тобына қосылып кетуінен қорыққан Орынбор генерал-губернаторы Перовский көтерілісшілерді талқандауға барлық күштерді жұмылдырды. Ол көтерілісшілерді басып-жаншу үшін бірнеше отрядтар жіберді. Орск бекінісі жағынан құрамында Орал полкі казак-орыс жүздігі бар Айшуақұлы Баймағамбет сұлтан жасағы шықты. Орынбордан Исатайдың ескі танысы Гекенің басқаруында ірі әскери топтар жіберілді.

Міне, осындай қиын-қыстау жағдайда Исатай 500 сарбазымен сұлтан Баймағамбет Айшуақұлыға соққы беру үшін Қайыпғали Есімұлынан бөлінді. Бірақ бұл кезде сұлтан Айшуақұлының қолы зеңбіректері бар полковник Геке әскерлерімен қосылып үлгерген еді. Оны Исатай тобы білмеді.

1838 жылы шілде айының 12-сі күні Исатайдың жасақтары мен полковник Геке бастаған қарулы күштер Ақбұлақ деген жерде ақырғы шайқаста кездесті. Зеңбіректерден жауған снарядтар көтерілісшілер қатарын бірден сиретіп, үрей туғызды. Оқты қардай боратқан патша әскерлеріне

Исатай жасақтары қарсы тұра алмай шегінуге мәжбүр болды. Шегінген көтерілісшілерге сұлтан Баймағамбет Айшуақұлының жасақтары тыңнан тап берді. Исатай мен Махамбет өз сарбаздарын қаһарман ерлігімен рухтандырып, ұрыс даласында сұлтанның жасақтарына тойтарыс беріп шегіндірді. Осы кезде көтерілісшілердің тыл жағынан казак-орыс жүздіктері қимыл жасап, оларды қоршауға ала бастады. Өзінен басым күшке тотеп бере алмаған көтерілісшілер бытырай қашты. Ауыр жараланған Исатайды қылышпен шауып, аяғында атып өлтірді. Сойтіп, батырдың қолы жеңіліске ұшырады. Көтерілісшілер қатарынан 70-80 адам қаза тапты, бірнеше адам Геке әскерінің қолына тұтқынға түсті. Исатайдың ажалына казак-орыстың оғы да, қазақтардың сатқындығы да себеп болды. Бірақ оның ерлігі ел жүрегінде мәңгі сақталып қалды.

Исатай Тайманов опат болғаннан кейін күрес жалыны кеміп кетті. Бытыраңқы жасақтар Ойыл бойындағы Нижне-Уральск желісі маңында қимыл жасап жүрді. Махамбет Өтемісов далада жасырынды, кейін біраз уақыт өткеннен соң казак ауылдары арасында ханға қарсы үгіт жүргізуге кірісті. 1846 жылы Баймағамбет сұлтан Айшуақұлының жіберген адамдары оны да өлтірді.

Сонымен Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған шаруалар көтерілісі жеңіліске ұшырады. Оның басты себебі - хан өкіметі мен билеуші сұлтандар жағында патша өкіметінің мықты қаруланған әскери күшінің болуы еді. Сондай-ақ бұл қозғалыстың казак елінің басқа жерлеріндегі хан, сұлтандарға қарсы шыққан күштерімен ешқандай байланысы болмады.

Исатай мен Махамбет басқарған көтерілістің біртекті еместігі, стихиялылығы, нақты бағдарламасының жоқтығы, ұйымшылдығының жеткіліксіздігі оның жеңіліске ұшырауының негізгі себептері еді. Дегенмен, оның күшті жақтары аз емес-ті. Көтерілісшілер байлардың, хан тоңірегіндегілердің қанаушылығына, патшалық Ресейдің Кіші жүздегі отаршылдық саясатына қарсы күресті. Көтеріліс жеңілгенімен де, оның Қазақстанның батыс аймағының Ресей империясы құрамында дамуында терең із қалдырды. Жәңгір сарайының, сұлтандардың, хан туыстарының алым-салықты жылдан-жылға котеруіне белгілі дәреже-

де шек қойылды. Патша әкімшілігінің көтерілісті қолдаған қазақ ауылдарының би-старшындарымен санасуға тура келді. Көтеріліс Бөкей ордасындағы хандық биліктің әлсірегендігін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының бүкіл қазақ өлкесінде тамыры жайылып бара жатқандығын көрсетті. Сондай-ақ бұл көтеріліс қазақ феодалдық топтарының Ресей отаршылдық билеушілерімен әбден ауыз жаласқанын дәлелдеді.

Он бесінші тарау

Қазақстандағы Кеңесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847 жж.)

§1. Кеңесары басқарған ұлт-азаттық қозғалысының басталу себептері және барысы

XIX ғасырдың 30-шы жылдарында патша өкіметі Қазақстанда отарлау саясатын онан ары өрістетіп, қазақ халқының саяси дербестігін біржола жоюға бағытталған шараларды кеңінен жүргізе бастады. Әбілқайыр, Абылай хандармен жасасқан шарттардағы Қазақстан жеріне кірмеу, солдат алмау, тек салық төлеу жөніндегі міндеттемелер аяқ асты етілді. Қазақ жерінде әскери шептер, бекіністер салынып, шұрайлы жерлерге патша өкіметінің қол шокпары болып келген казак-орыстарды қоныстандыру шаралары жүргізілді. Ресейдің қазақ жеріндегі әкімшілігі озен-көлдерді, құнарлы жерлерді, орман-тоғайды өз қармағына алды, ал оны пайдаланған қазақтарға салық салынатын болды.

Әкімшілік басқару жүйесін қайта құру барысында казак жерлері округтерге бөлінді. Бұл округтер Батыс-Сібір және Орынбор генерал-губернаторлығына қарады. Олар казак жерінде “бөліп ал да билей бер” деген отаршылдық қағида-ны бұлжытпай іске асырды. Алдымен қазақ жерін сыртынан құрсаулап көптеген бекіністер салынды. Іргелеп ішке кіріп айнала қоршау-құрсау орнатқан Ресей отаршылдары Абылай қозғалысынан кейін Қазақстанның ең бір шұрай-

ны жерлеріне бекіністер салуға кірісті. Сөйтіп, Ырғыз, Торғай, Ақмола, Кокшетау, Ортау, Қарқаралы бекіністері бой көтерді.

Қазақ жеріне кеулеп еніп келе жатқан патша өкіметінің отаршылдық саясатына ашық қарсы шыққан Абылай ханның баласы Қасым болды. Ол патша әкімшілігіне хат жазып, кісі жіберіп, оларды түсінісуге, пәтуаға шақырды. Қазақтың ежелгі қоныстарына бекіністер салуды, қазақ жерлеріне казак-орыстарды әкелуді, олар арқылы халыққа қысым көрсетуді тоқтатуын талап етті. Оның бұл хаттарына жауап болмады, жіберген адамдары қайтарылмады. Сонда барып, Қасым патша өкіметіне ашық қарсы шығуды ойлады. Ол бұл күресте Қоқан хандығына сүйенбекші болды. Патша өкіметі тарапынан қысым көре бастаған ол 40 мың үймен Қоқан хандығының қол астына көшіп барды. Оның діні бір, тілі бір қоқандықтардан күткен үміті ақталмады. Олар оның қайсар ұлдары Саржан мен Есенгелдіні, кейінірек өзін өлтірді. Медреседе оқып жүрген ұлы Кенесарыны /1802 жылы туған/ Ташкент түрмесіне қаматты.

Қайырымды адамдардың көмегімен абақтыдан аман шыққан Кенесары ата мекені Ұлытауға келіп қоныстанды. Осы Ұлытауда жүріп, ол өз өмірін қазақтың тәуелсіз ел, дербес мемлекет болуы жолындағы күреске арнады. Ол Ресей сияқты аса қуатты ірі мемлекетпен күресу - қазақтың үш жүзінің күштерін біріктіруді, едәуір құрбандықтарды, тек әскери ғана емес, сонымен бірге дипломатиялық күш жігерді де талап ететінін ой таразысынан откерді. Кенесары Қазақстан патшалық Ресейге де, Орта Азия хандықтарына да тәуелді емес, олармен тең қарым-қатынаста болу керек деп есептеді. Ол патша өкімдеріне жазған бір хатында: Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Ақият, Тоқзақ сияқты атабабаларымыз мұра еткен жерлер қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, бекіністер салынды. Күн сайын біздің жерлерімізді басып алып, әскери қамалдар салу арқылы халықты ашындыруға жол берілуде. Мұның өзі біздің келешегіміз үшін ғана емес, бүгінгі тіршілігіміз үшін де қауіпті болып отыр деп көрсетті.

Патшаның жазалаушы отрядтары мен жергілікті сұлтандардың озбырлығы туралы айта келіп тағы бір хатында ол

былай деп жазды: “1825-1840 жылдар аралығында олар біздің ауылдарымызды 15 рет тонауға, талауға салды. Мұндай қысым мен тонауға, талауға, кісілерімізді өлтіруге шыдай алмаған біз бетіміз ауған жаққа көшуге мәжбүр болдық. Бірақ, олар бізге мұнда да тыныштық бермеді. Сондықтан мен, Қасымұлы қолыма қару алып халқымның ұлы күресін басқаруға шықтым”. Бұл хаттан Кенесарының патша үкіметіне ашық қарсы шыққанын көреміз.

Кенесары көтерілісінің басты мақсаты - патшалық Ресейдің құрамына қосылып үлгермеген аймақтардың дербестігін сақтау, қазақ жерлерін бекіністер мен жаңа округтік билеу арқылы жан-жақты отарлауды тоқтату еді. Сондай-ақ Кенесарының тағы бір қозғалған мақсаты - қоқандықтардың тепкісіндегі Оңтүстік өңірдегі қазақтарды босатып, оларды Қазақ хандығына қосу еді.

Кенесары Қасымұлының қозғалысы бүкіл Қазақстанды қамтыды. Он жылға созылған көтерілістің басты қозғаушы күші - бұқара халық болды. Олар күшейе бастаған отарлық езгіден, феодалдық топтардың қысымынан құтылуға тырысты. Көтеріліске сонымен қатар ақсүйек өкілдері де қатысты. Олар көтерілісті, бір жағынан, өз мүдделеріне пайдалану, бұрынғы артықшылықтарын қайта алу, екінші жағынан, көшпенді дербес феодалдық мемлекет құруды көздеді.

1838 жылы Кенесары туының астына мыңдаған сарбаз жиналған еді. Олардың арасында үш жүздің қазақтары болды. Кенесарыны белсенді қолдағандардың арасында Орта жүз бен Кіші жүздің белгілі рулары - Қыпшақ, Төртқара, Жағалбайлы, Шекті, Алшын, Керей, Жаппас, Бағаналы, Тама, Табын, Арғын т. б. ру тайпаларының жігіттері аз емес-ті. Олардың көпшілігі мал өсірген, егін еккен. Осыған орай, жер шаруашылығынан зардап шеккендер кедей және орта шаруалар болды. Кенесарының қол басқарған батырлары да халық ішінде аты кеңінен мәлім адамдар еді. Олардың қатарында Шұбыртпалы Ағыбай, Қыпшақтың батыры - Иман, Табынның батырлары - Бұхарбай, Тіленшіұлы Жоламан, Дулаттың батыры - Бұғыбай, Шапырашты руының батыры - Сұраншы т. б., Кенесарының інілері - Наурызбай, Әбілғазы, әпкесі - Бопай көтеріліске белсене қатысты.

Кенесары жасақтарында қазақтармен бірге қарақалпақтар, түрікмен, қырғыз, өзбек, өкілдері де аз болған жоқ.

Дегенмен Кенесары барлық әдіс-амалдарын қолданып тырысып бақса да, кейбір феодалдық топтарды, үш жүздің ру-тайпалық бөлімдерін біріктіре алмады. Котерілістің бастапқы кезінен-ақ қазақ ақсүйектері бір-біріне қарсы күресуші екі жаққа бөлінді: патша өкіметі әлпештеген бөлігі отарлаушы әкімшіліктің қолдауына сүйеніп, өздерінің саяси қарсыластарын күйретуге күш салды. Кенесарының ымыраға келмейтін қарсыластары Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин, Кіші жүздің басқарушы сұлтандары Ахмет пен Мұхаммед Жантөриндер, сұлтан Баймағамбет Айшуақов т. б. болды. Кенесары Жетісуға өткеннен кейін котеріліске қарсы ымырасыздық позицияны Абылай ханның тұқымдары, яғни өзінің туысқандары - Әли мен Сыйықта ұстанды. Бірақ осыған қарамастан, Кенесары Қасымов өзінің туы астында үш жүздегі қазақ руларының едәуір бөлігін топтастыра алды. Омбы облыстық басқармасына қарасты сот-жазалау мекемелері жинастырған мәліметтер бойынша тек Құсмұрын, Кокшетау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл округтерінде ғана көтерілісшілерді 80-нен астам сұлтандар мен билер, ағамандар қолдаған.

1838 жылдың көктемінен бастап Кенесары жасақтары патша әскерлеріне қарсы алдын ала жасалған жоспар бойынша дәйекті күрес жүргізді. Олармен шайқаста Ақмола даласын қиратып, Ақмола округіндегі патша әкімдерімен ауыз жаласып жүрген Қоңырқұлжа сұлтанның ауылын шапты. 1840 жылы күзде котерілісшілер Ырғыз бен Торғай маңында патша әскеріне, орыс әкімшілігін қолдаушы жергілікті бай-шонжарларға қарсы күресті күшейтті. Бұл тұста Кенесарының аты қазақ арасында кеңінен тарап, оның беделі бүкіл қазақ даласында дүрілдеп тұрды. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүзден адам жинап, әкесі Қасым ханның өлгеніне бір жыл толуына байланысты ас берді. Осы астан кейін үш жүзден жиіалған жамағат Кенесарының ақ киізге салып, бүкіл қазақ халқының ханы етіп сайлады.

Кенесары хан болып сайланғаннан кейін ел билеу тәртібі өзгеріп, алым-салық реформасы іске асырылды. Егіншілікті дамытуға, қорші елдермен сауда-саттық байланысын орнатуға қоңіл бөлінді. Керуеншілерді тоқтатып, олардан салық алынатын болды.

Мемлекеттік құрылыс қайта өзгертілді. Хандық кеңес

құрылды. Кеңесіп шешетін жоғарғы органдарға ханға берілген батырлар, билер, сұлтандар, ханның туысқандары кірді. Басқарудың негізгі тұтқасы Кенесарының өз қолында қалды. Хандық кеңеске негізінен азаттық қозғалысының мүдделеріне адал, жеке басының батылдығымен, дипломатиялық қабілетімен көрінген адамдар енді. Басқарудың арнайы қызметі хандық кеңес шешімдерінің, үндеулерінің ауылдарда таратылуын, түсіндірілуін және орындалуын қадағалап отырды.

Әскери істе де Кенесары және оның көмекшілері бірқатар өзгерістерді іске асырды. Батырлар мен төлеңгіттердің басқаруындағы көтерілісшілердің әскери күші негізінен өз еркімен құралған жасақтар еді. Жасақтар жүздіктерге, мыңдықтарға болінді. Әскер қатарында қатаң тәртіп орнатылды. Опасыздық жасағандар тек өлім жазасына кесілді.

Кенесары Ресеймен тату көршілік қатынас орнатуға ұмтылды. Бірақ Орта жүзге билігін жүргізіп отырған Батыс Сібір губернаторы Горчаков, Орынбор губернаторы Перовский Кенесарымен қарым-қатынаста екеуі екі түрлі көзқараста болып, оның Ресей өкіметімен мәмлеге келуіне кедергі жасады. Әсіресе, өркөкірек Горчаков Кенесарыны менсінбей, оның орыс әкімшілігіне деген өшпенділігін қоздырды.

1841-1842 жылдары Кенесары жасақтары Қоқан хандығына қарсы соғыс жүргізді. Созақты, Сауранды алып, Қоқан хандығының елірме әуселесін басты. Қоқандықтар келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Осыдан кейін барып соғысты тоқтатқан Кенесары Торғай маңындағы ордасына қайтып оралды. Бір айтып кететін жәйт, Кенесары Бұхара әмірімен және Хиуа хандығымен қарым-қатынасындағы саясаты біршама өзгешелеу еді. Кенесары олармен өзара толық сенімділік қатынас орнатты. Кейде Хиуа басқарушысы қазақ жасақтарып зеңбіректерімен, оқ-дәрімен жабдықтап отырды.

1843 жылы Орынбор генерал-губернаторы Перовский кетіп, оның орнына Обручев келді. Кенесары мен Перовский бір-біріне сыйластықпен қарайтын. Сондықтан көп мәселелер әділдікпен шешілетін. Енді Орынбор әкімшілігіне орыс патшасының Кенесарыға қаны қас тағы бір ұлығының келуі, оны Горчаковпен бірігіп, Кенесарыны қуғындауына кең мүмкіндік жасады. Сөйтіп, Горчаков пен Обру-

чев Кенесары бастаған ұлт-азаттық қотерілісін түпшықты-
руга, Кенесарының көзін жоюға 1843 жылы 23 маусымда
патша Николай Біріншіден рұқсат алды. Соғыс шығынын
өтеу үшін 14 мың сом, Кенесарының басып кесіп әкелген
адамға сыйға беру үшін түтін салығы есебінен үш мың сом
қаржы бөлінді. Әскерлер соғысқа әзірлік жағдайына
келтірілді.

Кенесарыға қарсы орыс әскерлерінің жорығы 1843 ж.
27 маусымда басталды. Ырғыз өзенінің бойында патша
әскерінің бір тобымен кездескен Кенесары өзінің патша
өкіметімен келіссөз жүргізіп жатқанын айтып шайқасты
болдырмады. Бұл тұста екі жақта әскери дайындығын мұқи-
яттап жатты. Тамыз айында Кенесарыға қарсы сұлтандар
Жаңтөрин, Айшуақов, полковник Геис және Бизянов бас-
таған бес мың әскер жіберілді. Омбы, Петропавл, Қарқара-
ндағы әскер күштері де Кенесарыға қарсы жорыққа ат-
танды. 1 және 7 қыркүйекте Кенесары жасақтары мен пат-
ша әскерлерінің арасында күшті шайқастар жүрді. Көп адам
шығынға ұшырады. Бірақ екі жақта жеңіске жете алмай,
майдан шебінен кері шегінді. Кенесары жасақтары енді
шық соғысқа бармай, байтақ даланың әр тұсынан көрініп,
түтқиылдан тиісіп, жау әскерін мазалап берекетін кетірді.
Тынымсыз жорықтан шаршаған, үнемі қауіп-қатердің отінде
жүрген патша әскерлері түні салқын, жауын-шашынды күз
түсе бере ешбір нәтиже шығара алмай бұрынғы тұрақтары
Ор бекінісіне қайта оралды.

§2. Қарулы күрестің күшейген кезеңі және оның әсеңілуі.

1844-1845 жылдар қазақ даласындағы Кенесары баста-
ған ұлт-азаттық қозғалысы орлеудің ең жоғарғы шегіне жет-
кен кезі еді. Оған Сыр бойының, оңтүстіктің қазақтары
қосылды. Кенесары өз әскерінің санын 20 мың адамға
жеткізді. Жасақтардың жауынгерлік дайындығын жетілді-
руге, оларды дұрыстап қаруландыруға көңіл бөлінді. Зеңбі-
ірек, мылтық, оқ-дәрі жасау, оларды сатып алу, азық-түлік
дайындау жұмысы жолға қойылды. Патша өкімшілігі әскер-
леріне тыңшы жіберу, барлау жұмысы ұйымдастырылды.

1844 жылдың жазында Кенесары жасақтарын құртуға, халық қозғалысын басу үшін Ор бекінісінен, Ұлытаудап, Тобыл өзенінен патша әскерлерінің үш үлкен тобы шықты. Олардың алдына Кенесары жасақтарын қоршап, шешуші соққы беру міндеті қойылды. Осы міндетті ойдағыдай іске асыру үшін, олар Сібірден Кенесарымен шайқас жүріп жатқан жерлерге бет алған генерал Жемчужниковтың әскерімен күшейтілді. Кенесары бұл күштердің басын біріктіруге, сөйтіп өзінің жасақтарын қоршап алуына мүмкіндік бермей, оларды бір-бірлеп құрту тактикасын қолдануды жөн көрді. Сібір әскерінің алдынан шыққан оның шағын тобы Ақмолаға қарай қаша соғыс салып, Кенесары күші Ұлытауға бет алыпты деген лақап таратып, жау күшін осы жаққа тартты. Негізгі күшпен Ақмола бекінісін шауып, Жантөрин шоғырын қоршап, ондағы 44 сұлтанды өлтірген Кенесары мен оның батырлары 1844 жылы 14 тамызда Атбасар бекінісін тікелей шабуылмен басып алды. Бұл оқиға патша әкімшілігін қатты састырды. Дуниковский, Жантөрин, Жемчужников әскерлеріне көмекке полковник Ковалевскийдің отряды жіберілді. Жоғарыдағы айтылған шайқастардан кейін Кенесары жасақтары Мұғалжар тауларына барып бекінген еді.

Кенесарының 1844 жылғы шайқастардағы табысы оның даңқын барлық жерлерге жайды. Бұхара әмірі мен Хиуа хандығы онымен тығыз байланыс жасауға ұмтылып, оған сыйлықтар жолдады. Кенесары патша өкіметінен бітім сұрап, даулы мәселелердің барлығын келіссөз арқылы шешейік деді. Патша әкімдері оған онша көп сене қойған жоқ. Дегенмен келіссөз жөніндегі ұсынысты қабыл алып, Кенесарының кепілдікке алып кеткен туыстарын, әйелін тұтқынан босатты.

Кенесарымен келіссөз жүргізу үшін патша өкіметі Долгов бастаған бір топ адам жіберді. Олар Кенесары патша әкімшілігіне сөзсіз, ешбір шарт қоймай бағынатын болса, оған кешірім жасалады деп мәлімдеді. Кенесары бұл мәселені ойланып көремін деп елшілерді екі ай бойы ұстады. Елшілер бітім болмайтынына көз жеткізіп, “кетеміз” дегеннен кейін Кенесары Орынбор генерал-губернаторына хат жазып, оларды аттандырып жіберді. Ол хатында патша өкіметі өзінің қазақ жеріндегі бекініс-қамалдарын бұзып,

көп халқына істеп отырған золық-зомбылығын тоқтатқанды ғана Ресейге бодап болуға дайын екенін мәлімдеді.

1845 жылы Кенесары Ұлы жүзге қоныс аударып, Жетісуда келіп тоқтады. Ақши, Күрті, Жиренайғыр деп аталатын жерлерді мекен етіп, осы арада ол Ұлы жүздің халқын біріктіруді, қырғыздармен одақ құрып, Қоқан хандығына шабуыл жасауды, сөйтіп оның қол астындағы қазақтарды босатуды көздеді. Кенесары Қытаймен мәмлеге келіп, онымен келіссөз жүргізу үшін Құлжаға елші жіберді.

1845 жылы қазан-қараша айларында Кенесары жасақтары Қоқан хандығына жорыққа аттанды. Қорған, Жаңа Жүлек, Созақ бекіністерін алып, Ақмешітті /қазіргі Қызылорда/ қоршауға алды. Бірақ жорықты жалғастыруға осы жақта жұқпалы індеттің күшеюі боғет жасады. Ол кері оранып, Жетісу жерінде өзінің келешегіне байланысты жоспарларын ойластырды.

Бұл тұста патша әкімшілігі Кенесарының төңірегіне тор құрып үлгерген еді. Ол қырғыз манаптарының және патшаға адал болып жүрген қазақтың бай шоңжарларының басын қосып, Кенесарыға еңсесін көтертпейтін ең соңғы соққы беруге әзірленді. 1846 жылғы жазғы айлардың бірінде мың қаралы жасағымен Кенесары қырғызға бет алды. Хан солтүстік қырғыз манаптарынан өзіне бағынуын талап етті. Қырғыз манаптары Орман, Жантай және Жангарапш тайпалар өкілдерінің құрылтайын шақырды. Сарыбағаш, Бұғы, Саяк, Солто, Шерік және басқа тайпалардың өкілдері қазақ ханының талаптарын орындаудан бас тартты. 1847 жылы сәуірде Кенесары жасақтарымен қырғыз жеріне басып кірді. Қырғыздармен қақтығысу Ыстық көлінің тау шатқалы қойнауында және Шу өзенінің бас жағында өтті. Кенесары Тоқмақтың маңында Кеклік сенгірі деген жерінде үш жақтан қоршалған қайырымсыз қатал қамауға түсті. Оны қамаған қырғыз манаптарының жасағы, генерал Вишневскийдің ақ қалпақ киіп, пулеметтен оқ жаудырып, зеңбірегінен от шашып келе жатқан офицерлері мен солдаттары, Қоқан хандығының мыңнан астам сарбаздары еді. Кенесары қолы өзінен күші он есе басым жаумен үш күн бойы соғысты. Жасақтағы жігіттер арыстанша алысын, соңғы демі біткенше қарсыласты. Талай боздақтар осы шайқаста жан тәсілім қылды. Үлкен ерлікпен жау тобын

бұзып шыққан Наурызбай тобы болды. Бірақ аз ғана адамымен Кенесарының жау қолына түскенін естіген ол ағасын қимай, жау өскеріне өз еркімен келіп берілді. Патша әкімдерінің кеңесі мен қырғыз манаптары екі батырдың да басын шапты. Сөйтіп бәрі бітті.

Кенесары Қасымовтың көтерілісінде бірсыпыра қайшылықтар орын алды. Олар: бір жағынан қазақтарды Қоқан хандығынан азат ету мақсатымен соғыс, екінші жағынан, туыстас, қандас қырғыздармен ескі кек алу соғысы, үшіншіден, өзіне қолдау көрсетуден бас тартқан қазақ руларына қарсы басып-жаншу саясаты. Кенесары тұсында қарт бурадай жарадық, жауды жасқап жапырып, жауған қардай борадық, дұшпанның алдын орадық, Кене ханнан айырылып, шіл боғындай тарадық, корінгеннен қорғалап, кісі аузына қарадық - деп Нысанбай жырау айтқандай, Кенесары мен Наурызбай өлгеннен кейін ұлт-азаттық қозғалысы басылып, бостандыққа деген үміт үзіліп, қазақ жерін қайтадан қара түнек қаптады.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы патшаның отарлау саясатына қарсы жүргізілген ең ұзақ соғыс еді. Қазақ халқының феодалдық хан мемлекеттігін қалпына келтіру бұл жолы да жеңіліспен аяқталды. Оның жеңілу себебі, дамудың феодалдық сатысында тұрған қазақ халқының бытыраңқылығы. Байтақ даланы жайлаған қазақ халқы үш жүзге және Бөкей ордасына бөлінді. Осы елдің басын қосу оңай болмады. Жүздерге жіктенген қазақ рулары көтерілісті негізінен өз жерлерінде қолдап, Қоқан және Қырғыз жерлеріне басып кіруден өздерін алшақ ұстады. Кенесарының өзін қолдамаған ауылдарға озбырлығы, ауыр жазаға тартуы да көтеріліс қатарын әлсіретті. Екіншіден, ұлт-азаттық қозғалысын қазақтың бай-шонжарлары, ауқаттылары қолдаған жоқ, қайта оны басуға патша әскерлеріне көмек көрсетті. Үшіншіден, көтерілісшілердің жетілдірілген қару-жарағы болмады. Төртіншіден, ұлт-азаттық қозғалысын басуға, Қазақстанның отар ел болып қала беруіне көршілес Қоқан, Хиуа, Бұқара хандықтары да, қырғыз манаптары да мүдделі болды.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс қазақ жерінде үш жүздің халқын түгелге жуық қамтыған және ұзақ уақыт бойы жүргізілген көтеріліс еді. Оның пат-

ша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бұқаралық сипатымен және қазақ халқының тарихында ірі прогресшіл бағытымен айқындалды. *Біріншіден*, бұл қозғалыс бұқараның азаттық үшін белгілі саяси мектебі ретінде көзге түсті. Патшаның отарлау саясатына қазақ халқының кейінгі жылдардағы қарсылығы осы көтерілістің негізінде өсіп дамыды. Оның сабақтары отарлау саясатының қаншалықты озбыр, қанішерлік, халықтың тәуелсіздігі аяқ асты етіп отырған саясат екенін түсінуге, оған қарсы күресте өзінің еркі мен жігерін ұштауға көмектесті. *Екіншіден*, патша өкіметіне тегеурінді қарсылық көрсетіп, оның отаршыл аппаратына ірі-ірі соққы берген бұл көтеріліс халықтың күш-жігерін дұрыс ұйымдастыра білгенде жеңіске жетуге болатынын көрсетіп берді. Сонымен бірге ол қазақ халқының өсіп-өркендеуіне, ұйымдасып дамудың даңғыл жолына шығуына феодалдық бытыраңқылықтың тұсау болып отырғанын да көрсетті. *Үшіншіден*, Кенесары көтерілісі патша өкіметінің қазақ халқына құлдық қамытын кигізіп біржола езгіге салатын, отарлау саясатын ширектіре жүргізетін сәтін біраз кешеуілдетті. Көтеріліс отаршылдық саясатты қазақ даласына енгізудегі соңғы тосқауыл, ақырғы қамал іспетті.

Одан кейінгі он жылдық ішінде болған 1853-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлының да, 1856-1857-жылдардағы Жанқожа батырдың да патша өкіметіне, қоқандықтарға қарсы азаттық күресі Кенесары бастаған қозғалыстай ауқымды бола алған жоқ.

Он алтыншы тарау

Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарған Сырдария және Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі (1853-1858 жж.)

XIX ғасырдың екінші жартысында Сырдария бойындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте ауыр болды. Мұндағы шекті, тортқара, шөмекей және т.б. рулар қысты Сырдарияның томенгі жағында өткізді. Көктем бас-

тала олар малдарын солтүстікке қарай, Үлкен және Кіші Борсыққа, Қаракұмға, сондай-ақ Ырғыз және Торғай өзендеріне қарай айдады. Сырдарияның жағасында тек малшы кошпенділер ғана емес, сонымен қатар егіншілікпен айналысатын отырықшы қазақтар да тұрды. Бұлардың көпшілігі кедей-жатақтар, олардың негізгі кәсібі суармалы егін шаруашылығы еді.

Хиуа және Қоқан феодалдары Сырдарияның томенгі ағысы бойындағы және Ырғыз, Торғай, Ембі өзендерінің аңғарларындағы қазақтарды өздеріне қаратуды көздеді. Олар бұл жерлерге үнемі шапқыншылық жасап отырды. Сырдарияның томенгі ағысы бойындағы Жаңадария және Қуандария алқаптарын басып алып, бұл жерлерде әскери бекіністер салды, оған Арал маңындағы қазақтарды күштеп пайдаланды. Хиуа хандығы жергілікті халықтардан алым-салық жинап отырды. Сөйтіп, қазақтар тек өз феодалдарына ғана емес, сондай-ақ Хиуа және Қоқан билеушілеріне де зекет және ұшыр төледі. Алым-салық жинау үшін олар әскери күштерді пайдаланды.

Хиуа және Қоқан хандықтарының үстемдігіне қарсы Сырдария қазақтары көтеріліске шыға бастады. Мұндағы қазақтардың көтерілісін Әлім руынан шыққан Жанқожа Нұрмұхамедұлы /1780-1860 жж./ басқарды. Шекті руы басыларының бірі - Жанқожа жай қарапайым халық арасында беделді әрі мақсаткер батыр ретінде даңққа бөленді. Жанқожа Сырдария бойы қазақтарының, соның ішінде егінші-бұқараның өте күшті отаршылдық езгіге түскендігін түсінді. Сондықтан Сыр бойы қазақтарының бостандығы және хиуалықтардың озбырлығына қарсы күресте батыр өзінің жасақтарын құрды. Оның жасақтары бұған дейін 1838 жылы Кенесары сарбаздарымен бірге Созақ қамалын қамауға қатынасқан болатын. 1842 жылдың күзінде Жанқожаның әскері Хиуаның ірі бекінісі Бесқаланы қиратып, қала комеданты Бабажанды өлтірді. 1843 жылы Жанқожа батырдың жасақтары Қуандария бойындағы хиуалықтар тұрғызған қамалды талқандады, ал 1845 жылы осы қамалды қайтадан қалпына келтіру үшін жіберілген екі мың хиуа шоғырларын талқандап жеңді. Осыдан кейін Сырдария қазақтарымен Хиуа билеушілерінің арасындағы күрес күшейе түсті. 1847 жылы Хиуа хандығының әскерлері озен

бойындағы қазақтарды егістікпен және пайдалы мал жайылымынан айыру үшін Қуандария өзенін богеп тастады, сөйтіп олардың қазақ жеріндегі озбырлығы одан әрі қарай жалғасты.

Бұл кезде Сырдария қазақтары солтүстік-батыс жақтан өз мекендеріне басып алу қаупін туғызған орыс отарлаушылығына қарсы күреске шыға бастады. Ойткені, 1849 жылы Райым бекінісіне Орынбор казак-орыстарының алғашқы жиырма алты отбасы қоныстандырылды. Олар бірте-бірте қазақтарды отырған жерлерінен ығыстырды. 1853 ж. орыс әскерлері Ақмешітті басып алып, жаңадап Сырдария әскери желісі пайда болды. Оған Райым бекінісінен Ақмешітке дейінгі жерлер кірді. Бұл жерде патша өкіметінің әкімшілігі өте қатты отарлық тәртіп орнатты. Осының нәтижесінде 1857 жылға дейін үш мың қазақ отбасылары өздерінің бұрынғы тұрған құнарлы егістік жерлерінен айырылды. Олар егін салуға жарамайтын, егінді суаруы үшін ағын суы жоқ жерлерге қуылды.

Қазақ жерлерінде казак-орыс қоныстанушылары үлкен ауырлықтарымен пайдаланды, мұның өзі қазақ халқының аяусыз қанауға әкеп соқты. Қазақтардан жиналатын салықтың көлемі өсті. Мәселен, XIX ғасырдың 40-шы жылдарында ақшамен түтін салығын төледі. Бұған қоса олардың мойнына көптеген міндеттер жүктелді. Олар жолдарды дұрыстап ұстау, көпірлер салу, су жүретін арықтарды тазалау сияқты істер болатын. Ал мұндай жұмыстарды орындау көп жағдайда науқанды істермен қабаттаса келіп, егіншілерге өте ауыр болып тиетін. Қазақтар жергілікті әкімшілік мүшелерін асырауға, пошта жолымен жүріп бара жатқан шенеуніктерге жол жүргені үшін қаражат беруге, далаға іссапарға жіберілген патша әкім-қызметкерлеріне үй беруге, оларға отын жеткізіп тұруға міндетті болды.

Патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі тек әрбір үйден түтін салығы емес, сондай-ақ жер кепселерді, қамыстан салынған күркселерді пайдаланғаны үшін де халықтың кедей топтарынан алым-салық жинады. Алым барлық халықтан бірдей алынды. Ірі бай, орташа, кедей – бәрі бірдей мөлшерде, яғни әр шаңырақ төлеп отырды. Сырдария бойындағы шекаралық өкімет Райым және Қазалы әскери қамалдарын

салу үшін мыңдаған қазақ шаруаларын айдап келіп, еріксіз жұмыс істетті. Әскери қару-жарақтар және азық-түлік тасу үшін де қазақтарды күштеп қызметке тартты. Сыр бойындағы жақсы жайылым жерлерді тартып алу, ол жерлерге орыс қоныстанушыларын орналастыру, алым-салықтың кобеюі қазақ кедей шаруаларына өте ауыр тиді. Орыс отаршыларының қанауы бұрынғы Хиуа билеушілерінің тепкісінен әлдеқайда асып түсті. Қазақ еңбекшілері екі түрлі қанаудың - патша өкіметі және жергілікті өз феодалдарының тепкісін бастан кешірді.

Бұл халық арасындағы наразылықты күшейтіп, аяғында келіп ашық көтеріліске ұшыратты. Орыс отарлаушыларына қарсы Сыр қазақтарының көтерілісі 1856 жылы желтоқсан айында басталды. Көтерілістің басында Жанқожа батыр тұрды. Сонымен көтерілістің басталуының негізгі себебі Орынбор әкімшілігінің шешімі бойынша қазақтардың еріксіз жұмыстарға жегілуінде, жолды пайдаланудағы, керуендерге қызмет көрсетудегі ауыр салықтар да, сондай-ақ патша өкіметінің қоныс аударушылық саясатында жатты. 1856 жылы патша әскерлері мен көтерілісшілер арасындағы тікелей соғыс қимылдары басталды. Көтеріліс бүкіл Қазалы оңірін қамтыды, бұл уақытта Жанқожаның қаруланған жасақтарының саны 1500-ге дейін жетті. Көтеріліске тек Шекті руының адамдары ғана емес, басқа рулар да, соның ішінде құмды аймақтардағы кошпелілер де қатысты. Нәтижесінде көтерілісшілердің саны ең әуелі үш мыңға, ал 1857 жылдың қаңтар айында бес мың адамға жетті. Бұл көтеріліс кезінде Жанқожа өзінің жақсы меңгерген әскери әдісін қолданды, ол 1856 жылдың аяғында Қазалы фортын қоршауға алды. Бұған дейін көтерілісшілер казак-орыс тұрған Солдатская слобода поселкісін жойды. Көтерілісшілерге Қазалы фортында орналасқан Михайловтың отряды қарсылық көрсетті. Оның құрамында казак-орыс жүздігі, елу жаяу әскер, бір зеңбірек болатын. Осы шайқастың барысы азғантай топтан құралған көтерілісшілер жасағының жеңілісімен аяқталды.

1856 жылы 19-23 желтоқсан аралығында көтерілісшілер тобы патша әскерлерінің майоры Булатов қолбасшылық еткен екінші бір отрядпен шайқасты. Бұл соғыс қимылдары желтоқсан айының аяғына дейін алма-кезек басымдықтар-

мен жүрді. Көтерілісшілер фортқа жақын жердегі дайындалған 150 шомеле шопті ортеп жіберді. Көтерілісшілердің басты орталығы бұл кезде Сырдарияның жағасына орналасқан Жаңақала қамалы болды.

Көтерілістің кеңінен таралуы Орынбор генерал-губернаторы әкімшілігін қатты састырды. Оның бұйрығымен көтерілісті басу үшін Ақмешіттен генерал-майор Фитингоф бастаған әскери топ жіберілді. Оның құрамында 300 казак-орыс, 320 жаяу әскер, үш зеңбірек және екі ракеталық /зеңбірек орнататын/ қондырғы кірді. Көтерілісшілермен шешуші шайқас 1857 жылы 9 қаңтарда Қазалыға жақын жердегі Арықбалық мекенінде жүрді. Зеңбірек, мылтықпен жақсы қаруланған Фитингофтың әскерлеріне қарсы Жанқожаның ақ туын көтерген көтерілісшілер бірнеше рет шабуыл жасады. Бірақ Жанқожа сарбаздарының шабуылы сәтсіздікпен аяқталып, аман қалғандары бытырап тарап кетті. Ауыр жараланған Жанқожаны сарбаздар шайқас болған жерден алып шығып, қауіпсіз жерге жасырды. Көтерілісшілерді жеңген Фитингоф әскерлері енді олардың ізіне түсіп, жазалауға кірісті. Олар қазақтардың 212 үйін ортеп, көптеген малдарын, соның ішінде 20 мыңнан аса ірі қара малдарын тартып алды.

Жанқожа бастаған көтерілісшілер Сырдарияның оң жағалауына, ондағы Хиуа хандығының жеріне отуге мәжбүр болды. Жанқожамен бірге 20 шақты қазақ ауылдары көшіп кетті. Жанқожа мұнда Хиуа, Бұқара немесе Қоқан хандары тарапынан өзіне одақтастар табуға әрекеттенді, бірақ оның бұл саясатынан ештеме шықпады. Қазақтардың Жанқожа Нұрмұхамедов қолбасшылық еткен көтерілісі осылай аяқталды.

Көтерілістің жеңілуінің басты себебі, оның жете ұйымдаспағаны және ол кезде күшті қаруланған патша әскерлеріне, ешқандай зеңбірегі, ататын мылтығы да жоқ, қазақ жасақтарының қарсы тұруы мүмкін емес еді. Көтеріліс Сыр бойы шеңберінен аспады. Соғыс қимылдары барысында ескі мешеу әскери тактика қолдану, ортағасырлық тәртіптерге сүйену көтерілістің жеңілуіне әкелді. Бұдан басқа бай феодалдарының сатқындығы да өз әсерін тигізді.

Көтерілісті басқаннан кейін патша әскерлері бұқара халықты тонауға кірісті. Тек бір ғана Кузьминский басқарған

әскери топ қазақ ауылдарын талқандап, ондағы малдардың барлығын айдап әкетті. Көптеген адамдар қырғынға ұшырады, жазалаушылар қарттарды да, әйелдерді де, балаларды да аямады.

Жазалау барысында қарапайым халық зардап шекті. Көтерілістен кейін Жанқожаның өзі халықтан бөлініп, тек билік қызметін атқарды, кейін оны жаулары опасыздықпен өлтірді. Бірақ осыған қарамастан Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарған 1856-1857 жылдары болған Сырдария қазақтары көтерілісінің тарихи маңызы өте зор. Өйткені, ол патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы халық-азаттық қозғалыс еді. Оған Арал оңіріндегі әр түрлі руларға жататын қазақтардың едәуір бөлігі қатысты. Көтерілісшілер арасында Кішкене шекті руларына жататын қазақтар басым болды.

Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бас көтерулердің бірі - Есет Көтібарұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі. Бұл көтеріліс 1853-1858 жылдар арасын қамтыды. Көтерілістің шығуының басты себебі - Арал теңізінің батыс жағындағы Үлкен және Кіші Борсықты, Сам құмын, Сағыз және Жем озендерінің бойын мекендеген Шекті руы қазақтарына түтін салығының салынуы және жылдан-жылға патша үкіметінің қысымының күшеюімен байланысты еді. Кіші жүз халқына әсіресе, патша үкіметінің қазақ жерінде әскери бекіністер мен экспедициялар үшін жүк таситын күш-көлік беруі қиынға түсті. Көтерілістің басталуының тағы бір себебі, патша үкіметінің Ембі озені, Арал теңізі жағалауында әскери бекіністер салуы бұл жерлерді мекендеген Кіші жүз руларының қыстауы мен жазғы жайылымдарының өрісін тарылтты. Міне, мұның барлығы халықтың наразылығын күшейтіп, аяғында Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліске алып келді.

XIX ғасырдың 50-жылдардың басында Есет Көтібарұлы орыстардың отарлауына қарсы белсенді күрес жүргізіп, Арал теңізіне бет алған Ресей әскерлеріне қатты қарсылық көрсетті. Орынбор өкімет орындары өзіне Есетті қайткенде де ұстауды және оны патша үкіметін мойындауға мәжбүр етуді мақсат етіп қойды. Оны ұстауға подполковник Кузьминский мен Дерышев, сондай-ақ майор Михайлов басқарған жазалау отряды жіберілді. Олар көтеріліске қатысушы-

ларды және Арал теңізінің Оңтүстік Батыс жағалауындағы бөлібіт халықты аяусыз жазалады.

1855 жылдың жазында көтерілісті басу үшін Орынбордағы патша әкімшілігі сұлтан Арыстан Жантөрин басқарған қазақ жасақтарын жіберді. Оған сұлтан Таукин, ал Орал бекінісінен майор Михайлов казак-орыс әскерлерімен аттанды. Көтерілісшілер мен патша әскерлері арасында қырғын шайқастар жүрді. Сол жылдың 8-шілде күні Есеттің жасақтары күтпеген жерден А. Жантөрин сұлтанның лагеріне шабуыл жасап, сұлтанды және оншақты би-старшындарды олтірді. Алайда, оқ-дәрісі мол мылтықтармен қаруланған патша әскерлерінен көтерілісшілер шегінуге мәжбүр болды. Қақтығыс барысында қолға түскен Есеттің 18 адамын патша әкімшілігі Сібірге айдап, үш адамын атуға жарлық берді. Е. Көтібарұлы өзінің қалған жасақтарымен Үлкен және Кіші Борсық құмына, Үстіртке отіп патша әскерлеріне қарсы күтпеген жерден шабуылдар жүргізді.

Көтерілістің соңғы кезеңінде, яғни 1857-1858 жылдары Есет Көтібаров өз ауылдарымен бірге Арал теңізінің жағалауына жақын Хиуалық Қоңырат қаласы қазақтарының арасында болды. Есет батыр Ресейге қарсы күресті жалғастыру үшін Хиуа ханынан әскери көмек сұрады. Бастапқыда хан Есет батырға 2500 адам болуға уәде берді, бірақ кейін ол өз уәдесінен айнып қалды. Бұған қоса патша үкіметінің әкімшілігі көтеріліске қатысушылар арасына қазақтың рулық үстем топтары қатарынан тыңшылар жіберді. Бұл көтерілісшілерді әлсіретуге едәуір әсерін тигізді.

1858 жылы қыркүйекте Бородин басқарған патша әскерлері Есет батыр бастаған көтерілісшілерді Сам құмында біржолата талқандады. Осыдан кейін Есет Көтібарұлы патша әкімшілігінің ұсыныстарын қабылдап, келісімге келуге көнді. Ол көтерілістен бас тартып, патша өкіметіне адал қызмет жасауға уәде берді. Сол үшін Есет түтін салығын төлеуден босатылды. Ол Үлкен шекті руы басшыларының бірі және Ырғыз уездік бастығының көмекшісі болып тағайындалды. 1873 жылы Есет Орынбор әскер отрядының құрамында Хиуа жорығына қатысты. Осы жорықта ерлігі еленіп, “Адалдығы үшін” алтын медаль берілді. Сөйтіп, патша үкіметінің отарлау саясатына және жергілікті байшонжарларға қарсы бағытталған Кіші жүз қазақтарының

Есет батыр бастаған тағы бір котерілісі сәтсіздікпен аяқталды.

Он жетінші тарау

XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі

§1. XIX ғ. 60-90 жылдарындағы әкімшілік-басқару реформалары. Патша үкіметінің аграрлық саясаты.

Ресей империясы Қазақстанды өзіне қосып алғаннан кейін, мұнда отаршылдық тәртіпті күшейтуге бағыт алды. Ол үшін патша өкіметі осы кезге дейін өлкеде жүзеге асырылып келген округтік басқару жүйесін түбірімен өзгерту міндетін қойды, оның орнына сатылап бағындыру жүйесіне негізделген мемлекет аппаратын құруға кірісті. 1867 жылы 11 шілдеде патша Александр II - Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Ережелер жобасына, 1868 жылы 21 қазанда - Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Ережелер жобасына қол қойды. Сөйтіп, 1868 жылдан бастап жаңа тәртіп бойынша қазақ даласын облыстарға, облыстарды уездерге, уездерді болыстарға, болыстарды ауылдарға болді де, ел арасында съезд өткізіп, болыс, старшын сайлау дегенді шығарды. Соның салдарынан шен-шекпен үшін болатын ру тайпалар арасындағы бұрынғы алауыздық оты оршіп, енді ол рулас, аталас адамдар арасында лаулады. Жемсауын парамен толтырған патша әкімдері бұл мүмкіндікті өз пайдасына шебер пайдаланды.

Жаңа реформа бойынша Қазақстан жері үш генерал-губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Бүкіл әскери және азаматтық өкімет билігі түгелдей генерал-губернатордың басшылығына бағындырылды. Орынбор генерал-губернаторлығына - Орал /1868/ және Торғай /1868/ облыстары, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына - Ақмола /1854/ және Семей /1854/ облыстары, Түркістан генерал-губернаторлығына -

ыны - Жетісу /1866/ және Сырдария /1867/ облыстары енді. Бұрынғы Бөкей хандығының жері 1872 жылы Астрахань губерниясына қосылды. Маңғышылақ приставтығы 1870 жылы Кавказ әскери округінің қарауына берілді, ал кейініректе Закаспий облысына енді. Облыстардың билігі әскери губернаторларға берілді. Әскери губернаторлар жанынан жарлықшы, шаруашылық және сот бөлімдерінен тұратын облыстық басқармалар құрылды, оларды вице-губернаторлар басқарды.

Уезд бастықтарын облыстардың әскери губернаторларының ұсынуы бойынша офицерлерден генерал-губернаторлар тағайындап отырды. Әрбір уезд бастығының екі аға және кіші көмекшісі болды. Кіші көмекші феодалдық-рулық жоғарғы топтан және ақсүйек сұлтандардан шыққан адамдардан тағайындалды. Бүкіл өкімет билігі түгелдей уезд бастығының қолына шоғырланды, полициялық өкімет орындарын да оның өзі басқарды. Уезде орналасқан әскери бөлімдер, мекемелер мен бекіністер де уезд бастықтарына қарады.

Әрбір уезд рулық негіз емес, жер аумақтық негіз бойынша құралған болыстардан тұрды. 100-200 шаңырақтан құралған өкімшілік ауылдар болды. Ал болыстар 1000 шаңырақтан 3000 шаңыраққа дейінгі ауылдарды қамтыды.

Феодалдық жоғарғы топтар қойған адамдар ғана болыс басқарушысы және ауыл старшыны болып сайлана алатын еді. Болыстық съездер мен ауыл жиындарында болыс басқарушыларын, ауыл старшындарын сайлау әрбір үш жыл сайын өткізіліп тұрды. Сайланғандар әскери губернаторлардың, облыс және уезд бастықтарының бекітуінен кейін тағайындалып отырды.

1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша әскери-сот комиссиялары мен уездік соттар құрылды, олар жалпы империялық заңдар негізінде жұмыс істеді. Бұл “Ережелер” екі жыл мерзімге тәжірибе түрінде уақытша енгізілген болатын. Алайда, бұл “тәжірибе” жергілікті халыққа теріс әсер етуі ықтимал деген қауіпнен 20 жылдан астам уақытқа созылды. 1886 жылы 2 маусымда “Түркістан өлкесін басқару туралы ереже”, 1891 жылы 25 наурызда облыстарды басқару туралы ереже” қабылданды. Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарқанд және Сырдария об-

лыстары кірді. Сырдария облысы Әмудария бөлімінен және Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата және Ташкент атаулы 5 уезден тұрды. Ал Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарының орнына орталығы Омбы болған Далалық /Степной/ генерал-губернаторлығы құрылды. Оның құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кірді. 1899 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының қарауына берілді. 1891 жылғы реформа бойынша барлық облыстарда Мемлекеттік мүлік министрлігінің мекемелері, ал Дала генерал-губернаторлығында салық инспекциясы, кен басқармасы, кеден және акциз бөлімдері құрылды.

1886-1891 жылдары патша өкіметі қабылдаған Түркістан және Дала өлкелерін басқару туралы жаңа “Ережелерге” сәйкес жалпы империялық соттар жүйесі - бітістіруші судьялар, облыстық және жоғарғы сот инстанциясы қалыптасты. Бұл реформалардың барлығы да отаршылдық және феодалдық езгіні күшейте түсуге бағытталған еді. Патша өкіметі жалпы империялық соттарды енгізумен, олардың құзыретін кеңейтумен қатар сот органы ретінде бұрынғы билер сотын сақтап қалуды қозғалды. Патша өкіметі билер сотын сақтай отырып, оның қызмет шеңберін шектеуге және тарылтуға тырысты. Сондықтан ол қазақтардың, әсіресе бұрын билік құрып келген сұлтандар мен билердің наразылығын тудырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Кіші жүз қазақтары арасында көшіп-қонатын жер үшін және патша өкіметінің реформаларына қарсылық күшейе түсті. Нәтижесінде Торғай мен Орал облыстарының қазақтары стихиялы көтеріліске шығып, ол 1868 жылғы желтоқсаннан 1869 жылғы қазан айына дейін созылды. 1869 жылдың наурызынан маусым айына дейін билердің, сұлтандардың, болыс басқарушыларының, старшындардың ауылдарына 41 рет шабуыл ұйымдастырылды. Оған 3 мың адам қатынасты. 1869 жылдың наурызынан бастап 1870 жылдың орта кезіне дейін Маңғыстау жарты аралындағы көтеріліс болып өтті. Оның басында Бозашы шаруалары Досан Тәжиев, Иса Тіленбаев тұрды. Көтеріліс бүкіл жарты аралға жайылды. 1869 жылдың күзінде көтеріліске қатынасқандардың саны 10 мың адамға жетті. 1870 жылы 5 сәуірде көтерілісшілер Александровск фортына, Николаевск станицасы-

на шабуыл жасады. Форт маңындағы маяктарды өртеді. Патша әскерлері Маңғыстаудағы көтерілісті тек зеңбіректің, қару-жарақтың күшімен басты.

Ресейдегі басыбайлылық құқықты жоюмен байланысты патша өкіметі Қазақстанға қоныс аудару саясатын жаңадандыра түсті. XIX ғасырдың 60-шы жылдарында әйел-еркегі бар 81247 адам Жайық казак-орыстары 6235335 десятина күнарлы жерге /егістік, шабындық, жайылым жерлер, мол су көзіне/ ие болды. 1865 жылы Орынбор казак әскерінде әр түрлі шені бар 7567 адамға 7509632 десятина жер берілген. Ал жергілікті қазақтар өздерінің ата мекеніне көшіп келгені, сол жерді пайдаланғаны үшін, атаманның пайдасына мөлшерсіз салық төлеуге мәжбүр болды. Оның басты себебі Кіші жүз қазақтарының бұдан былай табиғат байлықтарын: жерді, ормандарды, балығы мол, әрі отын, әрі малға азық болып келген контеген өзен-колдерді пайдалану мүмкіндігінен айырылуы еді. Түз кендері, ан аулайтын жерлер патша өкіметінің бұйрығымен Орал және Орынбор казак әскері мен генерал-губернатордың меншігіне берілді.

Сонымен бірге ауылдардың еңбекші халқы түрлі алым-салықтардан, міндеткерліктерден мүлдем титықтады. Патша өкіметінің әрбір рудың төлейтін салығының жалпы мөлшерін белгіледі де, кімнің қанша төлейтінін басқарушы феодалдар шешті. Сойтіп, үй басына салық жинаған кезде наразылық күшейді. Мұның бәрі халықты ашындырмай қойған жоқ. Егер XIX ғасырдың 40-50-ші жылдарында тек жекелеген адамдар ғана алым төлеуден бас тартса, енді тұтас ауылдар салық жинауға қарсы көтерілді.

Қатал қанаушылық еңбекші кошпенділер мен жартылай кошпенділерді жоқшылыққа ұшыратты. Қазақ кедейлері станицалардан жұмыс іздеп топ-тобымен шұбырды. Бұл кезде Орал және Орынбор казак-орыс шептерінде, балық және түз кәсіпшіліктерінде жалданып жұмыс істеуші казак жұмысшыларының саны 40 мыңнан асты.

Патша өкіметінің аграрлық саясатының ажырамас бөлігі-қоныстандыру саясаты. Помещиктер мен буржуазияның мүдделеріне сай келген қоныс аудару мәселесіне патша өкіметі XIX ғасырдың екінші жартысында бастап қатты назар аударды. Өйткені, Ресейде басыбайлылық құқықтың жойылуы және әлеуметтік-өкіметтік жөніндегі реформа-

лар аграрлық мәселені толық шешкен жоқ. Ресейдің орталық аудандарында шаруалар толқулары тоқтамады. Осындай жағдайда патша өкіметі шаруалардың назарын революциялық қозғалыстан аудару үшін бірқатар шаралар қолданды. Қоныс аудару шаралары сол саясаттың бірі еді. Сібірді, Қазақстанның солтүстік, батыс, орталық және оңтүстік шығыс аудандарын отарлау арқылы патша өкіметі Орталық Ресейден шаруаларды қоныс аудартып, жаңа жерлерде солар арқылы өзіне тірек жасамақ болды.

Әскери-өкімшілік отарлау саясаты Ресейден шаруалардың қазақ жеріне ағылып келуіне жол ашты. Қазақ даласын отарлау саясатын іске асыру жолында Жетісудың бірінші - әскери губернаторы Колпаковскийдің бастауымен 1868 жылы “Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы ережелер” бекітілді. Осы ереже бойынша қоныстанушы әр жанға 30 десятина жер бөліпді. Қоныс аударушылар 15 жыл мерзімге алым-салықтан, рекруттық /әскери міндет/ міндеткерліктен босатылды. Мұқтаж отбасыларға “керек-жарақтар алу үшін” ақшалай көмек берілді. Патша өкіметі 1889 жылы 13 шілдеде “Село тұрғындары мен мещандардың қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы” арнаулы ереже бекітті. Бұл ережеде жерді бекітіп берудің тиянақты мөлшері белгіленген жоқ, жергілікті өкімет орындарына оның өз қалауынша белгілеуге ерік берілді.

Аграрлық саясатты жүзеге асырушылардың бірі - Сібір темір жол комитеті еді. Елдің шығысындағы бірсыпыра аудандар темір жолмен байланысқаннан кейін, шаруалардың қоныс аударуы кең етек алды. Қазақстанда шаруаларды қоныстандыру алдымен Ақмола, одан соң Жетісу, Семей, Орал, Торғай облыстарында жүргізілді.

Тек 1885 жылдан 1893 жылға дейін Ақмола облысының жергілікті халқынан 251779 десятина жер тартылып алынып, 10940 адам халқы бар 24 жаңа село пайда болды. Семей облысында бұл кезде қазақ шаруаларынан 33064 десятина егістік жер тартып алынды. 1884-1892 жылдар аралығында мұнда 3324 отбасы қоныстанды. Шеттен шаруаларды әкеліп қоныстандыру, Сырдария облысындағы Шымкент, Ташкент және Әулиеата уездерін кеңінен қамтыды.

1893 жылы Сібір теміржолының батыс учаскелерін салудың аяқталуы, патша үкіметіне қазақ халқының және өз

бетімен қоныс аударып келген шаруалардың жер пайдалануын тәртіпке келтіру қажеттілігін алға қойды. Бұған қоныс аударушылардың жергілікті халықпен де, бұрыннан тұрып жатқан шаруалармен де көптеген жанжалдары мәжбүр етті. Ақмола облысында І-ші межелеу партиясы жұмыс істей бастады, одан кейін басқа да партиялар құрылды. Дегенмен олардың жұмысы тиісті нәтиже бермеді.

1894 жылы ІІ Николай патша Дала генерал-губернаторының есебіне ескертуінде Ақмола және Семей облыстарының көшпелі халқының пайдалануындағы бос жерлердің молшерін және олардың сапасын зерттеп анықтау қажет екенін атап көрсетті. Бұл зерттеуді жүргізу Сібір темір жолы Комитетіне жүктелді. Комитет Ресейдің орталық аймақтары шаруаларының соңғы жылдарда дала олкесі жеріне қоныстануға ерекше ұмтылысы байқалғанын, сол себепті қазақ жерін отарлауды берік негізге қоюды ойластыру керек екендігін атап өтті. Комитеттің бастамасымен белгілі мемлекеттік статистігі Ф.А. Щербинаның басшылығымен далалық облыстарды зерттеу жөнінде арнайы экспедиция ұйымдастырылды. 1896-1903 жылдар арлығында экспедиция Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 уезіне статистикалық сипаттама жасап, қазақтардың шаруашылығы туралы бағалы мәліметтер жинады. Патша үкіметі экспедиция қызметкерлерінің алдына жергілікті қазақтардан алуға арналған жердің мүмкіндігінше көп молшерін табу және олардың егіншілік үшін жарамдылық дәрежесін анықтау міндетін қойды. Әр түрлі аймақтар бойынша қазақтардың жер пайдалану нормаларын әзірлеу, сойтіп осылайша жасалған “артық жерлерден” қоныс аудару қорын кеңейту көзделді. Нәтижесінде Қазақстан жеріне қоныстандыру саясаты күшейе түсті.

Қоныс аударушылар Ресейдің Еуропалық бөлігінен ғана емес, сондай-ақ басқа облыстардан да келді. Өйткені, қазақ даласы ұлан-ғайыр кеңдігімен, кең-байтақ жерде егін шаруашылығына да, мал шаруашылығына да жарамдылығымен қызықтырды. Мәселен, 1900 жылғы халық санағы бойынша тек Қазақстанның бес облысында /Ақмола, Орал, Торғай, Семей, Жетісу/ ғана 3463598 адам болса, оның ішінде Еуропалық Ресейден келгендер 247 мыңдай адам, Сібірден - 42119, Орта Азиядан - 23530, Польшадан - 1191, Кавказ-

дан - 1672, Финляндиядан - 72, басқа жерлерден 3557 адам келді. Сөйтіп, 1900 жылы 5 облыс бойынша сырттан келушілер өлкенің барлық халқының 10,5 пайызын қамтыды. Оларға 44 миллион гектар жер таратылды.

Қазақстан жеріне тек Ресей ішкі губернаторлары мен тағы басқа аймақтардан басқа, Қытайдан да келушілер қоныстандырылды. Құлжа өлкесінің Цин империясына қайтарылуына байланысты дүнгендер мен ұйғырлар бұқарасы Қазақстанға және көршілес Қырғызстанға қоныстануға тілек білдірді. Оларды қоныстандыру екі кезеңде жүрді. Бірінші кезеңде 1877 жылы Томақ ауданына (Солтүстік Қырғызстан) шэньси дүнгендерінің бір тобы келді. 1881-1883 жылдары Санкт-Петербург шарттарына сәйкес Іле өлкесінен ұйғырлар мен дүнгендердің негізгі көпшілігі қоныс аударды. 1884 жылдың басына қарай Жетісуда 9572 ұйғыр отбасы (45373 адам) және 1147 дүнген отбасы (4682 адам) болды. Дүнгендер мен ұйғырлардың қоныстануына байланысты Жетісудың отырықшы халқы екі есе көбейді. 1897 жылғы санақ бойынша дүнгендердің саны-14130, ұйғырлар-55999 адамға жетті.

Патша өкіметі отарлау саясаты барысында Қазақстанның кең даласындағы ең байлықты өзінің шикізат қоймасына, елді өндіріс тауарларын сататын сауда аймағына айналдырды. Мал, жүн, теріні өте арзанға сатып алып, өте қымбат бағаға өндіріс тауарларын сатып, қазақ халқын аяусыз қанады. Патша әкімшілік органдарының бастықтары мырзалық жасап, қазақтың шұрайлы жерлерінің әр десятинасын он тиыннан оңды-солды сатты.

Отарлау саясаты қазақтардың тек материалдық жағдайын ғана емес, сонымен бірге рухани-адамгершілік мүддесін де қысымға салды. Патша өкіметінің қолдауымен келген қоныстанушылар, көбінесе кулактар, қазақтарды шұрайлы өз мекендерінен қуып шығып отырды. Сонымен бірге қазақтардың бір-бірімен қатынастарына үлкен кедергі жасап, ауылдастардың экономикалық мүддесіне, адамгершілік және рулық қатынастарына нұқсан келтірді. Кей жерлерде қазақтардың қошетін жолдары өрыс поселкаларының үстінде жатқандықтан қоныстанушылар олардан малын өткізгені үшін мол алым төлеттірді. Сонымен бірге отаршыл әкімшілік бұрыннан қалыптасқан қазақтың отырықшылық ұяла-

рын бұзып, жергілікті тұрғындарды шол және шөлейт аудандарға күшпен көшіру фактілері жиілепді. Бір ғана Жетісуда 30 мыңнан астам отырықшылық ошағы талқандалынды. Осындай зорлық-зомбылық барлық жерде орын алды.

Патша өкіметінің отарлау саясатының салдарынан Қазақстанның ауылшаруашылығы дамудың орнына дағдарысқа ұшырады. Жерді тартып алу, отырықшылық ошақтарын талқандау, жергілікті халықты шол және шөлейт далаларға қуалау қазақтың егін шаруашылығын, әсіресе, мал шаруашылығын оркейтуге қолайсыз жағдайлар туғызды. Оған мысал: Қазақстанның далалық облыстарында /Жетісуды қоспағанда/ қой-ешкі 1880 жылдан 1905 жылға дейін 24,9 пайыз, ал жылқы 1905 жылдан 1914 жылға дейін 4,1 пайыз кеміді. Күйзеліске ұшыраған қазақ кедейлерінің едәуір бөлігі орыс кулактарына, казактарға және ауқатты шаруаларға жалданып жұмыс істеуге мәжбүр болды.

§2. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің капиталистік өнеркәсібі мен Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірісі арасындағы қатынас күшейді. Сауда және өсімқорлық капиталы Ресейдің орталық губерниялары мен Қазақстан арасындағы ғана емес, сонымен бірге өлкенің өз ішінде де тауар айналысының өсуін шапшаңдатты. Өлкеде үстем болған натуралды шаруашылық біртіндеп ыдырай бастады.

Қазақ шаруашылығының рынокпен байланысының ұлғаюына патша өкіметінің салық саясаты үлкен ықпал жасады. Қазақтарға ақшалай көптеген салықтардың салынуы, олардың өнімдерінің бір бөлігін рыноктар арқылы саудаға салуға мәжбүр етті. Мал мен астық барған сайын тауарға айналды.

Бұл кезде Қазақстан экономикасында натуралды шаруашылықтың көлемі қысқарды, өлке өнеркәсіп тауарларын өткізу рыногы және бағалы ауыл шаруашылығы шикізатының қайнар көзі ретінде капиталистік Ресейге барынша тәуелді болып шықты.

70-80 жылдарда Ресейде фабрикалық тоқыма өндірісінің шапшаң өсуімен байланысты Қазақстан базарларына Ресейден мата көп келетін болды. Фабрикаларда өндірілген арзан мақта-мата бірқатар шығыс елдерінің майдагерлік бұйымдарын шапшаң ығыстырды. Сонымен бірге күнделікті тұрмыста қолданылатын бұйымдар /самауыр, қазан, шалғы, орақ, кетпен, ошақ, балта, пышақ, т.с.с./ көтеріңкі бағамен сатылды. Қазақстан бұл тауарларға айырбасқа мал мен мал шаруашылығында өндірілетін шикізат берді. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейге мал шаруашылығы өнімдерін жеткізу шапшаң өсті. Көптеген мал мен шикізат Семейдің, Петропавлдың, Оралдың, Орынбордың қасапханаларында былғары, тоқ май, тері илеу, сабын қайнату зауыттарында өңделіп, қырға тон, аяқкиім ретінде қайтып оралып отырды.

Қазақ халқы айырбас шартының қандайына болса да келісуге мәжбүр болды, өйткені ол өзіне қажетті тауарларды еш жерден сатып ала алмайтын еді және шарушылығының артық өнімдерін тиімді өткізе алмады.

Ресей саудагерлері Қазақстанда сауданың жаңа түрін - жәрмеңкелік сауданы енгізді. Халқы сирек, ұшы-қиырсыз жері бар, қатынас жолы дамымаған, халқының дені көшпелі өлкеде жәрмеңкелер ірі сауданың қолайлы түріне айналды. Қазақстандағы тұңғыш жәрмеңке 1832 жылы Бокей ордасында Хан ордасы жанынан ашылды. Кейіннен Ақмола облысы Тайыншақол /Петропавл маңында/, Константиновск /Ақмола/, Петровск /Атбасарда/ және 50-ден астам ұсақ және орташа жәрмеңкелер жұмыс істеді. 1848 жылы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесі, ал кейіннен Шар /Семей облысы/, Қарқара /Жетісу/, Әулиеата /Сырдария облысы/, Ойыл, Темір /Орал облысы/ жәрмеңкелері жұмыс істеді.

Жәрмеңкелер тауар-рынок қатынастарын дамытуға жәрдемдесті, мал шаруашылығының тауарлығын арттыруға ынта туғызды, байлардың байи түсуіне, сауда буржуазиясының өсуіне себеп болды. Алыпсатарлар мал мен шикізатты арзанға сатып алып, оны жәрмеңкелерде қайтадан қымбат бағаға сату арқылы пайдаға кенелді. Жәрмеңкелер қазақ шаруашылығын Ресейдің капиталистік экономикасы мен байланысын нығайтты, натуралды шаруашылықтың

идырауын және патриархалдық-феодалдық қатынастардың күйреуін тездетті.

Қазақстанда сауда капиталының пәрменді түрде енуімен өлкеде сауданың тұрақты формалары: дүкендер, көтерме сауда қоймалары көбейді.

XIX ғасырдың 80-90 жылдарында Қазақстанда өсімқорлық сауда жаппай тараған кез еді. Момын қазақ шаруалары өсімқор капиталға түгелдей кіріптар болды, өсімқорлар көшпелі қазақ халқына аямай тұсау салды. Сонымен бірге, өлкеде тауар айналымы өскен сайын өсімқорлықпен қатар, банктер мен басқа да несие мекемелері беретін қарыздардың капиталистік формалары орып ала бастады. Ресей мен Орта Азия арасында ұлғая түскен сауда, сондай-ақ ішкі рыноктың өсуі, өлкеде сауда буржуазиясы әлеуметтік тобын қалыптастырды. Қазақстанда да сауда капиталының шонжарлары өсіп шықты. Мысалы, саудагер Десвтердің, Путиловтардың, Оглотковтың, Хруниннің Орынборда, Троицкіде, Орскіде және басқа қалаларда астық және өнеркәсіп тауарларын сататын ондаған дүкендері қызмет етті.

Қазақстанда капиталистік түрдегі сауда-саттықтың күшеюі жергілікті сауда буржуазиясының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Осы кезде, Қазақстанда 30-дан астам қалалар мен 400 казак-орыс поселкалары пайда болды. Қазақстан қалалары халқының қалыптасуы мен өсуі Ресейдегі капиталистік қатынастардың дамуымен тығыз байланысты еді. Қалаларда әскери адамдар, құрметті азаматтар мен саудагерлер, қазақ ұлықтары тұрды. Қала халқының көпшілігі кедейленген шаруалар мен майда кәсіпорындарының жұмысшылары болатын.

XIX ғасырдың аяғында Ресей капиталистері Қазақстанда өнеркәсіп өндірісін ұйымдастырып, мұнда өздерінің қаржыларын әкеле бастады. Оған өлкеде қолайлы жағдайлар болды: жер мен шикізат арзан еді, жұмысшылардың жалақысы төмен, басы артық күші мол. Мұның өзі банк мекемелерінің ашылып, олардағы ақша айналым қатынастарын күшейтті. 1871 жылы Қазақстанда ашылған алғашқы банктердің бірі – Петропавлдағы негізгі капиталы 40 мың сом болатын қалалық қоғамдық банк еді. Ал 1875 жылы Ташкентте Мемлекеттік банк бөлімшесінің құрылуы, құрамына Жетісу облысы кірген бүкіл Түркістан генерал-губерна-

торлығы үшін елеулі оқиға болды. Мемлекеттік банктің мұндай бөлімшелері Қазақстанның сауда орталықтары мен қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп орталықтарында: Оралда (1876 ж.), Петропавлда (1881 ж.), Семейде (1881 ж.), Верныйда (1895 ж.) жұмыс істеді.

Табиғи қазба байлықтарға өте бай Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі өлкенің өнеркәсіп өндірісінің маңызды саласы бола бастады. 1896 жылы бір ғана Қарқаралы уезінде 70-ке жуық шағын мыс, 170 - күміс-қорғасын, 3 темір т.б. рудниктері жұмыс істеді. Осындай кен қоры Баянауыл және Петропавл уездерінде де (тас көмір, алтын, мырыш, т. б.) пайдалана бастаған болатын. XIX ғасырдың аяғында Жайық өзені мен Каспий теңізі жағалауында балық аулау кәсіпшіліктері капиталистік кәсіпорындарға айналды. Шымкент пен Түркістанда негізінен мақта тазалайтын бірнеше зауыт істеп тұрды. Арал теңізінде, Павлодар уезіндегі Қарабас көлінде, Орал облысы Басқұншақ кәсіпшілігінде тұз кен орындары ашылды. Көкшетау уезіндегі алтын кен орындары, Қарағанды бассейніндегі тас көмір кені және басқа да осындай салалар өлкенің ерекше маңызды экономикалық сала ретінде мүмкіншілігін едәуір дәрежеде анықтап берді.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары ішкі Ресейден Қазақстанға темір жол тартыла бастады. 1874-1876 жылдары Орынбор темір жолы /Самара-Орыпбор/ салынып, ол Торғай облысы мен Орынборды Орталық Ресеймен жалғастырды. 1880-1890 жылдарында Каспий теңізінің шығыс жағалауынан Ташкентке дейін темір жол салу ісі қолға алынды. Ғасырдың аяғына қарай темір жол, су және почта-телеграф қатынасы Қазақстанды Мәскеумен, Петербургпен, Орталық Ресеймен, Сібірдің, Алтайдың және Орта Азияның басқа да қалаларымен тікелей жалғастырды. Қатынас құралдарының дамуы халықтың өзара байланысын тездетіп, тауар айналымының дамуына кең жол ашты.

Сонымен, капиталистік қатынастардың қазақ даласына енуі өлкеде негізінен мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі және жартылай көшпелі халықтың патриархалдық-феодалдық қатынастарының ыдырау процесін жеделдетті. Елде өнеркәсіптің жаңа салаларын туындатып, қоғамдық еңбек бөлінісіне және жұмысшы табы кадрларының шығуына себепін тигізді.

Жұмысшы табының қалыптасу қарқыны мен оның санының өсуі Қазақстан қалаларында біркелкі болған жоқ. Оңкөнің кен өнеркәсібі дамыған аудандарда жұмысшылар саны көп болғанымен, Ресейге қарағанда едәуір аз еді.

Қазақстанның өндіріс орнындағы жұмысшы табы көп ұлтты болды. Өйткені олар Қазақстанға қоныстануға келген түрлі ұлттардың шаруа-жұмыскерлерінен, патша чиновниктері алып келген маман жұмыскерлерден және жергілікті кедейленген шаруалардан құралған-ды. Жұмысшылардың, әсіресе, қазақ жұмысшыларының жағдайы өте ауыр, еңбек ақысы да төмен-тін.

Орыс жұмыскерлері Қазақстан кәсіпорындарындағы басқа ұлттардың өкілдерінің, соның ішінде қазақ жұмысшыларының өздерінің ерік құқықтарын қорғау жолындағы күреске шығуына ықпал жасады. Қазақстанда жұмысшылардың бас қотерулері 80-90-шы жылдары кеңінен өрістеді.

§3. XIX және XX ғасырлар басындағы Қазақстан мәдениеті.

XIX ғасырдың басында Қазақстан жерінде халыққа білім беру екі бағытта: діни және жай азаматтық бағытта жүргізілді. Ел ішіндегі болыстар мен ауылдардағы қазақ балалары әдетте мұсылман мектептерінде оқыды. Оларға оқу араб алфавиті бойынша жүрді. Мұндағы діни мектептерде сабақ беретін негізінен ауыл молдалары еді. Олардың белгілі оқу жоспарлары, сабақ жүргізуде методикалық тәжірибелері болмады. Көбіне балаларды араб тіліндегі құран сүрелерін жаттаттыруымен ғана айналысты. Осының салдарынан діни мектептегі шәкірттер ғылыми негізде тиянақты білім ала алмады. Бұл кездегі діни білім беру жүйесінде медресенің ролі едәуір жоғары дәрежеде болды. Ондағы оқу мерзімі төрт жылға дейін созылды. Медресе шәкірттері ислам дінін үйренумен қатар, философия, тарих, тіл білімі, астрономия, медицина, математика пәндері бойынша мағлұматтар алды. Қазақ даласында бұл кезде жергілікті халықтың балаларын оқытуға арналған азаматтық бағыттағы мектептердің саны өте аз болды. Мұндай оқу орындары Қазақстанда тек Ресейге қосылғаннан кейін

ғана ашыла бастады. Атап айтқанда, 1786 жылы Омбы қаласында Азиаттық мектеп, 1789 жылы Орынбор қаласының айырбас сарайы жанынан үкіметтік мектеп ашылды. Бұл оқу орындарында балалар, соның ішінде қазақ балалары тілмәштік, пәсірлік (кеңсе хатшысы) қызметтерге дайындалды. Әскери мамандары мен әкімшілік шенеуніктерін 1825 жылы Орынбор қаласында ашылған Неплюев кадет корпусы және 1846 жылы негізі қаланған Омск кадет корпусы даярлады. Азаматтық тұңғыш қазақ мектебі Бөкей Ордасында 1841 жылы ашылды. Бұл мектептің оқушылары орыс тілін, математиканы, географияны, шығыс тілдерін, сондай-ақ ислам дінін оқып үйренді. Қазақ балаларына арналған келесі оқу орны Орынбор қаласындағы Шекаралық комиссия жанынан ашылған жеті жылдық мектеп болды. 1857 жылы бұл мектепті Ыбырай Алтынсарин алтын медальмен бітіріп шықты. 1865 жылы Омбыда қазақ балаларына арналған тағы бір мектеп ашылды, ал 1869 жылы Орынбор гимназиясы жанынан шығыс тілдерінің тілмәштарын және әскери округтердің хатшыларын даярлайтын бөлімше құрылды.

Қазақстанда ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарында бастауыш мектептердің ашылуы аса көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог, этнограф-ғалым, қазақтың жазба әдебиетінің және тілінің негізін салушылардың бірі - Ыбырай Алтынсариннің (1841-1889) есімімен тығыз байланысты. Ыбырай орыс графикасына негіздеп қазақ әліпбиін жасады. Осы әліп-би бойынша жүргізілген сабақтар ол ұйымдастырған колонер және ауыл шаруашылығы училищелерінде қазақ балаларының дүниеге көзін ашты. Ол қазақ қыздарын өнер-білімге кеңінен тартты. Осы мақсатта ашылған қыздар мектеп-интернаты 1888 жылы Ырғызда, 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қазалыда, 1895 жылы Қарабұтақта, 1896 жылы Ақтобеде жұмыс істей бастады. Оны бітірген қыздар кейін қазақ даласында білім ұрығын септі. Ыбырай Орынбордағы ғылыми-жағрафиялық қоғамның тілші мүшесі болып сайланды.

ХІХ ғасырдың соңына қарай өлкеде қалалық училищелер, шіркеулік училищелер, кәсіптік гимназиялар, орыс-қазақ училищелері мен мектептері, ауыл және бастапқы сауат ашу мектептері ашылды. Олар мемлекет есебінен қар-

жандандырылды және бастауыш оқу орындарының ролін арттырды. 1898 жылдан 1914 жылға дейін Қазақстандағы бастауыш мектептердің саны 730-дан 1988-ге дейін, ал олардағы оқушылардың саны 29 мыңнан 101 мың адамға дейін өсті. Өлкедегі патша әкімшілігі қазақ халқының сауатын ашуға бастауыш білім берумен, немесе орыс жазуын, әсіресе ауызша сойлесе білуді және арифметиканың алғашқы төрт амалын үйретумен ғана шектелу жеткілікті деп санады. Ресей өкіметінің осындай кертартпа саясатының нәтижесінде Қазақстандағы орта білім беретін оқу орындарының, соның ішінде реалдық училищелердің, ерлер мен қыздар гимназияларының саны баяу артты. 1914 жылы олардың жалпы саны 12 ғана болды. Бұларда 4 мың оқушы білім алды. 1917 жылға дейін өлкеде халық санының өсуімен және қазақтардың білімге деген құштарлығы арқасында орта білім беретін оқу орындарының қатары өсіп, 47 жоғары бастауыш училище, 17 орта мектеп, 4 реалдық училище, 4 ерлер және 9 қыздар гимназиясы, 13 ауылшаруашылық төменгі мектебі мен колонер училищесі жұмыс істеді. Мектептік білім жүйесі деңгейінің өсуі және қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгеріс мұғалім кадрлар даярлау мәселесін қай кездегіден болсын өткір қойды. Міне, осымен байланысты 1879 жылы Түркістан мұғалімдер семинариясы, 1833 жылы Орынбор қазақ мұғалімдер мектебі құрылды. Кейінірек мұғалімдер семинариялары Ақтөбеде, Верныйда, Семейде, Оралда ашылды. Бұл оқу орындары 1917 жылға дейін небәрі 300 қазақ мұғалімін даярлады. Бұл Қазақстан мектептерін оқытушы кадрларымен жеткілікті қамтамасыз ете алмады. Бір ерекше ескертіп айтатын жәйт, 1928 жылға дейін бүкіл өлкеде жоғары білім беретін бірде бір институт немесе университет болмады.

Ресей мемлекеті Қазақстанды өзіне қосып алғаннан кейін, оның табиғи байлықтарын игеру, кен ресурстарын зерттеу мәселелеріне ден қоя бастады. Ол үшін өлке жеріне ғылыми іздену экспедицияларын жіберіп, қазақ халқының жағрафиясын, тарихын, экономикасын, этнографиясын, минерал қорларын зерттеуге кірісті. 1769 жылы Қазақстанға жасалған алғашқы ғылыми экспедицияларының бірін П.С. Паллас басқарды. Экспедиция Симбирск, Орынбор,

Елек, Орск, Гурьев, Жайық, Уфа қалалары аймақтарын аралады. Оның қорытындысы бойынша П. С. Паллас 1773 жылы өзінің “Ресей империясының әр түрлі шет аймақтары бойынша саяхат” – деген еңбегін жариялады. 1769-1772 жылдары Н. Рычков патша әскерлерінің құрамында Қара Торғай, Терісаққан, Есіл аймағында, Усть-Уйск, Крутояр, Тройцк бекіністері тоңірегінде қазақ өлкесі жөнінде мәліметтер жинастыру жұмысын жүргізді. Кейінірек оның “Капитан Н. Рычковтың 1771 жылғы қырғыз-қайсақ даласына саяхатының күнделік жазбалары” – деген еңбегі жарық көрді. Қазақстанның тарихы мен этнографиясын, географиясын зерттеп, бір жүйеге түсіруде белгілі тарихшы және мемлекет қайраткері А. И. Левшинның (1797-1879) “Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы” деген іргелі еңбегінің зор маңызы болды. Сондай-ақ олкені жан-жақты зерттеу мақсатымен орыс ғалымдары П. П. Семенов-Тяньшаньский /1827-1914/, Н. А. Северцев /1827-1885/, И. В. Мушкетов /1850-1902/, В. В. Радлов /1837-1918/ және басқалардың есімдерімен тығыз байланысты. Олар өздерінің зерттеулерімен отандық ғылымның өркендеуіне үлкен үлес қосты.

Орыс ғалымдары қазақ халқының тарихын, тұрмысын, мәдениеті мен тілін зерттеуде көп жұмыс істеді. Олардың ішінде зерттеушілер В. В. Вельямин-Зерновтың, А. И. Добромисловтың, украин ақыны Т. Г. Шевченконың т. б. есімдерін атап отуға болады.

Еліміздің мәдениеті мен қоғамдық ой-пікірінің тарихында қазақтың тұңғыш ғалымы, аса көрнекті демократ-зерттеуші Ш. Ш. Уәлиханов /1835-1865/ құрметті орын алады. Оның қоғамдық-саяси, ғылыми және әдеби қызметі қазақ даласында прогресшіл идеялардың тарауына үлкен жол ашты. Шоқан 1856-1857 жылдары Алатау қырғыздарының жеріне, Ыстықкөл маңына сапар шекті. Осы сапарда ол қырғыз эпосы “Манастың” жекелеген бөлімдерін жазып алды. 1858-1859 жылдарда Шығыс Түркістанда болып, ондағы халықтардың тарихы мен этнографиясына, сондай-ақ осы сапарда қырғыз елінің тарихына байланысты бай материал жинап, соның негізінде көптеген еңбектер жазды. Оның қазақ халқының тарихына байланысты жазғандары шығыстану ғылымына зор үлес болып қосылды. Ол орыс-

тың атақты жазушы-философы Ф. Достоевскиймен өте жақын дос болды. Оның ағартушы-демократ ретіндегі қозғалысының қалыптасуына орыстың прогресшіл революционер-демократтары Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов ықпал жасады. Шоқан Ресейдің ғылыми-жағрафиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланды.

Шоқанмен тұстас Батыс Қазақстанда өмір сүрген көрнекті қаламгер, этнограф тарихшы Мұхамбет Салық Бабажанов /1832-1872 жж./ өзінің шығармашылығымен өлкеге кеңінен мәлім. Орынбордағы кадет корпусын үздік бітірген ол қазақтардың мәдениет, білімге деген ықыласын қолдап, қазақтың тарихына, тұрмыс-тіршілігіне, Орал казак-орыстарының зорлық-зомбылығына байланысты Петербургте, Мәскеуде, Астраханда шығатын газеттер мен журналдарда көптеген мақалалар жариялады. Ол орыстың ғылыми-жағрафиялық қоғамының мүшесі болды.

Ресей империясы әкімшілігі кең-байтақ Қазақ өлкесін зерттеп игеруде Орыс географиялық қоғамына едәуір мән берді. Қазақстан жерінде алғаш құрылған Орыс ғылыми-жағрафиялық қоғамының бөлімшесі 1867 жылы Орынборда ұйымдасты. Онда А. Алектров, Ы. Алтынсарин, А. Добромислов, И. Крафт және басқалары жұмыс істеді. Бөлімшелердің қызметіне орыс саяхатшысы және Қазақстан мен Орта Азияны зерттеуші Г. Н. Потанин белсене қатысты, ол Ш. Ш. Уәлихановтың замандасы және досы болған. 1877 жылы Ресей географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімі, кейінірек оның Семей бөлімшесі құрылды. Осы бөлімшемен Абай Құнанбаев байланыс жасап тұрды. 1896 жылы Императорлық орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі, ал XX ғасырдың басында Жетісу облысында оның тағы бір бөлімшесі құрылды. Бұл бөлімдердің жетекшілігімен және олардың мүшелерінің қатысуымен XIX ғ. екінші жартысы - XX ғ. басында Тянь-Шаньдағы Хантәңірі аймағына, Верныйдан Құлжаға және Ыстықкөлге дейін, Оралдың оңтүстігіндегі қазақ даласына, Жайық өзені, Каспий және Арал теңіздері арасындағы кеңістікке, ал 1899-1902 жылдары Л. С. Бергтің басшылығымен атақты Арал экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедициялардың жұмыстары нәтижесінде көп

көлемді материал жиналып ғалымдардың зерттеушілік қызметтерін бағалау орын алды.

XX ғасырдың басында көптеген қазақ зиялылары Орыс географиялық қоғамы жергілікті бөлімшелерінің жұмысына белсене араласты. Мысалы, Ұлы Абайдың інісі, корнекті қазақ жазушысы Шәкәрім Құдайбердиев Семей бөлімшесіне материалдық қолдау жасап, оның мүшесі болды. Шәкәрім шығыстық бірнеше тілді білді, Стамбул мен Париждің кітапханалары мен архивтерінде жұмыс істеді. Ш. Құдайбердиев ғылым саласында, әсіресе тарих, философия, музыка, әдебиет, дін мәселелерімен кеңірек айналысты. Шәкәрімнің тарихқа көзқарасы 1911 жылы жарық көрген “Түріктердің: қырғыздардың және хандық династияның шығу шежіресі” – деген еңбегінде барынша көрініс тапты. Кітапта Орта жүз рулары, хандар династиясы және Азияның түркі халықтары туралы негізгі деректер жүйеге келтірілген. Сонымен қатар Семей бөлімшесінде Ж. Ақбаевтың, Ә. Бөкейхановтың еңбектері басылып шықты. Ә. Бөкейханов Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі және Басқарушы комитетінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан туралы ғылыми материалдардың қомақты қорын жасауда XIX ғ. екінші жартысында өлкенің облыстарында құрылған Статистика комитеттері едәуір рөл атқарды. Статистика комитеттері 1878 жылы Ақмола, 1879 жылы Жетісу, 1887 жылы Сырдария, 1895 жылы Торғай, 1896 жылы Орал облыстарында ашылды. Олардың жұмыстарына Ресейдің орталық аймақтарынан революциялық қызметтері үшін айдалып келген халықшылдар белсене араласып, көп күш жұмсады. Статистика комитеттерінің басылымдарында облыс бойынша ондіргіш күштер, халық шаруашылығы, суландыру жүйелері, қатынас жолдары, тұрғындар және олардың кәсіптері, алым-салықтар, оқу-ағарту және т. б. туралы егжей-тегжейлі мәліметтер жинақталған шолулар ерекше орын алды.

Сондай-ақ бұл кезде қазақтың ұлттық баспасөзі дүниеге келді. 1870-1882 жылдарда Ташкентте “Түркістан уәлаяты газеті”, 1888-1902 жылдары Омбыда “Дала уәлаятының газеті” шығып тұрды. Біріншісі Түркістан генерал-губернаторлығының ресми органы болды, ал екіншісін Дала гу-

бернаторлығы шығарды. Патша үкіметінің жергілікті өкімшіліктердің өкімі бойынша бұл басылымдар Орта Азия мен Қазақстан жерінде отарлық басып алуды, бұл аймақтардағы халықтарды рухани жағынан бағындыру саясатын насихаттады. Осы мақсатпен газет беттерінде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды, ғылым мен техника саласындағы жетістіктер туралы ақпарат аударылып басылды, өлкені шаруашылық жағынан игеру тәжірибесі қорытылды. Жергілікті халықтар арасында бұл газеттердің танымал болуына шығыс әдебиеті классиктері шығармаларын – “Шахнаме”, “Фархат-Шырын”, “Мың бір түн” және т.б. жариялау үлкен әсерін тигізді. “Түркістан уәлаяты газетінде” 1870 жылы бірінші рет қазақ тілінде Шоқан Уәлиханов туралы, Маңғыстау қазақтарының көтерілісі және басқа да оқиғалар жөніндегі материалдар басылды. Орыс оқырмандары Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың орыс тіліне аударылып берілген шығармаларымен танысты. Дегенмен, бұл ресми басылымдар негізінен Ресей империясының отаршылық саясатын жүргізушілер болды. Оған дәлел ретінде “Түркістан уәлаяты газетінің” “323 нөмірінде жарияланған 633 мақаланың үштен бір бөлігі Ресейдің көрші мемлекеттермен қатынастарына, империялық сыртқы саясатын негіздеуге арналғанын айтса да жеткілікті.

Бұл кезде қазақ ақын-жазушыларының кітаптарын шығару ұлғайды. Петербургте, Орынборда, Қазанда, Ташкентте Абай Құнанбаевтың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсынұовтың, Міржақып Дулатовтың, Әбубәкір Диваевтің және басқа да авторлардың шығармалары басылып шықты. 1912 жылы Семейде қазақ тіліндегі кітаптарды шығаратын “Жәрдем” баспаханасы жұмыс істеді. 1917 жылға дейін қазақ тілінде шамамен 700 атаулы кітап басып шығарылды.

XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өрістеуімен байланысты ресми емес қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы орын алды. 1911 жылғы 10 қаңтарда Тройцкіде бірінші қазақ журналы “Айқап” жарық көрді. Журналдың ұйымдастырушы-баспагері және редакторы Мұхамеджан Сералин (1872-1929 жж) болды. Ол демократияшыл зиялыларды либерал-революциялық инст-

тегі студент-жастарды топтастырып, олардың назары мен жігерін жалпыұлттық проблемаларды шешуге бағыттады. “Айқап” журналы 1911 жылғы қаңтардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін алғашқы кезде айына бір рет, ал кейін екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі шығып, таралымы бір мың данаға дейін жетті. “Айқап” жер мәселесіне зор көңіл бөліп отырды. Өйткені патша өкіметі орыс және украин шаруаларын өлке жеріне көптеп қоныстандыру мақсатында қазақтардың құнарлы жерлерін күштеп тартып алуды өрістетті, арнайы “қоныс аудару қорын” құрды. Журнал ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. Айқаптықтар өздерінің жазған мақалаларында еңбекші бұқараның бытыраңқылық және стихиялы арман-тілектері мен ойларын көрсете білген революцияшыл демократтар деңгейіне дейін көтерілді. Сондай-ақ “Айқап” журналының қазақ фольклорын зерттеудегі, абайтануды қалыптастырудағы, орыс және дүниежүзі классикалық әдебиетінің рухани мұрасын насихаттауда айтуға тұрарлық істер атқарды. Журналдың жұмысына Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, Қ. Кеменгеров, М-Ж. Көпеев және басқалары белсене қатысты.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстан қоғамы өмірінің барлық жақтарын қамтып жазуда апталық басылым “Қазақ” газетінің ролі зор болды. Газеттің 1913 жылғы ақпаннан 1918 жылғы қаңтарға дейін 3 мың дана таралыммен 265 нөмірі жарық көрді. Жекелеген нөмірлері 8 мың данаға дейін жетті. “Қазақ” газетінің редакторы аса көрнекті ақын, косемсозші, түркі тілінің маманы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов болды. Газеттің негізгі идеялық-теориялық салмағын біртұтас болып біріккен ғажайып үштік – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов көтерді. Олар “Қазақ” газетінде жарияланған материалдардың жартысынан астамын өздері жазды. Тек Ә. Бөкейхановтың өзі газет үшін 200-дей мақала жазыпты. Ал А. Байтұрсынов алғашқы бағдарламалық мақаласында газет “ұлттың көзі, құлағы және тілі” – деп жоғары бағалады. “Қазақ” газеті XX-ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясын анықтап берді. Газетте жарияланған материалдарында олар қазақ халқының оркениетінің, түрік дүниесі тарихында алатын орнын анықтап көрсетті.

Бұқара халықты топтастыру, оның ежелгі мәдениетін және Ресей құрамындағы қазақ ұлттық мемлекетін қайта құру мәселесі газет қызметінің өзегіне айналды. “Қазақ” газетінің беттерінде патша өкіметінің аграрлық саясатындағы отаршылдықтың мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін алып қою және қоныс аудару қоры құрылуының нәтижесінде шаруалардың жерсіз қалу үрдісі ашып көрсетілді. Газет қазақтардың отырықшылықты өмір сүруге көшуін, сойтіп егіншілік мәдениетін меңгеруін жақтады. “Қазақ” басылымы сонымен қатар әйел және ұлт мәселелерін батыл көтерді, дәрігерлік, агрономиялық білімдерді таратты. Газет дінді мемлекет пен мектептен бөлуді жақтап, дини экстремизмге қарсы шықты. Газет Бүкілқазақстандық съез шақыру идеясын қолдады. “Қазақ” басылымының жұмысына Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, Ғ. Қарашев, С. М. Торайғыров, Ж. Аймауытов, Ж. Ақбаев, Х. Досмұхамедов, С. Донентаев, М. Шоқай, М. Тынышбаев және тағы басқа да көптеген көрнекті қазақ зиялылары белсене қатысты.

XVIII ғ. аяғы - XIX ғ. бірінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің дамуында жаңа дәуір басталды. Бұл кезде қазақ әдебиетіндегі бұрынғы әншілік-жыршылық дәстүр біртіндеп ығыстырылып, оның орнын жеке поэтикалық шығармашылық басты. Ақындар өздерінің өлеңдері мен жырларында өмірдің нақты шындығына үңіліп тануға, жеке көзқарастарын еркін білдіруге тырысты, осымен байланысты ақындардың шығармашылығы дамып, жеке толғаныстарында көркемдік шеберлікке жетудің жолдарын іздестірді. Осының нәтижесінде қазақ әдебиеті ұлттық дарынды тұлғалардың көптігімен, бір-біріне мүлдем ұқсамайтын дара туындылардың сан қырлы сипатымен ерекшеленді. Олардың ішінен поэтикалық дарыны зор небір суырып салма, импровизаторлар дараланып шықты. Солардың арасынан жауынгер ақын Махамбет Өтемісовтың (1803-1846) творчествосын ерекше боліп айтқан жөн. Оның көптеген шығармалары 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов бастаған халық-азаттық көтерілісіне арналды. Махамбет – көтерілістің жалынды жыршысы ғана емес, сонымен қатар Исатайдың адал серігі, даңқты батыр ретінде көтерілісті ұйымдастыруға белсене қатысты. Ол өзінің ұран іспеттес жуынгерлік

жырларымен көтерілісшілерді рухтандырып, жігер беріп отырды. Сондықтан Махамбеттің өлеңдері халық-азаттық көтерілісінің қуатты дауысы және ұраны болып табылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, өздерінің халықтың мұң-мұқтаждарымен үндесіп жатқан тамаша шығармаларымен танымал болған Нысанбай, Шернияз, Сүйінбай, олардан кейін іле-шала шыққан Бақтыбай, Марабай, Өспе, Кемпірбай қазақ мәдениетінің тарихында ошпес із қалдырды. Қазақтың корнекті ақындары Шортанбай, Дулат, Мұрат, Орынбай, Шоже, Біржан, Жамбыл, Майкөт, Әсет, т. б. олең-жырлары өздерінің терең мазмұнымен жұртшылықты тәнті етті. Айтысқа түсіп жүлде алып, өлеңдері жұрттың есінде, аузында жүрген қазақтан шыққан қыз-келіншектер де аз болған жоқ. Сара, Ұлбике, Айсұлу, Манат, Балқия, Рысжан, т. б. солардың қатарына жатады.

Қазақ музыкасын дамытуға үлкен үлес қосқан Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Тәттімбет, Ықылас, атақты әншілер Мұхит, Әсет, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұсаның есімдері бүкіл қазақ даласына жайылды. Олардан қалған мол мұра - бүгінгі таңда да қазақ халқының игілігіне айналып отыр.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы - Абай Құнанбаев (1845-1904) артында олеңдер, дастандар, қара сөзбен жазылған ғақлиялардың мол мұрасын қалдырды. Ол өз шығармаларында адамгершілікке, рухани тазалыққа үндеді. Халыққа жат қулық-сұмдықты, залымдықты шенеді. Абай паракор билеушілерді, ашқоз судьяларды, надан молдаларды жек көріп, өшкерлеп отырды. А. Құнанбаев әр адамның адамзат қоғамына қызмет ету жолы ең алдымен еңбекте, тек еңбек ғана материалдық және рухани игілікке жету құралы деп білді. Еңбекші бұқараның өмірін жақсарту жолдарын ол егіншілікті, қолөнерді және сауданы дамытумен тығыз байланыстырды. Абай жас ұрпақты ғылым мен білімді үйренуге, адалдыққа, имандылыққа шақырды. Ол ғылым мен білімнің қоғам үшін маңызын ашып көрсете келіп, бұлардың “өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақтықпен” сыйыспайтынын ерекше атады. А. Құнанбаев туралы қазақтың аса корнекті ойшыл жазу-

шысы Мұхтар Әуезов былай деп жазды: “Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебірепткен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жырларының бетіне маржандай тогілдірді, оның әрбір бетінен, әрбір жолынан, әрбір сөзінен біге соншама ыстық, соншама жақын леп сезіледі, ол леп кешегі өткен заманның, кешегі тәркі дүниенің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы - заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің үнімізге қосылып жаңғырып жаңа өріс ашып тұр”.

Абайдың ақын шәкірттері өз балалары - Ақылбай, Мағауия, туысы Кокбай, інісі Шәкәрім қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылатын көптеген шығармалар қалдырды. Әсіресе, Шәкәрім Құдайбердіұлының /1858-1931/ жазғандары көп болды. Ол соңғы уақытқа дейін халық жауы ретінде аталып, есімі жұртқа белгісіз болып келді.

*Адамдық борыш ар үшін,
Барша адамзат қамы үшін,
Серт қылам еңбек етем деп,
Алдағы атар таң үшін, -*

деп серт еткен ол қазақ халқының мәртебесін биіктетіп, мол әдеби мұра қалдырды. Шәкәрім жазған “Қазақ шежіресін”, “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек”, “Дума”, “Дубровский әңгімесі” /Пушкиннен/ деген поэмаларын, Хафиз ақын өлеңдерінің, америка жазушысы Бичер-Стоу Гарриеттің “Том ағайдың лашығы” деген романының, Лев Толстойдың шығармаларының қазақ тіліндегі аудармаларын атауға болады. Қазақтың ірі ойшыл шежірешісі, ақыны Мәшүр Жүсіп Көпеев те /1858-1931/ осы Шәкәрім тұстас өмір сүріп, халық сүйіп оқитын шығармалар жазды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының саяси-мәдени өмірінде жарық жұлдыздай көзге түскен, әміршіл-әкімшіл заманның құрбаны болып аттары ұзақ уақыт бойы аталмай келген Ахмет Байтұрсынов /1873-1938/, Мағжан Жұмабаев /1893-1938/, Жүсіпбек Аймауытов /1889-1931/, Міржақып Дулатов /1885-1935/ сияқты алыптардың мұраларымен қазақ халқы кейінгі кезде ғана танысуға мүмкіндік алды. Олардың еңбектері мен олар ту-

ралы деректер қазір көп жариялануда. Солардың арасында 1992 жылы “Жалын” баспасы шығарған “Бес арыс” жинағын атауға болады.

Ахмет Байтұрсынов қазақ елінің тәуелсіздігі, қазақ халқының бақыты үшін үлкен соқпақты жолдан өтіп, қазақтың тіл білімін дамытуға зор үлес қосты. Оның аудармасында Крыловтың “Қырық мысалы” қазақ тілінде шықты. “Маса” деген атпен олеңдер жинағы жарық көрді. Саясатқа, мәдениетке байланысты орасан көп шығармалар жазды. Ахмет Байтұрсынов “Алаш” партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Ол өнерлі адам болған, шығарған әндері де сақталған. Оның еңбектерінің дені тілге байланысты, сондықтан да Қазақтың ұлттық академиясының Тіл институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілген.

Қазақтың Пушкині аталған Мағжан Жұмабаев сыршыл ақын болған. Мұхтар Әуезов оны қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан ақын деп суреттейді. Ол қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі аса биік тұлғалардың бірі. Сондай ірі тұлғалардың қатарына Жүсіпбек Аймауытовты да жатқызуға болады. Ірі драматург, қара сөзбен жазғандары, олеңдері көп бұл әдебиетшіні де халық қатты қастерлеп сүйіп оқыған.

*Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш,
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш, -*

деп келетін Міржақып Дулатов тек ақын ғана емес, сонымен бірге үлкен күрескер, саясатшы да болды. Ол “Алаш” партиясын құруға, Алаш Орда үкіметін басқаруға қатысты. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күресті. Әдебиеттегі осы сияқты алыптардың онегесімен, күрестің қызып жатқан күндерінде ұйымдастырылған “Айқап”, “Қазақ” сияқты басылымдарда көркем шығармалар, жатық жарияланымдарымен көрінген қазақ зиялылары аз болған жоқ. Мұның өзі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақтың ұлттық мәдениетінің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді.

XX ғасыр басындағы Қазақстан

§1. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Жұмысшы табының қалыптасуы.

XX ғасырдың басында капиталистік қатынастардың қазақ даласында дамуы күшейе түсті. Өлкеде өнеркәсіптің жаңа салалары пайда болды. Қоғамдық еңбек бөлінісі одан әрі дамып, жұмысшы табы қалыптасты.

Патша өкіметінің аграрлық саясаты салдарынан орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы жаппай сипат алды. Сойтіп, қазақ еңбекшілерінің жерлерін басып алу кезінен жүргізілді. Қазақ шаруаларын тонауды патша өкіметі “қоныстанушы”, “жер қоры” деп аталатын желеумен іске асырды. Бұл қорды жасау үшін жергілікті халықтың жайлы қоныстарын тартып алып отырды. Шаруалардың Ресейден Қазақстанға шұбыруы бұрынғыдан да артты. Түркістан генерал-губернаторының толық емес дерегі бойынша XX ғасырдың басына дейін бір ғана Жетісу облысына 16 мың отбасы келіп қоныстанса, 1905 жылы олардың саны 28 мыңға жеткен. Мұндай жағдай Қазақстанның басқа өлкелерінде де байқалды. Мысалы, 1897-1916 жылдарда қоныс аударған 1304 мың адамнан: Ақмола облысына - 731,5 мың адам, Торғай облысына - 199 мың, Семей облысында - 130,1 мың, Жетісуға - 118,5 мың, Оралға - 82 мың және Сырдарияға 40 мың адам келген. Бұлардың басым көпшілігі орыстар мен украиндар болды. 1917 жылы олардың жалпы саны 1745 мың адамнан асты және өлкенің бүкіл халқының 29,4 пайызын қамтыды. Қазақстанда қазақтар, орыстар, украиндардан басқа татарлар, өзбектер, дүңгендер, ұйғырлар, мордвалар және басқалары да тұрды. 1897 жылғы халық санағы бойынша өлкеде шамамен 55 мың татар, 55 мың ұйғыр, 30 мың өзбек, 15 мың дүңген, 10,5 мың мордва және т.б. тұрған. XX ғасырдың басында олардың саны біршама көбейді. Мысалы, 1917 жылы өлкеде 93 мыңға жуық татар, 25 мың мордва және тағы басқалары болған.

Қазақстан халықтарының 90 пайызынан астамы ауылдық жерлерде тұрды. Жергілікті тұрғындардың басты кәсібі ежелден көшпелі мал шаруашылығы болатын. Ал ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында егіншілік халықтың көп бөлігінің негізгі кәсібіне айналды. Онымен қоныс аударушы шаруалардан басқа қазақтар да шұғылданды. Олар 1897 жылға санақ бойынша өлкедегі бүкіл егінші халықтың 55,4 пайызын құрады. Ауыл-село тұрғындарының 2/3 бөлігіне жуығын қазақ және орыс шаруалары қамтыды.

Қазақстанның Ресейге түгелдей басыбайлы болып қосылуы, опдірістік кәсіпорындардың дамуы, сауда жүйесінің кеңеюі, қалалардың қалыптасуына барынша ықпалын тигізді. 1870-1897 жылдар аралығында қала халқы үш есе дерлік, ал 1897-1917 жылдары бір жарым еседен астам өсті. Қазан төңкерісіне дейін өлкеде 28 қала, оның ішінде бесеуі: Шымкент, Әулиеата (Тараз), Түркістан, Перовск (Ақмешіт) және Жаркент ежелгі қалалар, қалған 23 қала Қазақстанның Ресейге қосылу барысында, капиталистік қатынастардың өсуі және дамуымен байланысты пайда болған еді.

ХХ ғасыр басында Қазақстандағы қала тұрғындарының саны едәуір өсті. Мәселен, Семей қаласында 1903 жылы 27 334 адам тұрса, 1909-10 жж. - 31 382, 1914 жылы - 35 мыңға жеткен. Бұл кезде ірі қалалар болып саналған Оралда - 47,5 мың, Петропавл мен Верныйда - 43,2 мыңнан адам тұрған. Қала тұрғындарының саны негізінен Ресейден көшіп келген қоныс аударушылар есебінен өсті. Құрамына қарай олар қанаушы әкімдерге, дворяндар, офицерлер мен саудагерлерге, сол сияқты қазақтардың дәулетті бөлігі мен жай еңбекшілерге /мещандар, шаруалар, жұмысшылар/ бөлінді.

Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы мұндағы 1861 жылғы басыбайлылық құқығы жойылғаннан кейінгі капитализмнің тезден дамуымен тұстас келді. Сондықтан Ресейдегі капиталистік қатынастардың қаулап өсуі, соның ішінде өнеркәсіп салаларының өркендеуі Қазақстанға да едәуір ықпалын тигізді.

Патшалық Ресей Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен тау-кен байлықтарын пайдалануға айырықша назар аударды. Олар мұнда өнеркәсіптің басты екі саласы - тау-кен

өнеркәсібін және ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу кәсіпорындарын дамытуға күш салды. Алтын, түсті металл, көмір өндіретін кәсіпорындар көбейді. Осы тұста мұнай өнеркәсібі де пайда болды.

Тау-кен өнеркәсібі негізінен Орталық және Шығыс Қазақстанда дамыды. Онда түсті металдар мен көмір кен орындары игеріле бастады. Әрине, мұндағы кәсіпорындарында ешқандай жоспарлы даму болған жоқ. Кен орындары жеке кәсіпкерлерге сатылды. Олар 15-20 жылдай пайдаланып, кен қоры азайысымен, ол кен орындарын тастап кетіп отырды.

Империалистік монополиялар өндірісті жетілдіруге қажет қаражат болмеді, оның орнына механизмдерді арзан жұмысшы күшімен ауыстыру найдалырақ деп санады. Бұл техникалық прогрестің, өндірістік күштердің дамуын тежеді, жұмысшылардың жағдайын нашарлатты. XX ғасырдың басында мыс, алтын, темір және басқа қазба байлықтарды шығаратын тау-кен өнеркәсібі орындары шетелдік акционерлік қоғамдардың қолына көшті. Мысалы, 1904 ж. Лондонда пайда болған Спасск мыс кендерінің ағылшын-француз акционерлік қоғамы Спасск-Успенск мыс кені мен зауытын, Саран-Қарағанды таскөмір кенін, темір рудниктерін сатып алды. Қоғамның акцияларын ұстаушылар американдықтар, немістер, шведтер, австриялықтар және басқалары еді. 1914 ж. Риддер руднигінің, Өскемен қорғасын - мырыш зауытының құрылыстары басталды.

Өлкедегі тау-кен өнеркәсібінің басты салаларының бірі алтын шығару еді. Тек Өскемен уезінде ғана 125-тен астам кеніш орын жұмыс істеді. Алтын өндіруші салаға орталық Ресейдің, Сібір мен Алтайдың ірі өнеркәсіпшілері де өз капиталдарын салды. Екібастұз, Қарағанды, Саранда көмір кен орындары жұмыс істеді. Қазақстанның батыс және солтүстік шығыс аймақтарында тұз өндіру кәсіпшілігі маңызды рөл атқарды. Олардың ең ірілері Ішкі Ордадағы Басқұншақ, Павлодар уезіндегі Коряков, Қарабас кәсіпшіліктері болды. Батыс Қазақстанда Орал-Ембі аймағында мұнай шығарылды. 1912-1914 ж.ж. мұнай кен орындарының иелері ағылшын капиталистері болған “Батыс Оралдық мұнай қоғамы”, “Орал-Ембі қоғамы” және “Солтүстік Каспий мұнай компаниясы” айналысты. Патша

үкіметінің бір қатар акциздік жеңілдіктер беруі, арзан жұмыс қолы, күшті бәсекелестердің болмауы арқасында мұнай өндіру шетел компаниялары үшін өте тиімді болды, олар қанаудың жыртқыштық әдістері жағдайында зор пайда келтірді.

Қазақстанда бұл кезде ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін: теріден былғары жасайтын, май шыжғыратын, сабын қайнататын, арақ, спирт шығаратын, май шайқайтын және басқа кәсіпорындар көбейді. Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында жүн, шұға фабрикалары, ет консерві зауыттары, сондай-ақ ұн-жарма өнеркәсібі дами түсті. Оңтүстік Қазақстанда шикізаттар өңдейтін майда кәсіпорындардан басқа мақта тазарту өнеркәсібі оркендеді. Балық аулау кәсіпшіліктері Еділ-Каспий бассейнінде, Орал-Ембі өлкесінде, Арал теңізінде, Ертіс озені, Балқаш пен Зайсан көлдерінде дамыды. Қазақстан бойынша ауланған балық 34,5 мың пұтқа жетті. Мұның өзі Ресейде ауланған бүкіл балықтың 11 пайызын құрады.

Өлкеде өнеркәсіптің және қалалардың осуімен байланысты темір жолдар салу маңызды рөл атқарды. XX ғ. 70-ші жылдары басында Қазақстанда темір жолдар салу Шығыс Сібірге баратын магистральдан басталды. Сібір магистралы құрылысының бірінші Батыс Сібір учаскесі Ақмола облысының Петропавл және Омбы уездерінің жерімен 178 шақырым бойы өтті. Одан ары магистраль Челябині-Қорған бағыты бойынша Обь озеніне дейін жетіп, әрі қарай Шығысқа бағыт алды. 1874-76 жылдарда Торғай облысымен Орынборды орталық Ресеймен байланыстырған Орынбор темір жолы (Самара - Орынбор) салынды. Ол Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарын Ресейдің өнеркәсіптік облыстарымен тікелей сауда қатынастарына тартуға және орталық аймақтан қоныс аударушылардың ағылып келуіне мүмкіндік берді. 1891-93 жылдарда Рязань-Козлов темір жолының акционерлік қоғамы Покровская-Слобода - Орал жолын, 1897 жылы Урбах - Астрахань жолын салды. Бірінші жол тұйық жол болған еді, ал екінші жол Орал облысының батыс жағының біраз жерін кесіп өтті.

1880-1888 жылдары патша өкіметінің шешімімен Орта Азия темір жол магистралы салынды. Магистраль Қазақстан жеріндегі Каспий теңізінің шығыс жағалауы арқылы

Красноводск фортынан ең әуелі Самарқанға, ал 1899 жылы Ташкентке жеткізілді. 1900 жылдан бастап, ол Орта Азия темір жолы деп аталды. Бұл жолмен Түркістаннан Ресейге мақта, жемістер, былғары мен тері, қарақол елтірісі, шарап және басқа да ауыл шаруашылық тауарлары тасып апарылды. Орталық қалалардан мануфактура бұйымдары, астық, қант, темір, ағаш және т. б. әкелінді. Дегенмен, Орта Азия темір жолын пайдалануда бірқатар қолайсыздықтар да орын алды. Ең алдымен бұл алыс айналма жол еді. Сондай-ақ жүктен алынатын көптеген алымдардың салдарынан тауарлардың құны артты. Жүкті тиеуде өте көп уақытты алды. Сонымен қатар қыстыгүні Каспий теңізінің жағалауындағы судың қатып қалуы және Еділ бойымен кеме қатынасының тоқтатылуы жүктерді Ресейге шығару жолын ұзақ уақытқа жауып тастап отырды. Осының бәрі Орта Азияны Ресеймен аса қысқа жолмен тікелей байланыстыратын жаңа темір жол салу қажеттілігін туғызды. Сойтіп, мемлекет есебінен Орынбор - Ташкент магистралының құрылысы туралы мәселе 1901 жылғы 21 сәуірде біржолата шешілді. Салынатын жолдың бүкіл желісі екі бөлікке бөлінді. Жолдың Оңтүстік бөлігі (Ташкент - Кобек) Түркістан өлкесі Сырдария облысының аумағы бойынша, Солтүстік бөлігі (Орынбор - Кобек) Орынбор губерниясы, Торғай облысының және Орал облысы Темір уезінің аумағы бойынша өтетін болып белгіленді. Құрылыс Орынбор жағынан 10-мамырда, ал Ташкент жағынан 1901 жылғы 9-қарашада басталды.

1904 жылы 1-қаңтарда Орынбор - Ташкент жолы бойынша поездардың уақытша жүрісі ашылды. Солтүстік бөлігі толық аяқталып 1905 жылғы 25 шілдеде, Оңтүстік бөлігі 1906 жылғы 1-сәуірде пайдалануға берілді. Жолдың сегіз шеберханасының алтауы Қазақстан жерінде орналасты. Бес ірі станция – Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск, Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орта Азиямен байланысының торапты пункттеріне айналды.

Патша үкіметі 1911 жылы жеке акционерлік қоғамдардың қаражатына Алтай және Жетісу темір жолдарын салуға рұқсат берді. 1912 жылғы 28 мамырда Жетісу темір жолы акционерлік қоғамын құру туралы шешім қабылданды. Оның құрылтайшылары болып А.И. Путилов пен ин-

женер А.А. Бунге бекітілді. Жол салу жұмыстары 1914 жылдың жазында Арыс станциясы жағынан басталды. 1915 жылдың қыркүйек айында рельсті жол Шымкентке жетті, сөйтіп Арыс пен Шымкент арасында 10-шы қазаннан уақытша тауар және жолаушылар тасыла бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыспен байланысты құрылыс баяулап, тек үш жылдан соң ғана Бурное станциясына дейін жетті.

Жетісу жолы қоғамымен бір мезгілде Алтай жолы акционерлік қоғамы да құрылды. Оның құрылтайшысы болып Хрулев бастаған кәсіпкерлер тобы бекітілді. Бұл қоғам Барнаул арқылы Новониколаевскіден Бийскіні жалғастыратын тармағы бар Семейге дейін темір жол салу және оны пайдалануды қолға алды. Қазақстан территориясы бойынша жаңа жол – Ауыл станциясынан Белағаш арқылы Семейге дейін жеткізілді. Бұл кезде жоғарыда аталған бірқатар ірі теміржолдардан басқа, өлкеде өндіріс талаптарына сай жергілікті Екібастұз, Спасск, Қарағанды, Риддер жолдары және басқалары салынды. 1917 жылы өлкеде темір жолдың жалпы ұзындығы 2793 шақырымға жетті.

Қазақстанға капитализмнің енуі мұнда тауар-ақша айналымының ұлғаюы патриархалдық-феодалдық қатынастардың ыдырауына, қазақ ауылында капиталистік қатынастардың дамуына жағдай жасады. Өнеркәсіптің жаңа салаларын өмірге әкелді, еңбектің қоғамдық бөлінісінің осуіне және жалдамалы жұмысшылардың пайда болуына үлкен ықпал етті. Натуралдық шаруашылықтың ыдырауы қазақ шаруаларының кедейленген топтарын “қосымша табыс іздеуге” мәжбүр етті. Өндірістік кәсіпорындарда жұмыс істеу олар үшін ақша тауып күн корудің көзіне айналды. Қазақстан жұмысшы табы негізінен 1860-1890 жылдары жүргізілген реформалардан кейін пайда бола бастады. Бірақ бұл процестің қарқыны мен жұмысшы санының осуі әр облыста бірдей болмады. Жұмысшылар тау-кен өнеркәсібі дамыған аудандарда 1855 жылы 1,5 мыңға жуық болса, 1890 жылы 11 мыңға жетті.

1913 жылы Қазақстандағы жұмысшылардың саны, орта есеппен 75 мыңдай адамға жетті. Өлкеде 675 фабрика-завыт кәсіпорындары болып, оларда 51104 жұмысшы істеді, темір жол және су жолы көлігінде 25 мыңнан астам жұмысшы болды. Ал 1917 жылы Қазақ революциясының қарса-

нында жұмысшылардың жалпы саны орта есеппен 90 мың адамға жеткен.

XX ғасырдың басына қарай Қазақстанның жұмысшы табы құрамында сан жағынан ғана емес, сана жағынан да елеулі өзгерістер болды. Олардың ірі кәсіпорындарға шоғырлануымен байланысты кен өнеркәсібі мен темір жол транспорты жұмысшылары арасында таптық сана-сезімнің қалыптасуы байқалды.

Әуел бастан-ақ көп ұлтты болып қалыптасқан жұмысшы табының 60 пайызы қазақтар болды да, қалғандары орыс, украин, татар, башқұрт және т.б. ұлттардың өкілі еді.

Жұмысшылардың, әсіресе, жергілікті қазақ жұмысшыларының жағдайы өте ауыр болды. Жұмыс күнінің қаншаға созылатынын кәсіпорын иелері өз еркімен белгілеп отырды. Жұмыс күні 14-16 сағатқа дейін созылды. Олардың тұрмыс жағдайына қамқорлық жасалмады. Жалақы Ресейдегі кәсіпорындағыдан екі-үш есе кем төленді. Әйелдер мен балалардың ақысы тіпті аз болды. Ордер арқылы берілетін азық-түлік пен тауарлар көтеріңкі бағамен берілгендіктен жұмысшылар есең айырысқанда, көбінесе қожайынға борышты болып қалды. Қазақ жұмысшылары ерекше ауыр жағдайды бастан кешірді. Олар жөнінде ашықтан-ашық кемсітушілік қолданылды. Құны бірдей жұмыс үшін қазақ жұмысшылары орыс жұмысшыларына қарағанда ақыны едәуір кем алды.

Жұмысшылардың еңбек жағдайы өте-мөте ауыр, еңбек құралдары - сүймен, қайла және күрек болатын. Апатты оқиғалар жиі болып тұрды. Жұмысшылардың көпшілігінде тұрғын үй болмады, 40 пайызына жуығы ғана тозығы жеткен лашықтарда, жергөлелер мен барактарда тұрды. Медициналық қызмет көрсету мен санитарлық-гигиеналық жағдай жетіспеді. Жұмысшылар мен олардың отбасылары арасында індеттер мен жұқпалы аурулар жиі шығып отырды. Міне, осындай себептерге байланысты жұмысшылардың наразылықтары да жиі-жиі бой көрсете бастады.

1891 жылы шілденің 12-13 күндері Өскемен уезіндегі Владимировск алтын кенінде ереуілге шыққан 140-тан астам қазақ жұмысшылары тұрмыс пен еңбек жағдайларын жақсарту туралы талап қойды. 1898 жылы 5 наурызда Зы-

рянов мыс рудниктеріндегі жұмысшылар жалақыны арттыруды талап етіп, топтасып көшеге шықты. Оларды патша әкімшілігі әскери күшпен басты. 1901 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Қарағанды кен орындарында Орынбор губерниясынан келген башқұрт жұмысшылары ереуіл жасады, олар жалақыны келісім-шарт бөйынша төлеуді талап етті. 1902 жылдың маусымында Семей облысының Зайсан уезінде Михайлов кенішінің жұмысшы қазақтарының толқуы болып өтті. Өз талаптары қанағаттандырылмаған жұмысшылар кеніштен кетіп қалды, осының салдарынан ондағы жұмыс тоқтатылды. 1902 жылдың қыркүйек-қазан, 1903 жылдың маусым-тамыз айларында Екібастұз көмір кендерінде жұмысшылардың ереуілі болып, олар жалақының ұзақ кідіртуіне қарсы шықты және дереу әрі толық есеп айырсуды талап етті. Табанды күрестен кейін жұмысшылар жеңіске жетті.

Қазақстанда жұмысшылардың бас көтерулері Ресейдегі революциялық процестің құрамдас бөлігі ретінде кеңінен өрістеді. Өлкеде жұмысшы қозғалысының дамуына Ресейдің орталық губерниялары мен Сібірден келген жұмысшылар және жер аударылған саяси қылмыскерлер елеулі ықпал жасады. Олар өндірістегі қазақтарға өздерінің күрес тәжірибелерін үйретіп, жұмысшы қозғалысына саналылық пен ұйымшылдық элементтерін енгізді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына қарай Ресейде капиталистік даму империалистік сатыға көтерілді. Бірақ Ресейде империализм елдің экономикасы мен саяси құрылысында феодалдық-басыбайлылық қалдықтардың сақталуы жағдайында дамыды. Помещиктердің сойылын соғатын ірі монополистік капиталмен тығыз байланыстағы патша өкіметі елдің өндіргіш күштерінің дамуына тұсау болып, қоғамдық прогресті тежеді.

Империализм дәуірінде ұлттық аймақтарда отаршылдық езгі күшейді, елдегі таптық және ұлттық қайшылықтар шиеленісе түсті. Патша өкіметі бір халықты екінші халыққа айдап салып, кескілестіріп отырды, ұлт мәдениетін тұншықтырды, орыс емес халықтарды езуді күшейтті. Осының бәрі Қазақстанда да әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістіріп, тап күресін өрістетуге әкелді.

Қазақстанда революциялық идеяның, соның ішінде марк-

сизмнің тарауы Орталық Ресейден көп кейін басталды. Оған өлкеде әлеуметтік-экономикалық қатынастың әлсіздігі және жұмысшы табының аздығы себеп болды. Қазақ өлкесінде Атбасарда, Көкшетау мен Павлодарда алғашқы марксизм идеясын таратушы Петербург қаласындағы Благоевтар тобынан келген В. Г. Харитонов, Қарқаралы мен Семейде социал-демократ И. С. Домашевич, Верныйда /Алматыда/ А. С. Кочаровская т.б. еді.

Петропавл қаласында 1902 жылдың аяғында ұйымдастырылған тұңғыш маркстік үйірме негізінен жер аударылғандардан құрылды. 1903 жылы осындай үйірме Петропавл темір жолында, 1902 жылы 1 мамырда Орал қаласында саяси үйірме мүшелері ереуіл ұйымдастырды. Сонымен жоғарыда айтылған деректердің барлығы Қазақстан өлкесінде қоғамдық сананың қалыптаса бастағанын, патша өкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы күрестің күшейе түскенін көрсетеді.

§2. 1905-1907 жылдардағы орыс революциясына Қазақстан халқының қатысуы

Бірінші орыс революциясы кезінде патшалық тәртіпке қарсы күрескен ұлттық аймақтардың езілген халықтары да көтерілді. Қазақстан еңбекшілерінің 1905-1907 жылдардағы ереуілдері орыс халқының революциялық күресімен тығыз байланысты еді.

Қазақстан қалаларында өткен жұмысшылар мен қызметкерлердің жиналыстарында Петербургтегі қарусыз жұмысшыларды 1905 ж. 9 қаңтарда атқылауға наразылық білдірді. Ереуіл кезінде қаза тапқандардың отбасыларына көмек үшін қаржы жиналды. Өлкеде жұмысшылардың ереуілдері мен стачкалары, әсіресе теміржол қатынасы орындарында неғұрлым кең қанат жайды. Революция жылдарында өлкенің темір жол тораптарында поездардың жүрісі талай рет тоқтатылды, теміржолшылар өз еркімен 8 сағаттық жұмыс күнін енгізді. 1905 жылы ақпапда Орал, Перовск, Түркістан, Шалқар теміржолшылары өздерінің экономикалық жағдайларын жақсарту талабын қойған ереуіл жасады. Павлодар мен Перовскіде қала еңбекшілері, Петропавлда темір жол

депосының, Жосалы станциясында құрылыс жұмысшылары ереуіл ұйымдастырды. Ал 1905 ж. қазан-желтоқсан айларындағы революцияның өрлеген кезеңінде құрылған Перовскінің, Петропавлдың, Оралдың және басқа станциялардың теміржол комитеттері өлкедегі жұмысшылар депутаттары Кеңестерімен бірдей іс жүзінде жаңа революциялық өкіметінің бастамасы болды. 1904 жылы пайда болған Сібір социал-демократиялық одағы, оның Омбы, Орынбор, Саратов комитеттері Қазақстан жерінде революциялық жұмысты күшейте түсті. Олар қалаларда, ауылдар мен әскер құрамаларында шаруаларды пролетариатпен одақтастыра отырып, патша өкіметі мен оның жергілікті органдарына қарсы күреске шақырған листовкалар таратты.

1905 жылы Қазан айындағы Бүкілресейлік ереуілдің әсерімен Қазақстанның барлық қалаларында шерулер, митинглер мен жиналыстар болып өтті. Перовскідегі, Оралдағы, Қарқаралыдағы, Павлодардағы манифестациялар неғұрлым ірі болды. Оларды орыстар арасынан және қазақтардан шыққан жергілікті зиялылар ұйымдастырды. Мысалы, Оралда Б. Қаратаев пен Ж. Сейдалин, Қарқаралыда А. Байтұрсынов пен М. Бекметовтар және т. б. ерекше белсенділік көрсетті. Қарқарыладағы 1905 жылғы 15 қарашадағы үлкен саяси митингке қазақтардан, татарлардан, орыстардан және басқаларынан тұратын 400-дей адам қатысты. Олар патша өкіметіне қарсы бірқатар талаптар қойды, отаршылық әкімшілікке қарсы күресуге шақырды. Кейіннен Қарқаралы оқиғасының басшылары қуғынға ұшырады. А. Байтұрсынов Орынборға, Ж. Ақбаев Якутияға жер аударылды.

Патша өкіметі 1905 жылы 17 қазанда елдегі революциялық қозғалысты басу мақсатында арнайы манифест қабылдады. Бірақ бұл жоғары мәртебелі манифест жұмысшы қозғалысын бәсеңдеткен жоқ, қайта кейбір жерлерде күшейте түсті. Әсіресе, темір жол жұмысшыларының ереуілі өрістеді. Мәселен, Орынбор - Ташкент темір жолындағы поездардың жүрісі: солтүстік бөлігінде (Орынбордан Қазалыға дейінгі) 1905 жылғы 14 қазаннан 20 қазанға дейінгі, ал оңтүстік бөлігінде (Ташкенттен Қазалыға дейінгі) 15 қазаннан 2 қарашаға дейін тоқтатылды. Мұнда жұмысшылар ереуілдерін Перовск революциялық комитеті басқарды. Комитеттің өкімімен Түркістан станциясынан Қазалы станция-

сына дейін поездардың жүрісі тоқтатылды. Теміржолдардағы жұмысшы қозғалысын басып-жаншу үшін Ташкентке патша әскерлері жеткізіліп, олар станция мен депоны басып алды. Бірақ жолдың оңтүстік бөлігіндегі қараша айындағы бас котеру Перовск комитетінің табандылығы арқасында 16 қарашадан 9 желтоқсанға дейін созылды. Осындай тегеурінді ереуіл Орал станциясында да жүрді. 14 желтоқсанда Орал станциясы мен депосын патша әскерлері басып алды, осыған қарамастан жұмысшылар ереуілі 1905 жылдың 22-ші желтоқсанына дейін жалғасты.

Қазақ жұмысшылары мен шаруалары патша өкіметіне орыс жұмысшыларымен және қоныстанған шаруалармен қол ұстаса отырып қарсы шықты. Қазақ шаруалары ең алдымен жер, су үшін, теңдік, бостандық пен тәуелсіздік үшін күресті. 1905 жылы жазда Семей, Торғай және Орал облыстарында жер үшін толқулар болды. Баянауыл және Кереку уездерінің шаруалары ірі феодал Шормановтардың жерін тәркілеуді және оны жері жоқтарға бөліп беруді талап етті. Мұндай бой котерулер Алтай округінде, Семей облысының - Қарқаралы, Торғай облысының - Ырғыз, Сырдария облысының - Шымкент, Әулиеата, Жетісудың - Жаркент уездерінде кең өріс алды. Патша әкімшілігі бұл аудандарға әскери отрядтар жіберіп басты.

Мәсекеудегі желтоқсан қарулы котерілісінің әсерімен 1905 жылы 11 желтоқсанда Успен руднигінде жұмысшылардың ірі ереуілі өтті. Ереуіл барысында орыс жұмыскері Петр Топорнин мен қазақ жұмысшысы Әлімжан Байшағыров басқарған “Орыс-қырғыз одағы” құрылды. Жұмысшылар оздерінің жалпы жиналысында қабылдаған талаптарын “Петиция” ретінде рудник басшысы Н. Фелльге тапсырды. Оның бірде-бір пунктін қабылданбағандықтан “Орыс-қырғыз одағының” шақыруымен рудникте ереуіл басталды. Рудник кеңсесі үстіне қызыл жалау котерілді. Бұл ереуілді Қарағанды көмір кені орындарының жұмысшылары қолдады. Патша әкімшілігі бұл жерлерге әскери отрядтар жіберіп, ереуілшілерді жазалады. Успен руднигі жұмысшыларының ереуілі 1905-1907 жылдары Қазақстанда болған революциялық қозғалыс тарихында көрнекті орын алады. Яғни, ол өлкеде революциялық қозғалыстың ең жоғарғы шарықтаған кезі деп саналады.

1905 жылы Мәскеудегі желтоқсан қарулы көтерілісі жеңіліске ұшырағаннан кейін революцияның шегінісі басталып, реакция шабуылға көшті. Ол Қазақстанда да өз көрінісін тапты. 1906 жылы 6 қаңтарда патшаның арнаулы жарлығымен Ақмола және Семей облыстарының бүкіл аумағына соғыс жағдайы енгізілді. Солтүстік Қазақстанға Меллер-Закомельскийдің жазалау экспедициясы әкелінді. Алайда, осыған қарамастан, 1906 жылдың маусымында Семей қаласының барлық кәсіпорындарының жұмысшылары бас көтеру жасады. 1907 жылдың наурызында Семей қаласындағы Мусиннің зауыты мен диірмені жұмысшыларының, Орал қаласындағы полиграфистерінің қысқа мерзімді бас көтерулері мен толқулары болып, олар 8 сағаттық жұмыс күнін, жалақыны арттыруды және т. б. талап қойды. Бұл жылдары өлкенің темір жол станцияларында да жекелеген саяси акциялар өткізілді. 1906 жылғы 14-16-ші шілдеде Қазалы станциясында, 7-ші тамызда – Петропавл станциясында, 20- тамызда Ақтөбе станциясында митингілер жүрді. Сөйтіп, мұның бәрі бүкіл Ресейдегі сияқты, Қазақстанда да 1906-1907 жылдарда революциялық күштердің, әсіресе жұмысшы қозғалысының патша өкіметіне қарсыласа отырып шегінгенін көрсетті.

1905-1907 жж. болған революциялық қозғалыстармен байланысты Қазақстанда жұмысшылардың кәсіподақ ұйымдары бой көтерді. Алғашқылардың бірі болып Оралдағы теміржолшылардың кәсіподағы /1905 ж. қараша/ құрылды, оған Н. Смуров, Н. А. Покатилов және Н. И. Ульянов басшылық жасады. Оралда басқа да бірқатар кәсіподақ ұйымдары қызмет етті. 1906 ж. Орынбор - Ташкент теміржолшыларының кәсіподағы ең ірі ұйым болып саналды. Оның 6 мың мүшесі болған. Жалпы Қазақстан бойынша бірінші орыс революциясы жылдарында теміржолшыларды қоспағанда, жұмысшылар мен қызметкерлердің 20-25 кәсіподағы жұмыс істеді, олар жұмысшылар мен қызметкерлердің жалпы санының шамамен 3,5 пайызын біріктірді.

Патша өкіметі халықты революциялық қозғалыстан боліп шығару үшін, олардың өкілдері қатысатын Мемлекеттік Дума шақыру жөнінде өзінің шешімін қабылдады. 1905 жылы желтоқсан айында I Мемлекеттік Думаны шақыру туралы патша өкіметінің жарлығы шығып, оған Қазақ-

станнан 9 депутат, оның ішінде 4 қазақ сайланды. Олар: Ә. Бөкейханов, А. Бірімжанов, А. Қалменов, Б. Құлманов. I Думаның көптеген депутаттарының патша өкіметінің саясатына қарсы шығуымен байланысты 1906 ж. 8 шілдеде ол қуып таратылды. Сол жылы тамыз айында II Мемлекеттік Дума шақырылды. Оған Қазақстаннан 14 депутат сайланды, оның алтауы қазақ халқының өкілдері болды. Олар: III. Қошығұлов – Ақмола облысынан, Х. Нүрекенов – Семей облысынан, Б. Қаратаев – Орал облысынан, А. Бірімжанов – Торғай облысынан, Т. Аллабергенов – Сырдария облысынан, М. Тынышбаев – Жетісу облысынан.

Екінші мемлекеттік Думада өлкенің социал-демократиялық ұйымынан барған депутаттар қазақ кедейлерінің мүдделерін қорғап сөз сөйледі. Олар еңбекшілердің ауыр жағдайының себептерін, жер мәселесін шет аймақтарды отарлау саясатымен шешуге болмайтынын айтты. Мәселен, Б. Қаратаев өзінің мемлекеттік Думадағы сөзінде елдегі аграрлық қайшылықтарды өкімет шаруаларды далалық аймақтарға, соның ішінде Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарына көшіру арқылы шешкісі келеді деп көрсетті.

XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі отаршылықтың күшеюі ұлт-азаттық қозғалыстың орлеуіне әсер етті. Бұл кезде қазақ ұлт интеллигенциясы өкілдерінің арасында Петербор, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы, Орынбор жоғарғы оқу орындарын бітіргендерден либерал-демократиялық қозғалысы қалыптасты. Оның басында ірі саяси қайраткер, корнекті экономист-ғалым, “Алаш” партиясының негізін қалаушы, кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Мемлекеттік думадағы мұсылмандар тобының мүшесі Әлихан Бөкейханов тұрды.

Ұлттық қозғалыстың Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов бастаған жетекшілері халықтың азаттық қозғалысын конституциялық монархия, либерал-демократиялық реформалар жүргізу үшін күреске бағыттағысы келді. Олар патша өкіметінің аграрлық саясатын қатты сынға алды, Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру саясатын тоқтатуды талап етті. 1905 ж. қазанда ұлттық интеллигенция өкілдері Оралда бес облыстағы қазақтардың делегаттарының съезін өткізіп, онда олардың ұлттық мүддесін қорғауға

тиісті Ресейдің конституциялық-демократиялық партиясының филиалын құрмақшы болды. 1906 жылы Семейде қазақтардың екінші съезі болып өтті. Ол съезд кадеттердікіне жақын бағдарламаны мақұлдады. Оған олкеге орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерлерін бұрыннан тұрғылықты халықтың меншігі ретінде тану, мектептер ашу және тағы басқа да талаптар енгізді. Олар өздерінің дін тұту еркіншілігін алу, ұлттық мәдениетін дамыту, Қазақстанда қазақ тілін басқа тілдермен теңестіре жүргізу жөнінде мәселелер көтерді.

Қазақ еңбекші бұқарасының 1905-1907 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы көп жағдайда ұйымдаспаған түрде өтті. Дегенмен жергілікті өкімет пен қарулы қақтығысқа дейін барған қазақ кедейлерінің жекелеген толқулары еңбекшілердің патша өкіметіне, сондай-ақ жергілікті қанаушыларға қарсы күресте саяси тәрбие мектебіне айналды. Сол мектептің тәжірибесін кейін олар ұлттық және әлеуметтік азаттық алу жолындағы күресте пайдаланды.

§ 3. Столыпин аграрлық реформасы. Отарлық қоныстандыру саясатының күшеюі.

1905-1907 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін Ресейде реакция кезеңі басталды. 1907 жылы 3 маусымда Екінші мемлекеттік Думаның таратылғаны, Үшінші мемлекеттік Дума сайлауы туралы ережеге өзгерістер енгізілгені жөнінде патша жарлығы шықты. Заң бойынша қазақтар мен өлкегі мекендеген басқа шағын халықтар сайлау құқынан айырылды. Социал-демократиялық фракцияның мүшелері тұтқынға алынып, сотқа тартылды және жер аударылды. Олардың қатарында Қазақстан еңбекшілерінің депутаттары А. К. Виноградов пен И. Ф. Головановта болды.

Осы кезде революциялық ұйымдар мен қозғалысқа қатысқандарды сотсыз және тергеусіз жазалайтын төртіп енгізілді. Полиция социал-демократиялық ұйымдарды, олардың мүшелерін аяусыз жазалады. Реакция жылдарында РСДЖП-ның Ташкент, Омбы комитеттері, Петропавл, Се-

мен, Верный қаласындағы социал-демократ топтары талқандалды. Революциялық қозғалысқа қатысушылар жер аударылып, каторгаға айдалды, түрмеге қамалды. Олардың арасында Қазақстаннан шыққан революционер-қайраткерлер В. В. Куйбышев, М. В. Фрунзе, К. А. Попов, Ф. А. Березовский және т. б. бар еді. Қызметшілерді, жұмысшылар мен шаруаларды полициялық қадағалау күшейді. Кәсіпорындарда жұмыс нормалары, жұмыс күнінің ұзақтығы ұлғайтылды.

Реакция жылдары патша өкіметінің ұлттық саясаты халық мүддесіне қарсы сипатта болды. Дала өлкесі облыстарының генерал-губернаторлары жергілікті басқару жүйесінде қатаң шаралар қолданып, ұлт мәдениетіне қарсы жорық ұйымдастырды. Барлық жерлерде революция кезеңінде пайда болған газеттер мен журналдар жабылып, мәдени агарту қоғамдарына тыйым салынды.

Патша өкіметі тек қана қудалау жасаумен ғана шектелмеді, сонымен қатар жергілікті жерлердегі бай кулактардан деревняда берік тірек жасауды жөн көрді. Сойтіп, шаруалар қауымын күшпен ыдырату саясатын жүргізе бастады. 1906 ж. 9-шы қарашада Столыпин шаруаларды қауымнан хуторға болу туралы жаңа жер иелену заңын шығарды. Бұл заң, әсіресе, жағдайы нашар шаруалардан арзан бағамен жер сатып алушы аukatты шаруалар (кулактар) үшін өте пайдалы болды.

П. А. Столыпин 1906-1911 жылдары Министрлер Кеңесінің торағасы болған кезде өзінің аграрлық реформаларын әзірледі. Оның бірінші шарты шаруаны жердің иесі етіп бекіту болатын. П. А. Столыпиннің аграрлық саясатының мәні үш заң актісінде көрсетілді. Бұл жоғарыда айтылған Сенаттың қарауына берілген 1906 жылғы 9 қарашадағы “Шаруалардың жер иеленуіне және жер пайдалануына қатысты қолдапылып жүрген заңның кейбір қаулыларын толықтыру туралы” жарлық. Ол III Мемлекеттік Думада 1910 жылы 14 маусымдағы “Шаруалардың жер иеленуі жайлы кейбір қаулыларды өзгерту мен толықтырулар туралы” заң етіп қайта қаралып толықтырылды.

1911 жылғы 29 мамырда “Жерге орналастыру туралы” заң қабылданды. Аграрлық реформалар бойынша шараларды жүргізу оның барысында шаруалардың көшіп-қонуына

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі

§1. 1916 ж. көтерілістің басталу себептері, сипаты және қозғаушы күштері

еркіндік берілді, нәтижесінде олардың шет аймақтарға, соның ішінде Қазақстанға жаппай кошуі кенінен өрістеді. Тек 1906 жылдан 1915 жалға дейін өлкеде 580587 отбасы көшіп келді. Егер 1893 және 1905 жылдар аралығында, яғни 12 жылда Ресейден қоныс аударғандар үшін қазақтардан 4 миллион десятинадан астам жер алынса, одан кейінгі 7 жылда (1906-1912 жж.) 17 млн. десятина жер тартып алынды. Қоныс аударудың басыбайлық әдісі қазақ шаруаларын қатты күйзеліске ұшыратты. 1917 жылға дейін Қазақстанның 45 млн. десятина жеріне ие болған көшіп келгендердің саны 1,5 млн-ға жетті. Өлке халқының үштен бірі Ресейдің орталық аудандарынан, Еділ бойынан, Украинадан келгендердің басым көпшілігі орыстар мен украиндар еді. Сөйтіп, патша өкіметінің қоныс аудару саясаты Қазақстанда жер мәселесі бойынша қайшылықтардың шиеленісуіне, еңбекші қазақ бұқарасының жерсіз қалып күйзелуіне әкеп соқты.

1910-1911 жж. жаңа экономикалық орлеуге байланысты Қазақстанда ереуілдік қозғалыстар жандана түсті. 1911 ж. мамыр айында Перовск және Түркістан станциялары теміржол шеберханаларының жұмысшылары, “Атбасар мыс рудалары” акционерлік қоғамы рудниктеріндегі кеншілер ереуілге шықты. Бұл ереуілдерге жалақыларын кобейтуді талап еткен 300-дей адам қатысты.

1912 жылы Ресейдің жұмысшы қозғалысында жаңа революциялық орлеу басталды. Сәуір, мамыр айларында Лена өзені бойындағы алтын өндіру өндірісіндегі жұмыскерлерді атуға байланысты елде болған саяси толқулар бүкіл өлкеге жайылды. Сол жылғы мамырда Қазақстанда Спасск мыс қорыту зауытында басталған ереуіл 1913 жылдың маусым айына дейін созылды. 1913 жылғы қыркүйекте Торғай уезінің Шоқпаркол көмір кендерінде болған жұмысшылардың толқуы 1914 жылдың бірінші жартысында Ембі мұнайшыларының ереуілдерімен ұласты. Жаңа революциялық орлеу кезінде Қазақстанның жұмысшы табы жалақыны арттыруға, қожайындардың айыптарды кобейтуден бас тартуына қол жеткізді. Өлке жұмысшыларының ереуілдері патша өкіметіне қарсы шаруалар толқуларының артуына, ұлт-азаттық қозғалысының дамуына ықпал етті.

XX ғасырдың басында патшалық Ресейдің Орта Азияның шығыс аудандарымен Қазақстанды отарлауы өте күшті қарқынмен жүргізілді. Тек 1907-1912 жылдары империяның Еуропалық бөліктерінен бұл жаққа 2 млн 400 мың адам келіп қоныстанды. Әсіресе, Қазақстанда отарлау кең ауқымда жүргізілді. Қазақтардың жерлерінде патша өкіметі шаруаларды қоныстандыру үшін жер қорын жасап, 1917 жылға дейін олардың 45 млн. десятина ең шұрайлы жерлерін тартып алды, сөйтіп жергілікті халықтар таулар мен шөл далаларға ығысуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде не еу, не мал жаятын жеткілікті шабындық болмады.

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында бұрынғы Түркістан аймағында (Хиуа мен Бұқараны қоспағанда) 941 жаңадан қоныстанған поселкелер пайда болды. Бұл кезде Түркістанда орыс поселкелерінің әрбір тұрғынына 3,17 десятина егін егетін жерден келсе, жергілікті тұрғындарға (қазақ, өзбек, қырғыз және т. б.) 0,21 десятинадан ғана жер келді. Сөйтіп, ешқандай жері жоқ қазақ-қырғыз тақыр кедейлерінің үлкен тобы құрылды. Жетісу губерниясында көшіп келген орыс кулак шаруашылықтарының 90 пайызына астамы қазақ кедейлерінің жалдамалы еңбегін пайдаланды. Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс-украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды шиеленістірді, жер мәселесі жөніндегі күштеу саясаты шеткі аймақтарда да кеңінен тарады.

1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл Бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да аса ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша чиновниктері мен жергілікті әкімдердің және байлардың зорлық-зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан орасан көп

жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнелтілді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді, шаруалардың ірі қара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу күшейді. Осының бәрі егістік жердің қысқаруына, ірі қара мал ба-сының азаюына әкеп соқты. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауыл шаруашылығының күйзелуі Қазақстан экономикасын құлдыратты. Қалалар мен ауылдардағы еңбекші бұқараның жағдайы күрт төмендеді.

Соғыс жылдары тек Түркістаннан майдандағы әскер-лердің қажеті үшін 38 мың шаршы метр киіз, 300 мың пұт ет, 473.928 пұт балық, 70 мың жылқы, 12797 түйе күштеп алынып, майдан аймақтарына жіберілді. Қазақ шаруаларын кәсіпорындарға, бай-құлақ шаруашылықтарына жалдап жұмыс істету күшейді.

Дүниежүзілік империалистік соғыс елде өнеркәсіптің қирауына, ауыл шаруашылығының тоқырауына (дағдары-сына), халық арасындағы аштыққа алып келді. Жергілікті жерлерде шенеуніктер мен әкімшіліктердің зорлап алым-салық жинауы өсті. Бұл кезде әр түрлі салықтардың 10-ға тарта түрі болды. 1916 жылы 3 миллиард сомға жаңа мем-лекеттік заемға жазылу науқаны жүргізілді, олда қазақ халқының мойнына ауыр салмақ болып түсті. Бірінші дүни-ежүзілік соғыстың басталуымен байланысты қазақ халқы-на тағы бір ауыртпалық - әскери салық салды. Оның әр түрінге көлемі 1 сом 84 тиын мөлшерінде белгіленді.

Соғыс жылдарында патша өкіметі қазақтардан жерді тар-тып алуды жалғастырды. Бір ғана Жетісу облысы бойын-ша 1914 жылға қарай 2 миллион 703 мыңнан астам десяти-на шұрайлы жер тартып алынды. Өлкеде халықтар арасын-дағы ұлттық бөлінушілік күшейді. Қазақ даласында жалпы ұлттық дағдарыс пісіп жетілді.

Соғыс ауыртпалығы Қазақстанда жұмысшылар мен ша-руалар қозғалысының осуіне түрткі болды. 1915 жылы ма-усым айында Екібастұз, Байқоңыр көмір кендерінде, Спасск мыс кен руднигінде, Орынбор-Ташкент темір жолында жұмысшылардың қозғалысы бой көтерді.

Соғысқа қарсы, қымбатшылыққа және етек алып келе-жатқан аштыққа қарсы қалалар мен деревняларда қала ке-дейлері мен майданға кеткен солдаттардың әйелдері ереуі-лге шықты. 1916 жылы қаңтар айында мұндай толқулар

Перный, Семей қалаларында болды. Орынбор облысы Ақ-Бұлақ поселкесінің, Жетісу облысы Лепсі уезінің бірқатар селоларының кедейлері мен майданға кеткен әскерлердің әйелдері жергілікті саудагерлер мен көпестердің дүкендерін талқандады. Сөйтіп, қоғамдағы қанаушы және қаналушы топтар арасындағы қарама-қарсылық, бір-біріне қарсы шығу жағдайы бұқаралық сипат алды.

Кәсіпорын иелерінің, жергілікті буржуазия мен феодал-дардың зорлық-зомбылығы 1916 жылы 25 маусымда пат-ша өкіметінің “Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже” қабылдау-ына байланысты тіпті күшейе түсті. Жұмыстан немесе өкімшілік ережелері мен талаптарын орындаудан бас тарт-қан жұмысшыларды түрмеге отырғызуға, немесе үш ай мер-зімге тұтқынға алуға, болмаса айып ретінде ақша өндіріп-алуға кесетін болды. Азық-түліктің екі-үш есе қымбаттауы-на халықтың наразылығын оршыта түсті.

Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Жар-лық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға оқоп-қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық об-лыстарынан - 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу козделді. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл-старшындары жастарының асқандығына қармастан ке-дей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын “қара тізімге-косты”, ал феодалдар балаларының жасын өз бетіпше-үлкейтп, немесе кішірейтп көрсетп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25-30-жастағы бай балалары 50 жастағы болып жазылды.

Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды. Елде болыс-тық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, кәті-гез байларды өлтіру, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл-жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаз-дарын т. б. жойып жіберу секілді ашу-ыза әрекеттері кең-орын алды. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен

қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетуі жиілей түсті.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарда ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және жергілікті жерлерде патша өкіметінің сүйеніш болып отырған феодал-байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалысты еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласында қазақ жастарын Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда - Жалау Мыңбаев, Ақтөбе даласында - Әділбек Майкөтев, Жетісуда - Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов т. б. басқарды.

Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол - 1916 жылы қазақ интеллигенциясының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар, халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне қарсылық көрсете алмай, тағыда қырғынға ұшырайтынын сезді. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны - халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады. “Қазақ” газетінің ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынбайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады.

Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жылы 27 ақпанда бас-аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кейінгі зерттеушілер тарапынан болашақ “Алаш” партиясының өкілдері 1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты деген ұшқары жалған сөздер айтылды. Алашордалықтардың көтеріліс кезіндегі тактикасын түсінбеді.

Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас-қоз болып, кейін аман-есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялылары

тоқтатушылар, заңгерлер және т. б.) серіктерімен бірге майданға (реквизицияланғандармен) аттанды. Бұны пағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігіттерінің елге аман оралуы өкітәлі еді.

1916 жылғы шілде, тамыз айларында көтеріліс бүкіл қазақ даласын қамтыды. Оны басу үшін патша өкіметі жауыншы отрядтар жіберді. Оның құрамына жақсы қаруланған әскер бөлімдері, казак-орыс шоғырлары кірді.

Көтерілісті басу үшін патша үкіметі өзінің ескі “боліп ет да билей бер” деген тактикасында кеңінен қолданды. 1916 жылғы 23 тамызда Түркістан генерал-губернаторы Куронаткиннің жарлығымен майдан жұмыстарына шақырылудан қанаушы таптардың бірқатар өкілдері босатылды. Олар: Басқару органдарының (облыстық, ауылдық) қызметкерлері, жергілікті (бұратана) халықтың төменгі полицияда істеп жүргендері, имамдар, молдалар, медреседе істейтіндер, мекемелерде қаражат мәселесімен айналысатын бухгалтерлер мен есепшілер, мемлекеттік және жеке деген жоғары және орта білім беретін оқу орындарында оқын жүргендер, мемлекеттік мекемелерде қызмет істеп жүрген бұратана халықтың өкілдері, дворян және құрметті маматтар әулетінен шыққан бұратана халықтың өкілдері. Мұның өзі патша үкіметіне жалпы халықтық қозғалыстан бұратана әкімшілігінің, байлар мен мұсылман діні өкілдерінің аздаған тобын боліп алуға мүмкіндік берді.

§2. Көтерілістің Жетісу және Торғай облыстарындағы орталығы

1916 жылғы қазақ халқы көтерілісінің басты аудандарының бірі - Жетісу еді. Мұнда ол 1916 жылғы шілденің алғашқы күндерінде Жаркент - Тараншы болысының Городское селосындағы тыл жұмыстарына жіберілетін жігіттердің тізімдерін жасауға қарсылық көрсетуімен басталды. Сол жылғы 7 және 8 шілдеде Верныйдан шамамен 40 шақырымдай Үшқоңыр деген жерде тоңіректегі болыстардағы қазақ халқының өкілдері съезге жиналды. Онда жігіттер әскерге жіберілмесін, жұрт таудан түспесін, әкімшілік та-

рапынан күштеу шаралары қолданылған ретте телеграф бұзылсын, окоп қазу жұмыстарына шақырылатын адамдардың тізімі жойылсын деген шешім қабылданды.

10 шілдеде Ұзынағаш болысының Үлкенсаз деген жерінде де дәл осындай, бірақ құрамы жөнінен көп адам қатысқан съезд болып, оған Жетісудың он бір болысынан 5 мыңдай адам қатысты. Съезге қатысушылар да “оқтың астына барғанша осында олгеп артық” деген қаулы қабылдады. Бұл кезде Верный және Жаркент уездерінің көптеген болыстарында жаппай бас көтерулер басталды. Лепсі және Қапал уезінің болыстарында 30 мыңға тарта жігіт жиналды.

1916 жылғы 7 тамызда Верный уезіндегі Ботпай, Шығыс және Батыс Қастек, Ырғайты және Тайторы болыстары қазақтарының Самса станицасы маңында біріккен бас көтеруі басталды. Көтеріліс бұл жерден Тоқмақ маңына ауысты. Верный-Қордай жолының бойындағы барлық пошта бекеттері өртелді. Ташкентпен, Пішпекпен және Пржевальскімен телеграф байланысы үзілді. Тамыздың орта шенінде Жетісу облысының барлық болыстары дерлік толққыды.

Жетісудағы көтеріліс басшыларының және қазақтың демократияшыл зиялыларының бірі - Тоқаш Бокин. Ол халықтар арасындағы үгіт жұмысына басшылық етті, соғыстың халыққа қарсы сипатын түсіндірді, үстем феодал-байлар тобының сатқындық ролін әшкерелеп, патша жарлығын орындамауға шақырды. 1916 жылғы тамыздың бас кезінде революциялық қызметі үшін ол қамауға алынды. Түрмеде Тоқаш Бокин Ақпан тоңкерісінің жеңісіне дейін отырды. Жетісу жеріндегі отрядтарға, сонымен бірге, Бекболат Әшекеев, Нүрке Сатыбеков, Жәменке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов (Қарқара), Аққоз Қосақов /Мерке/ және басқа да көптеген адамдар басшылық етті.

Жетісу облысындағы, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азияның басқа да облыстарындағы көтеріліс патша әкімшілігін қатты абыржытты. Түркістан өлкесі соғыс жағдайында деп жарияланды. Түркістанның генерал-губернаторы Куропаткин “ешқандай амалдардан тартынбай, көтерілісшілерді дереу тыныштандыруды” талап етті. Жергілікті әкімшілікке көтерілісшілерге қарсы күресу үшін, тұрғылықты халық арасындағы рулық және тайпалық қайшылықтарды пайдалануды ұсынды.

Көтерілісшілерге қарсы зеңбіректермен, пулеметтермен жаратқандырылып, арнайы жасақталған жазалаушы әскерлер жіберілді. Көпірлер мен темір жолдарды күзету күшейтілді, әскери-далалық соттар ұйымдастырылды. Түркістан өлкесінің басқа облыстарынан Жетісу облысына үш әскери жасақ, жеті атқыштар ротасы, казактардың бес жүздігі және 14 зеңбірек жеткізілді, майдандағы армиядан казак-орыс батареясы және екі пулемет командасы бар екі орыс-казак полкі келтірілді.

Көтерілісшілерге қарсы әскерлер жіберілгеніне, ауылдар мен қалаларда “күдіктілердің” бәрін жаппай тұтқыңға алынғанына, ал әскери-дала соттарының өлім жазасына кескен үкімдер шығарғанына қарамастан, патша әкімшілігі көтерілісшілердің жауынгерлік рухын жасыта алмады. Көтерілісшілер қорғанып қана қоймай, кейбір жерлерде шабуылға да шығып отырды. Тоқмақ қаласы төңірегінде, Жаркент уезінің кейбір селоларында (Таврическое, Владиславское, Мещерское, Красноярское, Новокиевское) күшті шайқастар жүрді. Ұзынағаш селосынан тауға жақын жерде Жайшымыс болысының көтерілісшілері мен подполковник Башневичтің жазалаушы отрядтарының арасында шайқастар жүрді. Алайда, көтерілісшілер саны көп және техникалық жағынан басым патша әскерлерін жеңе алмады.

Жазалаушылармен соңғы ұрыс 1916 жылғы қыркүйектің аяғында Қапал уезіндегі Быжы өзенінің маңында жүрді. Көтерілісшілердің жасақтары жеңіліске ұшырап, қалғандары тауға кетті. Жетісудағы көтеріліс 1916 жылғы қазанда басып-жаншылды.

Патша жендеттері көтерілісшілерді ғана емес, бейбіт халықты да жазалады. Ондаған қазақ және қырғыз ауылдары қиратылды. Олардың малын айдап әкетті, мүлкін талан-тарапқа салды. Патша әскерлері қудалаған 300 мыңнан астам қазақтар мен қырғыздар туған жерін тастап, Батыс Қытайға отіп кетуге мәжбүр болды. Көтерілістің басты жетекшісі Бекболатты дарға асып өлтірді.

Сотсыз-тергеусіз атылғандарды, жазалаушылар мен кулак отрядтарының қолынан қаза тапқандарды есептегеннің өзінде Куропаткин бекіткен сот үкімдері бойынша ғана Түркістан өлкесінде 1917 жылғы 1 ақпанға дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129

адам түрмеде отыруға кесілді. 1916 жылы халық көтерілісі сондай-ақ Сырдария, Ақмола, Семей, Орал облыстарында және Бөкей ордасында қамтыды.

Көтерілістің ең бір күшті болған орталығы Торғай облысы еді. Мұнда көтеріліс ең бұқаралық, ең ұзаққа созылған, ең табанды және ұйымдасқан көтеріліс болды. Көтеріліс барлық уездерде: Торғай, Ырғыз, Ақтобе және Қостанай уездерін қамтыды. Облыста көтеріліс қамтымаған ауыл немесе елді мекен болмады. Бұл кездейсоқ емес еді. Істің мәні мұнда жұрттың көп жері тартып алынып, жер мәселесінің шиеленісуі өте күшті болғандығында еді.

Торғай уезінің қыпшақ руының қазақтары оздерінің ханы /әмірі/ етіп Нияз бидің немересі Әбдіғапар Жанбосыновты сайлады. Ал оның әскерінің бас сардарбегі (әскер қолбасшысы) болып Амангелді Иманов тағайындалды. Арғын руының болыстарын Оспан Шолақов басқарды.

Амангелді Иманов 1873 жылы Торғай уезінің Қайдауыл болысындағы ауылдардың бірінде, кедей шаруаның семьясында туған. Әкесінен ерте айырылған Амангелді байлардың есігінде жүріп, бала күнінен-ақ жоқшылық пен мұқтаждық көрді. Амангелді Имановтың ұйымдастырушылық қабілеті халық көтерілісінің алғашқы күндерінен бастап-ақ айқын көрінді. Ұшы-қиырсыз Торғай даласының барлық түкпірлерінде көтерілісшілер жасақтары құрылып, оларға Байқоңыр руднигінің, Шоқпаркөл тас көмір кен орындарының және Орынбор-Ташкент темір жолының жұмысшылары қосылды. Амангелді Имановты жақтаушылардың қатары күннен-күнге өсе берді. Оған Торғай облысындағы жақын жатқан Қостанай, Ырғыз және Ақтобе уездерінен ғана емес, сонымен бірге Сырдария, Ақмола, Семей облыстарынан көтерілісшілер ағылып келіп жатты. Егер қазан айының бас кезінде Амангелді Имановтың отрядында 5 мыңдай адам болса, 15-20 күннен кейін-ақ олардың қатары 50 мың адамға жетті. Көтерілісшілердің штабы (орталығы) Торғай даласының қиыр түкпірінде, Бетпаққара маңында орналасты.

Амангелді көтерілісшілер арасында әскери тәртіп орнатып, оларды машықтандыруға көңіл бөлді. Ол отрядтарын 10, 50, 100 және 1000 адамнан құралған топтарға бөлді. Олардың басына онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасы та-

танындалды. Көтерілісшілер отрядтарын жинақтап, мүмкіндігіне қарай оларды қаруландырып, Амангелді Иманов шабуыл қимылдарына көшті. 22 қазанға қарай көтерілісшілер Ырғыздан Торғай мен Қарабұтаққа дейінгі барлық почта бекеттері мен телеграф желісін қолдарына алды.

1916 жылғы қазанға қарай Торғай және Ырғыз уездерінде 20-ға тарта көтерілісшілер отряды құрылды. 23 қазанда Амангелді Иманов бастаған 15 мың көтерілісшілер Торғай қаласын қоршап алды. Бірақ олар қаланы ала алмай, қоршау бірнеше күнге созылды. Амангелді бастаған көтерілісті басу үшін патша үкіметі генерал А. Д. Лаврентьев басқарған 10 мың әскер жіберді. Оған 17 жаяу әскер ротасы, 18 казак-орыс жүздігі, 18 зеңбірегі мен 10 пулеметі бар 4 әскер эскадроны кірді. Лаврентьевтің Орынборда жасқталған әскерлері темір жол арқылы Шалқарға, Ақтөбеге, Қостанайға түсірілді.

Лаврентьев әскерлерінің келе жатқанын естіп, көтерілісшілер Торғайды қоршауды қойып, оған қарсы аттанды. 16 қарашада Тосын және Шұбалаң болыстарының Амангелді Иманов бастаған жалпы саны 10-12 мың адамдық көтерілісшілері Түнқойма почта бекеті маңында подполковник Котоминнің отрядына шабуыл жасады. Жазалаушылар көп шығынға ұшырап, көтерілісшілер қатарын әрең бұзып отіп, 16 қарашада Торғай қаласына келіп кірді.

Қарашаның екінші жартысында көтерілісшілердің негізгі тобы Торғайдан 150 шақырым жерге қашықтап шегініп, Батпаққараның төңірегіне жиналды. Мұнда соғыс қимылдарына басшылық ететін кеңес құрылды. Амангелді Имановтың басшылығымен осы жерде жазалаушыларға қарсы көтерілісшілердің партизандық күрес әдістерін кеңінен пайдаланды. 22 қарашада Ырғыз уезіндегі Ұлпан стансасында 4 мың көтерілісші ссауыл Фроловтың отрядымен соғысты. Соғыс қақтығыстары сондай-ақ 21-23 қарашада Ырғыз бен Торғай арасындағы почта жолдарында да отті. 20 қарашада Ырғыз уезіндегі Тәуіп, Аманкол және Қызылжар болыстарының 6 мың көтерілісшілері подполковник фон Розеннің отрядымен шайқасты.

Бірақ қыстың ерте түсуі көтерілісшілердің қимылын қиындатты. Көтерілісшілер өздерін азық-түлікпен қамтамасыз етіп, алыс жерлерге жертолелер салды, киіз үйлер

тікті. Сөйтіп, 1917 жылдың басынан бастап А. Иманов күресті әрі қарай жалғастыруды көздеді.

1917 жылдың басында Қостанайдан Бетпаққараға қарай беттеген бірінші жазалаушы отрядтың жолын Наурызымның екі болысының Амангелді Иманов бастаған 2 мыңдай көтерілісшілер бөгеді. 1917 жылғы 13 қаңтарда Күйікқопа деген жерде болған ұрыстардан кейін жазалаушы отряд шегінуге мәжбүр болды. 18-19 ақпанда кулак-бай отрядтары қолдаған подполковник Тургеневтің мықты қаруланған отряды (4 зеңбірегі және 6 пулеметі бар 6 жүздік) мен Амангелді сарбаздары арасында шайқас жүрді. 22-24 ақпанда көтерілісшілер Доғалүрпек маңында патша әскерлеріне қарсы соңғы рет шайқасты. Барынша күш сала шайқаса отырып, көтерілісшілер қырға қарай шегінуге мәжбүр болды. 27 ақпанда жазалаушы отряд Доғалүрпек пен Бетпаққараны көтерілісшілердің қолында қалдырып, Торғай қаласына шегінді.

Патша жазалаушылары мен Амангелді Имановтың көтерілісшілері арасындағы соғыс қимылдары 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін де жалғаса берді. Толық емес мәліметтерге қарағанда, Уақытша үкімет ұлт-азаттық қозғалысына қатысқаны үшін Торғай облысында 3 мың адамды жауапқа тартты, олардың ішінде 201 адам өлім жазасына кесілді, 162 адам каторғаға айдалды.

Торғай облысында Амангелді Имановпен бірге көтеріліске басшылық етіп, оның дүниетанымын қалыптастыруға зор ықпал жасаған большевик Әліби Жанкелдин еді. Ол 1884 жылы Торғай уезінің Қайдауыл болысында кедей семьясында туған. 1902 жылы орыс-қазақ мектебін бітіргеннен кейін, ол Қазан семинариясына оқуға түсті. 1905 жылы Қазан студенттерінің революциялық қозғалысына қатысқаны үшін, семинариядан шығарылды. 1906 жылы революциялық қызметі үшін, оны осының алдында ғана оқуға түскен Мәскеу семинариясынан шығарды. 1915 жылы большевиктердің Петроград ұйымы оны партия мүшелігіне қабылдады.

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалысының шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады. Көтеріліс дүние жүзілік империалистік соғыстың қызып тұрған кезінде, Ресейдегі жұмысшы және шаруа қозғ-

шысының мықтап орлеу жағдайында өтті. Бұл азаттық қозғалысы ең алдымен империалистік соғысқа және өз жерлерінің тартып алуына қарсы бағыттталып, империализмнің жалпы ресейлік системасына мықтап соққы болып тиді.

Котерілістің бірыңғай басшылығы және ұйымдастырушы орталығы болмаса да, Қазақстанда болып жатқан оқиғалар басқа аймақтарға ықпал жасап, өзара байланысты болып отырды. Көптеген аудандарда котеріліс антифеодалдық сипат алды. Алайда, котеріліс стихиялы түрде дамып, онда тұрақты, жеткілікті біріккен басшылықтың болмағандығының салдары айқын көрінді. 1916 жылғы котеріліс қазақ еңбекші бұқарасының таптық сана-сезімін арттыруда көр рол атқарды. Котеріліс патшаның малайлары ретінде феодалдық рулық жоғары топтың шын сиқын қазақ шаруаларына айқын көрсетіп, ауылдағы тап күресін жаңа сатыға көтерді.

Котерілістің негізгі қозғаушы күші ұлттық шаруалардың қалың топтары, сондай-ақ жаңадан туындап келе жатқан жұмысшы табының өкілдері, колонершілері еді. Оған қазақ халқының өзге топтарының, сонымен бірге демократиялық интеллигенцияның өкілдері де қатысты. Жалпы алғанда, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық котеріліс қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, дүңғандар және кейбір өзге халықтардың өкілдері қатысқан тұтас бір ұлттық сипатқа ие болды.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы - Ресей империализмі дағдарысының бір көрінісі еді. Бұл қозғалыс Ресейдегі азаттық күресінің жалпы тасқынына ұласты. Ол империядағы саяси және әлеуметтік дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды, әскери-феодалдық және әскери отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты.

§3. Қазақстан 1917 жылғы Ақпан революциясы кезінде. Ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы және «Алаш» партиясының құрылуы.

1917 жылдың басында Ресейдің революциялық жаңа толқыны котерілді. Империалистік соғысты азамат соғысына

айналдыру ұраны кеңінен насихатталды. Патша өкіметі бұқараның жаппай қарулануынан қатты сескене бастады. Революциялық дағдарыстың пісіп-жетіліп келе жатқандығы ұлт аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда да сезілді. Өлке халқының арасында революциялық өрлеудің өрістеуіне бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп, Қазақстан жеріне айдалған Австрия-Венгрия мен Германия соғыс тұтқындары да елеулі әсер етті. 1917 жылы олардың жалпы саны 41285 әскери адамды құрады. Бұлардың басым көпшілігі Омбы, Ақмола, Павлодар, Семей уездерінде орналасты.

1917 жылы 27 ақпанда Петроградта буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті. Патша өкіметі құлатылып, министрлер мен көрнекті шенеуніктер тұтқынға алынды. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл Ресейдегі сияқты Қазақстанда да қос өкімет орнады. Бұрынғы патша шенеуніктері, эсерлер, меньшевиктер және ұлтшылдар басқарған буржуазиялық Уақытша үкімет органдарымен қатар халықтық өкіметтің жаңа органдары жұмысшылар, шаруа және солдат депутаттарының кеңестері құрылды.

Патша өкіметінің құлатылуын Қазақстан еңбекшілері саяси және ұлттық азаттық алудың бастамасы ретінде қабылдады. Революцияшыл халық бұқарасының белсенді қимылдары нәтижесінде өлкеде бұрынғы өкімет өкілдері орындарынан түсіріліп, тұтқынға алынды. Буржуазиялық-демократиялық ақпан төңкерісінің жеңіске жетуі өлкедегі еңбекшілердің саяси белсенділігін арттырды.

Қазақстанда кеңестер 1917 жылы наурыз-мамыр айларында Семейде, Әулиеатада, Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Павлодарда, Оралда, Өскеменде, Атбасарда, Түркістан өлкесінде және т. б. жерлерде құрыла бастады. Жұмысшы табы мен солдат депутаттарының кеңестерімен қатар сәуір-мамыр айларында шаруа депутаттарының кеңестері құрылды. Бұл кеңестерде көпшілік орынды меньшевиктер мен эсерлер алды. Сонымен бірге буржуазиялық уақытша үкіметтің жергілікті органдары 1917 жылы наурыз-сәуір айларында құрылды. Мәселен, Семейде қалалық думаның, офицерлердің өкілдерінен, биржалық комитет пен кооперативтердің кулақтық одағы мүшелерінен тұратын қоғамдық ұйымдар мен армияның Семей атқару

комитеті, Петропавлда, Өскеменде қоғамдық қауіпсіздіктің т.б. бірлескен атқару комитеті жұмыс істей бастады. Көкшетауда көпестер мен шенеуніктердің жиналысы уақытша комиссиялық комитет сайлады. Өскеменде де осындай атқару комитеті құрылды. Уақытша үкіметті қолдаған Сібір, Орынбор, Орал және Жетісу казак әскерлері мен казак орыс станицалары қанаушы басшы топтары өкіметінің органдары - казактық комитеттер құрды. Бұлардың басынша бұрынғы патша өкіметінің отарлаушы шенеуніктері, қанаушы таптардың өкілдері тұрды. Сонымен қатар Қазақстанда казак интеллигенциясы басқарған қазақтардың ұлттық облыстық және уездік комитеттері де ұйымдастырылды. Оларға комиссарлар болып ұлттық интеллигенцияның өкілдері, атап айтқанда, Торғай облысында Ә. Бокейханов, Жетісу облысында М. Тынышбаев, Түркістанда М. Шоқанов, т. б. тағайындалды. Бірақ олар шын мәнінде отарлық өкімшіліктің шенеуніктері болғандықтан жергілікті казак халқының көкейкесті мәселелерін шеше алмады. Кейбір жағдайда ұлттық интеллигенция өкілдері Ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдық-саяси дамудың өте маңызды мәселелері бойынша Уақытша үкімет жағына шығып кетті.

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті органдары кулактарға, казактардың басшы топтарына, казак ауылдарының бай-манаптарына арқа сүйеді. Олар жұмысшылар мен еңбекшілердің революцияшылдық шабытын әлсіретуге тырысты, халықты тонауларын жалғастыра берді, бұқараны империалистік соғыстың ауыртпалықтарын өз мойындарымен котеруге мәжбүр етті. Қазақтарды саяси құқықтарынан айырған ескі заңдар күшінде қалды, орасан зор жер иеліктері мен орыс-казак әскерінің сословиелік арғышшылықтары сақталды, казак халқының тандаулы жерлерін тартып алушы Қоныс аудару басқармасы өз қызметін өзгертпеді. Сөйтіп, Уақытша үкімет Қазақстанда бұрынғы патша өкіметінің саясатын одан әрі жалғастырды. Өйткені бұл жаңа үкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша өкімшілігінен айнымай, жергілікті халыққа олар қалай қараған болса, солай қарады.

Патша өкіметі құлатылғаннан соң, Қазақстан большевиктері астыртын жағдайдан шықты. Орынборда және То-

рғайда - П. Кобезев, Ә. Жангельдин, А. Коростелев, Ақтобеде - В. Ф. Зинченко, Перовскіде - А. В. Черняхов, Оралда - П. Парамонов, П. Дмитриев, Шымкентте - Н. Морозов, Семейде - П. Салов, Петропавлда - К. Сүтішев т. б. партиялық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

Большевиктік партияның қатарына С. Сейфуллин, Б. Серікбаев, Т. Рысқұлов, С. Арғыншиев және басқалары кірді. Олар Уақытша үкімет саясатының мәнін халыққа ашып берді, революция жауларының арам пиғылдарын әшкереледі, жұмысшылар мен шаруаларды, солдаттарды топкерістің жеңісі жолындағы күреске топтастырды.

Ақпан ревлюциясы жеңгеннен кейінгі Қазақстан жұмысшы табының елеулі табысы - кәсіпшілер одақтары ұйымдарының құрылуы еді. Олардың қалыптасуында Орынбор-Ташкент теміржолшыларының Құрылтай съезі және Омбы темір жол жұмысшылары мен қызметкерлерінің бірінші съезінің үлкен маңызы болды. Бұл съездердің күн тәртібінде бірқатар маңызды саяси және экономикалық мәселелер қаралды. Олар: Уақытша үкімет пен соғысқа көзқарас, 8 сағаттық жұмыс күні, жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Кеңестеріне қатыстылық, контрреволюциямен күрес, Құрылтай жиналысына қатысу, пенсиямен қамтамасыз ету және т. б. мәселелер.

Осы кезде Омбы, Орынбор, Ташкент, Семей т.б. қалалары оқу орындарының қазақ жастары алғашқы кезде мәдени-ағарту істерімен шұғылданған жастар үйірмелері мен ұйымдары құрды. Орынборда “Еркін дала”, Омбыда “Бірлік”, Оралда “Жас қазақ”, Троицкіде “Үміт” деп аталатын және басқа жастар ұйымдары, 20 шақты үйірмелер мен топтар пайда болды. Олар халық арасында листовкалар, сол күндердің кокейтесті мәселелеріне арналған тақпақ-өлеңдер таратты, ойын-сауық кештерін, айтыс-талқылаулар т. б. ұйымдастырды. Бұл ұйымдардың белгілі бір бағдарламалары болмады, әлеуметтік құрамы жағынан да біркелкі емес еді. Алайда, олар қазақ халқын патша өкіметінің ұлттық орталық езгісінен азат етуді шын пейілдерімен қалады, өз халқының білім алуын талап етті, еңбекшілердің санасында ұлттық бірлік, бостандық пен тәуелсіздік идеяларын оятуға ұмтылды. Осы топтар мен үйірмелер арасынан неғұрлым батыл революциялық бағдарлама-

мен әрекет жасағаны Әулиеата уезінде Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған “Қазақ жастарының революцияшыл одағы” еді. Оның құрамына қазақ халқының орташа және кедей топтарынан шыққан алдыңғы қатардағы жастар енді.

Бұл кездегі империя көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында Орынбор қаласында шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесіп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір тұжырымға келу үшін жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдады. Олар “Қазақ” газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеу жолдады. 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынборда болған “Бүкіл қырғыздық” съезде “Алаш” партиясы қалыптасып, басшы органдарын сайлады. Оның құрамына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, т. б. кірді. Бұл партияның сол жылы 5-13 /18-26/ желтоқсанда Орынборда өткен екінші съезінде қазақтың автономиясы - Алашорда Үкіметі - Ұлт Кеңесі құрылды. “Алаш” партиясының Бағдарламасы бекітілді. Ол негізгі 10 болімнен тұрады. Олар: 1) Ресейдің демократиялық федерация болып жариялануы туралы; 2) Ресей құрамында Қазақ ұлт автономиясын құру; 3) Халықтар арасында тең құқықтық орнату; 4) Дін туралы, дінді мемлекеттен ажыратып шығару; 5) Елдегі билік және сот туралы; 6) Елді қорғау, әскер және халықтық милиция құру; 7) Халықтың табысына қарай салық салу; 8) Жұмысшылар туралы; 9) Ғылым және білім туралы; 10) Жер мәселесі.

Жаңа құрылған үкіметтің құрамына 15 адам, Халық Кеңесі төрағасы болып Әлихан Бөкейханов бекітілді. Бұл үкіметтің негізгі мақсаты ұлттық бірлікті жандандыру саясаты болған еді. Осы қозғалыстың өмірге келуі отаршылдық езгідегі халқымыздың ғасырлардан бергі қордаланып келген және әбден пісіп-жетілген наразылығының айқын көрінісі болды.

Большевиктер билікке келісімен-ақ, ұлттық мүддені негізгі мұраты санаған, Қазақстандағы бұл қозғалыс пен Алаш партиясына пролетарлық төңкерістің салтанатты шеңбері жолындағы кедергі есебінде қарады. Бұл бағыт оның ішкі және сыртқы саясатында /халықаралық коммунистік

қозғалыстағы да/ ашық көрініп, әсіресе Сталиннің жеке билігі орнағаннан кейінгі кезеңде жетекші бағытқа айналды. Соның салдарынан бұрынғы империяның шет аймақтарында дами бастаған ұлттық қозғалыстарға үзілді-кесілді тежеу салынды.

1918 жылғы 5 қаңтарда Бүкілресейлік құрылтай жиналысының күшпен таратылуы Алаш автономиясын құру мүмкіншілігіне де зардабын тигізді. Алашорда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық тереңдей түсті. Егер Алаш партиясы, біріккен ұлттық зиялылар большевиктерге қазақ қоғамына мүлдем жат әлеуметтік тәжірибені күштеп танушы, қазақ жұртына іріткі салушы күш ретінде қараса, большевиктер Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық топтардың таптық мүддесін қорғайтын тоңкеріске қарсы кертартпа күш есебінде қарады.

Сойтіп, қазақ елінің ғасырлар бойы мыңдаған асыл азаматтары басын тіккен биік арманы – ұлттық мемлекетті қалпына келтіру ісі – Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметімен бірге тоталитарлық өктемдік пен империялық зомбылықтың шабуылына көміліп, тарих қойнауында қала берді.

ҚАЗАҚСТАН КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫ ҚҰРАМЫНДА



Жнырмасыншы тарау

**1917 жылғы Қазан революциясы және
Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы***§1. 1917 жылғы Қазан революциясы және Қазақстанда
Кеңес өкіметінің орнауы*

1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін орнаған Уақытша буржуазиялық үкімет елдегі әлеуметтік және ұлттық езгіні жою, жер мәселесін, империалистік соғыстан шығу және т.б. көкейкесті мәселелерді шешпеді. Қазақстандағы жергілікті халықтарды саяси құқықтарынан айырған бұрынғы патша үкіметінің заңдары өз күшінде қалды. Өлкедегі казак-орыс әскерлерінің ұлан-байтақ жер иеліктері мен барлық әлеуметтік артықшылықтары толығымен сақталды. Қазақстанның ең жақсы шұрайлы жерлерін отаршыл кулактар тартып алып берген Қоныс аудару басқармасының жергілікті аппараты өз жұмысын одан ары жалғастырды. Өнеркәсіп орындарында 8 сағаттық жұмыс күні енгізілмеді. Мемлекеттік мекемелер мен мектептерде қазақ тіліне көшуге бұрынғысынан тыйым салынды. Қазақ халқының өзін-өзі билеуі туралы мәселе тіпті қойылмады да. Сондықтан Ресей мемлекетіндегі бұл жағдайларды В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы “Бүкіл өкімет кеңестерге берілсін” - деген ұранды пайдалана отырып, Уақытша үкіметті құлату үшін оны басты құралға айналдырды. Бұл елдің барлық жерінде халық бұқарасының большевиктер жағына көптеп шығуына әсер етті. Сөйтіп, 1917 жылғы 25 қазанда (7 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталып, Уақытша буржуазиялық үкімет құлатылды.

Уақытша үкімет құлатылып, мемлекет билігінің кеңестердің қолына көшкені тек Ресейді ғана емес, дүниежүзін, бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Бұл оқиға бүкіл елде, оның шет аймақтарында кеңес өкіметін құру, нығайтумен ұштасты. Ол көп жерлерде орталық аудандардың ықпалымен қан төгіссіз іске асты.

Революция бүкіл билікті жұмысшы, солдат, шаруа депутаттары кеңесінің қолына беру арқылы халықтың әр түрлі топтары мен түрлі ұлттардың, халықтардың келешектегі тағдырына байланысты түрліше үмітте болуына жол ашты. Ресейдің жұмысшы, шаруа, солдаттар бұқарасы елді соғыстан шығарып, халықтың бейбіт еңбекке оралуына, соғыстан бұрын, соғыс жылдарында жоқшылық пен мұқтаждық зардаптарын шегіп, әбден қажыған жағдайын түзеуге енді айқын жол ашылады деп есептеді. Ресейдің қол астында болып келген орыс емес халықтардың еңбекші бұқарасы Қазан революциясынан кейін экономикалық-әлеуметтік күйзелістен шығумен бірге отаршылдықтың бұғауынан босанып, тәуелсіздік алатын шығармыз деп үміттенді. Ал Ленин бастаған большевиктер зауыт, фабрикалар жұмысшыға, жер шаруаға, бейбітшілік - бүкіл халыққа деген ұран көтере отырып, Ресейге тәуелді болып келген халықтар жөнінде өз бағыттарын белгіледі. Олар барлық ұлттар мен ұлыстардың, халықтардың теңдігі мен бостандығын, азаттығын жариялай отырып, оларды революция туының астынан кетпеуге шақырды.

Қазан революциясынан кейін көп уақыт өтпей-ақ елде азамат соғысы мен шетел басқыншылығының жорығы басталды. Бұл тұста Қазақстанда Кеңес өкіметі орнап болған жоқ еді. Биліктің Кеңестердің қолына өтуі мұнда кейінірек жүзеге асты. Оның бір себебі, мұнда саналы, жақсы ұйымдасқан саны мол жұмысшы табы болған жоқ. Екіншіден, шет аймақтарда билікті кімнің алатыны жөнінде жұрт қолдайтын бірыңғай пікір де болмады. Кейбір жерлерде автономия жарияланып, олардың Ресей құрамында болатыны болмайтыны жөніндегі мәселе ашық тұрды. Мәселен, осы тұста құрылған Башқұрт, Түркістан, “Оңтүстік шығыс одағы” деген атпен Сібірде пайда болған автономиялар қазақ зиялыларын ұлттық өз иелігін құруға құлшындырды. Сөйтіп, 1917 жылы желтоқсанда Алашорда үкіметі пайда

болды. Оның Батыс Қазақстандағы бөлігін Халел, Жанша Досмұхамедовтар, Шығыстағы бөлігін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, т. б. басқарды.

Сонымен бірге қазақ даласында Кеңес өкіметін орнату жолындағы күресте жүріп жатты. Соның нәтижесінде 1917 жылғы қазаннан 1918 жылғы наурызға дейін Қазақстанның көптеген аудандарында кеңес өкіметі орнады.

Ресейдің орталық аудандарынан Қазақстанға көмек көрсету үшін Ә. Жапкелдин, В. Чекмарев, П. Кобезев және т. б. төтенше комиссарлардың келуі қазақ халқының арасынан Әділбек Майкотов, Бекен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин, Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, Амангелді Иманов, Әбдірахман Әйтис сияқты көптеген күрескерлерді шығарды. Еңбекші халықтың жаңа өмір жолындағы күресіне басқа ұлт өкілдері К. Шугаев, П. Салов, П. Виноградов, С. Журавлев, Л. Емелев, Я. Ушанов, А. Розыбакиев, В. Зинченко, П. Басов, И. Дубынин, тағы басқа да ондаған азаматтардың ат салысуы революцияның Қазақстанда да жеңуіне жол салды.

Революцияны қолдайтын күштер басым болған жерлерде жергілікті кеңестер большевиктер жағына түгелдей шықты. Ал қызыл әскер жасақтары бар аудандарда өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына большевиктердің Кеңесте көпшілік орынға ие болуы арқылы жүзеге асты. Мұндай жағдай Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының көптеген аудандарында, Сырдария және Бөкей ордасында орын алды. Бірақ революция қарсыластарының күштері көбірек шоғырланған Орынбор, Орал, Жетісу облыстарында өкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына қарсылық көрсеткендерді талқандау арқылы, осы күресте жанын пайда еткен құрбандықтар арқасында ғана тиді.

Кеңес өкіметі алдымен Сырдария облысында жеңіп шықты. Мұндағы Перовск (Қызылорда) жұмысшылары мен солдаттары өкімет билігін 1917 жылғы 30 қазанда (12 қараша) өз қолына алды. Ол кезде бұл үлкен әскери гарнизон орналасқан ірі темір жол станциясы болатын.

Сырдария облысында Кеңес өкіметінің орнауы, оның саяси-экономикалық және өкімшілік орталығы Ташкент қаласында 1917 жылы 28 қазанда Кеңес өкіметі құрылғаннан

кейін іске асты. 1917 жылы қараша айының орта кезінде Кеңес өкіметі Черняев (Шымкент) қаласында жеңді. Қараша-желтоқсан айларында Кеңес өкіметі Әулиеатада, Түркістанда, Қазалыда, Арал поселкесінде және облыстың басқа да ірі елді мекендерінде қан төгіссіз бейбіт жолмен орнады. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату үшін күресте большевиктер оздерін жақтаған ұсақ буржуазиялық топтар және ұйымдармен – солшыл эсерлермен, интернационалдық меньшевиктермен, “Үш жүз” партиясымен келісімге барды. 1917 жылдың күзінде Қазақстанда өзін “Қырғыздың (қазақтың) социалистік партиясы” деп атаған “Үш жүз” партиясы құрылды. Оның жетекшісі – адвокат, журналист және драматург Колбай Тоғысов болды. Оны Шаймерден Әлжанов, Әбілхайыр Досов, Ысқақ Кабеков, журналист Мұқан Айтпенев т. б. қолдады. К. Тоғысов 1907-1912 жылдары патшалық-өкімшілік тарапынан қуғынға ұшырады. 1916 жылы Ташкент қаласында “Алаш” атты газет шығарды. 1917 жылғы наурыз-сәуір айларында К. Тоғысов Сырдария облысында “Шора-и-Ислам” партиясын құруда Мұстафа Шоқайұлына көмектесті. Дегенмен К. Тоғысов 1917 жылы шілдеде Орынбор қаласында өткен І Бүкілқазақ съезіне шақырылмады, себебі Ә. Бокейханов т.б. оған сенімсіздік білдірді. Өзінің әлеуметтік тегі жөнінен К. Тоғысов құрған “Үш жүз” партиясы ұсақ буржуазияшыл демократтардың саяси ұйымы болды. 1918 жылы “Үш жүз” мүшелері Кеңес өкіметін қолдап, Алашордашыларға қарсы күресті. Сол жылы құрамында мүшелері аз болғандықтан партия тарап кетті.

1917 ж. жергілікті бұқара халықтың қолдауымен Кеңес өкіметі Ақмола және Семей облыстарында кең өрістеді. Петропавлда жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңесінің темір жол жұмысшыларымен бірлескен қимылының арқасында 1917 жылы 22 қарашада революциялық уақытша комитет құрылды, оның құрамына Ғ. Ыдырысов, Я. Побелянский, К. Сүгішев, П. Рыжов және т. б. кірді. Бұл комитет сол жылғы 27 желтоқсанда Ақмолада өткен еңбекшілердің бұқаралық жиналысында биліктің кеңестерге көшкені туралы қарар қабылдады. Дегенмен Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Семей, Өскемен уездерінде казак-орыс және офицер-старшина билеуші топтардың ықпалы басым бо-

лғандықтан, Кеңес өкіметі үшін күрес біраз қиындыққа кездесті. Семейде өкімет билігі жергілікті Кеңестің қолына 1918 жылы ақпанның 16-нан 17-не қараған түнде көшті.

1917 жылғы желтоқсан - 1918 жылғы наурыз аралығында Кеңес өкіметі Торғай облысының орталығы және Қостанай, Ақтобе қалалары мен басқа да ірі елді мекендерде орнады. Торғай облысында Кеңес өкіметінің орнауына А. Иманов, К. Қойдасов, В. Чекмарев, В. Зипченко және т. б. күрескерлер елеулі үлес қосты.

Қазақстанның бірқатар аймақтарында, соның ішінде Орал, Орынбор, Жетісу облыстарында кеңес өкіметін орнатуда көптеген қиындықтар кездесті. Бұл жерлерде, әсіресе, казак-орыс станицаларында контрреволюциялық күштер басым болды. Жетісу облысындағы казак-орыс офицерлері 1917 жылғы I қарашада оздерінің “Әскери-үкіметін” құрды. Дәл осындай жағдай Орал облысында да орын алды. Мұндағы контрреволюциялық күштерді атаман Дутов басқарды. Олар 1917 жылғы 15 қарашада С. М. Цвиллинг басқарған Орынбор Кеңес мүшелерін тұтқынға алып, оздерінің билігін орнатты.

Орынбордағы контрреволюциялық күштерді талқандау және онда кеңес билігін орнату мәселесіне Кеңес үкіметі ерекше назар аударды. Өйткені Орталық кеңестік Ресейді Қазақстанмен және Орта Азиямен байланыстыруда Торғай облысының орталығы Орынбордың әскери-саяси маңызы өте зор еді. Сондықтан Дутовтың ақ гвардияшы бандыларын талқандау үшін тотенше комиссар П. А. Кобзевтің басшылығымен үлкен әскер тобы жіберілді. Күшті шайқастардың барысында 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынбор қаласы азат етіліп, мұнда Кеңес өкіметі орнады. Ал Орал облысында Кеңес өкіметі 1918 жылы 15-16 қаңтарда ақ гвардияшылар қуылғаннан кейін шаруа депутаттарының облыстық съезінің шешімдері негізінде жүзеге асты.

Жетісуда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес, революция қарсыластары күштерінің басым болуына байланысты, 1918 жылдың көктеміне дейін созылды. Мұнда революция толқынының екпінді күш алуына 1917 жылдың күзінен бастап майданнан қайтқандармен және елдің басқа

аудандарынан келген революция идеясын қолдаушылардың қосқан үлесі елеулі болды. Олардың арасында Т. Бокин, Т. Өтепов, Ж. Бабаев, А. Розыбакиев сияқты жергілікті халықтың өкілдері бар еді. Верный жұмысшылары қызыл гвардия жасақтарын ұйымдастырды, әскери-революциялық комитетін құрды. 1918 жылы наурыздың 2-нен 3-не қараған түні Верныйда Әскери-революциялық Комитет басқарған жұмысшылардың Қызыл ұлан жасақтары қала еңбекшілерінің қолдауына сүйеніп, казак-орыс “әскери өкіметтің” тірегі болған қамалды, қару-жарақ қоймасын, почта-телеграфты, т.б. маңызды мекемелерді басып алды да, Верный қаласында Кеңес өкіметін орнатты.

Кеңес өкіметі наурыз айында Жаркентте, Аягозде, Талдықорғанда, сәуірдің бас кезінде Лепсіде орнады. Сойтіп, 1917 жылдың қазан айынан бастап 1918 жылдың наурыз айына дейін Кеңес өкіметі Қазақстанның көп жерінде жеңіске жетті.

§2. Қазақстанда кеңестік мемлекеттік аппарат құру және экономика саласындағы алғашқы өзгерістер

Кеңес өкіметі жеңгеннен кейін Қазақстанда да ескі мекемелер, оның ішінде, Уақытша үкіметтің комиссарлары, отарлау-шенеуніктік әкімшілік қоныстандыру басқармасы, бұрынғы сот жүйесі жойылып, өкімет билігі жұмысшы, солдат депутаттары кеңестерінің қолына өте бастады. Мұндай өзгерістердің іске асуына Қазақстан қалаларында құрылған революциялық комитеттердің ролі зор болды. Олар қызыл ұландар бөлімдерін, жұмысшы жасақтарын құрды, кедейлерге арқа сүйеп, қанаушы таптардың қарсылығына тойтарыс берді, өкімет билігінің кеңестердің қолына өткенін жариялап, олардың нығаюы үшін ат салысты. Революциялық комитеттер жергілікті Кеңестермен тығыз байланысы, облыстық және уездік съездерді әзірлеу, оларды өткізу жөнінде бірікпелі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Бұл съездерге жұмысшы және солдат кеңестері мен шаруа депутаттары Кеңестерін біріктіру негізінде мемлекеттік біртұтас өкімет органдарын құру ісі жүктелді.

Өкімет билігінің ескі құрылымы Қазақстанда бірден жойылып жоқ. Олар әуелі кеңестердің қарамағына өтіп, сосын аттарын өзгертіп, бірте-бірте кеңес қарауына алынды. Мәселен, 1918 жылы ақпанда жұмысшы, шаруа, солдат, мұсылман депутаттары Ақтобе кеңесі қалалық басқарманы кеңес басқару орны етіп қайта құрып, қалалық думаны таратты. Семей облыстық кеңесі 1918 жылы 9 наурызда дума мен басқармаларды таратып, уақытша үкіметтің уездік комиссарларының міндетін жаңа құрылған кеңестерге жүктеді. Сол жылы 12 сәуірде Түркістан өлкесінің Халық Комиссарлар Кеңесі азық-түлік басқармаларын тиісті Кеңестердің азық-түлік бөлімі етіп қайта құру жөнінде жарлық шығарды. Қостанай уезіндегі шаруашылық иелігі (хозяйственная управа) Кеңестің қарамағына алынды. Кеңес өкіметінің қайта құру шараларын іске асыруға оршелене қарсы шыққан Петропавл, Ақмола, Түркістан, Өскемен, Верный, Әулиеата, Жаркент, Қапал, Лепсі сияқты жерлердегі земстволық, қалалық басқармалар таратылды. Кейбір жерлерде /Қостанай, Перовск, Қарқаралы, Зайсан/ олар Кеңестердің қарамағына көшті.

Ескі мемлекеттік аппаратты қирату отарлау саясатына берілген алғашқы соққы еді. Ол еңбекшілердің Кеңес жұмысына белсене қатысуына жағдай туғызды. Олардың көмегімен үстем таптардың артықшылықтары шектеліп, қазақтардың ұлттық теңдігі қамтамасыз етілді. Олар Ресей Кеңес Федеративтік Республикасының тең құқықты азаматы болды.

Шіркеудің мемлекеттен, мектептің шіркеуден ажыратылуы, ерлер мен әйелдер теңдігі іске асырылды. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1917 жылғы 10 қарашадағы Жарлығымен адамдардың сословиге бөлінуі, олардың құқықтық артықшылығы мен шектеушілігі, сондай-ақ сословиялық мекемелер, ұйымдар жалпы сословие атауы жойылды.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңінде басқарудың бірыңғай құрылымы болған жоқ. Кейбір жерлерде Орталыққағы сияқты Халық Комиссарлар Кеңесі, екінші бір жерлерде облыстық мекемелер мен басқармалардың Комиссариаттары құрылды. 1918 жылдың күзінен бастап, басқарудағы ала-құлалық жойылып, Кеңес атқару комитет-

тері билікті өз қолына топтастыра бастады. Маңызды мәселелер салалық басқармалардың коллегия мәжілісінде қаралып отырды.

Ауыл-селоларда әлі кеңестер күш ала алмай жатты. Кеңес өкіметінің нұсқау, жарлықтарын іске асыруға қарсылық күшті болды. Халық азық-түлік тапшылығынан қорлық көрді. Бай-құлақтар белгіленген нарық бойынша мемлекетке астық тапсырудан бас тартты. Кеңес өкіметіне қарсы күштер бас көтерді. Олар жаңа өкіметке қарсы күресте ашықтан-ашық қарулы көтеріліске шықты. Осының бәрі облыстық, уездік кеңестерден шұғыл және шешуші шараларды іске асыруды талап етті. Кеңеске қарсы күштердің қарсылығын басу, жергілікті жерлерде өкімет билігін нығайту қажет болды. Бұл міндеттерді іске асыру басқарудың коллегиялық әдісін нығайтуды керек етті. Осыған орай коптеген маңызды мәселелер облыстық, уездік кеңестердің коллегия мәжілістерінде қаралып шешілді.

Облыстық, уездік, болыстық кеңестердің жер, азық-түлік, шаруашылық, сот, бақылау, қаржы бөлімдерінің жұмысын жолға қоюға бағытталған шаралар іске асырылды. Революцияға қарсылар мен күрес жөніндегі төтенше комиссия, милиция құрылды. Кеңестердің жанынан еңбек, ағарту, денсаулық сақтау т.б. бөлімдер ашылды. Заңдар, жарлықтар тек қана орыс тілінде ғана емес, қазақ тілінде де жарияланатын болды. Кеңес қызметкерлерін даярлайтын курстар жұмыс істей бастады. Осындай курс Семей уезінде ұйымдасты. Облыстық Кеңестер жанынан ұлттық қарым-қатынасты реттейтін комиссиялар құрылды. Олар Қытайға көшіп кеткен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың елге оралып, жайлы жерлерге орналасуына көмектесті.

РКФСР Халком Кеңесінің 1917 жылғы 22 қарашадағы “Сот туралы” жарлығымен соттың ескі құрылымы түгелдей қысқартылып, жергілікті жерлерде соттың жаңа жүйесі пайда болды. Сонымен бірге ескі прокурорлық бақылау мен қылмысты іс тергеушілер институттары, қорғаушы және жеке адвокатуралар жойылды. 1918 жылы облыстардағы Кеңес Атқару Комитеттері жанынан сот бөлімдері, ал өлке орталығында Қазақ өлкелік соты ұйымдасты.

1918 жылғы көктемде Түркістан автономиялық Кеңестік

Социалистік Республикасы құрылды. Оның құрылуы 1918 жылғы сәуірдің 20-нан 1 мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің бесінші съезінде іске асты. Оның құрамына Қазақстанның оңтүстігіндегі Жетісу, Сырдария облыстары кірді. Орта Азия республикалары мен Қазақстан жерін межелеу жүргізілгенге дейін Ақмола, Семей облыстарының орталығы Омбы қаласы болған, ол Батыс Сібір өлкесіне, Торғай, Орал облыстары Орынбор губерниясына, Бокей ордасы Астрахань губерниясының қарамағына кірді.

Кеңес өкіметі ішкі және сыртқы жаулардан қорғану үшін республиканың қарулы күштерін құру мәселесіне көп көңіл бөлді. 1918 жылғы 15 қаңтардағы жұмысшы, шаруа қызыл әскерін құру жөніндегі үкіметтің нұсқауына сәйкес елде әскери бөлімдер құрыла бастады. Олар еріктілерден тұрды. Қазақстанда облыстық, уездік кеңестер жанынан әскери комиссариаттар, әскери бөлімдер, қызыл штабтар құрылып, жауынгерлерді әскер ісіне үйретумен шұғылданды.

Бірақ еріктілік негізінде құрылған бөлімдерде тәртіп, бір-бірімен байланыс нашар болды. Олардағы жағдай түзетуді қажет етті. Шет ел басқыншылығы, ішкі және сыртқы жаулармен күрес әскер бөлімдерін құруда еріктіліктен бас тартып, әскери міндеттілікті енгізуді, әскер бөлімдерін темірдей тәртібі бар, соғыс оперіне жақсы үйретілген күшке айналдыру керек еді. Солай істелді де, әскер құрамында ұлттық әскерлер құрамалары, оның ішінде қазақ жастарынан тұратын бөлімдер құрылды. Кеңес өкіметінің декреттері негізінде фабрика, зауыт, банктерді национализациялау іске асырылды. Қазақстанда алдымен ұсақ, орта кәсіпорындары мемлекет меншігіне кошті. Кейін ірі кәсіпорындар да, оның ішінде Спасск мыс қорыту зауыты, Екібастұз көмір өндірісі, Риддер рудниктері мемлекет қарамағына алынды. Онда еңбек тәртібін нығайту, жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесімен кәсіподақтар кеңінен айналысты. Олар өндіріс пен өнімді болуді бақылауға алды. Жұмыс күні, еңбекақыны реттеу, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, мұқтаждарына көмек көрсету, әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелерімен шұғылданды. Кеңес орындарымен тығыз қарым-қатынас жасап отырды.

Кеңестердің екінші съезінің шешімдеріне сәйкес жерге жеке иелік ету жойылып, Қазақстандағы шіркеу мен монаштрлердің, помещиктердің, бай казак-орыстардың, патша шенеуніктерінің иелігінде болып келген, сондай-ақ қоныс аудару қорындағы жерлер еңбекшілердің пайдалануына берілді.

Жер мәселесін шешудегі жергілікті кеңес орындарының қызметі бірнеше кезеңнен тұрды. Оның 1917 жылғы қарашадан - 1918 жылғы жазға дейінгі кезеңінде жергілікті Кеңестер, жер комитеттері мен комиссиялары бос жерлерді, тәркіленген помещиктік имениелерді есепке алып, шаруалардың жағдайын анықтап, жерсіз, жері аз шаруаларды жермен қамтамасыз ету мәселесімен шұғылданды. Шаруалар съездерінің шешімдерімен қоныс аудару қорынан алынған жерлерді пайдалану ережелерін жасады.

Екінші кезең - 1918 жылдың жазынан - 1920 жылдың аяғына дейінгі уақытты қамтыды. Бұл тұста жерді социализациялау жөніндегі шараларды іске асыруға әзірлік жұмыстары жүргізілді.

1921-1922 жылдарды қамтитын үшінші кезеңде жер-су реформасы іске асырылса, 1924-1927 жылдарды қамтитын төртінші кезеңде - жерге орналастыру, шабындық, егістік жерлерді қайта болу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен Кеңес өкіметін нығайту жолындағы күрестің барысында Қазақстанда ескі мемлекеттік машина қиратылып, жаңа мемлекеттік аппарат құрылды. Жергілікті Кеңестер өздерінің алдарына қойылған міндеттерді жүзеге асыруға кірісті. Революция жеңістерін контрреволюциялық күштердің қол сұғуынан қорғау жөнінде қажетті шаралар қолданылды. Өлкенің экономикасы мен әлеуметтік-мәдени салаларын социалистік жолмен қайта құру бағытында алғашқы қадамдар жасалды.

Дегенмен, Кеңес өкіметі алға қойған маңызды міндеттерді іске асыруда тәжірбиенің жоқтығы, жергілікті кадрлардың түсінігінің кемдігі, сауатының аздығы, т. б. себептер негізінде бұл революциялық шараларды іске асыру барысында асыра сілтеушіліктің, солақайлықтың, теріс әрекеттердің орын алғанын, Кеңес өкіметіне сенімді азайтатын жайлардың болғанын да айту керек.

Жиырма бірінші тарау

Қазақстан азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.)

§1. Өлкеде азамат соғысының басталуы және оның барысы

1917 жылғы Қазан революциясының жеңісі алғашқы күндерден бастап, құлатылған қанаушы тап өкілдерінің қарулы қарсылығын тудырды. Кеңес өкіметі елдің әр түрлі аймақтарындағы, соның ішінде Қазақстан жеріндегі контрреволюциялық бүліктерді батыл да шұғыл басып тастап отырды. Дегенмен олар аяғына дейін талқандалмады. Өлкеде азамат соғысының басты ошақтары Қазақстанның батыс аудандарында, Торғай обылысының әкімшілік орталығы Орынборда, Орал облысы, Гурьев (Атырау) қаласында, Жетісу жерінде қалыптасты. Бұл жерде атаман Дутовтың, генерал Толстовтың әскерлері, ал Жетісуда казак-орыс жасақтары, ақ-гвардия офицерлері мен юнкерлер жиналды. Олар контрреволюциялық күштердің негізгі орталығына айналды және Кеңес өкіметіне қарсы азамат соғысын бастады.

1918 жылы 23 наурызда Орал казак-орыстары Гурьевте бүлік шығарды. Олар генерал Толстовтың бұйрығымен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің тоғыз мүшесін сотсыз атты. Сол жылдың 28-29 наурызында ақ казактар алашордашылармен бірігіп Орал қаласында тоңкеріс жасады. Мұнда олар кеңес өкіметін құлатып, коммунистерді, кеңес қызметкерлерін аяусыз жазалады. Кеңес өкіметіне қарсы күресте ақгвардияшылар казак станицалары мен орыс селоларындағы бай-құлақ элементтеріне сүйенді, жергілікті кадет, эсерлер мен меньшевиктерден қолдау тапты.

1918 жылы мамырдың аяғында Антанта мемлекеттерінің көмегімен Сібірдегі Чехословак корпусының офицерлері мен солдаттары бүлік шығарды. Бұлар бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ресейге тұтқынға түскендер болатын. Кеңес үкіметі Австро-Венгриямен жүргізген келісім бойынша оларды елдеріне қайтаруға уәделесті. Бірақ Ресей үкіметі

олардың Кеңестерге қарсы шығуынан қорқып, чехтар мен словак әскерлерін елдің батыс территориясымен емес, ең әуелі Қиыр Шығыс темір жолы арқылы Владивосток қаласына жеткізіп, одан ары Еуропаға теңізбен шығарып салуға келісті. Сібір арқылы жолда қайтып бара жатқан чехтар мен словактардан құрылған корпусы Антантаның империалистері бүлік шығаруға арандатты. Атап айтқанда, олардың арасында елдеріне босату үшін емес, қайта түрмеге отырғызу үшін алып бара жатыр деген жалған лақаптар таратты. Мұны естіген құрамында 500 мыңға жуық солдатты мен офицері бар чехословак корпусы бүлік шығарып, Сібір мен Оралдың темір жол бойындағы бірқатар қалаларын басып алды. Олар Қазақстан жеріндегі Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай қалаларын және тағы басқа да елді мекендерді жаулап, ондағы Кеңес өкіметінің жергілікті органдарын таратты. 1918 жылғы 11 маусымда Семейде кеңес өкіметі құлатылды. Бұл жерлердегі кеңес өкіметінің қорнекті басшылары К. Сүгішев, И. Дубинин, П. Калюжная, Ф. Ыдырысов, К. Шугаев, П. Салов және тағы басқаларын азаптап өлтірді. Өскемен Совдепінің төрағасы Я. Ушановты тірідей кемеңіз оттығына тастады. Сөйтіп, интервенттер мен ақгвардияшылар Ақмола, Орал, Семей облыстарын және Торғай облысының көптеген жерлерін басып алды.

1918 жылдың жазында интервенттер мен ақгвардияшылар Семей облысы жағынан Солтүстік Жетісуға басып кірді. Бұл жердегі казак-орыс станицаларында Кеңес өкіметіне қарсы бүліктер басталды. Сондықтан Жетісу облыстық атқару комитетінің шешімімен кеңестік қарулы күштері біріктіріліп, Солтүстік Жетісу майданының штабы құрылды. Атаман Анненковтың дивизиясына және басқа да әскери бөлімдерге қарсы кескілескен ұрыстар жүрді. Ақ гвардияшылар басып алған аудандарда кеңес жасақтарының күресі негізінен партизандық характер түрінде жүргізілді. Мұндағы Черкасск, Андреев, Константиновск және басқа да селолар тұрғындарының ақ гвардияшыларымен ерлік шайқастары азамат соғысы тарихында “Черкасск қорғанысы” – деп аталды.

Сонымен 1918 жылдың жазында Қазақстанның көп жерін интервенттер мен ақ гвардияшылар басып алды. Ке-

нес өкіметі тек Жетісу мен Сырдария облыстарының бірқатар бөлігінде, Торғай облысының оңтүстік аудандары мен Бөкей Ордасының аз ғана жерінде сақталып қалды.

Революцияға қарсы күштер Самарада ақ гвардияшылар мен әскерлердің Комуч (Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті) “үкіметін”, Омбыда Қолчак бастаған Сібір ақ гвардияшыларының “үкіметін”, Каспий сыртқы облысында ағылшын “үкіметін” құрды. Бұл кезде немістер Донбасқа қауіп төндірді. Краснов пен Деникин соғыс қимылдарын күшейте түсті.

Кеңес елі үшін ең басты майдан - Шығыс майданы еді. Шығыс майданының Орал бағытында ақтармен 4-ші армия ұрыс жүргізді. Бұл майданның жағдайы қиындауына байланысты 1918 жылдың 2 маусымында Орынбор қаласынан Қызыл Армия бөлімдері оңтүстікке қарай шегінуге мәжбүр болды. Осыған орай Ақтөбе майданы құрылды. Ондағы қызыл әскерлерге Ташкент, Шалқар, Қазалы, Перовск /Қызылорда/, Черняевск /Шымкент/, Әулиеата және т. б. қалаларда құрылған отрядтар көмекке келді. Оның қатарына негізінен еріктілер кірді, әскери міндет туралы БОАК-нің 1918 жылғы 29 мамырда қабылданған жарлығынан кейін әскери міндетті өтеуге еңбекшілердің белгілі жас мөлшеріндегілер шақырылатын болды. Сөйтіп, 1918 жылдың жазында ұлттық әскери бөлімдер ұйымдаса бастады. Олар алдымен Жетісуда, одан кейін Орынбор мен Орал қалаларында, Батыс Қазақстанда құрылды. Қызыл армияның құрамдас бөлігі ретінде 1918 жылдың күзінде Бөкей ордасында құрылған казак атты әскер полкінде Х. Чуриң, Ж. Сәрсенов, Х. Ишанов, Б. Жәнікешев т. б. қызмет етті. Сол жылдың қараша айында Ақтөбе майданына Әліби Жанкелдин бастаған экспедиция Мәскеуден көп қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізді.

1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Ә. Т. Жанкелдин мен А. Иманов Торғайда екі атты әскер эскадронын, әскери оқу және пулемет топтарын, Ырғызда атты әскер эскадронын құрды. Өлкеде ұйымдасқан қызыл әскер бөлімдерінің қатарына азамат соғысы жылдарында Ресейге келіп қалған көптеген шетелдіктер: венгр, чех, румын, поляк, неміс жұмысшы және шаруалар өкілдері де кірді. Облыстық және уездік кеңестер мен әскери комиссариат-

тар жергілікті бұқара халық өкілдерін – қазақтарды, қырғыздарды, дүнгендерді, өзбектерді, ұйғырларды және басқаларын Қызыл Армия қатарына тартуда саяси-ұйымдастыру жұмыстарын өрістетті. Қызыл Армия болімдерін жасақтауда көптеген қиындықтар да кездесті. Қару-жарак, оқ дәрі, әскери жабдықтар жетіспеді. Әскери жасақтарға басшылық ететін тәжірибелі қызыл командирлер мен саяси қызметкерлердің қатары аз болды.

Азамат соғысы жылдарындағы қалыптасқан қиындықтармен байланысты Кеңес өкіметі 1918 жылдың орта кезінде елдегі барлық материалдық ресурстармен, адам күштерін барынша жұмылдыру, қалаларды, өнеркәсіп жұмысшыларын, Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету, елде қатаң еңбек тәртібін орнату мақсатында “әскери коммунизм” саясатын енгізді. Бұл төтенше саясат экономикалық күйзеліс, Кеңес мемлекетін шетел интервенттері мен ішкі жаулардан қорғаудың қажеттілігінен туған еді. “Әскери коммунизм” саясаты негізінде азық-түлік мәселесін шешу үшін төтенше шара азық-түлік салғырты енгізілді. Ол бойынша елдегі байлар мен кулактардың қолындағы тауарлы астықтың көп бөлігі ешқандай қайтарымсыз алынды, бұқара халықты азық-түлікпен бір орталықтан қамтамасыз ету көзделді, ауыл шаруашылық өнімдерін өз еркімен сатуға тиым салынды. Азық-түлік салғыртын енгізу елде астық дайындауды көбейтуге, Қызыл Армияны, жұмысшыларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге, ашаршылықты барынша болдырмауға мүмкіндік берді.

“Әскери коммунизм” саясаты бойынша елде жаппай еңбек ету міндеттілігі талап етілді. Жергілікті жерлерде еңбек етуге бұрынғы қанаушы тап өкілдері тартылды. Қазақстанда “әскери коммунизм” саясаты негізінде өнеркәсіпті кеңес органдарының қолына шоғырландыру, оны Қызыл Армияны қару-жарак және жабдықтармен қамтамасыз етуге жұмылдыру шаралары жүргізілді. Бүкілресейлік Атқару Комитетінің 1918 жылғы мамырдағы жарлығымен әскерге өз еркімен бару ісі жалпыға бірдей міндетті әскери борышты орындаумен алмастырылды. 1918 жылдың жазында олкеде Қызыл Армияның құрамында ұлттық әскери болімдер құрыла бастады. Қызыл Армияның Қазақстан жеріндегі ұлттық болімдерін құруда Сырдария, Жетісу облыстары,

Бөкей Ордасы мен Торғай облысының кеңестік уездері біріншіра айтуға тұрарлық ұйымдастыру жұмыстарып жүргізді.

Міне, осы шаралардың барлығы Қазақстанның азамат соғысы майдандарында интервенттер мен ақ гвардияшыларға шешуші соққы беруге жағдай жасады. 1918 жылы күзде 1 және 4 Қызыл Армия болімдері шабуылға шығып, Бугурслан, Бұзылық, Қазан, Александров-Гайды босатып, Орынбор мен Орал қалаларына жақындады. Сойтіп, Ақтөбе майданының қарулы күштері 1919 жылдың 22 қаңтарында Орынборды, 26 қаңтарда Орал қаласын азат етіп, Қазақстан және Түркістан аудандары мен Орталық Ресей арасындағы қатынасты қалпына келтірді.

1919 жылы көктемде М. В. Фрунзе басқарған қызыл әскер отрядтары Қазақстанның солтүстік аудандарында, ал В. И. Чапаев басқарған 25 дивизия оңтүстік-батыс аудандарда соғыс жүргізіп, Колчак әскерлерінің Деникин әскерлерімен қосылуына жол бермей, оларға күйрете соққы берді. Қазақстанда Колчак тәртібіне қарсы ірі көтеріліс Қостанай уезінде болды. 1918 жылы желтоқсан айының аяғында Ә. Жанкелдин, А. Иманов және Ырғыз отрядының біріккен күшімен Торғайда кеңес өкіметі қалпына келтірілді. Бұл кезде Ақмола, Семей облыстарында да партизандық қозғалыстар өрістеді. Павлодар, Өскемен, Бұқтырма, Зайсан уездерінде, әсіресе Зырян, Катон-Қарағай, Шыңғыстау, Шемонайха болыстарында партизандар қозғалысы кең өріс алды. Тарбағатай мен Алтайдың “Тау қырандары” отрядтарының қозғалысы, Жетісудағы Черкасск қорғанысы Қазақстандағы азамат соғысы тарихында елеулі оқиға болды.

1919 жылдың жазында Шығыс майдандағы Колчак армиясының негізгі күштерінің күйретілуі Батыс, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс Қазақстан мен Жетісуды азат етуге қажетті жағдай жасады. Қызу шайқастардың барысында Колчак Армиясы екіге бөлінді. Олардың бір бөлігі Сібірге, екіншісі Түркістанға қарай шегінді. Колчактың “Оңтүстік армиясын” Түркістан майданының қызыл әскер болімдері 1919 жылы тамыз айының екінші жартысында құртып жіберді.

Колчак армиясының жеңілуі, солтүстік-шығыс Қазақстанның азат етілуі Орал майданының жойылуына септігін

тигізді. 1919 жылы шілдеде қоршауда қалған Орал қаласы азат етілді, 1920 жылы 5 қаңтарда Гурьев (Атырау), ал 8 қаңтарда Доссор мұнай кәсіпшілігі жаудан тазартылды. Осының нәтижесінде Түркістан майданының әскер бөлімдері Солтүстік Жетісуға жеткізіліп, мұндағы ақтардың қарсылығын тезірек басуға мүмкіндік берді. 1920 жылдың көктемінде Үржар, Арасан станицалары, атаман Анненковтың штабы орналасқан Үшарал поселкісі босатылды. 29 наурызда Қапал бекінісі құлаған соң Абакумовка, Аксу, Сарканд және басқа да станицалар азат етілді. Атаман Анненков және оған қосылған Дутов басқарған ақ гвардияшылардың қалдықтары Синьцзянға қашты. Нәтижесінде 1920 жылғы наурыз айында азамат соғысының Қазақстандағы ең соңғы Солтүстік Жетісу майданы жойылды.

Қазақстан жеріндегі ірі-ірі соғыс қимылдары М. В. Фрунзе, М. Н. Тухачевский, В. И. Чапаев сияқты белгілі әскери қолбасшылар, И. П. Белов, И. С. Кутяков, А. Иманов т. б. секілді талантты қызыл әскер командирлері басшылығымен жүзеге асырылды.

Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы күрес Азамат соғысының майдандары жойылғаннан кейін де тоқтаған жоқ. 1920 жылғы 12 маусымдағы Верныйдағы бүлік соның көрінісі еді. Бүлікті басуды іске асырғандар арасында Д. А. Фурманов, И. П. Белов, Ф. Мұратбаев, Б. Шагабудинов, т. б. болды. Сол жылғы жазда Семей облысында ақ гвардияшылар офицерлерімен эсерлер ұйымдастырған бай-құлақтардың бүліктері жүрді. Олар партия және кеңес қызметкерлерін өлтіріп, мемлекет қоймаларын тонады, кеңестік мекемелерді ойрандады.

Қызыл Армия бөлімдері жұмысшылардың деревня мен ауыл-село кедейлерінің белсене қолдауымен қысқа мерзімде контрреволюциялық бүліктердің бәрін жойды. Қазақстанда жаңа өкімет орнатудағы күресі жеңіске жетті.

§2. Қазақ кеңес республикасының құрылуы.

Қазақстанда азамат соғысының аяқталуы және контрреволюциялық күштермен ақ гвардияшыларды талқандаумен байланысты Кеңес өкіметін қайта қалпына келтіру мәсе-

лесі ерекше орын алды. 1919 жылғы маусым айында Кеңестердің ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты Қазақ кеңес автономиясын құру туралы арнайы мәселе қарады. Онда қазақ халқының қалың бұқарасымен тығыз байланыс орнайтын, мұндағы жаудан азат етілген аймақтарда саяси және шаруашылық жұмыстарды ұйымдастырып, өлкеде Кеңестердің құрылтай съезін шақыруға әзірлік жасайтын арнаулы орган құру туралы шешім қабылданды. Осыған байланысты 1919 жылы 10 шілдеде РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті бойынша Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құрылды. Революциялық комитеттің бірінші құрамына С Пестковский (тораға), А. Байтұрсынов, В. Лукашев, Ә. Жанкелдин, М. Тұнғаншин, С. Мендешев, Б. Қаратаев кірді. Әр түрлі уақытта Қазақ ревкомының мүшесі болып Ә. Әйтиев, С. Арғыншиев, А. Авдеев, Ф. Әлібесков, Б. Қаралдин еңбек етті. Революциялық комитеттің жұмыс істейтін орталығы болып Орынбор қаласы белгіленді.

Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің жанынан басқару салалары бойынша: еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау және халық ағарту, егіншілік, юстиция, пошта және телеграф, азық-түлік, жұмысшы-шаруа инспекциясы, халық шаруашылығы кеңесі сияқты бөлімдер мен бөлімшелер құрылды.

Қазақ өлкесі территориясындағы өкімет билігі мен басқару жоғары органы – Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің функциялары өте кең әрі сап-салалы болды. Ол өлкені интервенттер мен ақ гвардияшылардан азат етуде Қызыл Армияға көмек көрсету, мемлекеттік өкімет органдарын нығайту, азат етілген аудандарда кеңестерді қалпына келтіру, өнеркәсіп пен көлік қатынасын жапқандыру, мәдениетті оркендету т. б. мәселелермен айналысты. Оның қазақ еңбекшілерін мемлекеттік құрылысқа тарту, кеңес кадрларын дайындау жөніндегі қызметінің зор маңызы болды.

Қазревком 1919 жылдың шілдесінен 1920 жылдың қазан айына дейін 15 ай жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде оның басшылығымен халық шаруашылығындағы басты сала – отын өндіру бағытында Орал-Ембі мұнай кәсіпшілігін, Қарағанды мөп Екібастұздың шахталарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Өнеркәсіп саласында Екібастұз за-

уытындағы, Риддер рудниктерінде қорғасын қорыту жұмыстары жолға қойылды. Семей және Ақмола губернияларының кәсіпшіліктерінде тек 1920 жылы 8,5 миллион пұт тұз өндірілді. Семей губерниясында алтын шығару жұмысы қайта басталды. Оралда, Қостанайда, Семейде, Ақмолада және басқа қалаларда электр станциялары жұмыс істей бастады. Жылдың аяғына қарай өлкеде 59 электр станциясының 45-і қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді. Өлке жұмысшылары мен шаруалардың күш жігері арқасында 1920 жылы Бөкей, Қостанай, Семей және Ақтобе губернияларында көптеген орта және ұсақ өнеркәсіп орындары мен шеберханалары қатарға қосылып, бұларда 20 мыңнан астам адам еңбек етті.

Қазақ ревкомының басқаруымен жергілікті өкімет органдары орасан зор зиян шеккен темір жол қатынасын қалпына келтіруге айрықша көңіл болді. Өйткені жаулар тек Орынбор - Ташкент темір жолында ғана 550 шақырым жол тосенішін, 172 көпірді, 18 темір жол станциясын, 11 су тартқышты, ондаған депо мен шеберханаларды қиратты. Омбы, Петропавл учаскесінде ақтар 36 темір жол көпірін, соның ішінде Есіл мен Ертіс өзендеріндегі үлкен көпірлерді құртып кетті. Орал - Покровск (қазіргі Энгельс қаласы) жолында 75 көпір ортеліп, бұзылды. Арнайы білікті темір жол жұмысшылары мен мамандарынан құралған отрядтардың жүргізген жұмыстары арқасында жоғарыдағы көрсетілген темір жол магистральдарының көптеген көпірлері, жол шаруашылығы, байланыс желілері қалпына келтірілді.

1920 жылы бүкіл елдегі сияқты, өлкеде қоғамдық еңбекке жаңа көзқарас туып, “Еңбек майданы апталығы”, еңбек сембіліктері мен жексенбіліктері ұйымдастырылды. Сол жылғы науырызда Орал губерниясында, сәуірде Петропавл станциясында алғашқы жексенбіліктер өтті. 1 мамырда бүкіл Қазақстан бойынша сембіліктер өткізіліп, оларға қалалардағы өнеркәсіп орындарының мыңдаған еңбекшілері мен село халқы қатысты.

Азамат соғысы еліміздің ауылшаруашылығына орасан зор зардаптарын тигізді. 1920 жылдың басында бұл маңызды салада терең дағдарыс орын алды. Оны жою үлкен күшжігер жұмсауды қажет етті. Кеңестер шаруаларға Колчак әскерлері тартып алған жерлерді қайтарып берді. 1920 жыл-

дың коктемінде Қазақстанның бірқатар уездерінде жері жоқ және жері аз шаруалар үлесті жерлер алды. Сонымен бірге сол жылдың күзіне қарай өлкеде 1039 ұжымдық шаруашылықтар құрылды.

Бұл кезде Кеңсе өкіметі өзінің жергілікті органдарын нығайту, пролетарлық демократияны неғұрлым толық жүзеге асыру, еңбекшілерді саяси және шаруашылық қызметке тарту үшін шаралар қолданды. 1920 жылы 2 қаңтарда Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Кеңесі губерниялық және уездік революциялық комитеттерді тарату, бүкіл өкімет билігін Кеңестердің қолына шоғырландыру туралы қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Қазақ өлкесінде революциялық комитеттерден Кеңестерге кошу басталды. Селоларда, ауылдар мен станцияларда Кеңестер сайлауы өткізілді. Одан кейін болыстық және уездік съездер болып, оларда Кеңестердің атқару комитеттері сайланды. Революциялық комитеттер болыстың немесе уездің аумағындағы бүкіл өкімет билігін осы атқарушы органдарға берді.

Революциялық комитеттерден кеңестерге кошу ең алдымен Орал облысында басталды. 1920 жылғы қаңтардың бас кезінде Орал уезінің 22 болысында болыстық, станциялық, селолық және ауылдық кеңестер құрылды. Болыстық кеңестердің құрамына 101 депутат, селолық кеңестерге 396 депутат сайланды. Сол жылы шілденің басында Ақмола, Атбасар, Кокшетау және Петропавл уездерінің көп жерінде селолық, ауылдық және болыстық кеңестер ұйымдастырылды.

1920 жылғы жаздың аяғына қарай жергілікті жерлерде мемлекеттік өкімет органдарының бірыңғай жүйесіне кошу негізінен аяқталды. Революциялық комитеттер тотенше органдар ретіндегі өз ролін атқарып, өз орнын конституциялық органдарға – кеңестерге берді. Ерекше жағдай ретінде революциялық комитеттер тек Адай уезінде және Жетісуда сақталып қалды. Сол жылдың күзінде өлкедегі кеңестердің губерниялық съездері өтті, сонымен қатар барлық уездерде, қалалар мен болыстарда қалалық, уездік партия конференциялары болды. 1920 жылдың 30 сәуірінде РК(б)П Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы Қазақстанда партия облыстық бюросын құру туралы қаулы қабылдады. Оның құрамына С. Пестковский, Ә. Жанкелдин, Ә. Әйтисев, А. Авдеев, М. Мырзағалиев, С. Арғыншев, Ә. Әлібеков кірді.

РК/б/П Қырғыз /Қазақ/ облыстық бюросы құрылғаннан кейін олкеде Кеңес өкіметін, мемлекеттік құрылысты нығайту жұмысы одан ары өрістей түсті. 1920 жылғы 17 тамызда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қырғыз республикасы туралы Декрет жобасын мақұлдады. 26 тамызда БОАК пен РКФСР Халком Кеңесі РКФСР құрамында “Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы” жарлық қабылдады.

Қазақ республикасына Семей, Ақмола, Торғай және Орал губерниялары, Маңғыстау уезі, Закаспий облысының Красноводск уезіндегі 4-ші және 5-ші Адай болыстары, Астрахань губерниясындағы Синемор болысы, Бөкей ордасы, 1-ші және 2-ші Приморье округтарына шектес, қазақтар қоныстанған бұрынғы қазыналық жерлер кірді. 1920 жылғы 22 қыркүйекте Бүкіл Ресейлік Атқару Комитетінің жаңа декреті бойынша ҚАКСР-ның құрамына Орынбор губерниясы енгізілді, ал Орынбор қаласы республиканың астанасы болды.

1920 жылдың 4-12 қазанында Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезі болып өтті. Съезге Қазақстанның барлық губернияларынан 273 делегат және Алтай губерниясы қазақтарының атынан 6 делегат қатысты. Делегаттардың қатарында 128 қазақ, 127 орыс және басқа да ұлттардың 18 өкілі болды. Құрылтай съезінде Орталық Атқару Комитеті (төрағасы С. М. Мендешев) және Халком Кеңесі (төрағасы В. Радус-Зенькович) сайланды. Съезд Қырғыз (Қазақ) АКСР-і РКФСР-дің құрамына кіретін жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалардың, казактардың және қызыл әскер депутаттары кеңестерінің автономиялық республикасы болып құрылғанын мәлімдеді. Декларация Кеңестердің таптық мөнін белгілеп берді. Ол халықты ұлттық езушілік пен құлдықта ұстау саясатынан батыл қол үзетінін жариялады.

Декларация Қазақстан еңбекшілерінің саяси құқықтарын Кеңестерді сайлау және сайлану құқығын, пәсілдік және ұлттық тегіне қарамастан, барлық азаматтардың тең құқықтығын, тегін білім алу құқығын, қазақ әйелдерінің тең құқықтығын, сөз, жипалыс, баспасөз, ождан бостандығын қуаттап, баянды етті. Азаматтардың еңбек ету, елін қорғау міндеттері де белгілейді.

Кеңестердің Құрылтай съезі жер мәселесі жөнінде, эко-

номикалық құрылыс туралы, әкімшілік мәселесі жөнінде, кеңестік заң органдары туралы, халыққа білім беру, денсаулық сақтау туралы және басқа мәселелер жөнінде шешімдер қабылдады.

Қазақ АКСР құрылуын және Кеңестердің құрылтай съезінің шешімдерін еңбекшілер мақұлдап қарсы алды. Қазақтың Кеңестік ұлттық мемлекеттігін құрудың орасан зор тарихи маңызы болды. Жаңадан құрылған жас республика тез аяқтана бастады. Қазақ халқының басқа ұлттармен қатар қалыптасу процесі күшейді. Оның Кеңес мемлекеті құрамындағы басқа халықтар мен достығы нығая түсті.

Жиырма екінші тарау

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер

§1. Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа кошу және оның барысы.

Қазақстанда азамат соғысы аяқталғаннан кейін, экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдай Ресейдің орталық пудандарымен салыстырғанда ауыр болды. Бейбіт құрылысқа көшудің барысында шаруашылық және саяси қиындықтары мұнда бұрынғы феодалдық дәуірден мұра болып келген экономикалық және мәдени артта қалушылықпен байланысты еді.

1920 жылдың аяғында Қазақстанда 4,7 миллион адам тұрды. Оның ішінде қазақтары - 50,3, орыстары - 31,1, украиндары - 14,4 пайыз. Халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылығында еңбек етті. Ал ауыл шаруашылығы меніңше жете дамымаған еді. Екіншілікте жерді біраз тыңайтып алып қайта жырту жүйесі, мал шаруашылығында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық басым болатып. Егістің көлемі азамат соғысы жылдарында едәуір кеміп, астықтың жалпы көлемі мен түсімі үш есеге жуық азайды. Егер егістік көлемі 1914 ж. 3,6 млн. десятина болса,

1922 ж. 1,6 млн. десятинаға қысқарды. Мал шаруашылығы да ауыр халге ұшырады. 1914 жылдан 1922 жылдың аяғына дейін ірі қара мал саны 2,1 млн-ға, жылқы - 2 млн-ға, қой-сүлкі 6,5 млн-дай, түйе - 0,3 млн-ға азайды. Жалпы алғанда осы жылдары барлық мал түрі 10,8 млн. басқа кеміді.

Қазақстанның оперкәсібі де құлдырап кетті. Азамат соғысы жылдарында ірі кәсіпорындар түгелдей дерлік қирап бүлінді, істен шықты. Қазақстан халық шаруашылығы жалпы өнімінде оперкәсіптің үлесі бар болғаны 6,5 пайыз құрады. Өнеркәсіп халық қажеттерін қанағаттандыра алмады. Еңбек өнімділігі төмен, шикізат пен отын жетіспеді.

Бұл кезде Қазақстанда да Ресейдегі сияқты экономикалық бірнеше меншік түрі: париархалдық, ұсақ тауарлық, капиталистік жекеменшік, мемлекеттік-капиталистік және социалистік меншіктер орып алды. Бірақ олардың экономикадағы көлемі әр түрлі еді. Қазақстан экономикасында социалистік үлестің меншік салмағы тіпті төмендеді.

Қазақ ауылында капитализмге дейінгі қатынастар таза түрінде болған жоқ. Олар капиталистік қатынастармен тоғысып немесе ұштасып жатты. Қазақстан халқының таптық құрылымының елдегі орталық аудандарынан айтарлықтай айырмашылығы болды. Мұнда ұлттық буржуазияның тап ретінде қалыптасу процесі аяқталмаған еді.

Жеті жылға созылған соғыста (бірінші дүниежүзілік және азамат соғысы) жүздеген мың адам қырылды. Кейбір уездерде аштық басталды. Кеңес елінің басқа да аудандары сияқты Қазақстанда да азық-түлік салғырты жүргізілді. Ол бойынша шаруалардың күн корісінен артылған азық-түлік әскер мен өндіріс орындарындағы жұмысшыларды асырау үшін ешбір өтеусіз алынды. Бұл жағдай шаруалардың табиғи наразылығын туғызды. Әсіресе, ауқатты шаруалар қатты наразы болды. Өйткені олардан азық-түлік неғұрлым көп және қайырымсыз қатал әдістермен жиналды. Мұның өзі Қостанай, Орал, Семей, Шымкент уездерінде шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы шығуына әкелді.

Мұндай наразылықтың күшеюі Кеңес өкіметін салғырттан, яғни “әскери коммунизм” саясатынан /салғырт кейде солай аталатын/ бас тартуға, жаңа экономикалық саясатқа қошуға, салғыртты салықпен ауыстыруға мәжбүр етті.

Бұл арада “әскери коммунизм” саясатының социализм

орнатуда неғұрлым тар түсінігі болғанын да айту керек. Ол азық-түлікті күштеп алу, ірі, орта және ұсақ кәсіпорындарды қоғамдастыру, сауда-саттыққа, рынокқа тыйым салу, ақша айналымын тоқтатып, сол арқылы жаңа қоғам орнатуға болады деп әрекеттенудің көрінісі. Оның түсында өкімет барынша орталықтандырылып, әміршіл-өкімшіл басқару жүйесі пайда болды. Барлық партия мүшелері әскери жағдайда деп танылды. Көп адамдар мұндай жағдай социализмге барар жолды қысқартады деп есептеді. Әрине “Әскери коммунизм” социализмге жеткізетін шара емес, дилгерліктен туған болатын. Сондықтан оны жаңа экономикалық саясатпен, тотенше жағдайда енгізілген салғыртты енді салықпен ауыстыру уақыт талабы еді.

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты /НЭП-ті/ іске асыру 1921 жылғы Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің азық-түлік салығына кошу туралы шешімі негізінде жүргізілді. Салықтың молшері салғыртқа қарағанда аз болды. Мәселен, 1920 жылы Жетісу және Сырдария облыстарында астық салғырты бойынша 10,4 млн. пұт астық жиналса, 1921 жылы салық арқылы шаруалардан жиналған астық 6,0 миллион пұттан асқан жоқ. Шаруалардан алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің молшерін салықпен шектеу ауыл-селолардың қалалармен байланысын нығайтуға жол ашты. Шаруалар басы артық өнімдерін қалаларға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкіндік алды.

Алайда, жаңа экономикалық саясатты іске асыру барысында көптеген қиыншылықтар да кездесті. Атап айтқанда, 1921 жылы жазда Еділ өзені бойының, Солтүстік және Батыс Қазақстанның халықтары күшті қуаңшылық болуына байланысты аштыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларында егістің көбі күйіп кетті. Малға азық болмай, қырыла бастады. Ауыл шаруашылығында болған апаттың аяғы сұмдық аштыққа апарып соқты. Сол кездегі мәліметтерге қарағанда республикада 2,3 млн. адам ашыққан. Осы қиын-қыстау кезеңдерде Қазақстан еңбекшілеріне Ресей халқы елеулі көмек көрсетті. 1921 жылы күзде және 1922 жылы көктемде РКФСР үкіметі толық емес есеп бойынша Қазақстанға 4475 мың пұт астық, 183 мың пұт картоп жіберді. Түркістан мен Украина республикалары да Қазақстанға елеулі көмек жасады. Жұт пен

қуаңшылықтан зардап шеккен кедей шаруашылықтарға ондаған мың ірі қара мал, 5 млн. пұттан астам тұқымдық дән берілді. Бұл дән 1921-1922 жж. бір миллион гектардан астам күздік және жаздық егістікке себілді. Алайда Қазақ Республикасы халық шаруашылығының жағдайы өте ауыр болып қала берді.

20-шы жылдардың басындағы жер реформаларының ерекше маңызды ролі болды. Мұның өзі жер мәселесіндегі патша өкіметінің отаршылдық саясатының зардаптарын жою бағытында іске асырылған шаралар еді. Патша өкіметі алған жерлер қазақ еңбекшілеріне қайтарылып берілді.

1921 жылы ақпан айында жер-су реформасы Түркістанның көптеген аудандарында, оның ішінде Алматы, Қапал, Шымкент, Әулиеата уездерінде жүргізілді. Жайық өзенінің сол жағалауының бөлігі межелеп болінді. Қазақ шаруалары бұрынғы жайылымдарын алды.

Ауылда әлеуметтік өзгерістер мен жер-су реформаларын жүзеге асыру үшін бұқаралық ұйым Қосшы одақтары құрылды. Оның жарғысы кедейлердің таптық сана-сезімін арттыру, олардың мүдделерін қорғау және Кеңес өкіметіне көмектесу сияқты мақсаттарды іске асыруды көздеді. Қосшы одақтарын құруда және оның практикалық қызметінде, сондай-ақ Оңтүстікте жер-су реформаларын жүргізуде Ж. Бөрібаев, О. Жандосов, А. Розыбакиев, т. б. қоғам қайраткерлер көрнекті қызмет атқарды. 1921 жылғы наурызда Жетісуда 17 мыңнан астам мүшесі бар Қосшы одағының 99 ұясы жұмыс істеді.

Қазақстан еңбекшілерінің халық шаруашылығын қалпына келтіру барысында бірқатар табыстарға қолдары жетті. 1925 жылдың аяғына қарай республикада өнеркәсіп өнімін өндіру едәуір өсті. Бүкілодақтық маңызы бар Орал-Ембі мұнай тресі, Алтын руда, Атбасар түсті металл, Алтай қазақ полиметалл трестері құрылды. Оларға тәжірибелі инженерлер мен техниктер келді. Қазақ жұмысшыларының саны өсті. Толық емес мәліметтер бойынша, Қазақстанның ірі өнеркәсібінде, жол қатынасында, совхоздарында 1925 жылы 40 мыңға жуық жұмысшы мен қызметші істеген. Олардың ішінде қазақтар саны артты. Қазақтар мұнай өнеркәсібінде жұмысшының басым көпшілігі, кен өнеркәсібінде - 45 пайыз, тоқымашыларда - 30 пайыздан астамын қамтыды. Рес-

публика өнеркәсібіндегі жұмысшылардың жалақысы 1921-1925 жылдарда (салыстырмалы бағамен) 1,5 есе өсті, ауыр өнеркәсіптегі жұмысшылардың жалақысы одан да көп болды. Әлеуметтік сақтандыру, тегін медициналық көмек, еңбекті қорғау жөнінде мемлекеттік бақылау жүйелері жүзеге асырылды. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарында (Риддерде, Доссорда, т. б.) мемлекет есебінен тұрғын үйлер құрылысы басталды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында елеулі өзгерістер жүрді. Бірыңғай ауыл шаруашылық салығы енгізіліп, оның жалпы көлемі 100 млн. сомға томендетілді. 1925 жылы 46 мың кедей және әл-ауқаты кем шаруашылықтар мал және құрал-сайман алуға, жер жырту мен егіс егуге мемлекеттен қарыз алды.

1925 жылы мал басы 1922 жылмен салыстырғанда екі есе көбейіп, 26 миллионнан асты. Осы шаралардың нәтижесінде республиканың ауыл шаруашылығында орташаландыру процесі бой көрсете бастады.

Тұтас алғанда Республика бойыпша 1925 жылы қазанда ауыл шаруашылық кооперациясының жүйесінде 322 690 мүшесі бар 2811 бірлестіктері жұмыс істеді, олардың ішінде 62546 мүшесі бар бір мың қазақ бірлестіктері де бар еді. Сонымен қатар қазақ және қоныс аударып келген шаруашылықтардың төрттен бірінен көбі (27,1 пайыз) бірлестіктерге қамтылды. Бірлестіктер қатарына 96 коммуна, 557 артель, 58 жай серіктестіктер кірді. Тұтыну кооперациясы көшпелі ауылда кеңінен дамыды. Олардан басқа республикада 35 совхоз және 4 мыңнан астам шаруалар комитеттерінің өзара көмек қоғамдары жұмыс істеді.

Кооперациялық құрылысты жүргізуде орыстар арасында шаруалардың өзара жәрдемдесу комитеттері, ал қазақтар арасында Қосшы одағы маңызды рөл атқарды. 1925-1926 жылдары шаруалардың қоғамдық өзара жәрдемдесу комитеттері 335 мың, ал Қосшы одағы 140 мыңнан астам ауыл шаруашылығының жұмысшыларын, кедейлер мен орғашаларды біріктірді.

Алайда, Қазақстанда жаңа экономикалық саясат негізінде өнеркәсіпті қалпына келтіру 1925 жылы аяқталмай қалды және ол жалпы одақтық деңгейден едәуір төмен болды. Республикада өнеркәсіпті қалпына келтіру 1927 жылға

дейін созылып, екі жылға кешігіп аяқталды. Өлкедегі өнеркәсіп салалары, соның ішінде ондіргіш күштерін дамыту нашар жүрді, ірі ауыр өнеркәсіп ошақтары болмады, өнеркәсіпте негізінен тұтыну құралдарын, шикізат өндіру жетекші орын алды. Өнеркәсіп құрылысын өрістетуге негіз болатын табиғи пайдалы қазбалар, яғни жер қойнауындағы байлық әлі жете зерттелмеді.

Ауыл шаруашылығындағы жағдай да өте күрделі болды. Ауыл-селолардағы әміршіл-әкімшіл жолмен жүргізілген жер-су реформасы, шаруаларға жерлерді қайта бөліп беру қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне әсерін аз тигізді. Ауылдық жерлерде патриархаттық-феодалдық қатынастар әлі де күшті болып, мал мен шұрайлы жердің дені байлардың қолында сақталып қалды.

§2. Республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты жүргізуде Кеңестердің ролі күшейді. Оларға шаруалар қауымының сенімі арта бастады. Бұл тұста кеңестерді нығайтуға байланысты біраз жұмыстар жүргізілді. 1921 жылы уездер мен губернияларда Кеңестер съезі болып өтті. Алайда, Қазақстандағы кеңес құрылысында бірқатар қиыншылықтар мен кемшіліктер кездесті. Коптеген қызметкерлер жаңа экономикалық саясаттың мәнін түсінбеді, бұрынғысына “әскери коммунизм” әдістерімен жұмыс жасады. Кеңестер құрамына жаңа құрылысқа қарсы, іштен бұлдіру әрскетіне бейім адамдардың кіріп алу фактілері орын алды. Дегенмен Кеңестерді құрып, нығайту жұмысы мақсатты түрде жүргізілді. Оған белсене қатысқан Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш төрағасы С. Мендешев, орынбасары Ә. Жанкелдин, Ішкі істер халық комиссары Ә. Әйтиев және басқалары Кеңестердің жұмысын жандандыруға елеулі еңбек сіңірді.

1921 жылы 4-10 қазанда Қазақ АКСР Кеңестерінің екінші съезі болып өтті. Онда республика өмір сүрген алғашқы жыл ішіндегі мемлекеттік және шаруашылық құрылыстың қорытындылары шығарылды. Сонымен бірге жергілікті жерлерде кеңестерді нығайтудың жолдары белгіленді.

1922 жылы Кеңестер сайлауы өтті. Олардың құрамын жергіліктендіру іске асырылды. Бөкей, Орал, Ақтобе, Семей губернияларында болыстық атқару комитеттері сайлауынан кейін, депутаттардың жартысынан астамы қазақтар болды. Бұқара арасында саяси жұмыс жүргізу мақсатында ауыл керуен және жылжымалы қызыл отау сияқты жұмыстың жаңа түрлері пайдаланылды.

ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш қызыл керуені 1922 жылы Ә. Жанкелдиннің басқаруымен ел аралауға шықты. 9 мамырдан 12 маусымға дейін керуен Орынбор мен Семей аралығындағы 26 болыстың 37 ауылында, сондай-ақ Екібастұз бен Спасск зауытында болды. 126 жаның, 420 әңгіме өткізді. Керуен Кеңестердің іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді жолға қойды. Мұның өзі ұлттық-мемлекеттік жүйені нығайтуға ықпал етті.

1922 жылы 30 желтоқсанда Мәскеуде өткен Кеңестердің Бүкілодақтық бірінші съезі Кеңестердің Социалистік Республикалар Одағы құрылғанын жариялады. Басқа да автономиялық Кеңес республикалары сияқты Қазақ АКСР-да Кеңестік Ресей Федерациясы құрамында Одаққа кірді.

Орта Азия Кеңес республикаларын ұлттық-мемлекеттік жағынан 1924 ж. жүргізілген межелеу республика өміріндегі маңызды оқиға еді. Ұлттық жерлердің межеленуі нәтижесінде Түркістан АКСР-інің құрамындағы бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының жерлері Қазақ АКСР-іне қарайтын болды. Соның нәтижесінде Қазақстан жері 700 мың шаршы шақырымға, ал халқы - 1 млн 468 724 адамға өсіп 5230 мыңға жетті. Тұрғындары негізінен орыстар болып табылатын Орынбор губерниясы Қазақстаннан бөлінді. Республиканың астанасы Қызылордаға (Ақмешіт) көшті. Қазақ жері мен халқын біртұтас ұлттық мемлекетке біріктірудің республика үшін зор әлеуметтік және экономикалық маңызы болды. Атап айтқанда, өлкенің ондіргіш күштерінің дамуына қолайлы жағдай жасады.

1925 жылы сәуірде Қызылордада республика кеңестерінің бесінші съезі өтті. Ол “Ауылға, қыстаққа және деревняға бет бұрайық” деген ұран негізінде жұмыс істеп, шаруаларды жерге орналастыру жұмыстарының келелі жоспары, суландыру құрылысын дамыту, мемлекеттік және кооперативтік сауданың ролін одан әрі нығайту, өндірістік

серіктіктерді қолдау мәселелерін талқылады. Съезде халықтың байырғы тарихи атауы қалпына келтіріліп - қазақ халқы, ал республиканы - Қазақ АКСР-і деп атау туралы қаулы қабылданды. Сол жылы кеңестер сайлауында ауылдық кеңестерге 60 мыңға жуық депутат сайланды. Олардың құрамында жұмысшы және селолық жердегі жалдамалы жұмысшылар - 6,1 пайыз, кедейлер - 70,9, орта шаруа - 18,8, қызметшілер - 4 пайызын қамтыды.

1925 жылы ақпанда жаңа қазақ жерлерінің бірігуіне байланысты Қазақстан облыстық партия комитеті өлкелік болып қайта құрылды. Сол жылдың аяғына таман Республика партия ұйымында 30 мыңнан астам партия мүшесі мен партия мүшелігіне кандидаттар есепте тұрды. Бұл кезде бұқара арасындағы саяси ағарту жұмысына көп қоңіл бөлінді. Осының нәтижесінде өлкеде 76 қалалық клуб, 72 кітапхана мен қызыл шайханалар, ауылдар мен селоларда 584 оқу үйі, 33 қызыл шайхана, 12 қызыл отау, 168 қызыл бұрыш, 9 шаруа мен малшы үйі, 93 болыстық кітапхана жұмыс істеді. Егер республика құрылған кезде небары үш-ақ газет шықса, 1925 жылы “Еңбекші Қазақстан”, “Народное хозяйство Казахстана”, “Советская степь”, “Қызыл Қазақстан” т.б. 13 газет пен 5 журнал шықты.

Кәсіподақтардың қатары өсті. 1925 жылы қаңтардан қыркүйекке дейін кәсіподақтарға мүше болып 20 мыңға жуық жұмысшы мен қызметші, соның ішінде 6 мыңнан астам қазақ еңбекшісі өтті. Республикадағы кәсіподақ мүшелерінің саны 100 мыңнан асты.

1925 жылы республиканың коммунистік жастар одағының ұялары 51 мың қыздар мен жігіттерді біріктірді. Жастардың көптеген танымал басшылары шықты. Олардың арасында С. Жақыпов, Қ. Әміров, С. Нұрпейсов, Ф. Рузаев, С. Сапарбесков, С. Тәтібеков, А. Шымболатов және т. б. бар еді.

1925 жылы Қазақстан жастары оздерінің дарынды басшыларының бірі Ғани Мұратбаевтан айырылды. Ол 1902 жылы бұрынғы Сырдария облысы Қазалы уезінде туған. Ғани 15 жасынан бастап өзінің өмірін жастар арасындағы жұмысқа арнады. Зор қаблетті, ғажайып күш-жігері мен еңбегі арқасында ол Түркістан республикасының, ал кейіннен бүкіл еліміздің жастар ұйымында басшы қызметте

істеді. 1921 жылы қыркүйектен бастап Ғ. Мұратбаев Түркістан комсомолы Орталық Комитетінің хатшысы, ал 1922 жылғы мамырдан бастап РКЖО Орта Азия бюросының хатшысы болып істеді.

Қазақ әйелдері қоғамдық-саяси жұмысқа белсене араласты. 1925 жылы қаладағы және ауыл мен селодағы еңбекші әйелдердің 6,6 мыңы жергілікті кеңестерге мүше болып сайланды. Қазақ әйелдерін басыбайлықтан құтқаруға бағытталған істер атқарылды. Республикадағы әйелдер қозғалысына Алма Оразбаева, Мәдина Бегалиева, Сара Есова және тағы басқалары ұйытқы болды.

1928 жылы Қазақстанда жаңадан әкімшілік-территорияларға болу іске асырылды. Осы уақытқа дейін болып келген алты губерния, екі округ, отыз екі уезд және 400 болыстықтардың орнына 13 облыс және 193 аудан құрылды. Жаңа аудандардың құрылуы кеңес аппаратының бұқара халыққа жақындасуына, оларды кеңес құрылысына тартуға ықпалын тигізді. 1929 жылы әкімшілік-территориялық қайта құру негізінен аяқталуымен және Түркістан-Сібір темір жолының құрылысының бітуімен байланысты Қазақстан Автономиялық Советтік Республикасының орталығы Қызыл-Ордадан Алматы қаласына көшірілді.

Сонымен бірге 20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде қайғылы жағдайлар қалыптаса бастады. Ол сталинизм идеологиясы негізінде қалыптасқан тоталитарлық жүйенің нығайуымен байланысты еді. Елдегі орын алған экономикалық және мәдени дамудағы қиындықтар жаңа экономикалық саясаттың тоқталуымен байланысты одан ары тереңдей түсті. Республикада “әскери коммунизм” саясаты кезіндегі жұмыс гәсілдері қайтадан жанданды. Халықтың өкіметі жеке адамның дара басшылығымен ауыстырылып, басқарудың командалық-бюрократтық тәсілі іске аса бастады. Мұның барлығы БК/б/П Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшылығына 1925 жылы қыркүйекте Ф. И. Голощекиннің келуімен байланысты болды. Ол келісімен республикада халыққа қысым жасау саясаты күшейіп, бұл ерекше қатаң сипат алды. Осы кезде Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінде күрт өзгерістер енгізілді. 1925 ж. желтоқсанда өткен өлкелік партия комитетінің бесінші конференциясында

“Ауылды кеңестендіру туралы” шешім қабылданды. Ол ауылдық жерлерде тап күресінің шұғыл шиеленісуіне түрткі болды. Республикада “Кіші қазан” революциясын өткізу үшін идеологиялық негіз жасалды, сойтіп жаппай жазалау дәуірі басталып, ол қазақ халқын құлақ есітпеген қайғы қасіретке ұшыратты.

Қазақстанда голощекиндік-сталиндік үлгі бойынша “қайта құрумен” келіспеген көрнекті жауапты қызметкерлердің қарсылығы жанышталды. 1927-1929 жж. әртүрлі сылтаулармен белгілі мемлекет қайраткерлері Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Қожанов, М. Мырзағалиев Республикадан аластатылды. Қазақстан Атқару Комитетінің Торағасы Ж. Мыңбаев, Ағарту халық комиссары С. Сәдуақасов, Жер халық комиссары Ж. Сұлтанбеков және басқалар қызметінен алынды. Қазақ қызметкерлерінің көпшілік бөлігі топқа бөлініп, жікшілдік күреске қатынасқан деп кінәланды. Оны 1927 ж. қарашада өткен 3-ші өлкелік партия конференциясының шешімдері айқын көрсетіп берді. БК/б/П Орталық Бақылау комиссиясы негізгі “топқа бөлінушілердің” бірі С. Сәдуақасовтың ісімен арнайы шұғылданғанына қарамай, мұндай топтардың бар екенін таба алмады. И. В. Сталинге, В. М. Молотовқа, Л. М. Кагановичке жазған хатында Қазақстан өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Н. И. Ежов барлық қазақ кадрлары, барлық қазақ коммунистері ұлтшылдықпен және жікшілдік күреспен уланған, олардың арасында дені сау партиялық күш жоқ деп жеткізді. Болашақ КСРО Ішкі істер халық комиссары Ежов Алматыдан Мәскеуге ауысар алдында өзінің лауазымына осылай “даярланды”, 1937 жылғы жаппай жазалау соның жанталасуымен жүргізілді.

20-шы жылдардың соңында республикада саяси жағдайды ұшықтыру мен күдікшілдік жаппай сипат алды. Орталықта троцкийшіл-зиновьевшіл оппозициямен және “оңшыл оппортунистермен” күрестің күшеюі ұлт республикаларында ұлт-азаттық қозғалысының өкілдерін жазалау түрінде көрініс тапты. 1928 жылдың аяғында “буржуазияшыл-ұлтшылдар” деп аталғандардың ішінде бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің ішінен 44 адамға жалған айып тағылып, қамауға алынды. Олардың қатарында А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Ғабба-

сов және басқалар бар еді. Құрамында М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Ақпасв, К. Кеменгеров және басқалары бар ұлттық интеллигенцияның (40 адамдай) басқа тобы 1930 жылы қыркүйек-қазанда ұсталды. Кешікпей олардың ішінен 15 адам Ресейдің Орталық қара топырақты облыстарына жер аударылды. Бұлардың барлығы дерлік 1937-1938 жж. атылды. Жалпы 1929-1931 жылдары қазақ интеллигенция өкілдерінің он мыңынан астамы жаппай жазалауға ұшырады.

Сөйтіп, 20-шы жылдардың аяғынан бастап сталиндік тоталитарлық идеологиялық аппараты қазақ халқының зердесін жоюға, оның басында тұрған ұлттық интеллигенцияның корнекті өкілдерін құртуға бағыт алды. Тоталитарлық жүйенің нығая түсуімен байланысты “Алаш” партиясына қатысқандарды, сондай-ақ республикадағы әлеуметтік-экономикалық құрылыстардың қарқыны мен әдістері туралы мәселеде өзінің қозғарасы бар бірсыпыра басшы қызметкерлерді саяси қудалау күшейе түсті.

§3. Қазақ АКСР-ның одақтас республикаға айналуы. Тоталитарлық жүйенің қылмысы мен халықты жаннай жазалауы.

1936 жылы желтоқсанда қабылданған Кеңестер Одағының жаңа Конституциясы КСРО-ға тікелей қарайтын жаңа одақтас республикалардың құрылуын заң жүзінде іске асырды. Осы уақытқа дейін Одақтың құрамында жеті республика болып келсе, енді олардың саны он бірге жеткізілді. Завкавказье Федерациясы таратылып, оған қарап келген Әзірбайжан, Армян, Грузин республикалары енді Одаққа тікелей қарайтын болды. Қазақ, Қырғыз Автономиялық республикалары да Одақтас республикаларға айналды.

Қазақстанның саяси-әлеуметтік өміріндегі өзгерістер, оның Одақтас республикаға айналуы Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Конституциясын қабылдауды қажет етті. Осыған орай Орталық Атқару Комитеті құрған Конституциялық комиссия жасаған Конституциялық Заң жобасы 1937 жылы 9 ақпанда Республика еңбекшілерінің талқылауына ұсынылды. Баспасыз бетінде, ұжымдарда ке-

нінен талқыланған Конституция жобасын 1937 жылы наурыздың 21-26 аралығында болған Қазақстан Кеңестерінің төтенше оныншы съезі қарап бекітті.

Конституция Қазақ Кеңес Республикасының жұмысшы, шаруалар табының социалистік мемлекеті екенін, оның саяси негізін еңбекшілер депутаттары кеңесі құрайтынын, сол арқылы бүкіл биліктің еңбекшілердің өз қолдарына топтастырылатыны атап көрсетілді. Республиканың экономикалық негізін шаруашылықтың социалистік системасы және мемлекеттік, сондай-ақ, мемлекеттік-кооперативтік меншіктен тұратын социалистік меншік құрайтынын жариялады. Республикадағы ең жоғарғы мемлекеттік орган төрт жылға тікелей сайланатын ҚКСР Жоғарғы Кеңесі деп көрсетілді. Жоғарғы Кеңес өзінің Президиумын және Үкіметті - Халық Комиссарлар Кеңесін құрады делінді.

Конституция барлық азаматтардың демократиялық құқықтарын, бас бостандығы мен міндеттерін белгілеп, республиканың ұлттық ерекшеліктерін ескерді. Онда Қазақстанның Одақ құрамына егеменді ел ретінде ерікті кіретіні, жерінің тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, Қазақ КСР азаматтарының КСРО азаматы болып танылатыны туралы айтылды. Конституцияда тұрғылықты халықтың өз тілімен еркін пайдаланып, ана тілінде мектеп, мәдени ошақтар мен мемлекеттік мекемелер ашуға ерікті екені көрсетілді.

Заң жүзінде осындай демократиялық еркіндік пен құқықтар мойындалғанымен, іс жүзінде конституциялық ережелердің бұрмалануы, демократияны бұзушылық пен заңсыздықтың осы жылдарда белең алғаны қазіргі күндерде белгілі болып отыр. Жариялылық тұсында шыншылдықты, ақиқатты қалпына келтіруге, боямасыз көрсетуге ұмтылыс жасалып жатқан бүгінгі таңда сол жылдардың тарихындағы ақтаңдақтар қазір жаңа деректермен, мағлұматтармен шыншылдық тұрғысынан көрсетілуде.

30-жылдардың екінші жартысында, дүниежүзілік соғыстың қара бұлты қаптап келе жатқан тұста әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі өзінің бойындағы ең бір жексұрындық қасиеттерін көрсете бастады. Соның салдарынан Кеңес қоғамы аса ауыр да, зардапты қиындықтарға кездесті. Одан Қазақстан да тыс қалған жоқ. Жергілікті партия, кеңес, комсомол, кәсіподақ ұйымдары, шаруашылық орындары үлкен

соққыға душар болды. Жеке адамды дәріптеу жағдайында жергілікті кадрларды қудалау етек алды. Қаралап, жала жауып арыз бергендерді қолпаштау, жаппай сезіктену, шет ел пайдасына шпиондық жасап жүр деп орынсыз айып тағу, басқа жүгенсіздіктер меп жонсіздіктер тыносыз етек алды. Партия, кеңес қызметкерлері, оқыған зиялылар орынсыз қудалауға, құрбандыққа ұшырады. Сойтіп, қасіретті қуғындаудың екінші кезені 1937 жылы басталды. Бұл жылы “халық жауы” деген айып тағылып, Л. И. Мирзоян, О. Исаев, Ү. Құлымбетов, С. Мендешев, Н. Нұрмақов, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, О. Жандосов, С. Есқарасв, Т. Жүргенов, ақын-жазушылар С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ф. Тоқжанов, А. Қоңыратбаев тағы басқа ғылым мен мәдениеттің, өнердің көптеген өкілдері ұсталды. Сол жылы Қазақстан бойынша 105 мың адам НКВД-ның қанды шеңгеліне ілініп, оның 22 мыңы атылып кетті. Олардың арасында партия, кеңес органдарының жергілікті жерлердегі басшы қызметкерлері аз болған жоқ. Бұлардың отбасындағы әйел, балаларына дейін қудаланып, олар да туған жерінен аластатылды. Осы жылдардағы зобалаң қазақ халқының жүрегіне жазылмас жара салды, қара жамылған қайғыға душар етті.

Сол тұста болмашы жазығы бар, тіпті ешбір жазығы жоқ адамдар да ұсталып жатты. Оған анекдотқа айналып кеткен мына бір кішкене суреттемені келтіруге болады. Ауылдағы егде тартқан пысықтау бір қазақты ұстап, аудандағы НКВД-ға әкеліп тұрса, оның бастығы - бұл не істеп еді? - деп сұрайды. Сонда белсенді болып көзге түскісі келген милиция қызметкері: - Бұл ештеме жасап үлгерген жоқ, бірақ жау екенін біліп тұрмын, - деген екен. “Елдегі белсенділер” бұл сияқты озбырлықты аз жасамаған. Бейімбеттің бір әңгімесінде ауданнан келген бір милицияның бір әдемі келіншекті қызыл матадан іш киім кидің деп жауаптап әуреге салғаны айтылады. Көбірек сойлейтін бір шалды өкіметке қарсы сөз айттың деп ұстап, киіндіру үшін үйіне әкелгенде, “осының боларын біліп едім, радиоша тыным таппай жалпылдайсың да жүресің” деген сөзі үшін, Кеңес радиосына тіл тигіздің, шалыңмен бірге сен де жүр” деп кемпірін қоса ұстаған жайлар да болған. Осындай озбырлыққа ыза болған ауылдағы шалдардың ішінен Кеңес өкіметін, оның басшыларын, ауылдағы бастықтарды да арманынан шыққанша боқтап, сол үшін түрмеге отырған-

дары да кездескен. Батыс Қазақстанның Казталовка ауданынан шыққан, Саратовта, РКФСР-дің ірі қалаларында, кейін Қазақстанда НКВД-ның жауапты қызметкері болған Серікқали Жақыповтың С. Сейфуллинді қамауға алғанда “Сәкен жау болса мен де жаумын” деп өз еркімен қызметі мен бостандығынан, бүкіл Кеңес мемлекеті алдындағы еңбегінен бас тартып, түрмеге отыруы тек қазаққа ғана бітетін қасиет десе болғандай.

Жоғарыда айтылған жөнсіздіктер жайлы сөз қозғағанда сталиндік әміршіл-әкімшіл басқару жүйесін қалыптастырушылардың екіжүзді болғанын, бір жағынан, баспасөз бетінде ең демократияшыл құжат деп мақталып, мадақталып, марапатталып, әрбір бабын сүредей білуге жұртты шақырған Ата заңды өздері аяқ асты етіп, қоғам мүшелерінің құқықтарын зұлымдықпен, зымияндықпен бұзғанын оқушылардың естеріне сала кеткіміз келеді.

Қорытып айтқанда, 30-шы жылдарда тотаритарлық жүйе Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінің барлық саласында бекіді. Ол елде күшпен ұжымдастыру және 1937-1938 жылдардағы саяси жазалау дәуірінің қайғылы оқиғаларымен ұштасты. Республикадағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанға Одақтас республика дәрежесін беру, мәдени құрылыстағы, халық ағарту ісіндегі және ғылымдағы табыстар сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйенің тек қатаң идеологиялық қыспағында іске асты.

Жиырма үшінші тарау

Қазақстанның индустриялық дамуы және оның қайшылықтары мен қиындықтары

§1. Халық шаруашылығын қалпына келтіру барысында Қазақстан өнеркәсіп салаларының дамуы.

Жаңа экономикалық саясатты іске асыру барысында Қазақстанда өнеркәсіпті қалпына келтіріп, өркендету ісі өріс алды. Мұнай, тұз өндіру ісі жолға қойылып, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері қалпына келтірілді. Бұл кезде өлкедегі транспортқа

шырықша көңіл бөлінді. Өйткені көлік қатынасын жолға қоймайынша жаңа экономикалық саясаттың басты міндеттерін жүзеге асыру мүмкін емес еді. Осымен байланысты жаңа темір жол құрылыстары жүргізілді. Петропавл - Кокшетау темір жолы іске қосылды. Сондай-ақ Оңтүстік-Сібір магистралының Ақмола - Қарағанды - Павлодар тармағы салынды. Жетісуда темір жол салу тездетілді. Орынбор - Ташкент және Сібір темір жолдарында жүк айналымы өсті, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуда бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, жол қатынасы халық комиссариаты тарапынан едәуір мөлшерде паровоз және вагон отын, әр түрлі материалдар бөлінді, транспорт шаруашылығының жоғары маман теміржол басшылары жіберілді.

Өнеркәсіп салалары мен транспортты қалпына келтірудің нәтижесінде, кәсіпорындарда, жол қатынасында істейтін жұмысшылардың қатары өсті.

1923 жылы Екібастұзда - 500, Риддер мен Ақмолада - 300, Жетіқарада - 600 жұмысшы істеді. Сөл жылғы санақ мәліметтеріне карағанда, губерниялық және уездік қалаларда (Жетісу мен Сырдария облыстарын қосқанда) өндірісте 25 мың жұмысшы еңбек еткен. Қазақстан еңбекшілері республиканың өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру барысында, ондағы өндірілетін өнімдердің көлемін арттыруда бірқатар табыстарға жетті. 1925 жылы Орал-Ембі ауданының кәсіпшіліктерінде 195 мың тонна мұнай шығарылды, бұл 1920 жылмен салыстырғанда 80 мың тоннаға артық. Доссор кәсіпшілігінде 1920 жылғы 10 мұнай скважинасының орнына 70 скважина жұмыс істеді. Риддер рудниктері мен Алтай кен руда ауданының басқа да кейбір кәсіпорындары қалпына келтірілді. Оларды мұнан әрі ұлғайту үшін 1925 жылы одақтық бюджеттен 4 млн. сом бөлінді. Алтын шығаратын өнеркәсіп 1914 жылғы соғысқа дейінгі дәрежесіне жақындады.

Былғары, тері илеу, тоқыма, ұн-жарма, май айыру, тұз, полиграфия, металл өңдеу өнеркәсіптерін қалпына келтіру ілгеріледі. Республикада майдагерлік ұсақ өнеркәсіп, тері тән тігу, пима жасау, жүн түту, қарапайым ауыл шаруашылық құралдары мен үй тұрмысына қажетті заттар жасау, ұста дүкендері мен ұстаханалар кобейді. 1925 жылы Қазақ-

станда 39 мың жұмысшысы бар 4 мыңнан аса осындай кәсіпорындар мен ұстаханалар істеді.

1925 жылдың аяғына қарай Қазақстанда өнеркәсіп өнімін өндірудің жалпы көлемі 1920 жылмен салыстырғанда 5-6 есе өсіп, соғыстан бұрынғы көлемінің шамамен үштен екісіне жетті. 1921 жылы мұнда істеген 17 пайыздың орнына өнеркәсіп орындарының 60 пайызынан астамы іске қосылды. 1923-1925 жылдар ішінде одақ қарауындағы кәсіпорындардың жұмысшылар саны 8 пайызға, ал өлке өнеркәсібі бойынша 56 пайызға өсті.

Қазақстанда 1925 жылға дейін созылған өнеркәсіпті қалпына келтіру одан ары жалғасты. 1926-1928 жылдары Риддерді, Қарсақпайды, басқа да көптеген өнеркәсіп орындарын қалпына келтіру құлаш жайды. Риддердің кәсіпорындарын қалпына келтіруге және қайта жабдықтауға 1925-1928 жылдары бүкілодақтық бюджеттен 15 миллион сом қаржы жұмсалды. Мұнда байыту фабрикасын, қорғасын зауытын және электр станциясын салу аяқталды. Қарсақпайда мыс қорыту зауытының басты-басты цехтары іске қосылды.

Республикада алтын өндіру және басқа да өнеркәсіп салаларында өндіріс ұлғайды. Жеңіл өнеркәсібі бойынша Алматы шұға фабрикасы, Петропавл мен Оралда былғары зауыттары, тамақ өнеркәсіп саласында Гурьевте (Атырау) ірі тоңазытқыш жұмыс істей бастады. Ауыр өнеркәсіп саласында Қарағанды көмір алқабы, Ембі мұнай кәсіпшілігі, Шымкент қорғасын және Балқаш мыс қорыту зауыттары, Лениногор полиметалл комбинаты, т. б. кәсіпорындардың құрылысы басталды.

Бұл кезде мыс өндіру 2223 тоннаға, көмір қазу 58,5 мың, мұнай шығару 269,1 мың тоннаға жетті. Электр станцияларының қуаты екі есеге артты. Көптеген жеңіл және тамақ өнеркәсіптері қайтадан құрылды. Мемлекет меншігіне көшкен 175 жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындарының 114-і өңдеу зауыттары еді. Семей қаласында тері өңдеу және шұға фабрикасының құрылысы басталды. Іледе ағаш кесіп өңдеу, Орал мен Семейде кірпіш зауыттары іске қосылды.

Дегенмен Қазақстанның отарлық дәуірден мұраға қалған оның экономикалық мешеулігі, құрылыс жабдықтарының, ақша қаржыларының, маман кадрларының жетіспеуі,

сондай-ақ басқа да қиыншылықтардың салдарынан өнеркәсіп пен транспортты қалпына келтіру Кеңестер Одағының орталық аймақтарымен салыстырғанда баяу жүрді. Бұл жағдай, әсіресе түсті металлургия саласында көбірек орын алды. Республиканың бірқатар кәсіпорындары, соның ішінде өнеркәсіптің кең шығару салалары (мұнай, түсті металл және т.б.) жылдан-жылға Орталықтың қарамағына өте бастады. Олардың өндірген өнімдерін Кеңестер Одағының индустриялық жағынан дамыған аудандарына тасу күшейді. Қазақстан экономикасының шикізат бағыты барған сайын айқындала түсті.

§2. Қазақстанның индустриялық дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтар

Қазақстанда халық шарашылығын қалпына келтіру аяқталғаннан кейін елді индустрияландыру бағыты іске аса бастады. Индустрияландыру өндіріс құрал-жабдықтарын жасайтын, халық тұтынатын тауарларды шығаратын зауыт, фабрикаларды салумен тығыз байланысты болды. Мұндай кәсіпорындар бұрынғы КСРО-ның шығыс аудандарында, оның ішінде Қазақстанда көптеп бой көтерді. Олардың салынуы артта қалған шет аймақтарды өндірісі, өнеркәсібі дамыған орталық аудандармен теңестіру ұранымен жүргізілді. Мұндай оң пиетті мақсаттың қойылуына сол шет аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда бай шикізат қорының болуы да өз әсерін тигізді, өлкеде темірдің, көмірдің, мұнайдың, түсті металдың мол қоры бар болатын. Осы қорды игеру мүдделері бұл жерлерде көптеген жаңа өндіріс орындары мен құрылыстарын салуға себеп болды.

Индустрияландыру Қазақстан еңбекшілерінің өмірлік мүдделеріне қайшы келген жоқ. Оның дамуы, *біріншіден*, ұлттық жұмысшы табының қалыптасуына, *екіншіден*, жұмысшылардың өндірістік-техникалық дәрежесін көтеруге, *үшіншіден*, Қазақстанның өнеркәсіптік деңгейін биіктетуге, сол арқылы көлік шаруашылығын, ауыл шаруашылығын және басқа да салаларды жаңа техникалық негізде қайта құруға, сойтіп халықтың материалдық жағдайын, әлауқатын көтеруге мүмкіндік беруге тиіс еді.

Қазақстанның индустриялық дамуына бағыт ұстауына байланысты бұл мәселеде ұлы державалық шовинистік және жергілікті ұлтшылдық психология мен пиғылдардың да бой көрсеткенін айта кету керек. Республикада өнеркәсіпті өркендету саясаты іске аспайды, өйткені “артта қалған кошпелі халық” индустрияның дамуына шыдай алмайды деген шовинистік көзқарастар және дамудың феодалдық сатысынан социализмге өту мүмкін емес, кошпелі қазақ халқының өз ұлттық ерекшелігі бар, ал индустрияландыру осы “ұлттық ерекшелікті” бұзады деген пайымдаулар да айтылды. Өлкеде өз алдына томаға-тұйық, шаруашылық құру “теориясын” ұсынушылар да кездесті.

Ф. И. Голощекин республикада индустрияландыру идеясын қолдай отырып, Қазақстанда ауыр өнеркәсіп салаларының орнына, ауыл шаруашылығымен байланысты ұсақ және орта кәсіпорындарды дамыту жоспарын ұсынды. Голощекиндік индустрияландырудың мәнін тез арада түсінген қазақтың алдыңғы қатарлы интеллигенция өкілдері оған үзілді-кесілді қарсы шықты. Олар республика болашағына аса маңызы бар бұл мәселеде олкелік партия комитетінің қойған мақсатын қайта қарауды талап етті. Бұлардың арасынан, әсіресе, Смағұл Сәдуақасов Голощекин идеясына ашық қарсы шығып, республикада шикізат байлықтарын қайта өңдеп шығаратын кәсіпорындар салу талаптарын қойды. Алайда, Қазақстан жетекші кадрларының ақылға қопатын, дұрыс қойғай саясатын Голощекин жергілікті ұлтшылдықтың белгісі деп бағалады, оларды енді қуғынға сала бастады.

Қазақстанда өндіріс күштерін өрге бастыруды, табиғат байлықтарын игеруді тездетуде Түркістан-Сібір темір жолының маңызы зор еді. 1927 жылдан басталған бұл құрылысқа мемлекет тарапынан 200 млн. сом қаржы жұмсалып, тез аяқталу үшін істелген шаралардың нәтижесінде ол мерзімінен 17 ай бұрын 1930 жылы 25 сәуірде іске қосылды. Оның құрылысын жүргізуге бұл тұста РКСФР Халкомы төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов, темір жол инженері М. Тынышбаев, т. б. елеулі үлес қосты. Сол жылдарда республикада түсті металл өндіру қарқыны едәуір күшейді. Риддер полиметалл, Қарсақпай мыс қорыту комбинаттары іске қосылып, жаңа техникамен жарақтанды. Кезінде дүние жүзіндегі өзі тектес өнеркәсіп орындарының ірісі

болған Балқаш мыс қорыту зауыты, қуаттылығы жағынан өзімізде бірінші орынға шыққан Шымкент қорғасын зауыты жұмыс істей бастады. Жезқазған мыс қорыту, Текелі полиметалл комбинаттары, Өскемен мырыш зауыты салына бастады. Сөйтіп, соғысқа дейінгі бесжылдықтарда түсті металл кәсіпорындарының негізгі өндіріс қоры 27 есе артты, республика ірі өнеркәсібі негізгі өндіріс қорының 40 пайызын құрады. Қазақстан көмір өнеркәсібінің, әсіресе Қарағанды көмір алқабының зор маңызы болды. Республика мұнай өнеркәсібі алғашқы үш бес жылдықта бүкіл елдегі мұнай өнімінің бестен бірін беріп, Одақта үшінші орынға шықты. Сөйтіп, түсті металл, мұнай, көмір өнеркәсіп салалары Қазақстан ауыр өнеркәсібінің арнаулы бағытқа бейімделгендігін көрсетті. Сонымен қатар химия, энергетика, металл өңдеу сияқты өнеркәсіп салалары да өркендей түсті.

Республикада - кен-химия өнеркәсібінің тұңғышы - Ақтөбе химия комбинаты салынды. Ол кезінде ел шығысындағы жоғарғы сапалы тыңайтқыш өндіретін бірден-бір, ал Одақ бойынша екінші кәсіпорын болды. Шымкент химия-фармацевтік зауыты, Арал сульфат комбинаты іске қосылып, Теміртау синтетикалық каучук зауыты, Қаратау химия комбинаты салына бастады. Коптеген электр стансалары жұмыс істеп, соғыс алдында Ертіс өзенінің бойында Өскемен су электр стансасының және Қарағанды жылу электр стансасының құрылысы жүрді.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындары бой көтерді. Олардың ішінде қуаты жағынан үшінші орын алатын Семей ет, Гурьев балық консерві, Алматы жеміс консерві комбинаттары, Жамбыл, Мерке, Талдықорған қант зауыттары сияқты кәсіпорындар іске қосылды.

Ауыр индустрия кәсіпорындарының ескілерін қалпына келтіру, жаңаларын салу және техникалық жағынан қайта құру, осыған сай қуатты энергетикалық база жасауды талап етті. Осыған байланысты Қарағанды ОЭС-і, Ульба СЭС-і, Балқаш мыс балқыту комбинатының, Шымкент қорғасын зауытының, Ақтөбе химкомбинатының, Ащысай полиметалл комбинатының жылу электр стансалары салынды. Электр қуатын өндіру республикада 1913 жылмен салыстырғанда 486 есеге өсті.

Соғысқа дейін республикада мыңдаған шақырым жаңа жол салынды. 600-ден астам өнеркәсіп орындары іске қосылды. Негізгі өндіріс қорының 96,4 пайызы, барлық жұмысшы табының 77,5 пайызы осы ірі өнеркәсіп орындарында жұмыс істеді. Бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда сегіз еседей артса, ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі 19,5 есе өсті.

Индустрияландыру барысында Қазақстан индустриалды-аграрлы елге айналды. Өнеркәсіп өнімінің халық шаруашылығындағы үлес салмағы 60 пайыздан асты. Қазақстан өнеркәсібін өркендетуге 1928-1940 жылдары 4,6 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалды.

1940 жылы Қазақстанда өндірісте істейтін жұмысшы табының жалпы саны 350 мыңға жетті. Оның жартысына жуығы қазақ жұмысшылары еді. Республикада көптеген инженер-техник кадрлары даярланып, олардың саны 11 мыңнан асты.

Индустрияландыру барысында өндірісте екпінділер, еңбек озаттары, шаруашылық есеп бригадалары, стахановшылар қозғалысы өріс алды. Индустрияландыру бұрын артта қалған Қазақстан сияқты ұлт аймақтарының тез дамуына, сөз жоқ игі әсерін тигізді.

Қазақстанның индустриялық дамуының жоғарғы қарқынында жүргізілуі Ресейдің, Украинаның және Кеңес Одағының басқа өнеркәсібі дамыған республикаларының жанжақты көмегінің арқасында ғана мүмкін болды. Бұл көмек барынша кеңінен және сан алуан түрде жүргізілді.

Алайда, Қазақстанда индустрияландыруды жүргізу, ешбір кемшіліксіз, қайшылықсыз өтті деген қорытынды жасауға болмайды. Ондай өрескел кемшіліктер индустрияландыруды жүргізудің тәсілдеріне тән еді. Негізінде елді экономикалық артта қалушылықтан шығару сияқты игі мақсатпен басталған бұл жұмыс әміршіл-әкімшіл, бұлтартпайтын әдістермен жүргізілді. Асығып-аптығудың нәтижесінде жаңа өндіріс орындарын салу, өнім өндіру жөнінде үстемеленген тапсырмалар беріліп, оларды бұлжытпай орындау талап етілді. Көптеген жаңа құрылыстар жазықсыз қудаланған адамдардың еңбегімен көтеріліп, олардың қатары үнемі толықтырылып отырды.

Республикада машина жасауды айтпағанда, мұнайды,

алды, түсті металдарды өңдейтін, әсіресе машина жасаудың жетекші салалары-станок, прибор, автомобиль, трактор және ауылшарушылық машиналарын жасайтын кәсіпорындар болмады. Жеңіл өнеркәсіптің бірсыпыра жетекші салаларының нашар дамуы немесе болмауының салдарынан тұтыну заттарының көпшілігі (киім, аяқ киім, металл т. б.) республикадан тыс жерден тасып әкелінді. Сойтіп, Қазақстан өнеркәсібінің отарлық дәуірден-ақ негізі қаланған және одан кейінгі жылдары, оның ішінде соғыстан кейінгі кезеңде де жалғастырылған, бір жақты дамытылуы осы күнге дейін өзінің зардабын тигізіп келеді.

Индустрияландырудың барлық ауыртпалығын шаруалар көтерді. Олар салық толсу, заемға жазылу, қолда бар қаржыларын, қымбат заттарын индустрияландыру қорына өткізу арқылы өнеркәсіптің дамуына белсене ат салысты. Шаруалар астық, мал шаруашылық өнімдерінің басым көпшілігін мемлекетке өткізу арқылы индустрияландыру ісін барынша қолдады. Бұл мәселеде наразылық білдірушілер шықса, олар ұсталып, айдалып, аластатылып отырды. Мұндай қуғындалғандардың басым көпшілігі ауқатты шаруалар еді. 1927-1928 жылы ауқатты бай-құлақ шаруашылықтары шаруалар қожалықтарына есептелген ауыл шаруашылығы салығының бүкіл сомасының 33 пайызын, ал мал өсіретін аудандар бойынша есептелген салықтың бүкіл сомасының 25 пайызын төледі. Келесі 1928-1929 жылы салық төлеу өткен жылмен салыстырғанда 98,8 пайызға (Егеменді Қазақстан, 1992 ж. 22 желтоқсан) артты. Күштеудің мұндай әдістері ауқатты шаруалардың наразылығын туғызды.

Дегенмен индустрияландырудың елді экономикалық артта қалушылықтан шығаратынына халық сенді. Сондықтан да халық еселенген күш-жігермен еңбек етті. Өндірісте, еңбектегі белсенділік бұрын-соңды болып қормеген дәрежеде дамып, индустрияландыру ісінің табыстарын тасытты деуге болады. Нәтижесінде Қазақстанның отызыншы жылдардағы индустриялық дамуы бірсыпыра ірі табыстарға қол жеткізді. Олардың қатарына ең алдымен оның аграрлы елден индустриялы-аграрлы елге айналуын, қалалардың осуін және республика халқының құрамында қала халқы үлесінің көбеюін айтқан жөн. Сондай-ақ, жұмысшы

табының, әсіресе, оның ұлттық кадрларының қалыптасуын, инженер-техникалық интеллигенцияның жасақтала бастауын, халықтың құрамындағы басқа әлеуметтік демократиялық өзгерістерді жатқызуға болады.

Қазақстанның шаруашылығында өнеркәсіп басым салаға айналды, оның өнімінің үлесі отызыншы жылдар ортасында үстем бола бастады. 1939 жылы 59,9 пайызға жетті, ал ауыл шаруашылығының өнімі 41,1 пайызын қамтыды. Қуатты өнеркәсіптік потенциал жасалып, ол ойдағыдай дамыды. Қалалардың урбанизациялау және ірілену процесі жүрді. Қала халқының жартысына жуығы (47,5 пайыз) елу мыңнан астам адам тұратын қалаларға шоғырланды. Егер 1926 ж. республикада мұндай қала тек Семей ғана болса, 1939 жылы ондай қалалардың саны жетіге жетті, ал Алматыда, Қарағандыда, Семейде - әр қайсысында жүз мыңнан астам адам тұрды. Қазақстан қалаларының халқы, әсіресе, басқа жақтардан көшіп келушілердің есебінен өсіп, 1926-1939 жж. оның саны 1,8 млн. адамға көбейді.

Республикада индустрияландыруды жүзеге асырудың барысында елде жұмысшы табы қалыптасты. Ол өз құрамына материалдық өндіріс саласының ең алдымен өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорт пен байланыстың, ауыл шаруашылық өндірісінің /совхоздар, МТС-тар және т.б./, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету салаларының әр түрлі топтарын қамтыды. 1933 жылы жұмысшы табы халық шаруашылығында жұмыс істейтіндердің құрамында 23 пайызға жетті, ал 1926 жылы ол 10,7 пайыз болатын, сойтіп жұмысшы табы колхозшы шаруалармен қосқанда қоғамның ірі табына айналды. Жана таптың өзегі өнеркәсіп жұмысшылары 115,5 мың адамнан асты.

Қазақстанның индустриялық даму барысында қалыптасқан жұмысшы табының жаңа қоғам құрудағы шешуші ролі жалпы алғанда оның сол жылдардың мейілінше қиын да күрделі жағдайындағы ерен еңбегінен көрінді. Республика жұмысшы табының қоғамдық саяси және еңбек белсенділігі елдің индустриялық дамуын, өтпелі дәуірдің басқа да әлеуметтік-экономикалық қайта өзгерістерін ойдағыдай қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды.

Алайда, индустрияландыру Қазақстанда өміршіл-өкімшіл

жүйенің барынша қалыптасуы, орталықтануы, жазалау аппараттарының күш алуы жағдайында жүргізілді. Оны жүргізу күштеу мен зорлық, әкімдік, асыра сілтеу әдістерінің белең алуы жағдайында іске асты.

Индустрияландыруды жүргізу үшін қаражат жипаудың негізгі қоры ауыл-село адамдарының, шаруалардың адал еңбегінің жемісі мен дәулеті арқасында қалыптасты. Оларға шамадан тыс ауыр салмақ салынды, индустрияландыру облигациясы шығарылып, оны шаруалар арасында тарату міндеті мен күштеу негізінде жүргізілді. Индустрияландыру қорына халық алтын, күміс, асыл тастан жасалған бұйымдарын, қымбат мүліктерін беруге мәжбүр болды.

Жиырма төртінші тарау

Қазақстандағы ұжымдастыру және оның зардаптары. 1932-1933 жылдардағы аштық

§1. 20-шы жылдардағы Қазақстан ауыл шаруашылығындағы жағдай.

1921-1922 жылдарда патша өкіметінің жер мәселесіндегі отарлау саясатының зардапты мұраларын жойған Қазақстан мен Түркістандағы аграрлық реформалардың жергілікті ұлт еңбекшілері, сондай-ақ қоныс аударған еңбекші шаруалар үшін елеулі маңызы болды. Ол көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардағы кедейлердің салықтан босатылып, жеңілдіктер алуына жол ашты. Сонымен бірге оларда ұжымдандырудың алғашқы қарапайым түрлері: сауда-саттық жасау, жабдықтау, несиегі пайдалану, кейде мәдени ағарту жұмыстарының басын біріктіретін қарапайым кооперативтендіруді дамытуға жол салды.

Мемлекеттік кооперативтік сауда жүйесін құрумен бірге қазақ даласында сауда құрылысының жаңа мазмұнымен байытылған ескі түрлері: жәрмеңкелер, сауда керуендері пайда болды. Міне, осының нәтижесінде 1923 жылы баяуырақ болса да, ауыл шаруашылығы өндіргіш күштерінің орлеуі басталды. Ауыл шаруашылығын машиналар және

құралдармен, тұқымдық астықпен жабдықтау жақсарды. Мал саны да өсті. Ауыл шаруашылығын қалпына келтіруде кооперацияның рөлі артты.

1924 жылы сәуірде РКФСР үкіметі Қазақ АКСР-інің көшпелі және отырықшылыққа көшкен халықтарын жерге орналастыру туралы жарлық шығарды. Жерге орналастыруға байланысты барлық шығынды мемлекет өз мойнына алды. Отырықшыланған шаруашылықтарға салық жөнінен жеңілдіктер берілді. Ауыл кедейлері мен шаруаларына қаржылай көмек беру ұйымдастырылып, оның көлемі 1,5 млн. сомға өсті. Осы жылдың қазан айында ұжымдастырылған шаруашылықтардың жалпы саны 794-ке жетіп, оның 96-сы коммуна, 456-сы ауылшаруашылық артелі, 242-і жай серіктестіктер болды. Мемлекет техника және қаражат беріп, еңбекші шаруаларға жеңілдіктер жасап, колхоздарға көмек көрсетуге пейіл қылды. Бірақ көп жерлерде бұл шаралар тиісті нәтиже берген жоқ. Бұл кезде республикада совхоздар мен МТС-тар құрыла бастады. Бұлар шаруалардың ұжымдандыру мәселесін шешуге көмектесуге тиіс еді.

1926-1927 жылдары Кеңес өкіметі Қазақстанда шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу шараларын жүргізді. Оның қорытындысы бойынша өлкеде 1 млн. 250 мың десятина егіндік және 1 млн 360 мың десятина шабындық жер қайта бөлінді. Бұл жүзеге асырылған аграрлық реформалардың басында кедей шаруалар барлық шабындық жерлердің 61,6 пайызын, егіндік жерлердің 59,3 пайызын иемденді. Бірақ осы жүргізілген реформа алғаш кезден бастап-ақ өзінің әлсіз жақтарын көрсете бастады. Өйткені егістік жерлерді қайта бөлу барысында кедей шаруалардың және кейбір орташа шаруа топтардың шаруашылықты жүргізу мүмкіндіктері, ондіріс қорлары: жұмыс көлігі, ауылшаруашылық құрал-жабдықтары, тұқым т.б. мүмкіндіктері ескерілмеді. Міне, осындай себептерден келіп, жерге қолы жеткен көптеген экономикалық әлсіз кедей шаруашылық одан бас тартып, бұрынғы иелеріне яғни ауқатты байларға қайтарып беруге мәжбүр болды. Өлкеде шабындық жерлерді қайта бөлу ісінде де осындай көлеңкелі жағдай орын алды. Реформа шартына сәйкес, шабындықтарды қайта бөлу жан басына қарай өткізілетін болды, ал қазақ қоғамындағы бұрынғы дәстүр бойынша жер мал санына қарай бөлініп

келді. Осы жағдаймен байланысты байдың шабындығын ала қоятын кедей топтары аз кездесті. Бұған қоса қазақ қоғамындағы қалыптасқан ескі патриархалдық-рулық қатынастардың қалдықтары да үлкен әсерін тигізді. Сол себептерден келіп, шабындық жерлер малдары көп ауыл байшонажарларының қолында сақталып қалды. Сөйтіп, Кеңес өкіметінің қазақ ауыл-селоларында жүргізген тағы бір аграрлық реформасы өзінің алдына қойған мақсатын жүзеге асыра алмады.

Бұл кезде елде аграрлық саясатты іске асыру барысында кеңес өкіметі ірі байлардың, “жартылай феодалдардың” ең әуелі малын, сосын еңбек құралын, одан кейін олардың тұратын үйлерін тартып алып, жер аударып жіберуге бағыт алды. 1927 ж. желтоқсанында Республика өкіметінің жоғарғы буындарында ірі-ірі байлар шаруашылығын тәркіге салу жөніндегі заң жобасын әзірлеу үшін комиссия құрылды. Комиссияның төрағасы болып Е. Ерназаров тағайындалды. Оның құрамына О. Исаев, Н. Нұрмаков, Ғ. Тоқжанов, О. Жандосов т. б. кірді. 1928 ж. 27 тамызында Орталық Атқару Комитеті мен Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде тәркілеу жөніндегі Заң жобасы қабылданып, жарлық қаулы түріндегі құжатқа айналды. Республика округтерінде тәркілеуді өткізу жөніндегі өкілдер тағайындалды. Ауыл-ауылға тікелей мыңнан астам өкіл жіберілді, демеу комиссияларында 4700 адам жұмыс істеді.

Қазақстан бойынша көшпелі аудандарда Қаулыға сәйкес 400-ден аса малы бар /ірі қараға шаққанда/ 700 шаруашылықты, жартылай көшпелі аудандарда малы-300, ал отырықшы аудандарда малы 150 ден асатын шаруашылықты тәркіге салу белгіленді. Бұл науқанды 1928 жылдың 1 қарашасында аяқтау жоспарланды. Науқанның қорытындысы бойынша іс жүзінде 696 шаруашылық тәркіге салынды, олардың 619-ы тұрған округінен тыс жерлерге айдалды. Тәркіленгендерден ірі қараға шаққанда 145 мыңдай мал және ауыл шаруашылық саймандары тартып алынды.

Қазақ байларын тәркілеу барысында заңға қайшы көптеген бұрмалаушылықтар орын алды. Кейбір жерлерде 300-400 қаралы қойы бар, орта қолды дәулетті шаруалар қожалықтары орынсыз тәркіге ұшырады. Ал қайсыбір жерлер-

де туысқан жанұяларының малдары қосылып жазылып, оларда тәркіге жатты.

Тәркіленген малдың 80 мыңы кедейлер мен батырақтарға, 30 мыңға жуығы ұжымшаларға берілді. Мал мен құрал сайманға ие болған кедейлер ауылдағы орташалар тобы қатарына көтерілді. Бірақ олар мемлекетке қажетті мөлшерде тауарлы астық бере алмады. Сондықтан бүкіл одақ бойынша және республикада астық жетіспеді, ал оған деген сұраныс қала халқының өсуіне байланысты барған сайын арта түсті. Бұл Қазақстанның ауыл мен село халықтарына алым-салық мөлшерін көбейтуге алып келді және оған қоса өзара салық деген енгізілді. Бұлардың барлығы әміршіл-әкімшіл әрекеттер іс-қимылы негізінде жүргізілді.

1920-шы жылдардың аяғында Қазақстанда кошпелі және жартылай кошпелі қазақтарды отырықшыландыруға бағытталған шаралар іске асырылды. Мұның өзі бастапқыда кейбір жеңілдіктер беру (күрал-сайман, күш-көлік, қарыз қаржы беру, екі жылға астық, ет тапсырудан құтқару) арқылы бірте-бірте жүргізілетін болып белгіленгенмен, шынтауайтқа келгенде, күштеп отырықшыландыру әдісі белең алды. Көптеген жерлерде кошпелі шаруашылықтар бір жерге иіріліп, киіз үйлердеп көшесі бар қалашықтар құрылды. 10-15 күннен кейін ондағы адамдар жан-жаққа ешкімді тыңдамай қашуға, кошуге мәжбүр болды. 1930-31 жылдарда осындай зорлап отырықшыландыру зобалаңына ұшыраған мал шаруашылығымен айналысатын 25 ауданнан 35 мыңнан астам шаруашылықтар республикадан тыс жерлерге көшіп кетті. Маңғыстау ауданы (Батыс Қазақстан) халқының 50 пайызы Қарақалпаққа, Түрікменияға, Ресейге көшіп кетіп оралмады. Ондағы малдың саны 65 пайызға азайды. Тек Батыс Қазақстан облысы бойынша ол 82,2, республика бойынша - 51,8 пайызға қысқарды. Жалпы Қазақстан бойынша 1931 жылдың тамыз айына дейін 281 мыңнан астам шаруа қожалықтары республикадан тыс жерлерге көшіп кетті. Ал бұл кошпелі және жартылай кошпелі шаруашылықтар жаңа экономикалық саясатты іске асыру барысында өздерінің малдарының санын көбейтіп, қалаларға ет, жүн, т.б. шығарып сатып, жағдайларын біраз түзеп алған болатын.

Сонымен 20-жылдардың аяғына қарай қазақ даласын-

ның ірі өзгерістерге: халық шаруашылығын қалпына келтіруге, өнеркәсіп орындарын салып, кәсіпорындардың, жолдың кең жүйесін дамытуға себепші болған жаңа экономикалық саясаттың әрекетін тежеп, әміршіл-әкімшіл басқару әдісіне кошуге біржола бетбұрыс жасалды. НЭП жылдарында орташаланып қалған ауқатты шаруалар, қаладағы жағдайын біраз түзеп алған қолонершілер мен қызметкерлер енді жат таптың өкілі есебінде қудалауға алына басталды. Саясаттағы солақайлық етек ала берді. Халықты ызғарымен ықтырып, тұманымен түншықтырып, отына күйдіріп Сталин бастаған әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің қызыл шоқтай тарғылданған күні туып келе жатты.

§2. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және оның зардаптары. 1932-1933 жылдардағы аштық.

20-шы жылдардың басында қабылданған жаңа экономикалық саясат бойынша шаруаларды ұжымдастыру, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру сияқты күрделі мәселелер шешіледі деп есептелінді. Шаруалар кооперациясы мемлекеттік қысым күшімен емес, экономикалық тиімділік шарттарын созсіз орындау арқылы жүзеге асатын шаралар ретінде қаралды. Жаңа экономикалық саясаттың алғашқы жылдардағы тәжірибесі оның мүмкін екенін дәйектеп берді.

Алайда, 20-шы жылдардың екінші жартысында жана экономикалық саясат негізінде қалыптасқан шынайы бағыт түбіріпен өзгерді. Басты міндет - ең зору көкейкесті мақсат индустрияландыруды қызу қарқынмен жүргізу деп жар салынды. Индустрияландыру қам-қарекетін қамтамасыз ететін қорды жинауды шаруалар қауымын тікелей және жанамалап экспроприациялау есебінен жүргізу козделді. Атап айтқанда, бұл мақсат мемлекеттендірілген колхоз жүйесін жасау, яғни шаруаларды ұжымдастыруға жаппай күштеп откізу арқылы іске асырылды. Сойтіп, 20-шы жылдардың аяқ шенінде бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да колхоздастыру науқаны басталды. Бұл шараның іске асырылуына шаруалардың тілегі мен ықыласы ескерілген жоқ, ол жоғарыдан берілген әмір, нұсқаулар негізінде жүргізілді. Қазақстанда колхоздастыру-

ды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау белгіленді. Бірақ, шаруаларды күштеп ұжымдастырудың арқасында республикада колхоздар саны қауырт өсіп, 1927 жылы 1072 болса, 1928 жылы - 2354, ал 1929 жылы - 4876-ға жетті. Бұлар колхоздастыру саясатын жүргізудегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, құрылған жасанды шаруашылықтар еді. Оларды құру барысында небір сұмдық зорлыққа, күштеуге жол берілді. Ол тұста қабылданған бірнеше қаулы-қарарлардың заңдылығын тексеру барысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Торалқа комиссиясының 1992 жылғы желтоқсанындағы қорытындылары жарияланды. Онда келтірілген деректер мен мағлұматтар колхоздастырудың қандай әдістермен жүргізілгені жөнінде толық түсінік береді.

Колхоздастырудың 1929 жылдың орта шенінен басталғаны белгілі. Оның құлаш жаюы Сталиннің сол жылғы 7 қарашадағы “Правда” газетінде “Ұлы бетбұрыс” деп аталатын мақаласының шығуымен түспа-түс келді. Мұның алдында бай-құлақтарға шабуыл жөніндегі нұсқаулар негізінде Қазақстанда байлардың шаруашылықтарын тәркілеу аяқталған болатын. Енді жаңа экономикалық саясат негізінде жүргізілген шаруаларды кооперациялау ісі мемлекет бағыттап отырған күшпен ұжымдастыру шарасына орын берді. Ал, бұл шара шаруа қауымының игілігін ойлаудан тұмады, тек индустрияландыру процесін қамтамасыз ету мақсатын қана көздеді. Сойтіп, 20-30 жж. жаңа экономикалық саясатын дамыту бағыты түйықталып тасталды. Ондаған жылдар бойына экономика мен қоғамдық саяси өмірде тек “күштеу” шарасының рухы үстемдік етті.

Бұл жағдай ауыл шаруашылығына қасіретті зардабын тигізді. Селодағы саясаттың ең басты шарты - әміршіл-әкімшіл террорға сүйенген экономикалық емес жарлықтар, шаруалар қауымын кооперациялау идеясын жаманатты қылып қоймай, оның пайдалы жақтарын да құртып жіберді. “Ұлы бетбұрыс” селолық құрылымдарды қатігез қаталдықпен аяусыз қиратып, қоғамның болашақта туатын проблемаларын біртіндеп әзірлей бастады.

Колхоздастыру барысында жүргізілген ауыл шаруашылығы өнімдері оның ішінде астықты күштеп дайындау шаруалардың күн көрісіне, көңіл-күйіне мейілінше кері әсер

еткен, оларды кеңес өкіметін жек көруге итермелеген екінші бір үлкен шара болды. Ауылдарда мал саны өсіріліп көрсетіліп, алынатын еттің, жүшінің көлемі белгілі есептен асып түсті. Салғыртты орындау үшін шаруалар қыс ішінде қой қырқуға мәжбүр болды. Мұның өзі қойлардың жаппай қырылуына соқтырды. Егіспеи айналыспайтын шаруашылықтардан астық талап етілді. Салғыртты орындамаған қожалықтар сотқа тартылды. 1928-1929 жылдары осындай айыпқа ұшыраған 34 мың ауыл-село адамдары сотталды. Мұның өзі ауыл адамдарын қорқыту үшін де істелінді.

Колхоздастыру осындай ауыр жағдайда басталды да, оны басқару әкімшілік, зорлық, күштеу әдістерімен жүргізілді. Егер 1928 жылы Қазақстанда колхозға барлық шаруашылықтардың екі пайызы ғана кірсе, 1931 жылдың күзінде шаруаларды 70-тен 100 пайызға дейін колхоздастырған аудандардың саны 78-ге жетті. Бұл тұста өлкеде 192 аудан болатын. Шаруаларды ұжымдастыру кезінде ауыл-селоарда бай-құлақтарды тап ретінде жою шаралары іске асырылды. Жергілікті орындарға жеткізілген нұсқау бойынша жойылуға тиісті бай-құлақ шаңырақтары барлық шаруашылықтың жалпы санының 3-5 пайызына аспауы керек деп ескертілді. Бірақ, осыған қарамастан әміршіл-әкімшіл жүйенің асыра сілтеу әрекетімен тәркіге салынғандар саны кез келген жерде ең жоғарғы көрсеткішке жеткізілді. Нәтижесінде тек 1930-1931 жж. республикадан тыс жерге бай-құлақ деп “жер аударылып” жіберілген шаруалар саны 6765 адамға жетті. Ондаған мың шаруалар тұрған округтерінен республика ішінде басқа жерлерге көшірілді.

Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жүргізу үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті жергілікті белсенділермен бірге кәсіпорындардан сегіз мың жұмысшыны тартты. Мұның үстіне республикаға Мәскеуден, Иваново-Вознесенскіден, Харьковтан, Ленинградтан партияның шақыруымен 1204 «жиырма бесмыңыншы» келді. Бірақ бұлардың өздері қазақ жерінде отырықшыланудың мәні мен механизмін жете түсінбеді. Көптеген әкімшілер үшін, бұл шартараптан жүздеген шаруашылықты бір жерге жинау болды. Мұндай топтаудың салдарынан шаруалар мал өрісінен, су мен шоп іздеп, жайылым ауыстырып отыру мүмкіндігінен айырылды.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің нұсқауымен Қазақстанның барлық аймақтарында ұжымдастыру егіншілік шаруашылықтарында да қандай қарқынмен жүргізілсе, мал өсіретін шаруашылықтарда да ол сондай қарқынмен жүргізілсін деп талап етілді. Ойластырылмай алынған шешімнің зиянды қайтарымы өзін көп күттірген жоқ.

Қолдағы малды қоғамдастыру нәтижесінде колхоз фермалары құрылды. Кейбір жерлерде алып коммуналар ұйымдастырылып, олар өте көп шаруашылықты біріктірді. Соның нәтижесінде фермаларға жиналған қисапсыз мал күтімінің кемдігінен, шоптің, жайылымның жетпеуінен қырылды. Колхозға кірмеген жеке шаруашылықтарда мал ұстауға ықылас болған жоқ. Сөйтіп, 1928-32 жылдар аралығында республикада ірі қара 6 млн. 509 мыңнан 965 мыңға, қой 18 млн. 566 мыңнан 1 млн. 386 мыңға, жылқы 3 млн. 616 мыңнан 416 мыңға, түйе 1 млн. 42 мыңнан 63 мыңға азайып кетті. Қазақстанның осы жылдары одақ бойынша тауарлы астық өндіруден үлес салмағы 9 пайыздан 3 пайызға кеміді. Халықтың тұрмысы нашарлап, қайыршылануы күшейді. Мұның өзі шаруалар бұқарасының наразылығын туғызбай қойған жоқ. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 372 көтерілісі болып, оған 80 мыңдай адам қатысты. Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Биен-Аксу, Шыңғыстау, Борібаев, Қастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау т.б. жерлердегі шаруалар көтерілісі аяусыз басылып, оған қатысқандардан 5551 адам сотталды, олардың 883-і атылды. Жалпы алғанда күштеп ұжымдастыру кезінде Қазақстанда 100 мыңнан астам адам жазаланды.

Кошпелі қазақ мал шаруашылықтарын күштеп отырықшыландыру және ұжымдастыру Қазақстан экономикасын құлдыратып томен түсіріп жіберді. Республика экономикасының құлдырап томендеуі 1932-1933 жылдардағы қуаңшылықпен тұстас келді. Осындай елді арылмас сорға душар еткен қолдан жасалған қастандық пен табиғаттың рақымсыздығынан осы екі жылда республикада аштықтан өте көп адам қырылып, қазақ елі орны толмас қайғы мен қазаға ұшырады: 1 млн. 750 мың адамынан, яғни қазақ ұлтының 49 пайызынан айырылды. Республикада тұратып басқа халықтар да сан жағынан кеміді.

Қазақстанға Ф. И. Голощекиннің өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келуі қазақ халқына адам аңтықсыз бақытсыздық әкелді. Голощекин әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне арқа сүйеп, небір сұмдық амал-айла, зымияндық әдіс қолдану арқылы қазақ зиялыларын бір-біріне айдан салды, “халық жауы” деп жала жауып, мыңдаған қазақ азаматтарының қанын токті. Голощекиннің тікелей басшылығымен 1929 жылы - 31, 1930 жылы - 82, 1931 жылы - 80 жалған “контрреволюциялық ұйымдар” ашынып, бұл ұйымдардың мүшесі болды деген жаламен он мыңға тарта қазақтың бетке шығар азаматтары қамауға алынды.

Сөйтіп, тарихшы ғалымдардың соңғы жылдардағы зерттеулері корсеткендей, қазақ халқы аса ауыр шығынға ұшырады. Ашаршылықтан және онымен байланысты туған эпидемиялардың салдарынан, сондай-ақ өлім-жітімнің көп болуы, халықтың басқа республикаларға, Қытайға, Иранға, Монғолияға т.б. елдерге ауа кошуі нәтижесінде Қазақстан бірнеше миллиондаған адамдарынан айырылды.

Қазақстанда жіберілген орны толмас қателіктер мен бұрмалаушылықтарды Мәксудегі орталық аппарат жергілікті басқару органдары айыпты деп, барлық бәлені соларға жапты. 1933 жылдың басында Ф. И. Голощекин орнынан алынып, Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Л. И. Мирзоян сайланды. Осы жылдың көктемінен бастап енді жіберілген қателіктерді және республикада қалыптасқан ауыр жағдайды түзету басталды. Әсіресе, күштеп ұжымдастыру мен қазақ кошпелі шаруашылықтарын еріксіз отырықшыландыру мәселелеріне айырықша назар аударылды. Ауыл-селодағы шаруашылықтардың бәрі екі жылға мемлекеттік салықтардан және міндетті төлемдерден босатылды. Олардан өткен жылдардағы қарыздары алып тасталды. Кошпелі және жартылай кошпелі шаруашылықтарға материалдық көмек ретінде 2 млн. пұт астық берілді. Ұжымдастырудағы асыра сілтеушіліктер салдары түзетіліп, көптеген ауыл шаруашылық артельдері шаруалардың қарапайым бірлестігі – жерді бірлесіп өңдеу (ТОЗ), мал өсіру серіктестіктерінің жарғысына көшірілді. 1934 жылы иаурызда мал өсіру серіктестіктерінің Үлгі Жарғысы жарияланды. Іске асырылған шаралардың нәтижесінде

тек 1934 жылы мал саны 16,4 пайызға өсті. Бірақ, мұндай алғашқы қол жеткен табыстар орасан бүліншілікке ұшыраған республика өмірінің қоғамдық және экономикалық негіздерін қалпына келтіре алмады. Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстаннан тыс ауа көшкен жүз мыңдаған қазақтар қайтып оралмады, өлкеде қырылған малдың орны толмады. 1941 жылдың басында олардың барлық саны 16 млн. басқа ғана жетті. Ал қазақ этносының бұрынғы санын қалпына келтіру тек Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары болған күшті демографиялық осудің арқасында, яғни 40 жылдан кейін ғана іске асты.

Жиырма бесінші тарау

XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті

§1. Тоталитарлық жүйенің творчестволық шығармашылыққа қатал идеялық қысымы

20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап И. В. Сталиннің басқаруымен қалыптасқан тоталитарлық жүйе Қазақстанның мәдениетінің дамуына үлкен кеселін тигізді. Оның үстемдік етуі нәтижесінде Қазақстандағы мәдениет салалары Коммунистік партияның саясатына сәйкес жұмыс істеуге тиіс болды. Әсіресе бұл халыққа білім беру саласында ерекше көрініс тапты. Атап айтқанда, бұл кезде шығарылған оқулықтар, партия, комсомол және пионер ұйымдары, жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқына сталинизмнің догмаларын тықпалады. Мектептің қызметі де бұрмаланды.

Бұл кезде халыққа білім беру ісінде, соның ішінде оқу орындарында партиялық әмір күшейді. Оқу-тәрбие процестерін идеологияландырудың үстіне жалпы көрсеткішті құдалау, оқу процестерін формальды жүргізу өрістеді.

Тоталитарлық жүйенің күшеюі халыққа жоғары білім беру саласында да өз әсерін тигізді. Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникумдары халық шаруашылығының кадр жөніндегі қажетін қанағаттандыра алмады. Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамында жергілікті

қазақтың өкілдерінің саны баяу өсті. 1936 ж. Қазақтың мемлекеттік университетіндегі 42 оқытушының 8 ғана қазақ болды.

Партиялық-мемлекеттік құрылымның идеологияландырылған саясаты профессионалдық оқу орындарындағы істің жағдайына бөрінен де көп зиян келтірді. Ғалымдарды, жоғары оқу орындары қызметкерлерін құдалау мен жазалау шаралары 20-шы жылдарда басталып, Сталин өлгенге дейін жүргізілді. Осының нәтижесінде 30-шы жылдардың ортасында А. Байтұрсынов, С. Асфендияров, Х. Досмұхамедов, Т. Жүргенов, О. Жандосов және басқа аса көрнекті қоғам қайраткерлер, ғалым, педагогтердің өмірі қиылып кетті.

Жоғары оқу орындарының өмірі партиялық және таптық принциптер негізінде құрылды. Сондықтан университет пен институттардың және техникумдардың шет елдердің студенттері сияқты оқу орындарымен байланысы жоқтың қасында болды. Көптесен оқу бағдарламаларының, көмекші құралдар мен оқулықтардың мазмұны еркін творчестволық ойлауды қалыптастырмады. Олардың мәні мен мазмұны ғылымның, техника мен технологияның жаңа жетістіктерін егертпей білуге бағытталмады. Кадрлар және студенттер құрамын толықтыруда пара алушылыққа, жершілдікке және әлеуметтік әділетсіздіктің басқа түрлеріне жол берілді.

Тоталитарлық жүйенің үстемдік ету жылдарында Қазақстанның көркем мәдениеті әлденше рет орлеу мен құлдырау кезеңін басынан кешірді. Егер Қазан революциясының жеңісі тұсында қазақ халқының әдебиеті мен сазгерлік мәдениетінің жеткілікті бай даму тарихы болса, бейнелеу, театр және кино опері жаңадан құрылу шағында немесе мүлде жоқ еді. Өнер қайраткерлерінің шығармашылық туындылары қазақ қоғамының таптық және идеялық-саяси жіктеуін айқын бейнеледі. Оның таптық принциптері жалпы-адамзаттық қазыналардан бағалы саналды. Қазақстанның Орталық Азия елдерімен, Қытаймен байланысы ұзақ уақытқа тыйылды. Сондай-ақ, 1925 ж. Өлкелік партия ұйымының басшылығына Ф. И. Голощекин келгеннен кейін ескі кадр мамандарға, творчество адамдарына ілтипатпен қарау, олармен іскерлік қарым-қатынас жасау салты бұзыла бастады. 1926 жылы БК/б/П Қазақстан өлкелік коми-

тетінің III пленумында Ә. Бокейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Мендешев, Ж. Аймауытов, С. Қожанов және басқалар орынсыз сынға алынды. Кешікпей бұл сын интеллигенцияға қарсы ашықтан-ашық қудалауға және айыптауға ұласты.

1920-шы жылдардың соңынан бастап “жоғарыдан” берілген бұйрық бойынша одақтың көптеген республикаларында оларды мекендейтін халықтарды тарихи зердесінен айыру үшін кең көлемдегі қатігездік шаралары жүзеге асырылғанын айту керек. Түрік тілдес шығыс халықтары мен Еділ бойын мекендейтін басқа да халықтардың (башқұрт, татар) сан ғасырлар бойы араб графикасының негізінде қалыптасқан алфавиті пайдаланып келгені белгілі. 1928 жылы араб әрпі латын әрпімен, ал 1940 жылы кириллицамен (орыс әрпімен) күштеп алмастырылды. Мұның кесірінен бір ұрпақтың өмірі барысында қазақ, өзбек, түрікмен, башқұрт, татар, қырғыздардың басым көпшілігі араб жазуымен жарық көрген ата-баба мұрасын, рухани байлығын игеріп, пайдалануға қабілетсіз болып шықты. Ал мұның өзі көптеген халықтардың тарихи зердесін көмескілеп, олардың белгілі тобының мәцгүрт болуына әкеп соқты. Оның бер жағында, елдегі қазақтар Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі сауаттарын араб жазуымен ашып, кітаптарды осы графикамен шығарып келген шетелдік бауырлас қазақтармен хат жазысып, хабарласу мүмкіндігінен айырылды.

1920-1930 жылдарда араб әрпімен шыққан басылымды пайдаланғандар “пантүркист”, “панисламист”, тіпті, “халық жауы” деп жарияланып, қудалауға ұшырайтын болды. Кітапхана қорларынан әкімшілдік-торешілдік жүйенің теориясы мен практикасына мазмүн мен қайшы басылымдар, ең алдымен олардың ішіндегі араб әрпімен басылғандары аластатылды. Сонымен бірге дінге қарсы күрес сорақылықпен жүргізілді. Медреселер мен мешіттер жаппай жабылды. Мындаған ауыл молдалары тұтқындалып, дін адамдарының “қаймақтары” атылды. Бұл кезең “дінмен ымыраға келмейтін күрес саясаты” деп аталды. Шіркеулер мен мешіттер ғимараттарының мемлекет қарамағына зорлықпен алынуы, оларды қора-жайға, қоймаға, қосалқы жайға айналдырылуы, дінге сенушілердің ар-ожданын аяққа басу, аза-

маттық сан ғасырлық мәдени және рухани өмірінің құрамды бөлігі болып келген дінді барша жұртқа құбыжық етіп көрсету халықтың орынды наразылығын туғызды.

§2. Жаннай сауатсыздықты жою және халыққа білім беру ісінің дамуы. Республика жоғары мектебінің қалыптасуы.

Қазан революциясымен кейін тоталитарлық жүйенің үстемдігіне, оның қайшылықтарына қарамастан Қазақстанның мәдени дамуында кейбір ілгерілеушіліктің болғанын айту керек. Оны біз мәдени революция деп атап келдік. Бұл революция қилы-қилы жағдайлардың барысында мүмкін болды. 1921 жылғы маусымда болған Қазақстан партия ұйымының бірінші конференциясы Республикадан шыққан сауатты қызметкерлердің көбін мүмкіндігінше саяси-ағарту жұмысына жіберілсін, өйткені “қазақ тілін білетін адамдар болмаса, бұл жұмыс бәрібір істелмей тұра береді” деп атап көрсетті. Сөйтіп, жергілікті ұлттардың өкілдерінен, жергілікті халықтың тілін, психологиясын білетін адамдардан мәдени-ағарту қызметкерлерін, басшы кадрларды даярлау ісіне маңыз берілді. Мемлекеттік және партиялық аппараттарды жергіліктендіру мәселесі қолға алынды. Мұның өзі ғасырлар бойы отарлық езгі мен кіріптарлықта болып келген, ұлттық мемлекеттілігінен айырылған қазақ еліне, оның аяқ асты болған ұлттық мүддесін қорғайтын, яғни жоғын жоқтап, қиюы қашқан шаруашылығы мен қамқоршысы жоқ мәдениетіне сүйеніш, қорған бола алатын, мүлдем жаңа сападағы мемлекет құру үшін, әрине, маңызды еді.

Бірақ аппаратты жергіліктендіру мәселесі гүбегейлі шешілген жоқ. Басқада көптеген бастамалар сияқты ұран күйінде қалып қойды. Сол 30-жылдардың қарсаңында Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 21 мүшесінің 12-і қазақ, ОАК пленумының 151 мүшесінің 81-і қазақ, 32 уездік атқару комитеттері төрағаларының 19-ы қазақ болып, қазақтар уездер мен губерниялардың техникалық аппаратында 20 пайызын, өлкелік мекемелер қызметкерлерінің 13 пайызын құраса, олардың арасында шала сауаттылары аз болмаған.

Сонымен бірге осы пайызға ат айдаушы, күзетші, хат тасушы сияқты қызметкерлер де кірген.

Мәдени-ағарту жұмысының ошақтары - кітапханалардан, мұражайлардан, театрлардан, жұмысшы клубтардан, халық университеттерінен, кошпелі және жартылай кошпелі аудандардағы қызыл отаулар мен қызыл керуендерден тұрды. 1922 жылдың көктемінде республикада 77 облыстық және 90 аудандық клуб, 33 аудандық халық үйі, 221 оқу үйі жұмыс істеді. Кошпелі аудандарда қызыл отау, қызыл шайхана, қызыл керуендер құрылды. Олар көбінесе бұқараның бастамасы мен ұйымдастырылды.

Мәдени ошақтар жалпы жұртшылыққа қызмет етумен бірге қазақ әйелдерінің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға, олардың арасында ағарту жұмыстарын жүргізуге, сауаттарын ашуға назар аударды. Бұқараның көркемдік шығармашылығын өрістетіп, көркемөнерпаздықты дамытуға ат салысты.

Еңбекшілерді саяси және мәдени жағынан ағарту ісінде кітапханалардың маңызы зор болды. Қазақ революциясына дейін Қазақстанда жалпы қоры 98 мың кітабы бар 139 кітапхана болса, 1925 жылы олардың сапы 300-ге жетті. 1929 жылы республикада 494 оқу үйі, 74 қызыл отау, 11 театр, 9 мұражай болды. Ауылдық жерде 1747 кітапхана жұмыс істеді. Бірақ бұл кітапханалар мен оқу үйлері жонді ғимараты жоқ, қарабайыр жағдайда өмір сүрді. Олардың жұмысын жүргізуші адамдардың сауаттары да, кәсіптік дәрежесі де төмен еді. Тіпті қалалардың өздерінде мәдени ошақтарда істейтін адамдардың білім деңгейі көбінесе төмен болатын. Бірақ білімге, мәдениетке деген халықтың құштарлығы, ынта-ықыласы мәдениет ошақтарының қарапайым формада болса да көбейе түсуіне жол ашты. Мысалы, 1925-1936 жылдары тек Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында ғана колхоздардың қаржысымен 129 клуб, 210 оқу үйі салынды. 1939 жылы республикада 5309 клуб болды, олардың 4965-і ауылдар мен селоларда жұмыс істеді. Көпшілік кітапханаларының қоры 5 млн. данаға дерлік көбейді.

Республикада мерзімді баспасөз және кітап шығару ісі дамып келе жатты. “Степная правда” /қазіргі “Қазақстанская правда”/ және “Еңбекші қазақ” газеттері, “Қазақстан” журналы шыға бастады. Кенес өкіметінің алғашқы жылда-

рында газеттер мен журналдар көбінесе мемлекеттік, кәсіптік, кооперативтік қордың есебінен жаздырылып алынып және мәдени-ағарту мекемелер желісіне, кеңестік және кооперативтік ұйымдарға келіп тұрды. Газеттер жұрт көп жиналатын жерлерге ілінді, оларды дауыстап оқып беру ісі ұйымдастырылды. Қазақстанның белгілі көптеген мәдениет қайраткерлері өздерінің шығармашылық жолын осы газеттерде жалғастырды.

1925 жылы республикада не бары 31 газет, оның ішінде қазақ тілінде 13 газет шықты. Кейін олардың қатары өсе берді. 1930 жылы Қазақстанның 27 ауданында өз газеттері шыға бастады. 1931 жылы республиканың “Еңбекші қазақ” газетінің 900 қоғамдық тілшісі істеді. 1926 жылы не бары 41 газет шықса, бірінші бесжылдық жылдарында 120 газет /оның ішінде қазақ тілінде 62 газет/ шығып тұрды. Олардың қатары жыл сапап толығып, екінші бесжылдықта жалпы саны 280-ге жетті. 30-жылдардың аяғына қарай республикада таралымы 10 млн. данадан асатын 337 газет, олардың 193-і қазақ тілінде және таралымы 1 млн. данаға жуық 38 журнал шығып тұрды.

Республикада кітап бастыру ісі едәуір дамыды. Шығарылатын кітаптардың таралым данасы өсті. 1925 жылы 443 мың дана таралыммен 96 кітап шықса, 1930 жылы үш миллион даналық 200-ден аса кітап, ал 1932 жылы таралымы 6 млн дана 668 кітап шығарылды. Олардың арасында Кенес өкіметінің саясатын насихаттауға байланысты басылымдар көп болғанын айтқан жөн және осыған орай 1940 жылы Қазақстанда 4 кітап баспасы жұмыс істеді.

Сауатсыздықпен күресте орасан зор жұмыс жүргізілді. 1919 жылы 26 желтоқсанда В. И. Ленин РКФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы Халық Комиссарлар Кеңесінің заңына қол қойды. Бұл құжат бойынша 8 жастан 50 жасқа дейінгі оқи, жаза білмейтін барлық еңбекші халық ана тілінде немесе қалауы бойынша орыс тілінде сауатын ашуға міндетті болды. Кеңес үкіметінің осы заңы негізінде Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1921 жылғы тамызда 16 жастан 50 жасқа дейінгі сауаты бар көңіл көзі ашық адамдарды сауатсыздықты жою жөніндегі жұмысқа тарту туралы қаулы алды.

1920-1921 жылдары Қазақстанда сауат ашумен айналы-

сатын 2412 оқу орны жұмыс істеп, оларда 72232 адам оқыды. Дегенмен сауатты адамдардың аздығы, қазақ тілінде оқу құралдарының жеткіліксіздігі, жергілікті бюджеттің кірістерінің халық шаруашылығы мен мәдениетті дамытудың қажеттерін өтей алмауы бұл жұмысты кең өрістетуге мүмкіндік бермеді.

1920-1926 жылдарда республикада 245 мыңнан аса адам сауатын ашты. 1930 жылғы ақпанның 11-де Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы заң қабылдады. 1930 жылғы I-сәуірде республикада сауатсыздықты жоятын 1285 оқу орны жұмыс істеп, оларда 350 мың адам оқыды. Олардың 248 мыңдайы қазақтар болды. Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі Әліппе және басқа да оқу құралдарын шығаруға және тұрақты сауат ашу мектептерін ұстауға 1,6 миллион сом қаржы бөлді. Мұның өзі онша көп қаржы болмаса да, сауатсыздықпен күресте біраз септігін тигізді.

Қазақстандағы қалыптасып келе жатқан жұмысшы табы негізінен кешегі шаруалар болғандықтан, олардың арасында да сауатсыздар көп еді. Соған қарамастан республикада сауатсыздықты жою біршама қарқынды жүргізілді. 1926 жылы Қазақстандағы сауаттанғандардың пайызы 25,2 болса, 1939 жылы 83,6 пайызға жетті. Бұл кезде сауатсыздықты жоюға бөлінген қаржы 40 есе өсті. Республикада шала сауаттылар мен сауатсыздарға және олардың мұғалімдеріне арналған “Төте оқу” атты газет шығарылып тұрды. Оларға арнап газеттер арнаулы беттер беріп отырды. Мұның барлығы 1940 жылы аталып өткен республиканың 20 жылдағы қарсаңында халықтың түгелдей сауаттануын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жалпы білім беретін мектепсіз мәдениеттің дамуы мүмкін емес екені аян. Осыған орай 1921 жылғы желтоқсанда республиканың Халық Комиссарлар Кеңесі мәдени мұқтаждықты жою үшін халықтың өзіне-өзі салық салуы туралы шешім қабылдады. Бұл шешім бойынша жергілікті өкімет орындарына мектеп ұстау үшін қаржы жинауға, отын міндеткерлігін белгілеуге рұқсат берілді. Халық шаруашылығын қалпына келтірудегі табыстардың нәтижесінде мектептердің жағдайы бірте-бірте жақсара түсті, мәдениет мекемелеріне халықтың жәрдемі көбейді. Бірқатар жерлерде

мұғалімнің жалақысы жергілікті болыстардың қаражаты есебінен, ал жарықты пайдалану, оқулықтар алу, мектепті жөндеу ауыл шаруашылық және тұтыну қоғамдарының қаржысы есебінен жүзеге асырылды.

1923/24 оқу жылында бастауыш және жеті жылдық мектептер 15 пайызға өсті. 1924/25 оқу жылында Қазақстанда 2351 бірінші басқыш мектеп (бастауыш мектеп), оның ішінде 747 қазақ мектебі, 25 мектеп-коммуна және 68 жеті жылдық мектеп пен екінші басқыш мектеп жұмыс істеді.

1926 жылы мамыр айында “ҚАКСР-індегі бірыңғай еңбек мектебінің жарғысы” қабылданды. Бұл тұста ресми деректер бойынша Қазақстанда 1600 мектеп болды деген мағлұмат бар. Бірақ ол мектептердің жайы туралы 1927 жылғы “Еңбекші қазақ” газетінің 14 шілдедегі санында «1600-ге жуық қазақ мектептері бар, бірақ олардың ішінде ғимараты бар мектептердің саны қырыққа әзер жетеді...», - деп жазылды. Сол жылы қараша айында болған өлкелік төртінші партия конференциясында жасалған баяндамада: “Қағазда ауылдағы мектептердің саны көп, ал шындығында ауылда ешқандай да мектеп жоқ. Егер де ауыл мектептерінің үйі болса, онда бұл үйлерде орындық жоқ, егер орындық болса, онда оқулықтар жоқ...”- деп көрсетілді. Орасан көп цифр есептерге қарамастан ауылдағы мектептердің жайы 60-шы жылдардың орта шеніне дейін оңалып кете алмағанын айта кетуіміз керек. Тағы бір айта кететін жай, ол орыс поселкелері мен ауылдардағы мектептердің материалдық және басқа жағдайларында үлкен айырмашылық болды. Мұстафа Шоқай “Түркістанның қилы тағдыры” деген кітабында /Алматы, “Жалын”, 1992/ былай деп жазады: “Қазақтар Сырдария губерниясындағы барлық халықтардың 79 пайызын құрайды, ал барлық еуропалықтарды /орыстарды, украиндарды, белорустарды, немістерді және басқаларын/ қоса есептегенде бар болғаны 9,5 пайыз. Соған қарамастан Сырдария губерниясының мектептерінде оқитын қазақ балалары бар болғаны 6-ақ пайыз, орыс балалары-53,6 пайыз... Басқаша айтқанда, кеңес үкіметі қазақтардың ақшасына орыс келімсектерінің баласын оқытады» /96-97-беттер/. Мұндай жағдай Сырдария губерниясынан басқа жерлерде де орын алды.

Ауылдық мектептерде оқу мерзімі қысқарак болды, казак

балаларының орыс тілін үйрену үшін жеті жылдық мектептерге сегізінші жыл қосылды. Бірінші басқыш мектепте балалар 4 жыл оқыды. Жеті жылдық мектепте екі түрлі болды: оның төрт жылдығы бірінші басқышқа сай келді, ал екіншісі толық емес орта білім берді. Екінші басқыш мектеп (тоғыз жылдық мектеп) үш түрлі оқытудан тұрды, біріншісі мен екіншісі жеті жылдық мектепке сай келді, ал үшіншісі толық орта білім берді. Бірінші басқыш мектептерге теңесетін жасы асқандар мектептерінде 14-17 жастағы балалар 1-2 жыл, ары кетсе 3 жыл ішінде бастауыш білім алды. Әдетте бұлар мемлекет қарауындағы мектеп-интернаттар еді.

Көшпелі және жартылай көшпелі аудандар үшін интернаты бар мектептер, мектеп-коммуналар құрылып, олардың бүкіл тұрмысын ұстаздың, тәрбиешілердің бақылауымен оқушылардың өздері басқарды. Кластағы сабақтарға қоса балалар жаттығу шеберханаларында /ағаш шөбері, етікшілік өнерін үйренетін, т. б./ немесе қосалқы шаруашылықта жұмыс істеді, бос уақыттарында табиғатты тамашалап, спортпен айналысты, көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысты. Әдетте, мектеп-коммуналар сол маңайдағы басқа мектептер үшін оқу әдістемелік орталыққа айналды.

Республикада қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар Қазан қаласында бастырылды. Орыс тіліндегі оқулықтар Мәскеуден алдырылды. Қазақ тілінің тұңғыш әліппесін жасап, соңынан із салған жаңашыл ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынов елде оқу-ағарту ісін дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Ол жазған мектеп оқулықтары 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының ересек буыны сауатын Байтұрсыновтың “Әліп-биімен” ашып, ана тілін Байтұрсыновтың “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

1933 жылдан бастап бастауыш мектеп 4 кластық, орталау мектеп 7 кластық және орта мектеп 10 кластық болып қайта құрылды. Қоғамдық саяси пәндерді оқытуға және оқушыларға жанаша идеялық тәрбие беруге ерекше мән берілді. Екінші бесжылдық жылдарында республикада жалпы білім беретін мектептердің саны өсті. Халық ағарту қажеттеріне бөлінетін қаржы көбейді. Егер 1929 жылы бір адамға шаққанда 3 сом бөлінсе, 1935 ж. 33 сом, ал 1938 жылы 90 сом қаржы босатылды. Міне осындай оң өзгері-

стердің нәтижесінде 1940-1941 оқу жылында мектептердің жалпы саны 7790, ал оқушылар – 441 мыңға жетті. Екінші бес жылдық жылдарында республикада мұғалімдер саны екі еседен астам көбейіп, 14 мыңнан 31 мыңға жетті. Педагогтардың 10 пайызының жоғары, 25 пайызының орта және 65 пайызының толық орта емес білімі болды.

1925 жылы республикада 14 педагогикалық техникум және бірнеше халық ағарту институты жұмыс істеді. Орынборда орыс тілінде оқытатын ПИНО (педагогикалық халық ағарту институты), Семейде, Алматыда, Ташкентте аралас оқытатын институттар болды. 1925 жылы Орынбордағы қазақ халық ағарту институты Қызылордаға көшірілді. Сол жылы халық ағарту институттарында 700-дей студент, оның ішінде 550-ден астам қазақ жастары оқыды. Бұлардан басқа арнаулы орта білім беретін оқу орындары ашылып, жұмыс істей бастады.

1923/24 оқу жылдарында Орынборда, Семейде, Оралда, Алматыда агрономдық және мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумдар, орманшылық мектептері ашылып, жұмыс істеді. 1937 жылы орта білімді педагог кадрларын даярлайтын техникумдардың саны 27-ге жетті, ал 1940 жылы барлығы 118 арнаулы орта білім беретін оқу орындары мен техникумдар жұмыс істеді.

1917 жылғы Қазан революциясына дейін Қазақстанда жоғары білім беретін оқу орындары болмады. Оған республикада қажетті мөлшерде профессор-оқытушы кадрлардың жоқтығы, экономика дамуының артта қалушылығы, мектептерде орта білім берудің шабан өсуі өз әсерін тигізді. Сондықтан жоғары білімді мамандар республикадан тыс жерлерде – Ташкентте, Мәскеуде, Қазанда, Омбыда және басқа ірі қалаларда даярланды. Тек 1927/28 оқу жылында Алматыда қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы педагогикалық институт (қазіргі Алматы ұлттық педагогикалық университеті) Ташкенттен көшірілген ағарту институты негізінде ұйымдастырылды. 1929 жылы осында малдәрігерлік-зоотехникалық, 1930 жылы ауылшаруашылық институттары ашылды. 1931 жылы Алматыда медицина институтының ашылуы республиканың мәдени өміріндегі үлкен оқиға болды. 1932 жылы Оралда Орынбордан көшірілген халық ағарту институты негізінде құрылған пе-

дагогикалық институт жұмыс істей бастады. Қазақстанда халық шаруашылығы салаларының кеңінен дами түсуімен байланысты инженерлік кадрлар дайындау мәселесі қындай түсті. Осымен байланысты 1934 жылы Алматыда Семейден көшіріліп әкелінген Геология барлау ғылыми институтының негізінде Қазақ кең-металлургия институты (қазіргі Қ. И. Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университет) құрылды. Сол жылы Қазақстан жоғары оқу орындарының көш бастаушысы болып саналатын Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университет) ашылды. 1941 жылы республикада жоғары оқу орындарының саны 20-ға жетіп, оларда 10,4 мың студент оқыды.

§3. Қазақстанда ғылымның және ғылыми орталықтардың құрылуы. Әдебиет пен өнер саласындағы жетістіктер

Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін ғылым, өнер мәселелерінің бәрін және архивтерді Ағарту халық комиссариатының ғылыми бөлімі немесе секторы басқарды. Ол 1921 жылғы тамыз айында академиялық орталық болып қайта құрылды. Оның бастамасымен 1924 жылы алғашқы археологиялық карталар жасалды, қазақ халқы тарихының жеке-леген мәселелері, оның ішінде халық-азаттық қозғалысының тарихы зерттеле бастады. 1926 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандағы табиғат ресурстарын зерттеу жөніндегі экспедиция құрылды. 1932 жылғы наурызда Алматыда КСРО Ғылым Академиясының тұрақты базасының құрылуы республикадағы ғылымның дамуында маңызды кезең болды.

Бұл тұста ауыл шаруашылық ғылымын өркендету үшін арнаулы ғылыми орындар: егіншілік, ауыл шаруашылығы, экономика, электрлендіру, су шаруашылығы, жеміс-жидек институттары ұйымдастырылды. 30-жылдардың екінші жартысында Қазақстан ғылымы одан әрі өркендеді. КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы болып қайта құрылуы республикада ғылымды жаңа белестерге көтеруге үшін мол мүмкіндіктерге жол ашты. Бұл жылдары өлке-

де геологиялық ғылымы айрықша жедел қарқынмен дамыды. Қазақтың кең-байтақ даласында бұрын зерттелмеген жаңа қазбалы кендердің мол қоры табылды. Қарағанды көмір бассейнінің, Орал-Ембі мұнайлы ауданының мүмкіндіктерін зерттеу ісі жалғастырылды. Жамбыл облысындағы Қаратауда химиялық фосфаттың, калий тұздарының және рудалы емес басқа да пайдалы қазбалардың кен орындары ашылды. Республиканың жер бетіндегі және жер астындағы су қорларының ресурстарын зерттеу қауырт жүргізілді. Осының нәтижесінде Қазақстан көмір, түрлі түсті металл және тағы басқа пайдалы қазбалар өндіруде Одақ бойынша алдыңғы қатарға шықты. Пайдалы қазба байлықтарды тауып зерттеуде және оның кеңес халқының игілігіне айналдыруда тек республикаға ғана емес, сондай-ақ бүкіл Кеңестер Одағына белгілі, аса көрнекті ғалымдар Қ. И. Сәтбаев, А. А. Гапеев, Н. Г. Кассин, М. П. Русаков, Н. М. Губкин және басқалары айрықша зор еңбек сіңірді. Медицина-биология және ауыл шаруашылығы ғылым мекемелерінің жұмысы жандана түсті. 1940 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалы құрылды.

Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін Қазақстанда қоғамдық ғылымдардың дамуына барынша көңіл бөлінді. Өлкелік партия комитетінің жанындағы Марксизм-Ленинизм ғылыми-зерттеу институты Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты болып қайта құрылды. Көрнекті қазақ ғалымы С. Асфендияровтың жетекшілігімен “Қазақстан өткендегі жазба ескерткіштер мен материалдарда” деген екі бөлімді деректі жинақ шығарылды. 1940 жылы белгілі тарихшы М. П. Вяткин “Қазақ ССР тарихының очерктерін” жазды. Республикада археология саласында атақты ғалым А. Н. Бернштам Эквиус (Екі оғыз), Тараз, Қойлық қалаларының орнында қазба жұмыстарын жүргізді. Тіл білімінің ғалымдары қазақ тілінің грамматикасын, лексикалық және сөздік қорын зерттеуде айтарлықтай жұмыстар атқарды.

Жалпы 1940 жылдың қарсаңында Қазақстанда 110 ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелері жұмыс істеді. Оларда 1727 ғылыми қызметкер еңбек етті.

Қазан революциясынан кейін қазақ кеңес әдебиеті ұлы

Абай негізін қалаған демократиялық жазба әдебиетінің сын-шыл реализм дәстүрлері негізіндегі даму жолына түсті. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев, Шәкәрім Құдайбердиев және т. б. оздерінің шығармаларымен қазақтың ұлттық жазба әдебиетін байытуға елеулі үлес қосты. Сондай-ақ халық ақындары Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Нұртай Бекежанов, Кенен Әзірбаев және басқалар қазақ даласындағы болып жатқан өзгерістерді, еңбекшілердің жаңа өмір жолындағы күресті жырлаған туындылары халық арасында кеңінен белгілі бола бастады. 20-шы жылдардың бірінші жартысында әдебиет майданында оздерінің алғашқы шығармашылық қадамдарын Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов және т. б. жасады. Қазан революциясының жыршысы С. Сейфуллиннің “Қазақ жастарының марсельезасы” республикаға кеңінен тарады. 1927 жылы оның “Тар жол, тайғақ кешу” роман-повесі жарық көрді. Сонымен қатар сол кездегі қазақ әдебиетінің корнекті қайраткерлерінің бірі Мағжан Жұмабаев ұлт-азаттық күрес сарыны бағытында жазылған “Батыр Баян”, “Ертегі”, “Қойлыбайдың қобызы”, “Жүсіпхан” шығармаларын жариялады. Ал атақты романшы, драматург, аудармашы Жүсіпбек Аймауытов “Қарт Қожа”, “Ақбілек” романдарын, “Нұр күйі”, “Мансапқорлар” пьесаларын реалистік тұрғыда жазып, еңбекші халық өкілдерінің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына, Қазан революциясына және азамат соғысына қатысқандардың тұтас бір галереялық образдарын жасады.

30-шы жылдары Қазақстанның әдебиеті мен өнерінде біраз өзгерістер, елеулі оқиғалар болды. 1934 жылғы 12-18 маусымда Қазақстан жазушыларының I съезі болып, онда халықтың рухани қазынасынан нәр алған қазақ әдебиетінің М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов сияқты саңлақтарымен бірге қазақ әдебиетінің қаулап өсіп келе жатқан мол жеткіншектері бар екені көрінді. Ф. Мүсірепов өзінің драматургиялық шығырмаларымен ерекшеленді. Ол “Қозы Көрпеш - Баян сұлу”, “Ақан сері – Ақтоқты” пьесаларын жазды. Тайыр Жароков, Асқар Тоқмағанбетов, Әбділдә Тәжібаев, Ғали Орманов т.б. белгілі әдебиетшілердің шығармашылығы шындала

түсті. Қазақ әдебиеті көпұлттық бөлініп дамып, республикалығы туысқан халықтардың өкілдері орыс, татар, ұйғыр ақындарының, соның ішінде И. Шухов, П. Кузнецов, Д. Сметин т. б. шығармалары кең өріске бет алды. 1935 жылы халық поэзиясының алыбы Жамбылдың туғанына 90 жыл толуын бүкіл Кеңес елінің халықтары атап өтті. 1936 жылы республика еңбекшілері Сәкен Сейфуллиннің әдеби қызметінің 20 жылдығын мерекеледі. 30-шы жылдардың аяғы 40-шы жылдардың басында М. Әуезов болашақ ұлы эпопеясы – “Абай жолының” бірінші кітабын жазуға кірісті, С. Мұқановтың “Жұмбақ жалау”, Ғ. Мұстафиннің “Өмір не өлім” романдары жарық көрді.

Алайда, осындай жетістіктерге қарамастан 1937 жылы сталиндік қанды тырнақтың жазықсыз жандарды қудалау, тұтқындап жер аудару, сотсыз содырлық жасап ату, жою процесі кең өріс алды. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов сияқты қазақ халқының тұлғалы ұлдары “халық жауы” деген айып тағылып, қасіретті қудалаудың құрбаны болды.

1920-шы жылдардың басында қазақ көркем театрының дамуы басталды. Бұл кезде Орынборда, Алматыда, Ақмолада, Семейде және басқа қалаларда ең әуелі әуесқой театр топтары құрылды. Олардың ішіндегі ең көрнектісі – 1922 жылы Семей қаласында құрылған драмалық үйірме еді. Оның жұмысына кейін қазақ өнерінің белгілі қайраткерлері болған Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Ж. Елебеков және т. б. белсене қатысты.

1926 жылғы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында қазақтың тұңғыш драма театры ашылып, М. Әуезовтің “Еңлік-Кебек” пьесасын қойды. Қазақ драматургиясы дамыған сайын театрдың репертуары да молая түсті. Онда М. Әуезов пен Л. Соболевтің “Абай” пьесасы бойынша қойылған спектаклі Қазақстанның мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Абай рөлін аса талантты өртіс Қалыбек Қуанышбаев кемеліне келтіре сомдап шығарды.

Театр өнері тек Алматыда ғана емес, сондай-ақ облыс және аудан орталықтарында да дамыды: екі ұйғыр (кәсіби – Алматыда, әуесқой – Жаркентте), Шымкентте – өзбек, Петропавлда – татар, Қызылордада – кәріс театрлары құрылды.

1932 жылы республикада тұңғыш музыка-драма техни-

кумы, ал 1934 жылы бірінші музыкалық театр ашылды. Сол жылы либереттосын М. Әуезов жазған “Айман-Шөлпан” музыкалық комедиясының қойылуы қазақ операсының туғанын паш етті. 1937 жылы қазақтың музыкалық театры опера және балет театры болып қайта құрылды. Қазақ драма театры да айтарлықтай табыстарға жетті. Халық музыка өнері асыл қазыналарын жинауда орыстың тамаша музыка зерттеушісі әрі композиторы А. В. Затаевич аса зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстанның көптеген аймақтарын аралап, қазақтың 2300 әні мен күйін жазып алды. 1925 жылы А. В. Затаевич “Қазақ халқының 1000 әні”, ал 1931 жылы “Қазақ халқының 500 әні мен күйі” атты кітаптарын шығарды. Бұл жылдары қазақтың әндері мен күйлері республикадан тыс жерлерге де белгілі бола бастады. 1925 жылы Парижде өткен этнография өнерінің Бүкіл дүние жүзілік көрмесінде атақты әнші Әміре Қашаубаев өзінің әсем де ерекше кең көмей дауысымен қазақтың тамаша әндерін орындап, тыңдаушылар мен төрешілерді таң қалдырды. Оған көрменің екінші дәрежелі сыйлығы берілді. 1927 жылы Әміре Германиядағы Майндағы-Франкфурт қаласында өткен бүкіл дүниежүзілік музыка көрмесінде өз өнерін көрсетіп, тағы да үлкен табысқа жетті.

1936 жылы мамыр айында Мәскеуде өткен Қазақстан әдебиеті мен өнерінің алғашқы он күндігі қазақ әдебиеті мен өнер жетістіктерінің тамаша айғағы болды. Үкімет қазақ халқының әдебиет пен өнер қайраткерлерінің таланты мен шеберлігін жоғары бағалады. Жазушылардың, артистердің, мәдени құрылыс қайраткерлерінің үлкен бір тобы - Ж. Жабаев, С. Сейфуллин, А. Жұбанов, Т. Жүргенов және басқалар үкімет наградаларына ие болды. К. Байсейітова КСРО Халық артисі деген жоғары атақ алды, ал көп адамдарға Қазақ КСР-інің халық артисі және еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақтар берілді.

1920-30-шы жылдарда қазақтың кәсіби бейнелеу өнері бой көрсете бастады. Оған белгілі орыс қылқалам шеберлерінің үлкен жәрдемі тиді. Әсіресе, бұл өнер саласында суретші Н. Г. Хлудовтың (1850-1935) сіңірген еңбегін ерекше атап көрсеткен жөн. Ол Қазақстанда өзі тұрған 60 жыл ішінде, суреттерінің бәрін дерлік қазақ халқының өмірі мен тұрмысына арнады, қазақтардың арасынан Ә. Қастеев және

т. б. дарынды қылқалам шеберлерін тәрбиелеп шығаруда бір үлесін қосты.

Өлкеде бейнелеу өнерін кеңінен дамыту мақсаттарында 1926 жылы Қызылордада Бүкілқазақстандық бірінші сурет көрмесі ашылды. Мұндай көрмелер республиканың басқалық қалаларында ұйымдастырылды. Онда жаңадан өсіп келе жатқан қылқалам шеберлері Г. Ысмайылованың, ағайынды Қожахмет пен Құлахмет Қожықовтардың, А. Шекбековтың туындылары қойылды. Қазақстан бейнелеу өнерінің дамуында 1933 жылы Қазақстан суретшілер одағының құрылуы және 1935 жылы Алматыда ашылған сурет көрмесінің үлкен маңызы болды. Бұл кезде тек республикаға ғана емес, сонымен бірге Одаққа белгілі бола бастаған Ә. Қастеевтің қазақ еңбекшілерінің өткендегі өмірі мен жаңа келетіндегі тұрмысын бейнлейтін туындылары жарық көрді. Бейнелеу өнерінің басты саласы – графика неғұрлым тез дамыды. Қазақстандағы сахна өнерінің табыстары театр живописінің қалыптасуына да көмектесті. Бұл жанрдың бастаушылары және ең танымал өкілдері-суретшілер А. Зверев, А. И. Нанашев, Қ. Қожықов, О. Таңсықбаев т.б. болды. 1938 жылы Алматыда театр-көркемөнер училищесі құрылып, өзінің алғаш түлектерін қабылдады. 1939 жылғы қаңтарда Қазақстанда тұңғыш рет бейнелеу өнері шығармаларының республикалық көрмесі ұйымдастырылды. Оған 32 суретшінің 200 қылқалам туындылары қойылды. Ал 1940 жылғы маусымда Қазақстан суретшілерінің I съезі болып, онда қылқалам шеберлерінің қол жеткен табыстары қорытылды.

Қазақстандағы көркем мәдениет дамуы коріністерінің бірі – кино өнерінің дүниеге келуі еді. 1930 жылы алғашқы түсірілген “Түрксиб” деректі кинокартинасының шетелдердің көптеген экрандарында көрсетілуі республика өміріндегі үлкен тарихи оқиға болып саналады. Осыдан кейін “Жұт” (1931ж) және “Қаратау сыры” (1933 ж) т. б. деректі фильмдер түсірілді. 1934 жылы Алматыда хроникальды-документті фильмдердің республикалық студиясы құрылды. Ол Қазақстан өмірінеи киножурналдар мен документті-публицистикалық очерктер шығарып тұрды. Республика ұлттық кино өнерінің басталуын 1938 жылы Ленфильм шығарған дыбысты “Аманкелді” көркем фильмін экранға шығуымен байланыстырып қарауға болды. Өйткені

оның сценарийін Б. Майлин, Вс. Иванов және Ғ. Мүсірепов, музыкасын – РСФСР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері М. Ф. Гнесин мен А. Жұбанов жазды. Рөлдердің бәрін дерлік қазақ әртістері – Е. Өмірзақов, Қ. Жандарбеков, К. Байсейтова, Ш. Жиенқұлова, Қ. Қуанышбаев т. б. орындады. Сол жылдары “Чапаев”, “Ленин Октябреде”, “Ленин 1918 жылда”, “Он үш” және басқа да фильмдер қазақ тіліне аударылып шығарылды. Мұның өзі Қазақстанда кино өнерінің қалыптасып, одан әрі дамуына игі әсер етті.

Қорытып айтқанда, көптеген қиыншылықтарға, бұрмалаушылықтарға, кемшіліктерге қарамастан Қазақстанда ХХғ. 20-шы және 30-шы жылдары мәдени дамуда бірсыпыра ілгерлеушіліктер орын алды. Егер 1937-1938 жылдары «сталиндік жезтырнақ аппарат» қазақ зиялыларын қудаламағанда бұл табыстың қомақтырақ болуы мүмкін еді. Сондай-ақ республика мәдениетінің одан әрі кеңінен дамып, құлаш жаю процесіне 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы да кері әсерін тигізді.

Жиырма алтыншы тарау

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында /1941-1945 жж./

§1. Қазақстандықтардың майданға аттануы және олардың қаһарман ерліктері

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германияның әскерлері Кеңестер Одағына басып кірді. Төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы үшін бұрын-соңды бастан кешкен барлық соғыстардың ішіндегі ең ауыры болды. Соғыс елді біртұтас жауынгерлік лагерьге айналдыруды, бүкіл экономика мен кеңес халқының күш-жігерін майдан мүддесіне, жауды жеңу мақсатына жұмылдыруды талап етті. Қазақстан еңбекшілері бұл міндетті толығымен қолдады. Сөйтіп, халық азаттық соғысына бір кісідей көтерілді. Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндері өткен жиындарда олар Отан алдындағы парызын орындауға әзір екендік-

терін білдірді. Қызыл Армияның қатарына өз еріктерімен біратындықтары туралы қалалық және аудандық әскери комиссариаттарға мыңдаған арыздар түсіп жатты. Жас жігіттер мен қыздар, аға буын өкілдері қолдарына қару алып, майданға аттануға тілек білдірді.

Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы жасақталды. Оның командирі болып азамат соғысына қатысушы генерал И. В. Панфилов тағайындалды. Соғыстың бастапқы үш айының ішінде Қазақстанда 238, 310, 314, 387 және 391-атқыштар дивизиялары құрылды. 1941 жылдың аяғына дейін мұнда тағы бір дивизия, үш бригада жасақталды. Соғыс кезінде небары республикада 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, жиырмадан аса атқыштар және атты әскер бригадалары, әуе күштерінің, зеңбірекшілерінің полктері, әр түрлі соғыс сипасының ондаған батальондары құрылды. Республика адам күштерімен тек қазақстандық құрамалар мен бөлімшелердің ғана емес, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жердегі батальондар мен бөлімдерді толықтырып отырды. Қарулы күштер мен еңбек армиясының қатарына барлығы 1,8 млн. қазақстандықтар қатысты. Республика майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автомашина, 1,5 мың трактор, 110,4 мың жылқы және 16,2 мың арба жіберді.

Қазақстан офицер кадрларын және армия мен флот үшін резерв даярлау ісіне лайықты үлес қосты. 1941-1945 жж. әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандықтар жіберілді, республика жерінде тұрған 27 әскери оқу орны 16 мыңдай офицер даярлап шығарды.

Ұлы Отан соғысының даңқты тарихының беттеріне жазылған қазақстандықтардың ерлігі аз болған жоқ. Еліміздің басқа да халықтарының ұл-қыздарымен қатар біздің республиканың жастары да жаумен Балтық теңізінен Қара теңізге дейінгі майдан шептерінде ерлікпен шайқасты. Қазақстандықтар соғыстың алғашқы күндерінен бастап басқыншылармен кескілескен ұрыс жүргізді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ. Жұматов, Ш. Шолтапов, В. Лобанов, К. Әбдірахманов, К. Иманқұлов, Е. Качанов, В. Фурсов т. б. жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің

үлгісін көрсетті. Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында қазақстандықтар Лиепая, Перемышль, Саарема аралы, Минск, Одесса, Бельцы, Шауляй, Севастополь және т. б. қалалар үшін шайқасты. Әсіресе 1941 жылғы қараша, желтоқсан айларында Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы шықты. Республикада жасақталған 316-атқыштар дивизиясына астанаға апаратын негізгі өзекті жолдардың бірі - Волокаламск тас жолын қорғау тапсырылды. Мұнда майор Бауыржан Момышұлы басқарған 1073-ші атқыштар полкі жау шабуылына дивизияның басқа бөлімдерімен бірге ерлікпен тойтарыс берді. /Б. Момышұлына 1990 жылы Совет Одағының Батыры атағы берілді/. Қысқа мерзім ішінде бұл дивизияның жауынгерлері бір танк және екі жаяу әскер дивизиясын талқандады. 316-дивизияның жоғары қаһармандық қабілетін қамтамасыз етуге оның командирі И. В. Панфилов зор еңбек сіңірді.

Дубосеково разъезі түбінде 28-панфиловшы жауынгерлер жаудың 50 танкісінің шабуылына қарсы тұрды. Саяси жетекші В. Г. Клочковтың жауынгерлерді ерлікке жігерлендіріп: “Ресей жері кең байтақ, бірақ шегінер жер жоқ, артымызда Мәскеу!”- деген сөздері бүкіл майданға тарап кетті. 28 жауынгер - орыстар, қазақтар, украиндар, қырғыздар - 4 сағат бойы өршелене жасалған жау танктерінің тынымсыз шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. Олар қасық қаны қалғанша шайқасты. Бәрі дерлік қаза тапты, бірақ жауды өткізбеді. Сондай-ақ Мәскеуді қорғау тарихына панфиловшылар дивизиясы бөлімдерінің саяси жетекшілері П. В. Вихров, М. Фабдуллин, автоматшылар Т. Тоқтаров, Р. Аманкелдиев өздерінің ерліктерімен мәңгі ошпес із қалдырды. 316-дивизия жауынгерлерінің ерлігі мен қаһармандығы жоғары бағаланды. 1941 жылы 17 қарашада оған құрметті 8-ші Ұлан дивизиясы атағы берілді. Мәскеу түбіндегі ұлы шайқасқа панфиловшылардан басқа Қазақстанда жасақталған 312, 238, 391, 39, 387-ші атқыштар дивизиялары, 74, 75-ші теңіз флот бригадалары қатысты.

Гитлершіл басқыншылардың Мәскеу түбінде талқандауы жау әскерлерінің рухын түсірді. Гитлердің қауырт соғыс жоспары біржолата күйреп, неміс-фашист армиясының жеңілмейтіндігі жөніндегі аңыз адыра қалды.

Қазақстанда құралған басқа дивизиялар, бригадалар мен

полктер Ұлы Отан соғысы майдандарына 1942 жылы кіргізілді. Бұл кезде Ақтөбеде жасақталған 312-ші дивизия Малоярославль түбінде жаудың үш-төрт дивизиясына қарсы бір жеті бойы қасарысқан қорғаныс ұрысын жүргізді. Шымкент қаласында құрылған 102-ші дивизия Украинаның солтүстік-шығысында қорғаныс шебін ұстап тұрды, одан Солтүстік Кавказға шегініп, адам күштері аз қалғаннан кейін сол жерде таратылды.

Ұлы Отан соғысы барысында Сталинград шайқасы бетбұрыс кезең болды. Бұл сұрапыл шайқасқа қатысқан құрамалардың арасында Қазақстанда жасақталған 38-атқыштар дивизиясы бар еді. Ол әр кезде 62-армия /қолбасшысы В. И. Чуйков/, 57-армия /қолбасшысы Ф. И. Толбухин/, сондай-ақ Сталинград үшін болған шайқастың негізгі ауыртпалығын көтерген 64-армияның /қолбасшысы М. С. Шумилов/ құрамында соғысты. Сталинград түбіндегі ұрыстарда Жамбыл қаласында жасақталған 81-атқыштар дивизиясы жауды талқандауда салмақты үлес қосты. 1942 жылғы қарашаның аяғы – желтоқсанның басында бұл дивизия Котельниково қаласын алуға, сойтіп Сталинград қаласында қоршауда қалған Паулюстің армиясын босату үшін әрекет жасаған неміс-фашист әскерлеріне қарсы шайқастарға қатысты. Сондай-ақ Орал қаласында жасақталған 152-ші атқыштар бригадасының батальондары Элиста-Астрахань жолы арқылы Еділ өзенінің томенгі сағасына өтуге тырысқан неміс, румын әскер бөлімдерінің жолын бөгеді. Қызыл әскер бөлімдерімен шайқастарда көптеген шығындарға ұшыраған неміс-фашист әскерлері Астраханға шабуыл жасауға тырысқан әрекеттерінен бас тартты.

Қазақстандық жауынгерлер тек Сталинград түбінде ғана емес, сонымен қатар Курск иінінде, Днепр, Ленинград үшін шайқастарда жаңқиярлықпен соғысты. Ленинград қоршауындағы әскери бөлімдерде қызмет еткен жауынгерлердің арасында Д. Шыныбсковтың, алысқа ататын зеңбірекке бекітілген аэростат командирі С. Жылқышевтің есімдері мақтанышпен аталды. 1942 жылғы шайқастардың бірінде Батыс Қазақстан облысындағы Жаңақала ауданының түлегі Арыстан Ахметов өз есімін ошпес даңққа бөледі. Ол 19 жауынгермен әскери маңызы бар бір тобені жаудан қорғап, соңғы адамы қалғанша соғысты. Жаралы болып ес-түссіз

жау қолына түскен одан жау солдаттары әскери мағлұмат алмақ болып азапқа салды. Тістерін сындырып, құлағын кесті. Осындай азапта жау офицерінің бетіне түкіріп, қайсарлық пен қаһармандық үлгісін корсеткен А. Ахметовты қанішерлер үстіне жанармай құйып өртеп жіберді. Батыр жігіт жау алдында сес бермей, өмірден өтті. Елге оның ерлігі туралы хабар майдангер жазушы Павел Кузнецовтың очерктері арқылы жетті.

Қуатты жарылғыш минамен жау танкісінің астына түскен Қарсыбай Сыпатаев, жаудың пулеметтен оқ шашып тұрған дзотының аузын өз кеудесімен жапқан Ленинград қорғаушысы Сұлтан Баймағамбетов қазақ жауынгерлерін ерлікке рухтандырды.

Соңғы жылдарға дейін тарихи оқулықтарда қазақ ұшқышы Кеңестер Одағының батыры Нүркен Әбдіровтің ерлігі жөнінде, атақты ұшқыш капитан Н. Гастеллоның отқа оранған ұшағын жаудың танк колоннасының үстіне шүйілдіре құлатып, тас-талқан еткен көзсіз ерлігін қайталаушы адам ретінде жазылып келді. Нүркен де 1942 жылы 19 желтоқсанда Ростов облысы Боков-Пономаревка ауданында жау оғы тиіп, жана бастаған өзінің «Ил-12» ұшағын неміс танктерінің шоғырланған қалың ортасына бағыттап, оларды көп шығынға ұшыратып, қаза тапқан. Бұл ерен ерлікті соғыстың алғашқы 5-ші күні капитан Масловтың экипажының құрамында (капитан Гастеллоның экипажынан сәл бұрын) қазақ ұшқышы, Алматы облысы Балқаш ауданының түлегі Бақтыораз Бейсекбаев та жасаған еді. Бұл тарихи әділеттік арада 56 жыл өткенде орнап, Б. Бейсекбаевқа Ресейдің батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы берілді.

Сталинград түбіндегі жеңістен кейін 1943 жылдың жазында қызыл әскер бөлімдері бірнеше жүздеген шықырым ілгері жылжып, Белгород-Орел шебіне шықты. Мұнда сол жылдың шілде айында Курск иінінде орасан зор шайқас жүрді. Курск шайқасына қатысқан әскери бөлімдердің қатарында қазақстандық 72-ші және 8-ші атқыштар дивизиялары да болды. 72-ші дивизияның жауынгерлері Белгородтың оңтүстік-шығысына қарай өңірдегі неміс әскерлерінің шабуылына қарсы қорғаныс шебінде қимыл жасады. Сонымен бірге қазақстандық 8-ші атқыштар дивизиясы да

Орел-Курск иінінде жау әскерлерімен жойқын ұрыстар жүргізді. Сөйтіп, гитлершілдердің бұл майдан шебінде шабуыл жасау әрекетінен ештеме шықпады. 1943 жылы 5 тамызда 72-ші және 8-ші дивизия жауынгерлері қатысқан Батыс және Брянск майдандарының әскерлері Орел және Белгородты немістерден азат етті. Сол жылғы күзде 100-ші қазақ ұлттық атқыштар бригадасы Калинин майданындағы 3-ші екпінді армия құрамында Невель қаласын азат ету операциясына қатысты. 1943 жылы 17-ші қыркүйек – 10-қазап аралығында 101-ші қазақ ұлттық атқыштар бригадасы 4-ші екпінді армия құрамында Демидово қаласы маңындағы жаудың бекінісін бұзып өтіп, Смоленск және Витевск облыстарының 158 селосы мен деревнясын жаудан тазартты. Батыс майдан әскерлерінің құрамында сондай-ақ қазақстандық 30-ші гвардиялық және 8-ші атқыштар дивизиялары да болды.

Курск иініндегі жеңістен кейін Қызыл армия бөлімдерінің кеңінен етек алған шабуылы барысында Днепр озенінен өтіп, туысқап Украин жерін азат ету айрықша орын алды. Украинаның ұлы озенін кесіп өтудегі жанқиярлық ерлігі үшін 123 қазақстандық жауынгерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1944 жылдың басында Ресей Федерациясының солтүстік-батыс аудандарын азат етуге Ленинград майданы әскерлерінің құрамында қазақстандық 314-ші атқыштар дивизиясы, 219-шы атқыштар полкі белсенділік көрсетті. Волхов майданындағы басқа да құрамалармен бірлесе қимыл жасай отырып, қазақстандық 31-ші атқыштар дивизиясы Новгородты жаудан босатты, сол үшін оған “Новгородтық дивизия” деген құрметті атақ берілді. 2-Прибалтика майданы құрамында жауға қарсы шабуылға сондай-ақ 319-ші атқыштар, 8-ші және 30-шы гвардиялық атқыштар дивизиялары мен 756-шы атқыштар полкі қатысты.

1944 жылдың күзі – 1945 жылдың көктемінде қазақстандықтар Еуропа халықтарын немістік езгіден азат ету ісіне де үлкен үлес қосты. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін азат ету жорығында ерекше көзге түскен Қызыл Армия бөлімшелері мен құрамдары арасында қазақстандық 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиялары ерлікпен шайқасты. Варшава-Берлин бағытында 1-ші Белорус майданының құрамында 27-ші Қызыл Тулы Нов-

городтық гвардиялық атқыштар дивизиясы шабуылға шығып, 1945 жылғы 23 ақпанда Познань қаласын азат етті. Фашистік Германияның мызғымас қамалы Померанияда қазақстандық 456-шы және 209-шы атқыштар, 173-ші артиллерия полктері шайқасты. Мұндағы әскери операцияның табысты болуына Қазақстанда жасақталған 310-шы Новгородтық атқыштар дивизиясы елеулі үлес қосты. 1945 жылдың 16 сәуірінен бастап – 2 мамырға дейін қазақстандық жауынгерлер Германияның астанасы Берлинді алуға қатысты. Лейтенант Рахымжан Қошқарбаев қатардағы жауынгер Булатовпен бірге алғашқылардың бірі болып, Рейхстаг қабырғасына қызыл жалау тікті.

Соғыс аяқталар кезінде сақталған барлық қазақстандық 12 дивизия құрметті әскери атаққа ие болды. Олардың бесеуі Кеңестер Одағының орденімен бір рет, төртеуі екі рет, екеуі үш рет марапатталды. Бес дивизияға Кеңестер Одағының ең жоғарғы құрметті әскери белгісі – гвардиялық дивизия атағы берілді.

Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда, Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында - 1500, Ленинград облысында - 220, Смоленск жерінде - 270-тен астам қазақ жігіттері соғысқан. Белоруссияның әр түрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадалар мен отрядтарда 1500-ден аса қазақстандықтар болған. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері Г. Ахмедьяров, Қ. Омаров, А. Жұмағалиев, З. Хұсайынов, Б. Оразбаев, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріпов, Т. Жанкелдин, Ж. Саин, т. б. есімдері бүгінде зор құрметке ие болып отыр.

Қазақстан жауынгерлері соғыстың Қиыр Шығыстағы соңғы ошағын жоюға да белсене қатысты. 1945 жылғы 9 тамызда 52-ші шекаралық отрядтың капитан Г.А. Голубев басқарған тобы Аргуни өзенінің жағасында болған шайқаста 20 жапон солдатын құртып, 4 солдатын тұтқынға алып, әскер бөлімдеріне жол ашты. Келесі күні 150-ші пулемет батальонының жауынгері Л. Г. Кравченко “Лесной” деген жерде жау дзотының аузын денесімен жауып, жолдастарының өмірін сақтап қалуды қамтамасыз етті. 165-ші атқыштар полкінің командирі Н. Д. Құрманов Оңтүстік Сахалинде жапондардың қорғаныс шебін талқандауды ұйымдасты-

рып, Харамитог бекініс ауданының 7 дзоты мен 198 атыс үндарын басып алуға жағдай жасады. Сөйтіп, кеңес әскерлерінің құрамындағы Қазақстан жауынгерлерінің ерлігі Жапонияның квантун армиясын 15-20 күн ішінде талқандауы және тізе бүктіруін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды.

Жапонияның 1945 жылғы қыркүйектің басында тізе бүгуімен Кеңестер Одағының Ұлы Отан соғысы және екінші дүние жүзілік соғыс аяқталды. Адамзат соғысқұмар фашистік диктатураның дүние жүзіне үстемдік жүргізу қауіпінен сақталып қалды.

Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктері үшін 96638 қазақстандықтар Кеңес Одағының орден, медалдарымен наградталды. 500-ге жуық қазақстандықтарға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың 99-ы қазақ. Солардың қатарында Кеңестік Шығыстың қос қарлығашы, қаһарман қыздары - Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Кеңес Одағының Батыры атағы ұшқыштар Т. Бегилдинов, Л. И. Беда, И. Ф. Павлов, С. Д. Луганскийге екі реттен берілді. 110 қазақстандықтар Даңқ орденінің үш дәрежесіне ие болды. Соғыс Қазақстан үшін өте қымбатқа түсті. Ұлы Отан соғысында 603 мыңдай Қазақстан азаматтары ерлікпен қаза тапты.

§2. Республика экономикасын майдан мүддесіне бағындыру. Халықтың тылдағы ерен ерлігі

Ұлы Отан соғысы майдандарында Кеңес Қарулы Күштерінің жеңіске жетуіне елде қалған еңбекшілер жанқиярлық еңбегімен үлкен үлес қосты. Соғыстың алғашқы айларынан бастап, Қазақстандағы экономиканы соғыс мүддесіне бейімдеп қайта құру, материалдық және адам ресурстарын қайта бөлу шаралары жүргізілді. Сонымен қатар неміс фашистері басып алған жерлерден кәсіпорындар көшіп келе бастады. 1941 жылдың екінші жартысында республикаға барлығы 142 кәсіпорын көшіріліп әкелінді. Тек Алматының өзінде 34 зауыттың, фабрика мен цехтың жабдықтары орналастырылды. Олардың ішінде Луганск паровоз жасау зауытының бір бөлігі, Харьков вагон жөндеу зауыты және

басқалар бар. Сондай-ақ жеңіл және 14 тоқыма өнеркәсіп орнының жабдықтары келді. Украинадан әкелінген үш фабрика негізінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылды.

Майдан шебінен көшіп келген кәсіпорындарды орналастыруға республикада 2300 мың шаршы метр өндіріс аудандары босатылды. Кәсіпорындармен бірге келген адамдарды Қазақстан еңбекшілері жақын бауырындай қабылдап, қамқорлық көрсетіп, тұрғын үймен, басқа да қажет нәрселермен қамтамасыз етті.

Республикаға 1,1 млн. астам адам көшіріліп әкелінді. Қазақстан өнеркәсібінде 1940 жылы 158 мың адам жұмыс істесе, 1945 жылы 255 мың жұмысшыға дейін жетті. Олар соғыс жылдарындағы қысылтаяң кездің қиындықтарын жеңе отырып, еңбекте жаппай ерлік көрсетті. Қазақстанды майданның сенімді тірегіне, елдің ең негізгі әскери-өнеркәсіп ошағына айналдырды. Мұның өзі жалпы одақтық экономиканың, өндірістің бар саласында да, сол сияқты жаңадан құрылған саласында да, оның үлесін арттыруды талап етті. Оған Батыс аудандардан соғыс кезінде көшіріліп келген 220-дан астам кәсіпорындарды қатарға қосудың үлкен маңызы болды. Қазақстанда 1943 жылы қорғаныстық маңызы бар ондаған кәсіпорындар іске қосылды, бұрыннан істеп тұрған кәсіпорындар өнім өндіруді арттырды. Мәселен, сол жылы республикадағы қара металлургия өндірісінің тұңғышы Ақтобе ферро-сплав зауыты іске қосылып, өнім шығара бастады. Ақтобе химия комбинаты бор, фосфор қышқылдарын, сода шығаруды жолға қойды. Шымкент дәрі-дәрмек жасау зауыты шөптен дәрі жасауды игерді. Теміртауда Қарағанды металлургия комбинатын салу қолға алынды. Машина жасау зауыттары Алматыда, Шымкентте, Қарағандыда іске қосылды. Жаңа рудниктер мен байыту фабрикалары салынып, мыс, қалайы, күміс, алтын шығару артты. Балқаш, Қарсақпай мыс қорыту зауыттары күшейді. Түсті металл шығару өсті. Тамақ өнеркәсібінің: Шымкентте жеміс-жидек консерві комбинаты, Алматы, Қарағандыда кондитер фабрикалары, Петропавлда темекі фабрикасы пайдалануға берілді.

1944 жылы Текелідегі қорғасын-мыс комбинатының бірінші кезегі, Өскемен мыс зауыты іске қосылды. Республи-

када қара металлургия, мұнай өңдеу өнеркәсібі қалыптасып, Ертісте халықтық құрылыс Өскемен ГЭС-І салынып бітті.

Соғыс жылдары Қарағанды көміршілері Сібір, Орал, Пошкетке өнеркәсіп аудандарын жоғары сапалы кокстелген көмірмен жабдықтап тұрды. Жер астында жұмыс істеген шахталардың саны 1941-1945 жылдары 63-тен 158-ге дейін өсті. 19 жаңа шахта мен 3 көмір разрезі іске қосылды. Шын мәнінде тағы бір жер асты Қарағандысы пайда болды. Соғыс жылдары Қарағанды көмір алқабында 34 млн. тонна көмір шығарылды, бұл соғысқа дейінгі бассейнде шығарылған көмірден 3 млн. тонна артық деген сөз. Мұнай кәсіпшілігінің қуаты артты. Қошқар, Комсомольск, Жолдыбай мұнайшылығы іске қосылды. Соғыстың соңғы үш жылында Қазақстан 2472,2 мың тонна сапалы мұнай өндірді. 1943 жылы мамырда Қарағандыға жақын жерде металлургия (қайта өңдеу) зауытының құрылысы басталды, оның қорғаныс өнеркәсіп үшін зор маңызы болды. Бұл кезде сондай-ақ Қаратау химия комбинатының құрылысы тоқтамастан жүріп жатты. Алматы ауыр машина жасау зауыты өзінің өндірістік қуатын арттыра түсті. Ол жұмыс істей бастаған 1942 жылдың өзінде-ақ өнім өндіруді 2,2 есе арттырды. Шымкент пресс-автомат және Кокшетау механикалық зауыттары өнім шығаруды едәуір ұлғайтты. Кеңді Алтай мен Орталық Қазақстандағы Балхаш, Жезқазған, Қарсақпай кәсіпорындарында қорғасын және вольфрам рудаларын өндіру және байыту жөніндегі жаңа қуаттар іске қосылды. Қазақстан вольфрам мен қалайы өндіретін негізгі базаға айналды. Марганец пен хромит өндіру арта түсті.

Соғыс кезінде Қазақстан өнеркәсіп потенциалының күрт артуы электр қуатын көп тұтынуды қажет етті. 1941 жылғы қаңтардан -1945 жылғы қаңтарға дейінгі аралықта Қазақстанның электр энергиясын өндірудегі Одақ бойынша үлес салмағы 1,31-ден 2,67 пайызға дейін өсті. Соғыс кезінде барлығы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахта және басқа өндірістер салынды. Өнеркәсіптің осу қарқыны артуы нәтижесінде оның республика халық шаруашылығындағы үлес салмағы 60 пайыздан 1945 жылы 66 пайызға дейін өсті. Тек руда мен мұнай өнімдерін тасымалдау 4 есе, көмір мен қара металды тасымалдау екі есе артты.

Қазақстан өнеркәсібінің соғыс жылдарындағы жеңіске қосқан үлесі Кеңес халқының ауыр күндердегі сүйеніш, тірегі болғандығын қазақ халқы орынды мақтан етеді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанның темір жол транспорты майдан мен тыл қажеттерін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. 1943 жылы темір жолда әскери жағдай енгізіліп, әскер тәртібіне қошу темір жол арқылы жүк, шикізат тасуды жақсартты. Ескі жолдарда поездардың өтуі жиіледі. Темір жолдағы жұмыстың көбін әйелдер атқарды. Олар теміржолшылардың 35 пайызын қамтыды. Республикада көптеген өнеркәсіп орындарының іске қосылуына байланысты темір жолдың жаңа желісін салу жұмыстары қарқынмен жүргізілді. Ақмола-Қарталы, Гурьев-Қандағаш, Орск-Қандағаш темір жолдары іске қосылды. Бұлардан басқа жергілікті маңызы бар Жамбыл-Шолақтау, Талдықорған-Текелі, Лепсі-Андреевка, Ағадыр-Ақтау, Састөбе-Кельтемашат темір жол желілері салынды. Жалпы темір жолдың ұзындығы 1940 жылғы 6581 шақырымнан 8200 шақырымға дейін өсті.

Қазақстанның колхозшы шаруалары соғыстың жеңіспен аяқталуына қомақты үлес қосты. Село еңбеккерлеріне көмекке қала тұрғындары келді. Республиканың колхоз-совхоздарында жыл сайын 300 мыңға жуық қала халқы еңбек етті. Жау басып алған аудандардан көшіп келген шаруалар еңбекте ерліктің үлгісін көрсетті. Солардың бірі - Батыс Қазақстан облысының Теректі МТС-інде істеген Украинаның атақты тракторшысы Паша Ангелинаның бригадасы. Оның берекелі бастамасы мен тәжірибесі жергілікті механизаторлар тарапынан қызу қолдау тапты. Украинаның даңқты қызылшасы М. С. Демченко Жамбыл облысы Талас өңірінде қант қызылшасын өңдеу әдістерін өндіріске енгізуде шынайы шеберлік танытты.

Қазақстан еңбекшілері тары өсірудің шебері - Шығанақ Берсиевті, атақты күрішшілер - Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Сам сияқты үздік шыққан жаңашылдар мен астықтан мол өнім алудың майталмандары Мүнира Сатыбалдинаны, Анна Даңкованы, Нүрке Алпысбаеваларды және т. б. орынды мақтан етті. Ақтөбе облысы Ойыл ауданының озат тары өсіруші Ш. Берсиев тарының қуаңшылыққа төзімді, жоғары өнімді, жергілікті ауа райына икемді сортын өсіріп шы-

ғарды. Ол 1942 жылы әр гектардан - 175 ц, ал 1943 ж. - 202 ц өнім жинады. Қызылордалық күріш өндіруші Ы. Жақаев 1943 жылы әр гектардың өнімін 192 ц жеткізді.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қоғамдық мал басының өсу жоспарлары ойдағыдай орындалып отырды. Машылар арасынан көптеген республикаға танымал еңбекшілер шықты. Мысалы, Жезқазған ауданы Аманкелді ауданындағы колхоздың шопаны Ж. Мұқашев жыл сайын жүз койдан 180-ге дейін қозы алып, аман өсірді. Атырау облысы "Жаңа талап" колхозының жылқышысы Ш. Шұғайпова бір мыңнан астам жылқыны ешқандай шығынсыз бақты. Қоғамдық мал басы Республикада соғыс жылдарында 3 млн. басқа жуық өсті. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары бұл тұста соғыстан бұрынғы бес жылмен салыстырғанда астықты - 30,8 млн. пұт, етті - 15,8 млн. пұт, картоп пен жемісті - 14,4 млн. пұт, сүтті - 3194 мың центнер, жүнді - 17,7 мың центнер артық берді. 1944 жылы Бүкілодақтық еңбек жарысында мал шаруашылығын өркендетудегі орасан зор табыстары үшін Батыс Қазақстан облысының Жаңақала, Гурьев облысының Қызылқоға аудандары КСРО Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. Жалпы соғыс кезінде Қазақстанның ауыл-село еңбеккерлері өздерінің патриоттық және еңбек парыздарын айтарлықтай өтеді. 1941-1945 жж. олар майдан мен елге 5829 мың тонна астық, 734 мың тонна ет және басқа да азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат берді.

Жауды жеңуге республиканың оқыған зиялылары да өздерінің үлкен үлесін қосты. Олардың қатары еліміздің батыс аудандарынан уақытша көшіп келіп паналаған ғалым, жазушы, әртіс, ұстаз, дәрігерлермен т. б. толықтырылды.

Еліміздің шығыс аудандары мен Қазақстанның халық шаруашылығының түбегейлі мәселелерін зерттеп, соның негізінде жасалынған ұсыныстарды іске асыруға академик В. Л. Комаров бастаған КСРО Ғылым Академиясының және Қазақ бөлімшесі Президумының төрағасы, көрнекті ғалым Қ. И. Сәтбаев басқарған республиканың жүзден аса ғалымдары қатысты. Олар қазба байлықтың көптеген жана орындарын ашты, олардың майдан мүддесі үшін тез игерілуіне үлес қосты.

Ғалымдар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, мектеп мұғалімдері және тағы басқалары халық арасындағы идеялық-тәрбие беру саласында үлкен жұмыс жүргізді. Денсаулық сақтау қызметкерлері қажырлылықпен еңбек етті. Соның арқасында емханаларда емделуде болған жаралы жауынгерлердің жетпіс пайыздан астамы қайтадан қатарға қосылды. Соғыс кезінде 118 техникумнан 92-сі сақталды, онда оқитын оқушылар саны тек 389 адамға ғана қысқарды. 1941 ж. дейінгі 20 жоғары оқу орнына 1944 ж. жаңадан 5 институт қосылды. Олар: Алмағы шетел тілдері, Шымкент технологиялық, Қазақ дене тәрбие институттары, Алматы консерваториясы, Қазақ педагогикалық қыздар институты. Республика жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің саны 1941 ж. 10,4 мыңнан 1945 жылы 15 мыңға дейін өсті.

Осындай қиын-қыстау күндерде қазақ совет әдебиетін дамытуға үлкен көңіл бөлінді. Соғыс кезінде А. Толстой айтқандай, кеңес поэзиясының алыбы Жамбылдың олеңдері Отан қорғауға шақырған қаһарлы дабыл іспеттес болды. Оның “Ленинградтық орендерім” атты өлеңінің онегілік те, тәрбиелік те мәні зор еді. Майдангер ақын Қ. Аманжолов “Жеңістің, дауыл мен оттың жыршысымын” деп орынды айтты. Н. Тихонов айтқандай, оның “Абдолла” поэмасы қазақ поэзиясының інжу-маржанына айналды. Партизан шоғырының комиссары Ж. С. Саинның шығармаларын есімі естен кетпейтін Назым Хикмет “Кеңес Одағының барлық халықтарының мызғымас достығының белгісі” деп атады. М. Әуезовтің соғыс кезінде “Абай” эпопеясының бірінші кітабын жазуы, қазақ әдебиетінің әлемдік аренаға шығуына жол салды. Қазақ әдебиетімен бірге қазақ өнері де дамыды. Соғыстың алғашқы үш жылы ішінде Қазақстан өнер шеберлері өздері қамқорлыққа алған ұжымдарда 20 мың спектакль мен концерттер көрсетті, олардың ішінде мыңнан астам концерт майдан шебінде берілді.

Республика еңбекшілері өздерінің жеке жинағынан майдан қорына 4,7 млрд. сом ақша берді. Сонымен қатар олар майдангерлерге 2 млн.-нан аса жылы киім, 1600 вагон сыйлық жөнелтті. Республика еңбекшілерінің жеке қаражаттарына “Қазақстан комсомолы”, “Түрксибші”, “Қарағанды

шіктері”, “Қазақстан мұнайшысы”, “Қазақстан металлургия”, “Қазақстан пионері” атты авиаэскадрильялар жасақталды. Ол үшін 480 млн. сом қаржы жиіналды.

Қазақстан еңбекшілері Ленинградты (қазіргі Санкт-Петербург) қорғаушыларға 400 вагон сыйлық жөнелтіп, жаудан тазартылған аудандардан көмегін аяған жоқ. Орел облысын қамқорлыққа алып, оларға 200 вагоннан аса жабдық, ауыл шаруашылығы машиналарын, азық-түлік, тұрмыстық заттар және 100 мың бас мал жөнелтті. Осындай көмек Украина мен Белоруссияға, Солтүстік Кавказға және Ленинград, Курск, Калинин облыстарына көрсетілді.

Мұның барлығы майдан мен тылдың бірлігін, халықтар достығын нығайтуға үлкен әсерін тигізді. Қазақстан еңбеккерлерінің майданға көмегі қызыл әскерлердің жағдайын жақсартып, олардың жауынгерлік рухын көтерді, Қызыл Армия бөлімдерінің жауды талқандау үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істеуге жігерлендірді. Сойтіп, Қазақстан соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ Кеңестер Одағы арсеналдарының біріне айналды, оның экономикалық тіректерінің бірі болды. Республикадан майданға әскер, оқ-дәрі, киім-кешек және азық-түлік тасыған эшелондар үздіксіз ағылып жатты. 1943 жылғы 6 ақпанда Кеңестер Одағының ең беделді газеті “Правда” өзінің бас мақаласында былай деп жазды: “Майдандарда қазақтар жақсы соғысуда, олардың әкелері, шешелері мен әйелдері майдан үшін тылда аянбай еңбек студе. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, тауарларының барлық қазынасымен майданның қуаты таянышы болуда”.

Қазақстанның бүкіл экономикасы мен адам күшін Ұлы Отан соғысы майдандарының талаптарына сай жап-жақты жұмылдыруда республика партия, кеңес және шаруашылық органдары үлкен айтуға тұрарлық ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырды. Соғыс жылдары республика басшылары Н. А. Скворцов, Н. Оңдасынов, Ә. Қазақбаев, Ж. Шаяхметов және басқалары соғыстың қиын қыстау жағдайында әскери-мобилизациялық жұмыстарын жүргізді. Олар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өмірінің барлық салаларына басшылық студе өздерінің жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете білді.

Жиырма жетінші тарау

Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1950 жж.)

§1. Республика халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамуы

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Қазақстан еңбекшілері бейбіт құрылысқа қайта оралды. Соғыс Қазақстан экономикасына да үлкен зардаптарын тигізді. Өнеркәсіп өнімдерінің, әсіресе бұқара халық көп қолданылып тауарлар өндіру түрлері қатты қысқарды. Еңбек ресурстарының проблемасы едәуір шиеленісті. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы әбден томендеді. Сондықтан Кеңес өкіметі, оның жергілікті басшы органдары халық шаруашылығын қалпына келтіруге айрықша көңіл болді, оның қарқынын шапшаңдатуда тиісті шаралар жүзеге асырыла бастады. Елдің шаруашылық құрылысы мен мәдени саласына мемлекеттік бюджет пен күрделі қаржы қайта бөлінді. Әскери шығындар барынша қысқартылды. Республикада соғыс қажеттерін өтеуге жұмыс істеген жүздеген кәсіпорындар азаматтық өнімдер шығару үшін қайта құрылды.

1945 жылы КСРО Қарулы Күштерінің едәуір бөлігін запасқа шығару есебінен Қазақстанға 104 мың солдат пен офицер, ал 1947 жылдың 1-ші қаңтарына қарай 188,2 мың адам келді. Өнеркәсіпте 8 сағаттық жұмыс күні қалпына келтірілді. Соғыс кезіндегі мерзімнен тыс жаппай жұмыс істеу және демалыс күндерінде қызмет ету тоқталды. Жұмысшылар мен қызметкерлерге ақы толенетін демалыстары берілді.

1946 жылы 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдыққа арналған жоспар бойынша соғыстан бүлінген аудандарды қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетіп, одан едәуір асып түсу міндеті белгіленді. Сонымен бірге онда Қазақстан экономикасын өрге бастыруға үлкен мән берілді.

Республикада ауыр индустрияны жедел дамыту, сондай-

ақ, жеңіл және тоқыма өнеркәсібін одан әрі өркендету көзделді. Тұрғын үй құрылысын және қалалар мен жұмысшылардың тұрақты аудандарында мәдени-тұрмыстық орындар жүйесін кеңейтуге ерекше көңіл бөлінді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендету негізінде республика еңбекшілерінің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін одан әрі көтеру көзделді. Қазақстанға бөлінген күрделі қаржы көлемі одақ бойынша үшінші орынға шықты. Мұнда күрделі қаржы кәсіпорындарды қалпына келтіруден гөрі бұрынығыларын кеңейтіп, жаңа кәсіпорындар салуға бағытталды. Төртінші бесжылдықта бүкіл елде өнеркәсіп өнімі 1940 жылмен салыстырғанда 40 пайызға осетін болып белгіленсе, Республикада ол 2,2 есеге арту көзделді.

Қазақстан халқы соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспардың көрсеткіштерін орындауға құлшына кірісті. Бұл кезде, әсіресе ауыр өнеркәсіптің қара металлургия және түсті металлургия саласы ойдағыдай дамыды. Теміртаудағы қазақ металлургиялық қайта өңдеу зауытында үш прокат стансы мен екі мартен пеші, Ақтобе ферросплав зауытының үшінші кезегі іске қосылды. 1950 жылы металлургиялық процестердің тұйық цикілімен жұмыс істейтін Қарағанды металлургия зауытының құрылысына арналған дайындық жұмыстары басталды. Өскеменде қорғасын-мырыш комбинатының құрылысы одан ары жалғасты, 1947 жылы ол алғаш рет мырыш берді. Балқаш мыс қорыту зауытының қуатын арттыру жөніндегі жұмыстар одан ары жүргізілді. Жезқазғанда аса ірі мыс балқыту комбинатының объектілерінің кешенін салу жалғастырылды. Текелі қорғасын-мырыш комбинатының екінші кезегін іске қосуға әзірлік басталды. Шымкент, Риддер қорғасын зауыттары мен жұмыс істеп тұрған басқа да кәсіпорындар қайта құрылып кеңейтілді.

Төртінші бесжылдық тапсырмаларын орындау барысында өнеркәсіп салаларында жаңа техника түрлері енгізіліп отырды. Қарағанды көмір бассейнінде жұмыс істейтін алты жаңа шахта іске қосылды. Саран учаскесі пайдалануға берілді. Көмір ашық әдіспен қазылатын Екібастұз кен орны пайдалана бастады. Бесжылдық аяғына таман көмірді шабу мен қопару және оны темір вагондарына тиеу толық механикаландырылды. Бірқатар мұнай кәсіпшіліктерінің, соның

ішінде Қаратон, Мұнайлы және басқа кәсіпшіліктердің іске қосылуы мұнай өндіруді 1950 жылы соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда 52 пайызға көбейтуге мүмкіндік берді.

1950 жылы электр қуатын өндіру 1945 жылға қарағанда 2,3 есе өсті. Бесжылдық тапсырмасы бір жарым есе артық орындалды. Өскемен жылу электр орталығының бірінші кезегі, Алматы құлама су-электр станцияларының 6, 7, 8 ГЭС-тері, Тишин ГЭС-і, Құлсары ЦЭС-і және басқалар іске қосылды. Қарағанды ГРЭС-інде жаңа қуаттар орнатылды, жұмыс істеп тұрған көптеген электр станцияларының қуаты арттырылды. Республикадағы аса ірі Өскемен ГЭС-ін, Жезқазған жылу-электр орталығын салу одан әрі жүргізілді.

Машина жасау өнеркәсібінде Ақмолада (Астана) бұрыннан жұмыс істеп тұрған “Қазақсельмаш” зауытын, Қарағандыда автомобиль жөндеу зауытын салу аяқталды. Химия өнеркәсібінде “Қаратау” кен-химия комбинатының, Жамбыл суперфосфат зауытының бірінші кезектері пайдалануға берілді. Қостанай жасанды талшық зауыты алғашқы өнімдерін шығарды. Қарағанды синтетикалық каучук (сағыз) зауытында екі цех қатарға қосылды. Ақтөбе химия зауыты кеңейтілді.

Төртінші бесжылдық кезінде құрылыс материалдары индустриясын дамытуға баса назар аударылды, алғаш рет цемент өндіріле бастады. Кірпіш, өк, алебастр және басқа кейбір құрылыс материалдарын өндіру соғысқа дейінгі деңгейінен асып түсті. Өскемен, Петропавл және Қостанай кірпіш зауыттары салынды. Алматы, Шымкент кірпіш зауыттарының қуаты ұлғайтылды.

Ауыр өнеркәсіптің тез дамуы және оның жаңа салаларының құрылуы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің одан әрі дамуына өз әсерін тигізді. Семейде тері илеу зауыты, Петропавлда тігін фабрикасы өнім бере бастады. Жамбыл, Қызылорда, Павлодар былғары зауыттарының құрылысы аяқталды, Шымкентте мақта-мата комбинаты салынды. Бесжылдықтың аяқ шенінде республика жеңіл өнеркәсібінде 65 кәсіпорын жұмыс істеді. Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындары шығаратын тауарлардың түр-түрі едәуір ұлғайды. Көпшілік қолды өнімдердің бірқатар жаңа түрлерін өндіру жолға қойылды.

Тамақ өнеркәсіп саласында көптеген жаңа кәсіпорындар салынды. Бесжылдық ішінде 178 май зауыты, 6 тоңалықшы, сыра қайнататын 3 зауыт, макарон фабрикасы іске қосылды.

Төртінші бесжылдық қорытындысы бойынша Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі 1940 жылмен салыстырғанда 2,3 есе, оның ішінде көмір шығару – 2,5, мұнай – 1,5, газ – 1,9, электр қуатын өндіру – 4,1 есе артты.

Соғыстан кейінгі жылдары көлік пен жол қатынасы одан әрі дамыды. Темір жол құрылысына едәуір мол қаржы бөлінді. 1950 жылы ұзындығы 438 шақырым Мойынты-Шу темір жолының құрылысы одан ары жүргізілді. Республиканың солтүстігінен оңтүстігіне қарай Трансқазақстан магистралының Петропавл - Көкшетау - Ақмола - Қарағанды - Мойынты - Шу учаскесі салынып жатты. Ол Қазақстанның солтүстік облыстарынан республиканың оңтүстік аймағы мен Орта Азияға Новосибирск арқылы келетін ортама жолды қысқартуға тиіс болды. Халық шаруашылығы үшін маңызы зор Ақмола-Павлодар темір жол құрылысы жүрді. Жамбыл - Шолақтау темір жол желісінде қатынас басталды. Темір жолмен жүк тасу 1945 жылғымен салыстырғанда 1950 жылы екі есе өсті. Бұл кезде темір жолда Матай станциясы депосының аға машинисі М. Қаптағаевтың бастамасымен ауыр салмақты шапшаң составтар жүргізу үшін бесжүздікші машинистер қозғалысы өрістеді. Оның ізбасарлары локомотивтің тәуліктік орташа жүрісін 500 шақырымдық межеге жеткізді.

Тас жолдарының желісі ұлғайды, автомобиль көлігінің жүк тасу айналымы 1940 жылға қарағанда 1950 жылы 1,9 есе өсті. Қазақстанның 21 қаласында автобустар жүре бастады. Әуе және өзен көлігі дамыды. Ұшақпен және өзен кемелерімен жүк пен жолаушылар тасу едәуір атты. Бесжылдықтың тек соңғы жылында 119 мың адам су жолдарымен қатынады.

Республикада пошта байланысы кеңінен дамыды. Барлық аудан орталықтары телефондандырылды. Совхоздардың, ауылдық және селолық кеңестердің көпшілігі телефон арқылы аудан орталықтарымен байланыс жасайтын болды. 1949 жылы коктемге қарай Алматыда АТС іске қосылды. Астана Одақтың 56 қаласымен байланыс орнат-

ты. Радиоқабылдағыш пен радио нүктелерінің саны 1940 жылмен салыстырғанда 2 есе дерлік көбейді.

Өнеркәсіп, жол қатынасы салаларындағы зор көлемді жұмыстарды ойдағыдай жүзеге асыруда маман жұмысшы кадрлар шешуші рөл атқарды, олардың саны өсті. Егер 1945 жылы өнеркәсіпте 304 мың адам жұмыс істесе, 1950 жылы ол 366 мыңға жетті. Өнеркәсіп жұмысшыларының көбі негізінен машина жасау мен металл өңдеу салаларында еңбек етті. Соғыстан кейінгі жылдары халық шаруашылығында істейтін әйелдер саны азая түсті: 1945 жылғы 51 пайыздан 1950 жылы 40 пайызға дейін кеміді. Бұл республика әлеуметтік саласындағы едәуір жетістік еді.

Соғыстан кейінгі 1946 жыл елдің ауыл шаруашылығы үшін ауыр жыл болды. Сол жылғы қуаңшылық ауыл шаруашылығының онсыз да күрделі жағдайын ауырлатты. Кеңестер Одағының еуропалық бөлігінде жарты ғасыр болып көрмеген қуаңшылық соғыстан зардап шеккен аудандардың ауыл шаруашылығына қиын тиді. Оған байланысты Одақты астықпен және етпен қамтамасыз етуде шығыстағы аудандардың, соның ішінде Қазақстанның рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Жұмыс қолының азайып, ескі ауылшаруашылық техникасының істен шығып қалғанына, ал жаңаларының жетіспеуіне қарамастан, республика ауыл-село еңбеккерлері өздерінің мемлекет алдындағы өнім тапсыру жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындап отырды.

Сонымен қатар соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жылдарда совхоз және колхоз өндірісін ұйымдастыруда көптеген кемшіліктердің орын алғаны анықталды. Колхоз өмірінің демократиялық негізгі заңы – ауыл шаруашылық артелінің Жарғысы өрескел бұрмаланды. Колхоздарды әкімшілдікпен басқару күшейіп, колхоз бастықтары оның мүшелерінің жалпы жиналысында сайланбай, жоғарыдағылардың нұсқауымен тағайындалды. Колхоздардың меншігі талан-таражға түсті. Колхозшыларға еңбек күнге өнім бөлінбеді. Олардың еңбекке ынталылығы төмен болды. Осыған байланысты әкімшіл-әміршіл жүйе қатал саясат жүргізіп, село тұрғындарын мәжбүрлікте ұстады. Олардың саяси құқықтары аяқ асты етіліп, туған жерлерінен кетуіне тыйым салынды. Еңбек ақы төлеуде тең-

гермешілік орын алды. Колхоздарда, совхоздарда өндірілген астықтың тұқымдық қордан басқасы мемлекетке дайындық қорына алынды. Колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының жеке шаруашылықтарынан ет, сүт, жүн дайындау жүргізілді.

Сондықтан мұндай орескел кемшіліктер мен бұрмалаушылықтарды жою үшін нақты шаралар жүзеге асырылды. Соғыстан кейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы артелінің жарғысын бұзушыларға қарсы күрес күшейді. 1946-1947 жылдары колхоздарға қарыздар болып келген мекемелер мен ұйымдардан 214 млн. сом ақша, 540 мың гектар заңсыз алынған жер қайтарылды.

Колхоздарды басқаратын білікті маман кадрлар жетіспеді. Оларды тек екі жоғары оқу орны – Қазақ ауылшаруашылық және Алматы зоотехникалық – малдәрігер институттары және 18 ауыл шаруашылық техникумы даярлады. 1947 жылы колхоздардың басшы кадрларын даярлайтын ескі жылдық алты мектеп ұйымдастырылды. Ауыл шаруашылық өндірісін көтеру үшін және оның материалдық-техникалық базасын нығайтуда республикадағы ұсақ колхоздар қабілетсіз болды. Бұл колхоздарды ірілендіру жөнінде мәселені алға қойды. 1949 жылдан бастап ұсақ колхоздарды ірілендіру шаралары іске асырылып, республикада соғысқа дейінгі 6400 колхоздан 1950 жылғы қаңтарда 3670 колхоз қалды, олардың жалпы саны 2 есеге жуық қысқарды, Колхоздағы шаруа қожалықтардың саны 92-ден 160-қа дейін, егіс көлемі – 862-і гектардан 1657 гектарға, ірі қара саны 360-тан 670-ке, қой мен ешкі – 1969-дан 3915-ке дейін көбейді. Колхоз өндірісін шоғырландыру колхоздардың бүкіл қызметіне игі әсер етті. МТС-тар техникасы неғұрлым өнімді пайдаланыла бастады.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Төртінші бесжылдықтың аяғына қарай Қазақстан шаруашылықтарында 50 683 трактор, 16 мыңнан астам комбайн, ондаған мың автомашина, шоп шабатын және басқа машиналар істеді. Алайда бұлардың басым көпшілігі ескі, моральдық жағынан да тозып, ескірген техника болатын. Ауыл-селода механизаторлар қатары өсіп, МТС қызметкерлерінің жыл сайынғы орташа саны 10 мың адамға көбейді.

1948 жылы республикада ауылдар мен селоларды жаппай электрлендіру жорығы басталды. Сөйтіп, төртінші бесжылдық тұсында 752 колхоз, 317 МТС, 164 совхоз және 193 селолық аудан орталықтары электрленді. Селолық электр станцияларының қуаты 1945 жылмен салыстырғанда 2,8 есе өсті.

Республикада төртінші бесжылдықта егіс көлемі бір миллион гектардан аса ұлғайды. Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы артты. 1950 жылы астықтың жалпы түсімі 47 654 центнерге жетіп, соғыстан бұрынғы дәрежесінен 89 пайыз асып түсті. Ірі қара малдың, қой мен жылқының жаңа тұқымдары өсіп жетілді. Атап айтқанда, қазақтың ақ бас сиыры, алатау сиыры, қазақтың биязы жүнді қойы, арқар-меринос қойы, Қостанай жылқысы бұдандастырылып, жаңа тұқым алынды. Малдың жалпы саны өсті: ірі қара-27, қой мен ешкі - 70, жылқы - 71 пайыз көбейіп, шошқа - 2,7 есе артты. Дегенмен ауыл шаруашылығын өркендетуде елеулі қиыншылықтар мен кемшіліктер болғанын да айтуымыз керек. Бұл кезде республиканың мал шаруашылығы мейілінше ауыр жағдайда еді. 1951 жылы бар болғаны 4,5 миллион ірі қара (1928 ж. 6,5 млн. болған), 1,5 млн. жылқы (3,5 млн.), 127 мың түйе (1 млн.) болды. Тек қой саны бойынша, олардың тез осетіндігі есебінен, 1928 жылдың дәрежесіне жақындады. 1928 жылы 18566 мың қой болса, 1951 жылы қой мен ешкінің саны 18036 мың басқа жетті.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамуы еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің біршама артуына көмектесті. 1947 жылы желтоқсанда ақша реформасы жүргізілді, карточка жүйесі жойылды. Республикада халықты азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз етуде бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылды. 1946 жылы 1 қаңтардан бастап соғыс салығының жойылуы және халықтан табыс салығын жинаудың жаңа сараланған түрін енгізу жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек ақысын арттыруға жағдай жасады. Олардың айлық орташа еңбек ақысы 1940 жылғы 29,8 сомнан 1950 жылы 62 сомға дейін көтерілді.

Қоғамдық шаруашылықтың өсуі нәтижесінде колхозшылардың кірістері көбейді. 1950 жылы колхоздардың 60 пай-

ына жуығы әр еңбек күнге 1 килограмнан астық берді. Дегенмен ауыл-селоның тұрмыс дәрежесі қалаға қарағанда едәуір төмен болды. Ауыл-селодағы ауыр жағдайды өзгерту мәселесіне 1950-жылдардың орта шеніне дейін көңіл бөлінген жоқ. Сайып келгенде, өнеркәсіпті қалпына келтіру, оны жаңа деңгейге көтеру ауыл-селоны қанау есебінен іске асты.

§2. Қазақстанның 1946-1950 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі.

Қазақстанның экономикасын бейбітшілік жағдайға бейімдеп қайта құру еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді. 1945 жылы қазан айында Алматыда республиканың 25 жылдығына арналған Қазақстан Жоғары Кеңесінің мерекелік сессиясы болып, оған туысқан республикалардың, Мәскеу мен Ленинградтың делегациялары, өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының озаттары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері қатысты. Осы мерекеге орай 5304 адам ордендермен және медальдармен марапатталды.

Республиканың қоғамдық-саяси өмірінде Қазақ КСР-ның Мемлекеттік гимнінің 1946 жылы 26-шы шілдеде енгізілуі зор оқиға болды. Гимннің текстін – ақын-жазушылар Ф. Мұхамедханов, Ә. Тәжібаев және Ф. Мүсірепов, музыкасын композиторлар М. Төлебаев, Е. Брусиловский және Л. Хамиди жазды. Гимннің осы музыкасы Егемен Қазақстанның жаңа гимнінде де өзгеріссіз сақталып қалды.

1947 жылы 16 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, ал 1948 жылғы 11 қаңтарда еңбекшілер депутаттары жергілікті Кеңестердің сайлаулары өткізілді. Сайлау Кеңестердің қызметін жандандыруға, олардың жұмысын бұқара халықтың саяси белсенділігін арттыруға бағытталды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстандағы еңбекшілердің ең бұқаралық ұйымдары кәсіподақтар мен комсомол ұйымдарының белсенділігін арттырып, олардың қызметін халықты төртінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын орындау жолындағы күреске жұмылдырылды.

Алайда, соғыстан кейінгі жылдары Коммунистік партия халық шаруашылығын дамытуға және әлеуметтік-мәдени

міндеттерді орындауға мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарын барынша тартқанымен, олардың қоғамдық өмірде, халықпен жұмыс істеудегі дербестігі шектелді. Өйткені бұл кезде Коммунистік партия басқарған кеңестік қоғамда әміршіл-әкімшіл жүйе өзінің шарықтау шыңына жетті. Мемлекет басшысы И. В. Сталиннің жеке басына табыну кеңінен өріс алды. Осының нәтижесінде даңғазға әр түрлі саяси ұрандардың көлеңкесінде заңдылық бұзылып, өкімет билігін теріс қолдану көрініс берді. Адамның бас бостандығын тұншықтыру, оның құқығын есепке алмау, еңбекшілерді өндіріс құралдарынан аластау, мемлекетті басқару билігіне ықпал жасау саясатын қалыптастыру сияқты құбылыстар кеңінен орын алды.

Дегенмен соғыстың барлық ауыртпалықтары мен тапшылықтарын бастарынан өткізген бұқара халықтың санасында демократияға бет бұру қажеттігін түсіну барған сайын пісіп жетіле бастады. Осыған орай қоғам мен партиялық-мемлекеттік басшылықтың әкімшіл-бұйрық беру тәсілінің арасындағы қайшылық нақты көрініс тапты. Ел басшыларының көпшілігі қоғамдағы қалыптасқан басқарудың әкімшіл жүйесін мінсіз деп түсінді. Міне, осындай күрделі жағдайда, әсіресе, қоғамдық ғылымдар саласы партия комитеттерінің қатаң бақылауына алынды. Мұның өзі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуына теріс ықпалын тигізіп, ауыр зардаптарға ұшыратты.

Қазақстанның мәдениеті, әдебиеті, ғылымның одан әрі дамуына ХХ ғ. 50-ші жылдардың басында өзінің шырқауына жеткен тоталитарлық социализм идеологиясы әсіресе кері әсерін тигізді. БК/б/П Орталық Комитетінің “Звезда” және “Ленинград” журналдары туралы /1946 ж. 14 тамыз/ қаулысы кеңестік идеологиядан басқаша ойлайтын адамдарды қудалаудың жаңа науқанын ашып берді. Қазақстан партия комитеттері де өз жұмысын осы қаулының ағымына құрды. Республика Компартиясы Орталық Комитетінің 1947 ж. наурызда өткен пленумы төменгі партия ұйымдарынан Қазақстан тарихын жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалауға қарсы большевиктік сынды кеңінен өрістетіп, БК/б/П Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулыларын сөзсіз орындауды талап етті.

Бұл кезде Орталықта “Ленинградтық іс”, “Дәрігерлердің ісі” қолдан жасалып жатқан кезде, Қазақстанда “Бекмахановтың ісі” ұйымдастырылды. Ол іс бойынша Е. Бекмахановтың 1947 жылы шыққан “ХІХ ғасырдың 20-40 жж. Қазақстан” деген монографиясында буржуазияшыл-ұлтшыл концепциялар дамытылған және оның саяси-идеялық зияны бар деп табылды. 1950 жылы 26-желтоқсанда “Правда” газеті “Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан жазылсын” - деген мақаласында оның кітабын айыптады. Осыдан кейін тарих ғылымдарының докторы Е. Бекмаханов Ғылым академиясынан шығарылды, ал 1952 ж. 4 желтоқсанда Қазақ ССР Жоғары сотының алқасы оны 25 жылға соттады. Тек Сталин олғаннен кейін ғана Е. Бекмахановты айыптау жөніндегі іс қайта қаралып, қылмыс құрамы жоқ болғандықтан жабылып, 1954 жылы түрмеден босап шықты.

40 жылдардың аяғы - 50 жылдардың басында “Бекмахановтың ісі” жалғыз болмады. Республиканың көрпекті қоғамтану ғалымдары А. Жұбанов, Х. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Смаилов және т. б. нақақтан тағылған саяси айыптармен жазалапды. Ә. Әбішев, Қ. Аманжолов, Қ. Бекқожин, С. Бегалин және басқа белгілі ғалымдар мен жазушылар саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп дәлелсіз айыпталды. Қудалауға ұшыраған Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті Қ. Сәтбаев пен аса көрнекті жазушы әрі ғылым М. Әуезов Қазақстаннан Мәскеуге кетуге мәжбүр болды. Космополиттер (батыс мәдениетін дәріптеушілік) деп айыпталған бірсыпыра ғалым биологтар да республиканың ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарынан қуылды.

Сойтіп, соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанда пісіп-жетіліп келе жатқан қоғамдағы жаңа өзгерістер әміршіл-әкімшіл жүйенің қудалауымен тұншықтырылып тасталды.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында республика жазушылары шығармаларының басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналды. Ғ. Мүсіреповтың “Қазақ солдаты”, Ә. Нұрпейісовтың “Курляндия” сияқты соғыс тақырыбына жазылған еңбектерде қазақстандық жазушылардың жоғарғы адамгершілік қасиеті, жеңіс жолындағы күресте көрсеткен ерлігі баяндалды. Еңбек тақыры-

бына жазылған С. Мұқановтың “Сырдария”, Ғ. Мұстафиннің “Миллионер”, Ғ. Слановтың “Кең өріс” сияқты туындыларында жұмысшы және колхозшы шаруалардың өмірі көрсетілді.

Осы жылдарда М. Әуезовтің “Абай жолы”, С. Мұқановтың “Шоқан Уәлиханов” сияқты көптеген тарихи шығармалар жарық көрді. “Абай” қойылымы үшін Қазақ Академиялық драма театрының ұжымы КСРО мемлекеттік сыйлығын алды.

Музыка мәдениеті өрлеу жолына шықты. М. Төлебаевтің “Біржан-Сара”, А. Жұбанов пен Л. Хамидидің “Абай”, Е. Брусиловскийдің “Дудар-ай”, Қ. Қожамировтың ұйғыр тіліндегі “Назугум” опералары сол жылдарда дүниеге келді. “Біржан-Сара” операсына КСРО мемлекеттік сыйлығы берілді.

1946 жылы Қазақстан Ғылым академиясы құрылып, республикада ғылым мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің дамуында елеулі рөл атқарды. Көптеген ғылыми кадрлар өсіп жетілді. Академия жүйесіндегі ғылыми институттар нығайтып, кеңінен дами түсті. 1950 жылы Академия құрамында 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 19 институт, 13 бөлім, 2 музей, обсерватория, 3 ботаника бағы және 8 ғылыми базасы жұмыс істеді. Академияның ғылыми-зерттеу институттарында 500-ге жуық аспиранттар оқыды. Соғыстан кейінгі жылдары Ақтөбе, Гурьев, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шымкент екі жылдық мұғалімдер институттары жоғары білім беретін педагогикалық институттар болып қайта құрылды.

Жалпыға бірдей жетіжылдық білім беру туралы Заң одан әрі жүзеге асырылды. 1952 жылы Қазақстанда жалпы білім беретін 9 мыңдай мектеп, 125 техникум мен арнаулы орта оқу орны жұмыс істеді, бұларда 1,5 млн. адам оқыды. Дегенмен мектептердің материалдық жағдайы онша болған жоқ. Олардың көпшілігінің ғимараты болмады. Сондықтан оларға ғимарат салу, мектептердің ескірген, тозған үйлерін жөндеуге халықтың, село мен қала еңбекшілерінің тарапынан үлкен көмек көрсетілді. Сонымен бірге олар клуб, кітапханаларға да жәрдемдесті. Кітап қорларын толықтыру үшін кітап, радиоқабылдағыш, т. б. мәдени құралдарды жинап берді.

Қорытып айтқанда, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде, оның мәдени дамуында сталиндік тоталитарлық жүйенің үстемдігі нәтижесінде көптеген қарама-қарсылықтар, елеулі көлеңкелі жақтар орын алды. Мұның өзі республикадағы демократиялық қатынастардың тежелуіне, қазақтың ұлттық мәдениетінің одан әрі дамуына үлкен зардаптарын тигізді.

Жиырма сегізінші тарау

XX ғ. 50-ші жылдарындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайы және экономикасы мен мәдениеті

§1. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі. Өнеркәсіптің даму барысы

1953 жылы 5 наурызда Коммунистік партия мен Кеңес Одағының басында 30 жылдан астам отырған И. В. Сталин қайтыс болды. Сталин олгеннен кейін елде демократиялық қайта құру процесі қарқынды жүре бастады. Демократиялық өзгерістердің ықпалымен Кеңес өкіметі шамадан тыс орталықтандыруды босаңсытуға және одақтас республикалардың шаруашылық, саяси-мәдени құрылыс саласындағы құқықтарын кеңейтуге бағытталған кейбір шараларды жүзеге асыруға мәжбүр болды. Бұл кезде Қазақстанның бюджет құқықтары кеңейтіліп, оның көлемі едәуір өсті. Атап айтқанда, 1951-1955 жж. өнеркәсіпке жұмсалған қаржының жалпы көлемі 1941-1950 жж. салыстырғанда 2,3 есе артты. Ал 1956 жылдан бастап табыстың кейбір түрлері бойынша республикалық бюджеттерге қаржы бұрынғыдан да көбірек бөліне бастады. Қазақстан бюджетінің шығыс көлемі - 1953-1960 жылдарда 7 еседен аса ұлғайды: 434, 9 млн. сомнан 3 млрд. 53 млн. сомға дейін жетті.

1954-1956 жылдарда одақтық министрліктерден республика қарамағына 144 ірі кәсіпорны, ал 1959 ж. түсті металлургияның барлық 29 кәсіпорындары берілді. Мұның нәтижесінде одақтық-республикалық өнеркәсіптегі өндіріс

көлемі 2 еседен артық ұлғайды. Түсті металлургия, қара металлургия мен химия өнеркәсібі кәсіпорындарын салу, байланыс, қала және село құрылысы, геология және жер қойнауындағы қорларды қорғау министрліктері басқада одақтық министрліктер, одақтық-республикалық бөліп қайта құрылды. Су шаруашылығы министрлігі қалпына келтірілді. Республикадағы министрліктердің құқықтары бұрынғыға қарағанда едәуір өсті. Оларды құру кезінде Қазақстан үкіметі шаруашылықтың ерекшеліктерін, жұмыс көлемін және өркендеу келешегін ескеретін болды. Сонымен бірге одақтас республикалар жалпы одақтық сипаттағы мәселелерді шешуге бұрынғыдан гөрі белсене қатыса бастады. Одақтас республикалардың экономикалық және мәдени өркендеуіне байланысты ұсыныстарын талқылау үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар Кеңесі әр республиканың өкілдігі болатын Экономикалық комиссия құрды.

Жергілікті Кеңестердің шаруашылық және мәдени құрылыс істерінде, оның ішінде халыққа білім беру, сауда, коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы құқықтары кеңейтілді. Кеңестерге жергілікті өнеркәсіп өндірісін жоспарлау және олардың өнімін болу, тұрғын үй салуды ұйымдастыру, қаржы-бюджет мәселелерін шешуде үлкен міндеттер жүктелді.

Одақтас республикалар құқықтарының кеңеюіне байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің заң шығару қызметінің белсенділігі артты, оның республикадағы шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылысқа іс жүзінде басшылық етудегі ролі әжептәуір өсті. Сессияда қаралатын мәселелердің шеңбері кеңейді.

Жоғарғы Кеңестің тұрақты комиссияларының белсенділігі артты. Олардың саны 3-тен 8-ге дейін жетті. Өнеркәсіп және транспорт, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру, сауда және қоғамдық тамақтандыру, халыққа білім беру және мәдениет жөніндегі тұрақты комиссиялар құрылды. Олардың құрамына енгізілген депутаттардың саны 35-тен 167-ге дейін өсті. Мұндай өзгерістер мемлекет басына Н. С. Хрущевтің келуімен байланысты еді. 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін, билікке ие болған ол партия органдары мен ұйымдарының шаруашылық жұмысқа, басқару ісіне араласуына тоқтау

шынып, олардың қоғамдық істердегі ролін біраз әлсіретті.

Одақтас республикалардың құқықтарын кеңейту, кеңестердің шаруашылық-ұйымдастыру ролі мен жауапкершілігін арттыру олардың елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға қосатын үлесін біраз өсірді. Бұл кезде халық шаруашылығының басты саласы өнеркәсіпті дамытуға ерекше назар аударылды. Соның нәтижесінде бесінші бесжылдық /1951-1955 жж./ ішінде 200-ге жуық жаңа кәсіпорын салынып, пайдалануға берілді. Сомасы 3218 млн. сом болатын негізгі қорлар іске қосылды, мұның өзі бұдан бұрынғы бесжылдықтағыдан 2,5 есе көп еді. Бұл жылдары республикада Өскемен қорғасын зауыты мен оттегі станциясы, Зыряновск қорғасын комбинатының байыту фабрикасы, Балқаш шаңсорғыш фабрикасы пайдалануға берілді. Зыряновск қорғасын комбинатында қорғасын-мырыш концентратын, ал Балқаш мыс қорыту зауытында тазартылған мыс өндіру жолға қойылды. Жезқазғанда 5 қуатты шахта және байыту фабрикасы іске қосылды. Шымкент қорғасын зауыты өндіріс процесі тоқтатылмастан түбегейлі түрде қайта құрылды. Республика түсті металлургиясының бесжылдық ішіндегі жалпы өнімі 2,1 есе өсті. Еліміздегі ең ірі өнеркәсіп объектілердің бірі - Қарағанды металлургия зауытының (Қазақстан магниткасы) құрылысы басталды. Ферросплав өндіру артып, олардың әрбір түрін шығару ұлғайды.

Ал алтыншы бесжылдық кезінде (1956-1960 ж.ж.) республикада ірі пайдалы кен орындарының игерілуіне байланысты бесжылдық жоспарды ауыр өнеркәсіптің, әсіресе, электр қуаты мен отынды көп қажет ететін салалары үшін кәсіпорындар жүйесін жасау, қара және түсті металлургияның жаңа кәсіпорындарын, электр станцияларын салу, өнеркәсіптің басқа салаларын одан әрі өркендету міндеті қойылды. Бұл міндеттерді іске асыру барысында республиканың көптеген өндіріс орталықтарында ірі индустриялық кәсіпорындар салынды. Павлодарда алюминий, ферросплав және трактор зауыттарын, прокат жабдықтары машина жасау зауытын, Жамбылда химия зауытын, Семей мен Шымкентте жаңа цемент зауыттарын салу қолға алынды. Қарағанды металлургия зауытында 2 домна пеші мен табақ қаңылтыр станын әзірлеу және пайдалану жоспарланды. Міне, осындай игі істердің арқасында 1960 ж. Қазақ-

станда 1950 ж. 17,3 млн. тоннаның орнына 32,3 млн. тонна көмір, 2,6 млрд. квт/сағат орнына 10,6 млрд. квт/сағат электр қуаты өндірілді. Дегенмен осы кезде электр қуатының желілері мен оны бөлу жүйелерінің құрылысы күрт артта қалды, мұның өзі республиканы электрлендірудің тиімділігін едәуір төмендетті.

50-ші жылдардың екінші жартысында Қазақстанда бүкіл еліміздегі сияқты өнеркәсіпте ғылыми-техникалық прогреске бетбұрыс кезең болды. Өндіріс жүйесін электрлендіру, кешенді механикаландыру және автоматтандыру, мол өнімді ең жаңа станоктарды, машиналар мен аппараттарды енгізу, өндіріс технологиясын үнемі жетілдіріп отыру, отын қуатын бейбіт мақсаттарға қолдану негізінде өнеркәсіптің барлық салаларында техниканы жетілдіру қарқынын арттыруға айырықша көңіл бөлінді. Еңбекші бұқараны, әсіресе жұмысшыларды шаруашылық құрылысын басқару ісіне кеңінен тартуға, өндіріске жаңа техника мен озық технологияны енгізуге бағытталған маңызды шараларды жүзеге асыру басталды.

Соның арқасында 50-ші жылдардың екінші жартысы өндіріс техникасы мен технологиясының одан ары жедел дамыған кезі болды. Кен рудалары кәсіпорындарына өзі тиіп, өзі алып барып түсіріп беретін, елімізде жасалған жоғары өнімді механикалық жүйелер мен бұрғылау машиналары енгізілді. Мұның өзі руда өндіруді түгелдей дерлік механикаландыруға мүмкіндік берді. Түсті металлургияда енді жеке агрегаттар мен тораптар ғана емес, технологиялық процестер, тұтас цехтар жүйелі автоматтандырылды.

Шымкент пресс-автоматтар зауыты әр түрлі 20-дан астам машина, соның ішінде шындағыш машиналар, қуатты жаныштағыш престер шығыруды игерді. Алматы ауыр машина жасау зауытының сым созу станы, Өскемен конденсатор зауытының вольтті конденсаторларының жаңа сериялары елімізден шалғай жерлерде де белгілі болды. Шахталарға, көмір комбинаттарына көмір және топырақ тиейтін машиналар, электровоздар келіп түсті, кен қазатын комбайндардың саны көбейді, ленталық конвейерлер енгізілді. Қарағанды көмір алқабы көмір өндіруде еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде елімізде алдыңғы орындардың біріне шықты. Көмір табу, оны копа-

ру, күреу, шығару, жол вагондарына тиеу тәрізді жұмыстар түрінің бәрі механикаландырылды. Бірқатар шахталарда механизмдерді шалғайдан автоматты түрде басқару тәсілі қолданылды.

Өндіріс процестерін автоматты түрде басқару мен бақылау ісі мұнай кәсіпшіліктерінде де қолданыла бастады. Еңбек процестерін энергиямен жабдықтау едәуір ұлғайды. Бір жұмысшыға шаққанда электр қуатын тұтыну 1941 жылға дейінгі деңгеймен салыстырғанда көмір өнеркәсібінде 3,6 есе, химияда 13,8 есе артты.

Көлік жүйесіне де көптеген техникалық жаңалықтар енді. Паровоздардың орнына сұйық отынмен жүретін локомотивтар келді. Тұңғыш тепловоздар 1957 жылы Қарағанды темір жолының Ерейментау депосында пайда болды, ал келесі жылы тепловоздар республиканың 3,5 мың км астам темір жолын қамтып, олар барлық жүк айналымының 40,5 пайызын тасыды.

Алтыншы бесжылдықта Қазақстан жұмысшыларының жаңашылдық пен онертпақыштыққа деген ынта-ықыласы артты. 1957 жылы онымен 22,7 мың, 1958 жылы - 30 мың, ал 1960 жылы - 50 мыңға жуық адам шұғылданды. 1960 жылы түскен жаңашыл ұсыныстардың саны 74 мыңнан асты. Олардың 50,8 мыңы өндіріске енгізіліп, 38,8 млн. сом қаржы үнемделді. Сол жылы қоғамдық конструкторлық бюролар /ҚКБ/ курсына мыңдаған адамдар оқыды, олардың құрамына инженер-техник қызметкерлер, өндіріс жаңашылдары кірді. Республикалық өнеркәсіп орындарында мұндай оқудың саны 200-ге жетті.

1957 жылы Кеңес елі бойынша, соның ішінде Қазақстанда да бірқатар шаруашылық-ұйымдастыру шаралары іске асырылды. Өнеркәсіп пен құрылысты басқару экономикалық әкімшілік аудандары негізінде территориялық принцип бойынша ұйымдастырылды. Олардың әрқайсысында халық шаруашылығы кеңестері құрылды. Өнеркәсіптік министрліктері таратылып, олардың кәсіпорындары халық шаруашылығы кеңестерінің қарамағына берілді. Бұл кеңестер республика Министрлер кеңесіне бағынды. Өнеркәсіп пен құрылысты басқарудың ұйымдастырылуын одан әрі жетілдіру туралы Республика Жоғарғы Кеңесі қабылдаған /1957 ж/ заңға сәйкес республика территория-

сында 9 экономикалық-әкімшілік ауданы ұйымдастырылып, одақтық-республикалық және республикалық шаруашылық министрліктер таратылды. Халық шаруашылығы кеңестерінің қарамағына өнеркәсіп пен құрылыстың әр түрлі салаларының 2 мыңнан астам кәсіпорны берілді.

Алайда, өмірдің өзі көрсеткендей, өнеркәсіптің басқарылуын территориялық принцип бойынша ұйымдастыру ісі жетілмеген болып шықты. Өнеркәсіптің жеке салаларына өндірістік-техникалық басшылық ету экономикалық аудандарға бөлшектелді, ал халық шаруашылығы кеңестерінде кәсіпорындарды басқару арнайы мамандандырылған көп салалы басқармалар арқылы жүзеге асырылды. Бұл Кеңестер ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуіне байланысты кеңейген жұмыс көлемін игере алмады, жаңа техниканы пайдалануға жеткілікті бақылау орнатуға қабілетсіз болды.

§2. Республика ауыл шаруашылығының артта қалуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру

50-ші жылдардың басында бүкіл ел бойынша ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың дәрежесі біршама төмендеді. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау бағасының арзан болуы өнімді көп өндіруге ынталандырмады, колхоздардың шығынын әрдайым өтей бермеді. Ауыл шаруашылық өндірісінің артта қалуының бір себебі партия органдарының басшылығындағы елеулі кемшіліктердің салдары еді. Ауыл шаруашылығын дамытудың мүмкіндіктері жете пайдаланылмады. Дәнді дақылдардың шығымдылығы төмендеп кетті. Тіпті ауа райы қолайлы болған жылдардың өзінде республика небәрі 100-150 млн. пұт (шамамен 1,6-2,4 млн тонна) ғана тауарлы астық өндірді. Ал республикада, әсіресе, оның солтүстік және солтүстік-батыс облыстарында пайдаланылмай келген, егіске жарамды ұлан-ғайыр құнарлы жерлер бос жатты.

Қазақстан ауыл шаруашылығының мұндай жағдайы осы аса маңызды сала бойынша бүкіл елдегі істің жағдайын бейнеледі. Бұл жөнінде КОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы қыркүйекте өткен пленумында барынша айқын айтылды. Ірі-ірі әлеуметтік-экономикалық шаралар белгіленді.

Бұлардың ішіндегі ең маңыздылары - ауыл шаруашылығы инженерлерінің егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға материалдық ынталылығы қағидасын қолына келтіру, колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды ауыл шаруашылығының білікті маман, механизатор кадрлармен нығайту, барлық ауыл шаруашылық процестерін механикаландыру дәрежесін көтеру, ауыл шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржыны көбейту, ауыл шаруашылық өндірісін жоспарлауда колхоздар мен совхоздардың күшқатары мен ынта-ықыласын арттыру. Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және оны сатып алу бағалары қайта қаралып, едәуір көтерілді. Осы тұста көптеген қала тұрғындары, әсіресе бұрынғы ауыл шаруашылық қызметкерлері, әр түрлі себептермен өнеркәсіпке, транспортқа, құрылысқа жұмысқа ауысқан мамандар мен механизаторлар селоға оралуға тілек білдірді. 1953 жылдың аяғында өнеркәсіп пен халық шаруашылығының басқа да салаларынан 2536 механизатор-тракторшылар мен комбайншылар, 4905 маман-агрономдар, инженерлер, зоотехниктер, мал дәрігерлері және басқалар республиканың МТС-тері мен МЖС-теріне жұмысқа ауысты. Сонымен бірге РСФСР-ден Қазақстанға бірнеше жүздеген инженерлер мен техниктер келді. Өнеркәсіп орындарының ұжымдары ауыл шаруашылық техникасын шығаруды ұлғайтты. 1953 жылдың аяғында республиканың 1096 кәсіпорыны мен мекемесі 928 колхозды, 185 МТС пен МЖС-ті қамқорлыққа алды.

1954 жылы КОКП Орталық Комитеті ақпан-наурыз Пленумында елімізде азық-түлік мәселесін шешу үшін шығыс аудандарда тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесі қойылды. Оны игеруге Қазақстан кеңінен қатыстырылды. Мұнда қысқа мерзімде тың жерлерді игеру есебінен егіс көлемі 35 млн. гектарға дейін жеткізіліп, солтүстік аудандарда жүздеген жаңа поселкелер, совхоз орталықтары салынды. Тың оңіріне жүздеген мың қоныстанушылар келіп, оларды қарсы алу, орналастыруға байланысты республика партия және кеңес органдарының күрделі де ауыр міндеттерді шешуіне тура келді.

Қазақстанға Ресей мен Украина, Белоруссиядан және басқа да одақтас республикалардан тыңды жаппай игерудің

бірінші кезеңінде /1954-1956 жж./ 640 мың адам келді, бұлардың ішінде 391,5 мың ауыл шаруашылық механизаторлары, 50 мың құрылысшы, 3 мың денсаулық сақтау қызметкерлері, 1,5 мыңдай мұғалім, 1 мыңнан астам сауда қызметкерлері және басқалар бар еді. Бұлардан басқа республикалардан механизация училищелерін бітіріп келген 66,7 мың адам және Қазақстанның училищелерінен келген 19,8 мың адамға республика совхоздарында жұмыс істеуге жолдама берілді. Республиканың жаңа совхоздарына жоғары және орта білімі бар 2088 адам директор, бас агроном, бухгалтер, инженер-техник, құрылысшы сияқты жұмыстарға жіберілді.

50-ші жылдардың аяғына қарай Қазақстанның ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы едәуір нығайды. Совхоздар мен колхоздар 169 мың трактор, 98 мың комбайн, 73 мың жүк машинасын және басқа да көптеген ауыл шаруашылық техникасын алды.

1954-1960 жылдары республикада тың игеру есебінен астық өндірудің жалпы көлемі 106 млн. тоннаға жетті, осы жылдар ішінде астықтың жылдық орташа өнімі - 1949-1953 жылдардың көрсеткішімен салыстырғанда шамамен 3,8 еседей артты. Қазақстан бұл жылдардың ішінде мемлекетке 63,4 млн. тонна астық тапсырды.

Тың игеру Қазақстанды тауарлы астық өндіруде Одақ бойынша алдыңғы қатарға шығарды. Соның нәтижесінде республика әрбір тұрғынға шаққанда екі мың кило астық өндіретін дәрежеге жетті. /Азық-түлік мәселесін түбегейлі шешу үшін әр адамға шаққанда бір мың кило астық өндіру жеткілікті деп есептеледі/. Тың игеру барысында Қазақстанда көптеген жаңа қалалар бой көтерді. Өнеркәсіп орындары көптеп салынды. Жаңа темір жол, тас жол желілері тартылды. Тың игеру республиканың экономикалық күшеюатын бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге ілгерілетті.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің сонымен бірге үлкен азаптары мен көлеңкелі жақтары да болды. Атап айтқанда, басқа республикалардан келгендердің саны шамадан тыс көбейіп кетті. Жергілікті жерлерде ұлттық мектептер жабылып, қазақ балалары ірілендірген мектеп-интернаттарда оқытыла бастады. Олардың басым көпшілігінде оқу орыс тілінде жүргізілді. Мұның өзі, бір жағынан, қазақ

жастарының өз ұлтының тілінен, салт-дәстүрі мен мәдениетінен қол үзіп, мәңгірттенуіне жол ашса, екінші жағынан жергілікті халықты орыстандыру саясаты қолпашталып, ашық жүргізіле бастады. Жер-су аттары орыс тіліне көшірілді. Мұндай орыстану процесінен халықты республиканың тәуелсіздігі ғана құтқарды. Бірақ бұл процесс соның өзінде де қазақ халқының, оның зиялыларының елеулі бөлігін өз ұлтының тілін білмейтін шала қазақ күйінде қалдырды.

Тың эпопеясы экологиялық мәселеде өзінің теріс жағын көрсетті. Бұрын болып көрмеген көлемде жерді жыртып тастау салдарынан 1957-1958 жж. Павлодар облысының жеңіл топырақты жерлерінде шаң бораны тұра бастады, ал 60-жылдардың басында жер қыртысын ұшырып кету тек жеңіл топырақты аймақты ғана емес, ауыр топырақты жерлерді де қамтыды. 1960 жылға дейін Солтүстік Қазақстанда 9 млн. гектардан астам жер жел эрозиясына ұшырады, бұл сол кездегі Франция сияқты елдің бүкіл ауыл шаруашылық жер көлеміне тең еді. Рас, мұнан кейін егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі жерді қайырмаңыз түренмен жырту тәсілі енгізілді. Алайда, эколог мамандар атап көрсеткендей, қазіргі заманғы шаралардың барлық түрі де, қоршаған ортаны қажетті экологиялық қорғауды қамтамасыз ете алмады. Ол тек экологиялық зардаптарды жеңілдетеді. Бұл қазіргі экологиялық мәселеде, әрине жеткіліксіз.

Тың игеру мал шаруашылығына үлкен зиян келтірді. Мал жайылымы, шабындық жерлер азайып, малдың саны кеміді, әсіресе, түйе, жылқы орны толмайтын шығынға ұшырады. Тың игеру барысында ауыл-село тұрғындарының қосалқы шаруашылығына, үй іргесінде көкөніс егуге тыйым салынып, елде азық-түлік мәселесін шиеленістірді.

Тың игеру қарабайыр /экстенсивті/ әдіспен жүргізілді. Мұның өзі әр гектарға шаққанда өнімді аз алуға соқтырды. Бұл жерлерде өндірілген астықтың бағасы өте қымбатқа түсті. Оны жинауға бүкіл елдің комбайншылары, әскери бөлімдер, қала тұрғындары, оқу орындарының студенттері қатыстырылды.

50-ші жылдардың басында колхоздарды күштеп ірілендіру нәтижесінде олардың саны республикада екі есе қысқарды, оның есесіне колхоз өндірісінің шоғырлануы

күшейді. Осы жылдарда біраз колхоздар, олардың ішінде Қазақстанның колхоздары да ірі, экономикалық жағынан жақсы жарактанған шаруашылықтарға айналды. Қазақстан колхоздарының ақшалай табысы өсіп, бөлінбейтін қорлары көбейді. Еңбек күннің құны екі еседен астам өсіп және ақшалай орташа бағасы 1958 жылы 10 сом 54 тиынға жетті. Сол жылы республика колхоздарында 63 мыңнан астам жоғары және орта білімді мамандар жұмыс істеді. Бұларда 18 мыңнан астам диқан мен малшы, 17,2 мың жүргізуші, 13,2 мың ауыл шаруашылығы механизаторлары еңбек етті. Олардың арасынан зор қабілетті ұйымдастырушылар шықты. Социалистік Еңбек Ерлері Алматы облысындағы “Алматы” колхозының бастығы Л. С. Манько, “Мичурин” атындағы колхоздың бастығы Қ. Әбдіғұлов, Батыс Қазақстан облысындағы “Бірлік” колхозының бастығы М. Мейірманов, Шығыс Қазақстан облысындағы Калинин атындағы колхоздың бастығы Н. И. Лозовой, Талдықорған облысындағы “Жаңа талап” колхозының бастығы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н. Алдабергенов, т. б. солардың қатарына жатқызуға болады.

50-ші жылдардың екінші жартысында МТС-тар таратылып, олардың қарамағында болып келген ауыл шаруашылық техникасы колхоздарға сатылды, бұл процесс 1959 жылы наурызда, яғни бір жылдың ішінде аяқталды. Бұрынғы МТС-тер орнына республикада 213 машина жөндеу станциясы /МЖС/ мен оның бөлімшесі құрылды. МТС-тердің техникасының бір бөлігі совхоздар мен ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне берілді.

МТС-тарды тарату колхоздар экономикасын нашарлатты. Оларды МТС-тардан ескі техникаларды жоғары бағамен сатып алуға мәжбүр етті. Бұл әсіресе әлсіз колхоздарды үлкен қиындықтарға душар етті. Сонымен қатар техниканың жөнделуін, колхоздар мен совхоздарға жаңа техниканың запас болшектердің сатылуын және материалдық-техникалық жабдықтау мен колхоздарға өндірістік қызмет көрсететін басқа да түрлерін қамтамасыз етуде өте бір ыңғайсыз жағдайлар қалыптасты. МТС-тардың орнына машина-жөндеу станциялары құрылып, кейін олар “Казсельхозтехника” өндірістік-техникалық және жабдықтау бірлестіктерімен алмастырылды. Мұндай қайта құрулар ауыл ша-

руашылығының дамуына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Оның материалдық-техникалық жағдайы күлдірай түсті.

§3. Қазақстанның мәдени дамуындағы өзгерістер

Сталин қайтыс болғаннан кейін 50-ші жылдардың ортасынан бастап жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жойып, социалистік заңдылықтарды қалпына келтіруге бағытталған бірсыпыра шаралар іске асырылды. 1956 жылы ақпан айында өткен партияның XX съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жою, партия тұрмысының нормаларын қалпына келтіру, ішкі партиялық демократияны өрістетуге бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарды құптады. “Жылымық жылдары” деген атпен тарихқа енген 50-ші жылдардың екінші жартысынан былайғы кезеңде көптеген игі істер атқарылды. Басшылықтың ұжымдық принципі енгізіліп, әкімшілік-өміршіл басқару жүйесі босаңса бастады. Қағазбастылықпен, жиналыс, мәжіліс откізумен әуестенушілікпен күрес күшейді. Ұлт мәселесіндегі бұрмалаушылықтар түзетіле бастады. Ұлттық республикалардың құқығы кеңейтілді. Қоғамдағы Кеңес ұйымдарының ролі өсті. Кеңес қоғамының тарихын шыншылдық тұрғысынан баяндау, оның жүріп өткен жолына сын қозбен қарау мүмкіндігі туды.

50-ші жылдардың екінші жартысынан бастап бүкіл елімізде, соның ішінде Қазақстанда іске асырылған экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық шаралар нәтижесінде дамудың көптеген қозғалыстары ашыла бастады. Бірақ ол мүмкіндіктер толығынан пайдаланылмай қалды. Оған кінәлі Н. С. Хрущев бастаған басшылықтың қызметіндегі субъективтік әдістер еді. Экономиканы басқару ісі ойдан шығарылған әрекеттердің ырқына түсіп кетті. Сол кездегі басшылықтың волюнтаристік идеялары мен әрекеттері қоғамның беркесін кетірс бастады. Өркөкіректік, жалған уәделер мен негізсіз болжамдар сөз бен істің арасын алшақтата түсті.

Жергілікті партия ұйымдары мен кеңестердің құқықтарын шектеудің салдарынан, сондай-ақ олардың құрылымы жүйесін негізсіз жиі өзгертудің кесірінен кеңестердің ролі

төмендетілді. Олардың қызметінде, әсіресе, жылтырақтық, козбояушылық, даурықпалық сияқты ұнамсыз жайлар бой көтерді. Территориялық-өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық басқармаларын, ауыл шаруашылығы жөнінде партия комитеттерін құру негізсіз болып шықты. Әр алуан түрлі штаттан тыс көптеген партия комиссияларын құрумен әуестену кең өріс алып, мұның өзі қызметкерлер мен еңбек адамдарын ондірістегі тікелей жұмысынан қол үзіп, бекер әуресарсаңға түсуге ұрындырды. Республика партия комитеттерінде қоғамдық негізде жұмыс істейтін бірнеше комиссиялар құрылды. Бірақ олар өз жұмысында ешқандай оңды нәтижелер көрсете алмады. Көпшілігі басқа ұйымдардың штаттағы бөлімдерінің жұмысын қайталады.

50-ші жылдардың басында партия идеологиялық жұмыс жөнінде бірқатар қаулылар қабылдап, тарих, әдебиет пен өнер мәселелері бойынша пікірталастар өткізді. Осыған орай біраз адамдар баспасөз бетінде өз пікіріп ортаға салып, партия бағытын қолдауға талаптанды. Бұның барысында ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлеріне әділетсіз, орынсыз сындар айтылып, сыңаржақ баға беру фактілері орын алды. Мұның өзі мәдениеттің дамуына кері әсерін тигізді. Шығармашылық ұйымдарда іскерлік әңгіменің орнына жекелеген ғалымдарға, жазушыларға, театр, кино және музыка қызметкерлеріне жеккөрінішті атақ-айдарлар тағыла бастады. Мұндай жағдайлар Қазақстанда да орын алды. Мәселен, 1950 жылы 26 желтоқсанда “Правда” газетінде жарияланған “Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын” деген мақаланы талқылауға байланысты бүкіл Одаққа, тіпті дүние жүзіне танымал тұлғалы қайраткерлер М. О. Әуезов пен Қ. И. Сәтбаев, сондай-ақ, республиканың басқа да көрнекті жазушылары мен ғалымдары орынсыз жазғырылып, датталды.

Сол жылдардағы рухани мәдениеттегі субъективизм мен тұрпайы социализм элементтері бірқатар қиындықтарға әкелді. Мәселен, әдебиет пен өнердің өмірді көпе-көріне боямалайтын тартыссыз шығармалары одан әрі туындады. Кино өнерінде картиналарды аз жасау қажет, бірақ олар бірден “асыл қазыналар” қатарына кіруі керек, әрбір фильмде қазіргі заманның аса маңызды күрделі мәселелері, барлық жақтары міндетті түрде көрсетілуі керек деген нұсқау

бойынша жұмыс жүргізілді. Әрине, мұндай көзқарас кезінде “асыл қазынаның” сырт көзге қомақты, бірақ іс жүзінде өмір шындығынан, көркемдік шеберліктен аулақ, ат үсті жасалған шығармалар көбейді. Мұндай сипат әдебиетшілердің айтуынша, белгілі дәрежеде “Жамбыл” фильміне тән болды. Кеңес әдебиеті мен өнеріне “тартыссыздық теориясы” елеулі зиянын тигізді. Оның рухымен жазылған шығармалар сахнада ұзақ өмір сүре алған жоқ.

Бұл кезде мәдени-ағарту мекемелері әлі де жетіспейтін еді, олардың көпшілігі нашар жабдықталған және білікті мамандармен қамтамасыз етілмеген болатын. Күрделі құрылысқа және мәдени-ағарту мекемелерін жөндеуге қаржы жеткілікті мөлшерде бөлінбеді.

Қазақстанда тың жерлерді игеріп, индустрия алыптары бой көтеріп, халықтың саны едәуір көбейген 50-ші жылдары халыққа білім беру ісі біраз жанданды. Тың игерілінен аудандарда көптеген жаңа мектептер ашылды, комсомол жолдамасымен бұл аудандарға мектептерде жұмыс істеу үшін шеттен мұғалім кадрлар келді. 50-ші жылдарда екі жылдық мұғалімдер институттары жойылып, оның есебінен педагогикалық жоғарғы оқу орындары көбейді. 1953 жылы тамызда мұғалімдердің соғыстан кейінгі бірінші республикалық съезі отіп, онда мектептердің политехникалық білім беруге көшу және мұғалімдердің міндеттері туралы мәселелерге зор көңіл бөлінді. 1955-1956 оқу жылында республикадағы мектептердің саны 9240-қа жетіп, олардың 3022-сі жеті жылдық және 1117-сі орта мектеп болды. Орта мектепті бітірушілер саны қауырт көбейді. Осы жылдардың ішінде бұл жүйе арқылы ауыл шаруашылығының 432,4 мың механизаторы және басқа да мамандары даярланды.

Дегенмен бұл жылдары жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстанда әсіресе солтүстік облыстарда қазақ мектептері азайып кетті. Оның басты себебі демографиялық өзгерістермен байланысты еді. Қазақтар балаларын орыс мектебіне көптеп бере бастады. Осының салдарынан 700 қазақ мектебі жабылып қалды. Сондай-ақ, республиканың бірқатар аудандарында барлығы бірдей жеті жылдық мектеппен қамтылмады, мектептердегі оқу бірнеше кезекте жүргізілді. Қазақ орта мектептерін нығайтуға, олардың санын көбей-

туге және қазақ жастарының он жылдық, орта мектеп көлемінде толық білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасауға жете көңіл бөлінбеді.

1951 жылдан 1955 жылға дейін республикада 8 жаңа жоғары және 22 арнаулы орта оқу орны ашылды. Қарағандыда екі жоғары оқу орны - медицина және тау-кен институттары, Семейде малдәрігерлік-зоотехникалық және медицина институттары жұмыс істей бастады. Жаңа жоғары оқу орындарының: Ақтобе медицина /1957 ж/, Целиноград ауыл шаруашылық /1958 ж/, Өскемен құрылыс-жол /1958 ж/ институттарының ашылуымен бірге бұрыннан бар жоғары оқу орындары кеңейіп, оларда жаңа факультеттер пайда болды. 1956 жылдан бастап Шымкент технология институты құрылыс материалдары кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау және пайдалану жөніндегі инженер-механиктерді даярлай бастады. Қазақ ауыл шаруашылығы институтында электрлендіру және гидромелиорация мамандықтары бойынша жаңа инженерлік факультеттер мен бөлімдер ашылды.

Қорытып айтқанда, 50-ші жылдар Қазақстан үшін Одақтық баланстағы ролі өскен, индустриялық қуаты артқан мәдениеті біраз дамыған, сойтіп экономикасы орлеу жолына түскен кезең болды.

Жиырма тоғызыншы тарау

Қазақстанның ХХ ғ. 60-шы жылдарындағы экономикалық және саяси әлеуметтік жағдайы

§1. Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар және оның нәтижелері

60-шы жылдардың бірінші жартысында қоғамдық өзгерістердің ерекше белгісі, оның қайшылығы мен жеке адамға табынуды жою процесінің нақты жетістіктері, сондай-ақ экономикалық дамудың белгілі бір табысты кезеңі болды. Сонымен қатар, бұл кездегі қияли, утопиялық жоспарлар, ішкі партиялық қоғамдық өмірді демократияландыруға

шағамдар жасау және Н. С. Хрущевтің өзінің жеке басына табынудың күрт күшеюі сияқты қайшылықтар көрініс берді.

Партияның ХХІ съезінде (1961 ж.) КОКП-ның жаңа Бағдарламасы туралы айта келіп, Хрущев: “бұл коммунизмнің материалдық-техникалық базасын салу бағдарламасы, бұрынғылардан оның өзгешелігі - ол 20 жылға есептелген шынайы бағдарлама”. Бұл кезеңнің соңында коммунизмнің бастамасы жасалып бітеді, сойтіп “кеңес адамдарының қазіргі ұрнағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады”- деп мәлімдеді. Осынау сөздер ондаған миллион кеңес адамдарына шабыттандырып, оларды жанқиярлықпен еңбек етуге шақырды. Хрущев бүгінгі қиындықтар уақытша, 20 жылдан кейін кеңес адамдарын тек жақсы өмір ғана емес, коммунизмнің басталуы күтіп тұр деп дәмелендірді.

60-шы жылдардың басында өнеркәсіп пен құрылысты экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері арқылы басқару жүйесінің кемшіліктері бірден-бірге айқындала түсті. Өнеркәсіпті басқаруда халық шаруашылығы кеңестерінде толып жатқан жаңа бөлімдердің құрылуы өнеркәсіп салаларының болшектенуіне әкелді. Өндірісті басқарудың, жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың түрлері мен әдістері елдің өндіргіш күштерінің жаңа, неғұрлым жоғары дәрежесіне сай келмеді, олардың дамуын тежеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін ойдағыдай дамытудың орасан зор мүмкіндіктері жете пайдаланылмады. Республикада қоғамдық және жеке мүдделерді ұштастыру, колхоз, совхоз еңбеккерлерінің егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін арттыруға деген материалдық ынталылығы принципін бұзылуына жол берілді. Жоспарлауда, ауыл шаруашылық дақылдарын орналастыруда елеулі кемшіліктер орын алды. Таза жер көлемінің азайтылуы тың жердегі егіншілікті жүргізу жүйесіне зиянын тигізді, егіс алқаптарының қалыптасқан құрылымы бұзылды. Осының салдарынан Қазақстанда астық өндіру томендеп кетті.

Хрущев Қазақстанды сынақ алаңы ретінде пайдаланып, көптеген тың тәжірибелерді, оның ішінде келешегі жоққа тән тәжірибелерді республикада сынақтан өткізіп байқап көрді. Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгеріні жаппай егу, т. б. осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шарушы-

лықтарында байқаудан өтті. Оның айтуымен республиканың оңтүстіктегі аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды. Көптеген қалалардың аттары өзгертілді. Сөйтіп, Ақмола - Целиноград атанды. Оңтүстік Қазақстан облысы - Шымкент облысы, ал Батыс Қазақстан облысы - Орал облысы болып өзгертілді. Оған Қазақстанда қарсы келетін адам болған жоқ. Қазақ зиялыларының жағымпаз, жарамсақтарын шешуші буындарға орналастырып, олар арқылы қазақ халқын мөңгүрттендіріп, орыстың патшаларының отарлау саясатын санасыздықпен (саналы түрде деуге болмайды, өйткені ол көп мәселеде интернационалдық, ұлттық теңдікті, достықты жақтады) жандандырған ол қазақтардан бірыңғай коммунистік ұлт шығаруды армандады. Хрущевтің жолсыздықтары мен жонсіз қылықтарын ашып айтпаса да, халық оған наразы болды. Сөйтіп, елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқару, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін түбегейлі жақсарту қажеттігі пісіп-жетіліп келе жатты. Саяси және экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмді, волонтаризмді жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті. Қалыптасқан жағдайды түзеу және жол берілген қателіктерді жою жөнінде кезек күттірмейтін шұғыл шаралар алған КОКП Орталық комитетінің Қазан / 1964 ж/ Пленумы өтті. Пленум Н. С. Хрущевті КОКП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерінен босатты. Оның орнына КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп Л. И. Брежневті сайлады, ал Кеңес үкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А. Н. Косыгинді тағайындады. Осының артынша партия, кеңес және басқа қоғам ұйымдарын 1962 жылы жүзеге асырылған өндірістік қағида бойынша бөлу ойластырылмаған іс деп бағаланып, олардың территориялық-өндірістік қағида бойынша құрылуын қалпына келтіру ісі қолға алынды. Сонымен бірге жоспарлау мен экономикалық ынталандыру әдістеріндегі қателер де түзетіле бастады. Дегенмен осы жылдарда іске асырылған шаруашылық реформалар дәйекті жүргізілмегеннің өзінде де елдің экономикасын көтеруге ықпал жасады.

1964-1965 жылдары Қазақстанда халық шаруашылығы Кеңесі және экономикалық аудандардың халық шаруашы-

лығы кеңестері таратылып, салалық одақтық-республиканық министрліктер мен кәсіпорындар бірлестіктері құрылды.

Қарастырылып отырған кезеңде Орталық партия Комитеті 1965 ж. паурыз Пленумы шешімдері негізінде ауыл шаруашылығының пайдасына ұлттық табысты қайта болу, кеңініп әлеуметтік мәселелерін дұрыс шешу, ауыл шаруашылық өніміне сатып алу бағаларын арттыру жөнінде шаралар белгіленді. Бұл реформаның маңызды элементі ауыл шаруашылығын басқарудың әкімшілік өдістерінен демократиялық өдістерге көшудің қажеттігін, сондай-ақ шаруашылық есепті кеңінен негіздеу еді. Жеке, қосалқы шаруашылықты жоюға байланысты өткен жылдарғы асыра сілтеушілік айыпталды. Бұл шаралар ауыл шаруашылығы өндірісін едәуір жандандырды, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға игі әсерін тигізді.

КОКП Орталық Комитетінің 1965 ж. қыркүйек айында өткен Пленумының шешімдері бойынша өнеркәсіп салаларында жоспарларды жетілдіру, сондай-ақ, жаңа техниканы енгізу, материалдық ынталандыру бағдарламасын іске асыруға айырықша көңіл бөлінді. Жаңа техниканы енгізу үшін әрбір кәсіпорында жоспар жасалды. Ірі кәсіпорындары мен құрылыстарда техникалық прогреске жәрдемдесу жөніндегі арнаулы комиссиялар құрылды. Олар өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыру жоспарларының іске асуына ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде көптеген кәсіпорындар, оның ішінде Қарағандының 2-ГРЭС-і мен Бұхтарма ГЭС-і техникалық-экономикалық көрсеткіштері жоғары станцияларға айналды. Екібастұз көмір разрезі өнімділігі жоғары механизмдермен жарақталған көмір өндіретін өркендеген кәсіпорын қатарына қосылды.

Сегізінші бесжылдықты жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа тәртібі бойынша Қазақстанда ондаған өнеркәсіп орындары, соның ішінде Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Шымкент цемент зауыты, Алматының Жетісу аяқ киім фабрикасы, Семей шұға комбинаты және басқалары жұмыс істей бастады. 1966 жылы бұл кәсіпорындар өнім откізу жоспарларын асыра орындап, жоспардан тыс көп пайда тапты, өндірістің тиімділігін күрт арттырды. 1966-1967 жылдарда жаңа жүйе бойынша жұмыс

істеуге республикада, негізінен неғұрлым ірі және табысы көп кәсіпорындар көшірілді. 1967 жылдың аяғына таман 193 кәсіпорын, яғни республика ірі-ірі кәсіпорындарының жалпы санының 10 пайызы жаңа жүйе бойынша жұмыс істеді. Мұнда барлық қызметкерлердің төрттен бір бөлігі істеп, олар жалпы өнеркәсіп өнімінің үштен біріне жуығын өндірді. 1968-1969 жылдары 13 министрлік пен ведомстволар өз кәсіпорындарын шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшіруді аяқтады. Жаңа жүйе бойынша жұмыс ұйымдастыру өнеркәсіпте ғана емес, сондай-ақ құрылыс пен транспортқа да енгізілді. Бұған қоса реформа коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын, “Казсельхозтехника” бірлестігінің шаруашылықтарын, Байланыс министрлігіндегі басқармалардың жартысына жуығын, Шығыс Қазақстан геология басқармасын, 323 совхозды, Республиканың сауда министрлігі мен Қазақ республикалық тұтынушылар одағының сауда жасайтын ұйымдарын қамтыды. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшкен кәсіпорындар мемлекетке өткізілетін өнімнің бестен төрт бөлігінен астамын өндірді. 1970 жылы көмір өнеркәсібінде олар өнімнің 98 пайызын және Қазақстан көмір өнеркәсібінің барлық кәсіпорындарының түсірген пайдасының 17 пайызын берді. Түсті металлургия кәсіпорындары мұның алдындағы бесжылдықпен салыстырғандағы өздерінің қызмет көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 60 пайыздан асты, пайда 100 пайыз, еңбек өнімділігі 45 пайыз артты.

Бесжылдықтың аяғында республикада жоспарлау мен материалдық ынталандырудың жаңа жүйесі бойынша 1467 кәсіпорын жұмыс істеді. Олардың үлесіне өткізілген өнімнің 90 пайызға жуығы және табыстың 95 пайызынан астамы тиді. Жаңаша жұмыс істеген кәсіпорындар материалдық ынталандыру қорына қаржы аударуды арттырып, осы арқылы әрбір қызметкердің өз кәсіпорнының сапалық көрсеткіштерін жақсартуға деген мүдделілігін күшейтті. Шаруашылық реформасы өнеркәсіптің, құрылыс пен көліктің тез қарқынмен дамуына жағдай жасап, бесжылдықтың тапсырмаларын орындауда елеулі рөл атқарды.

Сөйтіп, сегізінші бесжылдық Қазақстанның өндіргіш күштерінің қауырт дамыған кезеңі болды. Республиканың

өндіріс шаруашылығына мұның алдындағы бесжылдықтағы 17,9 млрд. сомның орнына бес жыл ішінде 23,8 млрд. сом жұмсалды. Ұлттық табыс 41 пайыз, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 55 пайыз артты. Тұтас есептегенде бес жыл ішінде өнімнің алдындағы он жыл ішінде өндірілген молшерде өнім алынды. 1970 жылы Қазақстан 18,2 млн. тонна темір рудасын, 1,8 млн. тонна шойын, 2,2 млн. тонна болат, 2,5 млн. тонна қара металл прокатын, 61,5 млн. тонна көмір, 13,1 млн. тонна мұнай, 2093 млн. текше метр газ, 34,5 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндірді. Еліміздің халық шаруашылығында көмір, темір рудасын өндіруде, болат пен қара металдар прокатын қорытуда Қазақстанның үлес салмағы артты. Республика қорғасын, мыс пен титанның жалпы одақтық өндірісінің едәуір бөлігін берді. Қазақстанның мұнай және химия өнеркәсібі жалпы одақтық маңызына ие болды. Өндіріс құралдары мен тұтыну бұйымдарын өндірудің арасындағы қатынастар едәуір жақсарды.

Өнеркәсіптің салалық құрылымында және территориялық орналастырылуында сапалық өзгерістер байқалды. Жаңа өнеркәсіп аудандары одан ары нығайып дамыды. Пайдалы қазбалардың жаңа кен орындары игеріліп, шаруашылық айналымға тартылды, өндірістік қорлар жоспарлы түрде ұнғайтылып, жаңартылып отырды.

Бесжылдықтың аяғына таман 445 ірі кәсіпорын мен цех қатарға қосылып, жүздеген зауыттар мен фабрикалар қайта құрылды және техникалық жағынан едәуір жақсартылды. Техникалық прогресс ең алдымен өнеркәсіптің энергетика, түсті және қара металлургия, мұнай өңдеу, химия және құрылыс материалдары өнеркәсібі секілді салаларында ілгері басты.

Бұл арада айта кететін бір жайт осы ірі жетістіктер жұмысшылардың үлкен шабыты мен жанқиярлық жасампаз ынта-ықыласын жете пайдалану есебінен іске асырылды. Алайда, өнеркәсіп орындарын салуға, оларды іске қосуға Одақтың түкпір-түкпірінен келген маман жұмысшыларға, комсомол шақыруына үн қосып, жаңа жерлерге аттанған жастарға жергілікті жерде тұрмыстық жағдай тұғызылмады, олар азық-түлікпен жете қамтамасыз етілген жоқ. 1959 жылы Теміртауда Қарағанды металлургия комбинатын салуға жер-жерден келген жастардың бүліншілік

жасауы осы жағдайға байланысты еді. Котеріліс басылды, кәсіпорындарда жұмысшылардың жағдайын жақсарту үшін шаралар алынды. Бірақ бұл оқиға өміршіл-әкімшіл жүйенің іріп-шіріп келе жатқан бір көрінісі еді.

Қазақстанда астық және мал шаруашылығы бағытындағы совхоздардың саны сегізінші бесжылдықта 1521-ден 1625-ке дейін көбейді. Бұған қоса республикада 1970 жылдың аяғында ғылыми-зерттеу институттары жанында 88 тәжірибелік, эксперименттік оқу және басқа совхоздар, сондай-ақ мал семіртетін 104 совхоз бар-тын. Олардың шаруашылық есепке көшуі етек алды.

1967-1970 жылдар ішінде Қазақстанның 586 совхозы толық шаруашылық есепке кошти. Бұл жағдай совхоздардың рентабельдік деңгейін едәуір котерді. Республиканың совхоздарында ауыл шаруашылық өнімдерін, әсіресе астық өндіру мөл әрі рентабельді салаға айналды. Сегізінші бесжылдық кезінде республика совхоздарының күрделі қаржысы 4,2 миллиард сомға жуық өсті. Совхоздардың негізгі қорларының құны 1965 жылғы 5,6 миллиард сомның орнына 1970 жылы 8,3 миллиард сомға жетті. Бесжылдық жылдарында республика совхоздарында бір миллион ірі қара малға, 635 мың шошқаға, 8,5 миллион қойға арналған және 700 мыңға жуық құс өсіретін қоралар салынды, басқа да өндірістік және тұрғын үй-тұрмыстық объектілер салу кеңінен өрістеді. Бірақ, өнеркәсіпте, әсіресе ауыл шаруашылығында басталған реформа аяқталмай қалды. Оның басты себебі қолданылған шаралар тиімділігі айтарлықтай болмады. Соның салдарынан бұл саладан жоспарланғандай қайтарым, күткендегідей өсім алынбады.

§2. Республикадағы қоғамдық-саяси жағдай.

Әлеуметтік және мәдени дамудағы ақуал

XX ғ. 60-шы жылдары КОКП Орталық Комитеті мен Кеңес үкіметі одақтас республикалардың құқығын кеңейтуге бағытталған шараларды жоққа шығара бастады. Экономика саласында жалпы бағытты белгілеу, кадрларды тағайындау мен ауыстыру және басқада көптеген мәселелер Мәскеудегі шағын топтың қолында болды, республикалар

бұлардан шет қала берді. Қоғамның құрылымы бұрынғына жоғарыдан төменге қарай деген принцип негізінде құрастырылған еді. Ол бойынша адамдарға тек жоғарыда қабылданған шешімдерді орындаудан басқа амал қалмады. Іс жүзінде бүкіл өкімет билігі партиялық аппараттар қолына жинақталды. Коммунистік партия, оның жергілікті органдары Кеңестер жұмысына қатаң бақылау жасады, шаруашылық, ғылыми, әскери, оқу, қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың жұмысын дербес бағыттап отырды.

1962 жылы КСРО-ның басқа жерлеріндегі сияқты Қазақстанда да облыстық партия комитеттері өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық болып, екіге бөлінді. Облыстық партия комитеттерінің ізіпше кеңес, комсомол және кәсіподақ ұйымдары бөліне бастады. Жариялылықтың, сынның болмауы, КОКП Бағдарламасы және хрущевтік реформа жайында айтылған сын-ескертпелер үшін коммунистерді, жеке азаматтарды қудалау елдің еңсесін түсірді. Кеңес елі әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайында, оның партия, мемлекет басшысының толық билігімен өмір сүрді. Хрущевтің айтуымен, республика басшылығының аударыс-тоңкерісі жиіледі. Көп жыл Қазақстан партия ұйымының басшысы болып келген Ж. Шаяхметов орнынан алынып, оның орнына келгендер қолғапша ауыстырылды. Шаяхметовтың орнына келген П. К. Пономаренко /XI.1954 ж. - VII. 1955 ж./, оны ауыстырған Л. И. Брежнев /VII. 1955 ж. - III. 1956 ж./, одан кейін И. Д. Яковлев /III. 1956 ж. - XII.1957 ж./, ол түсірілгеннен кейін келген Н. И. Беляев /XII. 1957 ж. - XII.1960 ж./, оны ауыстырған Д. А. Қонаев /XII. 1960 ж. - XII. 1962 ж./, одан кейін Хрущевтің ұнатуымен болған И. Ю. Юсупов /XII. 1962 ж. - XII. 1964 ж./ республикада партия басшылығының қалыпты жұмыс істеуіне ықпал жасай алмады. Өйткені, олар бұл жұмысқа келмей жатып кетуге әзірленіп отырды. Юсуповтан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Д. А. Қонаев 1986 жылдың аяғына дейін істеп, республиканың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге елеулі үлес қосты, оның тұсында Қазақстанның Одақ бойынша алдыңғы қатарға көтерілуі іске асты. Әрине, оның тұсында да жершілдік, орыстар айтатын “кумовство”, жең ұшынан жалғасу, кадрларды тамыр-таны-

стықпен орналастыру, партия ұйымдарындағы өркөкіректік, орескелдіктер бой көрсетпей қалған жоқ.

Бұл кезде экономикалық реформаларға жасалған сәтсіз талпыныстар, өндіріс күштерінің тиімсіз орналастырылуы, халық шаруашылығын басқару жүйесінің ат үсті және жиі-жиі өзгертілуі республиканың экономикалық дамуына кері зардаптарын тигізді.

Жетіжылдықтың алғашқы үш /1959-1962/ жылында қарқынға айтарлықтай үстеме беруге мүмкіндік туғызған Халық Шаруашылық Кеңестері енді өзінің кейбір жағымсыз жақтарында көрсете бастады. Мысалы, экономикалық аудандарға енгізілген өлкелер мен облыстардың партия басшылығы өз аумақтарын дербес аудандарға бөлуді қолға алды. Халық шаруашылығы кеңестері аппаратының саны тұтас алғанда ел бойынша тез өсіп, әкімшілік шығындар артты.

60-шы жылдары Қазақстандағы халықтың әлеуметтік құрылымында едәуір айтарлықтай өзгерістер жүзеге асырылды. Бүкілодақтық халық санагының мәліметтері бойынша 1970 жылы 15 қаңтарда республикада 13 миллионнан аса адам болған, олардың қалаларда 51 пайызы, селолық жерде 49 пайызы тұрды. 1956 жылмен салыстырғанда қала халқының үлес салмағы 4 пайызға артты. Қала халқы негізінен селолық жерлерден қалаға көшіп келу, қала тұрғындарының табиғи өсуі, ішкі селолық мекендердің қала болып қайта құрылуы есебінен көбейді. Орыстар халықтың - 42,2 пайызын, қазақтар - 32,6 пайызын, украиндар - 7,2 пайызын қамтыды. Басқа республикалардан халықтардың көптеп келуімен байланысты республикада қазақ халқының саны едәуір азайып кетті. Ол республиканың демографиялық әлеуметтік жағдайына және ұлттық тілдің жойыла бастауына әсерін тигізді.

Бұл кезде Қазақстан жұмысшыларының қатары сап және сапа жағынан өсті. 1970 ж. 3,4 миллионнан астам жұмысшы болды, бұл 1940 жылдан 5 есе көп еді. Жұмысшы табының ұйтқысы өнеркәсіп жұмысшылары екені мәлім. 1970 ж. ол оның бүкіл құрамының төрттен бірінен астамын қамтыды. 1960-1970 жж. өнеркәсіп жұмысшылары 530 мыңнан 877 мыңға дейін, немесе 39,6 пайызға өсті. Ауыр индустрияның басым өркендеуінің нәтижесінде өнеркәсіп жұмысшыларының қатарында машина жасау, металл өңдеу, құры-

лыс материалдары, отын өнеркәсібінің еңбеккерлері жетекші орын алды. Сол сияқты жеңіл өнеркәсіп жұмысшылары олардың үлкен тобын құрады. Әсіресе, жұмысшылардың саны Қарағандыда, Алматыда, Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда едәуір өсті. Өнеркәсіпке әйелдерді тарту едәуір көбейді, олардың үлес саны 1957 ж. 37,5 пайыз болса, 1973 ж. 44,4 пайызға дейін көтерілді. Әйелдердің еңбегі дәстүрлі жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында кеңінен қолданылды. Қазақстан жұмысшы табының ұлттық құрамы да өзгерді, бірақ өнеркәсіпке қазақ халқының өкілдері өте нашар тартылды. Осының салдарынан 1957-1973 жж. жұмысшылардың арасында қазақтардың үлес саны өсудің орнына 17,4 пайыздан 11,7 пайызға дейін азайып кетті. Ұлттық кадрлардың біршама ірі тобы мұнай өндіруде /36,7/, баспаханада /27,8/, тамақ өнеркәсібінде /20,3 /, ағаш дайындауда /28,8 / жұмыс істеді. Жұмысшы қазақтардың үлес саны энергетикалық машина жасауда /1973 ж. - 2,2/, прибор жасауда /4,7/ электротехника өнеркәсібінде /6,6/, тоқыма /13,6/, тігін өнеркәсібінде /15,7/ томендеді. Қазақ жұмысшыларының аз болуының басты себебі: жоғарғы басшы органдар жерілікті халықтан маман кадрлар дайындауға қамқорлық жасамады, олар жұмысшы күшін сырттан әкелуді артық көрді.

Өңгіме етіп отырған жылдары Қазақстанның экологиялық жағдайы томендей түсті. Республиканың барлық өнеркәсіпті қалаларында, әсіресе, Өскеменде, Шымкентте, Жамбылда, Алматыда ауыр экологиялық жағдай қалыптасты. Қазақстан жеріне ядролық қаруларды сынаудың аса ауыр зардабы тиді. 1948 ж. КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша үш облыстың: Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының түйіскен жеріне орналасқан ядролық полигон салынды. Оның қоршаған табиғатқа, адамдардың денсаулығына әсері өте қауіпті болды, бұл аудандардың тұрғындары радиациялық сәулеленуден үлкен зардап шекті. Бірақ осыған қарамастан КСРО Денсаулық сақтау министрлігі бұл оңірде дәрігерлік тексеру жүргізуге тыйым салды, ал әскери дәрігерлер алған мәліметтер қатаң құпияда сақталып, ядролық полигонның қызметі келтірген зиянның бәрін жасырып отырды. Радиацияға ұшыраған адамдардың денсаулық жағдайын ішінара зерттеу тек 1962

жылдан ғана басталды. Адамдардың жағдайына мұндай көзқарас полигонға жақын тұратын халықтың арасында түрлі аурулар өрши бастауына алып келді. Республикада радиациялық сәуле ауруының көріністері Семей облысы Абай ауданының, Қарағанды облысы Егіндібұлақ тұрғындары арасында жиі байқалды. Полигонның халық денсаулығына тигізіп жатқан әсеріне абыржыған жеке дабылдар ескерусіз қалды. 1969-1970 жж. Маңғыстау облысының жерінде халықтан жасырын жер астында үш рет ядролық жарылыс жасалды. Мұның бәрі сайып келгенде халықтың денсаулығына үлкен зиянын тигізді.

Елдің партиялық-мемлекеттік басшылығы 60-шы жылдары халықтың ақшалай табысын арттыру бағытын ұстады. Мұның өзі халықтың тұрмыс жағдайының 40-50 жылдармен салыстырғанда артуына белгілі дәрежеде оң рөл атқарды.

Тек, сегізінші бесжылдық жылдарында Қазақстанның ұлттық табысы 63 пайыз, жан басына шаққанда 48 пайыз, айлық орташа жалақы 25 пайызға артты. Қалада да, селода да қызметкерлердің төмен және орташа ақы төленетін категорияларының жалақысын арттыру жүзеге асырылды. Жалақы минимумы айына 60 сомға дейін, ал қызметкерлердің кейбір категориялары бойынша 70 сомға дейін көтерілді. Колхозшылардың табыстары көбейді. Бес күндік жұмыс аптасының енгізілуінің зор әлеуметтік маңызы болды. Ол жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек жағдайларын жеңілдетті, олардың мамандығы мен білім дәрежесін одан ары арттыру үшін көп мүмкіндіктер жасады, еңбекті неғұрлым тиімді ұйымдастыруға жәрдемдесті. Бірақ 60-шы жылдардың басында мәдениеттің дамуында қарама-қайшы айқындамалар пайда болды. Мәдени ортаға жалпы көзқарас бұрынғысынша оны әкімішіл-әміршіл идеологияға қызмет еткізуге ұмтылуымен ерекшеленді.

Тарих ғылымындағы кейбір еркіндік рухани өмірде маңызды рөл атқарды. Біртіндеп БК/б/П тарихының қысқаша курсының жаттандылығынан аулақтау, кеңес мемлекетінің тарихындағы Сталиннің ролін қайта қарауға ұмтылушылық байқалды. Сонымен қатар, асыра сілтеулер де болмай қалған жоқ. Ұлы Отан соғысының тарихы Хрущевтің ыңғайына қарай жазылды. Оның Украинадағы қызметі асыра корсетіліп, 30-

шы жылдардағы қуғын-сүргін үшін оның да жауапкершілігі болуы мүмкін екеніне көзжұмбайлық жасалды.

Қазақстан партия, кеңес ұйымдарының жұмысында да елеулі кемшіліктер орын ала бастады. Өркөкіректік, қарапайым халықты менсінбеушілік, партия ұйымдары басшыларының коммунистердің құқықтарын аяқ асты етуі, орынды сынға құлақ аспауы, кадр мәселесінде жершілдік пен ағайын-туысқандық принципінің етек алуы - осының бәрі қоғамда қалыптасқап басқару жүйесінің тетіктерін сол кезде-ақ босата бастады. Сөйтіп, ол бүкіл Одақтағыдай Қазақстанда да тоқырау және тежеу құбылыстарының пайда болуына әкелді. Бұл жағдай шаруашылық және әлеуметтік басқару механизмін жетілдіру жөніндегі түбегейлі шешімдерді іске асыруды табанды түрде талап етті.

Отызыншы тарау

Қазақстан “тоқырау” кезеңінде /1971-1985 жж./

§1. “Тоқырау” жылдарындағы республиканың өнеркәсібі

“Тоқырау” кезеңі дейтін 1971-1985 жылдар аралығында Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр әдіспен алға басты. Бұл жылдары өнеркәсіпті оркендетуге 40,8 млрд. сом немесе халық шаруашылығына бөлінген барлық қаржының 32 пайызы жұмсалды. Негізгі өндірістік қорлар 3,1 есе артып, оның ішінде химия және мұнай-химиясында 6,5 есе, машина жасауда 4 есе, отын өнеркәсібінде 3,8 есе өсті. 15 жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі екі есе, ал машина жасау, химия өнеркәсібі сияқты салаларда үш еседен астам артты. Энергетикада электр қуатын өндіру одан ары шоғырланып орталықтандырылды. 1975 жылы республиканың барлық кәсіпорындары дерлік бір орталықтан энергиямен жабдықталды. Шевченко қаласында шапшаң нейтронға негізделген, дүние жүзіндегі аса ірі атом реакторы жұмыс істеді. Минерал тыңайтқыштар шығару тоғызыншы бесжылдық-

та 1,8 есе, сары фосфор өндіру 2,5 есе көбейді. Машина жасау және металл өңдеу саласындағы өсудің жылдық орташа қарқыны 12 пайызға жетті.

Бұл көрсеткіштер оныншы және он бірінші бесжылдықтарда да кеміген жоқ. 1980 жылы 250-ге жуық кәсіпорын, ірі өндірістер мен цехтар қатарға қосылды, өндірістің жаңа салалары пайда болды. Дегенмен, осы жылдарда КСРО бірыңғай халық шаруашылығы жүйесіне әбден кірігіп кеткен Қазақстан экономикасы қалыпты да қарқынды дами алған жоқ. Республика өнеркәсібінің жартысына жуығы одақтық министрліктің қарамағында болды. Одақтық ведомстволар республикадан шикізат ресурстарын сорып алып, аса зор пайда тапты. Бірақ, олар Қазақстан бюджетіне инфрақұрылымды дамытуға қаржыны жұмсамады деп айтуға болады. Олар өз қарауындағы кәсіпорындар арқылы жылына 15 млрд. сом жалпы табыс алып отырса да, республикалық бюджетке бар болғаны 31 млн. сом немесе 1 пайыздан аз қаржы аударды. Міне, осындай және тағы да басқа себептермен байланысты өнеркәсіп өнімінің кейбір түрлерін өндіру жөніндегі жекешелеген экономикалық көрсеткіштер бойынша жоспарлық тапсырмалар орындалмады. Өндірісті жоспарлауда кемшіліктер орын алды, жаңа өндірістік қуаттар кешігіп іске қосылды. Жоспарлық, технологиялық және еңбек тәртібін бұзушыларға жол берілді, ғылым мен техниканың жетістіктері өндіріске жеткілікті дәрежеде тез енгізілмеді. Осының әсерінен, республика өндіріс орындары мемлекетке 1981 жылы 760 млн. сом, 1982 жылы - 1,0 млрд., 1983 жылы - 1,3 млрд, 1984 жылы - 1,65 млрд. сомға жоспарлы өнімді берген жоқ. Сонымен бірге өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыруда, ғылыми-техникалық дамуда, қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде еліміздің капиталистік мемлекеттерден кейін қалуы күшейе түсті.

Бұл жылдарда жалпы өнім көрсеткішін қуалай өсіру ауыр өнеркәсіпте негізгі мақсатқа айналды. Күрделі құрылыста да солай болды, мұнда жұмысты атқарудың ұзақ мерзімге созылуы салдарынан ұлттық байлықтың едәуір бөлігі істен шығып қалып жатты. Қымбатқа түсетін, жоғары ғылыми-техникалық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз етпейтін объектілер салынды. Бірақ, осыған қарамастан рес-

публиканың басшылығы партияның кезекті съездерінде елдегі ірі өнеркәсіп орнының, шахтаның, мұнай кәсіпшілігінің, комбинаттардың, зауыттардың қатарға қосылғаны туралы зор жігерленген рухта есеп беріп отырды. Еңбекті, материал мен ақшаны көп жұмсаған қызметкер немесе кәсіпорынның көрсеткіші жоғары бағаланды. Республика өнерілеу қарқынынан айырыла бастады, шаруашылықтың және мәдениеттің барлық саласында іркіліс көбейіп, қиыншылықтар үсті-үстіне жинақталып, шиеленісе түсті, шешілмеген проблемалар көбейді.

IX бесжылдықта жоспарды күрт төмендетіп отырса да, өнеркәсіп көлемі 12,6 пайызға орындалмады. Оныншы бесжылдық - 25 пайызға, он бірінші - 3,6 пайызға орындалған жоқ. Соның салдарынан IX, X, XI бесжылдықтардың ішінде ұлттық табыстың өсу қарқыны баяулап, 80-ші жылдардың бас кезінде экономикалық тоқырауға жақындатқан деңгейге дейін құлдырады. Мысалы, республика ұлттық табысын 60-70 пайызға өсіру міндеті қойылса да, ол іс жүзінде 36 пайызға ғана орындалды. Республиканың көптеген шарушылық қызметкерлері ұлттық байлықты молайту қамын ойламай, қайта белгілі бір салаға материал мен еңбекті, жұмыс уақытын көбірек жұмсап, оны қымбатырақ бағаға өткізуге әуестенді. Осының салдарынан өнімнің “жалпы саны” болды, бірақ тауарлар жетіспеді. Қазақстан дамыған басқа елдерге қарағанда өнімнің бір өлшеміне шикізатты, энергияны, басқа да ресурстарды едәуір көп жұмсады. Мәселен, АҚШ пен Жапонияны алсақ, өнімнің бір өлшеміне бізге қарағанда шикізат пен энергияны 30-40 пайыз кем пайдаланды. Қазақстанның бай табиғи және еңбек ресурстары басшы кадрларды дандайсытып жіберді. Елдің экономикасының ондаған жылдар бойы экстенсивті жолмен дамығаны көбінесе дәл осы себептен еді.

Өндірісті сан жағынан басымырақ өсіру идеяларында тәрбиеленген республика басшылығы бұл қарқынды тоқтатуға тырысты, бірақ көбінесе үсті-үстіне жаңа шығындар жұмсау әдісімен әрекет жасады, отын, энергетика салаларын ұлғайтты, өндіріске табиғи ресурстарды жеделдете тартты. Мысалы, Маңғыстауда өндіретін мұнайдың және онымен қосылып шығатын газдың тек қана 8-10 пайызы пайдаланылды.

Аса ірі кәсіпорындар салу арқылы шикізат салаларын дамытуға бағыт ұстау ғылыми прогресс арқылы өркендейтін өндірісті тежеді, өңдеу, қайталап өңдеу, жаңа тауарлар шығару салалары баяу дамыды.

Өндірістің теңестірілмеуі, нұсқау арқылы басқарылуы жағдайында жылдық, тоқсандық және айлық тапсырмаларды өзгертіп отыру үйреншікті іске айналды. 1981-1985 жылдары Қазақстанда әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары 300-ден астам рет өзгертілген. Күрделі құрылыста “сақалды” объектілер берік орын алды, жоспарлы құрылыстардың орнына жоспардан тыс көптеген құрылыстар салынды, бітпеген объектілерді пайдалануға беру, қосып жазу, құрылыс материалдарын талап-тарапқа салу көбейді. 70-жылдарда құрылыста бригадалық-мердігерлікті дамыту қозғалысы басталды. Оның негізінде жұмысшылардың өндірісте ресурстарды пайдалануда тәртіп орнату, еңбекақы төлеуде теңгерімшілікті жою, неғұрлым көбірек дербестік алу жолындағы ұмтылысы жатқан еді. Бригадалық мердігерлікті сөз жүзінде бәрі қолдады және насихаттады, ал іс жүзінде мердігерлік әдіс көптеген нұсқалар арқылы жоққа шығарылды.

Бұл кезде Қазақстанда экономиканы дамытуда интенсивті жолға көшу және ғылыми-техникалық прогресті өрістетуге бағыт алынды. Қызықты идеялар мен ұсыныстар аз болған жоқ, жаңашылдар мен өнертапқыштардың саны көбейді, тек 1981-1985 жж. жаңашыл ұсыныстар берген авторлардың саны 818,8 мың адамға жетті. Алайда, олар өндіріске ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу практикасында аз ықпал жасады. Көптеген кәсіпорындарда өндірістің бүкіл процесі емес, тек жеке учаскелері ғана автоматтандырылды, немесе комплексті механикаландырылды. 80-ші жылдардың орта кезінде өнеркәсіптегі жұмысшылардың үштен бірі, құрылыста жартысынан астамы ауыр қол еңбегін атқарды, олардың творчестволық белсенділігі төмен болды. Кәсіпорындарда социалистік жарысты ұйымдастыру формальды сипат алды. Ресми мәлімет бойынша бұл жылдары жарысқа жұмысшылардың 90 пайызы қатысқанымен, мұның өндірістің өсу қарқынына, еңбек өнімділігіне, өнімнің сапасын жақсартуға, өндірісті жетілдіруге ықпалы болған жоқ. Өндірісте немқұрайлылық, са-

пайдалылық, ынта-жігерсіздік тағы басқа да келеңсіз көріністер үйреншікті әдетке айналды.

§2. Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтар

Тоқырау кезеңін қамтыған үш бесжылдық аралығында ауыл шаруашылығын 1965 жылдан басталған реформалау ірі жалғастырылды. Аграрлық салаға қаржыны көптеп болу, селоның әлеуметтік проблемаларын шешу, шаруашылық есепті енгізу, ауыл шаруашылық өнімдерінің сатып алу бағасын арттыру шаралары белгіленді. Осы бағытта тек 1971-1978 жж. ауыл шаруашылық саласына 58,2 млрд. сом бөлінді. Мұның нәтижесінде 1985 ж. дейін негізгі егін шаруашылығы жұмыстары - жер жырту, тұқым себу, дәнді дақылдарды жипау, мал шаруашылығы саласындағы жұмыстар 75-90 пайызға техникаландырылды. Алайда, ауыл шаруашылығы проблемаларын тек күрделі қаржыны көбейту арқылы шешу жолы тиісті нәтиже бермеді. Аграрлық секторда аса маңызды орып алатын жердің құнарлылығын арттыру, электрлендіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтайтын және оңдейтін кәсіпорындар жеткілікті дәрежеде салынбады. Сондай-ақ село еңбеккерлерінің әлеуметтік-экономикалық проблемалары шешілмей қалды, сөйтіп бұл салада күткен бетбұрыс болмады, нәтижесінде ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру тұрақсыз болды. Егістіктің шығымдылығы азайды, мал шаруашылық өнімдерін өндіру бірқалыпты жүрмеді.

Бұл кезде ауыл шаруашылығы секторының құрамында едәуір ұйымдық өзгерістер енгізіліп, колхоздардың есебінен совхоздардың саны көбейді. 1960 жылы республикада 879 совхоз бен 1355 колхоз болса, 1985 жылы колхоздар есебінен совхоздар саны 2140-қа өсіп, республикада 388 колхоз қалды. Сөйтіп, меншіктің кооперативтік-колхоздық түрінің үлес салмағы едәуір төмендеді, бірақ осыған қарамастан колхоздық меншіктің одан ары жетілуін қоруге болады. 1971-1985 жылдары совхоздардың өнімі көбеймей бір орында қалса, колхоздарда ол орта есеппен 200 мың сомға дейін өсті.

Мал шаруашылығының жем-шөп базасы нығайтылды, жем-шөптік дақылдар егілетін алқаптар ұлғайтылды. Дегенмен мұның барлығы тек экстенсивтік шаруашылық негізінде іске асырылды. Атап айтқанда, жемшөптік дақылдар егілетін алқаптар сегізінші бесжылдықтағы 6678,4 мың гектардың орнына ІХ бесжылдықта 8824,6 мың гектарға дейін жеткізілді. 1985 жылы жоспарланған 50 млн. қойдың орнына тек қана 35 млн. қой болды. Оған шопанның ауыр еңбегіне немқұрайды қарау, малды күтіп бағудағы қазақтың еңбек дәстүрін елемеу, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, сыннан өткен технологиясының жоғалып кетуі үлкен әсерін тигізді.

Бір айтып кететін жай, бұл жылдары мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшіру басталды. Сондай-ақ ет және сүт өндіретін кешендер мен мал семіртетін алаңдар салынды, малды өсіріп, семіртетін мамандандырылған шаруашылық бірлестіктері, құнажындар өсіретін фермалар құрылды. Жалпы қуаты 23 мың ірі қара малды жедел өсіріп, семіртетін төрт кешен: Алматы облысы бойынша 10 мың басқа арналған “Жетіген”, Шығыс Қазақстан облысында 5 мың басқа есептелген “Ждановский”, Орал облысында 5 мың басқа арналған “Правда” газеті атындағы, Ақмола облысында 3 мың басқа арналған “Шалқар” кешендері жұмыс істеді. Шошқа өсіріп бордақылайтын “Вольнский” /Қарағанды облысы/ кешені қатарға қосылды. 1976 жылдың басына қарай 575 мың бас ірі қара мал, 418 мың шошқа, 1,7 миллионнан астам қой өнеркәсіптік негізде күтіп бағылды.

Бірақ осы жылдарда мал шаруашылығын дамытуда келеңсіз жағдай қалыптаса бастады. Олай дейтініміз, туберкулез және бруцеллезбен ауырған мал кейбір облыстарда 95 пайызға жеткен. 1965-1985 жылдары 4,2 млн. сиыр, 55 млн. бас қой мен ешкі, 5,1 млн. шошқа өлген, ал әрбір 100 саулықтан небары 10 бұзау, 30-дан аса қозы, 69 торай алынған. Азық-түліктік астық өндіру жөнінен одақта алдыңғы орындардың біріне шыққан республика жыл сайын жемге арнап басқа жерлерден миллиондаған тонна астық сатып алып отырды. Мұнда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, сақтау, халыққа сату ісі бетімен жіберілді. Көліктің, элеваторлардың, қоймалар мен ыдыстың жетіспеушілігінен, жолдың нашарлығынан жыл сайын жиналып алынған өнімнің

10 пайыздан 40 пайызға дейінгісі ысырапқа түсті. Село тұрғындарының еңбегі бағаланбай, олар қалаларға, басқа аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Қаңырап қалған өнімдерім ауылдар қатары жүздеп саналды.

Аграрлық сектор саласында енгізілген жаңа сатып алу бипасы көбінесе өнімнің өзіндік құнын ақтамады, қайта өніммен жұмыс істейтін шаруашылықтардың саны артты. Егер 1970 ж. ондай шаруашылықтардың үлес саны совхоздардың 26 пайызын, колхоздардың 4 пайызын қамтыса, 1985 ж. совхоздардың 53 пайызы, колхоздардың 49 пайызы зиянмен жұмыс істеді. Село еңбекшілеріне еңбекақы толеуде теңгермешілік күшейді, адамдар көбінесе ақшаны жұмыстың нәтижесі үшін емес, жұмысқа шыққаны үшін алды. Еңбекте ақы толеу оның өнімділігінің өсуінен басып озды.

Республиканың жергілікті жерлеріндегі ауыл шаруашылығы өндірісіп ұтымды ұйымдастыру, оның тиімділігін арттыру бағытындағы кейбір ізденістер басшы органдар тарапынан қолдау таппады. 80-ші жылдардың басында жүргізілген сансыз көп қайта құрулар, эксперименттердің, бағаның, интеграция мен мамандандырудың жаңа түрлерін және т.б. енгізу ауыл шаруашылығының берекесін кетірді. Одан болдырған ауыл шаруашылығы қатаң әкімшілік бақылауға алынып, аяғында келіп дағдарысқа көшті. Істің жағдайын жаңа шешімдер қабылдау жолымен өзгертуге тырысу елеулі нәтиже бермеді.

§3. Республиканың қоғамдық-саяси және мәдени дамуындағы жағдай

XX ғ. 70-ші және 80-ші жж. бірінші жартысында Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде бірсыпыра істер атқарылды, республика жұмысшылары мен қызметшілерінің орташа айлық табысы едәуір өсті. Колхозшылардың кепілді еңбек ақысы көбейді, халықтың төмен айлық алатындары орташа айлық алатындар дәрежесіне көтерілді. Осы жылдары халықты қоғамдық тұтыну қоры есебінен қамтамасыз ету біраз жақсарды. Оның едәуір бөлігі жәрдем, зейнетақы және стипендия толеуге, тегін білім

алуға, денсаулық сақтауға, мәдени және тұрмыстық қымет көрсетуге жұмсалды. 1971 ж. колхозшылар үшін де жұмысшылар мен қызметкерлерге белгіленгендей зейнетақы белгілеу тәртібі енгізілді. 1972-1974 жж. соғыс және еңбек мүгедектеріне айлық орташа зейнетақы 33 пайызға көбейтілді, ал 1975 ж. Отан соғысының мүгедектеріне қосымша жеңілдіктер енгізілді.

Алайда, бұл шаралардың халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге ықпалы аз тиді. Өйткені мемлекеттің және кәсіпорындардың бағаны көтеруі, тауарлар сапасының нашарлауы, тапшылықтың осуі, ақы төлеудегі теңгермешілік т.б. халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкеп соқтырды. Оған ақшаның құнсыздануы әсер етті, тек 1970-1986 жж. құнсыздану 20 пайызға өсті. Әлеуметтік саладағы ең өткір мәселенің бірі - тұрғын үй мәселесі. Осы жылдары бұл мәселе бірсыпыра шешуін тапты: миллиондаған адам жаңа пәтер алып, оздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартты. Дегенмен халық санының осуімен байланысты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі аяғына дейін шешілмеді, оған үй салуға бөлінген қаржының азаюы себеп болды, тұрғын үй құрылысының жоспары орындалмады. Тек, он бірінші бесжылдықта ғана республикада 1,2 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілмеді, мектеп, аурухана, балалар бақшасын салу жоспары орындалмады.

Сөйтіп, тоқырау кезіндегі келеңсіз процестер әлеуметтік саланы мықтап шарпыды. Әлеуметтік-мәдени саланы дамытуға қаржы болудің “қалдықтық принциптері” қалыптасты, яғни ол салаға таза өндірістік мақсаттардан артылған қаржы ғана болінді. Әлеуметтік мәселелер жөнінде “керендік” пайда болды, ал өндірістің техникамен жабдықталуы, кадрлардың біліктілігі, ең бастысы - жұмыс сапасы артта қала бастады.

Қалыптасқан басқару жүйесінің демократиялық негіздерінің тар шеңберлігі де жаңа жағдайда мейлінше келеңсіз көрініс берді. Онда еңбекшілердің өзін-өзі басқаруының өрісі тарылды. Қоғамдық меншік өзінің шынайы иесі - еңбекшілерден бірте-бірте оқшаулана түсті. Оны ведомстволық пен жершілдік, әр жаққа тартқылаған жайлар аз болған жоқ, нақты қожайыннан айырылып, “иесіз”, тегін жатқан дүниедей көрінді. Шаруалардың бүкіл халықтық

нәтижесінен сырт қалуы, қоғамдық мүдденің еңбеккерлердің және мүддесімен ұштастырылмауы барған сайын көбірек байқалды. Шаруашылықты жүргізудің өткен кездегі қалыптасқан жүйесі дамыту факторынан, оның ілгерілеуін тежегішін тұсауға айналды.

Осы жылдарда индустриялық дамудың кәсіпорындарынан көптеп салынуының нәтижесінде қоршаған ортаға орны төлемас зиян келтірілді. Сырдария және Әмудария өзендерінің суларын мақта егісіне көптеп болуден Арал теңізі сартылып, оның суы азайды. Бұрынғы жағасынан 60-120 шақырымға дейін төмендеген, құрғап қалған жерлерінен бұм, шаң, түз көтеріліп, бұл өңірдегі халыққа өлім ұрығын септі. Ересек халық пен бала өлімі көбейді. Осындай жағдай Семей өңірінде де орын алды.

Семей және басқа полигондарда барлығы 500-ден аса ядролық қарулар жарылды. Бұл жарылыстардың халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға тигізген зияны мен зардабы туралы ондаған жылдар бойы айтылмады. Ғалымдардың мәліметі бойынша полигонда сынақ жасалған жылдары кемінде 500 мың Семей өңірі тұрғындары ионды радиацияның тұрақты сәулесіне ұшырады, әсіресе онкологиялық сипаттағы аурулар көп шықты. 1975-1985 жж. бұл аурулардан өлгендер тек Семей облысының өзінде ғана 7 есе өсті, бала туу азайғаны, жынданып ауру және өзін-өзі өлтіру көбейгені байқалды. Семей полигонынан басқа әр жылдарда Республика территориясында 27 жерде қуаты әртүрлі 38 ядролық жарылыс жасалды. Бұндай жарылыстар, әсіресе, Атырау облысында көбірек болды, мұнда жаппай қырып-жоятын қарудың 17-сі сыналған. Сегіз ядролық заряд Орал өңіріндегі полигондарда, қалғандары Ақтобе, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жарылған. Бактериологиялық қарулар сынау полигоны Арал теңізіндегі Барсакелмес аралында жүргізілді.

Осы жылдарда мәдениет саласының материалдық-техникалық негізін нығайтуда біраз жұмыстар істелді. Республикада мәдени объектілердің құрылысы жаңа типтік жоба бойынша, мектеп пен мәдени мекемелерінің алдына өмірдің өзі қойған жаңа талаптар ескеріле отырып жүргізілді.

Тоғызыншы және оныншы бесжылдық кезінде жаңа баспалар құрылды. Бұлар: “Қайнар”, Қазақ Совет Энциклопедиясы

диясы, жастарға арналған “Жалын”, “Өнер” баспалары. Республикада жылма-жыл қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей тілдерінде 30 миллиондай дана таралыммен 2 мыңға жуық кітап шығып тұрды. 70-80 жж. бес томдық “Қазақ ССР тарихы”, он томдық “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі”, он бір томдық монографиялық жұмыс - “Қазақстанның металлогениясы”, тоғыз томдық “Қазақстанның өсімдіктері” және диалектикалық логика жөнінде бірсыпыра іргелі монографиялар жарық көрді. Бір жолғы тиражы 5 миллион данамен 415 газет, ондаған журнал шығарылды.

Селолық жерлерде 6 мыңнан астам клубтар мен мәдениет сарайлары қызмет көрсетті. Оларда 12 мыңнан астам көркемөнерпаздар ұжымы істеді. Ондаған халық театрлары, ән-би ансамбльдері, қазақ ұлт аспапты халықтық оркестрлері, халық хорлары құрылды.

Қазақстан селоларында мәдени-бұқаралық жұмыстың мәдениет университеттері мен мектептері, кошпелі өнертану кафедралары, көркемдік шығармашылық бірлестіктер, атеизм автоклубтары және т.б. сол секілді жаңа формалары кеңінен тарайды.

Село тұрғындарының тұрмысына телевизия, радио, баспасөз, кино бұрынғыдан да көбірек ене бастады. Ауыл мен деревняның мәдени дәрежесі Қазақстанның село зиялыларының сан және сапа жағынан едәуір осуімен сипатталды. Орта есеппен бір колхоз бен совхозға 70-ші жылдардың басында 45 жоғары және арнайы орта білімі бар маманнан келді.

1970 жылға қарсы телевизия республиканың барлық облыстарына дерлік енді. Қазақстанда телевизияның 15 программалық орталығы және осынша студиясы, сондай-ақ телевизия бағдарламасын тарататын және қабылдап алып қайта тарататын жүйелер істеді. 4 республикалық және 19 облыстық бағдарламалар арқылы радио хабарлары қазақ, орыс, ұйғыр, корей тілдерінде жүргізілді.

1976 жылдың аяғында республикада 10282 кино қондырғысы болып, олар бір жылда 290 миллион кино көрерменіне қызмет көрсетті. Халық ағарту ісі де бірсыпыра алға басты. Мәселен, республиканың жалпы білім беретін 10154 мектебінде 1970 жылы 3 миллион 140,8 мың бала оқыса, 1977 жылы 9217 мектепте 3 миллион 266,1 мың бала оқыды.

1970 жылы Қазақстанда 46 жоғары және 190 арнаулы орта оқу орны болып, оларда 416 мыңнан астам студент білім алды. Студенттерді 160 мамандық бойынша әзірледі. Республиканың техникумдарында жастар 182 мамандық бойынша оқытылды. 1986 жылы республикада жоғары оқу орындарының саны 55-ке, ал арнаулы орта оқу орындарының саны 246-ға жетті. Жоғары оқу орындары мен техникумдарда 550 мыңдай студент оқыды. Республика халқының әрбір 10 мың адамына 160 студенттен келді.

XX ғ. 60-80 жж. қазақ әдебиеті І. Есенберлиннің, Ә. Нұршайықовтың, М. Мақатаевтың, Т. Айбергеновтың, О. Сүлейменовтың, М. Шахановтың, Қ. Мырзалиевтің, Ф. Оңғарсынованың, Ә. Кекілбаевтің, О. Бокеевтің және басқалардың шығармалары арқасында елеулі табыстарға жетті. Сазгерлер Ш. Қалдаяқовтың, Л. Хамидидің, Н. Тілендиевтің, Ә. Еспаевтың, І. Жақановтың әндері Қазақстанның музыкалық мәдениетінің алтын қорына кірді. Ә. Қашаубаев негізін салып кеткен ән өнеріндегі игі дәстүрді Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, Ә. Дінішев, Р. Жаманова, Р. Бағланова, Р. Рымбаева т. б. жалғастырып байыта түсті. “Ботагөз”, “Аққан жұлдыз”, “Менің атым Қожа”, “Қыз Жібек”, “Атамның ақыры”, “Транссібір экспрессі”, “Бейбарыс сұлтан” кинофильмдері республика кино өнерінің таңдаулы туындылары деп бағаланды. Бірақ экономикадағы тежеу мен тоқырау құбылыстары қоғам өмірінің мәдени салаларына да салқынын тигізбей қоймады. Республика экономикасының орталық ведомствоға бағыныштылары, мәдени салалардың мәселелерін жете бағаламау, олардың дамуына қаржыны қалдық принцип бойынша болу көпұлтты Қазақстан мәдениетінің кең көлемде дамуына өзінің әсерін тигізді.

Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаттағы қателері мен кемшіліктері ұлттық қатынасқа да ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мемлекет басшылығы ұлт мәселесінде ешқандай проблема жоқ, ол мүлтіксіз шешілген деп санады. Сойтіп, ұлт мәселесін шешудегі табыстарды асыра бағалау орын алды. Ал іс жүзінде ұлт мәселелері жүйесінде қайшылықтар, келеңсіз жағдайлар қордалана түскен еді. Оған 1922 жылы федерациялық мемлекет болып құрылған КСРО-ның іс жүзінде унитарлық мемлекетке айналып кетуінің үлкен әсері тиді. Одақ-

тас республикалардың құқықтары шектеліп, нақты егемендігі жоқ автономия ретінде дамыды. Ұлттардың өзін-өзі билеуі өмірлік тәжірибеде ұмыт болды. Оған нақты дәлел ретінде 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қазақстанға 100 мыңға жуық корейлерді, 1939ж. КСРО-ның батыс шекарасынан 102 мың поляктарды күштеп қоныстандырылуын айтуға болады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы қызып тұрған кезде Еділ бойынан, Украинадан, Солтүстік Кавказдан жарты миллионға жуық немістер Қазақстанға жер аударылды. 1944ж. Кавказдан жарты миллионнан астам шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, қалмақтар, қырым татарлары, ал 1948 ж. Грузиядан 27,7 мың месхеттік түріктер республика жеріне күштеп көшіріліп келтірілді.

Бұл жылдары интернационализм түсінігі жаттанды идеологиялық құрсауда болатын. Ұлттық проблеманың бәрін тек интернационалдық тәрбиені жақсарту арқылы ғана шешуге болады деп пайымдалды. Міне, осымен байланысты интернационалдық тәрбие ұлттық саясаттың орнына жүрді, немесе оны бүтіндей алмастырды. XX ғ. 70-80 жж. ұлттық салт-санадан гөрі кеңестік салт-сана көбірек дәріптелді, ұлт республикаларында тұратын халықтар мен ұлттардың дамуында орыс мәдениетінің ролін асыра бағалау процесі жүрді.

Интернационализмді дұрыс түсінбеу Қазақстанда тіл саясатында тек ұлтаралық қатынас тілін ғана қолдап, ал ұлт тілі туралы үндемей қалуға әкеп соқтырды. Республикада кеңінен насихатталған қос тілділік екі тілге бірдей қараған жоқ. Орыс тілін республика қазақтарының 60 пайызы меңгерсе, қазақ тілін орыстардың 1 пайызынан азы ғана меңгерді. Қазақ тілі тек тұрмыстық саламен шектеліп, іс жүргізуде, мемлекеттік, дипломатиялық және әскери өмірде, сол сияқты жоғары мектептерде қолданылмады. Республикада шыққан кітаптардың 95 пайызы орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70 пайызы эфирге орыс тілінде берілді.

Ұлт саясатындағы бұрмалаулар, саяси ахуалдың қаталдандырылуы, еркін ой-пікір айтуға өкіметтің төзбеушілігі республикада өзінің көлеңкелік жақтарында көрсете бастады. Атап айтқанда, 1979 ж. жазда Ақмолада қазақтардың неміс автономиясын құруға қарсы шығуы ұлттық қатынас-

тардағы қоза түскен қарама-қайшылықтың көрінісі еді. Мұнда жергілікті халықтың мүддесін есепке алмай, 1979 жылы көктемде Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде Қазақстанда неміс автономиялық облысын құру туралы шешім қабылданды. Бұл автономиялық облысқа Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Кокшетау облыстарының бірсыпыра аудандары беріліп, Ерейментау қаласын оның орталығы жасаймақ болып белгіленді. Неміс автономиялық облыс құру туралы мәлімет республикаға тез таралып, қазақ халқының мыңды қарсылығын туғызды. 1979ж. маусымның 16-күні Ақмолада қала жастары орталық алаңға жиналды. Олар «Қазақстан болінбейді», «Неміс автономиясы болмасын!» - деген ұрандар жазылған транспаранттар алып шықты. Маусымның 19-ы күні Ақмолада тағыда бір демонстрация болды. Оны аудандардан келген соғыс және еңбек ардагерлері бастады. Оған 4 мыңдай адам қатысты. Демонстрацияға қатысушылар облыстың басшыларына автономияны құруға қарсы үндеу тапсырды. Ақмолада кейін шағын митингдер мен демонстрациялар Атбасарда, Ерейментауда, Кокшетауда өтті. Сойтіп, неміс автономиясын құру мәселесі аяқсыз қалды.

XX ғ. 70-80-ші жылдарында партияның жоғары эшелондарында соз бен істің бірлігіне шақырған үндеулер барған сайын күштірек естіле бастады. Мұның өзі барып тұрған екіжүзділік үндеу еді. Өйткені оны басшы органдарында отырғандардың орындауы міндетті болмады. Талап тек қана республиканың томенгі буындағы коммунистерге бағытталды. Ішкі партиялық жұмыстарды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі көптеген қаулылар қозбояушылық сипат алды. Сондықтан Қазақстандағы томенгі партия органдарының қызметі де барған сайын жасандылыққа бой ұрды. Жергілікті партия басшыларынан қатып қалған жаттандылық және дүмшелік пен цифрлардап, алуан түрлі есеп құрастырудан басқа ешнәрсе талап етілмеді. Партия беделі тез құлдырай түсті. Оның үстіне бұл кезде партиялық-мемлекеттік, әскери, шаруашылық номенклатурасына берілген артықшылықтар ерекше қозғалып шықты. Мұндай артықшылықтар әлеуметтік теңсіздіктің арнаулы түрін туғызды. Бюрократия артықшылықтарды болуде шендік принципті

қатаң сақтады. Олардың көлемі қызмет орнының дәрежесімен белгіленді.

Сонымен, Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай, тоқырау өмірдің барлық салаларында: идеологияда да, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да орын алды. Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе, жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың бас кезінде бұл жағдай барған сайын өрши түсті.

Отыз бірінші тарау

Қазақстан “қайта құру” жылдарында /1985-1991 ж ж./

§1. “Қайта құру” кезіндегі республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы

1985 жылғы сәуір айында Кеңестер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы болды. Онда Орталық партия Комитетінің Бас хатшысы М. С. Горбачев баяндама жасап, қоғамды демократиялық бағытта қайта құру жөнінде шешім қабылданды. Бірақ бұл шешім тек сөз жүзінде қалды. Іс жүзінде ол кеңес қоғамын ыдыратуды тездетті. Оны Қазақстанның партия, кеңес органдары қызметінен байқауға болады.

Тоқырау жылдарында Одақтың барлық ауқымында, оның ішінде Қазақстанда да басқару ісінде жағымпаздық, парақорлық, рушылдық, жершілдік сияқты көптеген келенсіз құбылыстар орын алғаны белгілі. Бұл жылдары ұлт саясатында, әлсуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде көптеген ауытқушылыққа жол берілді. Жалпы барлық кеңес қоғамында бұл кезде қоғамдық ойдың мәні өзгеріп, сөз бен істің арасында алшақтық, қайшылық кең өріс алды. Кадр мәселелерін шешу партия комитеттерінің тек бірінші басшыларының айтуымен, солардың таңдауымен жүретін болды. Оларды іріктеуде тек туыстық, жерлестік, бастыққа берілгендік жағдайлар маңызды рөл атқарды. Бұл Коммунистік партияның, соның ішінде Қазақ-

стан Компартиясының да барлық деңгейінде көрініс тапты. Көптеген басшы партия қызметкерлері мен партия комитеттері ескіше қызмет етті. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті құрамында сапалық өзгерістер аз болды. Осыдан келіп, аса маңызды мәселелерді шешуде принципсіздік, тұрақсыздық, қоғамдағы жағымсыз жағдайларды жасыруға, аздаған жақсы істерді ерекше мадақтап, жоғары көтермелеп тек жақсы жағынан көрсетуге тырысты. Сол кездегі Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Ә. Назарбаев 1986 жылғы ақпан айында өткен Қазақстан Компартиясы XVI съезінде жасаған баяндамасында және съезде шығып сойлеген басқа да делегаттар осындай келеңсіз жағдайларды өткір сынға алды. Олар көптеген күрделі және маңызды мәселелерді партия комитеттерінің дер кезінде шешпейтінін, олардың қызметі ауқымынан тыс қалатынын, күрделі мәселелерді шешуге ескіше қараудың кеңінен орын алып отырғанын ешқандай бүкпесіз айтып берді.

Қазақстанның жоғарғы органдарына орталықтан басшы кадрлар жіберу кеңінен орын алды. Оларды қызметке жібергенде жергілікті жердің пікірі, республиканың тарихи жағдайы, оның салт-дәстүрі есепке алынбады. Мұндай жағдай 1986 жылғы 16 желтоқсан күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д. А. Қонаевты орнынан алған кезде айырықша көзге түсті. Пленум мәжілісі небары 18 минутқа созылды. Осы уақыт ішінде 22 жыл Қазақстан Компартиясын басқарған Д. А. Қонаев қызметінен алынып, оның орнына Мәскеу жіберген Г. В. Колбин сайланды.

Мұның өзі қайта құру мен демократиядан үлкен үміт күтіп отырған республика халқының, соның ішінде қазақ жастарының наразылығын туғызды. Пленум өткеннен кейін екінші күні Орталық партия Комитеті үйі алдындағы алаңға оздерінің Пленум шешімімен келіспейтінідігін білдіру үшін жұмысшы және студент жастар, оқушылар, т. б. жиналды. Олардың қолдарында ұстаған ұрандарының арасында “Әр халықтың өз ұлттық көсемі болу керек” деген ұран болды. Мұндай көсемнің Қазақстанда тұратын орыс халқы өкілдерінен де мүмкін екендігі айтылды. Міне, осындай күрделі жағдайда Г. В. Колбин партия Орталық Комитетінің бюро мәжілісін шақыртып, оған С. М. Мұқашев, Н. Ә. Назарба-

ев, З. К. Камалиденов, О. С. Мирошхин, М. С. Мендібаев, А. П. Рыбников, Л. Е. Даулетова, В. Н. Лобов, т. б. қатынасты. Бірақ олар алаңға шыққан жастардың жүрегіне жол таба алмады.

Алаңда болып жатқан жағдай, республика басшыларының, соның ішінде Г. В. Колбиннің ойында қазақ жастарының арасында елдегі социалистік құрылысқа қарсы астыртын әрекет, ұлтшыл ұйым бар деген пайымдау мен арам пиғылды туғызды. Бірақ ондай ұйымның бар-жоқтығы кейін қанша тексерсе де анықталмады. Алаңда жиналған халық пен милиция және әскерлер арасында қақтығысулар жүрді. Ереуілге қатысушылар таспен, таякпен қаруланып жазалаушыларға қарсылық корсетті. Олар жастарға мұздай су шашып, алаңнан қуу үшін алаңға әкелінген бірнеше өрт сондіргіш машиналарды өртеп жіберді. Қақтығысудың барысында Е. Сыпатаев және С. Савицкий деген азаматтар қаза тапты. Осыған байланысты үкімет органдары алаңға шығушыларға қарсы күш қолдана бастады. Алматыға бақса жерлерден арнайы әскери бөлімдер әкелінді.

1987 жылғы шілдеде КОКП Орталық Комитеті “Қазақ республикалық партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы” арнайы қаулы қабылдады. Онда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Қазақстандағы ұлтшылдықтың көрінісі деп бағаланды. Бірақ кейіннен бұл шешім қате деп табылды. Өйткені қазақ халқы ешуақытта ұлтшыл болып көрінген емес еді.

Қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы шеруінің түрі ұлттық болғанымен ұлтшылдық емес еді. Ол басқа халықтарға, соның ішінде орыс халқына қарсы бағытталмаған болатын. Шеру саяси сипаттағы бейбіт демонстрация еді, мемлекеттік құрылысты құлатуға шақырған жоқты. Бірақ республиканың және орталықтың партиялық-бюрократиялық құрылымы тарапынан ол экстремистік пиғылдағы ұлтшыл жастар тобының бүлігі деп бағаланды. Жүйе оны “Қазақ ұлтшылдығы” деп айыптауға дейін барды.

Осыған байланысты 1987 жылғы 14 наурызда өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының шешіміне сәйкес партия ұйымдарында тазалау басталды. Атап айтқанда, өздерінің жіберген қателіктерін ашық мой-

ындау, номенклатуралық жетекші қызметкерлерге мінез-қасиетіме беруді жаңарту, бастауыш партия ұйымдарында жеке коммунистердің, ал жетекші қызметкерлердің өз қызмет орындарында, тұратын жерлерде есептері тыңдалды. Есеп беру барысында, тек 1987 жылы облыстық партия комитеттерінде істейтін жауапты қызметкерлердің 28 пайызы, ал қалалық және аудандық партия комитеттерінің әрбір үшінші қызметкері жұмыстан босатылды. Олардың әрбір отыншысы қызметте жіберілген кемшіліктері үшін деген мінездемемен орнынан алынды. Мұндай тазарту жұмыстары сондай-ақ кеңес, кәсіподақ, комсомол органдарында да кеңінен жүргізілді.

Желтоқсан оқиғасы бойынша тергеу барысында 99 адам сотталды, 264 адам жоғары оқу орындарынан, 758 адам комсомолдан шығарылды. 1164 БЛКЖО мүшесіне, 210 партия мүшесіне әр түрлі жаза берілді, 52 адам КОКП қатарынан шығарылды. Ішкі істер министрлігінен 1200 адам, Денсаулық сақтау және Қолік министрліктерінен 309 адам жұмыстан босатылды, жоғары оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды.

Жергілікті кадрларды қуғынға салған Г. В. Колбин Орталық партия Комитеті бюро мүшелерінің пікірімен сапаспады, олардың талаптарын қабылдамады, мәселелерді көп жағдайда өз еркімен шешті. 1989 жылы наурыз айында Г. В. Колбин Халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып тағайындалып Мәскеуге кетті. Оның орпына сол жылғы шілдеде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Н. Ә. Назарбаев сайланды.

Мәселені әрі қарай тексеру үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жанынан арнайы құрылған, Мұхтар Шаханов бастаған комиссия егжей-тегжейлі тексерді. Оның барысында, қазіргі кезеңнің талабымен қарағанда, алғаш рет демократия және жариялылық жағдайындағы халықтың еркіндік үшін көтерген талабы мен ескі партиялық ойлау арасындағы қақтығыстың болғандығы ашып корсетілді.

Бір ерекше айтып кететін жәйт, қайта құру жағдайында бұқаралық хабарлама органдары елдегі, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді ешқандай бүкпесіз ашық жариялап отырды. Әсіресе, республикада орын алған әлеуметтік және ұлттық қайшылықтар жөнінде

жан-жақты айтылды. Соның арқасында еңбекшілердің азаматтық және ұлттық сана-сезімі едәуір өсті. Халық арасында орын алған жұмыссыздық, балалар өлімі, халықтың мәдени-тұрмыстық, үй-жай жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, оның қорытындылары ашық жарияланып отырды. Мұның өзі бұқара халықтың саяси-әлеуметтік белсенділігін күшейтуге көмектесті.

Қайта құру барысында қазақ халқы өзінің тарихы, ұлттық қайта даму, ана тілі, мемлекеттік егемендік алу жөнінде талаптарын қоя бастады, бұл мәселелер жаңа қырынан көрініс тапты.

§2. Қазақстанда демократиялық қатынастардың белең алуы. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы

Біздің қоғамымызда демократиялық қатынастардың одан әрі тереңдеп өрістеуі кеңестердің қызметінен көріне бастады. “Барлық өкімет Кеңестерге берілсін!”-деген ұран жанданды. Бұл мәселені ілкі кезде кеңестерге партия басшылығын күшейту арқылы шешу үшін күш салынды, бірақ одан ештеме шықпады. Өйткені кейінгі жылдары компартияның қызметінде елеулі кемшіліктер мен тоқыраушылық орын алды. Оның сапа құрамы төмендеп кетті. Партия комитеттерінің кеңестерге және тағы басқа да қоғамдық ұйымдарға басшылығы жеткіліксіз болды.

1987 жылғы шілде айында алғаш рет Қазақстанда жергілікті кеңестерге халық депутаттарын сайлау округтер бойынша көп мандатты негізде іске асырылды. Республиканың 19 ауданында көп мандатты округтік сайлау барысында депутаттыққа кандидат болып 2270 адам ұсынылды. Оның 1701-і депутат болып сайланып, қалғандары резерв ретінде қалдырылды. 185 ауылдық және селолық кеңестерге 6291 депутат сайланды, ал 1928 адам резервке кіргізілді. Жаңа сайлау жүйесі бойынша Шығыс Қазақстан облысы еңбеккерлері арасында КСРО Ғылым Академиясы әлеуметтану институтының зерттеуі жүргізілді. Сайлаушылардың басым көпшілігі бұл жаңа тәртіпті мақұлдады. Өйткені көптеген еңбек ұжымдары депутаттыққа кандидат

өздерінің қалаулыларын ұсынуға қолдары жетті, ал кандидаттар бұқара халықпен кездесу барысында өздерінің бағдарламаларын анықтауға, онымен еңбекшілерді жан-жақты таныстыруға мүмкіндік алды.

1988 жылғы шілде-тамыз айларында өткен Бүкілодақтық XIX партия конференциясында Кеңес қоғамының саяси системасына реформа жүргізу қажеттігі атап көрсетілді. Онда ең басты мәселе - халық депутаттары Кеңестерінің толыққанды өкіметін барлық жерлерде қайтадан қалпына келтіру көзделді. Конференцияның шешімдеріне сәйкес қысқа уақыт ішінде ең жоғарғы мемлекет органдары қайта құру жоспарланды. Ол 1988 жылғы 1 желтоқсанда қабылданған “КСРО Конституциясына қосымша өзгерістер енгізу туралы” және “КСРО халық депутаттарын сайлау” жөніндегі заңдарда өзінің шынайы көрінісін тапты.

1987 жылы өткен жергілікті Кеңестерді сайлау тәжірибесі елдегі демократияның жаңа жағдайда дамуына үлкен жол ашты. Атап айтқанда, КСРО халық депутаттарын сайлау мемлекеттік және қоғамдық өмірде жүріп жатқан демократияның толық айғағы болды. Елдегі жүріп жатқан саяси реформаның екінші кезеңі - республикаларды, өлкелерді, облыстарды, қалаларды, аудандары мен округтерді басқарудың жаңа жүйесін құру еді. Ондағы негізгі мақсат - бұқара халық өкілдері органдарының рөлін тек орталықта ғана емес, сондай-ақ жергілікті жерлерде де көтеру еді. Оны тәжірибе жүзінде іске асыру үшін партия комитеттерінің бірінші хатшылары халық депутаттары Кеңесінің төрағаларына ұсынылды. Бірақ мұндай жаңалық өзгеріс барлық жерлерде бірдей міндетті еместігі айтылды. Міне, осының нәтижесінде 1990 жылғы жергілікті кеңестер сайлауының қорытындысы бойынша Қазақстанда 9 қалалық және аудандық Кеңестерге кандидаттар болек-болек сайланды.

Жаңа тәртіпке сәйкес 1990 жылғы наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау ұйымшылдықпен өтті. Онда Қазақстан партия Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н. Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Осыдан көп кешікпей-ақ Орталықтағы сияқты біздің республикамызда да президенттік қызмет орны енгізілді. Сөйтіп, 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н. Ә. Назарбаевты республиканың тұңғыш пре-

зиденті етіп сайлады. Мұның өзі елімізде және халықаралық аядағы оның беделін көтеруге үлкен әсерін тигізді. Н. Ә. Назарбаевтың президент болып сайлануы, республиканың өз ішіндегі саяси-экономикалық мәселелерді шешуде, жаңа идеялардың өрістеуіне ықпалын тигізді. Оның бастамасымен Қазақстанда елді басқару ісіне көптеген жаңалықтар, халық шаруашылығын басқарудың барлық сатыларында сапалы жаңа өзгерістер енгізілді.

Президенттің Семей полигонында ядролық сынаққа тиым салуы, Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен оларға теңестірілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету шаралары туралы жарлықтары Қазақстанда демократиялық қайта құрулар жүргізудің өзіндік бір белесі еді.

Қоғамды демократияландыруда халық депутаттары Кеңесінің заң шығару қызметі маңызды рөл атқарды. Бұл салада он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі (1990 ж. сәуір) жетекші орын алды. 1990-1991 жж. қабылданған республика заңдарында әрбір адамның мұқият зерттеліп жасалған, құқықтық және әділеттік процедуралар арқылы заң жүзінде бекітілген бостандықтары мен адамгершілік қасиеттерін көрсетуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге зор көңіл бөлінді. Қалыптасқан шындық жағдайдың талаптарына сай республика заңдарын жаңарту құқықтық мемлекет құру жолындағы елеулі қадам болды. Заңдар Қазақстанның саяси және экономикалық егемендігін іс жүзінде нығайтуға, демократия жолына бүкіл саналы күштерді топтастыруға бағытталды. Олар азаматтардың құқықтарын едәуір кеңейтіп, республиканы мекендейтін барлық ұлттар өкілдерінің тілегіне жауап беретін еді. Республика парламентінің қазақ тіліне мемлекеттік тіл дәрежесін берген “Қазақ КСР-нің тіл туралы заңын” 1989 ж. қыркүйек айында қабылдауы үлкен уақиға болды.

Елде іске асып жатқан демократиялық өзгерістер бұқара халық арасында әр түрлі көзқарастардың, түрлі қоғамдық пікірлердің ашық айтылуына және бірқатар саяси партиялар құрылып, олардың кеңінен дамып өрістеуіне жағдай жасалды. Мәселен, 1990 жылы Қазақстан социал-демократиялық партиясы құрылды. Партияның алдына қойған басты мақсаты – республикалық парламент сайлауына қатынасып, оның құрамына өздерінің өкілдерін депутат етіп

өткізу еді. Бұл партия қоғамдық өмірге белсене араласып, оның материалдық және рухани дамуына өздерінің лайықты үлесін қоспақшы болды. Сондай-ақ, партия қоғамдағы жеке меншікті мойындайды және өзінің қызметінде кәсіпқойлықты қолдап отыруды көздеді.

1990 жылы Қазақстанда “Азат” азаматтық қозғалысы қилыптасты. Оның басты мақсаты - Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін, заң алдында барлық азаматтардың тең құқықтылығын, әлеуметтік әділеттілікті, адамгершілік идеясын қорғау болды. Одан басқа республикада “Алаш”, “Желтоқсан”, т.б. саяси қозғалыстар пайда болды. Мұның өзі Қазақстанда көп партиялылық жүйенің және тоталитаризмнен демократияға өтпелі кезеңнің бастамасы екенін көрсетті.

1991 жылы тамыз айында Мәскеуде Мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті болды. Оған КОКП Орталық Комитетінің кейбір жетекшілері қатысты. Мұның өзі партияның, оның басшы органдарының беделін түсірді. Ең аяғында келіп, ол партияның халық арасында, сондай-ақ өз мүшелерімен қызмет істеуіне нұқсан келтірді. Бұл жағдай Қазақстан Компартиясының жұмысына теріс әсерін тигізді. Сөйтіп, 1991 жылғы қыркүйек айында өткен республика Компартиясының тотенше съезінде оның қызметі тоқталды деп жарияланды. Осыдан кейін өзін Коммунистік партияның ісін жалғастырушымыз деп санайтын Қазақстан социалистік партиясы /1991 ж. қыркүйек/ құрылды. Оның құрамында сол кезде 50-60 мың мүшесі болған. 1992 жылы наурызда Қазақстан Социалистік партиясының кезекті съезі өтті. Съезд республикадағы саяси әлеуметтік-экономикалық жағдай және Қазақстан социалистік партиясының таяудағы міндеттері, партияның Бағдарламасы мен Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу сияқты мәселелерді талқылады.

Сонымен бірге республикада 1991 ж. қазанда Қазақстан халық конгресі партиясы құрылды. Оның жетекшілері болып Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов сайланды. Сондай-ақ, республикада тұратын бірқатар коммунистер бұрынғы Қазақстан Коммунистік партиясының қызметін қайтадан қалпына келтіруге әрекет жасады. Сөйтіп, жоғарыда айтылған деректер мен мысалдар республикада көп

партиялы жүйенің қалыптасып келе жатқандығын көрсетті.

Барлық саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың алдында тек демократиялық жолмен, Конституция талабына сай қызмет ету мақсаты қойылды. Олар парламенттік партияларға айналу, сайлаушылардың көп дауысына ие болу үшін күрес жүргізді. Бұл саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар тең құқықтық жағдайда өзара түсінісу, келісу арқылы байланыс жасап отыруға тырысты.

Қайта құру жағдайында Қазақстанның қоғамдық ұйымдарында да сапалық жаңа өзгерістер іске асты. 1991 жылы қазан айында Қазақстан комсомолының кезектен тыс XVIII съезі өтті. Онда Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының делегаттары алдағы бірнеше айды өтпелі кезең деп жариялап, осы уақыт ішінде жастардың жаңа қоғамдық ұйымын құру ісін бастауды ұсынды. Бірақ съезд делегаттары бұл ұсынысты қабылдамай, республика комсомолының Қазақстанның жастар одағына ауыстыру жөнінде шешім қабылдады. Оның алдына республика жастарының құқықтары мен мүдделерін қорғау міндеті қойылды. Одан басқа республикада Қазақстанның мемлекеттік жастар Комитеті құрылып іске кірісті.

Осы кезде кәсіподақтың жергілікті, әсіресе бастауыш ұйымдарының ролін көтеруге ерекше мән берілді. Олар өздерінің мүшелерінен жиналған қаржыларды ұйым қажетіне жұмсауға толық ерік алды. Қазақстан Орталық кәсіподақ комитеті және облыстық кәсіподақ комитеттері салалық кәсіподақ Кеңестері болып қайтадан құрылды. Әрине, кәсіподақтың басты қызметі еліміздегі экономикалық жағдаймен, оны шама келгенше жақсартумен тікелей байланысты болып табылады. Соңғы жылдардағы кәсіподақ ұйымдарының негізгі қол жеткен табысы - ол әр түрлі саяси және мемлекеттік ұйымдардан тәуелсіздік алу еді. Бұқара халықтың мүддесін қорғауда олар көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді мемлекеттік және шаруашылық органдарымен тең дәрежеде келісе отырып шеше алатын жағдайға қолдарын жеткізді. Сондай-ақ, бұл жылдары әйелдер кеңесіне балама ұйымдар әдеттен тыс төменнен пайда болды. Солдат аналарының комитеті, Қазақстан мұсылман әйелдерінің лигасы, Көп балалы аналар, Жанұялар одағы, “Айша”, “Ақ отау” және Іскер әйел-

лер қауымдастығы құрылды. Сойтіп, республикада 1991 жылы барлығы 120-дан астам дербес қоғамдық негізде бірлестіктер жұмыс істеді.

Бұл жоғарыда көрсетілген фактілердің барлығы ХХ ғ. 80-ші жылдардың екінші жартысында қоғамды қайта құру барысында Қазақстан өмірінде қоғамдық-саяси және демократиялық қатынастардың кең өріс ала бастағанын көрсетеді.

Отыз екінші тарау

“Қайта құру” кезіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы өзгерістер

§1. Жаңа жағдайдағы республиканың экономикалық ахуалы

Қазақстан экономикасының артта қалуы және ондағы кемшіліктер туралы 1986 жылдан бастап ашық айтыла бастады. Осымен байланысты он екінші бесжылдықта, 1986-1990 жж. республика экономикасын қайта құру мүмкіндіктері іздестірілді, бұл бағытта болған жаңа идеяларды іске асырудың жолдары қарастырылды. Мұның өзі бесжылдықта ұлттық табыстың өсуінде, әлеуметтік ахуалды жақсартуда, ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде ет, сүт өндіруде кейбір табыстарға қол жеткізді.

Дегенмен қоғамдық өндіріс көлемі қойылып отырған талаптардың деңгейінен көп төмен жатты. Оның негізгі себебі басқарудың әкімшіл-өміршіл жүйесінің икемсіздігіне байланысты еді. Ең бастысы өндірістің тиімділігін арттыруда экономикалық тетіктер жете пайдаланылмады, оның толып жатқан резервтері іске қосылмады.

Өнімнің өсуінің күрт төмендеуінің тағы бір негізгі себебі - ел ішіндегі жағдайдың шиеленісуімен байланысты еді. Бұрынғы, ертеден келе жатқан кемшіліктерге еселенген жаңа қиындықтар қосылды. Олар КСРО-ның тарауына байланысты республикалар арасындағы экономикалық қатынастардың үзілуі, бір-біріне тауарлар жіберу жөніндегі

міндеттемелердің орындалмауы, қаржы-несие мәселесіндегі қиындықтар болатын. Осының салдарынан, ең алдымен Орта Азия республикалары мен Қазақстанның экономикалық жағдайы нашарлап кетті.

1990 жылдың орта шенінде өнімнің өсу қарқынының, бұрынғы жылдармен салыстырғанда, мықтап құлдырағаны байқалды. Дағдарыс экономиканың барлық салаларын қамтыды. Ол саяси-әлеуметтік жағдайға теріс әсерін тигізе бастады. Көмір алқаптарындағы кеншілердің, металлургтердің тұрмыс дәрежесі мейлінше төмендеді. Осыған орай, олар өздерінің наразылығын ашық білдіре бастады. Кеншілер ұжымдарының еріктілігін, шығарылған көмірдің кейбір бөлігін өздерінің қалауынша сатып, қажетті тауарларға айырбастап алып отыруға мүмкіндік берілуін талап етті.

Экономикалық дағдарыс республикадағы өнеркәсіп өндірісінің көптеген салаларын қамтыды. Оларға қажетті жабдықтар жетіспеді. Әсіресе, халық тұтынатын тауарларды өндіру нашар жағдайда болды. 1991 жылы аграрлық секторда да қиыншылықтар аз болған жоқ. Көктемнің ерте шығуы, жаңбырдың болмауы, мамыр айында салқын түсіп, топырақтың тоназуы көп жерлерде астықтың шығымын төмендетті. Қажетті материалдардың жеткіліксіздігінен күрделі құрылыстың қарқыны баяулап, жоспарлар орындалмады.

Қазақстанда республика экономикасын нарықтық қарым-қатынас аясына шығару мақсатымен 1991 жылдың ақпан айында Жоғарғы экономикалық кеңес құрылды. Оның құрамына енген белгілі экономист Г. Явлинский, АҚШ-тан келген доктор Бэнг тағы басқа ірі экономист мамандар республика экономикасына нарықтық қатынастарды енгізудің мүмкіндіктерін іске қосу мәселесімен шұғылданды.

Қазақстанда мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншіктің жаңа формалары - акционерлік қоғамдар, жалдық және кооперативтік кәсіпорындар, фермерлік шаруашылықтар, біріккен кәсіпорындар, түрлі қауымдастықтар мен бірлестіктер қалыптаса бастады. 1991 жылдың орта шенінде республикада 35 бірігіп істейтін кәсіпорындар, 16 сыртқы экономикалық қауымдастықтар, халықаралық коммерциялық банк жұмыс істеді.

Мемлекеттік шаруашылық басқару құрылымы өзгеруіне байланысты пайда болған қиындықтарға, бұрынғы

өкімшіл-әміршіл жүйе қалдықтарының тарапынан болған қарсылықтарға қарамастан, нарықтық саудаға көшуде біраз іс тындырылды. Республика Президентінің жарлығымен жекешелендіру жөнінде Мемлекеттік комитет құрылды. Ал 1991 жылғы шілде айында өткен Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің IV сессиясы мемлекеттік меншікті жекешелендіру жөнінде арнайы заң қабылдап, 1991-1992 жылдарды қамтитын оның бірінші кезеңінің бағдарламасын бекітті.

Бұл бағдарлама бойынша: бұрынғы Одаққа қараған кәсіпорындардың барлығы енді республиканың заңды меншігіне енетін болды. Кәсіпшілікті қолдау, бұрынғы мемлекеттік меншікті мүмкін болатын жерлерде таратып, оны жеке меншікке айналдыру қажеттігі атап көрсетілді. Бұл шаралармен байланыстыра отырып, ақша құнын күшейту, оған сатып алынатын тауарларды көбейту міндеттері алға қойылды. Агроөнеркәсіп кешеніндегі жекешелендірудің мүмкіндігінің ерекшеліктерін ескере отырып, онда жалға беру, сатып алу, бірлестіктерге бөліп беру, кейбір құрал-жабдықтарды ұжымдық меншікке болу т. б. іске асыру қажеттігі айтылды.

Бұл шараларды іске асырғанда ең әуелі халықтың қамын ойлап, оның материалдық жағдайын ескеру; үй иеліктерін және мемлекеттік кәсіпорындарды бөлгенде купондық жүйені барынша пайдалану; бұл істе әрбір әлеуметтік топтардың материалдық мүдделерін жан-жақты ескеріп отыру қажеттілігіне назар аударылды.

Сөйтіп, бұл бағдарламада қазіргі қоғамдық қатынастарды дамытуға барынша күш жұмсау мақсаты қойылды. Бұл жағдай экономикалық бірлестік жөніндегі шартқа қол қойған басқа да республикаларға тарауға тиісті болды. Ол мемлекеттердің басшыларымен бұл мәселеде ортақ ой-пікір, келісулер, мәмлелесу мен уағдаластықтар жасалды.

Алайда, осындай өзара уағдаластыққа қарамастан ұлттық республикалар арасындағы ертеден қалыптасқан экономикалық қатынастардың ыдырауы орын алды. Мәселен, өзара келісім бола тұра Украина мен Ресей Қазақстанға кокс жіберуді тоқтатты. Соның салдарынан Жамбыл мен Шымкент фосфор өндірісі зардап шекті, олар минералдық тыңайтқыштарды шығаруды қысқартты. Немесе, Тәжікстан біздің республикаға сататын электр қуатын өзде-

ріндегі бір квт-сағат үшін толенетін 10 тиын орнына 30 тиынға дейін көтерді. Ал Түрікменстан газдың құнын 57 есе өсірді. Мұның өзі, сайып келгенде, республикалар арасындағы экономикалық байланысты күрделендіре түсті. Сондықтан да Қазақстан Президенті мен үкіметі достастық аясындағы мемлекеттермен өзара тиімді және бір-бірін кемсітуге жол бермейтін келісім шарттар жасауға күш салды.

Дегенмен әр түрлі себептерге байланысты бірінші кезекте Кеңес Одағы республикаларының бір-бірімен біте қайнасып, бірігіп-кірігіп кеткен шаруашылық қарым-қатынасының бұзылуына байланысты Қазақстанда экономикалық қиындық күшейді. 1991 жылдың қорытындысында қоғамдық өнім шығару, соның алдындағы жылмен салыстырғанда 7,2 пайызға, ұлттық табыс 10 пайызға, еңбек өнімділігі 5,4 пайызға төмендеді. Тұтыну-сауда саласындағы жағдай шиеленісе түсті. Жеке сауда тауар айналымының ерекше қысқаруы “колеңкелі” экономиканың кеңінен өрістеуіне, халықтың тұрмыс дәрежесінің одан ары құлдырауына алып келді. Елде ақшаның құны түсіп кетті. Құны жоқ қағаз ақшаның көлемі 1991 жылы 1990 жылмен салыстырғанда 4,5 есе өсіп, 8,7 миллиард сомға жетті, оның 3 миллиарды 1991 жылдың соңғы екі айында шығарылды. Республиканың мемлекеттік қарызы 7,8 миллиард сомға дейін өсті.

1991 жылы Қазақстандағы барлық кәсіпорындар мен ұжымдардың 11 пайызы шаруашылық жылын шығынмен аяқтады. Халық тұтынатын тауарлар азайды. Тауарларға бағаны негізсіз көтеру нәтижесінде сол жылды табысты аяқтаған кәсіпорындар да аз болған жоқ. Бірақ олардың ақшалай кірісі көбейгенмен, материалдық және еңбек қорлары артпады.

Өнеркәсіп тауарларына бағаның айтарлықтай қымбаттауы аграрлық сектордың жағдайын едәуір қиындатып жіберді. Егер 1991 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу бағасы 1,5-3 есеге дейін өссе, ауыл шаруашылығына қажетті механизм мен машиналарды сатып алу бағасы одан бірнеше есе асып түсті. Оның үстіне ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру біраз төмендеді. Оған 1991 жылғы болған қуаңшылықтың үлкен зардабы тиді. Нәтижесінде жоспарланған астықтың тек жартысы ғана алынды, мал шаруашылығын жеммен қамтамасыз ету 60-65 пайыздан

төмен жок. Соның салдарынан республикада ет, сүт, жұмыртық сатып алу деңгейі кеміді. Бірқатар облыстарда малдың саны азайды. 1991 жылы 1990 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылық өнімі 8 пайызға, еңбек өнімділігі 11 пайызға төмендеді. Мемлекетке небәрі 3,2 миллион тонна астық сатылып, бұл барлық жиналған астықтың тек 27 пайызын ғана құрады. Сондай-ақ картоп, кокос және қант қызылшасын сатып алу едәуір қысқарды. Колхоздар мен совхоздардың қаржы жағдайы нашарлап, экономикалық тиімсіз шаруашылықтардың саны 5 есеге дейін өсті.

Халық шаруашылығына жұмсалатын қаржының барлық көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 7 пайызға азайды. Іске қосылуға тиісті 57 халық шаруашылығы объектілерінің тек 30-ы ғана бітіп, оның ессіне аяқталмаған құрылыстар саны 14 есеге көбейді. Оған жұмсалмай қалған қаржы 1991 жылдың аяғында 17 миллиард сомға жетті. Транспорт бойынша жүк тасу 1990 жылмен салыстырғанда 66 миллион сомға, ал жолаушыларды тасу - 8 пайызға қысқарды. Шет елдерге бұрынғысыпша шикізат, жартылай өңделген материалдарды шығару басым болды. Оның 60 пайызы қара және түсті металлургия өнеркәсіп өнімдерінен тұрды. Ессіне басқа жерлерден республика бұрынғыша машина жасау өнеркәсібіне қажетті жабдықтардың 250-ден астам түрлерін, 13 пайыз көлемінде халық тұтынатын тауарларды, сондай-ақ тамақ өнеркәсібіне керекті материалдар мен шикізатты алдырды.

§2. Қазақстанның әлеуметтік және мәдени дамуындағы қиындықтар

XX ғ. 70-80 жылдары Қазақстанда ұлттық табыс кісі басына шаққанда Одақтық деңгейден 12 пайыз кейін қалды. Сондай-ақ республикада үй құрылысы, мектеп, балалар бақшасы және басқа да мәдени-әлеуметтік құрылыстар салуда да ілгерілеу бөлген жоқ. Мәселен, 80-жылдары Одақ бойынша 10 мың адамға жыл сайын 75 пәтер салынса, Қазақстанда тек 69, Одақта әрбір он мың адамға 404 дәрігерден келсе, мұнда тек 352 дәрігерден келді. 1987 жылы республикада мектеп жасына дейінгі баланы бала-

лар мекемелерімен қамту 53 пайыз ғана болды. Табиғи ортаны қорғау жұмысының жеткіліксіздігінен Өскемен, Шымкент, Алматы, Теміртау, Лениногорск сияқты өнеркәсіп орталықтарында ауаның ластануы өте жоғары деңгейге жетті. Әсіресе Қызылорда, Ақтөбе, Семей облыстарында экологиялық өте ауыр жағдай қалыптасты. Арал аймағында оңеш, қылтамақ, асқазан, бауыр аурулары едәуір көбейді. Мұнда басқа жерлермен салыстырғанда балалар өлімі екі есе өсті. Осыған орай республикада қоғамдық қозғалыс күшейіп, Арал, Балхаш мәселелері жөнінде қоғамдық Комитет құрылды. “Невада-Семей” ядролық қаруға қарсы күрес күшейіп, 1991 жылы Семей полигонының жабылуына қол жетті. Бұл қозғалыстар тек ядролық полигондарды жою үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның экологиялық жағдайын жақсарту бағытында, “Халық денсаулығы” деген атпен жүргізілді. Қоғамдық негізде сондай-ақ мәдени-ұлттық орталықтар құру, діни ұйымдар, шығармашылық өнер одақтарын ұйымдастыру жөніндегі қозғалыс кеңінен өрістеді.

Халықтың қалың бұқарасы арасында әлеуметтік жағдайын қорғауды талап ететін топтар көбейді. Олар - жалақысы төмен жұмысшылар мен қызметкерлер, зейнеткерлер, студенттер еді. 1991 жылғы желтоқсанда оларды материалдық жағынан қолдау мақсатында жарық көрген “Қазақстан республикасы халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы” Президенттің Жарлығына байланысты республика үкіметі бірнеше шешім қабылдады. Зейнетақы, жәрдем ақша, стипендия, т.б. әлеуметтік төлемдердің ең аз мөлшері көбейтілді. Қазақстанда 1991 жылы зейнетақының ең төменгі мөлшері және балаларға мемлекет тарапынан қосымша төлем төлеу екі есе өсті, көтерілген бағаның орнын толтыру үшін қосымша 3 миллиард сом ақша бөлінді. Әрине, бұл қаржы күн санап қымбаттаудағы халықтың тұрмыс қажеттілігін қанағаттандыра алмады.

Қоғамды қайта құру, қоғамдық-саяси ахуалды жандандыру барысында бұрынғы КСРО-ның көптеген аймақтарында ұлттар мен әр түрлі халықтар арасындағы қайшылықтар күшейе түсті, ұлттық тіл мен мәдениетті дамыту мәселелері кеңінен қойыла бастады. Өйткені көптеген ұлттар мен халықтардың өздеріне тән мәдени мұралары мен әдет-ғұрыптары әкімшіл-әміршіл жүйе жағдайында

жоюлып кетті. Мемлекеттік іс жүргізу тек орыс тілінде жүрді. Ұлттық тіл еленбеді. Ұлт тілінде сабақ жүргізу нашарлап, орыс тілі айырықша дәріптеле бастады. Соның салдарынан қаладағы қазақтардың 40 пайызы өздерінің ана тілін білмейтін мәңгіртке айналды. Мұндай жөнсіздіктерді түзету мақсатында республикадағы 7999 балалар бақшасының жанынан 814 қазақ топтары құрылды. Республикадағы жұмыс істейтін 8654 мектептің 2500-інде оқу қазақ тілінде жүргізілді.

Қазіргі кезеңгі өмір талаптарына сай кейбір пәндерді терек талдап оқытатын мектептердің, гимназия, лицейлердің саны көбейе бастады. Олардың жалпы саны 1400-ге жетті. Жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарында жарты миллионға жуық студент білім алды. Бұл жылдары Түркістан мемлекеттік университеті, Шымкент дене шынықтыру, Кокшетау ауыл шаруашылық, Шымкент фармацевт институттары ашылды.

1989 жылы қыркүйекте Қазақ ССР-інде тіл туралы заң қабылданып, республикада қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000-жылға дейінгі кезеңге арналған Бағдарламасы бекітілді. Оның негізгі мақсаты ұлттық тілдерді қорғап дамыту. Заң бойынша мемлекеттік тіл болып қазақ тілі, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып белгіленді. Бірақ бұл заңның орындалуында көптеген кемшілік орын алды. Өйткені іс жүргізуде, еңбек ұжымдарында әзірге қазақ тілінен гөрі орыс тілі басым еді. Бұл мәселеде жергілікті Кеңестерге елеулі міндеттер жүктелді. Алайда, оны іске асыруда едәуір қиыншылықтар мен қайшылықтар кездесті. Бірқатар жерлерде іс жүргізу, ұлтаралық қатынас қазақ тілінде жүргізілу қажет делінсе, Орал, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан сияқты облыстарда онан бас тартуға дейін барды.

Қоғамды жаңартып, қайтадан құруда ұлттық, демократиялық қозғалыстар күшейіп, олар бұқарлық демократиялық қозғалысқа айналды. Бұрынғыдай өз ұлтына қалай болса солай қарайтын адамдардың қатары азайып, олар өз ұлтының экономикалық және рухани мәдениетінің дамуына жанашырлық көрсете бастады. Мәселен, 1989 жылы Алматы қаласындағы үш өнеркәсіп орындарында жүргізілген социологиялық зерттеудің нәтижесінде 18 бен 25 жас ара-

сындағы қазақ жастарының 71 пайызы өздерінің ұлтын мақтан тұтатындығын айтқан.

Қазақстанда тұратын адамдардың басым көпшілігі өз елінің болашақ дамуын ұлттық тәуелсіздікпен тікелей байланысты деп қарайды. Осы орайда бір айтатын жәйт республикадан басқа жаққа кетушілердің саны كوبейді. Мәселен, 1986 жылы 75,7 мың адам, 1987 жылы 71,4 мың, 1988 жылы 70 мың адам басқа жаққа қоныс аударған. Олардың саны, әсіресе, ауылдық жерлерде өсті. Ол жерлерден, соның ішінде тың және тыңайған жерлерді игерген облыстардан орыс, украин, неміс, беларусь тағы басқа да ұлт өкілдерінің кетуі күшейді. Мұның өзі республикадағы барлық саяси күштердің ынтымақтасып, жалпы ұлттық мүддені барынша қорғау үшін күресуін талап етті. Әсіресе, сол кездегі мейілінше күрделі ауыр кезеңде, оның маңызы өте зор болды, ойткені таяу арада саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайдың түзеліп кетуіне жұрттың сенімі азайды.

ҚАЗАҚСТАН – ЕГЕМЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ



Отыз үшінші тарау

Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресі және егемендік алуы

§1. Кеңестер Одағының ыдырауы және оның себептері

Қазақстанның тәуелсіздік алуы бұрынғы Кеңес қоғамында қалыптасқан ахуал-қоғамдық жүйенің күйреуінің, Кеңестер Одағының ыдырау салдары нәтижесінде іске асты. КСРО-ның құлауының басты себептерінің бірі - ондағы орын алған экономикалық күрделі мәселелер, экономикалық дамуда артта қалушылық. Атап айтқанда, Одақ экономикасының технологиялық жағынан артта қалуы, сондай-ақ оның өндірісі шығарған тауарлардың бүкіл әлемде бәсекеге түсу қабілетінің әлсіздігі еді. Оның үстіне, Ұлы Отан соғысынан кейін Кеңестер Одағы халық шаруашылығын аяғына дейін қалпына келтірмей жатып, өзінен экономикалық потенциалы (мүмкіндіктері) екі есе және одан да артық Америка Құрама Штаттарымен әскери, әскери-техникалық, стратегиялық бағытта тай-таласқа түскенін айту қажет. Осының нәтижесінде Одақ ішінде жалпы өнім, ұлттық табыс, еңбек өнімділігі артпады, оның көрсеткіштері бойынша КСРО АҚШ-тан жыл өткен сайын артта қалып отырды. Соған қарамастан, Одақ ұзақ жылдар бойы әскери-стратегиялық тепе-теңдікті, әсіресе 1949 жылы құрылған АҚШ бастаған НАТО және КСРО бастаған Варшава шарты /1955 жж./ арасындағы әскери-стратегиялық теңдікті сақтау үшін тыраштанды. Екі жүйенің /капиталистік және социалистік/ теке тіресі кеңінен етек алған, 1950 жылмен 1990 жылдың арасындағы қырық жылда, әске-

ри шығын 20 триллион долларға жеткен. Ал сексенінші жылдардың аяғында соғыс өнеркәсібі мен әскери-өндірістік комплекспен байланысты өндірісте планетаның 60-80 миллион тұрғыны жұмыс жасап, шикізаттың иегізгі түрлерінің 5 пайызы соғыс мақсатына жұмсалған. Әрине, мұндай зор шығындар экономиканы да орасан зор зардаптарға ұшыратты.

Бұрынғы кеңестік экономикалық құрылым тым күйкі тартып, негізінен шикізат өндірушілік пен әскери-өнеркәсіп кешеніне қызмет етуге бағытталды. Кеңестер Одағында әскери-өнеркәсіп кешеніне тоғыз министрлік қызмет етті. Олардың қажеттілігі кедергісіз қанағаттандырылып отырды. Бұлар ұлттық жалпы өнімнің едәуір бөлігін шығарды. Ол статистикалық есепте халық шаруашылығы өніміне қосылғанымен, шын мәнінде, халық шаруашылығы мойнына асылған масылдық еді. Осыған қарамастан Кеңестер Одағының әскери техникасы бәсекелес елдердікімен салыстырғанда әлдеқайда артта қалды. Мұндай артта қалушылықтың зардабы таяу Шығыстағы, Африка елдеріндегі, Ауғанстандағы майдан далаларында әлденше рет тойтарыс алып, соққы жегенінен айқын көрінген еді.

1979-1989 жылдардағы Кеңестер Одағының Ауғанстан жеріндегі соғыс авантюрасы, оның сыртқы саяси бағытына халықаралық жұртшылықтың сенімін жойды. Ол социалистік және капиталистік мемлекеттер арасындағы шиеленістің жаңа айналымын бастап берді. Ауғанстандағы соғыс елге жыл сайын 5 млрд. сомға түсті. Бұл соғыста мыңдаған Кеңес отбасылары жақындарынан және туыстарынан айрылды. Соғыс Қазақстанға да үлкен зардабын тигізді. Республикадан оған 21979 адам қатысты. Олардың ішінен 780-дей адам қаза тапты, 393 адам мүгедек болды, 22 адам хабарсыз кетті.

КСРО-ның экономикасының артта қалуы 1970 жылдан басталған тоқырау кезеңінде, халық шаруашылығы жоспарларының орындалмауынан өз көрінісін тапты. Экономиканың артта қалуы, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында өріс алды. 1965 жылдан кейін ауыл шаруашылығына 1 триллион сомға жуық қаржы жұмсалды, бірақ бұл ақша тиімсіз пайдаланылды, нәтижесінде соңғы /1990 ж. дейін/ 25 жылда КСРО-да тек ауыл шаруашылығындағы

өнімнің қайырмасы /АҚШ-пен салыстырғанда/ үш есе төмендеді, бір американдық фермер бес колхозшының өндірген өнімін өндірді, ауыл шаруашылығында 80 пайыздан астам адам қол еңбегімен айналысты.

Жалпы бүкіл Одақ бойынша 1970-1985 жылдары тоқырау кезеңінде экономиканың басты көрсеткіштері төмендеді, қайта төмендеп кетті. Егер ұлттық табыстың өсуінің бірінші бесжылдықта - 41 пайыз болса, тоғызыншы бесжылдықта - 28 пайыз, оныншы бесжылдықта - 21 пайыз, он бірінші бесжылдықта - 17 пайыз болып кетті. Ал еңбек өнімділігінің артуы сегізінші бесжылдықта - 37 пайыз, тоғызыншы бесжылдықта - 25 пайыз, оныншы бесжылдықта - 17 пайызға азайды. Сөйтіп, жыл өткен сайын төмендеп отырды. Жалпы КСРО-ның өмір сүрген соңғы 18 жыл ішінде 1972-1990 жж. жоспарлар 13 рет орындалмаған.

КСРО экономикасының артта қалуы Қазақстанға да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Біз соңғы кезге дейін Қазақстан Одақ құрамындағы ірі индустриялық - аграрлы республика болды деп мақтанышпен айтып келдік. Оған негіз бар еді. Кезінде республика жалпы қоғамдық өнім шығаруда РСФСР мен Украинадан соңғы үшінші, өнеркәсіп өнімін өндіруде Белоруссиядан кейінгі төртінші орынға шықты. Қазақстан үлесіне мемлекетке откізілетін астықтың 20 пайызы, әрбір төртінші тонна қой еті, әрбір бесінші тонна жүн, тапсырылатын қарақол елтірісінің үштен бір бөлігі тиді.

Бірақ бұл мүмкіндіктер, ашығын айтсақ, соңғы кезге дейін жете пайдаланылмады. Оның *әр түрлі себептері* бар еді. *Біріншіден*, республика халық шаруашылығының құрылымы бір жақты дамып, оның аса маңызды салалары кейін қалып қойды. Ауыр өнеркәсіптен энергетика, түсті және қара металлургия, мұнай-газ және химия өнеркәсібі басым дамыды. Оның есесіне жаңадан өңдеп шығару өнеркәсібінің салалары, әсіресе, машина жасау және халыққа қажетті тауарларды шығару салалары артта қалды. Мәселен, машина жасау республика жалпы өнеркәсіп өнімінің 17,1 пайызын ғана қамтыды, ал Одақ бойынша бұл көрсеткіш 27,4 пайыз еді. Қазақстанда қазіргі кезеңдегі талапқа сай құрал-жабдық жасау, радиотехника, автомобиль, жеңіл және тамақ

оперкәсібі үшін қажетті машиналарды жасау салалары жетіспеді.

Екіншіден, республикаға халық тұтынатын тауарлардың 60 пайызға жуығы сырттан әкелінді, ал іште өндірілетін ауыл шаруашылық өнімдерінің, соның ішінде астықтың, мақтаның, терінің тең жартысы, жүннің 70 пайызы басқа жерлерде өңделді. Мұндай жағдай тек ауыл шаруашылығында ғана емес, сол секілді оперкәсіпте де орын алды. Мәселен, Торғай облысында алюминий жасау үшін қажетті шикізат боксит өндіріліп, ол Павлодарға жөнелтіліп, онда өңделіп глиноземге айналдырылды, ал глинозем алюминий шығару үшін Сібір кәсіпорындарына жіберілді. Атырау, Маңғыстау облыстарында шығарылған мұнай Орал қаласынан 200 шақырым қашықтықтағы Орынбор облысының жеріне айдалып, онда қайтадан өңделді. Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында балықтың аса қымбат түрлері ұсталып, кара уылдырық алынса, оны дайындап оңдеу, консервілеу Астрахань қаласында іске асырылды. Одақтың өмірімен Қазақстан шет елдерге бір миллиард сомға дейін алтын қорына тең бағалы өнімдер шығарып келсе де, одан республика қазынасына бір тиын да түспеді.

Үшіншіден, Республикадан сыртқа тауарлар барынша арзан бағамен шығарылып, ал шеттен тек қымбат, дайын тауарлар әкелінді. Сөйтіп, тек 1988 жылдың өзінде республикадан сыртқа шығарылған тауар 6,7 миллиард сом болса, сырттан алынған тауар - 13,8 миллиард сомға жетті, нәтижесінде аса бай Қазақстан оне бойы басқа республикаларға қарыздар, экономикалық жағынан тәуелді болып келді.

Төртіншіден, Қазақстанның экономикасының дамуы көп жылдар бойы тек қарабайыр жолмен, яғни өнімнің көлемін, жалпы санын арттыру арқылы ғана іске асырылды. Өндірістік күштің өсуі, оны тиімді пайдалану дәрежесінен артта қалды. Көптеген кәсіпорындардың, соның ішінде жаңадан салынып, іске қосылғандардың экономикалық күші жете пайдаланылмады.

Бесіншіден, аграрлық секторда дақылдардың түсімі, малдан алынатын өнім әр шаруашылықта әр түрлі дәрежеде-тіп. 1987 жылы республикадағы совхоздардың үштен бірі, колхоздардың бестен бірі экономикалық жағынан тиімсіз

шарушылықтар болды. Суармалы егістің түсімі де басқа фермермен салыстырғанда төмен еді.

Жоғарыда айтылған кемшіліктер мен қайшылықтардың салдарынан 70-ші жылдардан бастап 80-ші жылдардың аяғына дейін Қазақстандағы жан басына шаққандағы ұлттық табыстың көлемі Одақпен салыстырғанда 12 пайызға төмендеді. Осыған қарамастан, соңғы кезге дейін Қазақстандағы жағдайды мадақтап, әсірелеп көрсету, даңғазалық орын алды. Оған жылдық есеп бергендегі қосып жазу, өндірілген өнімді және жалпы бағалық көрсеткіштерді етпестіз көбейтіп көрсетудің елеулі әсері тиді.

Кеңестер Одағының құлауының саяси себептері туралы айтқанда, ондағы саяси-идеологиялық бірлік пен біртұтас-тық сол сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жыл-дардың басында-ақ қозден ғайып болғанын ерекше атап көрсеткен жоқ. Бұл кезде бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде бұрын болмаған ұлт толқулары күшейді. Ең қауіптісі - олар тек ұлттық сипат ала бастады. Сумгаиттегі, Таулы Кара-бахтағы, Вильнюстегі, Ферғанадағы оқиғалар ұлттық мәсе-лелерді шешудің ешқандай бағыт-бағдары жоқтығын анық-тады. Кеңестік кезеңде қабылданған мәлімдемелер, тұжыр-намалар, бағдарламалар ұлтаралық қатынастар мен оны ше-шудің жолдарын нақты көрсетіп бере алмады. Ел басында отырған басшылар ұлт мәселесінің байыбын терең түсінбеді, оның теориялық базасы жасалмады. Ақыр со-ңында ұлтаралық қайшылықтар тартысқа, ал тартыс қантө-пекке әкеліп тіреді. Бұған мысал ретінде Қазақстанда болғ-ан 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын айтуға болады.

Сондықтан бірқатар ұлт республикалары Одақтан бөлініп шығу, өздерінің егеменді мемлекет болуы жөніндегі талап-тарын қойды. Міне, осының нәтижесінде 1988 жылдың қараша - 1989 жылдың мамыр айлары аралығында Балтық жағалауындағы Эстония, Литва, Латвия республикалары өздерінің егемендігі туралы алғашқы құжаттарын қабыл-дады. Сөйтіп, олар КСРО құрамынан шығып, жеке тәу-елсіз мемлекетке айналды. Осыдан кейін, көп кешікпей-ақ, яғни 1989-1990 жылдары егемендік туралы Декларацияны КСРО-ның басқа республикалары да қабылдады. *Сөйтіп, 74 жыл бойы өмір сүрген республикалар Одағы ыдырады. Ыдырау қалай болды?*

1991 жылғы 8 желтоқсанда Беларусь, РСФСР және Украина республикаларының басшылары (Шушкевич, Б. Ельцин, Кравчук) Минск қаласында /Беловеж кездесуі/ кездесіп, *мәлімдеме* қабылдады. Онда саяси одақ тұйыққа тірелді, сондықтан республикалардың Одақтан шығуы объективтік процесс және тәуелсіз жеке мемлекет құрушынайы факті болып отыр деп көрсетілді. Себебі, Орталықтың жүргізіп отырған тоғышар саясаты елді терең экономикалық және саяси дағдарысқа алып келді, бұқара халықтың тұрмыс деңгейі томендеп кетті, қоғамда әлеуметтік шиеленіс, ұлттар мен халықтар арасындағы қайшылықтар мен қақтығыстар күшейді деп атап өтілді. Мұның өзі бұрынғы Одаққа кірген барлық мемлекеттердің, жаңа достық Одағын - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын /ТМД/ құруға жол ашты. Бұл құрылым бұрынғы Одақ бойынша осы кезге дейін алынған халықаралық міндеттердің орындалуына кепілдеме береді, ядролық қарудың таралуына жол бермейді және оған бірыңғай бақылау орнатуды қамтамасыз етеді деп көрсетті.

Алайда, бұл шешім әуелгі кезде басқа республикалар тарапынан қарсы қозғалыстар туғызды. Өйткені заң бойынша Одаққа кірген Қазақстан, Орта Азия, Закавказье республикаларының келісімінсіз бұл үш республика егемендігі туралы күрделі мәселені жеке дара шешуге тиіс емес еді. Міне, осымен байланысты 1991 жылдың 12 желтоқсанында Ашхабад қаласында Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшыларының кездесуі болып өтті. Онда тәуелсіз мемлекеттердің Достастығына тек барлық республикалардың тең құқықтық негізінде құрылушылық жағдайын мойындағанда ғана қосылуға болатындығы айырықша атап көрсетілді.

1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматыда 11 республика өкілдері қатыпқан кездесу болды. Олар тең құқықтық жағдайдағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрылғандығы жөніндегі шартқа қол қойды. Алматыда қабылданған декларацияда Минскідегі айтылған жалпы принциптік мәселелердің барлығы мақұлданды. Жаңадан құрылған Достастық мемлекет басшылары және үкімет басшыларының Кеңесі деген жетекші органдар құрылды. Онда жалпы бағыттағы көкейтесті саяси және әлеуметтік-экономикалық мәсе-

лелерді шешу көзделінді. Достық Одаққа кірген мемлекет басшылары Біріккен Ұлттар Ұйымы алдында бұл Тәуелсіз мемлекеттердің барлығын осы халықаралық ұйымға толықпен мүше етіп алу туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар бұрынғы КСРО-да жасалған ядролық қаруды және оған әскери басшылық жасауды бірігіп іске асырып отыру жөніндегі келісімге қол қойылды. Тәуелсіз мемлекеттердің Достастығы /ТМД/ осы кезге дейін Кеңестер Одағы қол қойып, халықаралық дәрежедегі жасалған келісімдердің әрдайым орындалуын өз мойындарына алды деп көрсетті.

§2. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы

Қазақстан ыдыраудың соңына дейін Кеңес Одағын сақтан қалу үшін күресті. Бірақ республиканың бұл ниетіне Одақта болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер қарсы тұрды. Сондықтан Қазақстан да өзінің тәуелсіздігін жариялау шараларына кірісті. Атап айтқанда, *Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда республикамыздың мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады*. Сөйтіп, бар әлемге Қазақстанның егемендігін жариялады. Тәуелсіздік алу Қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан оқиғалармен тығыз байланысты еді. Осы кезден бастап Қазақстан басқа республикалармен бірге іс жүзінде орталыққа қарсы оппозицияға айналды. Қазақстанның бастамасы бойынша Белоруссиямен, Украинамен, Ресеймен және басқа республикалармен бір-бірінің егемендігін, қалыптасқан шекараларды, орнатылып жатқан өзара пайдалы экономикалық байланыстарды мойындау туралы екі жақты келісімдер жасалды.

1990 жылғы желтоқсанда Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан республикаларының жетекшілері *өзара төрт жақты шарт жасау* жөніндегі келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша олар өздерінің Одақтық шартқа қарсы қоятын талаптарының бар екендігін ашып айтты. Республикалар бұрынғы федерацияның орнына, енді конфедерация түріндегі одаққа бірігу жөнінде талап қойды. Ол бойынша Ор-

талықтың шешуіне сыртқы саясат, халықаралық мәселелер, сыртқы сауда, мемлекеттік банк және финанс, елдегі қорғаныс мәселелерін шешуді қалдырып, қалған мәселелердің барлығын жергілікті жерлерде шешу дұрыс деп есептелінді.

Алайда, бұл талаптар негізінде жаңа Одақтық шартқа қол қояр алдында 1991 жылы 19 тамызда Янаев, Павлов, Крючков, Пуго, Язов, т.б. қатынасқан мемлекеттік төңкерістің болуымен және орталықтың ешқандай ымыраға келмеуімен байланысты одақтас республикалардың жетекшілері бұған дейін жүргізіп келген келіссөз талаптарынан бас тартты. Украина мен Белоруссия өздерінің тәуелсіздігін жариялады. Ал Қазақстанның атынан Н. Ә. Назарбаев КСРО Жоғары Кеңесінің кезектен тыс сессиясында жаңарған Одақ енді федерация түрінде болуы мүмкін емес, тек конфедеративтік шарт негізінде болуы керек деп ашық айтты, яғни бұл тек тең құқықты республикалардың достық одағы болуы мүмкін деп көрсетті. Республикалардың бұл ұсынысы 1991 жылғы 19 тамыздан кейінгі оқиғаның артынша тәжірибе жүзінде іске асырыла бастады, бұрынғы бірыңғай одақтың орнына тәуелсіз мемлекеттер достастығы қалыптасты. Олар көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өздері шешетін болды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы бойынша әскери, сыртқы және т.б. аса маңызды халықаралық мәселелерді бірігіп шешу міндеті ғана қалды. Тамыз уақытынан кейін Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы, оның құрамдас бөлігі Қазақстан Компартиясы (1991 ж. қыркүйек) тарихи арнадан кетті.

1990 жылы 25 қазанда республика Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдағаны жоғарыда айтылды. Егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық процестердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан уақиғалармен тығыз байланысты еді. Міне, осындай күрделі жағдайда Қазақ Мемлекеттігі шеңберінде Республикадағы жоғары атқарушы және билік жүргізуші өкімет басшысы ретінде Қазақ КСР-нің Президентіне жеткілікті өкілеттік беру қажеттілігі пісіп жетілді. Мұндай өкілеттіктер республика парламентінің 1991 жылы 20 қарашада қабылдаған “Қазақ КСР-да мемле-

кеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы” Заңы бойынша берілді. Заң негізінде Республиканың мемлекеттік басқару органдарында өзгерістер жасалды. Прокуратура, Мемлекеттік қауіпсіздік, Ішкі істер, Әділет, Сот органдары қайта құрылды. Қазақстанның мемлекеттік Қорғаныс комитеті жаңадан ұйымдастырылып қызметіне кірісті.

1991 ж. 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республикада жалпы халықтың қатынасуымен Президент сайлауы өткізілді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Н. Назарбаев Президент болып сайланды. Осы кезде Президенттің Жарлығымен бұрын Одаққа бағынған кәсіпорындар мен ұйымдарды республика үкіметінің қарамағына беру, мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету, елімізде алтын қорын жасау туралы және т.б. заңдар шығарылды. Сол жылғы 10 желтоқсанда Елбасы жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілді.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында парламент депутаттары “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заң қабылдады. Заңның бірінші бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет деп жарияланды. Ол өзінің жеріне, ұлттық табысына жоғары иелік ету құқы бар, тәуелсіз сыртқы және ішкі саясатын жүргізеді, басқа шет мемлекеттерімен халықаралық құқықтық принциптері негізінде өзара байланыс жасайды деп көрсетілді.

Республикадағы барлық ұлттардың өкілдері жергілікті қазақтармен тең құқықты азаматы деп саналады. Олар республикадағы мемлекеттік өкіметтің қайнар көзі және егемендікті бірден-бір қорғаушы болып табылады. Республика азаматтарының құқықтарына қол сұғушылар заң бойынша қылмысқа тартылуы тиіс делінген.

Заңда Республика Қарулы Күштерін құру жөніндегі құқы, республика азаматтарының әскери міндетін оету, оның тәртіптері мен талаптары жөнінде айтылған. Оған сондай-ақ республика қарауындағы азаматтарды қорғау, қоғамдық тәртіпті және мемлекеттік қауіпсіздікті қамта-

масыз ету мәселелері кірген. Заңның 16-шы бабында ішкі және шекаралық әскерлердің істері мен қауіпсіздік органдары Президентке бағынады деп жазылған. *Республиканың мемлекеттік тілі - қазақ тілі, ал орыс тілі ұлтаралық байланыс тілі болып белгіленді. Сөйтіп, 1991 жылғы 16 желтоқсан республика тәуелсіз күні ретінде бүкіл әлемге танылды.*

Осыдан кейін Қазақстанда тәуелсіз егемен мемлекеттік даму процесі басталды. Еліміздің жаңа конституциясының жобасы дайындалды. Облыстардың, қалалардың және аудандардың басқару органдарына реформалар жүргізілді. Жаңадан әкімдер лауазымы енгізіліп, олардың алдына Президент пен Үкімет шешімдерін орындау, жергілікті жерлерде экономикалық, мәдени-әлеуметтік мәселелерін шешу міндеті қойылды. Әкімдерді тағайындау, оларды қызметінен босатуды Қазақстан Президенті мен жоғарғы әкімшілік органдары жүргізетін болып белгіленді. Ал бюджетті бекіту, оның орындалуын қадағалау, депутаттармен жұмыс жүргізу, тұрақты комиссиялардың қызметіне басшылық ету, өр түрлі қоғамдық ұйымдарымен байланыс жасау Кеңестердің қарауына берілді.

Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 3 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына кірді, Халықаралық валюта қорының, Халықаралық реконструкция және даму банкісінің, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму қауымдастығының, Инвестицияға кепілдік беретін көп жақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды және басқа бірсыпыра ұйымдарға кірді.

Өзінің тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасын дүниежүзінің ондаған елі таныды. Біздің елді алғашқылардың бірі болып Түркия, сол сияқты АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания және т.б. ірі-ірі мемлекеттер мойындады. Қазақстан шет елдерде дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашуға кірісті. Ал Алматыда шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істей бастады. Республиканың егемендікке қол жеткен алғашқы кезінен бастап мемлекетаралық және

үкіметаралық келісім-шарттарға қол қою жүзеге асырылды.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының алдына үлкен келелі міндеттер қойылды. Олар елдің ішкі жағдайында Егемен Қазақстан мемлекетінің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, жоспарларды іске асыру, елдің ішінде көп ұлтты халықтардың бірлігін сақтауда барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты міндеттер - оның бүкіл дүнижүзі елдерімен байланыстарын одан әрі дамытып, алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу, елдің қауіпсіздігін қорғау, әлемде бейбітшілікті сақтай отырып, ядролық соғысты болғызбау. Халықтың ерік-жігері тек осындай аса маңызды міндеттерді іске асыруға бағытталды.

Отыз төртінші тарау

Егемен Қазақстанның сыртқы саясаты

§1. Қазақстанның шет елдермен тең құқықтық қатынастар құру саясаты

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына айырықша көңіл бөледі. Бұрын КСРО-ның құрамында болғанда Қазақстанның ондай мүмкіндігі, жеке саясат жүргізу құқы болмағанды.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында, әсіресе, *басты үш мәселеге* ерекше назар аударады. *Біріншіден*, басқа елдермен, соның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және Америка Құрама Штаттарымен халықаралық байланысты өркендету. *Екіншіден*, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. *Үшіншіден*, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау,

дүниежүзілік соғысты болғызбау, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Міне, осы бағытта 1991 жылдан бастап тәуелсіз Қазақстан көптеген игі шараларды іске асыруда. Бұл уақыт ішінде Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. 2002 жылдың басында Қазақстан 130-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Қазақстанды алғашқылардың бірі болып Түркия, АҚШ, Франция және т. б. мемлекеттер мойындады. Қазірде Қазақстан шет елдерде 50-ден астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Ал Алматыда және Астанада 60-тан астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық ұйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударып отыратын мәселе, ол - өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттерімен, соның ішінде солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату. Осы саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел ретіндегі алдағы болашағы да байланысты. Сондықтан қалай дегенде де, солтүстігімізді жайлаған Ұлы елмен әрқашан жақын болу керек. Өйткені Қазақстан үш ғасырға жуық уақыт Ресеймен тарихи сабақтас, тағдырлас, көршілес қонып, шекаралас болып қатар өмір сүрді. Осы уақыт ішінде Қазақстан мен Ресейдің шежіресінде талай күнгей де, күнгірт беттері болған. Оларды адамдар ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырған. Ресеймен, орыстармен қарым-қатынастың қандай болуы, оны қалай құру жөнінде қазақтың ғұламалары, дана билері өз заманында-ақ айқын да анық айтып кеткен. Ал егемендік алғанға дейін жетпіс төрт жыл бойы Қазақстан мен Ресей Кеңестер Одағы құрамында өз тәуелсіздігін қойып, өз мүдделерін ұмытып, ортақ шаруа атқарып, ортақ қазанға қызмет етті. Барлық шаруашылық, бар тіршілік осыған бейімделіп, Кеңес өкіметінің талабын орындады. Енді Кеңес Одағы тарағаннан кейін, бұл екі елдің арасында тең құқық негізінде саяси және экономикалық қатынастар орнады.

Осы жағдайларды ескере отырып Қазақстан мен Ресей 1991 ж. КСРО тарап, тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін өздерінің сыртқы саясатында халықаралық құқық

принциптері негізінде бір-бірімен стратегиялық байланыс, достық, тату-тәтті көршілік және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарды дамытуға айрықша көңіл бөліп келеді. Оған Қазақстан мен Ресей арасында 1992 ж. 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қоюдың зор тарихи маңызы бар. Ал 1995 ж. 20-шы қаңтардағы Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы бірлескен декларацияда екі ел жоғарыдағы қол қойған шарттарды одан ары бұлжытпай орындап отыратындығы жөнінде мәлімдеді.

Бауырлас халықтардың достығы мен ынтымақтастығын нығайтуда 1996 ж. 27-ші сәуірде Ресей Федерациясының Президенті Б. Ельцин мен Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев Алматыда кездесіп, Қазақстан мен Ресей бірлескен Декларациясына қол қоюының маңызы өте зор болды. Онда Қазақстан мен Ресейде жүргізіліп жатқан демократиялық қайта құрулар мен саяси-экономикалық реформалардың екі ел халықтарының болашағы үшін үлкен мәні бар екендігі атап көрсетілді. Мемлекеттің басшылары бұдан былай да екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу, аумақтық тұтастық пен бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принциптерін сақтау негізінде дами беретінін қуаттады.

Ресей Федерациясымен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың одан ары тереңдеп дамуында 1998 жылы 6-шы шілдеде Мәскеуде қол қойылған ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы Декларацияның тарихи маңызы ерекше. Оның негізінде Қазақстан мен Ресей Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесін шешуді тоқтап қалған жерінен алға қарай жылжытты. Екі мемлекет арасындағы қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеу және Байқоңыр космодромын бірлесіп пайдалану мәселелері шешілді.

2000 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Елбасы Н. Назарбаев пен Ресей Президенті В. Путинмен кездесуі болды. Онда екі жақты қарым-қатынасты одан ары жетілдіре түсуге жете мән берілді.

Ал 2002 жылы желтоқсан айында Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапары барысында Қазақстан мен Ресей арасында қалыптасқан достық байла-

ныстарды барынша тереңдетуге күш салынатыны баса айтылды. Олардың ішінде Байқоңыр ғарыш кешенін одан әрі бірлесіп пайдалану мәселесі тағыда сөз болды. Сондай-ақ, аймақтық және халықаралық көкейкесті проблемалар тоңірегінде жан-жақты пікір алмасылды. Екі жақты деңгейдегі, ТМД, ЕурАзӘЖ, Ұжымдық қауіпсіздік, ШЫҰ шеңберлеріндегі ынтымақтастық қарым-қатынастар аймақтағы елдер қауіпсіздігінің, интеграциялануының басты кепілі болып табылатыны атап көрсетілді.

Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси байланыстар 2003-2004 жылдары одан ары дами түсті. Оған 2003 жылы Ресейде Қазақстан жылының жариялануы үлкен әсерін тигізді. 2003 жылы Ресей орталығы мен облыстарында 150-ден астам түрлі деңгейдегі іскерлік кездесулер, мәдени шаралар мен отандық өнімдер көрмелері өткізіліп, екі жақты тиімді келісім шарттарға қол қойылды. Қазіргі кездерде екі жақты қарым-қатынастардың шартты құқықтық негізі 350-ден астам келісімдер мен шарттардан тұрады. Солардың ішінде екі ел, әсіресе Евразия кеңістігіндегі тұрақтылықты нығайтуға, ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті күшейтуге ерекше назар аударады.

Қазақстан мен Ресей Еуразия аймағының, Каспий теңізінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне де аса зор мән береді. Екі мемлекетте Каспийді бейбітшілік, достық және ынтымақтастық аймағы деп таниды және бұл аймақта соғыс жанжалына, ланкестік көріністеріне, ұйымдасқан қылмысқа орын жоқ деп санайды.

Ресей мен Қазақстан арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі бірлескен жұмыстарда негізінен аяқталып қалды. 2004 жылы жалпы 7,5 мың шақырым шекаралық қашықтықтың 7356 шақырымы немесе 98 пайызы бедерленіп, бейнелеу жұмыстары аяқталған.

Қазақстан үшін Оңтүстік-Шығыстағы үлкен көрші – Қытайсыз әлдебір үлкен саясат жүргізу қиын екенін ерекше атап айту керек. Сондықтан тәуелсіздік тізгіні қолға тигеннен бері Республиканың сыртқы саясатында темірқазыққа айналған бағдарлама – Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынастарды айқындау. Міне, осы бағытта Қазақстан бірқатар шараларды іске асырып, Қытаймен достық байланысты орнатуда едәуір табыстарға қол

жетті. Алғашқы кездегі басты міндет - жан-жақты экономикалық байланыстарды дамытып, шекарадағы шиеленістерді тоқтату еді. Оның үстіне, Қазақстанның стратегиялық мақсаты - Қытай арқылы дүние жүзіне шығудың және бір жаңа жолын ашу. Өйткені Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанға дейін, шет елдермен экономикалық және саяси байланыстарды тек Орталық, яғни Ресей арқылы жасап келген болатын. Енді Қытаймен қарым-қатынасты қалыпты жағдайға келтірумен байланысты елімізге сыртқы рынокқа шығудың баламалы қосымша жолдарына түсу мүмкіндігі туды.

Атап айтқанда, 1990 ж. Қазақстан мен Қытай темір жол арқылы өзара байланысы іске асты, сөйтіп біздің республика Тынық мұхит жағалауына ең қысқа жолмен шығу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының дамуы өте жоғары қарқын ала бастады. Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына 1992 ж. тамызда барған алғаш сапарынан бастап, барлық байланыс жолдарын ашудың сәті түсті. Сөйтіп, екі елдің арасында сауда-саттық соңғы жылдары ондаған есе өсті. Темір жолдың жүк тасу қабілеті артты. 1997 ж. қыркүйектің 25 күні Алматыда өткен Қазақстан және Қытай делегациялары арасындағы келіссөз барысында Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырына шығыстағы көршіміз тарапынан 9,5 миллиард доллар жұмсау жөніндегі шартқа қол қойылды. Мұның өзі саяси-экономикалық байланысты нығайтуға, шекара маңында тыныштық пен бейбіт өмірді сақтауға кепілдік береді. Сондай-ақ, бұл Азия-Тынық мұхит аймағындағы тұрақтылықты, қауіпсіздікті және дамуды қамтамасыз ету ісіне екі елдің бірлесе қосқан маңызды үлесі болып табылады.

1998-1999 жылдары белсенді дипломатиялық әрекеттер арқылы Қытай мен Қазақстан арасында тағыда жана маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Ең алдымен шекараны нақтылау негізінен аяқталды. Қытаймен арадағы шекараны айқындап белгілеу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қосымша кепілдіктер берілгенін білдіреді. Бұл осы қуатты мемлекетпен достық және өзара тиімді ынтымақтастық саясатын жалғастырудың негізі болып саналды.

Жалпы Қазақстанның егемендік алған кезінен бастап

ҚХР басшыларымен өзара кездесу, келіссөздер жүргізу біздің елдің сыртқы саясат тіршілігінің тұрақты құбылысына айналды. Осы уақыт ішінде екі мемлекеттің арасында құқықтық негізді қалайтын жүзден астам екіжақты шартпен келісім құжат қабылданыпты. Мұның өте зор маңызы бар екендігін айтқан жөн.

Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қытай мемлекетіне 2002 жылдың желтоқсан айында жасаған сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңін айқындады. Екі мемлекет басшыларының кездесу барысында бес құжатқа қол қойылды. Оның ең маңыздысы әрі назар аударытыны “Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт” болды. Бұл шарт екі ел халықтарының мүддесіне толық сай келеді және Азия құрлығында ғана емес, әлемде де бейбітшіліктің, қауіпсіздіктің және тұрақтылықтың сақталуына жанды ықпал ететін болады деп көрсетілді. Сондай-ақ, бұдан басқа да қабылданған құжаттарда екі ел деңгейінде халықаралық лаңкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен күресте ынтымақтастық жөнінде және екі мемлекет арасындағы қауіпті әскери әрекетті болдырмау туралы, ауыл шаруашылығы министрліктері арасында шегіртке тектес басқа да зиянкестермен күрес шараларын жүргізу жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы құжаттарға қол қойылды.

2003 жылдың маусымында Қытай Халық Республикасы басшылығының Қазақстанға сапары барысында мемлекет басшылары Қазақстан мен Қытай арасындағы Бірлескен декларацияға қол қойды. Соның нәтижесінде екі елдің өзара қарым-қатынасын ары қарай дамыту жолдары айқындалды. Сондай-ақ, Қазақстан-Қытай Ынтымақтастығы туралы бағдарлама қабылданды. Бұл құжатта екіжақты ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру көзделді.

2004 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасына тоғызыншы сапарын жасады. Сапар кезінде Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасын дамытуға бағытталған тоғыз құжатқа қол қойылды. Бұл құжаттар екі мемлекеттің өзара байланыстарын жаңа сатыға көтеруге қызмет ететін бола-

ды. Соның бірі – Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай-газ ынтымақтастығы, оның ішінде Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының құрылысы туралы. Ол 2004 жылдың тамызында басталды, 2005 жылдың соңында аяқталу жоспарланған. Салынатын құбырдың ұзындығы – 990 шақырым. Оған 1 миллиард доллардан астам қаржы жұмсалады. Жасалған келісімдер бойынша Қазақстан-Қытай арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссия құрылып, ойдағыдай жұмыс істеді. Нәтижесінде Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы 2002 жылы 1 миллиард 336 миллион АҚШ долларын құраған болса, 2003 жылы бұл көрсеткіш 2 миллиард 152 миллион долларға жетті. Алдағы екі жыл ішінде 5 миллиард долларға көбеймек.

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынасының маңызы өте зор. Бұл қарым-қатынас Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасын мемлекет ретінде таныған 1991 ж. 25 желтоқсанынан мемлекеттер арасында елші дәрежесіндегі толыққанды дипломатиялық қатынастар орнады. Осылайша, ұлы мемлекеттердің ішінде Қазақстанды алғашқылардың бірі болып таныған АҚШ оның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына өзінің мүдделі екенін көрсетті. Екі мемлекет арасында қарым-қатынастық байланыстар орнатылған алғашқы күндерден бастап, ол жоғары деңгейлерде үнемі қолдау тауып келеді. 1991 жылдың желтоқсанында Мемлекеттік хатшы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Н. Ә. Назарбаев және басқа да ресми адамдармен келіссөздер жүргізді. 1992 жылдың көкек айында Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және қарым-қатынастар жөніндегі АҚШ Конгресі комиссиясының делегациясы келді. Сол жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына алғашқы сапармен барды. Осы сапардың барысында: “Сауда қатынастары жөніндегі келісім”, “Қаржы салымдарын өзара қорғау жөніндегі шарт”, “Қазақстан Республикасы және АҚШ үкіметтері арасындағы өзара түсіністік жөніндегі меморандум”, “Қос қабат салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция келісімі туралы» бірлескен мәлімдемелерге қол қойылды. Сөйтіп, екі жақты қарым-қатынастардың шарттық-құқылық негіздері қаланды.

Осыдан кейінгі жылдары Қазақстан мен Америка қарым-қатынастары серпінді түрде дамып келеді. Соның нәтижесінде Қазақстан АҚШ-тың өзара демократиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Қазіргі кезде АҚШ Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы болып отыр. Оның толық дәлелі ретінде 1997 жылы қол қойылған экономикалық әріптестік бағдарламасын, сондай-ақ, Қарашығанақ кеніші жөніндегі және Каспий қайранын бөлісу жөніндегі келісімдерді айтуға болады. Вашингтон Қазақстанға Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік тұғыры, өзінің осы аймақтағы басты серіктесі ретінде қарайды.

1999 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев АҚШ-қа тағыда бес күндік сапар жасап, Қазақстан мен Америка арасындағы байланысқа жаңа жол ашты. Екі мемлекет арасындағы келісім барысында ХХІ ғасырдың басындағы басымдық беретін басты бағыттары айқындалды. Олар: жаңа ғасыр табалдырығында екі ел арасындағы серіктестікке жаңа серпін беру; АҚШ мемлекеті Қазақстанның әлеуетін қорғай отырып, оған демократиялық, экономикалық өркендеу барысында өзінің қолдауын көрсету; Қазақстан мен АҚШ жаңа ғасырда аймақтық, сондай-ақ, ғаламдық негізде тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылады.

2001 жылғы 11 қыркүйекте Вашингтон мен Нью-Йоркте орын алған қайғылы оқиғалардан кейін Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің ресми мәлімдемесінде лаңкестердің (терроршылардың) адамшылыққа жат әрекеттерін айыптап, Қазақстан лаңкестерді ұстауға және жазалауға барынша жәрдем етуге әзір екендігін білдірді. Сонымен қатар Елбасы Қазақстанның әрдайым лаңкестікке қарсы шығатынын және АҚШ-тың қолдау қорсетуіне, егер американдық тараптан тиісті өтініш болған жағдайда, соның ішінде әскери қолдауына, осы залалға қарсы күрес жүргізу жөнінде нақты халықаралық коалиция құруға әзір екенін атап өтті.

“Мызғымас азаттық” операциясының шеңберінде халықаралық коалиция ұшақтарының ұшып өтуі үшін Қазақстан өзінің дәлізін ұсынды. Американдық ұшақтардың төтенше жағдайларда Қазақстанға қонуы туралы Меморандум әзірленді.

Қазірде бұл саладағы екі ел күш-жігерінің жұмылдырылуы – халықаралық лаңкестікке қарсы (антитеррористік) коалиция табысының міндетті шарттарының бірі болып табылатыны сөзсіз. Біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігіне он жыл толуына орай жіберген құттықтау хатында АҚШ Президенті Дж. Буш Қазақстан Халықаралық қоғамдастық үшін аймақтағы тұрақсыздық пен жанжалдарға қарсы иешуші рөл атқаратынын қуаттады.

Аталған факторлар Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы қатынастарды одан ары жоғары деңгейге көтеруге негіз жасады. Оны 2001 жылдың желтоқсан айында Президент Н. Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары барысында екі мемлекет басшылары растап, стратегиялық сипат алатын құжаттарға қол қойып бекітті.

Сапар барысында “Қазақстан-Америка жаңа қатынастары туралы” бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Құжат атауының өзі терең ұғымды білдіреді. Мәлімдемеде ғаламдық экономика мен демократиялық мемлекеттер қоғамдастығына енетін ХХІ ғасырда бейбіт, өсіп-өркендеген және егеменді Қазақстанның жалпы көрінісіне қол жеткізу мақсатында ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестікке өзара адалдығы аталып өтілді.

Қазақстан үшін Түркия, Пәкістан, Үндістан, Иран мемлекеттерімен, сондай-ақ Азияның Жапония, Оңтүстік Корея сияқты және басқа елдерімен ынтымақтастықтың дамуының да мәні өте зор. Қазақстанға ортақ шекарасымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикасының өзара бірін-бірі толықтыруымен және өзара тәуелділігімен қоян-қолтық араласа отырған, тарихи және мәдени-этникалық игіліктері ортақ Орта Азиядағы - Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас жасау өте маңызды. Осы бағытта 1994 жылы Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, кейіннен 1998 ж. төртінші мемлекет Тәжікстан қосылды.

Осы елдер арасындағы жасалған Шартқа сәйкес Мемлекетаралық кеңес пен оның негізгі институттары - Премьер-министрлер кеңесі және олардың тұрақты органы – Атқару комитеті құрылды. 1994 жылғы шілдеде қаржы қоры оған қатысушы елдердің жарналарынан құралған Орталық

Азия ынтымақтастық және даму банкінің құру туралы келісімге қол қойылды.

Ортақ экономикалық кеңістік туралы шартқа қол қойылғаннан кейінгі жылдар ішінде көп жақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттары, көкейкесті халықаралық күрделі мәселелері және республикалардың экономикалық интеграциясы бойынша 200-ден астам құжаттарға қол қойылды. Солардың ішіндегі ең маңыздысы - Орталық Азия экономикалық қауымдастығының 2005 жылға дейінгі интеграциялық даму стратегиясының қабылдануы еді.

ОАЭҚ мемлекет басшыларының 2000 жылғы сәуір және маусым айларындағы Ташкент және Душанбе кездесулері олардың интеграцияға ұмтылсын тағы да растап берді. 2001 жылғы қаңтар айында Орталық Азия экономикалық қауымдастығына мүше елдер басшыларының Алматыда өткен кездесуінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан республикалары бірігіп, Орталық Азияны еркін сауда аймағына айналдыруды көздейтіні туралы әңгіме болды. Оған қоса кедендік, төлемдік және валюталық одақ құру мәселесі де қаралды. Сөйтіп, түпкі мақсат тауар, қызмет көрсету, капитал рыногының ортақтығына қол жеткізу болып отырғаны атап көрсетілді. Ал 2002 жылдың ақпан айынан бастап Орталық Азия экономикалық қауымдастығы жаңа келісілген құжат негізінде “Орталық Азия ынтымақтастығы” болып қайта құрылды. Оған қатысушы мемлекет басшыларының кезекті төртінші саммиті 2002 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының орталығы – Астанада болып өтті. Саммиттің күн тәртібінде қаралған мәселелер: 2002 жылдың 5-6 қазанында Душанбеде өткен кездесуде қол жеткізілген уағдаластықтарды іс жүзіне асыру; аймақтағы қауіпсіздік проблемалары мен экономикалық ынтымақтастық және халықаралық саясаттың көкейкесті мәселелерінде “Орталық Азия ынтымақтастығы” ұйымына мүше елдердің өзара ықпалдастығы т.б.

Саммитті ашқан Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ОАЫ аясындағы жүргізіліп жатқан жұмыстар барысына егжей-тегжейлі талдау жасай келіп, аймақ мемлекеттерінің ынтымақтастығын тұтастай алғанда оң бағалады. Ол, сондай-ақ, тараптардың түрлі салаларда өзара тығыз әріптестік бағытын ұстаып отырғаны жаңа қатер-

лерге күш біріктіріп қарсы тұруға мүмкіндік беретінін атап өтті. ОАЫ мемлекет басшылары Халықаралық Аралды құтқару қорының аясында өзара ықпалдастықты дамытудың және оның қызметін жандандыру жөнінде қосымша шаралар қабылдаудың маңыздылығын атап көрсетті. Мемлекет басшылары Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік Ауғанстандағы жағдаймен тығыз байланыста екенін тағы да атап өтті. Сондай-ақ, ОАЫ аумағында біртұтас кеңістік құрудың маңызы зор екендігі айтылды.

2003 жылғы шілде айында Алматыда “Орталық Азия ынтымақтастығы” ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының тағы да бір жоғары дәрежелі кездесуі болып өтті. Кездесуде бірнеше құжатқа қол қойылды. Оның ең маңыздысы өзара қарым-қатынаста туыс елдердің мүдделеріне сәйкес келетін саясат жүргізуді жалғастыру және осыған жауап беретін қағидаларды жақындастыратын бірлескен мәлімдеме еді. Онда ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары ланкестікпен, экстремизммен және есірткіні заңсыз айналымымен күресуге ерекше назар аударылды. Бұдан басқа саммит мәжілісінде Орталық Азия аймағында су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, төрт мемлекеттің де мүддесі көзделген коммуникациялық жобаларды жүзеге асыру және аймақтағы мемлекеттерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде жан-жақты сөз болды. Ал 2004 жылы 18 қазанда Тәжікістан астанасы – Душанбеде Орталық Азия ынтымақтастығы Ұйымына (ОАЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысы өтті. Онда *төрт мәселе* қаралды. *Біріншісі* – Орталық Азия ынтымақтастығы Ұйымының құрамына Ресей Федерациясын қабылдау; *екіншісі* – 2004 жылдың мамырында Астанада өткен Орталық Азия ынтымақтастығына мүше мемлекеттер басшыларының қол жеткізген келісімдерін жүзеге асыру барысы; *үшіншісі* – Орталық Азия ынтымақтастығына мүше мемлекеттердің Ауғанстанмен аймақтық қауіпсіздік және ынтымақтастықтың негізгі бағыттары; *төртіншісі* – Орталық Азия ынтымақтастығына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті төрағасы туралы.

Саммит отырысындағы басты жаңалық Ресей Федерациясының Орталық Азия ынтымақтастығы Ұйымына то-

лық құқылы мүше болып қабылдануы еді. Бұл – ұйымның халықаралық аясында беделін көтере түсуде үлкен маңызы бар жағдай болып табылады. Кездесуде Ұйымға мүше мемлекеттер су-энергетикалық, көлік-коммуникациялық және азық-түліктік концорсиумның тұжырымдамасын дайындауға қол жеткізгені атап көрсетілді. Бұл тұжырымдаманы Дүние жүзілік банк, Ислам Даму Банкі қолдайтындығы айтылды. Отырыс барысында белгілі бөлғандай, ынтымақтастыққа мүше елдердің басшылары Ауғанстанды қалпына келтіруге қолдау көрсетіп, бұл елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын сауықтыруға арналған бағдарламаларды жүзеге асыруына көмектесетіндерін де ашық мәлімдеді.

§2. Мемлекет қауіпсіздігін сақтау – басты міндет

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы басты көңіл аударып отырған мәселелердің бірі – елдің шекаралық қауіпсіздігін сақтау. Бізбен солтүстікте бірнеше мың шақырым шекараласатын Ресей мемлекетімен, оңтүстік шығыста Қытай Халық Республикасымен шекараны тұрақтандырып бекіту міндеті қойылған. Шекара – мемлекеттік егемендіктің басты белгілерінің бірі. Сондықтан бұл маңызды саяси проблема Ресей мен Қазақстан үкіметтері арасындағы кездесулерде әлденеше рет әңгіме арқауы болды. Осының нәтижесінде екі ел арасында 1992 ж. 15 мамырда ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа және 1999 ж. 28 наурызда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Бұл шарттарды басшылыққа ала отырып, Қазақстан мен Ресей ары қарай да аймақтық қауіпсіздікті бірлесіп нығайту және қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты дамыту, сөйтіп сыртқы саясат саласында өзара бірлесіп әрекет ету жолын жалғастыру көзделген.

Ресей мен Қазақстан арасындағы қауіпсіздік және сыртқы саясат мәселесі екі ел арасындағы 1998 жылы шілдеде қабылданған “Мәңгі достық және одақтастық туралы декларацияда”, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастық туралы алдағы 10 жылға (1998-2007 жж.) арналған экономикалық бағдарламада өзінің даму көрінісін тапты. Осы

кеңештер негізінде Қазақстан-Ресей шекара белдеулерінде демитациялау шаралары жүргізіле бастады. Сонымен қатар, Қазақстан Ресей жалға алып отырған республика аумағын-ның полигондарды қысқарту мүмкіндіктерін қарауды ұсын-ды. Ал 2000 жылдың қаңтар айында Мәскеуде өткен екі мемлекет басшыларының кездесуінде басты үш бағыт ту-ралы келісім жүргізілді. Біріншісі – екі ел саясатындағы ын-тымақ-қатынастың сабақтастығы. Оған заңдылық келісімдік база жеткілікті, екі мемлекет қызметін реттейтін 200 құжа-тқа қол қойылған. Екіншісі – қауіпсіздік мәселесіндегі ын-тымақтастық. Үшіншісі – шекараны нақтылау мәселесі.

Қазақстанның көрші мемлекеттермен шекарасының жал-пы ұзындығы 14 мыңға жуық шақырымды құрайды. Со-ның ішінде Қазақстан Республикасының Қырғыз Респуб-ликасымен мемлекеттік шекарасы 1050 шақырым, Ресей Фе-дерациясымен – 7,5 мың шақырым, Қытай Республика-сымен 1700 шақырым Түрікменстанмен – 400 шақырым, Озбекстан Республикасымен – 1660 шақырым. Ресеймен шекараны делимитациялау мәселесі 1999 жылдан бастал-ды. Осы уақыт ішінде 6400 шақырым мемлекеттік шекара-лық желісін анықтау аяқталды. Қалған шекараны делими-тациялау ісін 2005 жылы толық аяқтау көзделіп отыр.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Қытаймен арадағы шекараны заңдастыруға батыл кірісті. Өзара түсіністік пен мүдделілік бұрын-соңды болмаған табысқа қол жеткізді. 1994 жылдың сәуір айында Қазақстан Президенті Н. На-зарбаев пен ҚХР Премьер-министрі Ли Пэн екі ел арасын-дағы шекара сызығын заңдастырып, белгілеу (делимита-ция) жөніндегі келісім-шартқа қол қойды. Жалпы ұзынды-ғы 1718 шақырымға созылып жатқан желінің екі шағын учаскесінен (бұрынғы Талдықорған және Семей облыста-рындағы) басқасы түгел заң жолымен бекітілді. Келесі кезектегі мәселелерді шешу үшін делимитациялық комиссия құрылды. Комиссия құзырына бағаналар орнату, ұшақтан су-ретке түсіру сияқты жайларды айқындау енді. Жоғары дәрежелі кездесу кезінде шекара мәселелерін толық реттеуге қатысты келіссөздерді одан ары жалғастыру жөнінде уағада-ластыққа қол қойылды. Бұл бағытта 1996-1998 жж. үш ар-найы келісім болды. Соның нәтижесінде 1999 жылдың қара-ша айында Цзянь-Цзэминь мен Н. Назарбаев шекаралық

мәселелердің толық үйлестірілуі туралы арнайы коммюни-кеге қол қойды. Сөйтіп, Қытаймен шекараны межелеу негізінен аяқталды. Бұл процесс ҚХР-мен тату көршілік қатынастарды нығайтудың маңызды қадамы болып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан бұл жылдары өзінің жақын көршілері – Қырғызстанмен, Өзбекстанмен және Түрікменстанмен арадағы шекара мәселелерін іс жүзінде қандайда бір талассыз әрі дау-дамайсыз түпкілікті реттеуге қол жеткізді.

Шекара мәселесін Азия елдерінде тұрақты шешуде Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) атқаратын ролін ерекше атап көрсеткен жөн. 1996 жылғы сәуір айында Шанхайдағы кездесу кезінде Ресей, Қытай, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан басшылары шекараларды бұзбау, олардың арасындағы бейтарап аймақтық қашықтықты 100 шақырымға дейін жеткізу келісіміне қол қойды. Шекара ауданындағы әскери саладағы сенім шаралары туралы бұрын-соңды жасалып көрмеген бұл шарттың орасан зор маңызы бар. Өйткені бұл бес ел арасындағы жағрафиялық үлкен кеңістікте тұрақтылықты нығайту үшін берік алғы-шарттар жасайды, соның ішінде біздің Қазақстанның шекаралық қауіпсіздігі мүдделеріне қызмет етеді. Кейін бұл ынтымақтастыққа Өзбекстан Республикасында қосылды.

“Шанхай келісімі” негізінде алты ел басшыларының жыл сайынғы кездесуі 1997 ж. Мәскеуде, 1998 жылы Алматыда, 1999 жылы Бішкек, 2000 ж. Душанбе, 2001 ж. Алматы қалаларында өтті. Онда алты мемлекеттің аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту мәселелері жан-жақты талқыланып, осының нәтижесінде Декларациялар қабылданды.

2002 жылғы маусым айында Шанхай ынтымақтастық ұйымының кезекті саммиті Санкт-Петербург қаласында болып өтті. Оған алты ел басшылары түгел қатынасты. Оның жұмысында Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылымын орнықтыру іс жүзінде көрініс тапты. ШЫҰ-ның Секретариаты Пекин қаласында, ал Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының штаб-пәтері Бішкек қаласына орналасатын болды, кейін Ташкент қаласына ауыстырылды. Кездесуге қатысушылар әлемде тез өзгеріп жатқан жағдайды ескере отырып, сыртқы саясаттың өзекті мәселелері жөнінде

тең көзқарастарын білдірді. Бұл саяси мәселелерді Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдардың үні қосуымен шешілуі мүмкін екендігі атап көрсетілді. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің басшылары Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік, сауда-экономикалық және мәдени қарым-қатынас мәселелерін өз алдына міндет етіп қойды.

2003 жылғы мамыр айында Мәскеу қаласында Шанхай ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің кезекті саммиті өтті. Онда ШЫҰ органдары – Мемлекет басшыларының кеңесі, Үкімет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ұйымның Хатшылығы туралы, Ұйым Хатшылығы жанындағы ШЫҰ-ға мүше елдердің тұрақты өкілдері туралы срежелер, Ұйымның туы мен эмблемасын, ШЫҰ атқарушы хатшысын бекіту туралы, сондай-ақ ШЫҰ-ның аймақтағы лаңкестікке қарсы құрылымы жөніндегі шешімдер қабылданды. Ал 2004 жылы 17 маусымда Өзбекстан астанасы Ташкентте Шанхай ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің мәжілісіне Ауғанстанның басшысы Хамид Карзай мен Монғолия президентінің арнайы өкілі қатысты. Бұл мемлекеттердің ұйым құрамына қабылдануға ынта танытып отыруымен байланысты Ташкент кездесуінде Монғолияға бақылаушысы мәртебесін беру жөнінде кеңес мүшелерінің шешімі қабылданды.

КСРО тарағанға дейін, оның төрт республикасы жерінде (РСФСР, Украина, Белоруссия, Қазақстан) ядролық қару ошағы болды. КСРО тарағаннан кейін басты ядролық держава болып АҚШ, Ресей, Қытай, Ұлыбритания және Франция мемлекеттері саналады. Сондай-ақ, ядролық потенциалы бар елдердің қатарына Үндістан, Пәкістан және Израиль мемлекеттері жатады. Қазіргі кезеңде әлемде атом энергетикасы бар 44 мемлекет бар. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1996 ж. қыркүйекте Женевадағы өткен сессиясында 158 елдің өкілдері атом сынақтарын откізуге тыйым салатын шарт жобасын мақұлдады. Сөйтіп, ядролық жарылысқа тосқауыл қою үшін нақты қадам жасалды. *Бұған дейін әлемде 2045 рет жарылыс өткізіліпті.* Одан мыңдаған адамдар зардап шекті, құрбан болды, миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Яд-

ролық жарылысты ең соңғы тоқтатқан мемлекеттер Франция мен Қытай Халық Республикасы, ал Қазақстан жерінде Семей полигонындағы сынақ тек 1991 жылы тоқтатылды, бұл полигонда 1949 ж. бастап 500-ге жуық сынақ өткізілген еді.

Женевадағы конференцияда Президент Н. Назарбаев ядролық қарусыздану мәселелерін жан-жақты көтере келіп, Қазақстанның бұл маңызды мәселеде бақылаушы мәртебесін алғанын атап өтті. Біздің еліміз қарусыздану мәселелерімен айналысатын Женевадағы, Нью-Йорктегі өкілдіктердің қызметіне белсене қатысатындығын білдірді. Сөйтіп, бұл саладағы басты мақсат - ядролық қаруды таратпау, ядролық сынақтарға үзілді-кесілді тиым салу болып табылады.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты мақсат - бейбітшілік, соғысты болғызбау. Сондықтан этникалық жанжалдар мен территориялық дау-жанжалдар туыла қалғанда, оны қайткен күнде де саяси жолдармен реттеуге Қазақстан тарапынан күш салынады. 1992 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Президент Н. Назарбаев Азияда өзара ынтымақ пен сенім шараларын орнықтыру туралы мәселе көтерді. Оған сәйкес 1993 ж. көктемде Алматыда осы мәселеге байланысты шақырылған бірінші бас қосуға оннан аса мемлекеттен өкілдер келген болса, сол жылғы тамыз айындағы кездесуге он жеті елден сарапшылар тобы қатысты. Қазақстанның Хельсинки процесіне қосылуы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысуы /1992 жыл/, қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына кірігуі жас мемлекеттің егемендігін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді. Ал 1996 ж. 31 қыркүйекте Қазақстан БҰҰ-ға мүше 129 елдің қатарында бүкіл жер бетінде ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қол қойды.

Қазақстанның СШҚ-1 - шарты мен ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға. Мұның өзі елдің қауіпсіздігінің кепілдіктерін едәуір күшейтті. 1994-1995 жылдар ішінде басты ядролық державалар – Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, ҚХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және жан-жақты

кепілдіктерін берді. Сөйтіп, Қазақстан өзінің ядролық арсеналынан бас тартып және әлемдегі аса ірі ядролық полигонын мәңгілікке жауып, дүние жүзіне үлгі көрсете білді.

Қазақстан Республикасы өзінің қауіпсіздігін берік сақтауда халықаралық әскери ынтымақтастық ұйымдар жұмысына қатысуға үлкен көңіл бөледі. 1992 жылы ТМД елдерінің он екі мемлекеті, оның ішінде Қазақстан да қол қойған ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) құрылды. Қазіргі кезде оған мүше мемлекеттер бас біріктіре отырып, елдер арасындағы қауіпсіздік мәселесін нығайтуға күш салып келеді. Осы уақыт ішінде, біріншіден, ҰҚШҰ-дың қарулық күшінің біріккен штабы, оның штат кестесі, қаржыландыру көзі анықталды. Екіншіден, Ұйымға қатысушы барлық мемлекеттердің офицерлерін оқыту кез-келген мемлекетте жеңілдікпен жүзеге асыру көзделген. Үшіншіден, ұйымға мүше елдердің әскери күштері әскери-техникасы өте жоғары Ресей үлгісімен қарулану жүзеге асырылады. Яғни қару-жарақ ресейлік қарулы күштерге қалай бөлінетін болса, барлық қатысушы мемлекеттерге де сол жолмен бөлінеді. Бесіншіден, егер осы ұйымға мүше бір мемлекетке сырттан агрессиялық күш көрсететін болса, өзгелер әскери көмек көрсетуге міндеттенген.

Аталған ұйым аясында бірлескен командалық-штабтық жаттықтырулар үнемі өткізіліп тұрады. Мысалы, “Редут”, “Достық” стратегиялық командалық-штабтық оқу-жаттықтырулары, сондай-ақ ТМД Әуе шабуылына қарсы қорғаныстың ұйымдастыру бағытында “Жауынгерлік достық” оқу жаттықтыруларын бірлесіп өткізу дәстүрге айналған.

Қазақстан Еуропада құрылған саяси-әскери одақ — НАТО-мен ынтымақтастыққа маңызды орын береді. Халықаралық қауіпсіздікті, соның ішінде егемен Қазақстанның қауіпсіздігін сақтауда біз осы уақытқа дейін қарсы болып келген НАТО-әскери одағының соншалықты тиімді екені, әсіресе, соңғы кезде байқалып отыр. Оны бұрынғы Югославия мемлекеті, Кувейт, Ирак және т. б. жерлерде бөлген оқиғалар айқын көрсетті. Сондықтан НАТО-мен ынтымақтастыққа біздің ел үлкен көңіл бөледі. Бұл ынтымақтастық “Бейбітшілік үшін әріптестік” бағдарламасы аясында дамып, еліміздің қарулы күштері үшін кадрлар дайындауға қызмет етеді. НАТО-ның Шығысқа қарай ықтимал кеңеюіне

қатысты мәселені шешкен кезде, Қазақстан Еуропада қалыптасқан күштердің тепе-теңдігін бұзуға жол бермес үшін барлық мүдделі жақтардың өз алдарына қойған мақсат жоспары ескерілуге тиіс деп санайды. Міне, осы орайда 1997 ж. 15 және 21 қыркүйек арасында Қазақстанның Шымкент аймағында, содан соң Өзбекстанның Шыршық жерінде НАТО әскери бөлімдерінің қатысумен жаттығулар өткізілді. Оған НАТО-ға мүше АҚШ пен Түркия және Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Латвия, Ресей әскерлерінің бөлімшелері - барлығы 1400-дей адам қатысты. Бұл жаттығу барлық жаққа да барынша тиімді болды. Өйткені бұған дейін әр елде қалыптасқан дағдылы әскери тәсілдер болса, енді олар ортақ игілікке айналды. Әсіресе, мұның тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан мемлекеті үшін маңызы зор болды.

Соңғы жылдары Қазақстанның НАТО-мен ынтымақтастығы одан ары дами түсті. 2002 жылы біздің еліміз Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде алғашқылардың бірі болып НАТО-ның “Жоспарлау және шолу процесі” (ПАРП) бағдарламасына қосылды. Қазақстандық армияның сарбаздары мен сардарлары Ұлыбритания мен АҚШ бөлімшелері қатысқан “Дала қыраны –2003” лапкестікке қарсы оқу-жаттығуына қатысып тәжірибе жинақтады.

Қазақстан аймақта алғашқы болып бітімгершілік күштерін дамыту бағдарламасын әзірледі. НАТО елдерімен әскери-техникалық ынтымақтастық нәтижесінде “Қазбат” 2002 жылы толықтай НАТО стандарттары бойынша жасақталды. 2003 жылдың соңында қол қойылған меморандумға сәйкес “Қазбат” бітімгершілік батальоны БҰҰ “Көгілдір каскаларының” құрамына енді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен шекарасының тұтастығын қорғау үшін өзінің жеке Қарулы Күштерін құрудың үлкен маңызы болды. Оны іске асыру Елбасының 1992 жылғы 7 мамырдағы “Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы” жарлығымен басталды. Қарулы Күштерді ұйымдастыруда 1993 жылғы ақпанда қабылданған Қазақстан Республикасының әскери доктринасы ерекше серпін берді. Доктрина халықаралық жағдайдың түбірлі өзгеруін, тәуелсіз демократиялық мемлекеттер құрудың сол жылдардағы ерекшеліктерін ескере отырып,

Қазақстандағы әскери құрылысты ұстап тұру мен негізгі бағыттарын айқындап берді.

Қазақстан мемлекетінің қауіпсіздік мәселесін Президент Н. Назарбаев халыққа арналған 1999 жылғы 15 желтоқсандағы Жолдауында ең басты тұғырға қойды. Жолдауда көрсетілгендей, біздің елімізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жаңа ғасырдың стратегиялық ең басты мәселесі болып қала береді. Онда, әсіресе, қазіргі кезеңдегі терроризмге, саяси және экстремизмге, тоқтаусыз тасылып жатқан есірткіге қарсы күресті халықаралық дәрежеде күшейту мәселелері қойылған.

Елбасының талабына сай 2000 жылы 10 ақпанда Қазақстанда 1999-2005 жылдарға арналған жаңа әскери доктрина және Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы қабылданды. Осы құжаттарға сәйкес армия елдің ішкі жалпы өнімінің бір пайызынан кем емес көлемде қаржыландырылатыны көзделді. Қарулы күштердің ұйымдық-штат құрылымын реформалау аяқталды. Отандық әскери ғылымды дамыту мақсатында тұңғыш рет Қарулы күштердің әскери-ғылыми орталығы ашылды.

Жаңа Әскери доктринада Республика Қарулы Күштерінің дамуын нақты әскери қатерге сәйкестендіру, әскери өнердегі негізгі тенденция мен мемлекеттің экономикалық мүмкіндігін ескеру қажеттілігі үйлесімді байланыс тапқан. Доктрина негізінде Қазақстан жерінде әскери аумақтық құрылымға қошу жүзеге асырылып, елдің барлық аймағын қамтитын Оңтүстік және Шығыс, Батыс және Орталық әскери округтері құрылды. Олардың құрылуы еліміздің қорғаныс қабілетін, оның қауіпсіздігін едәуір арттыра түсті. Сонымен қатар армияны қаржыландыру жыл сайын өсіп отыр. 2001 жылы қорғаныс саласына бөлінген қаржы 24 млрд., 2002 жылы 33,7 млрд. теңгені, 2003 жылы – 41,9 млрд., ал 2004 жылы – 50 миллиардқа жуық теңгені құрады.

Әскери қызметкерлерге еңбекақы толеуде Қазақстан ТМД-да алдыңғы орынға шықты. 2004 жылдан бастап әскерилердің жалақысы тағы да ұлғайтылды. Бұған соңғы уақытта мыңнан астам әскери қызметшілердің жаңадан пәтер алғанын қосқан жөн.

Сонымен елдің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ету

мәселесін шешуде белен алған он үрдіс “Қазақстан – 2030” ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасын іске асыруға қосылған нақты үлес болып саналады.

§3. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатындағы экономикалық байланыс мәселелері

1992 ж. наурыз айында Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдануы республика үшін орасан зор маңызы бар оқиға болды. Осыдан кейін елімізге халықаралық басқа да ұйымдарға мүше болып кіруге жол ашылды. Атап айтқанда, Қазақстан негізгі валюта-қаржы ұйымдарына - Халықаралық Валюта қорына, Дүниежүзілік қайта құру және даму банкіне, Еуропа және Азия даму банкіне мүше болып енді. 1997 ж. басында Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Мұның өзі Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатында игі нәтижелерін беруде. Соңғы бес-алты жылда Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланыстары арта түсті, оған берілетін инвестициялық қаржылардың көлемі артты. Мәселен, 1992-1995 жж. халықаралық қаржы институттарының Қазақстанға бөлген қаржысының мөлшері 2 миллиард АҚШ долларынан асып түсті. Тәуелсіздік алғаннан бері 1000-нан аса мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қойылды. Осы жылдары бірқатар елдер - Германия, Түркия, Австрия, Ұлыбритания т. б. - Қазақстанға экономикалық көмек ретінде несие берді. Сондай-ақ, Жапония, АҚШ секілді және басқада донор елдердің үкіметтері Қазақстанмен қаржылық ынтымақтастықты жылдан-жылға дамытып келеді. Мұның өзі Қазақстандағы нарықтық экономика бойынша жүргізіліп жатқан реформаларға көмектесу мүмкіндігін және республика экономикасына шет ел инвестицияларын көптеп тартуда зор ықпалын тигізуде. Оған шетел бірлескен кәсіпорындары да өз үлесін қосып отыр. Олардың жалпы саны 1996 ж. 746 болса, 2002 ж. 1,5 мың, ал 2003 жылы 5300 болды.

Қазақстанға тікелей инвестиция берушілердің тізімінің басында АҚШ орналасқан, одан кейін Ұлыбритания, Италия, Канада, Нидерланды, Германия, ал Азия аймағынан

Қытай, Жапония, Индонезия және Оңтүстік Корея мемлекеттері бар.

Қазақстан өзінің экономикалық мәселелерін шешуде Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі. Бұл бағыттағы алғашқы байсалды қадам американдық “Шеврон” компаниясы мен Теңіз мұнай көздерін игеру жөніндегі ірі шартқа қол қойылуы еді. Бұл келісім Америка капиталының Қазақстан экономикасына ірі көлемде тартылуының бастамасы болды. “Теңізшевройл” жобасы бойынша 2010 жылы 700 мың барелден /100 млн. тоннадай/ асатын мұнай өндіруге қол жеткізу көзделген. Бірлескен кәсіпорын жұмысына қатыса отырып, “Шеврон” сонымен бірге Қазақстанның аймақтық инфрақұрылымын жетілдіруге: аурухана, мектеп, жол құрылыстарын салуға көмектесіп, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға да қатысатын болады. Осы бағытта соңғы жылдары республикада бірнеше ондаған американдық компаниялары мен банктірінің өкілдері және бірлескен кәсіпорындар құрылып, жұмыс істеуде.

1997 ж. қыркүйектің 12-ші жұлдызында Президент Н. Назарбаев АҚШ-тың Халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесінің торағасы Питер Питерсон мен осы ұйымның құрметті торағасы, белгілі қаржыгер Дэвид Рокфеллер бастаған осы кеңестің делегациясын қабылдады. Н. Назарбаев АҚШ делегациясын біздің экономикамыздың ерекшеліктерімен, оны тұрақтандырудағы белгілі бір табыстарымен, Қазақстан рыногын одан ары ырықтандыру және шетел инвестицияларын тарту жөніндегі шаралармен таныстырды. Кездесу барысында Қазақстанның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарының жекелеген қағидалары, Қазақстанның дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің келешегі, еліміздің Иран аумағы арқылы Парсы шығанағына шығып әлемдік рынокқа қосылу мүмкіндігі талқыланды. Бізде қолданылып отырған экономикалық заңдардың Еуропалық стандарттарға бейімделе түсу қажеттілігі АҚШ делегациясы тарапынан түсіністік тапты.

Қазіргі кезде АҚШ Қазақстанның ең маңызды экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады. Біздің елімізде 350-ден астам Қазақстан-Америка бірлескен кәсіпорыны

жұмыс істейді, сондай-ақ 100-ден астам америка компанияларының өкілдіктері тіркелген. Олардың Қазақстан Республикасының экономикасына салған инвестициясының көлемі елімізге тартылған шетелдік инвестициялар көлемінің үштен бірін құрайды және Орталық Азия аймағындағы аса ірі көлем болып табылады.

Қазақстан экономикасына инвестицияларды көптеп тартуда 1997 жылғы қыркүйекте Ұлыбритания астанасы Лондонда өткен “Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері” атты халықаралық конференцияның маңызы зор болды. Онда сол кездегі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары – Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Ахметжан Есімов, Премьер-министрдің орынбасары, Қаржы министрі Александр Павлов, Қазақстан Ұлттық банкісінің бастығы Ораз Жандосов т. б. баяндама жасады. Конференция жұмысына өз өкіметі атынан Ұлыбританияның сауда министрі Лорд Стэнли Клинтон-Дэвис қатынасып құттықтады. Ол өз сөзінде Қазақстанның нарықтық экономика жолындағы алғашқы қадамдарына жоғары баға бере келіп, біздің елімізде шетелдік инвесторлардың еркін жұмыс істеуіне қажетті құқықтық және іскерлік жағдай жасалғандығына ерекше назар аударды.

Инвестициялардың артуы қазіргі уақытта ең алдымен шетелдік инвестицияларды тікелей тартумен байланысты екенін ашып айту керек. Егер отпелі кезеңнің алғашқы жылдары Үкімет кепілдемесі арқылы алынған шетелдік банкілердің несиелері басым болса, бүгінгі таңда тікелей инвестициялар көлемі өсіп келеді. 1996 ж. біздің елге тікелей инвестициялар көлемі 1,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Халықаралық салыстыру /рейтинг/ агенттіктерінің бағалауы бойынша Қазақстан қазір Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдерінің арасында тікелей инвестициялардың мемлекеттегі әр адам басына шаққандағы көлемі жағынан Мадьярлар елінен кейінгі екінші орынға көтерілген. Осымен байланысты 1997 ж. 28 ақпанында Қазақстан Республикасының “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Заңы қабылданды. Заң талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылып, ол бұл бағыттағы алға қой-

ылған жұмыстарды іске асыруға кірісті. Осының нәтижесінде Қазақстанға тартылған инвестициялық қаржы көлемі 2004 жылы 26 млрд. АҚШ долларына жетті.

Қазақстан экономикасының дамуында сыртқы сауданың маңызы ерекше зор. Егемендік алған жылдардан бері Қазақстан дүние жүзінің 180-нен астам елімен сауда қатынасын орнатты. Осының нәтижесінде Қазақстанның сыртқа шығаратын және сырттан бізге алып келетін тауарлардың (қаржы түріндегі) көлемі жылдан-жылға өсіп келеді. Бір қуанарлық нәрсе, республиканың экспортқа шығаратын тауары импорттан асып отырғандығында болып отыр. Мысалы, 1995 ж. экспорт импорттан 1 млрд. 250 млн. доллар көлемінде асып түскен, немесе 64 пайызға өскен. Сол жылы оның алдындағы 1994 жылмен салыстырғанда агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын 2,5 есе арттырды. Сойтіп, ол импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті. 2001 ж. Қазақстанның сыртқы сауда көлемі 14 млрд. АҚШ долларын құраса, 2004 жылы 16 млрд-тан асты.

Қазақстанның сауда айналымының шамамен 62 пайызы ТМД елдерінің үлесіне, 23-24 % Еуропа елдерінің (35 ел), 13 % Азия аймағы елдерінің үлесіне тиеді. Ескере кететін бір нәрсе - сауда көлемі Батыс Еуропа елдерінде арта түсіп, Шығыс Еуропа (бұрынғы социалистік мемлекеттер) елдерінде едәуір кеміп бара жатқаны байқалады. Батыс Еуропаның қалтасы қалың инвесторлары үшін Қазақстан кәсіпорындарының есігі барған сайын айқара ашылып келеді. Алдағы кезде Еуропа Сыртқы сауда бірлестігіне мүшелікке өтетін болады. Міне, сол кезде Еуропа Одағына кіретін елдермен екі арадағы сауданың бұдан да кең өріс алуына қолайлы жағдайлар туатыны сөзсіз.

Қазақстанның сыртқа шығаратын тауарларының басты түрі металл (34 %), мұнай, газ, көмір, минералдық тыңайтқыш (35 %), азық-түлік тағамдары (12 %), қалғандары химия тауарлары (9 %), транспорт құралдары, приборлар және аппараттар (5 %). Оның басым көпшілігін бұрынғы одақтас республикалар сатып алады.

Қазақстан басқа елдерден отын-энергетика ресурстарын (27 %), машиналар, құрал-жабдықтар, байланыс құралдары, приборлар және аппарат құралдары (26 %), химиялық тауарлар (10 %), азық-түлік (11%) алады. Сырттан алына-

тын тауарлардың 75 %. ТМД елдерінен келеді. Бізбен негізінен сауда істейтін елдер Ресей (57 %), Түрікменстан (7 %), Белоруссия, Германия, Қытай, Түркия (3 %), Украина, Моңғолия, Финляндия (әрқайсысы 2 %-дан). Жоғарыда келтірілген көрсеткіштердің, әрине жыл сайын өзгеріп отыратынын айтқан жөн.

1994 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Мәскеу мемлекеттік университеті студенттері алдында Еуразиялық одақ құру идеясын жариялағаны белгілі. Осы уақыт ішінде аталмыш идеяны жүзеге асыру бойынша айтарлықтай ауқымды жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде 2000-шы жылдың 10 қазанында Астанада өткен саммит барысында Кедендік одаққа қатысушы – Белоруссия, Қазақстан, Қырғыстан, Ресей мен Тәжікстан мемлекеттерінің басшылары Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ) – құру туралы келісімге қол қойды. ЕурАзЭҚ келісіміне кедендік одақ шартында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін тиімді сауда – экономикалық ынтымақтастықты нығайтудың тұжырымдамасы енгізілді.

2001-ші жылдың 1-ші шілдесінде Минскіде ЕурАзЭҚ-ке қатысушы мемлекеттер басшыларының отырысы өтті, онда қауымдастықтың іс-қимылына қатысты негізгі құжаттарға қол қойылды. Осыдан кейін бұрынғы кеңестік кеңістікке іргелі ықпалдастық одағының жаңа тарихы басталды. Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа құралған күннен бастап, жоғарыда аталған бес мемлекет мүше, ал Армения, Молдова республикалары мен Украина Бақылаушылар мәртебесіне ие. Қауымдастықтың басқарушы органдар қатарына Мемлекетаралық кеңес, Интеграциялық комитет, Парламентаралық Ассамблея, Қауымдастық соты жатады.

2002 жылдың мамырында Мемлекетаралық кеңестің төрағасына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев сайланды. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер басшыларының отырысы 2002 жылы Мәскеуде, 2003 жылы Душанбеде, болып өтті. Онда қауымдастықтың басым бағыттары белгіленді. Олар: Кедендік одақ құру, келісілген экономикалық саясат жүргізу, экономиканың нақты секторында өзара іс-қимыл таныту, көлік одағын қалыптастыру, бірлескен энергетикалық одақ құру, агро өнеркәсіп секто-

рында ынтымақтастықты арттыру, ортақ қызмет көрсету, қиржы рыноктарын құра отырып, валюталық ықпалдастықты дамыту, әлеуметтік-гуманитарлық, көші-қон саясатын жүргізу т. б.

2004 жылғы маусым айында ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесінің отырысы Астанада болды. Отырыста төмендегі құжаттар қабылданды: су-қуат ресурстарын тиімді игеру, ЕурАзЭҚ елдері бойынша темір жол тасымалында бірдей тарифтік баға қолдану, ЕурАзЭҚ-қа мүше елдердің Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына (БСҰ) кірудегі позицияларын біріздендіру. Шекаралық саясаттың және ЕурАзЭҚ-тың заңдылықтарының негіздері туралы. Сонымен бірге бағалы қағаздар рыногындағы келісімнің мәтіні қабылданып, банк саясатындағы реттеу мен бақылау ынтымақтастығының ЕурАзЭҚ аумағындағы 2005-2006 жылдардағы жоспары бекітілді. Ал Ұйымдастыру мәселелері бойынша ЕурАзЭҚ-тың мемлекетаралық Кеңесінің төрағасы болып Қазақстан жағы қала беретін болды.

2000-2004 ж.ж. аралығында ЕурАзЭҚ аясында өзара тиімді 60 келісім құжатталған. Мұның өзі Қауымдастыққа мүше елдерде экономикалық серпінділікке жол ашты. ЕурАзЭҚ елдерін тұтастай алғанда жалпы ішкі өнім мен өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2003 жылмен салыстырғанда орта есеппен 8 пайызға өскен. Өзара сауда көлемі 31,4 пайызға, инвестиция көлемі 14 пайызға артқан.

Қазақстанның басқа елдермен сыртқы сауда байланысында тағы бір көңіл аударатын мәселе – Республиканың жағрафиялық жағынан әлемнің негізгі экономикалық аудандары аралығында орналасқандығы. Сондықтан мұның өзі де Азия-Тынық мұхит аралығындағы елдер мен сыртқы экономикалық байланыстар орнатуға тиімді болып, кең мүмкіндіктер ашып отыр. Бұған ерте кездегі Ұлы Жібек жолы жүрген жерлерде енді темір жол қатынасының дамуы үлкен әсерін тигізуде. Бұл жолдың ұзындығы болашақта 13,5 мың шақырымға жеткізілуі тиіс. Қазақстан жерінен өтетін темір жолдың ұзындығы – 1,8 мың шақырым, соның ішінде - Достық - Алашанькоу темір жолы 1991 ж. салынды, ал 1996 ж. мамыр айында Иран мемлекетінің күшімен Теджент – Серахс - Мешхед (ұзындығы 290 шақырым) темір жол торабы іске қосылды. Болашақта жол Ақтоғай - Алматы - Шенгелді, одан ары

Ташкент - Теджент - Серахс - Мешхед - Тегеран - Анкара - Стамбул арқылы отеді. Бұл жолдың тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ халықаралық маңызы өте зор. Атап айтқанда, бұл темір жол магистралі арқылы егер 1997 жылдың аяғы 1998 жылдың басында Қытайға Батыс Қазақстаннан 100 мың тонна мұнай әкелінген болса, 1999 жылы бұл корсеткіш бес есеге жуық өсіп, 500 мың тоннаға жеткен. Тек Достық - Алашанькоу стансасы жыл сайын 5 млн. тоннадан астам жүк өткізеді. Ал болашақта оны 12 млн. тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ, екі ел арасындағы автомобиль жолы арқылы жүргізілетін жүк тасымалының үлесі де артып келеді.

Қорытып айтқанда, 1991 жылдан бері тәуелсіздік тұғырына қонған Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен терезесі тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынас орнатты. Осы уақыт ішінде елдің сыртқы саясаттағы күш-жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндеттер орындалды, ол дүниежүзілік аренадан беделді өз орнын алды. Қазақстан шекарасының он бойында берік халықаралық-құқықтық негізге сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

Отыз бесінші тарау

Тәуелсіз Қазақстанның ішкі саясаты. Демократиялық қатынастардың дамуы

§1. Елдегі демократиялық қатынастардың дамуы. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар

Қазақстан егемендік алғаннан кейін зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құруға кірісті. Мұны іске асыруда еліміздің тарихи және отарлауда болған мұрасы, оның саяси мәдениетінің өзіндік ерекшелігі, мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасы жанжақты ескерілді. Елімізде саяси партиялардың және партиялық жүйелердің орнығуына, күшті заң шығарушы органның, тәуелсіз баспасөз және автономиялық жергілікті бас-

қарудың дамуына көп көңіл бөлінді. Қоғамды демократияландыру барысында жаңа саяси институттар - парламент, 1993-ші және 1995 жылдардағы Конституциялар қабылданды, тәуелсіз сот билігі қалыптасты.

Тәуелсіздік алған алғашқы кезден бастап, елде болып жатқан өзгерістерді талдау арқылы Қазақстан басшысы өзінің назарын болашақтың бағытын айқындауға аударды. Атап айтқанда, Президент Н. Ә. Назарбаев 1992 жылы жарық көрген “Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы” деген еңбегінде жаңа тарихи жағдайға байланысты еліміздің егеменді мемлекет болуының стратегиялық міндеттерін көрсетіп берді. Онда айтылған кейбір маңызды қағидалар мен тұжырымдар Егемен Қазақстанның бірінші Конституциясында өзінің көрінісін тапты.

Бұдан кейін мемлекет алдында бой көтерген жаңа тактикалық мақсаттардың іске асу шаралары белгіленді. Оны Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің 1993 жылы жазған “Қазақстанның болашағы - қоғамдық идеялық бірлігінде” - деген еңбегінде ашын берді. Мұнда Президент Тәуелсіз еліміздің одан ары күшейіп нығаюында қоғамдық ынтымақтастық пен жарастықты іске асырудың жолдарын анықтады.

Алайда, осы белгіленген стратегиялық міндеттерді тәжірибе жүзінде іске асыруда көптеген қиыншылықтар мен кемшіліктер кездесті. Оны орындауда дәрменсіздік көрсеткен С. Терещенко басқарған (1992 ж. бастап) Министрлер Кабинеті 1994 жылы отставкаға кетті. Оның орнына Ә. Қажыгелдин бастаған жас саясаткерлерден тұратын жаңа үкімет келді. Бірақ көп ұзамай жаңа билікке келген Министрлер Кабинеті де отставкаға жіберіліп, Ә. Қажыгелдин басқарған республикада үшінші үкімет құрылды. Бұл үкімет таяудағы үш жыл ішінде елімізде болып жатқан реформаларды іске асырудың жаңа бағдарламасын белгіледі, осы бағытта бірқатар жұмыстар жүргізді. Дегенмен өзінің бағдарламасын аяғына дейін жеткізбей Ә. Қажыгелдиннің үкіметі 1997 жылдың 10 қазан күні отставкаға шықты. Оған себеп, алдымен жекешелендіру бағдарламасында кеткен үлкен қателіктердің салдары, содан соң елімізде әлеуметтік әділетсіздіктің орын алғанын айтуға болады.

Ә. Қажыгелдин үкіметінің орнына Н. Балғымбаев басқ-

арған төртінші үкімет келіп, екі жыл (1997-1999 жж.) қызмет етті. Бұл үкіметте қиын кезеңде жұмыс істеді. Елде қордаланып қалған қарыздарды қайтару, сыртқа шығарылатын шикізат өнімдері бағасының құлдырауы, көрші елдердегі экономикалық дағдарыстың Қазақстанға әсері кезінде жұмыс істеуге тура келді.

Үкімет сыртқы факторлардың жағымсыз әсеріне қарамастан, тұтас алғанда макроэкономикалық тұрақтылықты сақтап қалды. Сондай-ақ, бұрынғы заемдарды төлеуде, мемлекеттің ішкі және сыртқы міндеттемелерін орындауда Н. Балғымбаев басқарған үкімет бірқатар айтуға тұрарлық қызмет атқарды.

1999 жылы қараша айында Қазақстан үкіметі басына Қ. Тоқаев басқарған бесінші үкімет тағайындалды. Жаңа үкімет Республика Парламентінде өзінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын ұсынып бекітті. *Ондағы шешілуге тиісті басты проблемалар негізінен “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламадан туындағанды.*

Бірінші. Еліміздегі қатаң бюджет мәселесін ескере отырып, одан тиісті қорытынды жасау, бюджетті жоспарлауда жетімсіздіктер болып жатса, оны түзету, кірісті жинақтауда резервтер болатын болса, оны іске қосу, яғни қаржы көзін, оны қолданудың әдіс-тәсілдерін жете пайдалану.

Екінші. Экономиканы, қаржы және заңдылық жүйесін реформалауды одан ары жалғастыру, әлеуметтік саладағы реформаларға баса назар аудару.

Үшінші. Елге инвестицияның қажеттілігін ескеріп, белгілі және салықалы инвесторларды іздеп табу, олардың мемлекет экономикасына деген ынтасын арттыру.

Төртінші. Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту.

Бесінші. Өндірісті жандандыру, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетіп, кіші және орта бизнестің мәселелерін шешу.

Алтыншы. 2000-шы жылдың басына дейін зейнетақы қарызынан құтылу.

1999 жылдың қараша айынан 2002 ж. қаңтар айына дейін қызмет істеген Қ. Тоқаевтың үкіметі өзінің алдына қойған іс-қимыл бағдарламасын орындауда бірқатар әлеуметтік-экономикалық бағыттағы ұйымдастыру жұмыстарын

жүргізді. Олардың бірсыпырасы жүзеге асты, дегенмен кейбір мәселелер аяғына дейін орындалмады.

2002 жылы қаңтар айында Қазақстан үкіметі басына И. Тасмағамбетов басқарған бесінші үкімет келді. Жаңа үкіметтің алдына бірқатар күрделі міндеттер қойылды:

- біріншіден, экономикалық диверсификацияға қол жеткізу арқылы өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру;
- екіншіден, қор рыногын дамыту;
- үшіншіден, аграрлық сектордағы реформаларды жалғастыру;
- төртіншіден, биліктің әр деңгейіндегі өкілеттіктің ара жігін айқындау.

И. Тасмағамбетов басқарған үкімет өзінің қызметінде еліміздің экономикасын дамытуға айырықша көңіл бөлуді одан ары жалғастырды. Осы бағытта 2002 ж. мемлекеттің бюджетін бірнеше рет талқылап, еліміздегі экономикалық және кейбір күрделенген әлеуметтік мәселелерді шешу үшін шара қолдануды қолға алды. Үкімет Елбасының тапсырмасымен 2003 ж. бюджеттен бөлінетін қаржыны білім беру саласына 33 пайызға, денсаулық саласына – 38, мәдениетті қаржыландыруға – 27 пайызға көбейтті. 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы және жалақы деңгейі 12 пайызға өсірілді. Сондай-ақ, азаматтардың бұрынғы КСРО жинақ банкісіндегі “жоғалған” салымдары қайтарылу жөнінде шешім қабылдап, жүзеге асырыла бастады.

Алайда, 2003 жылғы 11 маусым айында И. Тасмағамбетов өз өтінішімен үкімет басынан кетті. Бір жыл бес ай уақыт ішінде жұмыс істеген И. Н. Тасмағамбетов үкіметі тұсында республикада экономикалық реформаларды жүзеге асыруда бірсыпыра істер атқарылды. Әлеуметтік даму мәселелеріне де ерекше назар аударылып, халықтың әлауқат деңгейі өсті. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтитын Стратегиялық бағдарламасына сай 2003-2005 жылдарға арналған елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары қабылданды.

2003 жылғы 13 маусым айында Президенттің жарлығымен И. Н. Тасмағамбетовтың орнына жетінші Премьер-министр болып Д. К. Ахметов тағайындалды.

Осы уақыттан бері Д. Ахметов басқарған үкімет жұмы-

сы “Қазақстан-2030” стратегиясында анықталған ұзақ мерзімді басымдықтарға сай жүргізіліп келді. Үкімет өзінің қызметінде елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Біріншіден, мұнда жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы экономика мен инфрақұрылымды барынша дамыту. Екіншіден, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің одан ары артуына жағдай жасау. Осының нәтижесінде халықтың ақшалай кірісі мен еңбек ақысының көлемі жылдан-жылға өсіп келеді. Үшіншіден, индустриялық-инновациялық Стратегия мен тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыруға едәуір назар аударылған. Төртіншіден, халыққа аса қажетті азық-түлік бағдарламасын жүзеге асыруды да неғұрлым сапалы деңгейде, ашық рынок жағдайында жұмыс істеуге бағдар жасап жалғастыру. Бесіншіден, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік реформаларды одан ары тереңдету. Міне, осы маңызды мәселелердің бәрі жаңа үкіметтің қызметінің басты арқауы болып отыр.

1991 және 2003 жылдар аралығында Егемен Қазақстанның жоғары заң шығарушы органы – Парламентте төрт рет өзгеріске ұшырады. Бірінші рет, 1990 жылы 12-ші шақырылумен сайланған Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылдың желтоқсан айында көптеген депутаттардың өз міндеттерінен бас тартуымен байланысты таранды.

Одан кейін 13-ші шақырылумен сайланған Парламенттің өмірі де ұзақ болмады. Себебі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы желтоқсанда бекіткен сайлау Кодексі негізінде 1994 жылғы наурызда сайланған Парламент 1995 жылғы мамырда заңсыз деп табылды. Бұған сайлау барысында аталған Кодекс баптарының өрескел бұзылуы себеп болды. Міне, осымен байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” 1995 жылғы 28 қыркүйектегі пәрмені бойынша сол жылдың желтоқсан айында жаңа парламент сайлауы өткізілді. Ал 1997 жылдың қазан айында Парламенттің жоғары палатасына сайланған депутаттардың құрамының жартысы өзгертіліп, оларға жаңа сайлау жүргізілді.

Еліміздегі жоғары басқару жүйелеріндегі өзгерістер жергілікті атқару органдарының да өзгеруіне алып келді.

Бұларда егемендік алған кезден бері үш рет өзгеріске ұшырады. Алдымен жергілікті атқарушы органдар – облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттері болып құрылды. Кейіннен барлық атқару комитеттері мен Кеңестерді қосып, оларды бір адам – Кеңес төрағасы басқаратын болды. Ақырында келіп атқару жүйесін - әкімдер, окілдік органдарды – Мәслихат басқарады деп бекітілді.

Соңғы жылдары әкімшілік-басқару аппаратын қысқарту және құрылымдық оңтайландыру жөнінде батыл шаралар қолданылды. Орталық Үкімет қайта құрылды және сан жағынан ықшамдалды. Жергілікті жерлердегі басқару құрылымдары да едәуір қысқарды. 1997 жылы 50-ден астам министрлік пен ведомстволардың 25-і ғана қалдырылды. 19 әкімшілік облыстың бесеуі, 220 әкімшілік ауданының 30-ға жуығы таратылды, сойтіп 5 мыңға жуық қызметкер қысқарды.

Еліміздегі демократия және ұлт мәселесі жөнінде айтқанда, тағы бір көңіл аударатын мәселе - Қазақстан халықтары Ассамблеясының қоғамымыздың дамуындағы рөлі. Мұндай ұйым ТМД елдерінің ешбірінде осы кезге дейін құрылмаған. Ең бір қиын күндерде ол шын мәніндегі халық өкілеттілігінің органына айналды. Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы шешім 1992 ж. желтоқсанда өткен Қазақстан халықтары құрылтайында қабылданды. Онда Ассамблея парламенттің немесе атқару билігі органының баламасы бола алмайды деп корсетілді. Бірақ ол мүдделестер клубы сияқты қуыршақ ұйым да болуға тиісті емес еді. Ұзақ ізденістердің, ұлттық мәдени орталықтар окілдерінің, этнологтардың, заңгерлердің, басқа да салалар мамандарының пікірлерін зерттей келе, Ассамблеяға мемлекет басшысының жанындағы консультативті-кеңесші орган дәрежесін беру ұйғарылды. Нәтижесінде ол өз қызметінің жемістерін бере бастады. Ұлт саясатына байланысты көптеген ұсыныстар енгізуімен қатар, ол адамдармен күнбе-күн нақты жұмыстар жүргізді, бұл оның беделін өсірді.

1992 - 2004 жылдар аралығында Қазақстан халықтары Ассамблеясының он сессиясы өтті. Сессияларда біздің елді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен татулығы, конституциялық заңдарды сақтау, халықтардың

әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және т. б. көкейтесті маңызды мәселелер талқыланды.

Демократиялық қатынастардың ажырағысыз бөлігінің бірі – үкіметтік емес ұйымдардың қалыптасып дамуы болып табылады. Елдің жаңа тарихымен бірге үкіметтік емес ұйымдардың дамуы белен алды. Оған саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, кәсіби одақтар мен қоғамдық ұйымдар кіреді. Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) қалыптасуының алғашқы кезеңі 1980 жылдар мен 1994 жылдар аралығын қамтыды. Осы аралықта республикада 400-ден астам үкіметтік емес ұйым қызмет етті. Екінші кезеңде, 1994-1997 жылдар аралығында ҰЕҰ саны 400-ден 1600-ге дейін көбейді. Үшінші кезеңнен, 1998 жылдан бастап қазіргі кезге дейінгі уақытта Қазақстанда 4500-ден астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді.

Олар іс жүзінде еліміздің барлық дерлік әлеуметтік мәнді салаларда қызмет етеді. Үкіметтік емес секторға екі жүз мыңнан аса адам тартылған. Қазақстандық ҰЕҰ қызметімен екі миллиондай республика азаматтары қамтылған.

1985 жылдан кейінгі қоғамды қайта құру, жаңарумен байланысты Қазақстанда бұрынғы кездегі жеке Коммунистік партияның үстемдік етуінен бірте-бірте арылып, әр түрлі көзқарас және көппартиялық жүйеге кошу белең алды. Бұл елде болып жатқан демократиялық процестермен, саяси сипаттағы өзгерістермен тікелей өзектес еді.

Қазақстанда көппартиялық жүйенің және жаңадан саяси партиялардың пайда болуының *басты үш себебін* атап көрсеткен жөн. Оның *бірінші себебі* - 1989 жылдан бастап Қазақстан саяси өмірінде болған өзгерістер, соның ішінде әртүрлі көзқарастың, жариялылықтың көрініс ала бастағанына байланысты қоғамда өз орнын ала бастаған саяси еркін ой. Бұл кезде тоталитарлық және коммунистік идеяға қарсы негізде саяси партиялар мен қозғалыстар пайда болды. Олардың басты ұрандары: социал-демократия, ұлт бостандығы, мәдениет және экология бағыттарында қайта даму, жаңару, жандану болды.

Екінші себебі - 1991 жылғы Мәскеуде болған тамыз оқиғасымен байланысты. Оның нәтижесінде Кеңестер Одағы тарап, Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Республика жетекшілері жаңа жағдайда, егемендік алумен бай-

данысты уақыт талабына сай батыл қимыл жасады. Белсенді мемлекеттік жаңа құрылыс басталды, саяси партиялардың бағдарламаларына қоғамға қажетті, көкейкесті ұрандар мен міндеттер кірді. Партиялардың негізгі міндеттері - үкіметпен байланысы жоқ саяси күштерді ығыстыру, парламент сайлауларында жеңіске жету, уәкілдік қызмет органдарында көпшілік қолдайтын ниеттестік тәртіпті қамтамасыз ету және т. б. Міне, осымен байланысты Қазақстан басшылығы мұндай саяси партиялар арқылы өзінің сүйенетін әлеуметтік базасын құруға ерекше мән берді.

Үшінші себебі - бұл еркіндік синдромы, ол барлық саяси ұйымдар мен күштерге тән. Республика жағдайында ол, әсіресе, реваншистік күштер арасында ерекше байқалады. Оған коммунистер, ұлтшылдар және тағы басқада топтар жатады. Қазақстанда және бұрынғы Кеңес Одағына кірген мемлекеттерде мұндай ультрақұқықтық саяси партиялардың пайда болуы ескі тоталитарлық жүйенің күйреуімен және нарықтық экономиканың қалыптасуымен байланысты.

Міне, осындай себептердің нәтижесінде 1990 жылдан бастап Қазақстанда ең әуелі социал-демократиялық партия, одан соң демократиялық “Азат” қозғалысы қалыптасты. Олардың құрылуының басты белгілері – құқық органдарында тіркеуден оту, белгілі бір бірлестікке ұжымдық негізде бірігу және саналы ынтымақта болу, жалпы алға қойған мақсаттарының бір болуы, саяси қызметі түрлерінің пікір бірлігі, татулық қарым-қатынас, сайлау алдындағы платформа, немесе ұстаған саяси бағытының тұтастығы және т. б.

Көппартиялы жүйе тек біздің Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар өздерінің ұлттық тәуелсіздігін алған, бұрынғы одақтас республикаларда да құрылды. 1995 ж. тек бір ғана Ресейде жүзден астам саяси партиялар тіркелген. Қазақстанда Ресейдегі сияқты жүздеген саяси партиялар құрылатындай ауқымды жағдай жоқ болғанын айтқан жөн. Мысалы, 1994 ж. өткен парламент сайлауына Әділет министрлігінің тіркеуінен өткен тек төрт-ақ партия қатысты. Олар – социалистер, Қазақстан халық конгресі, Демократиялық және Азат партиялары. Сайлау өткеннен кейін көп кешікпей Қазақстанда Коммунистік партия құқық органдарынан тіркеуден өтті.

1999 ж. республикада 14 саяси партиялар мен 30-ға жуық саяси қоғамдық қозғалыстар, бірлестіктер орнықты. Ал 2002 ж. саяси партиялардың саны 20-дан асты. Жаңадан халық арасында танымал “Отан”, “Ақ жол”, “Асар” т.б. партиялар бой көтерді. Қазақстанның саяси аренасында беделді табиғи іріктеуден өткен партияларды қалдыру мақсатында 2002 жылы Елбасы жарлығымен “Саяси партиялар туралы» арнайы заң қабылданды. Онда халық арасында беделін көрсеткен және тіркеуден өту үшін партияның кемдегенде 50 мың мүшесі болу керектігі туралы талап қойылды. Бұл саяси партиялардың сан жағынан өсуіне итермеледі. 2004 жылы заң бойынша тіркеуден өткен саяси партиялардың 12-сі қалды. Саяси партиялардың көпшілігі Республика Президентінің алған бағытын, оның жүргізіп отырған саясатын жақтайтындар болып саналады. Бір айта кететін жайт, осы партиялардың бағдарламаларында айтарлықтай айырмашылық аз, экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелерде бірін-бірі қайталайды. Қазақстандағы саяси партиялардың барлығыда (оған Коммунистік партияда кіреді) республикада іске асып жатқан нарықтық экономикаға қошуге ешқандай қарсылығы жоқтығын білдірген. Олардың бағдарламаларында тек оны жүргізудің тәсілі, уақытын белгілеуде ғана айырмашылықтар бар. Саяси партиялардың бағдарламаларында прагматизмнен гөрі идеология басымырақ, мұның өзі Қазақстандағы көппартиялық жүйенің және саяси бірлестіктер мен партиялардың әлі де болса кәмелеттігінің жетімсіздігінің дәлелдемесі. Оның нақты көрінісі ретінде саяси партия жетекшілерінің үкімет басқару ісіне араласа алмай отырғандығын айтуға болады.

Мұндай жағдай қазіргі кезеңде саяси партиялардың елді басқарудағы нақты мүмкіндіктерін, республика алдында тұрған саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешудегі қажетті әдістерін анықтауға мүмкіндік бермейді. Елдегі билік жүргізу партиялардан тыс сипатта іске асырылып, үкіметтің саясаты белгілі бір партияның ғылыми тұрғыдан ойластырылған бағдарламасы негізінде іске асып жатыр деп өсте қарауға болмайды. Сондай-ақ, өкімет құрылымдарының өз арасындағы байланыстарға да саяси партиялардың айтарлықтай ықпалының болмай отырғандығын айту керек.

Саяси партиялардың ұйымдық құрылымдарында да тек айнашқы басқару түрі орын алған. Олардың басым көпшілігі өзінің сыртқы формасы бойынша партия деп саналғанмен, мазмұны жағынан әлі де болса партиядан гөрі ынтымақтастық топтарға көбірек ұқсайды. Осының нәтижесінде саяси партиялардың бұқара халық арасындағы беделі төмен, олардың қатарына халық өкілдері аз енеді, әсіресе, бұрынғы Коммунистік партияның мүшелері болған бірнеше жүз мыңдаған адамдар өзге партияларға мүшелікке кірмеген. Бүгінде бүкіл республикаға белгілі болып отырған «Ақ жол», Коммунистік партия т. с. с. саяси партиялардың құрамының өзі ауыз толтырып айтатындай дәрежеге жетпей отыр.

Бұған қосып айтатын тағы бір жайт, осы саяси партиялардың құрамындағылардың басым көпшілігі бұрынғы Қазақстан Коммунистік партиясында қызмет еткендер. Олардың саяси жетекшілерінің өздері де 1991 жылғы қыркүйекте, яғни Коммунистік партия таратылғанға дейін, оның мүшесі болып, белгілі бір буындарында қызмет істеген адамдар.

Өздерінің бағдарламаларында атап көрсеткеніндей, Қазақстан саяси партиялары мен бірлестіктері республика парламент сайлауларына қатысып, онда көпшілік депутаттық орындарға ие болуға тырысады. Бұл бағытта бірқатар саяси партиялардың қол жеткізген едәуір табыстарын айтпай кетуге болмайды. 1994 жылғы Республика Жоғарғы Кеңесінің сайлауында Қазақстан Халық Бірлігі және Қазақстан халық конгресі партиялары өздерінің көптеген өкілдерін парламентке өткізді. Республиканың бірқатар саяси партиялары мен қоғамдық бірлестіктері 1995 жылғы 9 желтоқсанда өткен парламент сайлауына белсене қатысты.

Сайлау қорытындысы бойынша Қазақстан халық бірлігі партиясы басқа әріптестерінен көп ілгері болып шықты. Парламентке олардың 24 мүшесі, Демократиялық партияның - 12, Шаруалар одағының - 7, Жастар одағы мен Инженерлер одағының - 3-тен, Қазақстан Коммунистік партиясының - 2 мүшесі сайланды. Қазақстан Халық конгресі партиясы, Қазақстан Дәуірлеу партиясы мен Қазақстан Халықтық кооперативтік партиясының заң шығарушы органына бір-бірден өкілі кірді.

1995 жылғы желтоқсанда өткен бірінші парламент сайлауынан кейін Қазақстанда қоғамды демократияландыру қадамдары одан әрі жалғасын тапты. Ашық баламалы сайлау, саяси күрес мәдениеті, көппартиялық жүйеге кең жол ашылды. Оның нақтылы дәлелі ретінде елімізде жүргізілген Президент, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауды айтуға болады. 1999 жылғы қаңтардың 10-ында болып өткен Қазақстан Президенті сайлауына балама негізде 4 кандидат тіркелді. Олар: Коммунистік партия өкілі С. Ә. Әбділдин, Сенат депутаты Э. Ғ. Ғаббасов, Мемлекеттік кеден комитетінің төрағасы Ғ. Е. Қасымов және Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев.

Қазақстан Президентін сайлауға дауыс беру үшін жасалған тізімге енгізілген 8.419.283 сайлаушының дауыс беруге - 7.328.970-і немесе барлық сайлаушылардың 87,05 пайызы қатысты. Дауыс беру қорытындысында Н. Ә. Назарбаев жеңіске жетіп, қайтадан Қазақстан Республикасы Президенті болып сайланды. Оған дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылардың 79,79 пайызы өз дауыстарын берді.

1999 жылғы 17 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау өтті. Сенатқа 14 облыстан және Астана мен Алматы қалаларынан бір-бірден депутат сайлануға тиіс болды. Оның сыртында Президент жеті сенаторды өзі тағайындады. Сенаттағы 16 орынға 35 адам таласқа түсті. Сайлау барысында Парламент Сенатына депутаттық кандидаттарға Республика бойынша 4833 таңдаушының 4179-ы дауыс беруге қатысты немесе бұл таңдаушылардың жалпы санының 86,5 пайызы болатын. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына дауыс беру барысында 16 кандидат депутат болып сайланды.

Қазақстан Конституциясының талабына сай 2002 жылы 8 қазанда Республика парламентінің жоғарғы палатасы – Сенаттың босаған орындарына қосымша сайлау жүргізілді. Оның барысында жоғарғы палата құрылымының үштен бірі жаңартылды.

1999 жылғы 10 қазанда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау елімізде бірінші рет тек қана бір мандатты округтерде ғана емес, сондай-ақ партиялық тізімдер бойынша да өтті. Сайлау

кезінде Орталық сайлау комиссиясы 10 саяси партияның партиялық тізімін тіркеді. Дауыс беру қорытындысында Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісіне партиялық тізіммен Отан партиясының төрт өкілі, Қазақстан Аграрлық, Қазақстан Азаматтық және Қазақстан Коммунистік партиясынан екі-екіден өкілдері депутат болып сайланды.

Мұның өзі Парламентте саяси партиялардың депутаттары да ресми әрі жеткілікті түрде болатындығын білдіреді. Бұл Қазақстандағы нақты көппартиялы демократияның қалыптасу кезеңінің жаңа бір қадамын көрсетеді. Мұндай өзгеріске басқа мемлекеттер мен елдер және халықаралық демократиялық ұйымдар өздерінің оң көзқарастарын білдірді.

1999 жылғы желтоқсан – 2004 жылғы маусым аралығында жұмыс істеген парламент мәжілісіне 790 заң жобасы келіп түскен. Оның 613-іне - Үкімет, 177-іне – Парламент депутаттары бастамашы болған. Республика Президенті олардың 11-ін – жедел, 15-ін-басым заң жобалары ретінде жариялаған.

Мәжіліс палатасы өзі өткізген 225 жалпы отырыс ішінде 603 заң жобасын мақұлдап, Сенатқа жіберді. Олардың 570-іне Мемлекет басшысы қол қойып, бұлар Қазақстан Республикасының заңдары болып күшіне енді.

2004 жылғы 19 қыркүйекте елдігіміз бен бірлігімізге сын болған Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің сайлауы болып өтті. Сайлау барысында саяси партиялар өздеріне бөлінген он мандат үшін күресіп, оның жетеуін “Отан”, қалғанын “Ақжол”, “Асар” партиялары мен “АИСТ” сайлау блогы иеленді.

Парламент Мәжілісінің бұл сайлауы бір мандатты сайлау округтерінде де аса тартысты, қызу бәсекелестік жағдайда өтті. Тиесілі 67 орынға жалпы саны 623 кандидат таласты, яғни әр округке орташа есеппен тоғыз үміткер келді. Қыркүйектің 19-ында сайлауда бір мандатты округтер бойынша 45 кандидат өз сайлаушыларының сеніміне бірден ие болып, жеңіске жетті. Ал екінші турда, яғни 2004 жылғы қазан айының 3-інде 22 сайлау округінде дауысқа түскен 44 кандидаттың 22-сі өз бәсекелестерінен көбірек дауыс жинап, сайлаушылар сенімін иеленді. Сонымен Пар-

ламент Мәжілісінің жаңа депутаттары болып 67 тыңдаулылар сайланды.

Бір мандатты округтар бойынша “Отан” партиясы 35 мандатқа ие болып, өзге саяси партиялардан оқ бой озып шықты. Бұған партиялық тізім бойынша сайланған жеті депутатты қосқанда жаңа парламенттің Мәжіліс құрамына “Отан” партиясынан 42 депутат кірді. Одан кейінгі орынды 10 депутаты сайланған “АИСТ” сайлау блогы алды. Ал “Асар” партиясының үш, Қазақстанның демократиялық партиясының бір кандидаты депутат атанды. Сондай-ақ, сайлау додасында өзін-өзі ұсынған 18 кандидат сайлаушылардың сеніміне ие болып, Мәжіліс депутаттығына сайланды.

Жаңа сайланған депутаттардың барлығы да жоғары білімді. Көпшілігінің мамандығы техникалық салаларға жақын – 30, гуманитарлық мамандық иелерінің қатары – 13. Сайланған депутаттар арасында заңгерлер – 15, экономистер – 13, депутаттардың ұлттық құрамын алып қарасак, 53-і қазақ, 14-і орыс ұлтынан.

Парламент Мәжілісінің жаңа құрамындағылардың жас ерекшеліктері де әр түрлі. Таратып айтатын болсақ жасы 40-қа дейінгілер саны – 5; 50-ге дейінгілер – 19; 60-қа дейінгілер – 32; жасы 60-тан жоғарылар – 11 адам. Мәжілістің бұл сайлауына 112 әйел кандидат болып тіркеліп, солардың ішінен алты әйел депутат болып сайланды. Бұл сайлауға бұрынғы Мәжілістің 48 депутаты қайта түскен еді. Сайлау додасында олардың 26-і сайлаушылар сенімінен шығып, Парламент депутаты болып қайта сайланды.

Бұл жоғарыдағы келтірілген деректер еліміздің дамуын, өркендеуін, қоғамымыздың демократиялануын, реформаның тереңдеп жан-жақты жүріп жатқанын көрсетеді. Еліміздің экономикасы мен мемлекеттік құрылыстағы жетістіктері қоғамды одан әрі демократияландыру процесін тереңдете түсуге жағдай жасауда. Қазіргі кезде мемлекет бұл саланы одан әрі реформалаудың қалай болатынын қалыптастырды. Демократиялық өзекті мәселелер бойынша саяси партиялардың рөлін күшейту, сайлау заңнамасын жетілдіру, жергілікті жерлерге өзін-өзі басқару, үкіметтік емес ұйымдардың және тұтастай алғанда азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыру, баспасөз бостандығын

нығайту т.б. институттар өздерінің тиісті мәселелерін шешуге мүмкіндік алды.

2004-ші жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі арнайы ұлттық комиссия құрылды. Оның жұмысына қатысуға Республиканың барлық саяси партияларының жетекшілері шақырылған. Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия еліміздегі барлық көкейкесті мәселелерді ашық және жариялылық жағдайда талқылауды оз алдына мақсат етіп қойып отыр.

§2. 1995 жылғы Қазақстан Конституциясы

Қазақстандағы болып жатқан демократиялық өзгерістер республиканың 1995 жылы қабылдаған Ата заңында өзінің басты көрінісін тапты. Еліміз егемендік алған уақыт ішінде екі Конституция қабылданды. Оның біріншісі - 1993 жылдың қаңтарында болған еді. Бұл Ата Заңның бұрынғы КСРО Конституциясының көшірмесіне айналған Қазақ КСР Конституциясымен салыстырғанда едәуір айырмашылығы мен өзгешелігі болды. Дегенмен бұл бірінші Ата Заңның елеулі жетіспеушілігі мен кемшілігі де бар еді. Оған басты себеп - бұрын еркіндік билігі қолына тимеген, оның дәмін татпаған, оған тиісті өзiрлігі болмаған елде Ата Заңды асықпай, терек және жан-жақты байыппен қарап қабылдауға белгілі бір уақыт қажет етеді. Осыған қарамастан Конституциялық заң жүйесін қалыптастыруда, ондаған, жүздеген жылдар бойы тәжірибе жинақтаған оркениетті елдердің өткен жолдарын біздің жас мемлекетімізге аса қысқа уақыт ішінде жүріп өтуге тура келді. Сондықтан егемен елдің бірінші Конституциясын жасауда асығыстыққа жол берілді. Нақтылап айтсақ, бірінші Конституцияны жасау барысында ел ішінде болып жатқан саяси-экономикалық және әлеуметтік т. б. процестерді бірден ой елегінен өткізу, мемлекетіміздің мүмкіндіктері мен жоспарлары ғылыми тұрғыдан нақты салмақтау әлі мүмкін болмады.

Конституция жобасын жасаушылар көп жағдайда “еркіндік” сөзінен туындаған асқақ сезімнен шыға алмады.

Оның үстіне бұған біздің қоғамның тарихында осы уақытқа дейін орын алған коммунистік қиялдар мен қағидалар да өзінің едәуір ықпалын тигізді. Осындай себеп-салдарға байланысты жас тәуелсіз мемлекеттің жаңа Конституциясын қабылдау қажеттілігін уақыттың өзі алға тартты. Оны 1995 жылғы наурыз айындағы өте қауырт оқиғалар да жеделдете түсті. Ол оқиға Республика Жоғарғы Кеңесінің бүкіл құқықсыздығын танудан және бұрынғы конституциялық тұжырымдарының біршама күйкіліктерінің көрініс беруінен айрықша байқалды. Сондықтан бұл шым-шытырық жағдайлар елімізде конституциялық реформалар проблемасын тез арада шешуді күн тәртібіне қойды. Өйткені жаңа нарықтық кезең жалпы мемлекет көлемінде экономикалық реформалардың одан әрі тежелуін, саяси өзгерістер мәселелеріндегі бөгелуді жоюды талап етті. Мұның өзі батыл әрі принципті саяси және заңды бетбұрыс қажеттігін тұғызды. Нәтижесінде Қазақстан азаматтарының тікелей еркін білдіру, бүкіл халықтық дауыс беру арқылы 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды. Оған қатысқан адамдардың 90 %-ы біздің мемлекетіміздің жаңа Ата заңын жақтап дауыс берді.

Жаңа Конституцияға, оның алдыңғысымен салыстырғанда, көптеген өзгеріс, ғылыми қағидалар енгізілді. Егер бұрынғы Ата заң төрт бөлім, 21-тарау, 131-баптан тұрған болса, кейінгісі көлемі жағынан да едәуір қысқарып, 9 бөлімнен, 98-баптан тұрады. Жаңа Конституцияда еліміздің экономикалық күш-қуаты мен мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан тиянақталынып, халықтың әлеуметтік топтарына тиісті кепілдікті құқықтар беретін кокейкесті мәселелерді шешу ескерілді.

Жаңа Ата заң баптарын талдау барысында байқалатыны, ол - құқықтық мемлекет құруда бағдаршам іспеттес. Яғни өзімізге үлгі етіп отырған өркениетті елдер қатарына бір табан жақындай түскеніміздің жарқын куәсі сияқты. Конституцияның кіріспесінде: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары” делінген.

Мұның өзі Қазақстан халқының Ата Заң арқылы бола-

шақта өз құқығын жүзеге асыратынына ешқандай күмән келтірмейді. Жаңа Конституцияда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің халықаралық беделін жоғарылатудағы тарихи маңызы ерекше атап корсетілген. Онда біздің егеменді мемлекетіміздің әлем қоғамдастығы алдындағы мән-мағынасы, рухы мен бүкіл болмысы, оның өркениетті даму кезеңінің ерекшеліктері, әлсмдік демократиялық құндылықтары жан-жақты көрініс тапқан.

Ата Заңда қоғамда қолданылып жүрген жаңа ұғымдар мен атаулардың ғылыми және күнделікті айналымға енгізілгенін байқау қиын емес. Соның арқасында жаңа кезеңдегі нарықтық термин атаулары арнаулы, түбегейлі теориялық және қолданбалы салаға ауысты, қоғам тұрмысының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл Конституцияның сөзсіз жаңашылдығы.

Ата Заң бойынша республикамызда демократиялық Президенттік басқаруға жол ашылды. Соған сәйкес Президенттің саяси билігі де қуатты. Президент Конституциялық негізде Парламентті шақыру немесе тарату және заң шығару бастамашысы құқығына ие. Сонымен бірге Президент Конституция талабына сәйкес Заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері арасында озара өкілеттілікті, олардың ара-қатынасын үйлестіреді. Оны Президенттің 1996 жылдың маусым айында Парламент пен Үкімет арасындағы қарым-қатынаста туған дағдарысты ешқандай дау-дамайсыз Ата Заң баптарының талабына сәйкес ойдағыдай шешуі тәжірибе жүзінде корсетіп берді.

Конституцияда Президенттік республика жағдайындағы Парламент құзыры айқын белгіленген. Ол халық қамын ойлап, оның мүддесін қорғайтын демократияшыл әрі баршаға түсінікті заңдар шығарып, қабылдайтын орган. Парламент - Сенат және Мәжіліс палаталарынан тұрады. Бұған дейін Парламентте мұндай екі палата деген ұғым болған емес. Ата Заңда екі палаталы парламенттің ерекшеліктері де егжей-тегжейлі корсетілген. Жаңа Конституция бойынша депутаттар саны бұрынғы 177-ден 114 адамға дейін қысқарды. Сондай-ақ Парламент қызметінің тиімділігін арттырып, оның депутаттық корпусының кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған бірқатар нормалары белгіленген.

Жоғары мемлекеттік органдар жүйесіндегі үкіметтің

тісті орны, сот билігінің, прокуратураның қызметтері де айқындалған. Әсіресе, сот жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа реформа жүргізуге назар аударылған.

Конституцияға сәйкес жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді, соттар мен судьялардың әділетті үкім шығаруға құқықтық кепілдіктерін нығайтқан мәртебесі заңды түрде белгіленді. Олардың қызметіне араласуға жол берілмейді, судьялардың ісіне қол сұғуға болмайды. Нақты істері бойынша олар ешкімге есеп бермейді, тек Конституция мен заңға ғана бағынады.

Ата Заңның ерекшелігі - ол билік тармақтарының ешқайсысына, мемлекеттік лауазым иелеріне конституциялық құқықтарды бұзуға жол бермеуінде. Мейлі, ол елдің Президенті немесе қатардағы қызметкер болсын, негізгі конституциялық құқықтарды, соның ішінде адам құқықтары мен бостандығын аяққа басуға жол бермейді. Бұрынғы Ата Заңда көрсетілген, бірақ жете тиянақталмаған көптеген маңызды мәселелердің түйіні Конституцияда жаңаша шешілген. Оны, әсіресе мемлекеттік жер, тіл, азаматтық негізгі құқықтар мен бостандық сипаты туралы, қос палаталы парламент құрылымы және Президентті айып тағу арқылы қызметтен кетіру мәселесі жөніндегі баптар мен тармақтардан айқын көруге болады.

Қазақстан Конституциясының жаңа бір басты тарихи маңызы ұлт мәселесіне ерекше көңіл болуі дер едік. Оның өзіндік себебі де бар. Өйткені еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында ұлтаралық қатынастарда бірқатар түсінбеушілік орын алды. 1992-1993 жылдары әрбір төртінші қазақстандықты ұлтаралық қатынастардың ушығу қатері қатты маза лаған еді. Бүгінгі таңда, кейбір деректерге қарағанда осы мәселелерге байланысты біршама аландаушылық білдірген қазақстандықтардың саны 5-6 %-ға дейін төмендеген. Оған, әрине, елімізді мекендеген жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің енді ешқандай этникалық ұлтына қарамастан, барлық мүдделерінің қорғалып отырғандығының нәтижесі. Мұның өзі біздің Ата Заңда ерекше атап өтілген.

Сондықтан Қазақстан халықтарының бір тұтастығы, ұлтаралық келісімі, мемлекеттікті нығайту, дамыту аясында ерекше маңызды. Түрлі ұлыстардың өкілдері тұрып жатқан ел халқының басын біріктіру, оны күнделікті жүзеге

келтіру Конституция қағидалары мен баптарында жан-жақты қарастырылған.

Тіл туралы саясат заңды құбылыс. Өйткені тіл ұлттық мүдделердің нәзік тоғысқан қызу нүктесі. Қазір қазақ және орыс тілдерінде 8300-ден аса және одан басқа он жеті ұлт тілінде оқытатын жүздеген мектеп, 12 тілде шығатын газеттер мен журналдар, 11 және 6 тілде хабар жүргізетін теле және радио тұрақты қызмет етеді. Тіл саясатын іске асыруда Қазақстан халықтары Ассамблеясымен бірқатар ұлттық мәдени орталықтарының белсенді түрде жұмыс жүргізіп отырғанын атап көрсеткен жөн.

Дегенмен тіл мәселесі, соның ішінде мемлекеттік тілді қолдану, қазақ халқы арасында айырықша аландаушылық туғызуда. Мәртебесі мемлекеттік болып бекітілгенімен қазақ тілі осы кезге дейін білім, ғылым, іс жүргізу саласында өзінің лайықты орнын таба алмауы кім-кімді де қынжылтты даусыз. Ал, оның есесіне әлі күнге дейін халық өкілдері жиналған түрлі деңгейдегі бас қосу, ғылыми форумдар, Парламент, Үкімет пен Ассамблея мәжілістері орыс тілінде отіп келеді. Қазақ тілі бұрынғысынша тек жергілікті халықтың арасында, онда да тек күнделікті тұрмыста ғана азды-көпті қолданудан аспауда. Сондықтан бұл жағдайды ескере отырып, 1997 жылғы шілдеде қабылданған “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заңның” орындалуына бақылау жасау, оны іске асыруда лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, тіл саясатын жүргізу үшін мемлекет қорынан тиісінше қаржы бөлу, бүкіл баспасөз, теле және радио хабарларының тең жартысын қазақ тілінде жүргізу алда тұрған аса маңызды міндет.

Жаңа Конституцияда республиканың азаматтығы туралы талас-тартысқа біржолата нүкте қойылған. Онда бұрынғы КСРО-ның ыдырауы және егемен мемлекеттердің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру кезіндегі азаматтық мәселе жөніндегі орын алған алуан қиғаштықтар мен қайшылықтар нәтижесінде жинақталған өмірлік тәжірибе де жете ескерілген. Осыған байланысты Қазақстан Конституциясында қос азаматтық болмайтыны заң жүзінде бекітілді. Ата Заңда бүгінгі таңда іс жүзінде орындалмайтын, азаматтарды қызметпен қамтамасыз ету құқығы қысқартылып,

оның орнына “Еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар” - деп көрсетілген. Білім беру, тұрғын үй, денсаулық сақтау саласын мемлекет тарапынан тегін қаржыландыру өткен кеңес қоғамының қанжығасында кетті. Енді азаматтарға тек мемлекеттік оқу орындарында, орта білім және жоғары оқу орындарында іріктеп сұрыптау арқылы тегін білім алуға кепілдік берілген. Мұның өзі елдің нарықтық экономикалық жолына түсуінің айқын дәлелі іспетті. Ата Заңда азаматтардың құқықтары мен оларға қойылатын талаптар жөнінде де жаң-жақты көрсетілген.

Қазақстан жаңа Конституцияны қабылдау арқылы дүние-ежүзілік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алды. Сондықтан республиканың әрбір азаматы оның мазмұнын жете біліп, талаптары мен қағидаларын мүлтіксіз сақтауға, мемлекеттік нышандарды құрметтеуге міндетті.

§3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері

1992 жылғы маусым айының 4-ші жұлдызы - Қазақстан Республикасы тарихындағы ерекше мәртебелі күн. *Бұл күн еліміздің мемлекеттік рәміздері - Туы, Елтаңбасы, Әнұраны - дүниеге келген күн ретінде мәңгі есте қалады.*

Егеменді Қазақстанның жаңа Елтаңбасының авторлары - белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Олар бәйгеге түскен Елтаңбаның 245 жобасы мен 67 суреттемесін жеңіп шыққан. Елтаңбаның жалпы пішіні толық шеңбер кескінін береді. Шеңбер ішіндегі нышан белгі - Елтаңба идеясының басты жүгін арқалап тұрған, әрине, шаңырақ. Қазақта «шаңырағың шайқалмасын» дейді. Бұл киелі ұғым халқымыздың ең ізгі тілегін білдіреді. Елтаңбадағы аймүйізді, алтын қанатты ғажайып пырақтар қорғап, қияға көтерген қазақтың кара шаңырағының бейнесіне қарап тұрғанда бірден еске түсер ой да осы. Еліміздің туына айналған ұлы идея - еркіндік идеясы, жұрт-жұрағатымыз аман болсын деген тағы бір ұлы идея - өміршеңдік идеясы туғызған қасиетті белгі, барша халқымыздың бойтұмарына айналған.

Шеңбер ішіндегі киіз үй шынайы шеберлікпен шендес-

тірілген түңдігі - аспан, күмбезіндегі асыл шырақ - күн бейнесін елестетсе, уықтары - одан тарап жатқан алтын сәулелердей әдемі әсер қалдырады. Қисыны табылып керегелердің көрінісі де берілген. Әр бөлшектегі әсем айшықтылған шаңырақ алдымен өз халқымыз, одан қалды, қатар тіршілік кешкен басқа да ұлт өкілдері бар бірлесіп кереге-уықтай кірігіп, күш-жігер жұмсап, аяғынан тік тұрғызуға кіріскен қасиетті отауымызды, тәуелсіз мемлекетімізді меңзегендей болады. Киіз үй - көшпелілер мәдениетінің ғажайып туындысы. Бүкіл әлем оны сәулет өнерінің теңдесі жоқ үздік үлгісі деп мойындағаны қашан. Ол туралы сонау ықылым замандардан бастап, көне тарих бастауында тұрған әйгілі Геродот, медицинаның атасы Гиппократ тамсана жазған. Киіз үй отбасы тұрағы ретінде ғана пайдаланылмаған. Ол көшпелілер үшін қоғамдық-әлеуметтік мәні бар орын ролін де атқарған. Аумағы ат шаптырым көп қанатты хан ордалары да болған. *Киіз үй - көшпелілер өмірінің ең бір жиынтық образы. Қасиетті қара шаңырақ бейнесі біздің төл мәдениетіміздің, далалық табиғатымыз бен салт-дәстүрлеріміздің өнердегі көрінісі.*

Елтаңба композициясын құрап тұрған келесі бір маңызды бөлік - ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ бейнесі. Ол геральдистер тілінде арыстанның жүректілігін, қыранның қырағылығын, өгіздің ғаламат қара күшін, еліктің ғажайып көзге ілінбес шапшаңдығын, қырмызы қызыл түлкінің қалай болғанда да жауын жер соқтырар айлакерлігін білдіреді. Көшпелілер ұғымында жылқы-түлік біткеннің төресі. Оның жолға беріктігі мен жүрдектігі, еті мен қымызының қоректігі және шипалық қасиеттері жанға дәру болса, ойынды айтпай қозіңнен ұғатын қасиеті мен талғампаз кірпияздығы /мысалы, жылқы ешқашанда лай суға түмсығын малмайды/ мінез-құлқындағы тектілік ретінде жоғары бағаланады. Көне түсініктер бойынша, киелі көк пырағы адамды тәңірлер мекен еткен аспанмен байланыстырады. Ал басқа түліктердің барлығы адамға қызмет етуге жаратылған, бар тіршілігі жер-анамен ғана байланысты деп есептелінеді. Ат болса - адамның қанаты. Жалына қолың тиісімен-ақ жердің тартылыс заңын жеңіп, қиялыңа қанат бітеді. Жақсы ат мінген - жарым патша. Бұрынғы кезде аты жоқ жарлы өзін елдің қоры сезінген.

Ел серігіне баланып, ел сүйген пырақтың көркемдік бейнесіндегі қанат пен мүйіз бір қарағанда көзге таңсық көрінгенімен, халықтық таным-түсінігімізге жат емес. Мүйізді айбын-айбат, ақжолтайлық белгісі деп қарау ертеден келе жатқан ұғым. “Қошқар мүйіз” орнегінің халықтың қолданбалы өнерінде кең таралуының астарында елдікті танытар қажырлылық пен қайраттылықтың нышаны жатса керек. Ал арғымақтардың алтын қанаттарын, сонымен қатар, астықтың алтын масақтарын бейнелеу - бұл еңбектің, молшылықтың белгісі іспеттес.

Елтаңбадағы енді бір назар аударатын белгілер - маңдайдағы бес бұрышты жұлдыз бен елдің аты. Тәуелсіз мемлекетіміздің құшағы бес құрлыққа бірдей ашық, әлемдік оркениет көшіне өз болмыс - бітімімізді сақтай отырып, ілеспек ниетіміз бар дегенге меңзейтін бес бұрышты жұлдыз бізге бұрыннан таныс. Бес бұрыш формасы Күлтегін ескерткішінде де (731 жыл) қолданылған. Ол аспан денелерін, әсіресе күн мен айды, одан кейін жұлдыздарды кие тұғатын халқымыздың “бағымыз ашылып жұлдызымыз жарқырай берсін” - деген асыл арманын арқалап тұр. Ал елдің аты - Қазақстан - қазақ елі болып орілуі көркемдік шешім жағынан да, мағыналық жағынан да айтарлықтай ұтып тұр. Елтаңбаның негізгі бояуы алтын түстес. Оған зеңгір көк нұрдың қосылуы мемлекеттік нышанды айырықша әрлендіріп, бедерлендіре түскен.

1992 жылдың 6 маусымында Абай атындағы опера және балет театрының зәулім ғимаратында Президент Н. Ә. Назарбаев салтанатты түрде ту шашағын сүйіп тұрып: “Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі желбіресін, күніміз мәңгі сонбесін”- деген еді. Еліміздің туы - қасиетті көк байрақ. Оның авторы - суретші Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік тудың негізгі ерекшелігі оның түсі. Зеңгір көк түс адам баласы түйсініп қабылдап, қолданып жүрген бояулардың ең бір реңділері қатарына жатады. Бұл кездейсоқтық емес. Өйткені адамзаттың бойына біткен өнер өзін қоршаған ортаға, табиғатқа еліктеуі нәтижесінде дүниеге келген ғой. Ендеше аспан түстес бояудың айырықша ықыласқа бөленуі әбден заңды. Ол табиғаттың өзі жасайтын ғаламат гүл шоғын - кемпірқосақ болмысындағы қасиетті жеті бояудың бірі.

Зеңгір көк түсті кие тұту дәстүрі халқымыздың көне тарихынан белгілі. Ол, әсіресе, Түрік қағанаты құрылған алтыншы ғасырда айқын аңғарылады. Түркі халқының көбінесе көк шатыр тігіп, бектері киімді көк түстен киген. Қағанат жұртының “көк түркілер” атауы “аспан түркілері”, “тәңірлік түркілер” деген мағынаны білдірген. Соған орай ата-бабаларымыз қасиетті борілі байрақ та “Көк асаба” атанған. Тағы бір назар аударарлық жай - Мемлекеттік туымыздың шымқай біртүстілігі. Қоспасы, қосары жоқ ол халқымыздың мәдени-этникалық біртектілігін, мемлекеттік тұтастық идеясын білдіреді.

Туымыздағы нұр шұғылалы алтын күн бейнесі, қыран қоңыл халқымыздың асыл арманын арқалаған адал бүркіті мен рухани болмысымыздың жарқын бір көрінісі болып табылатын ұлттық өрнек - сондай айтары мол астарлы айшықтар. Сондай-ақ, Геральдика заңы бойынша, күн бейнесі байлық пен берекенің нышаны болып саналады.

Табиғаттың тол баласына айналған кошпелілер ұрпағы үшін тудағы қанатты қыран - дала бүркітінің де орны болек. Бүркіт бейнесі өкімет билігін паш етіп, корегендік пен кеңдікті білдіреді. Далалықтар үшін ол еркіндік белгісі, биік армандарға қол созу, жер бетіндегі тіршілік көші ұмтылған, алыс армандарға қиялап қанат қағу нышаны. Туымыздағы бүркіт бейнесі тәуелсіздік алып, қанатын қомдаған қазақ елінің әлемдік оркениет биігіне талмай ұмтылып, талассыз жетуін тілеген игі ниеттеп туғаны анық.

Тол туымызды даралап тұрған тағы бір белгі - оның сабына таяу тік тартылған ұлттық орнекті жолақ. Онда “Қошқар мүйіз” деп аталатын қазақы өрнек қойылған. Өрнек халқымыздың қолданбалы өнерінен жеткен ең ұлы табыстардың бірі. Өрнекте кошпелілердің көркемдік танымы барынша жарқын көрініс тапқан. Бүгінгі күнге дейін келген ою-өрнектер талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің бірнеше ондаған ғасырларға созылған үздіксіз ізденісінің жемісі.

Тәуелсіз мемлекетіміздің Әнұраны - асыл қазына. Ол халық жүрегінің лүпілін тұмар қып түйген музыкалық сәлем хат іспеттес. Ел басшылары ресми сапарының беташары болатыны да содан. Қазақстанның Әнұраны әуенінің авторлары ұлы композиторлар Мұқан Төлебаев, Евгений Бру-

силовский, Латиф Хамиди. Олар бірлесіп шығарған әйгілі әуенінен қазақтың дархан мінезі мен ер көңілі сезіліп, айдың көл, асқар тауға жан берген шалқар самалының лебі еседі. Музыка халықтың жан дауысы десек, әсем әуеннен халқымыздың ұлттық мінезі, асыл аңсары тәңірлік тілмен төгіліп жатыр.

Әнұран - әлемдік қауымдастық аясына ұмтылған мемлекетіміздің басқа жұрттармен байланыс жасау кезінде қас-терленіп, қасиетті бір ресми белгісі. Осы орайда ел символына айналған музыкалық нышан қазақта жалғыз емес екенінде айтқан жөн. Ресми атап түстелмеген, бірақ халықтың рухы салтанат құрған көпшілік аузына бірден түсер саздар бар. Мысалы, 1986 жылы желтоқсан оқиғалары кезінде елінің еркіндігі мен ар-намысының жоқтаушысы болған жас ұландардың жан дауысына айналған “Менің Қазақстаным” сондай саз. “Елім-ай” да сонысымен қымбат. “Ел айырылған”, “Сарыарқа” күйлері де солармен тағдырлас. Бұл да халық көңілінің қалауы. Әрі баршаның бой тұмарына айналар аяулы әуен туғызу басқа жұрттар тәрізді қазақ елінде де бар үрдіс екенін еске салады. Ән мен күй көшпелілердің табиғатпен тілдесу құралы десек те болады. Олардың түсінігінде бүкіл табиғат ән салады. Сайын дала да, саумал көл де, тәкаппар тау шыңдары да. Асау толқын мен ақ селеу, самал жел мен сансыз жұлдыздар да өзінше күй ұқтырады. Айнала толған әуен болса, өз тыныс-тіршілігіңді одан қалай бөліп аласың. Сондықтан ұлы Абай “Келгенде дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең”- деп толғанған. Әрине, Әнұран жеке адам тіршілігінен гөрі, бүкіл бір қауымның өмір салтына, мемлекеттік іс-қимылына көбірек қатысты. Ертеде халық ән арқылы ұран шақырып, жиналған ру-ұлыстар мен тайпалар бірлесіп елдің намысын қорғаған. Әнұран тек әуеннен ғана тұрмайтыны белгілі. Оның сөздері де қасиетті. Әнұран сөздерін жазған дүлдүл ақындармыз - Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева.

Бойтұмар жырда халқымыздың еркіндікке құштар көңілі, тамыры терең болмысы, еңселі ертеңіне бағышталған арманы жақсы көрініс тапқан. Сол сияқты рухани қазынамызды танытар халықтық қасиеттер, бейбіт пейіліміз бен

досқа ашық құшағымыз туралы төлғаныс та орынды шыққан.

Қорытып айтқанда, біздің жаңа Конституциямыз, еліміздің рәміздері Қазақстан халқының бірнеше ондаған ғасырлар бөйі аңсаған шынайы егемендікке қол жеткендігін паш етеді. Ата Заң қағидаларына сай елімізді мекеңдейтін барлық халық республикадағы мемлекеттік биліктің жеке қайнар көзі болып табылады.

Отыз алтыншы тарау

Егемен Қазақстанның экономикасы

§1. Қазақстанда нарықтық қатынастарға қошу: қиыншылықтар мен қайшылықтар

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға қошуді таңдап алған болатын. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда Қазақстан Ресейдің үлгісімен бағаны ырықтандыруға, мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті.

Қазақстанда нарықтық экономикаға қошудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді. Бірінші кезең - 1991-1992 жылдар, екінші кезең - 1993-1995 жылдар аралығы бөліп, осы мерізімде жүргізілетін іс бағдарламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, Президенттің Жарлығымен бекіді. Ал үшінші кезең - 1996-1998 жылдарды қамтуға тиіс болды. Осымен байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылданды. Нарықтық экономикаға қошу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Мөнопөлияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т. б. Сондай-ақ нарықтық экономикаға тән инфрақұрылымның да кейбір түрлері: биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компания-

лар өмірге келді. Сөйтіп, нарықтық экономикаға қарай, меншіктің түрін өзгертуде, аралас экономика құруда біршама жұмыстар атқарылды.

Алайда, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді.

Бірінші. Реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдіс-айласы да толық анықталмады.

Екінші. Барлық елге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. “Жапондық”, “Немістік” тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қордың ұсынған “есеңгіретіп емдеу” деп аталатын жолына түсіп, Ресейдің соңынан ерді. Ол Ресейден бөлек дербес экономикалық саясат жүргізу қиып деген желеумен жасалды.

Үшінші. Экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалуы арқылы жүзеге асуға тиіс. Ал Қазақстанға қажетті заң жүйесі жасалып бітпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру өкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты.

Төртінші. Қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмаған-ды. Реформаны жүзеге асыру үшін оған қажет механизмдерді жасау керек еді.

Бесінші. Инфляцияны (күнсыздандыруды) ауыздықтама-са ешбір істе береке болмайтыны белгілі. Бірақ осыған қарамастан мемлекеттегі қаржы, несие, ақша жүйесі ретке келмеді. Ұлттық банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары пайызбен сатып, пайда табумен әуестенді.

Алтыншы. Қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейгені соншалық, ол қоғамның қатерлі ісік сияқты ең қауіпті ауруына айналды. Оған жаппай тәртіпсіздік, жау-

апкерсіздік қосылды. Міне, бұлар реформаны жасауда, қоғамды дұрыс дамытуда өздерінің кеселдерін тигізді.

Жетінші. Мемлекет басшылары экономикалық дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, оның ойқырын, бүге-шігесін, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағалай алмады. Елді дағдарыстан бір-ақ жылда шығару саясаты жүргізілді. Бірақ ол ешқандай нәтиже бермеді.

Сондықтан мемлекеттің алдында дағдарыстан шығудың жолдары қарастырыла бастады. Оның ең бастысы - *бағаны ырықтандыруды* белгілі бір жүйеге келтіру еді. Нарықтандырудың барысын, оның неден басталғанын, қалай басталғанын халық жете түсінбеді. Қазақстанда ырықтандыру 1992 ж. мұнайдың, мұнайдан шығатын өнімдердің, басқа да энергия көздерінің бағасы әлемдік бағаға дейін жоғарылауы керек деген ұранмен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғары таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті, оны қотеру мүмкін болмай қалды.

Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс - *жекешелендіру*. Ол жайында көп айтылды, көп жазылды. Мемлекеттік меншікті тезірек жойып, бәрін жеке меншікке айналдырсақ, халық жұмыла жұмыс істеп, өндіріс жанданып, ел байып, бәрі де орнына келеді деп ойланды. Тәжірибе жүзінде олай болмай шықты. Жекешелендіру барысында елімізде үш бағыттағы /шағын, жаппай және жеке жобамен/ кәсіпорындар құрылған. Ауылдағы жеке шаруа, басқа құрылымдар, сондай-ақ, қаладағы жеке және қауымдастық түріндегі кәсіпорындар саны есепке алынған. Алайда, осыған қарамастан, ең бастысы - мемлекет меншігіндегі мүлік инфляцияны дұрыс ескерумен сатылды ма, оның қандай бөлігі текке берілді, қандай бөлігі қанша пайдамен немесе қанша зиянмен сатылды? Кейінгі мерізімде толеуге берілген мүліктің мөлшері қандай? Жекешелендіруден не ұттық: өнімнің көлемі артты ма, баға арзандады ма, пайда көбейді ме? Бұл істегі нәтиже есептелген жоқ, талдау жасалған жоқ.

Нәтижесінде мемлекеттік меншікті жекешелендіру жарияланған екі кезеңінде де /1991-92 жж және 1993-95 жж/

мүліктің үлкен талан-таражға түсуіне жол берілді. Бұл халық шаруашылығы үшін берекесіздік тудырып, экономиканың күйреген, таяу жылдарда шыға алмайтын терең дағдарысқа ұшырауының басты себебінің біріне айналды. Сондай-ақ, елдің экспортқа өнім шығаратын кәсіпорындары ескі әдетіне басып, оздерінің тауарларын эшелон-эшелонмен сыртқа жөнелте беруді ғана білді. Соның салдарынан республикадан 250 млрд. сомның өнімі сыртқа, негізінен алғанда Ресей Федерациясы мен ТМД елдеріне, су тегін кеткен болып шықты. Сондықтан бұл жағдай үкіметпен барлық экономикалық институттарды, Статистика мен Қолдау комитетін қатыстыра отырып, терең талдау жасауды талап етті. Тек осындай талдаудың қортындысына сүйене отырып, үкіметке алдағы уақытта неңдей істерді жүргізуді анықтау керек болды.

Осымен байланысты 1994 жылдың қаңтарында экономикалық реформаны жүргізуді жандандыру жөніндегі шаралар туралы Президент қаулы қабылдады. Онда дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бағдарламада Қазақстандағы жүргізіліп жатқан реформалардың ерекшеліктері, елдің өндіргіш күштері, өндірістік қатынастар, өндірістік аппарат, игерілетін қазба байлық, елдегі 7 миллиондай еңбекке жарамды адам күші ескерілді. Бұдан басқа бағдарламада энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қойылды, өндірістің құлдырауы тоқтатылып, экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны ауыздықтау қажет екені айтылды. 1993 жылдың қараша айының 15-ші жұлдызында мемлекеттің өз ақшасы – тенге енгізілді.

1994 ж. наурызда Президент Жарлығымен ауыл кәсіпорындарының отей алмаған 2,2 млрд. сомдық несиесінің мерізімі екі жылға ұзартылды. Бірақ сол жылдың сәуірінен бастап энергияға, энергия көздеріне баға жоғарлады. Осыдан келіп инфляция тағы өсті, деңгейі 1260 пайызға жетті.

Реформаның барысында Қазақстанда 1994 жылдың күзінен үкімет макроэкономикалық реттеуді меңгере бастады. Бағаның өсуі біраз тежеліп, инфляцияның өсу қарқыны елеулі түрде төмендеді. Сол сияқты ұлттық банктің несиеге алатын пайызы да қауырт азайды. Ақша-қаражат

саласында да осындай түзеліс байқалды. Өнеркәсіптің кей салаларында да оңға басушылық орын алды.

Жалпы дағдарыстан шығудың, реформаны жүргізудің пәрменді құралының бірі - экономикалық орталық болу тиіс еді. Алайда, Министрлер кабинетінде реформаны ойластырып, алға бастыратын орталық болмады. Экономика министрлігі ондай орталық бола алмады. Нәтижесінде 1994-1995 жылдары дағдарысқа қарсы шаралар мен реформаны тереңдету бағдарламасы негізінен орындалмай қалды. Макроэкономикалық тұрақтандыру және құнсыздандуды тоқтатуға қол жетпеді, тиімді сыртқы сауда саясатын жасау да көңілдегідей болмай шықты, әлеуметтік саясат та халықтың басым көпшілігінің наразылығын оршіткені болмаса разы етпеді, ең бастысы 1994 жылғы құжатта жазылған “адамдардың өмірін жақсартуға қажетті жағдайлар туғызу” – деген уәде орындалмады.

Нарықтық реформаға кошудегі жіберілген тағы бір қате - *ол үкімет басшыларының елдің экономист ғалымдарына сенбеуі*. Оның себебі бізде бұған дейін нарықтық экономика болмады, сондықтан біздің экономистер нарыққа көшудің жолдарын, түрлі тетіктерін білмейді деп есептелді. Осымен байланысты нарықтық экономикаға көшу үшін кеңесші ретінде экономист-ғалымдар АҚШ-тан, Франциядан, Түркиядан, Ресейден т. б. жерлерден шақырылды. Бірақ сол мемлекеттерден шақырылған экономист-кеңесшілер өз елінде, өз топырағында маман болғанмен, олар біздің жағдайды, халықтың менталитетін, психологиялық ерекшеліктерін ескермеді, тіпті білмеді де. Олардың білетіні Батыстың дамыған, қалыптасқан нарықтық экономикасы еді. Оған қоса ТМД елдерінде экономикалық дағдарыс капиталистік қоғамға тән классикалық артық өндіру дағдарысы емес, жетіспеушілік дағдарысы – тын. Екіншіден, ол елдерде баяғы заманнан тауар өндірісі, тауарлық қатынастар толық қалыптасқан. Ал бізде бұлар болған жоқ. Үшіншіден, ТМД елдерінде социалистік экономикадан нарықтық экономикаға көшу тез қарқын алды. Сондықтан шетел экономистерінің кеңесі тиісті нәтижесін бермей, аяқсыз қалды.

Нарықтық қатынастарға кошу барысында бізде орын алған тағы бір үрдіс бар. Ол сонау Столыпин реформасынан, одан бері Қазан төңкерісінен кейінгі индустрияландыру,

ұжымдастыру науқандары сияқты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге революциялық сипат беру. Ал біздің халық бұл үрдіске үйренбеген және ол халықтың психологиясына келе бермеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығын жекешелендіруде үкімет асығыстық жіберді. Дағдарыс жағдайында бой көтерген жеке фермерлер басқа халықты асырмақ түгіл, олардың көпшілігі өзін-өзі әрең асырап отырды. Нәтижесінде 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламаларда инфляцияны томендету, өндірістің құлдырауын тоқтату және өндірістің ұлғаюы үшін жағдайлар жасау жоспарынан ешнәрсе шықпады. Сондықтан мақсатты нұсқамалар түрінде 15 айға арналған қосымша бағдарлама қабылданды. Оның оң нәтижесі деп инфляцияның баяулауын айтуға болады, бірақ өндірістің құлдырауын тоқтату мүмкін болмады. 1992 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақты болған 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%, 1993 жылы - 28%, 1994 жылы - 48%, ал 1995 жылы - 45 % жетті.

Қазақстан үкіметі осыдан кейін 1996-1998 жылдарға арналған жаңа бағдарлама қабылдады. Онда реформаның ең күрделі деген мәселелерін шешу маңызды орын алды. Алайда, бағдарламада көзделген жекешелендіруді аяқтау, бірыңғай холдингтік, шағын және орта кәсіпкерліктерді қолдау, ауыл шаруашылығында қосымша 30 мыңға жуық шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарды құру айтарлықтай нәтижелер берген жоқ.

1999 жылы басталған төртінші кезең қазіргі уақытқа дейін жалғасып, мемлекеттік меншікті басқару мен пайдалану мәселелерінде мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында өкілеттіктерді бөлу жөніндегі жаңаша көзқарастармен сипатталды.

1997 жылдың қазан айында Президент Н. Ә. Назарбаев республика халқына “Қазақстан-2030” деген атпен жолдау қабылдап, онда еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе “Қазақстан барысын” қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі бекем тұстарын және сыр-

тқы саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру көзделген. Олар: ұлттық қауіпсіздікті сақтау, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту, нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу, Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлауқатын көтеру, энергетика ресурстарын жете пайдалану, инфрақұрылым, көлік және байланысты дамыту, демократиялық кәсіби мемлекетті құру.

Тек осы аса маңызды шараларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы мүмкін екендігіне сенім білдірілді.

“Қазақстан-2030” Бағдарламасының талаптарына орай соңғы жылдары еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлемдік стандарттарға сай түзілген заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, биліктің, сот және құқық қорғау органдарын қоса алғанда, оның барлық тармақтарының құрылымы мен қызметінің қағидаттары едәуір жетілдірілді. Сондай-ақ, демократия мен азаматтық қоғам институттары даму жолына түсті.

Қазақстан геосаяси кеңістікте әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде лайықты орын алды. Қалыптасқан әріптестік саяси және экономикалық қатынастар мемлекетімізді барлық дүниежүзі елдерімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Қазақстан жетекші халықаралық ұйымдарда, соның ішінде, БҰҰ-да белсенді жұмыс жүргізіп, антиядролық қозғалысқа, жаппай қарусыздануға, бітімгершілік және терроризмге қарсы күрес ісіне лайықты үлесін қосып келеді.

“Қазақстан-2030” стратегиясында көрсетілгендей, әсіресе, соңғы жылдары республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалып отыр. Тек 2000-2002 жылдары жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 35,5 пайызды құрады. Сауатты макроэкономикалық саясат еліміздің халықаралық беделін едәуір көтеруге жағдай жасады. Қазақстан бұл жылдары ТМД елдерінің арасында жап басына шаққанда шетелдік инвестициялар тарту жөнінен көш бастады. Осының нәтижесінде республика экономикасының барлық дерлік салаларында, әсіресе, ауыл шаруа-

шылығында, сауда мен қызмет көрсету саласында жеке меншік секторы басым бола түсті.

“Қазақстан-2030” бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәуелсіз еліміздің басты табыстары мен жетістіктері – мемлекеттің қауіпсіздігін нығайту және экономикалық өрлеу болғанын айтқан жөн. Бұл барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, әл-ауқатының артуына кең өріс ашты. Қазір біздің республикада нарықтық экономика мен демократиялық мемлекеттің іргесі қаланып қана қойған жоқ, сонымен қатар барлық қазақстандықтардың игілігі үшін кәделі әрі әлеуеті жоғары, әрі ішкі ресурстары мол әлеуметтік-экономикалық дамудың кемеліне келген үлгісінің нақты нышандары қалыптасты. Оған дәлел ретінде бүкіл әлемдегі ең күшті мемлекет – АҚШ-тың Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел мәртебесін беру туралы шешімін ерекше атап көрсеткен жөн. Бұл АҚШ басшылығының, американдық іскер топтар мен сарапшыларының қазақстандық реформалардағы жетістіктерін мойындауы болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның ТМД елдері арасында осы мәртебені бірінші болып алуы кездейсоқтық емес. Бұл шешім Қазақстанға қатысты АҚШ және тағы басқада дамыған елдер тарапынан экономикалық шектеулер мен түзетулерді алып тастаудан өзінің көрінісін тапты. Ол болашақта республиканың нарық қатынасына көшкен ел ретінде Дүниежізілік сауда ұйымына кіруінің оңтайлы алға шарты болып табылады.

§2. Қазақстан өнеркәсібі

Қазақстан басқа республикаларға қарағанда нарық қатынастарын бұрын бастап кеткені жөнінде жоғарыда айтылды. Бірақ нарықтық экономикаға көшу өнеркәсіптің одан ары дамуына жол ашпады. Қайта өнеркәсіп салалары, әсіресе, ауыр идустрія, халыққа аса қажет жеңіл өнеркәсіп орындары біртіндеп тоқтай бастады. Кәсіпорындардың көпшілігі бірқатар себептер бойынша: қажетті материалдық ресурстардың жоқтығынан немесе тұрақсыз қаржы жағдайына байланысты өз қуаттарын толық пайдалана алмады. Күрделі құрылыстың қысқаруы экономикаға кері әсерін тигізді. Ин-

вестициялық процестің томендеуі қоғамдық өндірістің тоқырауына соқтырды. Экономиканың тұрақтануына қаржы-ақша жүйесінің терең дағдарысы кесірін тигізді. Мемлекет бюджетінің тапшылығы - бір жағынан, кәсіпорындар мен мекемелер қорының өсуі, халықтың бар ақшасын “шұлық ішінде” немесе банкте жинақтауы - екінші жағынан, инфляцияны одан ары жоғарылатты. Егер 1991 жылы өнеркәсіпте көтерме бағалар үш есе өскен болса, 1992 жылы 24,7 есе артты. Өнеркәсіп орындарының жартысы 1991 жылғы деңгеймен салыстырғанда өндірістің құлдырауына жол берді. Халық тұтынатын тауарлар өндіретін салаларда алаңдатарлық жағдай қалыптасты. Оны өндіру көлемі өнеркәсіп өндірісінің бүкіл көлемінің бестен бір бөлігін ғана құрады, сөйтіп 1991 жылмен салыстырғанда 21,5%-ке кеміді. Осы уақыт ішінде, әсіресе, Жамбыл, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарының кәсіпорындары едәуір құлдырады. Республика бойынша мұнай мен көмір өндіру қысқарды, электр қуатын өндіру мен тұтыну арасындағы алшақтық өсті. Жыл бойында металлургия өнеркәсібіндегі жағдай күрделі қалпында қалды: шойын, болат, прокат құю азайды. Түсті металдар - магний, тазартылған мыс, қорғасын, титан, цинк өндірісі қысқарды. Металлургия және химия саласындағы өнеркәсіп жұмыстарының нашарлауымен байланысты құрылыс және ауыл шаруашылығы техникаларын шығару едәуір кеміді. Тракторлар, экскаваторлар және бульдозерлер шығару екі есе, металл кесетін станоктар - үштің біріндей қысқарды. Орман, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің кәсіпорындары өз жұмыстарын айтарлықтай нашарлатты.

Күрделі құрылысты қаржыландыру көлемі 40 %-дан астам қысқарды, нәтижесінде 1992 ж. мемлекеттік тапсырыс бойынша іске қосылуға тиісті 32 өндірістік қуаттар мен объектілердің тек екеуі ғана іске қосылды.

Өнеркәсіптің құлдырауы 1993 және 1994 жылдары да тоқтамады. 1993 жылы 1990 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі 16,1 % азайды. Оның ішінде электр қуатын өндіру 13 %-ға, мұнай өндіру 9 %-ға, көмір өндіру 17 %-ға төмендеді. Ал 1994 жылы 1992 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 39 %, халық тұтынатын тауарлар 41 % кеміді. Дегенмен 1995 жылы республикада тұтас-

тай алғанда, өнеркәсіп өнімінің төмендегеніне қарамастан, оның жекелеген салаларында 1994 жылмен салыстырғанда: газ өнеркәсібінде - 29,3 %, қара металлургия - 17,4, химия және мұнай-химия өнеркәсібінде - 3,4, түсті металлургия өнеркәсібінде - 1,9 % өсім байқалды. Бірақ инвестициялық мақсаттағы өнімдер және тұтыну тауарларын шығаруға бағытталған салаларда өндірістің едәуір құлдырауына жол берілді. Өнім өндіру жеңіл өнеркәсіпте 59,8 %-ға, орман, ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде 45, тамақ өнеркәсібінде 20,7 %-ға артта қалды. 1995 ж. Республика бойынша түгелдей алғанда кәсіпорындардың 44 % (4743 -тің 2088-і) 1994 жылғы өндіріс көлемінің деңгейіне жете алмады. Өндіріс көлемін томендеткен кәсіпорындардың басым көпшілігі Торғай, Талдықорған, Алматы, Атырау, Көкшетау және Қарағанды облыстарының үлесіне тиді. Соның нәтижесінде Қазақстан кәсіпорындары 166,5 млрд. теңгенің өнімдерін кем берді. Бұл республикада шығарылған өнеркәсіп өнімдерінің 26 %-ын құрады. Бір ескертіп айтатын жайт 1995 жылы 1994 жылмен салыстырғанда электр қуатын, газ конденсатын, табиғи газ, темір және хром рудасын өндіру ұлғайды. Солай бола тұра жылу энергиясын, мұнай, мырыш өндіру томендеді.

1996 жылы республикадағы кәсіпорындарды реформалау және жеке жобалар бойынша ірі объектілерді жекешелендіру жөніндегі жұмыс қарқын алды. Жетекші ірі кәсіпорындар өнімдерінің бағасы мен тарифтеріне бақылау жасау, сондай-ақ, оларды шағындау және бәсекелестік орта құру жөнінде салиқалы саясат жүргізілді. Бірақ осыған қарамастан 1996 жылы өндірістің құлдырауы тоқтамады. Өндірістің құлдырауы энергетика кәсіпорындарында 8,9 %, қара металлургияда - 17,8 %, машина жасауда - 9,9 %, химия және мұнай-химия өнеркәсібінде - 27,2 %, құрылыс материалдары өнеркәсібінде-31,8 %, ұн тарту-жарма және құрама жем өнеркәсібінде - 9,5 % болды. Дегенмен 1996 жылдың соңына қарай өнеркәсіптің құлдырауы кейбір салаларда тоқтап, аздап өскендігі байқалды. Мәселен, осы жылы, 1995 жылмен салыстырғанда, мұнай өндіру - 16,1 %, түсті металдар өндірісі - 2,7 % өсті. Инфляция мөлшері де ауыздықтала бастады. 1992 жылғы теңге енгізудің қарсаңында ол 3060 % жетсе, 1996 жылы 28,7 % дейін, 2000

жылы – 9,8 %, 2001 жылы 6,4 %, ал 2002 жылы 5,9 %
томендеді.

Жалпы құлдырау кезіндегі өнеркәсіптің жеке салаларын
алып қарайтын болсақ, олардың шығаратын өнімдерінің
қысқаруы томендегідей болып келеді:

Өнеркәсіп өнім түрлері	1990 ж.	1991 ж.	1993 ж.	1995 ж.	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.
Электр қуатын өндіру /млрд.квт.с/	87,4	86,0	76,1	66,6	59,0	52,0	49,1	47,4	51,6
Мұнай /млн.т/	25,8	26,6	23,0	20,6	22,9	23,4	23,8	26,7	30,6
Көмір /млн.т/	131,0	130,0	112,0	83,3	76,8	72,6	69,7	58,3	74,8
Шойын /млн.т/	5,2	5,0	3,5	2,5	2,5	3,0	2,6	3,4	4,0
Болат /млн.т/	6,7	6,4	4,5	3,0	3,2	3,8	3,1	4,1	4,7
Минералдық тыңайтқыш /мың т./	1656	1516	304	197	190,9	151,4	24,2	-	-
Цемент /млн.т/	8,3	7,6	4,0	1,8	1,1	0,65	0,62	-	-

Кестеде көрсетілгендей 1998 жылы 1990 жылмен салыстырғанда электр қуатын өндіру – 28,3 млрд. квт. сағатқа, көмір – 61,3, шойын – 2,6, болат – 3,6, цемент – 7,6 млн. тоннаға, минералдық тыңайтқыш – 1,6 млн. тоннаға қысқарған, тек мұнай шығару сол бұрынғы көлемінде қалған.

Өндірістің құлдырауының басты себебі - Одақ бойынша бұрынғы қалыптасқан шаруашылық қатынастардың үзілуі. Өнеркәсіптің екінші бір кері кетуі - өз жеріміздегі өндіріс кәсіпорындарының бір-бірімен байланысын, кірігуін, тұтасуын дұрыстап ұйымдастырып, дайын өнім өндіруге бағытталған нақтылы істің болмауы. Өнеркәсіптің артта қалуының тағы бір себебі - оның шикізат өндіруге бейімделген сыңаржақтылығында, дайын тауар өндіретін, әсіресе, машина жасау салаларының жоқтығында болды. Одан басқа мемлекет экономиканы басқарудың тізгінін босатып алды, халық тұтынатын тауарларды шығаруды өз бетімен жіберді, өнеркәсіп саласындағы еңбек өнімділігінің көрсеткіші анықталып жарияланбады, еңбекке ақы толеуде

оның нәтижесі, өнімділігі, олардың арасындағы байланыс еске алынбады, бір сөзбен айтқанда, жалақы өз алдына, еңбек өнімділігі өз алдына жүрді. Мұндай жағдай экономикасы жақсы дамыған елдерде, нарықтық экономикада болмайтын құбылыс екені белгілі.

Өнеркәсіп өнімінің күрт төмендеу себептерінің бірі - жаңа технология мен техниканы пайдалану, оны өндіріске енгізу кең өріс алмады. Бұл іс бұрыннан ақсаулы болатын. Оның себебі біздің адамдардың жаңа технологияны игеріп, қолданудағы білімі мен шеберлігінің жеткіліксіздігі еді.

Қазақстан кәсіпорындарындағы негізгі қорлардың ХХ ғ. 90-шы жылдары тиісті дәрежеде жаңаланып отырмауы, олардың 50 %-ға дейін ескіріп кетуіне әкеп соқты. Кәсіпорындарды жөндеуге қыруар қаржы керек болса, ол республикада жоқ болып шықты. Экономиканы, еңбектің тиімділігін арттыруда еліміздің егемендігін, экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуде энергетиканы, мұнай, темір, көмір, түсті металл өндіретін ірі кәсіпорындарды дамытудың маңызы зор екені белгілі. Бірақ осы бағытта тындырылған іс мардымсыз болды. Елдегі өнеркәсіп саласының құлдырап кетуінің тағы бір себебі, әсіресе мемлекеттік кәсіп орындарда қатаң тәртіптің жоқтығы еді.

Жоғарыдағы айтылған қиындықтар мен кемшіліктерді жою үшін, 1999 жылдан бастап Қазақстан үкіметі елдің өнеркәсібін жандандыруда бірсыпыра шараларды іске асыруға күш салды. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы жасалып, химия өнеркәсібі мен машина жасау саласын дамыту бағдарламасы тиянақталды. Соның нәтижесінде 1999 жылы мұнай-газ өндіру, металлургия, химия, полиграфия және тұқыма-тігін өнеркәсіптерінде өнімнің өсуіне қол жеткізілді. Жыл соңында жалпы өнім өндіру 1%-ға, ал өндіріс көлемін арттыру 1,8%-ға өсті. Елдің алтын қоры 2 млрд. долларға жетті. 2000-шы жылы Үкімет Алматы облысындағы Текелі сілті, Степногорск подшипник, Оралдағы “Зенит” зауыттарына, Павлодардағы трактор зауыты мен “Асыл ағаш” жиһаз фабрикасына жеке-жеке бағдарламалар бекітіп, оларды тез арада сауықтыру шараларын белгіледі. Сонымен қатар дәрі-дәрмек және медициналық өнеркәсіпті өрістету көзделді.

Міне, осындай мемлекеттік маңызды шараларды жүзеге асыру барысында (2000-2002 жылдары) республикада тұрақты экономикалық орлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалды. Едәуір деңгейде бұл өзгерістер өнеркәсіп саласында сырттан әкелуді алмастыру бағдарламасын іске асыруда өзінің тиісті нәтижесін бере бастады. Тек соңғы үш жылда өнеркәсіп өндірісінің өсімі 42,9 пайызды құрады. Қазақстанның өнеркәсіп саласында мұнай-газ өндірісі елеулі орын алып, ол жалпы өнеркәсіп өнімнің 46 пайызына өсті.

Қара металлургияда шойын, болат, прокат, ферросплав құю артты. Түсті металлургияда глинозем, мырыш, қорғасын, мыс т.б. өндіру өсті. Бұл жылдары тек газ-мұнай шығару кәсіп салаларын дамытуға 9,5 миллиард доллар шетел инвестициясы тартылды. Нәтижесінде елімізде 2002 жылы 40 млн. тоннаға жуық мұнай мен газ конденсаты өндірілді. Мұның өзі 1997 жылғы деңгейден 1,5 есе артық. Қазірде мұнай-газ секторы мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың негізгі көздерінің біріне айналып, республиканың жалпы ішкі өнімдерінің едәуір бөлігін қамтыды.

Батыс Қазақстан аймағында Теңіз бен Қарашығанақ сияқты мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі ауқымды жобаларды іске асыру жүргізіліп жатыр. Каспий аймағында өнеркәсіптік мұнай өндіруді 2005 жылдан бастап қолға алу жоспарланған. Жамбыл облысы жеріндегі Амангелді газ өндіру орнын игерудің бірінші кезегінің іске қосылуы елімізді сыртқы көгілдір отын жеткізушілері алдындағы тәуелділіктен құтқарды. Каспий құрлықтық мұнай құбырының бірінші кезегін іске қосу еліміздің экспорт жөніндегі мүмкіндігін арттыра түсті. Мұнайды әлемдік нарыққа жеткізудің баламалы нұсқалары – Атырау – Баку - Жеран, Қазақстан – Түрікменстан - Иран, Батыс – Қазақстан - Қытай бағыттарының инфроқұрылымын дамыту шаралары жүзеге асырыла бастады. Атап айтқанда, 2003 жылы Кенкияқ-Атырау мұнай құбыры пайдалануға берілді. Қарашығанақ кенішінде газ-мұнай кешені іске қосылды. Сондай-ақ жыл сайын 10,5 миллион тонна көмір-сутегі қорын игеруге мүмкіндік туғызатын және КТК құбыр желісіне шығаратын экспорттық тұрба құбыры пайдалануға берілді.

Машина жасау, химия және мұнай-химия, құрылыс ин-

дустриясы мен жеңіл өнеркәсіп салаларын дамытуда да едәуір ілгерілеушілік орын алды. Мәселен, 2004 жылы өндіріс өсімі химия өнеркәсібінде – 20%, машина жасау саласында 32 %-ға жетті. Оңтүстік Қазақстанда мақтадан жүн иіріп, жіп тоқитын жақсы технологиямен жабдықталған жаңа зауыт іске қосылды.

§3. Республика ауыл шаруашылығының жағдайы

Қазақстан экономикасында, әсіресе, ауыл шаруашылығының үлес салмағы үлкен екені белгілі. Бірақ, осыған қарамастан 1992-1993 жылдардағы елеулі дағдарыс ауыл шаруашылығында басталды. Оның басты себебі – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салалары өнімдері бағасының арасындағы үлкен алшақтық еді. Бұл ауыл шаруашылығын қатты күйзеліске әкеп соқтырды. Мәселен, 1993 жылы 1990 жылмен салыстырғанда К-700 маркалы трактордың бағасы-1287 есе, МТЗ-82 маркалы трактордың бағасы-1667 есе, астық жинайтын “Нива” комбайнының бағасы 2050 есе, Дон-1500 комбайнының бағасы – 1236 есе қымбаттады. Ал осыған қарама-қарсы астықтың сатылып алу бағасы бар болғаны 148 есе, мүйізді ірі қараның бағасы – 65 есе, қой – 62, сүт – 87, жүн – 66, құс – 127, жұмыртқа – 219, ауыл шаруашылығы барлық өнімдерінің бағасы – 116 есе өсті. Бұл деректерден өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы арасындағы алшақтықты айқын көруге болады. Ауыл шаруашылығына қажетті өнімдерге бағаның бейберекеттігінен техниканы, тыңайтқыш, өсімдікті қорғайтын химиялық құралдар қолдану қауырт төмендеді.

Ауыл шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауына республикадағы колхоздар мен кеңшарларды жаппай және тез арада жекешелендіру науқанының үлкен зардабы тиді. Бұрын 600-ден астам астық өндіретін, 700-дей қой шаруашылығымен шұғылданатын кеңшарлар мен колхоздар, 80-дей құс фабрикасы бар еді. Шошқа өсіретін, бордақылайтын өндірістік негізде дамыған бірнеше ірі-ірі кешендер жұмыс істеді. Халық жұмыртқамен, құс етімен толық қамтамасыз етілген еді. Шошқа етімен қамтамасыз етуге

жететін мезгіл да алыс емес-ті. Тек қолбайлау болып отырған нәрсе – ол құрама жем өндіру болатын. Республика халқы жекешелендіру барысында өздерінің осы қолда барынан айырылып қалу жағдайын бастан кешірді. Бағадағы былық, бейберекеттік, жекешелендірудегі асығыстық пен науқаншылдық, қаржыландырудағы берекесіздік, басқарудың жоғарыдан томенге дейінгі жүйесін күйрету, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді алыпсатарлыққа айналдыру және тағы басқа жағдайлар, тұтас алғанда, ауыл шаруашылығын күйретуге соқтырды. 1993 жылы кеңшарлардың басым көпшілігі жұмыскерлерге 6 айға дейін жалақы бере алмады. Көптеген кеңшарлардың адамдары 1994 жылдың қаңтарына дейін теңгенің жүзінде қормеді.

Құрама жемнің сапасының төмендігі мен бағасының қымбаттығы күс пен шошқа шаруашылығына үлкен нұқсан келтірді. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін, ұқсатып салаларда жаңа қуаттарды қосу, жаңа технологияны өндіріске енгізу, негізгі қорларды алмастыру сияқты жұмыстардың көлемі азайып кетті. Агроөнеркәсіп кешеніндегі жоғарыдағы айтылған және басқа да кемшіліктерді жоймай, салаға деген көзқарасты түбегейлі өзгертпей бүкіл реформаның жүзеге асуына күмән келтірді.

Ауыл шаруашылығының басты саласы – егіншілік. Алайда, нарықтық қатынастарға көшумен байланысты алғашқы үш жыл ішінде көп-көрім қалыптасқан саланың берекесі қалмады. 1992-1994 жж. қатарынан егістік далаларда жаңбыр болғанына қарамастан астық аз алынды, егіншіліктің байырғы мәдени дәрежесі төмендеп кетті. Гербицид пен минерал тыңайтқыштарды сатып алуға ақша болмай, уақытында жер жыртуға жанар-жағар май жетіспей қалған кездер жиі-жиі орын алды, дәннің сапасы (протеиннің, клейковинаның деңгейі төмендеп) нашарлады. Ал дән сапасы төмендесе, бағасы да төмендейтіні белгілі. Егін егетін жер көлемі екі еседен аса қысқарды. Осының нәтижесінде жиналған астық және одан алынған өнім азайды. Жалпы ауыл шаруашылық өнімі 1992-1998 жылдары аралығында 55 пайызға қысқарған, астық өндіру 30 миллион тоннадан 12 миллион тоннаға азайған. Оны төмендегі деректерден байқауға болады:

Жылдар	Жиналған астық /млн.т/	Әр гект. алынған өнім /цент./	Шитті мақта /мың.т/	Қант қызылшасы /мың.т/	Картоп /мың.т/	Бау-бақша өнімдері /мың.т/
1992	29,7	13,2	252	1160	2570	985
1993	21,6	9,7	200	843	2300	808
1994	16,4	7,9	208	433	2040	781
1995	9,5	5,0	223	371	1720	780
1996	11,2	6,5	183	341	1657	778
1997	12,3	8,7	198	128	1472	880
1998	6,3	5,6	161,6	225	1263	1079
1999	14,2	13,0	249,4	294	1695	1287
2000	11,5	9,4	287,1	272	1692	1543

Жоғарыдағы кестеде келтірілген деректерден елімізде тек астық өндіру ғана емес, сонымен қатар мақта, қант қызылшасы, картоп және көкөніс өндіруде де 1998 жылға дейін едәуір азайып отырғаны көрініс тапқан. Тек 1999 жылдан бастап республиканың егін шаруашылығы саласында оң нәтижелер көрініс бере бастады. Жоғарыдағы кесте көрсеткеніндей, бұл жылы мол астық жиналды. Бидайдың әр гектарынан 14,5 центнерден өнім алынып, республика бойынша 16 миллион тонна астық өндіруге қол жетті. Астық өндіру кейінгі жылдары да өсіп отырды. 2001-2003 жылдары астық өндірісінің орташа көлемі алдыңғы үш жылмен (1998-2000) салыстырғанда 4,8 миллион тоннаға өсіп, 15,5 миллион тоннаны құрады. Осыған байланысты астық экспортының жыл сайынғы орташа көлемі 4,5 миллион тоннаға жетті. Қазіргі уақытта Қазақстан астығы әлемнің 40-тан астам елдеріне экспортқа шығарылады.

2004 жылы ауа-райының қолайсыз болуына қарамастан, Республиканың егістік алқаптарынан 13,9 миллион тонна астық жиналды. Әр гектардан орташа өнімдік 9,8 центнерден келді. 102 мың гектар алқаптан астықтық жүгері жиналып, оның жалпы көлемі 475 мың тоннаны құрады. Сондай-ақ республика бойынша 2 миллион тонна картоп, 389 мың тонна қант қызылшасы, 453 мың тонна мақта жинал-

ды. Ауылда шаруашылық жүргізудің жаңа формалары қалыптасты. 2000 жылы республика көлемінде 96198 ауыл шаруашылығы құрылымы, оның ішінде 91471 шаруа қожалығы, 1781 өндірістік кооператив, 2886 шаруашылық серіктестігі және 60 жеке меншік кәсіпорын жұмыс істеді. Сойтіп, 1999-2001 жылдар аралығында ауылда тиімді шаруашылық жүргізуге қабілетті меншік иелері қалыптаса бастады. Ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалық шаралардың нәтижесінде өндірілген өнімдердің 90 пайызы жеке меншік құрылымдардың үлесіне тиді. 2003 жылдың басында мемлекеттік секторда бар болғаны 3 миллион гектар ауыл шаруашылық жері қалды. Республикадағы шаруашылыққа жарамды деген жердің 30 миллион гектарға жуығы шаруа қожалықтарының, 16 миллион гектары ауыл шаруашылығы кооперативтерінің, 37 миллион гектары шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың қолына көшті. Мемлекет ауыл шаруашылығына салықты азайтты. Салықты тек бір патент түрімен ғана төлеу енгізілді. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының бұрынғы қарыздарының барлығы жойылды. Басқа қарыздары 5-6 жылға ары қарай созылды.

Ауыл шаруашылығы саласындағы реформалар ондағы жалпы өнімнің өсуіне мүмкіндік берді. Мұндағы жалпы өнімнің өсу қарқыны 1999 жылы 1998 жылмен салыстырғанда - 28,9 пайызға артты, 2000 жылы өсім - 8,2 пайыз, 2001 жылы - 16,9 пайыз, 2002 жылы - 6,6 пайыз болды.

Ауыл шаруашылығы саласының қаржылық жағдайы да едәуір жақсарды. Егерде сала бойынша 1999 жылдың қорытындысында 2,6 миллиард теңге табыс түссе, 2000 жылы бұл көрсеткіш - 4,8 миллиард теңгеге жетті. Ал 2002 жылдың қорытындысы бойынша табыс - 10 миллиард теңгеге өсті.

Ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа кезеңі Қазақстанда 2002 жылдан бастау алды. Бұл кезең 2005 жылға дейінгі уақытты қамтуға тиіс, аграрлық өндірістегі реформаны аяқтау, ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншікті енгізу және ауылдың әлеуметтік бейнесін жаңғырту мәселелерімен сабақтастырыла қарастырылған.

Үкімет 2002 жылдан бастап ауыл шаруашылығына қатысты үлкен жүйелі жұмыстарды жүргізе бастады. Жер, Ор-

ман және Су кодекстері жасалды. 2002 жылы 5 маусымда мемлекеттік-аграрлық бағдарлама қабылданды. Ол алдағы үш - 2003-2005 жылдарды қамтиды, яғни ауылды қолдау, өркендету жылдары деп аталады. Бұл жылдары көктемгі дала және күзгі жиып-терін жұмыстарын қаржыландыру нақты және тұрақты сипат алды.

Қазақстан үкіметі соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтуға, егіс көлемін көбейтуге, өнім мөлшерін өсіруге бағытталған шараларды іске асыруда. Ауыл шаруашылығы саласындағы меншік түрлеріне қарамастан үкімет оларға әрдайым қолдау көрсетіп отыр. Оған дәлел ретінде 1996 жылғы бюджеттен 4,3 миллиард теңге, 1997 жылы 5,3 миллиард теңге бөлінгенін айтуға болады. Бұл қаржы қой өсіруге, минералдық тыңайтқышқа, мал тұқымын асылдандыруға жұмсалған. 1996 жылы Азия даму банкісі тарапынан Қазақстанға 100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие бөлінді. Оның 50 миллион доллары 1997 жылы ауыл шаруашылығы салаларына жұмсалды. Тек 1996 жылдың өзінде 630 егін және 100 мақта жинайтын шетелдік комбайндар сатып алынды, бұл көрсеткіш кейінгі кезде де өсе түсті. Тек соңғы төрт жылда (2001-2004 жж) ауыл еңбеккерлері 5483 комбайн, 1455 трактор сатып алды. Қазір ел ішінде машина-технологиялық стансалар саны 268-ге жеткен. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына жылдан-жылға жұмсалатын қаржының көбейіп отырғанын ерекше атап көрсеткен жөн. 1999 жылы оған 9 миллиард теңге бөлінсе және 2000 жылы агроонеркәсіп саласына 11 миллиардқа жуық теңге жұмсалса, 2002 жылы ауыл шаруашылығы салаларын қолдау мақсатында мемлекет бюджеттен 30 миллиард теңге қаржы бөлді.

2003-2004 жылдары еліміздің агрокәсіптік кешені мемлекет тарапынан едәуір көлемдегі қолдауға ие болды. Тұтастай алғанда ауылшаруашылық өндірісін дамыту және ауылдық әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыру үшін республикалық бюджеттен 2003 жылы 39,4 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді, 2004 жылы бұл көрсеткіш 48,0 миллиард теңгеге жетті. Ал 2005 жылы 57,5 миллиард теңге жоспарланып отыр.

Нарық жағдайында аграрлық сектордың басты бір саласы – мал шаруашылығының халі мәз болмай, едәуір төмен-

деді. Малдың саны жылдан-жылға азайып отырды. Мал мен құстың кемуі негізінен осы салаға деген көзқарастың нашарлауынан болды. Малға қажетті жем-шөп аз дайындалды. Оны мынадан да көруге болады: егер 1993 жылы әрбір малға шартты есеппен 16,9 центнерден жем-шөп дайындалса, 1994 жылы 13,1 центнерден, ал 1995 жылы – 11,5 центнерден келген. Бұдан басқа шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру нәтижесінде мал шаруашылығын жүргізу нысандары да көп өзгеріске ұшырады. Жеке шаруаларға бөлініп берілген малдар өнім берудің орнына сатылып кетті, немесе ауыл тұрғындарына керекті тауарларға ауыстырылды.

Сонымен республикада мемлекеттік санақ мәліметі бойынша мал саны 1990 жылмен салыстырғанда төмендегі кестеде келтірілген нәтижелерді көрсетеді (млн. бас):

Жылдар	Ірі қара	Қой ешкі	Жылқы	Шошқа	Құс
1991	9,8	35,7	1,6	3,2	59,9
1992	9,6	34,6	1,7	3,0	59,9
1993	9,6	34,4	1,7	2,6	52,7
1994	9,3	34,2	1,6	2,4	49,8
1995	8,1	25,1	1,5	2,0	32,7
1996	6,9	19,6	1,4	1,6	20,8
1997	5,4	13,7	1,3	1,0	15,4
1998	4,3	10,4	0,9	0,9	16,0
1999	4,0	9,5	1,0	0,9	17,0
2000	4,0	9,6	1,0	0,9	18,0
2001	4,3	9,6	1,0	1,0	19,7
2002	4,4	10,4	1,0	1,1	21,2

Жоғарыдағы кесте деректері көрсеткендей, Қазақстанда 1991 жылмен салыстарғанда 1999 ж. ірі қара 5,8 млн. басқа, қой мен ешкі 26,2 млн., жылқы – 600 мың, шошқа – 2,3 млн., құс – 42,9 млн. басқа қысқарған.

2000 жылдан басталған ауыл шаруашылығындағы тың серпіліс мал шаруашылығы саласының дамуынан да көрініс тапты. 2001-2003 жылдары мүйізді қара 8 пайызға, қой басы 9 пайызға, шошқа 40 пайызға, жылқы 1 пайызға, құс өсіру 25 пайызға артты. 2004 жылы Қазақстанда мал басының

өсуі жалғасты. Ірі қара –6,8% өсіп 5666 мың бас, қой-ешкі – 9,6% көбейіп 15115 мың, шошқа – 1,4% өсіп 1716 мың, жылқы – 5,3% артып 1224 мың, түйе – 7,3% көбейіп 126 мың басқа жетті.

Мал шаруашылығын дамыту және мал басын қайта көбейту үшін *негізгі үш бағытта* жұмыс істеу көзделіп отыр. *Біріншіден*, селекциялық – асыл тұқымдандыру жұмыстарының деңгейін көтеру арқылы қолда бар мал басының генетикалық әулетін арттыру, жоғары сапалы тұқыммен барлық аналық малды қолдан ұрықтандыруды жаппай қолға алу. *Екіншіден*, перспективалық мал тұқымдарын дамыту үшін жағдай туғызу. Ауыл шаруашылығы саласының ғалымдарымен бірлесе отырып, жоғары сапалы өнім беретін мал тұқымдары анықталып, оларға мемлекеттік қаржы көздерін қарастыру. *Үшіншіден*, жоғары сапалы өнім беретін мал тұқымдарын табиғи өсіммен арнайыландырылған орта және ірі тауарлы өндіріске қайта бейімдеуге қол жеткізу.

Қорытып айтқанда, еліміздің ауыл шаруашылығына жан-жақты көмек көрсету арқылы оның деңгейін көтеру, соның ішінде қазіргі кездегі егістік көлемін сақтау, одан алынатын өнімді өсіру, қолда бар малдың санын кемітпей, тұрақтандыру ісін жүзеге асыру қарастырылған. Ол үшін Елбасының “Қазақстан-2030” Жолдауында атап көрсетілгендей, кеңшарларды жекешелендіру, мал басын тұтастай жекеменшік қолына өткізу шаралары алдағы уақытта ауыл шаруашылығының дамуына жаңа серпін береді деп күтілуде.

Отыз жетінші тарау

Қазақстанның көлік және жол қатынасы

§1. Қазақстанның темір жол қатынасы

Тәуелсіздік алған Қазақстанның көлік қатынасында темір жолдың маңызы ерекше зор. Өйткені темір жол арқылы республиканың халқы тек біздің елімізде ғана емес, соны-

мен қатар бүкіл жер бетінің барлық аймақтарына ешқандай қиындықсыз бара алады және қажетті тауарларын жеткізе алады. Қазіргі кезде Қазақстан темір жолының үлесіне көлік қатынасының барлық түрлері бойынша тасылатын жүктің төрттен үш бөлігін, қалалар мен ауылдар және басқа да жерлерге жол жүретін жолаушылардың тең жарымы тиеді. Темір жолдарды техникалық жағынан қамтамасыз ету және жүк тасу жөнінде Қазақстан ТМД елдері арасында Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды алады. Тек 1991-2003 жылдар аралығында Қазақстан темір жолы арқылы 220 миллион тонна мұнай және мұнай өнімдері, 1,1 миллиард тонна көмір, 60 миллион тоннадан астам қара металл, барлығы – 2,5 миллиард тонна әр түрлі халық шаруашылығы жүктері тасылған.

Қазақстан темір жол көлігіне талаптар жыл өткен сайын өсіп отыр және оның басты міндеттері Президент Н. Ә. Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиялық Бағдарламасында көрініс тапқан. Олар: темір жол қатынасының негізгі бағыттарын қазіргі кезеңнің талабына сай қайта құру, сондай-ақ, Трансазия магистралы бойынша жүк тасуды жетілдіру. Шет елдермен байланыс жасауда аса маңызды Достық - Ақтоғай станциялары арасындағы жол қатынасын одан әрі дамытып, тасылатын жүктің көлемін жылына 10 млн. тоннаға жеткізу. Жүк тасылатын басты аймақтарда қазіргі кезеңнің талабына сай жүк сақтайтын терминалдарды ұйымдастыру, барлық көлік және коммуникациялық орындардың құрылымдарын қайтадан қарап жетілдіру т. б.

Бұл маңызды мәселелерді шешуде Қазақстан темір жол құрылымын одан ары жетілдіру ерекше орын алады. Республикада 1977 жылға дейін өз алдына бөлек, бір-біріне бағынбайтын Тың темір жолы, Алматы және Батыс Қазақстан темір жол бөлімдері жұмыс істеді. Бірақ олардың іс жүзіндегі қызметі 1991 жылдан басталған нарықтық экономика талаптарына сай келмеді. Нәтижесінде 1991-1998 жылдар аралығында жолаушылар тасу екі екі есеге, жүк тасу айналымы 4 есеге азайды.

Сондықтан темір жол көлігінің жұмысын жақсарту, олардың басқару құрылымдарын жетілдіру және темір жол бөлімдерін ірілендіру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. 1997 жылғы 31 қаңтарда Үкімет қаулысымен Алматы, Тың

және Батыс Қазақстан темір жол бөлімдері біріктіріліп, республикалық мемлекеттік “Қазақстан темір жолы” кәсіпорны құрылды. Ал 2001 жылы бұл мемлекеттік кәсіпорын Үкіметтің қаулысымен “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамына айналдырылды.

2004 жылы Қазақстандағы темір жолдың ұзындығы 14 мың шақырымға жетті, оның бойындағы темір жол станцияларының саны 721 болды. Олардың арасында жүктерді сорттап бөлуде өзінің қызметімен ерекше болінетін Қарағанды - Сортировочная, Астана, Павлодар, Шу, Арыс, Қандағаш станцияларын атап көрсетуге болады. “Қазақ темір жолы” жабық акционерлік қоғамының басқару құрамына департаменттер, жеке басқармалар және кәсіпорынның жергілікті жерлердегі бөлімдері т.б. кіреді. Бұдан басқа оған халықты қажетті тауарлармен қамтамасыз ететін, денсаулық сақтау, жолды жөндеу, құрылыс, ғылыми-экономикалық жобалау, телефон-телеграф байланысы, станциялар жанындағы жолдарда жүктер айналымын қамтамасыз ету басқармалары қарайды.

Қазақстанның территориясы үлкен болса да, ол темір жолдың ұзындығы жағынан қазірде көптеген алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттерден әлде қайда артта қалып отыр. Сондықтан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап республика өз жерінде жаңа темір жолдар салу және темір жол станциялары мен желілерді қайтадан жаңартуға ерекше назар аударуда. Осы мақсатта “Қазақстан темір жолы” 1998-2000 жылдар, 2001-2010, 2011-2020, және 2021-2030 жылдарды қамтитын өзінің болашаққа бағытталған бағдарламасын жасаған. Онда, әсіресе, халықаралық темір жол желілерін құруға ерекше назар аударылған. Олар Қазақстан территориясында басты екі бағытты қамтиды. Біріншісі – Орталық (Достық – Ақтоғай – Арыс - Шеңгелді, Достық – Ақтоғай – Арыс - Ақтау жолдары). Екіншісі – Солтүстік (Достық – Ақтоғай – Саяқ – Мойынты – Астана - Пресноғоры жолдары). Бұдан басқа халықаралық мемлекеттік жүктерді тасуда Республиканың Батыс (Ақсарай – Мақат - Бейнеу), Орталық Азия (Шеңгелді – Қандағаш - Озинки) темір жол бағыттары қарастырылған.

Халықаралық темір жол қатынасын дамытуда Достық станциясы ерекше рөл атқарады. Өйткені ол Еуропа мен

Азия елдерінің арасындағы экономикалық байланыстарды жүзеге асыруда үлкен маңызды орын алады. Бір айтатын жәйт XX ғасырдың 50-ші жылдары салынған Ақтоғай - Достық темір жолы көп уақытқа дейін пайдаланылмады. Бұл жол тек 1988 жылы КСРО мен ҚХР арасындағы жаңа келісімге қол қойылғаннан кейін ғана қозғалысқа еніп, жұмыс істей бастады. Мұнда 1995 жылға дейінгі баға бойынша төрт жыл ішінде 6,4 миллиард теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді. 12,5 шақырым басты және 30 шақырым станция аралық жолдар салынды. Достық станциясына қажетті барлық материалдық-техникалық базалары нығайтылды.

1991 жылы қыркүйекте Достық станциясы арқылы Қазақстан мен Қытай арасында жүк тасу, ал 1992 жылы маусымда жолаушылар тасу жүзеге асырылды. 1994 жылдан бастап Достық - Алашанькоу станциялары арқылы халықаралық жүк тасу жүргізіле бастады. Бұл жаңа жол бағыты жүк тасуды Еуропадан Азияға дейінгі су жолмен салыстырғанда 50 пайызға қысқартты және Қытайдың оңтүстік жағалауындағы теңіз порттарын қысқа жолмен Қазақстан, Ресей, Украина және Белоруссия сауда-өнеркәсіп орталықтарымен байланыстырды. Нәтижесінде Қазақстан мен Қытай, Өзбекстан және Оңтүстік-Кореямен сауда байланыстары Достық станциясы арқылы едәуір өсті. Тек 2002 жылдың өзінде жүк тасу 1994 жылмен салыстырғанда 10 есеге артып, 6 млн. тоннаға жеткен болса, 2004 жылы 9 млн тоннаға жетті. Достық станциясы арқылы Қытайға қара және түсті металдар, мұнай, химиялық заттар мен тыңайтқыштар, ескі металл сынықтары, қағаз, мақта т. б. жіберіледі. Ал Қазақстанға Қытай жағынан өнеркәсіп жабдықтары, жеңіл және тамақ өнеркәсіп тауарлары, кокс, құрылыс материалдары т. б. әкелінеді.

Алдағы жылдары бұл екі ел арасындағы экономикалық байланыстарды одан ары дамыту қарастырылған. Мәселен, 2001 жылғы қаңтар айындағы екі ел арасындағы жасалған келісім бойынша жақын арада Достық - Алашанькоу станциялары арқылы жүк өткізуді 2-3 есеге арттыру көзделген.

Достық - Алашанькоу темір жолын пайдалану Қытайдың Тынық мұхиттағы Ляньюнган, Циндао, Тяньцзин пор-

ттарын Үрімші арқылы Ұлы Жібек жолымен Иранға, Түркияға және Ресей арқылы Еуропаға шығуға жағдай жасады. Қазірде бұл Трансазиялық жол желісінің ұзындығы 10,5 мың шақырым, оның 1,8 мың шақырымы Қазақстан жері арқылы өтеді. Бұл темір жол магистралы Достық станциясы арқылы Ақтоғай-Алматы-Шеңгелді станцияларын басып өтіп, одан әрі Ташкент – Теджент – Серахс – Мешхед – Тегеран - Анкара арқылы Стамбулға жетеді. Бұл халықаралық темір жол желісін іске қосуда 1996 жылы аяқталған ұзындығы 290 шақырым Теджент – Серахс - Мешхед аралығындағы темір жол құрылысын аяқтаудың үлкен маңызы болды. Оның іске қосылуы оңтүстік бағытта Тынық мұхит жағалауларымен Жерорта теңізін байланыстыруға, ал Солтүстік бағытта темір жол қатынасын Қазақстанның Достық – Ақтоғай – Арыс – Шеңгелді – Астана - Преснегоры станциялары арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл темір жол магистралы Еуропа мен Азия құрлығы арасындағы қатынасты бұрынғы Ресейдің Транссібір магистралымен салыстырғанда 4 мың шақырымнан 600 шақырымға дейін қысқартты.

“Қазақстан-2030” Бағдарламасының талаптарына сай 1998 жылы мамыр айында алғаш рет егемен Қазақстанның тарихында Павлодар облысының Ақсу қаласы мен Шығыс Қазақстан облысындағы Дегелен арасындағы темір жол құрылысы басталды. Жолдың жалпы ұзындығы – 184 шақырым. Жол құрылысы екі жақтан бірдей тез арада жүргізіліп, 2000 жылы 8 желтоқсанда аяқталды. Жолды салуға республиканың әр түрлі аудандарынан 1500 жұмысшы қатынасты, құрылысқа 6,5 миллиард теңге жұмсалды. Бұл жол елдің Солтүстік және Шығыс облыстарының арасындағы қатынасты 600 шақырымға қысқартты, Павлодар облысының Ақсу мен Май аудандары жеріндегі табиғи байлықтарды игеруге мүмкіндік берді. 2001 жылы бұл темір жол магистралымен 7,5 миллион тонна жүк тасылса, 2011 жылы оны 11 миллион тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Негізгі тасылатын жүктер: көмір, мұнай өнімдері, құрылыс және ағаш материалдары т. б. Темір жол құрылысы барысында бірнеше көпірлер тұрғызылды, оның ішіндегі ең ірісі Ертіс - Қарағанды каналының үстінен өтетін ұзындығы 300 метрлік көпір. Темір жол магистралының бойында төрт

темір жол – Құрқол, Көктобе, Жұмыскер, Май станциялары салынды.

Егемен Қазақстан жеріндегі екінші маңызды темір жол құрылысы -Қостанай облысындағы Алтынсарин станциясы мен Ақтобе облысының Хромтау қаласын байланыстыратын темір жол магистралы. Жолдың ұзындығы 403 шақырым, құрылыс жұмысы 2001 жылдың маусым айында басталды. Темір жол Қостанай облысының Қамыс ауданын, Ақтобе облысының Айтеке би, Хромтау аудандарының жерлерін басып өтеді. Бұл жол Қазақстанның Солтүстік және Орталық аймақтары арасындағы жол қатынасын 2000 шақырымға қысқартты және елді Ресейдің Қарталы - Орск темір жолына бағыныштылықтан босатты. Ол Хромтау – Алтынсарин – Тобыл - Петропавл станциялары арқылы Балтық және Қара теңіз жағалауларына шығуға мүмкіндік берді. Бұл жолмен Қазақстанның Орталық және Солтүстік аудандарынан Батыс облыстарға хром рудалары, астық, ал Ақтау, Новороссийск және Одесса теңіз порттары арқылы Украинаға қара металл, ферросплав, сондай-ақ Ақтау арқылы Республиканың Солтүстік облыстарынан Иранға жыл сайын 5,5 миллион тонна астық жеткізу көзделген. Алтынсарин - Хромтау темір жолының аяқталуы Батыс Қазақстан аймағындағы Шағырқол, Адай, Бенқалы, Таунұр, Приорск жерлеріндегі үлкен табиғи байлықтарды игеруге серпін береді.

Әу баста бұл жолдың құрылысы 53 айдың шамасында салынып бітеді деп есептелді. Бірақ, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың тікелей берген пәрменінің негізінде жол құрылысы ерекше жоғары қарқынмен жүргізілді. Нәтижесінде 2003 жылдың қараша айында темір жол желісінің табанын, рельсін төсеу жұмыстары толық аяқталды. Содан бергі уақытта жол бойына сынақ жұмыстары жүргізілді, 13 темір жол станцияларының құрылысы аяқталып, 11 көпір салынды. Темір жол құрылысын салу барысында 29451 миллион теңге көлемде қаржы игерілді. 2004 жылдың 30 қарашасында Алтынсарин – Хромтау темір жол желісінің біржола іске қосылуы салтанатты жағдайда аталып өтті.

Қазақстанның темір жолы магистралын тиімді пайдалануда, оның материалдық-техникалық базасын нығайту, қазіргі кезеңнің жаңа техникасы және технологиясымен жа-

рактандырудың маңызы өте зор. Бұл бағытта соңғы жылдары едәуір ілгерілеушілік орын алған. Темір жолды жаңа техникамен жарақтандыру ең әуелі локомотив шаруашылықтарын қазіргі кезеңдегі талаптарға сай жақсартумен сипатталады. Осыған орай, тек 2000 жылы “Қазақстан темір жол” республикалық мемлекеттік кәсіпорны бойынша 18 жондеу, 28 айналмалы локомотив депосы мен жондеу кәсіптік кооперативтері, 41 техникалық қызмет ету пункті, 61 темір жолды керек-жарақтармен қамтамасыз ету пункті және 3 тепловоздарды жуып тазартатын пункттер ұйымдастырылды.

1998 жылға дейін жұмыс істеген темір жол деполардың орнына жаңа жондеу зауыттары құрылды. Олар: Шу станциясындағы магистралдық тепловоздарды, Атбасар станциясындағы электровоздарды, Алматыдағы жол техникаларының барлық түрлерін жондеу зауыттары. 1999 жылдан бастап Қазалыда, 2000 жылдан бастап Құсмұрында поездарды құрастыратын және станциялардағы вагондардың жүрісін реттейтін тепловоздарды ремонттайтын зауыттар жұмыс істейді. Осының арқасында “Қазақстан темір жолы” мемлекеттік кәсіпорны тепловоздар мен вагондарды басқа елдерге жондеуге жіберуді тоқтатты. Республикада жұмыс істеп жатқан ремонт орындары 1999 жылы 1,5 миллиард, 2000 жылы – 2,5 миллиард теңге көлеміндегі қаржыны игерді.

Қазірде Қазақстан темір жолының вагон шаруашылығына 16 пайдалану вагон депосы, 12 жондеу депосы мен 4 вагон жондеу ұжымы, 90 вагондарды техникалық жағынан күту, 56 пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтау пункттері және 188 пойыздарға тіркелген вагондардың бұзылуын бақылайтын бекеттер қарайды. 1992 жылдан бастап республикада жүк таситын вагондардың азайып кетуімен байланысты, олардың жалпы санын едәуір кобейтуге айырықша назар аударылып отыр. Ол үшін, біріншіден, мемлекеттік бюджеттен қаржыны көбірек бөлу қарастырылған, екіншіден, темір жол қызметінің бағалық тарифын көтеру арқылы вагондар сатып алу, үшіншіден, басқа мемлекеттерден вагондар алдыру, төртіншіден, жекелеген инвестициялық коменкті пайдаланып жаңа вагондарды сатып алуды қарастыру.

Жүк вагондары паркін көбейтуде “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамы Ресей Федерациясының Жол қатынастары министрлігімен келісім жасауға үлкен көңіл бөледі. Өйткені жүк вагондарының басым көпшілігі Ресейден алдырылады. Осы мәселелер бойынша 2003 жылғы қаңтар айында екі елдің темір жол басшыларының арасында жаңа келісімдерге қол қойылды. Келісім бойынша Ресей ең әуелі өз жеріндегі астық таситын вагондарды қайтаруға келісті. Бұдан басқа Ресей темір жол басшылығы Қазақстаннан тасылатын астықтың көлемінің артып отырғанын ескеріп, бекітілген техникалық жоспарда белгіленген молшерден тыс қосымша вагондар бөлуге келісімін берді.

Екі ел темір жолдарының жетекшілері келісім барысында тағы бір табысты уағдаластыққа қол жеткізді. Ресей жағы Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланғаны үшін Қазақстанға төлеуге тиіс қарыз есебінен өз кәсіпорындары шығарған жаңа темір жол вагондарын беретін болды. Бұл шешім 2002 жылы жүргізілген мемлекетаралық келіссөз шеңберінде, ғарыш айлағын жалға алу ақысын тауарлар арқылы есеп айырысу тәртібі туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылып отыр.

Қазақстан болашақта Маңғыстаудағы газ-мұнай орталықтарының бірі – Ералиев қаласы мен Түркменстанның Каспий жағалауындағы Түрікменбасы қаласы арасында, Шар станциясы мен Өскемен қаласы, Қызылорда мен Жезқазған, Сексеуіл мен Бейнеу станцияларын жалғастыратын темір жолдар салуды жоспарлап отыр.

Республиканың темір жол қатынасын одан әрі дамытуда оның аса қажетті магистралдық телімдерін электр жүйесіне қосудың маңызы ерекше зор. Темір жол торабын электр жүйесіне қосу алғаш рет 1964 жылдан басталды. Ең бірінші ұзындығы 214 шақырым Ақмола мен Қарағанды арасындағы темір жол электр қуатымен жұмыс істеуге көшірілді. Ал соңғы 10-12 жыл ішінде бұл бағытта бірсыпыра оң істер атқарылды. Мәселен, 1991-1994 жылдары Арыс пен Шу станциялары арасындағы 600 шақырымдық жолды электр желісіне қосу жұмысы аяқталды. 1993 жылдан бастап, Шу мен Алматы арасындағы темір жолды электр қуатына қосу басталды. 1996-1999 жылдары

қашықтығы 190 шақырым Шу - Отар темір жолын электр қуатына көшіру аяқталды, 2000 жылы ұзындығы 90 шақырым Отар - Ұзынағаш учаскесі іске қосылды, ал 2002 жылдың көктемінде Отар мен Алматы арасындағы темір жол магистралын электр қуатымен жұмыс істеуге көшіру біржолата аяқталды. Осының нәтижесінде Қазақстанда электр қуатымен жұмыс істейтін жол магистралының ұзындығы 3,7 мың шақырымға жетті, немесе республикадағы барлық темір жолдың 27 пайызын қамтиды.

Қазақстан темір жолын электрлендіруде үкімет республиканың үлкен энергетикалық қуаты мен ірі кәсіпорындары шоғырланған Павлодар өңіріне, соның ішінде Екібастұз бен Павлодар қаласын байланыстыруға ерекше назар аударып отыр. Екібастұз - Павлодар темір жол телімін электрлендіру еліміз үшін көптеген экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелердің шешілуіне мүмкіндік береді. Сондықтан осы жағдайларды ескере отырып, “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамы 2003 жылғы шілде айында бұл жобаны жүзеге асыруға кіріскен болатын. Екібастұз, Ақсу ГРЭС-терінің қуатын пайдалана отырып жүргізілетін электрлендіру жұмыстарына 13 миллиард теңге жұмсалды. Құрылысты осыған дейінде көптеген ірі құрылыс кешендерін салып, мол тәжірибе жинақтаған “Құлагер” коорпарациясы жүргізді. 2004 жылғы желтоқсан айында жалпы қашықтығы 139 шақырым болатын Екібастұз – Павлодар темір желісін электрлендіру жүйесі салтанатты түрде іске қосылды. Ол бұл өңірдегі жұмсалуда тиіс отынды 1,5 есеге, жүк тасымалының өзіндік құнын 50 пайызға, сол сияқты жолаушы тасымалдаудың өзіндік құнында 30 пайызға азайтатын болады. Ал болашақта Алматы қаласы мен Достық станциясы арасындағы темір жолды электр қуатына ауыстыру жоспарланған.

§2. Республиканың автомобиль жол қатынасы

Қазақстандағы автомобиль жолдарының негізгі желісін жерлерді игерудің қарқынды кезеңінде, XX ғасырдың 50-80 жылдары салынған. Материалдық-техникалық және қаржы ресурстарының шектеулілігінен көптеген автожол-

дар құрылысы ол кезде сатылық тәсілмен жүзеге асырылды. Мәселен, алғашқы сатыда жолдар техникалық категорияның III-IV параметрлері бойынша, үстіңгі қабаттар жетілдірілген тәсілмен күшейтіле түскен. 1969 жылы республикада мұндай жолдардың ұзындығы 33 мың 216 шақырым болса, 1981 жылы 70 мың 531 шақырымға, ал 1991 жылы 80 мың 216 шақырымға жеткен.

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары Қазақстан территориясы арқылы алты басты халықаралық автомобиль жол дәліздері қызмет етеді. Біздің еліміз арқылы негізінен транзиттік тасымал Орта Азия, Ресей және Қытай мемлекеттері арасында жүреді. Олар:

1. Харгос – Алматы – Бішкек – Шымкент - Ташкент, ұзындығы – 1176 шақырым.

2. Шымкент – Қызылорда - Ақтобе – Орал, одан ары Самараға дейін, ұзындығы – 3152 шақырым.

3. Алматы – Балқаш – Қарағанды – Астана - Қостанай, одан ары Ресейге дейін, ұзындығы – 2435 шақырым.

4. Майқапшағай – Семей – Павлодар - Омбы, ұзындығы - 1105 шақырым.

5. Астана – Челябинск - Екатеринбург. Бұл автомобиль маршрутының 220 шақырымы Қазақстан жерінен өтеді.

6. Астрахань – Атырау – Бейнеу - Түрікменбасы.

Халықаралық көлік дәліздеріне кіретін бұл автомобиль жолдарының Қазақстан үшін алатын орны, атқаратын ісі ерекше. Сондықтан транзиттік аса маңызға ие бұл жоғарыдағы автожолдар қызметіне бірінші кезекті көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, үкімет тарапынан жергілікті жолдар құрылысына да айтарлықтай назар аударыла бастады. Бір ескертетін жайт республика экономикасы үшін үлкен рөл атқаратын автожолдар жөндеу мен жаңадан салу жұмыстарын үкімет қазіргі кезеңде негізінен жергілікті жерлерге, облыстарға жүктеген. Көлік-коммуникация салалары бойынша мемлекеттік басқару ісін жетілдіруде және оның құқықтық базасын қалыптастыруда едәуір ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстанның егеменді ел ретінде халықаралық келісімдер мен конвенцияларға қосылуы шет елдермен автомобиль тасымалдарын ешқандай кедергісіз пайдалануына мүмкіндіктер туғызды. Біздің еліміз 2002 жылдың өзінде

33 мемлекетпен үкіметаралық және ведомствоаралық екіжақты келісімдер бекітті. Ондағы ережелер халықаралық тасымалдағы қарым-қатынастарды жақсартуға, жеңілдетуге ықпалын тигізді.

Қазақстан автожол қатынасындағы ең басты мәселенің бірі – оның материалдық-техникалық базаның жағдайы болып табылады. 1991 жылы Кеңестер Одағы тараған кезде Республиканың қарауына 372 мың 214 жүк таситын автомобиль, 54 мың 34 жолаушы жүретін автобустар, 848 мың 904 жеңіл машиналар қалды. Үкімет бұл автомобильдерді нарықтық экономикаға көшу жағдайында тиімді пайдалану жақтарын қарастырды, осының нәтижесінде көптеген экономикалық тиімсіз автопарктері таратылып, олардың техникалары жеке адамдардың меншігіне берілді. Тек 1993-1996 жылдары елде 150 автомобиль кәсіпорындары мен 9 мыңнан астам автомашиналар жекешелендірілді. Осының нәтижесінде республикада тасылатын барлық жүктің 70-80 пайызы жеке кәсіпкерлер мен ұжымдық ұйымдардың қарауына көшті.

Қазақстанда автомобиль жол қатынасын дамытуда, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуда жыл сайын жұмсалатын күрделі қаржының маңызы ерекше зор. Стратегиялық бұл маңызды проблеманы шешуде мемлекет шет елдерден инвестициялық қаржы тартуға айырықша көңіл бөледі. Осы мақсатта біздің еліміз Дүниежүзілік Банк, Еуропалық Банк, Азия Банкі, Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі сияқты түрлі халықаралық қаржы ұйымдарынан қолдау алып отыр. 1998 жылы республика бойынша тұрғындары ең көп – Астана, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалалары өздерінің автобус паркін жаңарту жөніндегі жобасын іске асыру барысында Халықаралық қайта құру және даму банкісінен едәуір көлемдегі қаржы алды. Сонымен қатар 2001-2005 жылдарды қамтитын республика автомобиль жолдарын дамыту Бағдарламасына сәйкес, бұл салаға 254 миллиард теңге жұмсау жоспарланған. Оның 89 миллиард теңгесі 2001-2003 жылдары игерілді. Мұның өзі алдағы 3-4 жыл ішінде халықаралық автокөлік дәліздерінің Қазақстан телімдері бойынша транзиттік жүк және жолаушыларды тасымалдаудағы қызметін жетілдіруде зор маңызы болмақ.

1998-2000 жылдар аралығында Республиканың жекелеген аймақтары жергілікті мәндегі жолдарды дамыту бағдарламасын жасап, оны орындауда бірқатар шараларды жүзеге асырды. Атап айтқанда, 2000 жылы Семей қаласында Ертіс арқылы автомобиль көпірі салынды. 2001 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 640 метр болатын 5 көпір каскады мен Қызыл әскер – Киров автомобиль жолы және орталықта Астана - Бурабай магистралы жұмыс істей бастады. Бұл объектілер Қазақстанның транзиттік мүмкіндігін едәуір кеңейтті. 2001 жылы автожол саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау республиканың автомобиль жолдарын дамытудағы бетбұрыс кезеңі болды. Оның талаптарына сәйкес Батыс Қазақстан облысында автомобиль жолдарын жөндеу ісінде біршама дәрежеде ілгерілеушілік орын алды. Бұл аймақтағы 4225 шақырымды құрайтын жолдарға жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 2002 жылы мемлекеттік бюджеттен 2 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Осы қаржының күрделі жөндеуге тиесілі бөлігі сол жылы толықтай игерілді. Сондай-ақ, мұнда Орал өзені үстінен салынған көпірге қажетті құрылыс материалдары үшін жарты миллиард теңгеге жуық қаржыны облыс өз бюджетінен болді.

Қазақстанда 2001 жылғы автожол саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2002-2005 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 16 мың шақырым жолды жөндеуді жүзеге асыру және жаңа жолдар торабын салу жоспарланған. Оның ішіндегі ең бастылары – Алматы - Астана бағыты, бұл жол құрылысы 2001 жылы басталып 2003 жылы толық аяқталды. Бұдан басқа Алматы - Пішпек, одан ары Ташкентке дейін, сондай-ақ, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Батыс аймақта Атырау мен Орал қаласы аралықтарындағы жолдарды күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары қарастырылған.

Алматы - Астана автокөлік жолын салуға 7 мыңнан астам адам мен ондаған отандық және шетелдік мердігерлік ұйымдар қатысты. Жол құрылысын жүргізуде әлемге танымал Ұлыбритания, Туркия, Иран, Италия, Австралия тағы басқа елдердің компаниялары да қол таңбаларын қалдырды. 2002-2003 жылдары мұндағы барлық құрылыс жұмыс-

тарына жалпы көлемі 280 миллион АҚШ доллары жұмсалды.

Жол негізгі алты учаскеге бөлініп, сол бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілді. Қайта жаңартылған жолдың ұзындығы – 937 шақырым. Оларға халықаралық стандартқа толық сәйкес келетін асфальт-бетон мен битум, басқа да құрылыс материалдары пайдаланылды. 2003 жылы қазан айында Алматы - Астана – автокөлік жолының құрылысы толық аяқталып, іске қосылды. Сонымен қатар бұл жылы Ұлы Жібек жолы бойындағы Алматы - Қорғас маршрутына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ресей мен байланыстыратын Самара - Шымкент халықаралық көлік дәлізі бойындағы, атап айтқанда Орал қаласы ауданындағы Жайық өзеніне және Қызылорда қаласы бойындағы Сырдария өзеніне салынып жатқан көпірлер құрылысы аяқталды.

2003-2004 жылдары Қазақстанның автомобиль көлік жолын одан ары дамыту мақсатында тағы да бірнеше негізгі жобаларды жүзеге асыру жоспарланды. Олар Ұлы Жібек жолы бойындағы автокөлік маршрутының бір телімі саналатын Алматы - Бишкек жолын, Атырау - Орал, Ақтөбе - Қарабұтақ телімдеріндегі Батыс Қазақстан жолдарын қайта жаңғырту, Самара - Шымкент транзиттік дәлізінің Қарабұтақ - Ырғыз учаскесін қайта қалпына келтіру және басқалары. Олардың ішінде, әсіресе, республикалық маңызы бар Атырау - Орал автожолы құрылысын жүргізуге ерекше назар аударылды. Оны күрделі жөндеуге Жапонияның “жұмсақ” несиесін игеру қолға алынды. Жол құрылысын жүргізу бәсекелестік тендрін италиялық құрылыс компаниясы жеңіп алды. Жоба бойынша Атырау-Орал аралығындағы жалпы ұзындығы 488 шақырым жолды толықтай күрделі жөндеуден өткізу 2005 жылдың күзіне қарай аяқталуы тиіс. Италиялық жолшылар жобаны іске асыруға 2003 жылдың наурыз айынан бастап кірісті. Оған Қазақстандық бірнеше кәсіпорын қосалқы мердігерлік жұмысқа тартылды. Нәтижесінде 2003 жылғы қыркүйекте ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтілген Махамбет бабаның 200 жылдық мерей тойы қарсаңында 70 шақырымдық жол күрделі жөндеуден өткізілді. Күре жолдағы күрделі жөндеу 2004 жылы да өз жалғасын тапты. Тынымсыз еңбектің арқасында жолшылар қыркүйек айында Атырау облысының аумағынан

асып, Батыс Қазақстан облысының шекарасына жетті. Көрсетілген уақыт ішінде 19 көпір мен 76 суағар құбырлары салынды. Сөйтіп, Атырау - Орал бағытындағы 488 шақырымды құрайтын күре жолдың 184 шақырымдық бөлігі пайдалануға берілді.

Жалпы 2004 жылдың басында Қазақстанның 160 аудан орталықтары асфальт жолмен байланыстырылған, республика бөйынша мұндай жолдардың ұзындығы – 83634 шақырымды қамтиды. Міне, осының арқасында автомобиль жол қатынасы республиканың барлық өңірлерімен және таяу мемлекеттермен тұрақты көлік байланысын қамтамасыз етіп келеді.

Қазақстанның жыл сайын дамып келе жатқан жол қатынасы мен коммуникациясы жоғары білімді инженер-техник кадрларды көптеп дайындауды талап етеді. Бұрын олар КСРО жоғары оқу орындарында дайындалды. Қазақстанда жол қатынасы инженерлерін дайындау алғаш рет тек 1958 жылы Өскемен қаласындағы жол құрылысы институтының ашылуымен басталды. Қазірде бұл институт Шығыс Қазақстан техникалық университеті болып қайтадан құрылды. Алғашқы жол құрылысы инженерлерін бұл оқу орны 1963 жылы дайындап шығарды.

1972 жылы автожол шаруашылығына кадрлар дайындау Алматыда Өскемен жол құрылысы институтының жалпы техникалық факультетінің ұйымдасуымен басталды, 1988 жылы бұл факультет сол институттың филиалына айналды. 1990 жылы бұл филиал Алматы автомобиль жол құрылысы институты болып өз алдына бөлініп шықты. Онда жол құрылысы, автокөлік және жол машинасы деген 3 факультет пен дайындалуға тиісті мамандықтар бойынша 18 кафедра қызмет етті.

XX ғасырдың 50-ші жылдары Қазақстанда темір жол қатынасының зор қарқынмен дамуымен байланысты инженер-техник кадрлар дайындау ісі айырықша орын алды. Осымен байланысты Алматыда 1953 жылы Ташкент темір жол институтының оқу-консультациялық пункті ашылды. Онда құрылған алғашқы оқу тобында республиканың 25 темір жол қатынасының жетекші кадрлары оқып білім алды. 1967 жылы бұл пункт Ташкент институтының Алматыдағы филиалына айналды. Бұл кезде Ташкент темір жол инсти-

тутының оқу консультациялық пункттері Шымкент, Ақтобе, Петропавл, Ақмола қалаларында да ұйымдасты. Ал 1976 жылы қыркүйек айында Ташкент институтының Алматы филиалы Қазақ мемлекеттік темір жол қатынасы институты болып өз алдына отау тікті. Оған сол жылы темір жолды пайдалану, автоматика, телемеханика, темір жол байланысы, вагон шаруашылығы, темір жол құрылысы, жол шаруашылығы және т. б. мамандықтар бойынша 600 адам қабылданды. Жиырма жыл ішінде бұл институт 12 мың темір жол инженер кадрларын дайындап шығарды.

Қазақстан үкіметінің 1996 жылғы 7 мамырдағы қаулысымен Алматы темір жол көлігі институты мен Алматы автомобиль жол құрылысы институтын біріктіру негізінде Қазақ көлік және коммуникация академиясы құрылды. Осы уақыттан бері М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының біріне айналды. 2003 жылы Академияда 43 мамандық бойынша 27 мыңнан астам студент жастар оқыды.

1996 жылдан бері Академияның материалдық-техникалық базасын нығайтуда, жаңа оқу-әдістемелік лабораториялар ашуда, оқу бағдарламаларын тереңдетіп жетілдіруде, оқу орнының Астана, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы филиалдарын одан ары нығайтуда үлкен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Академияда ғылыми ізденіспен терең әрі жан-жақты техникалық-экономикалық біліммен сусындата алатын ең таңдаулы ғалымдар мен оқытушыларды шоғырландыру қалыптасты. Академия алдағы уақытта да қоғам мен өмірге аса қажетті көлік жол қатынасы инженер кадрларын даярлауда алатын орны одан ары биіктеп, оның кош бастаушыларының бірі болатыны айқындалған.

§3. Қазақстанның су және әуе жол қатынасы

Қазақстан көлік қатынасында су жолының да ролі айтарлықтай. Республикада озен-колдер, Каспий теңізі арқылы жүк тасымалдау, темір жол мен автомобиль жолдарынан кейін үшінші орынды алады. Су жолы қатынасы

еліміздің ең басты өзендерінде жүргізіледі. Олар Шығыста - Ертіс өзені, мұндағы кеме қатынайтын су жолының ұзындығы – 1715 шақырым, Батыста - Жайық өзені, су жолының ұзындығы – 1164 шақырым, Оңтүстікте - Сырдария, су жолының ұзындығы – 840 шақырым, Іле өзені, су жолының ұзындығы – 880 шақырым, Балқаш көлі және оған құятын Қаратал өзені, кеме қатынайтын су жолының ұзындығы – 978 шақырым. Ал Орталық Қазақстанда су жолының қатынасы жоқ деуге болады. Жалпы XX ғасырдың 70-80 жылдарында Қазақстандағы өзендер арқылы қатынастың ұзындығы 5632 шақырым қашықтықты қамтып, онымен тасылатын жүктің көлемі (ағаш, мұнай, мұнай өнімдері, құрылыс материалдары т. б.) 390 мың тонна/шақырымды құрады. Өзендер арқылы жолаушыларды тасу жұмыстарын жүргізетін Ертіс, Жайық өзендерінде т. б. жерлерде су жол параходтығы ұйымдастырылды.

Егемендік алған 1991 жылдан бастап Қазақстан өз жеріндегі су жолының қатынасын дамытуға барынша көңіл бөліп, бірсыпыра ұйымдастыру жұмыстарын іске асырды. 1996 жылы Семей, Павлодар, Өскемен, Орал, Атырау және Қапшағай қалаларында өзен-көл қатынасымен айналысатын мемлекеттік кәсіпорындар құрылды. Дегенмен соңғы жылдары Қазақстандағы өзен-көл су жолдарын Каспий теңізімен қатынас басып оза бастады. Оған Маңғыстау аймағындағы табиғи жер асты байлықтарын, соның ішінде уран, мұнай-газ қазба байлықтарын көптеп тасудың үлкен әсері болды. Онда XX ғасырдың 60-шы жылдарында бұрынғы Шевченко портының орнына Ақтау қаласы бой көтерді. Қазба байлықтарын игеру мен тасымалдау жұмысы қалада атом электр станциясын, химия өнеркәсіп орындарын салуға үлкен ықпалын тигізді.

Ақтау портына дейін Каспий теңізінде Атырау портының жүк тасудағы ролі жоғары еді. Кеңестер Одағы кезінде ол мұнай және мұнай өнімдерін тасуда алдыңғы орынға шықты. Өйткені теңіз кеме қатынасының жағалаудағы порттарының көбі Атырау аймағында орналасқан болатын. Мұндағы су жолы 330-дан астам шақырымға созылды. Облыс бойынша мемлекеттік тіркеуге алынған 60 кеме және екі мыңға жуық кіші колемдегі кемелер жұмыс істеді. Бұл кезде Атыраудан кейінгі екінші теңіз порты болып, Маңғы-

ыстаудың солтүстік бөлігінде орналасқан Баутино саналды. Ол арқылы тұщы су, мұнай өнімдері, ағаш материалдары, астық-ұн, азық-түлік тауарлары, көмір т. б. тасылды.

Соңғы жылдары бұл теңіз порттарын Қазақстанның Маңғыстаудағы негізгі теңіз қақпасы болып саналатын Ақтау порты басып озды. Мұнда Маңғыстау түбегі аймағындағы теңіз жүктерінің 90 пайызы тасылады. Қазақстан Республикасы Ақтау порты арқылы Түрікменстан, Азербайжан, Дағыстан, Төменгі Еділ, Иран, Түркия т. б. мемлекеттермен сауда-экономикалық қатынастарын жүргізеді. Болашақта Ақтаумен Жерорта, Қызыл теңіздеріне, Пәкістан, Ауғанстан мемлекеттеріне, Үнді мұхитына шығу көзделген.

Сондықтан Қазақстан Ақтау теңіз портын қазіргі кезеңнің талаптарына сай қайтадан құрып жарақтауға ерекше көңіл бөледі. 1996 жылы Ақтау порты ашық акционерлік қоғамынан республикалық мемлекеттік “Ақтау теңіз сауда порты” кәсіпшілігіне айналды. Ондағы мақсат аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін инвестициялар тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлік қызметті ынталандыру еді.

1999 жылы Ақтау портын қайта құрудың екінші кезеңі толықтай аяқталды. Оған 74 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы жұмсалды. Нәтижесінде Ақтау порты қазіргі заманға сай көп салалы жүк сақтайтын терминал болып саналады.

Қайта құрудың бірінші кезеңі Ақтау портына жоғары технологиялық деңгейде қызмет көрсетуге, жыл мезгіліне байланысты күндіз-түні жұмыс істеуге, айына 100 мың тоннадан астам жүктерді және 500 мың тонна мұнайды өңдеуге мүмкіндік беріп отыр. Порттың жүк өткізу қабілеті жылына 8 миллион тонна мұнай мен 1,5 миллион тонна әртүрлі тауарларды қамтиды.

Портты одан ары жарақтандыру шеңберінде отандық жеке меншік инвесторлардың есебінен астық терминалының құрылысы аяқталды. Сол сияқты, ТАСИС желісі бойынша бөлінген 2 миллион евро есебінен паром кешенін қайта жарақтау жұмыстары жүзеге асырылды. Бұл темір жол вагондарындағы жүктерді паромға кедергісіз сырғытып түсіруге және шығаруға мүмкіндік берді.

2000 жылы Ақтау порты жүк тасуды үш есеге, мұнай

жонелтуді бір жарым есеге дейін ұлғайтты. Бұл қарқын 2001 жылы да сақталды, сөйтіп жалпы жүк жонелту көлемі 5841,9 мың тоннаға жетті. Ақтау - Баку - Ноушахр (Иран) бағыттары бойынша тұрақты автопаром қатынасы ашылды. Сондай-ақ, Ақтау қаласында Отандық “Қазтеніз-көлікфлот” ұлттық кеме қатынастары компаниясының негізі қаланды.

2003 жылғы наурызда “Ақтау теңіз сауда порты” еркін экономикалық аймақ болып құрылды. Осы уақыттан бері ол тек Маңғыстау өңіріне ғана емес, сонымен қатар кең байтақ Қазақстанның еңсе көтеріп, ілгері өрлеуіне өзіндік үлес қосып келеді. Теңіз портындағы іскерлік қызметтің арқасында темір жол паромы кешені де, астық терминалы да жүйелі жұмыс істеп, Ақтауға ат басын бұра бастаған елдер қатары көбейді. Мұнда Ақтау шыны талшықты құбыр зауытының бірінші кезегі іске қосылды және Қазақстандағы тағы бір іргелі құрылыс – теңіз платформалары мен баржалар шығаратын зауыт құрылысы жүріп жатыр. Оған 40 миллион АҚШ доллары көлемінде шетел инвестициясы тартылған.

2004 жылы тамыз айында Ақтау портының ұжымы жүк тасу жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жыл аяғына дейін жүк тасуды 8 млн. тоннаға дейін жеткізді. Порт арқылы шет елдерге қобіне Бұзашы түбегінің, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының мұнайы, “Испат-Кармет” акционерлік қоғамының металы шығарылады.

Соңғы жылдары Каспий теңізі порттарымен қатар Қазақстанның ұзындығы 4356 шақырым құрайтын ішкі су жол қатынасын өркендету ісі қолға алынды. Осының нәтижесінде озен көлігі арқылы жүк тасу көлемі арта бастады. Егер 1999 жылы озен суларымен тек 200 мың тонна жүк тасылса, 2003 жылы оның көлемі 700 мың тоннаға жетті. Ал 2004 жылы Орал-Каспий каналын қайтадан жарақтау және Ертіс өзеніндегі Шульба шлюзін жаңадан іске қосумен байланысты озендер арқылы жүк тасу 2 миллион тонна болды.

Қорытып айтқанда, жоғарыда көрсетілген ауқымды істер, ізденістер, жаңа жоба-жоспарлар қазақстандық су жолының күн санап өсіп келе жатқандығын байқатады.

Қазақстан көлік қатынасы салаларының бірі - әуе жолы

болып саналады. Еліміз егемендік алғанға дейін республикада Қазақ Азаматтық авиация басқармасы қызмет етті. Кейінірек ол өзгертіліп “Қазақстан әуе жолы” Ұлттық авиакомпаниясы болып қайтадан құрылды. XX ғасырдың 80-ші жылдары Қазақстан аэрофлот басқармасы жыл сайын 5,5 миллион жолаушы тасыды, 14 миллион гектар егістік жерлерді ондеді, 55 мың тоннаға дейін жүк және пошта қызметін атқарды. Кеңестер Одағы тараған кезде “Қазақстан әуе жолы” компаниясы көптеген қиындықтарға ұшырап, бірнеше ондаған кішігірім авиакомпанияларға бытырап кетті. Олардың басым көпшілігі жолаушылар тасуда жарамсыз болып шықты. 1998 жылы Қазақстан құқық министрлігінде тіркеуден өткен 62 авиакомпаниялардың 23-нен басқаларының өзіне тиісті әуе кемелерінің жөндеу паркіде болмады. Республикада есепке алынған 553 ұшақ пен тікұшақтың 66 пайызы ұшуға жарамсыз деп табылды.

Сондықтан Қазақстан үкіметі әуе жол қатынасына үлкен көңіл боліп, тікелей өзіне қарайтын мемлекеттік “Әйр Қазақстан” авиакомпаниясын құрды. Бұл компанияның қызметінде XX ғасырдың 90-шы жылдары көптеген қиындықтар кездесті. Тек 2001 жылдан бастап мемлекеттің көмегі арқасында “Әйр Қазақстан” компаниясының жұмысы едәуір жақсара түсті. Сол жылы компания 2830 ұшу рейсін орындады. Оның 58 пайызы Қазақстан республикасының өз ішінде, 18 пайызы ТМД елдеріне, 23 пайызы алыстағы шет мемлекеттерге жасалды. Соңғы жылдары әуе жолы арқылы жүк тасуда жеке авиакомпаниялар алдыңғы қатарға шыға бастады. Олар барлық тасылатын жүк көлемінің 60 пайызын қамтыды.

2002 жылы Қазақстанда республикалық маңызы бар 20 әуежай қызмет етті. Оның төртеуі мемлекет меншігінде, 6 әуежай жеке компаниялардың қолында, қалғандары коммуналдық-ұжымдық меншіктерге қарады. Республика бойынша халықаралық әуе жолдарын қамтамасыз ету тек 14 қалалық әуежайларға жүктелді. Олар: Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Петрәпавл, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент, Павлодар, Семей қалалары.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін, халықтың сұранысын қанағаттандыру, ұшу қауіпсіздігі мен жолаушыларға

қызмет көрсету мәдениетін арттыру мақсатында 2001 жылы құрылған “Эйр Астана” мемлекеттік авиакомпаниясы Боинг-737, Боинг-757 тәрізді батыстық үлгідегі жаңа ұшақтарды пайдалана бастады. Республиканың әуе кеңістігінің транзиттік әлеуетін дамыту барысында ұшуға рұқсат етілген әуе жолдарының ұзындығы арта түсті. Егер 1995 жылы әуе жолдарының ұзақтығы 9 мың шақырым болса, 2002 жылы ол 50 мың шақырымға артты. Оған әуе жолдары мен аэродромдарды қазіргі заманғы радиотехникалық құралдармен жарақтандыру арқылы қол жеткізілді. Мұның өзі Еуропа мен Азия арасында әуе қатынасын жүзеге асыратын шетелдік әуе кеңістігіп толық пайдалануына әсерін тигізді. 1998-2002 жылдар аралығында Қазақстан аспаны арқылы өтетін халықаралық транзиттік дәліздердің саны 56-дан 72-ге дейін өсті. Оның ұзындығы 49 мың шақырымды құрады, бұл 1997 жылға қарағанда 6 есеге көп. Астана, Қарағанды, Тараз, Ақтөбе қалаларының әуежайларында техникалық жарақтану бағытында ауқымды қайта жаңғыртулар жүргізілді. 2003 жылы желтоқсан айында Алматыдағы жаңа әуежай құрылысы аяқталып, іске қосылды, оған 8 миллиард теңге, немесе 52,2 млн АҚШ доллары жұмсалды.

2003 жылы Қазақстанның авиорыногында 38 авиакомпания жұмыс істеді, оның 11-і мемлекеттік, 27-сі жекеменшіктік болды. Мемлекеттік авиакомпаниялар 1,6 млн жолаушының 85 пайыздан артығын тасыды. Бұл компаниялардың қатарында “Эйр Қазақстан”, “Ертіс - Авия”, “Атырау әуе жолы”, “Эйр Астана”, “Еуразия – Эйр” т. б. атауға болады. Еліміздегі 51 әуежайдың 21-і республикалық маңыздағы әуежай болып саналады.

2004 жылы Қазақстандағы әуе трассалары желілерінің жалпы ұзындығы 60 мың шақырымды құрап, көршілес елдермен шектесетін 66 әуе дәлізі болды. Сонымен бірге республиканың әуе кеңістігіндегі жалпы ұшырылымдар көлемінің 70 пайыздан астамын транзиттік тасымал қамтыды. Қазіргі уақытта Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер шеңберінде аэронавигациялық жобалар жоніндегі “Еуразия” үйлестіру кеңесі құрылды. Аталған кеңес әуе қозғалысын ұйымдастыру саласындағы бірлескен іс-қимылды жетілдіру, Ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің әуе кеңістігі арқылы ұшатын тран-

зиттік ұшырылымдар көлемін арттыру жөніндегі мәселелермен айналысады.

Қазіргі кезеңде республикадағы жолаушы және жүк тасымалын 24 авиакомпания жүзеге асырады. Солардың ішінде 9 авиакомпания тұрақты ұшуға негізделген. Тұрақты авиарейстердің негізгі көлемін “Эйр Астана” авиакомпаниясы орындайды, ол операциялық лизинг негізінде – Боинг – 757, 200 және Боинг – 737, 700 әуе кемелерін пайдаланады. 2004 жылдан бастап аталған компания Фоккер-50 өңірлік әуе кемелерін пайдалана бастады. Сонымен бірге елдегі барлық авиакомпаниялар халық шаруашылығының әр түрлі салаларында авиациялық шараларды жүзеге асыруға негізделсе, соның 17-сі маусымдық авиациялық–химиялық жұмыстар жүргізуге мамандандырылған. Статистикалық мәліметтер бойынша 2003 жылы елдегі әуежайлардан 1,6 миллион жолаушы жөнелтіліп, 2002 жылмен салыстырғанда 18 пайызға өскен.

Қазақстан әуе жол қатынасын одан әрі өркендетуде 2003-2005 жылдарға арналған азаматтық авиация саласын дамыту бағдарламасының мәні ерекше болмақ. Онда қазіргі заманғы авиакөлік жүйесін қалыптастыру жөніндегі бірқатар маңызды міндеттер қарастырылған. Атап айтқанда, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, сала нысандарының қызметіне негізгі экономикалық, техникалық және біліктілік талаптарын арттыру, әуе айлағының өндірістік қуаттылықтарын қайта жаңғырту мен жаңарту алға тартылып отыр.

§4. Қазақстан құбыр жолдары

Қазақстанның құбыр жолдарына мұнай құбырлары мен газ құбырлары жатады. Республиканың батысында ұзындығы 154 шақырымдық алғашқы мұнай құбыры – Доссор – Ракуш - Каспий аралығында 1917 жылғы Қазан революциясына дейін салынған. 1934 жылы ұзындығы 830 шақырым Каспий-Орск мұнай құбыры, ал 1966 жылы ұзындығы 141 шақырым Өзен – Жетібай - Ақтау құбыры жүргізілді.

Мұнай-газ құбырларының Қазақстанда кеңінен салынуы

XX ғасырдың 60-жылдары Маңғыстау түбегінде жер асты қазба байлықтарының жаңа көздерінің табылуымен байланысты жедел орістеді. 1968-1970 жылдары ұзындығы 1500 шақырым Өзен – Атырау - Самара континентальдық аса ірі мұнай құбыры салынды. Қазірде Қазақстан жері арқылы үш басты мұнай құбырлары өтеді. Олар: Кенкияк - Орск, Омбы – Павлодар – Шымкент - Чарджоу, Теңіз – Атырау - Самара мұнай құбырлары. Бұдан басқа республика территориясымен ұзындығы 3 мың шақырым Орта Азия – Орталық мұнай құбыры, сондай-ақ Маңғыстаудан Еділ бойы арқылы Украинаға дейін ұзындығы 2,5 мың шақырым халықаралық мұнай құбыры жүргізілген.

1997 жылы 2 сәуірде Қазақстан Президентінің жарлығымен елдің барлық мұнай құбырларын және көсіпорындарын біріктіретін “ҚазТрансОйл” ұлттық акционерлік компаниясы құрылды. Оған Қазақстанның мұнайын сыртқа шығару, оны тасуда басқа мемлекеттердің мұнай компанияларымен бірігіп қызмет істеу, магистральдық мұнай құбырларының желісін дамытуға шетелдік инвестициялар тарту, мұнай құбыры бойынша барлық ұйымдық мәселелермен айналысу жүктелді.

Компанияның өндірістік құрамына ұзындығы 62636 шақырым мұнай құбырлары, 3377 шақырым су құбыры, 32 насостық қотару станциясы, 18 мұнай өнімдерін қабылдау және оны басқа жаққа шығару пункттері, тағы да басқа маңызды объектілер бағындырылды. Сондай-ақ Республикадағы магистральдық мұнай құбырларын басқаруды қамтамасыз етуде жан-жақты автоматтандыру жүйесін құру көзделген. Осы мақсатта “ҚазТрансОйл” компаниясы 2005 жылға дейін Өзен – Атырау – Үлкен – Шаған – Қаламқас – Қаражанбас - Ақтау мұнай құбырларын, Өзен - Шаған, Сайутес - Қаламқас, Бейнеу - Өзен, Астрахань - Маңғыстау су құбырларын техникалық жағынан қайта құруды аяқтауды жоспарлап отыр.

2001 жылы наурыз айында “ҚазТрансОйл” компаниясының басқаруымен ұзындығы 1580 шақырым Каспий құбыр консорциумы (КТК) жобасының бірінші кезегі аяқталды. Мұның өзі Қазақстан мұнайын әлемдік рынокқа шығаруды молайтуға мүмкіндік берді. Тек Ресеймен мұнай транзитінің көлемін 2 есеге ұлғайту туралы шартқа қол қой-

ылды. Сонымен қатар Солтүстік Каспий арқылы Новороссийскіге дейін Теңіз – Атырау – Астрахань - Новороссийск аралығында екінші мұнай құбырын салу жоспарланды. Оның құрылысы 1999 жылғы мамыр айынан бері жүріп жатыр, құрылысқа жұмсалатын қаржының көлемі 2,3 миллиард долларды құрайды. Бұл жоспарланған қаражатпен қамтамасыз ету шет ел және Қазақстан мұнай компанияларына жүктелген.

Еліміздің Каспий аймағынан алынатын көмірсутегінің көлемі жылдан жылға өсіп келе жатуы, бұдан да басқа тасымал жолдарды қарастыруға ықпал етуде. Осымен байланысты соңғы жылдары экономикалық бәсекелестік жағынан тиімді деп есептелінетін Баку – Тбилиси - Жейхан мұнай тұрба құбырлары құрылысының жобасына ерекше назар аударылып отыр. Бұл маршрут Каспий аймағына орналасқан мұнайлы елдерінің бәрінің мүддесіне қызмет көрсететін болады. Тұрба құбырының құрылысын салу туралы екі шетелдік компаниясымен келіссөзге қол жеткізілді. Құбыр құрылысының жалпы құны 2,75 миллиард долларға бағаланған. Жылына 50 миллион тонна мұнай өткізеді деп күтіліп отырған құбырдың ұзындығы 1,73 мың шақырымға созылмақ. Біздің еліміз бұл экспорттық мұнай құбыры арқылы өз өнімін тасымалдауды 2008-2009 жылдары жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Қазақстан мұнайын сыртқа шығарудың үшінші басты бағыты – Қазақстан-Түрікменстан-Иран маршрутын қамтиды. Бұл жобаны іске асыру үшін бірқатар техникалық, технологиялық және саяси проблемаларды шешіп алу міндеті тұр. Құбыр құрылысы бойынша үш жақтың да көзқарасы бірдей. Алдын ала болжанып отырған есептеулер бойынша құбырмен жылына 20 миллион тонна мұнай айдау экономикалық жағынан өте тиімді болмақ. Бұл маршрут Қазақстан мұнайын ең төте жолмен – Түрікменстан-Иран арқылы Парсы шығанағындағы терминалға алып келмек. Маршруттың ұзындығы 2137 шақырым, жылына 25 миллион тонна мұнай өткізе алады. Парсы шығанағына дейін созылатын жаңа мұнай тұрба құрылысының құны әзірше 2,4 миллиард доллар деп есептелініп отыр. Жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асыру көзделген.

Қытай Халық Республикасымен экономикалық қатына-

сты дамытудағы басты бір мәселе – мұнай-газ секторын өрістетуге болып табылады. Осы мақсатта 1997 жылы 24 қыркүйекте екі ел арасында мұнай тұрба құбыры құрылысын салу туралы келісімге қол қойылды. Құбыр – Атырау – Кеңкияқ - Құмкөл – Атасу - Достық маршрутын қамтиды. Оның ұзындығы 2800 шақырымға созылып, жылына 20 миллион тонна шикізат айдалуы тиіс деп болжануда. Жобаның құны шамамен 2,7 миллиард АҚШ долларына бағаланған. Бұл құбырдың Қазақстан үшін басты тиімділігінің бірі – республикадағы ішкі мұнай тасымалының проблемасын шешеді. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан облысынан Павлодар мен Шымкент мұнай өңдеу зауыттарына шикізат тасымалдауды өсіруге мүмкіндік береді. Жоғарыдағы келісім нәтижесінде 2004 жылы 28 қыркүйекте Қазақстанның батыс аймағынан Қытайға мұнай тасымалдайтын 1000 шақырымдық Атасу - Алашанькоу құбыр желісінің құрылысы басталды. Оны 2005 жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланған. Құбыр құрылысына 700 млн доллар инвестиция тартылған. Жаңа мұнай құбыры Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының аймақтары арқылы Ағадыр, Ақшатау, Ақтоғай және Үшарал елді мекендерін басып өтеді.

Халықты сұйық отынмен қамтамасыз етуде газ құбырының маңызы өте зор. Патшалық Ресей тұсында газ құбыры тұрғызылмаған. Оны дамыту тек Кенес өкіметі жылдарында басталды. Нәтижесінде 1956 жылдан бастап газ құбырын салу жеке өнеркәсіп саласына айналып, газ өндіру 40 есеге өсті. Бұған ХХ ғасырдың 60-70 жылдары жүргізілген ұзындығы 3070 шақырым Орта Азия – Орталық газ құбырының үлкен әсері тиді.

Қазақстанда алғашқы газ құбыры 1970 жылы Батыстағы Теңге кәсіпшілігінде іске қосылды. 1971 жылы ұзындығы 610 шақырым Бейнеу-Өзен-Бекдаш газ құбыры салынды. 1972 жылы ұзындығы 310 шақырым газ құбыры Маңғыстау аймағындағы Өзен-Бейнеу аралығын жалғастырды. Республика жеріндегі негізгі табиғи газ кен орнының ең бай қоры Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ жерінде табылды. Мұндағы бай газ қорын пайдалану 1984 жылдан бастап жүзеге асты, оның құрылысын “Қарашығанақ - газпром” акционерлік қоғамы жүргізді. Алдағы уақытта рес-

публиканы газбен қамтамасыз етуде бұл компанияның алдына үлкен міндет жүктелген. Өйткені Қазақстанда табиғи газдың жетіспеушілігі өте күрделі проблемаға айналып отыр. Республика бойынша қазірге кезде жылына 9,5 миллиард текше метр газ өндіріледі, оның 4 миллиард текше метрі сыртқа шығарылады. Жалпы елімізде газдың зерттеліп табылған қоры 250 жылға жетеді деп есептелген. Бір айта кететін жайт, газдың жер астындағы қоры негізінен Қазақстанның солтүстік батысында – Каспий ойпатында, Солтүстік Қазақстанда, Торғай аймағында шоғырланған. Сондықтан оны Оңтүстік Қазақстан аймағына алып келу мемлекет алдындағы басты міндет болып отыр.

Бұл күрделі мәселені тез арада шешу үшін Қарашығанақ - Ақтөбе және Ұрықтау - Ақтөбе газ құбырларын салу, оны Бұқара - Орал газ құбырына қосу жоспарланған. Мұның өзі оны Байқоңыр қаласына, одан ары Қызылорда, Түркістан қалаларына жеткізуге мүмкіндік береді. Осыған орай 1994 жылы ұзындығы 600 шақырым Ақсай-Ақтөбе газ құбырының құрылысы басталды, ол Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ газ кен орнын Бұқара - Орал газ құбырымен байланыстырады.

Болашақта Қызыл Октябрь – Арқалық - Астана газ құбырын салу қарастырылуда. Ол Қазақстанның Батыс аймағын Орталық облыстарымен байланыстыруды көздейді. Сондай-ақ, Богадинка – Есіл – Петропавл - Көкшетау – Ақмола - Қарағанды және Омбы – Павлодар – Семей - Өскемен газ құбырларын жүргізуде жоспарланған. Бұл газ құбырлары арқылы Ресейдің Түмендегі газ кен орнын пайдалану көзделген.

Газ құбыры жүйесінде Қазақстанның жер астындағы табиғи газды сақтайтын үш басты қоймасы бар. Оның біріншісі Ақыртөбе газ қоймасы Тараз қаласынан 60 шақырым, Газли – Ташкент – Бішкек - Алматы газ құбыры жолынан 3 шақырым жерде орналасқан. Екінші үлкен “Базой” қоймасы Ақтөбе облысы жерінде, үшіншісі – Арал теңізі маңында Бұқара - Орал газ магистралы бойында жасқалған. Олардың жалпы сиымдылығы 3,6 миллиард текше метр. Қазіргі кезде одан тек Ақтөбе облысына ғана газ жіберіліп тұрады.

2000 жылы ақпан айында Қазақстан үкіметінің қаулы-

сымен “ҚазТрансГаз” ұлттық мемлекеттік компаниясы құрылды. Оны құрудағы басты мақсат – еліміздің магистральдық газ құбырлары арқылы газды тасымалдауды ұйымдастыру, қалалар арасында табиғи газды тиімді бөліп жеткізу және тасымалдау. Сондай-ақ, бұл компания жер астындағы табиғи газды тауып, оны шығарумен де айналысады. 2000 жылдың маусым айында бұл компания Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орнын игеру және Ақтөбе облысы жерінде мұнай кен орындарын іздестіріп табу, оны шығару тендерін жеңіп алды. Оған жұмсалатын инвестициялық қаржының көлемі – 100 миллион АҚШ долларын құрайды. Амангелді газ кен орнын игеру арқылы Қазақстанның оңтүстік аймағын газбен қамтамасыз ету проблемасын шешу көзделген. “ҚазТрансГаз” компаниясы алдына таяу арада Жамбыл облысы жеріндегі Шу-Сарысу газ кен көзін игеру міндеті қойылған. Мұндағы Амангелді кен орнының зерттелген газ қоры 25 миллиард текше метр – деп есептелінген.

2003 жылы қыркүйекте Амангелді - Тараз бағытында тасылған 193 шақырымдық газ құбыры негізінен дайын болды. Алдымен газ құбыры сумен тазартылды. Одан соң Бұхара - Алматы бағытында газ құбырының бесінші компрессор станциясынан жаңадан тартылған құбырға қажетті қысым бойынша көгілдір отын толтырылды.

Амангельді көгілдір отынының тазалығы күрделі өңдеуді қажет етпейді. Сондықтан да “ҚазТрансГаз” қоғамының мамандары газ айыру зауытын салудан бас тартып, сүзгі қою тиімді деп шешті. 2004 жылдың күзінде газ айыру қондырғысы құрастырылып аяқталғаннан кейін, көгілдір отын Қазақстанның оңтүстік аймақтарына беріле бастады, ал 2010 жылға дейін Жамбыл облысындағы Амангелді газ кенінің екінші кезегін аяқтау жоспарланып отыр.

Қорытып айтқанда, соңғы кезде Қазақстанның газ құбырын дамытуда едәуір табыстарға қолы жетті. Тек 1998-2002 жылдары газ саласындағы транзит көлемі 6,5 миллиард текше метрге ұлғайып, экспорт 4 есе өсті. Ал кейінгі жылдары бұл көрсеткіш одан ары көбейді. Осымен байланысты транзиттен түскен кіріс 2 есе, ал экспорттан түскен табыс 13 есе артты. Бұл аталған саланы дамытуға бағытталған инвестициялар көлемін 40 еседен астам өсіруге мүмкіндік

берді. Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Президентінің көлік-коммуникация салаларын дамыту бойынша “Қазақстан - 2030” Стратегиясын іске асырудың алғашқы жылдарына қойған міндеттері негізінен жүзеге асып орындалды.

Отыз сегізінші тарау

Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік жағдайы және мәдениеті

§1. Республика халқының әлеуметтік жағдайы

Тәуелсіз Қазақстан егеменді ел болғаннан кейінгі алдына қойған басты мақсатының бірі - адамдардың жақсы тұрмысын іс жүзінде қамтамасыз ететін қоғам орнату. Осы орайда әрбір адамға кәсіпкерлік еркіндік пен мүмкіндік туғызып, жоғары әлеуметтік мәртебеге жетуін қамтамасыз ету, экономиканың өсуі мен тұрақтануына және оның дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына, интеграциялануына орай еңбек табыстарын, зейнетақыны және жәрдемақыны арттыру бүгінгі күннің қажеттілігінен туындап отыр.

Әлеуметтік салада егемендікке жеткеніміздің басты корсеткіштері: ұлттық байлықтың көбеюі, халықтың тұрмыс-тіршілігі дүние жүзіндегі озық дамыған елдермен араздағы артта қалушылық пен алшақтықты азайту, яғни технологиялық дамудағы және тұрмыс жағдайы деңгейіндегі айырмашылықты қысқарту. Бұл мақсатты жүзеге асыру ұлттың әлеуметтік қабілетіне байланысты. Оған құндылықтар жүйесі, оқу-білім, кәсіби шеберлік, білім-ғылым базасының деңгейі, ұлттық нарықтық қатынас, қоғамдық институттардың даму дәрежесі және т. б. жатады.

Алайда, қоғамдық қатынастардың өзгеруімен және нарықтық экономикаға кошумен байланысты ХХ ғ. 90-шы жылдары жақсы өмір сүру халықтың көпшілігінің көзінен бұл-бұл ұшты, оның тұрмыс жағдайы жыл сайын төмендеп отырды. Еліміздің экономикасының құлдырауымен байла-

нысты еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы бұл жылдары тиісінше дәрежеде оспей, тауарларды ырықтандыру деңгейінен ондаған есе артта қалып қойды. Халықтың материалдық-тұрмыстық жағдайының үнемі нашарлауы, баға мен ақшаның құнсыздану жылдамдығының осуі адамдардың болашаққа деген сенімсіздігін, моральдық-психологиялық дағдарысқа ұрынуын күшейтті, рухани жүдеулік орбіді.

Еліміздің барлық аймақтарында ондірістің құлдырауы және соған байланысты халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі демографиялық жағдайға әсерін тигізді. Мұны бала туу мен олім-жітімің, сондай-ақ, халықтың республикадан тыс жерлерге көшіп кетуінің жай-күйін сипаттайтын корсеткіштерден анық байқауға болады. Мәселен, 1991-1995 жылдар аралығында әр мың тұрғынға шаққанда бала туу деңгейі 21,0 адамнан 16,6 адамға дейін азайды. Сонымен қатар басқа жақтарға, соның ішінде Израильге, Германияға, АҚШ-қа, Ресейге т. б. жерлерге қоныс аударушылар көбейді. Олардың саны: 1992 жылы - 352 мың, 1993 жылы - 333 мың, 1994 жылы - 542 мың, 1995 жылы - 423 мың, 1996 жылы - 229,4 мың, 1997 жылы - 299,4 мың, 1998 жылы - 243,6 мың, 1999 жылы - 162 мың, 2000 жылы - 156,8 мың, 2001 жылы - 143,6 мың болды. Осы себептермен байланысты халықтың саны жылдан-жылға қысқарды. Егер 1992 ж. Қазақстанда - 17 млн. халық болса, 1993 жылы - 16 млн. 871 мың, 1995 жылы - 16 млн. 539 мың, 1996 жылы - 16 млн. 41 мың, 1997 жылы - 15 млн. 860 мың, 1999 жылдың басында 14 млн. 951 мың, ал 2002 ж. басында 14 млн. 820 мың адам болған, немесе 1992 жылмен салыстырғанда республикада тұратын халықтың саны 2 миллион 180 мың адамға қысқарған. Соңғы кезде елдің экономикалық жағдайының жақсаруымен байланысты халықтың саны да осе бастады. 2004 жылы республика халқының саны 15 миллионға жетті, қалада тұратын халық көбейді, еліміздегі барлық халықтың 57 %-ы қалаларда, ал қалған 43%-ы ауыл-селоларда тұрады.

Республика көлемінде 131 ұлт пен ұлыстың өкілі тұрып жатыр. Бір айрықша боліп айта кететін жайт, қазақтар саны бірте-бірте басымдыққа не болып келеді. Мәселен, ХХ ғ. 60-шы жылдары қазақтар елде тұратын халықтың үштен

бірін қамтыса, 1997 жылдың басында олар республика халқының тең жарымын құрады. 1999 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың саны 8,2 млн. адамға жетіп, жалпы халықтың 53,4 %-ін қамтыса, 2004 ж. 8,6 млн.-нан асып, республика халқының 58 пайызын құрады.

Экономикалық реформалар процесі тереңдеп, еңбек рыноғіндегі жағдай неғұрлым шапшаң шиеленіскен сайын халықты жұмыспен қамту проблемасы күрделенді. Адамдардың еркін еңбек етуге және қалаған мамандығын таңдап алуына деген құқықтары сөз жүзінде қалды. Нәтижесінде 1991 жылдан бастап республикада жұмыссыздық басталды. Бұған басқа елдерден жұмыскерлер алып келуінің де кері әсері тиді. Елдегі жұмыссыздардың саны, әсіресе, 1997-1999 жылдары едәуір өсіп, еңбек етуге жарайтын барлық халықтың 13-13,5 пайызын қамтыды. Олардың қатары республика экономикасының қайтадан көтерілуімен байланысты тек 2000-шы жылдан кейін кезең бастады. Сөйтіп, 2004 жылы жұмыссыздар саны жалпы жарамды халықтың 7,9 пайызына дейін томендеді. Нарықтық өзгерістер жұмыспен қамтылғандардың жаңа категориясын – жұмыспен өзін-өзі қамтушыларды қалыптастырды. Олар соңғы жылдары жұмыс істейтін халық санының 40 пайызына дейін жетті. Бұған жеке меншік сектордың серпінді дамуы жағдай жазады.

Қазақстандағы ауыл мен селоларда тұратын халықтың әлеуметтік жағдайы Одақ кезінде де қала тұрғындарымен салыстырғанда кейін қалып келгені белгілі. Оның үстіне бізде ауыл шаруашылығының үлес салмағы үлкен, тұрғындардың көп бөлігі ауылдық жерде тұрады. Осыған қарамастан дағдарыс алдымен ауыл тұрғындарына қаттырақ тиді. Мұның себептері де бар еді. Әуелі ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіп және басқа салалар өнімдерінің бағасы арасында үлкен алшақтық туды. Төпе-теңдіктен өте алыс баға алшақтығы ауыл шаруашылығын қатты күйзеліске әкеп соқтырды. Оған колхоздар мен кеңшарларда тез арада жекешелендіру науқаны қосылды. Көптеген бұрынғы кеңшарларда жыл бойы еңбек ететін 600-800 адамның үштен бірі, кей жерде жартысы жұмыссыз қалды. Жастар лек-легімен жұмыс іздеп қалаға ағылды. Қалаға келгенде де олар қарық болған жоқ. Не баспана, не дайын жұмыс

пен табыс жоқ, сенделіп жүріп азын-аулақ саудамен, рэкетпен, ұрлық-қарлықпен шұғылданып, мындаған қазақ жастары қылмыскерлер қатарын толтырды.

Сондықтан бүгінгі ауыл жастарының болашағы бұлыңғыр екенін жан-жақты ескеріп, оларды қаладан кетіп жатқан басқа ұлт өкілдерінің орнына жұмысқа орналастыру шаралары жүргізілді. Осымен байланысты Елбасы Н. Назарбаев 2002 жылы Ақтау қаласында республика жастарының конгресінде сойлеген сөзінде болып жатқан қиындықтарды жеңе білуге, аянбай еңбек етуге, ең басты болашақ қоғамның жақсы азаматы болу үшін тиянақты білім алуға шақырды.

Егемен мемлекеттің әлеуметтік саладағы жүзеге асыратын істерінің бірі - еңбекақыны жолға қою, өнімді еңбек еткен адамның жалақысын үнемі өсіріп отыру. Ол саудамен, алып-сатарлықпен шұғылданатын адамнан кем таппауы керек. Бірақ іс жүзінде бұл аса маңызды мәселе ХХ ғ. 90-шы жылдары өзінің шешуін таппады, әсіресе, мемлекеттік бюджеттің қарауындағы халыққа білім беру, денсаулық сақтау, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мәдениет пен ғылым саласының қызметкерлерінің алатын жалақысы өте төмен деңгейде қалып қойды. Жалақыны бетімен жіберу үкіметтің реформа жасаудағы қателіктерінің бірі болды. Елдің көбі әліде болса жұмысты аз істеп, ақшаны көп алғысы келді. Халық шаруашылығы жетекші салаларының жұмысшылары мен қызметкерлері мемлекеттік бюджетте тиісті ақшаның болмауы себепті жалақыларын бірнеше ай бойы ала алмайтын халге жетті. Міне, осының салдарынан шахтерлердің, мектеп мұғалімдерінің, дәрігерлердің ерсуілге шығуы орын алды.

Әлеуметтік проблемадағы тағы бір шешімін табатын мәселе - ол шалғай аудандарда, шол және шөлейт жерлерде, Арал, Семей полигоны сияқты экологиялық апат аймағында тұратын халықтың тұрмысын көтеру. Жасыратыны жоқ, ол жерлердің барлығында негізінен өзіміздің қандастарымыз, қазақ ұлтының өкілдері тұрады. Сондықтан осы маңызды әлеуметтік мәселені қолға алмай, оны тиісті дәрежеде шешпей, Қазақстанның экономикасы жөнінде айту қиын.

Қазақстанның әлеуметтік саласындағы басты мәселелер-

дің бірі зейнеткерлерді - зейнетақымен қамтамасыз ету. Көптеген аймақтарда халықтың осы әлеуметтік тобы өзінің маңдай тер, табан ақысының қайтарымын ала алмауы олардың наразылығын туғызды. Сондықтан үкімет, оның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақы қарызынан құтылу мақсатында басты үш бағытта бірқатар жұмыс жүргізді. Біріншісі - зейнетақының бұрынғы қарыздарын жабу, екіншісі - қазіргі зейнетақыны уақытында төлеу, ал үшіншісі - зейнетақы жүйесін реформалау. Бұл үш бағытта жүргізілген іс-шаралар бірсыпыра қайтарымын беріп, 1999 жылдың зейнетақы қарызын төлеуде бірқатар шаралар іске асырылды. Әсіресе, жеті-сегіз ай бойы зейнетақыларын ала-алмай келген ауыл тұрғындарына ерекше көңіл бөлінді. Нәтижесінде қазіргі кезде зейнетақы республиканың барлық аймақтарында уақытылы төленеді.

Қазақстан үкіметінің әлеуметтік саясатының маңызды бір саласы зейнетақыны арттыру болып табылады. Бұл бағытта елімізде оң қалыпты үрдіс жалғасын табуда. Атап айтқанда, зейнетақының ең төменгі мөлшері 1998 жылы 3 мың теңге болса, 1999 жылы үкімет оған 500 теңге қосты. 2000-жылы тағы да 500 теңге қосылып, 4 мың теңгеге жетті. Үкімет зейнеткерлердің өтініш тілектеріне байланысты 2002 жылы қосымша 455 теңгені ең төменгі мөлшердегі зейнетақы алатындарға қосумен бірге, 10 мың теңгеден төмен алатындарға да қосты. Ал ондай зейнеткерлердің саны бір миллион 100 мың адамды қамтыды. Жалпы 2000-2002 жылдары зейнетақы төлемдерінің ең аз мөлшері үш мәрте артып, 23 пайызға өсті. 2003 жылдың басында Президенттің жарлығымен зейнетақы көлемі тағы да 12 пайызға көтерілді, сөйтіп ең төменгі зейнетақының көлемі 5 мың теңгеге жетті.

2004 жылы Қазақстанда 3,5 миллионнан астам адам, немесе халықтың 23,6 пайызы әлеуметтік қамсыздандырумен қамтылған. Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстар 1999 жылмен салыстырғанда бір жарым еседен астам өсті. Республикалық және жергілікті деңгейде халықтың түрлі санаттарына бюджет қаражаты есбінен көрсетілетін әлеуметтік төлемдердің, жәрдемақылар мен жеңілдіктердің және басқа да көмектердің 34 түрі белгіленді.

Халықтың тұрмысындағы елеулі көрсеткіш, өл - тұрғын

үймен қамтамасыз ету. Кеңес өкіметі тұсында да, одан кейінгі жылдарда да тұрғын үй адамдардың ең басты мұқтажы болып қала берді. Осыған қарамастан республикада тұрғын үй салу жылдан-жылға азайған үстіне азайды. Мәселен, 1988 жылы үй салу көлемі елімізде 8,8 миллион шаршы метрге жетсе, 1993 жылы ол 3,5 миллионға дейін кеміді, 1995 жылы тек 1,5 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 1996 жылы оның көлемі бір миллиондай ғана болған, ал кейінгі 1997-1999 жж. одан әрі томендеді.

Тек Қазақстан экономикасының 2000 жылдан бастап ілгерілеуімен байланысты тұрғын үй құрылысы соңғы жылдары қайтадан көтерілді. 2002 жылы үй құрылысына 29,4 миллиард теңге инвестициялық қаржы жұмсалды, немесе 2001 жылмен салыстырғанда 7,9 пайызға артты. Жаңадан 1402,7 мың шаршы метрді қамтитын 11,2 мың пәтер іске қосылды. Ал 2003 жылы республикада екі миллион шаршы метрден астам тұрғын үйі салынды. Бұл 2002 жылы пайдалануға берілген үй санынан 30 пайызға көп. Үй құрылысы, әсіресе, Алматы мен Астана қалаларында кең оріс алды.

2004 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасы Ұлттар Кеңесінің мәжілісінде елімізде тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы мақұлданды. Онда тұрғын үй құрылысы бағытындағы жүзеге асырылатын нақты шаралар атап көрсетілді. Олар: бірінші, ипотекалық несиеленуді дамыту; екінші, тұрғын үй құрылыс жинақтамалары жүйесін жетілдіру; үшінші, қолжетімді жаңа тұрғын үй құрылысы үшін жергілікті атқарушы органдарды несиелеу; төртінші, коммуналдық тұрғын үй құрылысы; бесінші, құрылыс материалдары, тиімді конструкциялар мен технологиялар өндірістерін дамыту; алтыншы, инженерлік инфрақұрылымды оркендету.

Республикада бір кезде әжептәуір дамыған жеңіл өнеркәсіп салалары кейінгі жылдары қысқарды. Шет елдерден келіп жатқан сапасыз тауарларға бөгет қою іске асырылмады. Жеңіл өнеркәсіп саласында өсім азайған сайын баға өсіп отырды. Мәселен, халық тұтынатын тауарлардың бағасы 1992 жылы 31 есе, 1993 жылы 23 есе қым-

баттады. Ал халықтың жан басына шаққандағы табысы 14 есе ғана өсті, немесе 534 теңге болды. Тек 1992-1993 жылдардың өзінде табыстың осуінен бағаның осуі он есе артты. Коммуналдық қызмет көрсету айтарлықтай қымбаттады. Пәтер ақы, телефон, газ бәрінің бағасы көтерілді. Осыдан келіп, халықтың басым көпшілігінің тұрмыс деңгейі, хал-ахуалы төмендеді.

Міне, осы жағдайларды ескере отырып, Қазақстан өкіметі халықтың әл-ауқатын жақсарту, соның ішінде халық шаруашылығы салаларында еңбек ететін адамдардың жалақысын көбейтуге назар аударды. Экономиканың артуы әлеуметтік міндеттердің үлкен кешенін шешуге мүмкіндік берді. Тек 2002 жылы орташа айлық 54 пайызға, немесе 1999 жылғы 9400 теңгеден 18 мың 500 теңгеге дейін көбейді, ең төменгі жалақы көлемі 5 мың теңгепі құрады. Бұл жылдары үкімет, әсіресе, бюджеттегі мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтеруге көңіл болді. 2002 жылы мұғалімдердің жалақысы 35 пайыздан астам көбейтілді. Бұл мұғалімдердің орташа айлық жалақысының молшерін 2000 жылғы 7 мың теңгеден 9300 теңгеге дейін, жоғары оқу орындары профессор-оқытушылардың орташа айлық жалақысын тиісінше 10 мыңнан 17215 теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бұған қоса студенттердің айлық стипендиясының молшері 1500-ден 2016 теңгеге дейін өсті.

Еңбек адамдарының жалақысының артуы 2003-2004 жылдарда одан ары жалғасты. Мысалы, 2003 жылы бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға, мемлекеттік қызметкерлер оның ішінде әскери қызметкерлердің жалақысы орташа есеппен 50 пайызға өсті. Сөйтіп, еліміздегі ең аз жалақы молшері 6600 теңгені құрады, ал орташа жалақысы 14,3 мыңнан 24,8 мың теңгеге дейін көбейді.

XX ғасырдың 90-жылдары еліміздің нарық қатынасына қошу, Кеңестер Одағының тарауы және көрші республикалармен экономикалық-сауда қатынастарының қысқаруы көптеген материалдық қиындықтарға ұшыратты. Халық тұтынатын өнеркәсіп тауарлары, киім, аяқ киім, балаларға қажетті киімдер, тоқыма бұйымдары жетіспеді. Бұл жылдары халық тұтынатын тауарлардың азайғандығын төмендегі деректер көрсетеді:

Тауар түрлері	1991	1993	1995	1997	1999	2000	2001	2002
Барлық мата тауары (млн. шаршы м)	249	188	30,4	19,6	12,5	6,8	9,6	19,1
Шөлкі-шұлық (млн. жұп)	83	71	11,1	4,0	1,2	1,7	1,2	1,7
Аяқ киім (млн. жұп)	43	16	2,1	1,6	0,6	1,2	2,6	2,1
Тоқыма бұйымдары (млн. дана)	112	50	9,0	3,7	1,0	0,5	0,8	0,5

Кестедегі деректерден байқалатыны 2002 жылы барлық мата тауарлары 1991 жылмен салыстырғанда - 13 еседей, тоқыма бұйымдары - 225 есе, жылы шөлкі-шұлық - 48,8, аяқ киім - 21 есе қысқарған. Халықты жеңіл өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз ету жайы кейінгі жылдары да өзінің тұрақты толық шешімін тапқан жоқ.

Елімізде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жылдан-жылға азайып кетумен байланысты 1997-1998 жылдары малдан, астықтан алынатын тағамдар көлемі қысқарды және ондаған есе қымбаттады. Халық негізінен нан, сүт, картоппен күнелте бастады. Оны төменде келтірілген деректерден көруге болады:

Азық-түлік тауарларын өндіру көлемі 1991-2002 жж.

Өндіру көлемі (мың тонна)	1991	1993	1995	1997	1998	2000	2001	2002
Ет өндіру (мың тонна)	1524	1312	985	717	636	623	654,5	672
Сары май	76	67	30,1	68,5	43,5	43,5	-	-
Сүт өнімдері	5555	5575	4619	3335	3364	3730	3923	4109,8
Жұмыртқа (млрд)	4075	3288	1841	1266	1388	1692,2	1855,3	2102,1
Кондитерлік бұйымдар	210	111	29,8	25,2	25,9	28,2	-	-

Кестедегі деректер тамақ өнеркәсібінің күйзеліс күйінен біраз мағлұмат береді. Ет өндіру 1991 жылмен салыстырғанда 2002 жылы 2,2 есе, сүт өнімдері-1,3 есе, жұмыртқа - 2 есе, кондитер бұйымдары 2000 жылы 9 есеге жуық, сары

май – 1,7 есе кеміген. Бұл жылдары шет елдің колбасасын (Франция, Ресейдің т. б. елдердің), қантын (Ресейдің, Қытайдың), тауығын (АҚШ-тың, басқа да елдердің), сырын (Ресейдің, Голландияның), өсімдік майын, арағын (10-15 елден) сатып алу артты. Әсіресе, астық жеткілікті бола тұра макарон, печенье, пряник шығаруды азайту бұқара халық үшін түсініксіз болды.

Азық-түлік түрлерінің азаюы адамдардың тағам рационалының құрамдық сапасының төмендеуіне әкеп соқтырды. Оны төмендегі кестеден байқауға болады:

Әр адам басына (килә)	1992	1993	1994	1995	1996	1997	1998	1999	2000	2001	2002
Ет және ет өнімдері	63	60	58	52	50	50	45	44	44	44	45
Сүт және сүт өнімдері	275	265	251	229	211	196	206	211	235	235	232
Жұмыртқа (дана)	179	174	143	97	70	69	79	90	102	109	113
Балық, балық өнімдері	4,8	4,8	5,2	4,8	4,6	3,5	3,6	3,0	3,5	8,1	8,6
Құмшекер	19,6	18,4	18,9	18,5	17,6	18,1	20,3	20,3	21,0	26,4	21,7
Өсімдік майы	6,1	7,1	7,4	7,6	7,4	6,5	6,8	7,2	8,9	13,8	12,6
Картөп	92	82	77	70	67	68	60	60	66	66	65
Коконіс және бақша дақылдары	63	51	54	56	52	55	70	76	80	95	86
Нан өнімдері	156	184	203	185	185	200	137	101	105	120	120
Жеміс және жидек	17	10,0	10,0	11,0	10,0	9,0	7,0	9,0	15	23	21

Кестеден көрініп тұрғандай, соңғы жылдары адам ағзасы үшін аса пайдалы азық түрлерін (ет, сүт, жұмыртқа, картоп, нан) тұтыну жағы азайған. Мәселен, 2002 жылы ет және ет өнімдерін пайдалану 1992 жылмен салыстырғанда әр тұрғынға 18 килә, сүт және сүт өнімдері 43 килә, жұмыртқа-66 данаға, картоп 27 килә, нан өнімдері – 36 килә кеміген.

Сондықтан осы жоғарыда көрсетілген жағымсыз деректерден тиісті қорытынды шығарып, қайткен күнде де экономиканы, соның ішінде аграрлық сектор саласы арқылы халықтың тұрмысын, тамақтануын, әл-ауқатын жақсарту үкмет алдында жақын арадағы өзекті мәселелердің бірі болып қойылды. Ауылды өркендетудің басты факторы агроонеркәсіп кешенін түрлаулы әрі серпінді дамыту және оның экономикасын осы заманғы нарық қағидаттары негізінде шапшаң ілгерілету шаралары жүзеге асырылды. Мұның өзі ауыл шаруашылығы салаларын 2000 жылдан бастап едәуір деңгейде дамытуға қол жеткізді. Жоғарыдағы деректер көрсеткендей, ет өндіру 2002 жылы 672,6 мың тоннаға, сүт өнімдерін өндіру 4 млн. 109мың тоннаға, жұмыртқа 2,1 миллиард данаға көбейді. 2002 жылы 1992 жылмен салыстырғанда Республика тұрғындарының жан басына шаққанда қант - 2,1 килә, өсімдік майы – 6,5 килә, коконіс – 23 килә, жеміс-жидек – 4 килә өсті.

Өтпелі кезеңде басқа салалар секілді медицина саласы да айтарлықтай қиындықтарды бастан кешірді. Қаржының тапшылығынан ауруханалар мен емханалар тұрғындарға ойдағыдай қызмет көрсете алмады. Әсіресе, шалғай ауылдардағы ауруханалар мен дәрігерлік қызмет көрсететін пункттердің жағдайы тым нашар болды. Кейбір ауылдарда медициналық мекемелер жұмыс істемеді. Қаржының жетіспеушілігінен жабылып қалған ауруханалардың саны көбейді. Денсаулық сақтау саласында істейтін дәрігерлер мен медбикелердің қатары қысқарып, 1997 жылы республикада 57 мың дәрігер және 150 мың медбике қалды. Міне, осындай себептерден келіп, елдің тұрғындары, әсіресе ауылдық жерлерде дәрігерлік көмекке зәрулік күшейді. Әлеуметтік зардабы зор ауру түрлері, соның ішінде жұқпалы, тері-венерологиялық аурулар, өкпе, жүрек, қан тамырлары аурулары, аналар мен балалардың анемияға шалдығуы

көбейді, өлім-жітім өсті. 1991-1995 жж. аралығында әр мың тұрғынға шаққанда өлім-жітім 8 адамнан 10,1 адамға дейін көбейді, ал әр түрлі себептермен қайтыс болған адамдардың саны 1991 жылы 134,5 мың болса, 1995 жылы 168,3 мыңға жетіп, 25,0 %-ке артты.

Сондықтан осы жағдайларды ескере отырып, үкімет тарапынан медицина саласына жұмсалатын қаржы 1997 жылы 21,4 миллиард теңгеге өсірілді. 1998 жылы 29 миллиард теңге болса, 1999 жылы 54,1 млрд. теңге бөлу қарастырылды. Сонымен қатар саланы экономикалық басқару әдісіне көшіруді тездету, дәрігерлік сақтандыруды бірте-бірте енгізу, оны мемлекет меншігінен алып, жекешелендіруді қолға алу, дәрігерлік мекемелерді бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін кеңейту, сондай-ақ “Халық денсаулығы” ұлттық бағдарламасын және т. б. іс-шараларды жүзеге асыру шаралары жүргізілді. Нәтижесінде соңғы бес жылда сәбилердің шетінеу корсеткіші 7 пайызға, аналардың қайтыс болуы 36 пайызға томендеді. Тұтастай алғанда бала туудың және халықтың табиғи өсімінің артуы байқалды.

Халықтың денсаулығын сақтау және оның деңгейін көтеру мақсатында Президенттің жарлығымен 2002 жыл - Денсаулық жылы деп жарияланды. Денсаулық жылының аясында ауылдағы көптеген медициналық мекемелер ғимараттары жондеуден өтті. Денсаулық сақтау саласының 88 нысаны жаңадан салынды. Олардың қатарында Атырау мен Қызылордадағы облыстық ауруханалар бар. Бір аудандық аурухана, 16 ауылдық учаскелік аурухана, 71 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 25 фельдшерлік-акушерлік пункт қалпына келтірілді және жаңадан ашылды. Бірінші кезекте, қант диабетімен, туберкулезбен және онкологиялық аурулармен ауыратындарды дәрілік препараттармен жабдықтау жақсарды.

Денсаулық жылында 4,2 миллион ауыл тұрғындары тексеруден өткізіліп, 36 пайызға жуық науқас есепке алынды. Одан басқа 75 мыңнан астам әскери қызметкер арнайы медициналық тексерістен өтті. 2002 жылы ауруларға қарсы адамдарды егумен қамту 97 пайызға жетті. Балалардың сіреспемен, құл ауруымен, көкжөтелмен аурушандығы, эпидемиялық паротит- 45 пайызға, қызылша 25 пайызға дейін томендеді.

Денсаулық жылы шеңберінде 12-18 жасқа дейінгі бір миллион 690 мың оқушыға медициналық тексеру жүргізілді. Мұның өзі балалар денсаулығын уақытылы анықтауға және қолданылатын шараларға жоспар жасауға мүмкіндік берді. 2002 жылдың тағы бір ерекшелігі, жеке Денсаулық сақтау министрлігі, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және Фармация комитеті құрылды. Мұндай медициналық мекемелер бұрын республикада ұйымдаспаған болатын.

Жалпы 2000-2003 жылдары денсаулық сақтау саласын республикалық бюджеттен қаржыландыру екі еседен аса, жергілікті бюджеттен – 50 пайызға дерлік ұлғайды. Мұның өзі медицина қызметкерлері жалақысының өсуіне жағдай жасады.

2004 жылғы 13 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Онда 2005 жылдан бастап, бірден бес жасқа дейінгі балаларды, сондай-ақ диспансерлік есептегі балалар мен жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз ету міндеті қойылды. Сонымен қатар жасы үлкендерді жыл сайын тегін профилактикалық-медициналық қамтамасыз ету мәселелері де қарастырылды.

§2. Қазақстан мәдениетінің дамуындағы өзгерістер

Қазақстан егемендік алуымен байланысты қазақ халқының рухани өмірінде мәдени жаңа процестер кеңінен өріс алды. Халыққа білім беру, ғылым мен мәдениеттің дамуының кең жолына шықты. Олар бұрынғы Кеңес Одағы кезеңіндегі партиялық идеология мен саяси қағидалардың қыспағынан құтылды.

Сондықтан отпелі кезеңнің қиыншылығына қарамастан, егемендік алған кезден бастап, Қазақстанда білім жүйесінде көптеген өзгерістер орын алды. Ең бастысы, оқу мазмұны өзгерді. Білім стандарттары жасалды, оқытудың жаңа әдістемесі енгізілді. Қазақстан Республикасындағы білім берудің жай-күйі алғаш рет 1995 жылы көктемде оқу саласы қызметкерлерінің республикалық кеңесінде егжей-тегжейлі талқыланды. Кеңесте атап көрсетілгендей, халыққа

білім беру саласында бірқатар оң өзгерістерге қол жеткені айтылды. Бірыңғай орта мектептердің орнына мектепте болашақ ұрпаққа білім беруде плюрализм орнап келеді. Соңғы жылдары гимназиялар, лицейлер, жеке және авторлық мектептер ашылып, жұмыс істей бастады. Тарих, Ана тілі және 1-5 сыныптар үшін оқу пәндері бойынша оқулықтар шығарылды. Егер соңғы кезге дейін Қазақстан мектептерінде тек бұрынғы КСРО тарихы оқытылса, енді қазақ халқының өз тарихын терең талдап оқытуға көңіл бөлінді.

Халыққа білім беру саласын алға бастыруда оның материалдық-техникалық базасын нығайтуда, әсіресе 1996-1997 жылдары үкімет тарапынан едәуір айтуға тұрарлық жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, 1996 жылы білім беру саласына 65 миллиард теңге, немесе мемлекеттік бюджеттің 23,4 пайызы, 1997 жылы 73,3 миллиард теңге, яғни мемлекеттік барлық бюджеттің 21,4 пайызы бөлінді. Алайда, одан кейінгі жылдары халыққа білім беру саласындағы орнықтылық және кейбір кезек күттірмейтін мәселелердің шешілуін желеу етіп, мемлекеттік бюджеттен қаржы болу бірсыпыра азайды. Тек 1999-2001 жылдары білім беру саласына жыл сайын шамамен 12 миллиард теңге бөлініп отырған. Мұның өзі білім беру саласындағы кейбір келеңсіздіктерге алып келді. Балабақшалардың 82 пайызы қысқарып, оқушылары аз көптеген ауыл мектептері жабылып қалды.

Мектептерде жұмыс істейтін мұғалім кадрлардың сапалық құрамында келеңсіз жағдайлар қалыптасты. 2001/2002 оқу жылында республика бойынша педагог кадрлардың тапшылығынан мектептерде тек орта білімі бар 3,5 мыңнан астам мұғалім және 6 мың басқа мамандық иелері жұмыс істеді, мектептерден жалақыны азсынып, 43,6 мың мұғалім басқа салаларға жұмысқа ауысып кетті.

Қазақстанның Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша 2000/2001 оқу жылында елде жалпы білім беретін мектептердің саны 8109 болған. Олардың 3545-і (44,2 %) қазақ, 2356-сы (29,4 %) орыс, 13-і ұйғыр, 81-і өзбек, 3 тәжік, 1 украин, ал 2008 мектеп аралас, қазақ-орыс тілдерінде сабақ жүргізген. Бір ерекше атап көрсететін жайт, әсіресе соңғы жылдары республикада қазақ тілінде оқитын оқушылардың саны едәуір артып, 2003 жылы олар барлық мектеп оқушыларының 54,4 пайызын қамтыған.

Республика мектептерінде техникалық ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларын енгізуде де оң қадамдар өріс алды. 2001 жылы елде орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың бірінші кезеңі негізінен аяқталды, нәтижесінде 58 оқушыға бір компьютерден келген. “Интернет – мектепте” бағдарламасы аясында 1414 оқу орны, оның ішінде 868 ауыл мектебі ақпарат желісіне қосылған.

Үкіметтің 2002-2004 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасында барлық деңгейдегі білім беру, оқытудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, оқу-әдістемелік кешенді қалыптастыру, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің санын арттыру көзделді. Ауылдық жерлердегі мұғалімдерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, олардың біліктілік деңгейін көтеруіне жағдай жасау, тағы да басқа істерді жүзеге асыру нақтыланды. Сонымен бірге кәсіптік мектептер мен колледждерге керекті оқулықтар және оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу жайы да жан-жақты қарастырылды.

2003/2004 оқу жылында Қазақстанда жұмыс істейтін мектептердің саны-8260, онда 3026,2 мың оқушы білім алды. Мектептердің 3687 (44,6 %) қазақ тілінде оқытатын, 2069 (26,1 %) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептер жұмыс істеді. Республикада жыл сайын мемлекеттік тілде оқытатын мектептердегі оқушылардың саны ұлғайып келеді. Егер 2000 жылы оқушылардың 52,1 %-ы мемлекеттік тілде оқыған болса, 2004 жылы 54,8 %-ы оқыды. Мектептерде 270мыңнан астам педагог жұмыс істеді, оның ішінде 195,8 мыңының жоғары білімі, 60 мыңнан астамының кәсіптік орта білімі болған.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы жарлығымен бекітілген “Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында” 12 жылдық орта білім беру жүйесіне кошу белгіленген. Оның негізгі мақсаты – жаңа кезеңнің талаптарына сай жастарды өмірге баулу үшін, оларға бұрынғыдан да мол, бұрынғыдан да жоғары деңгейде білім беру.

Қазіргі кезде әлемнің 80 пайыздан астам мемлекеттерінде орта білім берудің мерзімі кемінде 12 жыл болып отыр. Мұның өзі соңғы 20-30 жылда ғылым мен техникалық орасан зор жетістіктерге қол жеткізін, қоғамның әр түрлі са-

ласында жаңа технологиялардың кеңінен пайдалануынан туындаған жағдай.

Елімізде 12 жылдық білім беруге көшу 2008 жылға жоспарланып отыр. 12 жылдық оқытуға көшу проблемаларымен нақты айналысатын республикалық ғылыми-практикалық орталық құрылған. 2003/2004 оқу жылында республиканың 52 жалпы білім беретін мектептерінде 12 жылдықтың 1 сыныбына арналған қазақ және орыс тіліндегі оқу материалдарын сынақтан өткізу жөніндегі тәжірибенің бірінші жылы аяқталды.

Еліміз егемендік алған он үш жылдан астам уақыт ішінде республика жоғары және орта арнаулы білім беретін оқу орындарында да бірсыпыра жаңа өзгерістер орын алды. Республиканың жетекші оқу орындары - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университеті, Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университеті, Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті және басқалар Қазақстанның тәуелсіз ішкі және сыртқы саясатын жүргізуге қабілетті маман кадрлар даярлайтын жаңа факультеттер ашты. Түркістандағы Ахмет Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Сыртқы Істер Министрлігі жанынан Дипломатиялық Академия ашылып, жұмыс істейді. Бұлардан білім алып шыққан кадрлар, Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатын дамытып, біліктілікпен жүргізуде өздерінің лайықты үлесін қосатынына сенім артты. Өйткені, олар қазақ, орыс тілдерінен басқа шет елдермен байланыс жасауда аса қажетті ағылшын, неміс, француз, араб, қытай, хинди және тағы басқа да тілдерді меңгеріп білім алады. 1997 жылы елімізде мемлекеттік 53 жоғары білім беретін және 40-тан астам жеке меншік жоғары оқу орындары жұмыс істеді. 2002 жылы мемлекеттік жоғары оқу орындары 47-ге дейін азайды, оған, керісінше, ақы төлеп оқитын жоғары оқу орындарының саны 160-тан асты. 2003 жылы Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 43 мемлекеттік, 130 жеке жоғары оқу орындары қалдырылды. Ал 2003/2004 оқу жылында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінде 180 жоғары оқу орны және ЖОО-ның 86 филиалы жұмыс істеді, 9 университетінің жетекші ұлттық деген ерекше мәртебесі бар. Педагог кадрларды даярлау және

олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру мақсатында 2004 жылы 5 мемлекеттік педагогикалық ЖОО-ы ашылды.

Жоғары оқу орындарының 41 мың адамды құрайтын профессор-оқытушы құрамының 2520-ы ғылым докторы және 11610-ы ғылым кандидаты. Ол мың түрғынға шаққандағы студенттердің саны 2000-2001 оқу жылындағы 257 адамнан 2003-2004 оқу жылында 439 адамға артқан. Қазақстан Республикасының 19 мыңға жуық азаматы әлемнің 35 елінде, оның ішінде 16,4 мыңы Ресей жоғары оқу орындарында оқыды. 800 жігіттер мен қыздар Қазақстан Республикасы Президентінің “Болашақ” халықаралық стипендиясының иегері болды. Республиканың жоғары оқу орындарында 8690 шетел азаматы оқыды.

Соңғы кезде Қазақстан Республикасындағы білім берудің 2010 жылға дейінгі дамуының мемлекеттік бағдарламасына сәйкес және әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жоғары оқу орындарында үш сатылы білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Ол бакалавриат-магистратура-докторантура. Бакалавриат жүйесіне кошу негізінен аяқталған. Оған қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар, жаңа бейіндер, оқу стандарттары, бағдарламалары жоғары оқу орындарында дайындалған. Жоғары оқу орындарында 4 жылдық бакалавриаттан кейін 2 жылдық магистрлік бағдарламасын жүзеге асыру козделген. Оны бітіргендерге жоғары білімді мамандық бойынша диплом беріледі. Ал 2005 жылдан бастап, тұңғыш рет доктор дайындау бағдарламасын жүзеге асыру козделген.

Егемендік алған жылдары еліміздің ғылымын дамыту салаларында үрдіс өзгерістер байқалды. Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының құрылымы мен ғылыми ізденістерінің тақырыптары жаңа талаптарға сай қайтадан қарастырылды. Ә. Х. Марғұлан атындағы Археологиялық институт, Ғарыштық зерттеу, Механика және машина, Информатика және басқару, Физика-техникалық проблемаларды зерттеу т.б. институттары ұйымдастырылды. Салалық ғылым академияларының жүйесі кеңейтілді. Қазақстан Республикасының Инженерлік академиясы жұмыс істейді, ал Ауыл шаруашылық академиясы Қазақстан Ұлттық академиясының құрамына енгізілді. Ғылыми дәрежелер тағай-

ындау және ғылыми атақтар беру, диссертациялық жұмыстардың сапасын бақылап бекіту үшін республика Жоғары аттестациялық комитеті құрылды.

Тәуелсіз Қазақстанның әдебиеті мен ұлттық тілінің мәртебесін көтеруде бірқатар шаралар іске асырылуда. XX ғ. 30-шы жылдары нәубетке, жазықсыз жазаға ұшыраған ғалымдарды, жазушыларды, басқа да салалар бойынша мамандарды ақтау жүзеге асты. А. Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, М. Дулатовтың, Ш. Құдайбердиевтің, Ә. Бокейхановтың, Х. Досмұхамедовтың, Ж. Аймауытовтың және басқалардың кітаптары жарық көрді. Бұлардың шығармалары ұмыт болып, мектептерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында соңғы кезге дейін оқытылмаса, енді оқу орындарының бағдарламаларына кеңінен енгізіліп, оқушы-студент жастарға олар жөнінде жан-жақты дәріс беріледі. Мемлекеттің жаңа кезеңдегі жүргізіп отырған ұлт саясатымен байланысты қазақ тілін қайта түлету, мейлінше кокейкесті проблемаға айналды. 1989 ж. қыркүйектегі Тіл туралы Заң және Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша ол мемлекеттік тіл деп жарияланды. Іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру жөнінде жан-жақты шаралар белгіленіп, олар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстанның барлық жоғары және арнаулы орта оқу орындарында қазақ тілінде оқыту бөлімдері ашылды. Мұның өзі ауылдан қазақша оқып келген жастардың ана тілінде тиянақты білім алуына жағдай жасады.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үкіметі түңғыш рет идеологиялық өктемдіктен бас тартатынын, мәдени-шығармашылық бостандықты жариялап, оны қорғау, өнерге қол жеткізуге көмектесетін жағдайлар туғызу, жариялылықты қамтамасыз ету және шығармашылық қызметкерлерінің жұмысын халыққа жария ету жөнінде міндеттемелер алды. Міне, осының нәтижесінде экономикалық қиындықтарға қарамастан, республикада мәдениеттің басты ошағы болып саналатын мемлекеттік театрлардың бірде-бірі жабылған жоқ. Қайта жаңадан Көкшетауда қазақтың музыкалық драма театры, Ақтөбеде драма театры, Ақмолада музыкалық драма театры, Батыс Қазақстан облысында мәдениет институты және қазақ драма театры,

Мәдениет министрлігі жанынан күрделі мәдениет мәселелері бойынша Ғылыми орталық ашылды.

Өнердегі менеджменттің тиімді үлгісінің өмірге келген жайттары орын алды. Мәселен, Айман Мұсаходжаева “Солистер академиясы” оркестрін ұйымдастырып, бүкіл музыкалық білім беруді қайта құру жөнінде ұтымды жұмыс жүргізді. Соның нәтижесінде 1998 жылы Астана қаласында тұңғыш рет ұлттық музыка Академиясы құрылды. Жәния Әубәкірова музыкалық мектептің негізінде колледж, ал жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов “ПЕН-клубын” ашты. Осының бәрі өнер саласындағы дарынды адамдардың өз идеяларын жүргізу үшін сауатты нысандар тауып жатқанын корсетеді. Соңғы жылдары Президент Н. Ә. Назарбаевтың шығармашылық жастармен кездесуі дәстүрге айналды. Мәдениет және өнер қайраткерлеріне арналған Елбасының стипендиясы тағайындалды. Ол жыл сайын беріліп тұрады.

Еліміздің көп ұлтты мәдениетін дамытуда 40-тан астам ұлттық мәдени орталықтар мен Қазақстан халықтарының біріккен Ассамблеясы бірсыпыра жұмыстар жүргізуде. Нарықтық экономика талаптарына бейімделе отырып, 1996 жылы 22 жекеменшік киностудия мен 12 жекеменшік галерея мемлекеттің жәрдемісіз жұмыс істеді. Соңғы кезде көптеген мәдени шаралар мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз жүргізілуде. Республика мәдениет саясатын нақты жүзеге асыруда жоғары кәсіби мәдениет кадрлары мен мамандардың атқаратын ролі зор. Осы жағдайды ескере отырып, мәдениет саласына қажетті кадрларды дайындау ісі республиканың 5 жоғары 39 орташа арнайы оқу орындарында жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар шығармашылық жас таланттарды тәрбиелеп өсіруде жазушылар, композиторлар, суретшілер, театр және кино өнері тағы басқа шығармашылық одақтардың алатын орны ерекше. Олар тек мемлекет идеологиясын жүзеге асыру қызметімен шектелмей, шығармашылық жастардың өсіп-жетілуіне зор ықпал ететін шараларды іске асырып отыр.

Қазақстан мәдениетінің дамып-жетілуіне соңғы кездерде откізіліп жүрген республикалық және халықаралық конкурс-фестивальдің маңызы өте зор. Атап айтқанда, “Азия дауысы”, “Жас қанат”, “Дәстүрлер жүлдесі”, “Шығыс маусымы”, “Үкілі домбыра”, “Жігіттің сұлтаны”, “Ермек Сер-

кебаев шақырады” классикалық музыка фестивалі, мемлекеттік “Қазақкино” компаниясының бастауымен шетелдік кино күндерін өткізу дәстүрге айналды.

Соңғы жылдары еліміздің мәдениеті мен рухани өрлеуіне Президент Н. Ә. Назарбаевтың 2000 жылды - Мәдениетті қолдау жылы деп жариялауының үлкен маңызы болды. Бұл жылы мәдениет мекемелерін дамытуға, олардың материалдық базасын нығайтуға бағытталған едәуір жұмыстар атқарылды. 727 мәдениет мекемелері жаңадан ашылды. Оның қатарында 468 кітапхана, 239 клуб, 5 жаңа театр мен 5 мұражай бар. Театрлар Астанада, Петропавлда, Оралда, Өскеменде және Түркістан қаласында ашылды. Корей музыкалық комедия театры, республикалық неміс драма театры, Н. Сац атындағы орыс академиялық балалар және жасөспірімдер театры жеке ғимараттарға көшті. Мәдениетті қолдау жылы аясында барлығы 2368 мәдени объекті: 1449 кітапхана, 681 клуб үйі, 49 мұражай, 11 театр, 6 кинотеатр, 2 филармония ғимараттары жөндеуден өтті.

Мәдениетті қолдау жылының шын мәніндегі шарықтау шегі Түркістан қаласының 1500 жылдық тойын тойлаумен сабақтас келді. Бұл үлкен тойды өткізу барысында Қазақстан мемлекеті Күлтөбе, Отырар сияқты қалалардың, Қожа Ахмет Иассауидің кесенесін, Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорығын т. б. нысандарды қайтадан жаңғыртты.

XXI ғасырдың басында ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілген Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы, Тараз қаласының 2000 жылдығы еліміздің беделіне бедел қосты. Өйткені Түркістан қаласы қазақ және Орталық Азиядағы басқа да халықтардың өзіндік бір рухани және мәдени орталығы, екінші Мекке болып саналады. Осы орайда, біздің мемлекетіміздің мәдениет жөніндегі саясатының басты назары ұлтымыздың рухани мүмкіндігін әлемге барынша танытуға бағытталып отырғанын айтқан жөн. Мұның өзі біздің халықаралық мәдени байланысымызды нығайтуға үлкен ықпалын тигізеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері аз уақыттың ішінде, қазақ ұлтының және басқа халықтардың мәдениетін, оның қайнар қуатын тек өз елімізде ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемге таныта бастады. 1995-1997 жылдары ЮНЕСКО ауқымында Қазақстан Республикасының екі үлкен

мерекесі атап өтілді. Олар: Ұлы Абайдың 150 жылдық және Мұхтар Әуезовтың 100 жылдық мерей тойлары. 1996 жылы Желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығын, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының 80 жылдығын, дарынды ақын, дана тәлімгер, халықтар достығын жырлаушы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерей тойын тойлау еліміздің тарихындағы жарқын оқиға болды. Ал 1997 жыл жалпыұлттық таулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланып, еліміздің барша қауымы 1932 жылы 3 миллион адамынан айырылған қазақ халқының ұлы қасіретінің 65 жылдығын және сталиндік қуғын-сүргінге түскен ұлттық интеллигенция қасіретінің 60 жылдығын атап өтті.

Ұлы Абайдың 150 жылдық және Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерей тойлары арқылы Қазақстан рухани тәуелсіздігін және әлемдік мәдениеттің үдерісіне тікелей қатыса алатынын көрсетті. Оған дәлел ретінде кеменгер жазушы Мұхтардың шығармашылығының бүкіл дүние жүзінің 72 елінде жариялануын айтуға болады. Сөйтіп, Абай, Мұхтар шығармалары, оларға арналып өткізілген тойлар арқылы бұрын белгісіз болып келген қазақ халқы бүкіл әлемге танылды.

2000 жылы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары Сәбит Мұқановтың, Иса Байзақовтың, Бауыржан Момышұлының, Жұбан Молдағалиевтің, Әнуар Әлімжановтың мерей тойлары кеңінен атап өтілді. Жыл аясында Қазақстан мәдениетінің дамуына айтулы үлес қосқан республиканың белгілі өнер қайраткерлері Ф. Жұбанованың, Ө. Жәнібековтің, С. Мұхамеджановтың, К. Күмісбековтің және тағы басқалардың есімдерін мәңгі есте қалдыру шаралары жүзеге асырылды.

Еліміздің Президенті жарлығымен 1998 жыл - Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп атап өтілді. Тарих жылы тұтастай алғанда 23 ірі-ірі ғылыми форумдардың өткізілуімен ерекшеленді. Соның ішінде Республика Ұлттық ғылым академиясы тарихында тұңғыш рет АҚШ, Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия, Жапония ғалымдарының қатысуымен отандық тарих проблемаларына арналған арнайы сессия өткізілді. Сондай-ақ, “Жібек жолы және Қазақстан”, “А. Байтұрсынов - ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері”, “Құрманғазы және мыңжылдықтар тоғысындағы дәстүрлі музыка”, “Қазақстанмен шекаралас аумақтардың

тас дәуірі” сияқты халықаралық, “Шал Күлекеұлы және ақындық дәстүр”, “Қоғамдық гуманитарлық ғылымдардағы қыпшақтану” және т. б. республикалық ғылыми конференциялар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

XX ғ. соңғы жылы Қазақстан ғалымдары Мұхамед Хайдар Дулати, Қорқыт ата, Құрманғазы, Амангелді Иманов сияқты бірегей тұлғалардың, сондай-ақ Аңырақай шайқасының 270 жылдығы мен Қазақ хандығының 550 жылдығы сияқты айтулы мерей тойларды өткізуге жан-жақты дайындық жұмыстарын жүргізді. Республиканың барлық облыстарына, сондай-ақ, көрші елдердің шекаралас аудандарына ірі-ірі 24 ғылыми экспедициялар аттандырылды. Олар кең байтақ республикамыздың 74 ауданын аралады. Қазақ деген халық ғұмыр кешкен жерлерде ең ірі, ең іргелі этномәдени зерттеулер жүргізілді. Сонымен қатар қазақ саясатының ежелгі дәуірінен мағлұмат беретін археологиялық зерттеулер жасалды. Археологиялық экспедициялар, негізінен Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірінде, Ордабасы тарихи-мәдени аймағында, Орталық Қазақстан аумағындағы ортағасырлық отырықшылық орталықтары және т. б. жерлерде жұмыс істеді. Осының нәтижесінде Тараз қаласына таяу жерде тастан өріліп жасалған ғажап архитектуралық ғимарат - Ақыртас кешені ашылып зерттелді. Халықаралық деңгейде Италияның Мантуя қаласында “Алтын адам: Қазақстан далалары қола дәуірінен халықтардың Ұлы қоныс аударуына дейін” - атты көрмесі зор абыроймен өтті. Көрме өз жұмысын Венецияда жалғастырып, 1998 жылғы 23 қыркүйекте Рим қаласында Н. Назарбасвтың осы елге ресми сапарына орайластыра аяқталды.

Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы “Ұлытау” мұражай-қорығына кіретін Алаша хан, Жошы хан кесенелері, Қызылорда облысындағы – Балтық мешіті, Қазалы қаласындағы Марал ишан кесенесі жондеуден өткізілді. Көкшетауда - Шоқан Уалихановқа, Таразда - Мұхамед Хайдар Дулатиге, Ақтөбеде - Құдайберген Жұбановқа, Алматыда - Шөкен Аймановқа ескерткіштер орнатылды.

Еліміздің рухани кемеңгерлерін қадір тұтып, оларға тарихи ескерткіштер орнату кейінгі жылдарыда жалғасты. Атап айтқанда, Жидебайда Абайдың мемориалдық кешені, Шымкентте Ордабасы тарихи қорығы ашылды. Алматыда,

Кокшетауда Абылай ханға, Астанада әл-Фараби ескерткіші, Алматыда қазақ халқының қаһарман қыздары Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың, Қаныш Сәтбаев пен Жамбылдың, А. С. Пушкиннің, Т. Шевченконың ескерткіштері бой көтерді. Астанада жаппай қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориал орнатылды. Айыртауда - қазақ батырлары Қарасай мен Ағынтайға, Ресейдің Астрахан облысында - күй атасы Құрманғазыға, Ордада - Жәңгір ханға, Атырауда - Исатай мен Махамбетке, Бейбарысқа, Дина Нұрпейісоваға, Астанада - Абайға, Кеңесарыға, Ақтобеде - Әбілхайыр ханға, Қостанайда - Ахмет Байтұрсынұвқа, Павлодарда - Сұлтанмахмұт Торайғыровқа ескерткіштер орнатылды.

Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне Абылай хан есімі берілді, Тараз Мемлекеттік университеті Мұхаммед Хайдар Дулати атымен аталды, көптен көкейде жүрген толғақты бір мәселе - мәдениет және мәдениеттану ғылыми-зерттеу институты Алматыда құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1999 жыл - Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жарияланды. Осымен байланысты өткен ғасырлардан жеткен орасан зор мәдени-тарихи мұраны сақтап, оны жинақтап жаңа ғасырдың игілігіне айналдыру міндеті қойылды. Бұл жағдай бірінші кезекте мәдени-тарихи құндылықтарды зерттеу, сақтау, рухани игеру бағытындағы іс-шараларға ерекше назар аударуға міндеттейді. Өйткені еліміздің аумағында 25 мыңнан астам жылжымайтын тарихи-мәдени объектілер бар, олардың 8 мыңнан астамы мемлекеттің қорғауына алынып, 10-ы ЮНЕСКО-ның Бүкілдүниежүзілік мұраларды сақтау орталығының жасалған тізіміне енгізілген.

Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары одан ірі жалғасын тапты. Нәтижесінде 19114 адам толықтай ақталса, республика бойынша заңсыз жазаланған 215 мың адам өз атына жағылған қара күйеден арылды. Қазақстандық патриотизмді, отаншылдықты қалыптастыруға бағытталған кешенді әскери-патриоттық шаралар өткізілді. Республика Қарулы Күштерінің барлық бөлімдерінде “Батырларға бағышталды” атты шаралар белгіленіп, онда халық қаһармандарын

еске алу кештері, салтанатты шерулер, театрландырылған коріністер, мерекелік концерттер, ұлттық мәдениет күндері болып өтті. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде, әсіресе, майдагер-жазушылар Б. Момышұлының, Д. Снегиннің, Қ. Қайсеновтың, С. Бақбергеновтың және т. б. майдагер қаламгерлердің шығармашылық мұралары кеңінен пайдаланылады.

Жеткіншектерді ұлттар достығы, ел бірлігі мен келісім рухында тәрбиелеуді мақсат еткен студенттік кештер дәстүрге айналды. Әсіресе, А. С. Пушкин мерей тойына орайластырған поэзия мерекелері, Евразия Университетінде “Алпамыс батыр” жырының 1000 жылдық тойына арналған ғылыми-теориялық конференция, ғұлама тарихшы, Орта ғасырдағы ірі мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің 500 жылдығына арналған мерейтой шараларының қоғамдық-саяси тұрғыдан тәрбиелік үлкен маңызы болды. М. Х. Дулатидің өлмес мұрасы “Тарихи-и-Рашиди” еңбегі қазақ тілінде жарық көрді. “Ұлытау” қоғамдық қозғалысы ұйымдастырған “Алтай-Дунай” халықаралық археологиялық-этнологиялық экспедициясы сәтті аяқталды.

Қазақстан мәдениетін дамытуда Бұқаралық ақпарат құралдары, Баспа мен полиграфияның алатын орны ерекше зор. Олардың алдында соңғы жылдары мәдени мұраларды кеңінен насихаттау міндеттері қойылған. 2001-ші жылы республикада 1754 Бұқаралық ақпарат құралдар орындары, соның ішінде 1167 газет, 451 журнал, 121 теле және радиокомпаниялар, 15 хабар тарататын компаниялар, бірнеше ондаған баспалар болса, ал соңғы үш жылда ақпарат құралдарының саны одан ары артып, 2004 жылы елімізде 1937 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеді. Олардың 80 пайызы мемлекеттен тыс, жекешеленген ұйымдар болды.

Қазақстан полиграфиялық баспаларынан тарихи-мәдени мұраларды, әлем әдебиетінің ең үздік үлгілерін жарыққа шығару жандана түсті. Соңғы жылдары алты томдық “Қазақстан ұлттық энциклопедиясы” – Н. Ә. Назарбаевтың “Ғасырлар тоғысында”, “Сындарлы онжылдық” т.б. еңбектері, 10 томдық “Тарихи және мәдени ескерткіштер” жинағы, Мұстафа Шоқай шығармаларының екі томдығы, Қытай мұрағаттары негізінде қазақ тарихына арналған бес кітап, бес томдық Қазақстан тарихының үш томы жарық

көрдi. Қазақ халқының 100 томдық “Бабалар сөзi” ауыз әдебиетi серияларын, Әлкей Марғұлан сiбектерiнiң 14 томдығын, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсiрепов, Ғ. Мұстафин тағы да басқа қазақ әдебиетi классиктерiнiң көп томдық серияларын басып шығару қолға алынды.

Халықтың бiлiм бұлағы болып саналатын кiтапханалар жаңа талапқа сай жұмыс iстей бастады. Оларды жаңа әдебиеттермен жабдықтап, компьютерлендiрудiң, осы заманғы ақпараттық жабдыктармен қамтамасыз студент мүмкiндiктерi қарастырылды. Кiтапхана, мұражай, демалыс орталықтары қызметкерлерiн қазiргi ғылыми-техникалық және әдiстемелiк талапқа сай оқыту, мамандығын жетiлдiру, iрi мәдени орталықтарға тәжiрибе алуға жiберу шаралары белгiлендi. Мәдениет комитетiнiң жұмыс жоспарына сәйкес Түркістан қаласында мұражай қызметкерлерiнiң, Орал қаласында кiтапхана ісi жөнiнде, Қостанай, Қарағанды, Көкшетау, Ақтөбе қалаларында ауыл мәдениетiн дамытуға арналған республикалық және аймақтық конференциялар мен семинарлар өткiзiлдi.

2003 жылы республика кiтапханалар қорындағы кiтаптардың жалпы саны 67,7 миллион данаға, 8,4 миллион газет пен журналдар, ондағы оқушылардың қатары 4 миллионға жеттi. Әсiресе, ауыл кiтапханаларының жағдайы бiршама түзелiп, кiтап сақтауға қолайлы жаңа ғимараттарға көштi. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келiсiм министрлiгi 2001 жылы жарық көрген 198 кiтаптың 96700 данасын ауыл кiтапханаларына тегiн таратты. Бұл бастама кейiнгi жылдарда да өзiнiң жалғасын тапты. Мұның өзi мәдениет саласындағы орталықтардың бiрi болып саналатын кiтапханалардың санын көбейтiп, олардың жұмыстарын жандандыруда едәуiр игi әсерiн тигiздi. 1992-1995 жылдар аралығында республика бойынша мыңға тарта кiтапханалар жабылып қалса, соңғы жылдары олардың көпшiлiгi қайтадан қалпына келтiрiлдi. 2004 жылы елiмiзде 3462 кiтапхана, оның 2849-ы ауылдық жерлерде жұмыс iстедi.

Мәдениет салаларының дамуында, халық өнерiнiң алатын орны, атқаратын рөлi ерекше. Халық өнерi ел iшiнде руханиятты жаңғыртуда, жоғалған дәстүрлердi қалпына келтiруде, мәдениеттiң мәнiн және адамның руханиятты зерделесуiн бiрiншi қамтамасыз етуге қызмет етедi. Сон-

дықтан соңғы жылдары халық өнерінің қайнар козі-ауыл мәдениетінің дамуына ерекше көңіл бөлінген. Осының нәтижесінде қазіргі кезде ауыл мәдениетінің үлкен аясы қалыптастырылды. 2003 жылы республикада 9465 көркемөнерпаздар ұжымдары жұмыс істеді, олардың жұмысына 121,5 мың адам белсене қатысты. Олардың басым көпшілігі фольклорлық және отбасылық ансамбльдер, хор және драма ұжымдары. Хореографиялық және отбасылық ансамбльдер Қазақстанда тұратын халықтардың этникалық мәдениеті дамуының негізі болып табылады. Олар еліміздің көпұлтты мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуы ісіне өздерінің лайықты үлесін қосып келеді. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, республиканың 370-тен астам көркемөнерпаздар ұжымына “халықтық” деген құрметті атақ берілген.

Алдағы кезеңде республика мәдениетін дамыту үшін барлық мүмкіндіктерді барынша пайдаланып, қолайлы жағдай жасау міндеті тұр. Бұл елімізде шығармашылық ахуалын, өресі биік өнерге деген қажеттілікті, оны ұлттық тұрғыда өркендету, мәдени бағдарламаны жүзеге асыру, жас дарындарды тәрбиелеп өсіруде өзінің тиісті нәтижелерін беруге тиіс.

2003 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен 2004 жылдан 2006 жылға дейінгі “Мәдени мұра” бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама үш басты бағытты қамтиды. Оның біріншісі – археологиялық және архитектуралық ескерткіштерге арналған. “Мәдени мұраның” екінші үлкен бағыты – ТМД елдері мен шетелдік мұрағаттардағы Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды, қолжазбаларды, сирек кездесетін кітаптарды алдыру, көшірмесін жасаттыру. Мәдени мұрадағы үшінші бағыт - ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің бай мұрасын зерттеп, жүйелеп, көп томдықтар түрінде басып шығару. Бұған Қазақ мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазу мұрағаты, Ұлттық консерватория, Қазақ радиосы мен телевизиясы қорында сақталған әйгілі әншілеріміз бен атақты орындаушылардың, белгілі ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің дауысын осы заманғы аудио таспалар мен дискілерге жазып қалдыру ісі де жатады.

Қорытып айтқанда, мұның барлығы Қазақстанның экономикасы көтеріле бастаған тұста білім, ғылым, әдебиет пен мәдениет, жалпы руханият мәселелеріне айрықша на-

зар аударатын кез келгендігін, елдің болашағы мәдениетпен астасып жататындығын тағыда қадап көрсетеді. 2003 жылы республикалық бюджеттен мәдениет саласына бөлінетін қаржы көлемі 2002 жылмен салыстырғанда 52 пайызға өскен. Соңғы екі жыл ішінде бұл салаға бөлінген қаржы екі есеге дейін көбейді. Бұл қаржы мәдени саланы түгел қамтып, едәуір аяғынан тік тұрып кетуіне әсер етеді. Сондықтан үкіметтің басшылығымен мәдениет салалары алдағы уақытта да өзінің дұрыс шешімін тауып, одан ары дами беретініне зор сенім білдіруге болады.

Тарихи оқиғалар жылнамасы:

- Б.з.б. 2 миллион жылдан 800 мың жылға дейін – дошель / Олдувей/ мәдениеті.
- Б.з.б. 800 мың жылдан 140 мың жылға дейін - шель және ашель.
- Б.з.б. 140 мың жылдан 40 мың жылға дейін - соңғы ашель мен мустье.
- Б.з.б. 40 мың жылдықтан 10 мың жылдыққа дейін - соңғы палеолит.
- Б.з.б. XII мың жылдықтан бес мың жылдыққа дейін - Мезолит.
- Б.з.б. V-III мың жылдықтар - Неолит.
- Б.з.б. XVIII-VIII ғғ. - Қола дәуірі.
- Б.з.б. YII-YI ғасырлар Қазақ жерінде тайпалық одақтардың құрылуы.
- Б.з.б. IV- ғ. - б.з. III ғ. - Ғұндардың тайпалық бірлестігі.
- Б.з.б. III-II ғғ. - б.з. V ғ. - Үйсін мен Қаңлы бірлестіктері.
- 542 ж. - “Түрік” атауының сыналы жазба ескерткіштерінде көрсетілуі.
- 552 ж. - Түрік қағандығының құрылуы.
- 576 ж. - Түріктер Сырдария мен Әмудария арасында толық билік жүргізді.
- 603 ж. - Түрік қағанатының Батыс және Шығыс қағандықтар болып бөлінуі.
- VIII-IX ғғ. - Талас алқабында Атлах, Хамукент, Шелджи, Сус, Күл, Табакен қалаларының, Іле алқабында Тартүк, Күнгүт, Талхиз /Талғар/ қалаларының дәуірлеуі.

- 702 ж. - Батыс түрік қағандығының ыдырауы.
- 704 ж. - Жетісуда Түргеш қағандығы /704-756/ құрылды.
- 714-715 жж. - Түргеш қағандығының батысынан араб әскерлері қауіп төндірді. Сырдариядан әлденеше рет өтті.
- 720-721 жж. - Сүліктің әскери колбасшысы Күлі-Чор Соғдыда арабтарға тойтарыс берді.
- VIII ғасырдың 30-шы жылдары - Отырар /Фараб/ қаласы жайында жазбалардағы алғашқы дерек.
- 745-840 жж. - Ұйғыр қағандығы.
- 751 ж. - арабтардың Құланға жорығы, Талас шайқасы.
- 756-940 жж. - Қарлұқ мемлекеті Жетісуда құрылып, Қашқар, Ферғана мен Сырдарияның орта ағысына дейінгі аймақта билік жүргізді.
- 840 ж. - Қырғыздардың Ұйғыр қағандығын талқандауы.
- 870-950 жж. - Әбунасыр әл-Фараби /толық аты-жөні: Әбунасыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-түркі/, Шығыстың ұлы ғалымы, философ.
- IX-X ғғ. - Қазақстан тұрғындары ислам дінін қабылдай бастады.
- IX ғ. аяғы-XI ғ. басы - Қимақ мемлекеті.
- IX-XI ғғ. - Оғыз мемлекеті.
- X ғ. – Янгикент - Оғыз мемлекетінің астанасы.
- 940-1212 жж. - Қарахан мемлекеті.
- 965 ж. - Оғыз жабғуының Киев князі Святославпен одағы, Хазар қағандығының талқандалуы.
- 985 ж. - Князь Владимирдің оғыздармен одақтасып, Еділ булғарларына жасаған жорығы.
- 990 ж. – Қарахан мемлекетіне Тараз бен Исфиджаб қалаларының қосылуы.
- XI ғ. - Махмуд Қашқари /толық аты жөні-Махмуд ибн әл-Құсайын ибн Мұхаммед/, түркі ғалымы, “Диуани лұғат ат-түрік” /1072-74/ хамсаның авторы.
- 1210 ж. - Күшлік хан бастаған наймандардың Жетісуға қоныс аударуы.
- 1218 ж. - Шыңғыс хан әскері Жетісуды басып алды.
- 1219-21 жж. - Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы.
- 1223 ж. 31 мамыр - Қалқа өзенінде қыпшақтар мен орыстар моңғол әскерімен шайқасты.

- XIII-XV ғғ. - Алтын Орда мемлекеті.
- XIII-XV ғғ. - Ақ Орда мемлекеті.
- 1227-55 жж. - Алтын Орда ханы Батыйдың үстемдігі.
- 1257-67 жж. - Алтын Орда ханы Беркеңнің билігі.
- 1267-80 жж. - Алтын Орданың ханы Моңке-Темір.
- 1280-87 жж. - Алтын Орданың ханы Төде-Моңке.
- 1287-90 жж. - Алтын Орданың ханы Төле-Бұқа.
- 1291-1312 жж. - Алтын Орданың ханы Тоқта.
- 1312-41 жж. - Алтын Орданың ханы Өзбек.
- 1341-57 жж. - Алтын Орданың ханы Жәнібек.
- 1348 ж. – Шағатай әулетінен шыққан Тоғылық темірдің Моғолстанға хан сайлануы.
- 1361-78 жж. - Ақ Орданы Орыс ханның билеуі.
- 1370-1405 жж. - Ақсақ Темірдің үстемдігі.
- 1380-95 жж. - Алтын Ордада Токтамыстың билігі.
- 1391-99 жж. - Ақсақ Темірдің Алтын Орданы күйретуі.
- 1395 ж. - Ақсақ Темірдің Ақ Орданы жаулап алуы.
- XIV ғ. соңы-XV ғ. басы - Ноғай Ордасы.
- 1423-28 жж. - Барақ ханның Ақ Ордаға билік жүргізуі.
- 1428-68 жж.- Әбілқайыр ханның Ақ Ордада билігі.
- 1452-56 жж. - Ойраттардың Моғолстан мен Дешті Қыпшаққа шабуылы.
- 1462-80 жж. - Моғолстанды Мұхаммед Хайдардың билеуі / Мұхаммед Хайдар Дулатидің бабасы/.
- 1465 ж. – Керей мен Жәнібек сұлтандардың басқаруымен Қазақ хандығының құрылуы.
- 1480-1511 жж. – Қазан хандығындағы Мұрындық ханның билігі.
- 1499-1551 жж. - Мұхаммед Хайдар Дулати белгілі тарихшы, әдебиетші “Тарих-и-Рашиди” және “Жаһаннама” дастанының авторы.
- XV ғ. - Алтын Орда ыдырап, Қазан, Қырым, Астрахан хандықтары құрылды.
- XV ғ. - Алтын Орда ыдырап, Астрахан хандығы құрылды.
- 1500-07 жж. - Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханның Орта Азияда Темір әулетін құлатуы.
- 1510 ж. - Мұхаммед Шайбани хан дүние салды.
- 1511-1523 жж. – Қазақ хандығында Қасым ханның билігі.

- 1523-33 жж. - Тахир ханның билігі.
- 1538-80 жж. - Ақназар ханның билігі.
- 1582-98 жж. - Тәуекел ханның билігі.
- 1594 ж. - Тәуекел ханның елшісінің Мәскеуге баруы.
- 1598-1628 жж. - Есім ханның билігі.
- 15-16 ғғ. - Қазақтың үш жүзінің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) құрылуы.
- 1620 ж. - Жайық қалашығының орнауы.
- 1635-1758 жж. - Жоңғар хандығы.
- 1645 ж. - Гурьев қаласының орнауы.
- 1680-1718 жж. - Тәуке ханның билігі.
- 1681-88 жж. - Жоңғарлардың Қазақстанға шабуылы.
- 1687 ж. - Тәуке ханның Ресейге елші жіберуі.
- 1668-1789 жж. - Бұқар жырау ғұмыры.
- 1715 ж. - Тайқоңыр бастаған қазақ елшілерінің Ресейге баруы.
- 1716 ж. - Н. Белоусов бастаған орыс елшілерінің Тәуке ханға келуі.
- 1716-17 жж. - Тәуке ханның Ресейден Жоңғарияға қарсы әскери жәрдем сұрауы.
- 1718 ж. - Семей қаласының орнауы.
- 1720 ж. - Өскемен қаласының орнауы.
- 1723 ж. - Жоңғарлардың қазақ даласына басып кіруі.
- 1723 ж. - “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”.
- 1727 ж. - Қазақтардың Бұланты өзенінің жағасында жоңғарларды жеңуі.
- 1729 ж. – Қазақстанның Итішпес көлі жағасында жоңғарларды екінші рет жеңуі.
- 1734 ж. - Ор өзенінің сағасында Орынбор қаласының іргесі қаланды.
- 1691-1748 жж. – Кіші жүзде Әбілхайыр ханның билік жүргізуі.
- 1748-86 жж. - Нұралы ханның Кіші жүзде билік құруы.
- 1752 ж. - Петропавл қаласының салынуы.
- 1771-81 жж. - Абылай ханның билігі.
- 1781-1819 жж. - Уәлиханның Орта жүздегі билігі.
- 1783-97 жж. - Сырым Датұлы бастаған қазақ шаруаларының көтерілісі.

- 1791-94 жж. - Ералы ханның Кіші жүздегі билігі.
- 1796-97 жж. - Есім ханның Кіші жүздегі билігі.
- 1797 ж. тамыз - Кіші жүзде хан кеңесінің құрылуы.
- 1797-1805 жж. - Айшуақ ханның Кіші жүздегі билігі.
- 1797-1814 жж. - Қаратай сұлтан бастаған қозғалыс.
- 1801 ж. - Бөкей хандығының /Ішкі Орда/ құрылуы.
- 1803-46 жж. - Махамбет Өтемісұлы, ақын.
- 1821 ж. - Оңтүстік Қазақстан қазақтарының Қоқан феодалдарының қанауына қарсы көтерілісі.
- 1822 ж. - “Сібір қазақтары туралы ереженің” негізінде Орта жүзде хан билігінің жойылуы.
- 1823-45 жж. - Бөкей хандығындағы Жәңгір ханның билігі.
- 1824 ж. - Ақмола қаласының орнауы.
- 1824 ж. - Азия комитетінің “Орынбор қазақтары туралы” ережені қабылдауы.
- 1824 ж. - Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы.
- 1824-44 жж. - Орта жүзде сыртқы округтердің құрылуы.
- 1828-29 жж. - Бөкей хандығындағы ереуіл және қазақтардың жаппай Оралға кошуі.
- 1836-38 жж. - Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісі.
- 1837-47 жж. - Кеңесары Қасымұлының Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысы.
- 1845 ж. - Ырғыздың /Орал бекінісі/ салынуы.
- 1847 ж. - Қапал бекінісінің салынуы.
- 1848 ж. 10-шы қаңтар - Ұлы жүз әкімшілігінің құрылуы.
- 1848 ж. - Арал теңізінің жағасында Қосарал қалашығының салынуы.
- 1854 ж. - Верный /қазіргі Алматы, орта ғасырда Алматы/ бекінісінің іргесі қаланды.
- 1854 ж. - Семей облысының құрылуы.
- 1856 ж. қыркүйек-1857 ж. қаңтар - Сырдария қазақтарының көтерілісі.
- 1858 ж. наурыз-шілде - Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда қырғыз бен қазақтардың Қоқан билеушілеріне қарсы көтерілісі.
- 1860 ж. - Ұзынағашта /Жетісу/ Қоқан әскерінің күйрей жеңілуі.

- 1864 ж. - Патша әскерінің Меркі, Түркістан, Әулиеата, Шымкентті басып алуы.
- 1867 ж. - Түркістан генерал-губернаторлығы құрылды.
- 1869 ж. - Орал, Торғай облыстарындағы көтеріліс.
- 1872 ж. - Бөкей хандығы жерінің Астрахан губерниясына қосылуы.
- 1873 ж. - Орыс әскерінің Хиуаға жорығы.
- 1880-88 жж. - Каспийдің шығыс жағына темір жол салынуы.
- 1881-84 жж. - Ұйғыр мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы.
- 1889-1905 жж. - Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы.
- 1905 ж. - Успен руднигіндегі ереуіл.
- 1911 ж. - Доссорда мұнай кәсіпшілігінің ашылуы.
- 1913 ж. 29 көкек - Торғай облысының Айдарлы кеніндегі жұмысшылар ереуілі.
- 1914 ж. қаңтар - Доссор мұнай-кәсіпшілігіндегі жұмысшылар ереуілі.
- 1916 ж. маусым - Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысының басталуы.
- 1917 ж. көкек-маусым - Орынборда, Петропавлда, Верныйда /Алматыда/, Әулиеатада/ Таразда/, Перовскіде /Қызылордада/, Семейде, Шымкентте жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің құрылуы.
- 1917 ж. қазан-қараша - Перовскіде, Әулиеатада, Шымкентте, Орынборда кеңес үкіметі орнады.
- 1917 ж. 14 қараша - Орынборда Әскери-төңкерістік комитеттің құрылып қаладағы бүкіл өкімет билігінің өзіне көшкендігін жариялауы.
- 1917 ж. 20 қараша - РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің “Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне” үндеуін қабылдауы.
- 1917 ж. қараша-желтоқсан - Петропавлда, Ордада, Қостанайда, Ақмолада Кеңес үкіметі орнады.
- 1918 ж. қаңтар-наурызда - Ақтөбеде, Павлодарда, Семейде, Верныйда Кеңес үкіметі орнады.
- 1918 ж. 14 мамыр - РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Ә. Жанкелдинді Дала өлкесінің төтенше комиссары етіп тағайындауы.

- 1918 ж. 20 шілде-11 қараша - Мәскеуден Ақтөбе майданына қару-жарақ пен ок-дәрі жеткізу жөніндегі Ә. Жанкелдиннің экспедициясы.
- 1918 ж. 10 қыркүйек-1919 ж. 14 қазан - Черкасск ерлік қорғанысы.
- 1919 ж. 22 қаңтар - Қызыл Армияның Орынборды азат етуі, Түркістанның еліміздің орталығымен тоте байланысын қалпына келтірілуі. Ақтөбе майданының жойылуы.
- 1919 ж. 24 көкек-11 шілде - Оралдың ерлік қорғанысы.
- 1919ж. 16 маусым - В. И. Лениннің Орал қаласының қаһарман қорғаушыларына жолдаған құттықтау телеграммасы.
- 1919ж. 10 шілде - РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің “Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Төңкерістік комитет туралы” В. И. Ленин қол қойған декреті.
- 1919 ж. 11 шілде - 25-ші Чапаев дивизиясының Орал қаласын азат етуі.
- 1919 ж, 19 тамыз - Қызыл Армияның Қостанайды азат етуі.
- 1919 ж. 30 қазан - Қызыл Армияның Петропавлды азат етуі.
- 1919 ж. 12 қараша - Қызыл Армияның Көкшетауды азат етуі.
- 1919 ж. 26 қараша - Қызыл Армияның Атбасар мен Ақмола-ны азат етуі.
- 1919 ж. 30 қараша - Қызыл Армияның Павлодарды азат етуі.
- 1920 ж. 26 тамыз - Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойған “Автономиялық Қырғыз /казак/ Кеңес Социалистік Республикасын құру туралы” декреті.
- 1920 ж. 4-12 - қазан - Қазақ АКСР Кеңестерінің бірінші съезі.
- 1921 ж. ақпан - Жетісу және Сырдария облыстарында жер-су реформасының жүргізіле бастауы.
- 1924 ж. 17 көкек - Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің “Қырғыз АССР-нің көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылыққа көшуші халқын жерге орналастыру туралы ережені” бекітуі.
- 1925 ж. 15-19 сәуір - Қазақ АКСР Кеңестерінің бесінші съезі. Қазақ халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру туралы қаулы.
- 1926 ж. 20 мамыр - Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің егіндік және шабындық жерлерді қайта бөлу туралы қаулысы.

- 1928 ж. 27 тамыз - Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің жартылай феодал-ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеп, оларды жер аудару туралы декреті.
- 1928 ж. 20 желтоқсан - Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің латын алфавитіне көшу туралы қаулысы.
- 1929 ж. мамыр - Қазақ АКСР астанасының Қызылордадан Алматыға көшірілуі.
- 1929 ж. 1 мамыр - Түркістан-Сібір /Түрксиб/ темір жолының ашылуы.
- 1930 ж. 27 тамыз - Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің “Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды енгізу туралы» қаулысы.
- 1932 ж. ақпан - Қазақстанда: Алматы, Ақтобе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының құрылуы.
- 1932 ж. 8 наурыз - КСРО Ғылым академиясының Қазақстан базасының құрылуы.
- 1932 ж. қаңтар - Шымкент қорғасын зауытының бірінші кезегінің іске қосылуы.
- 1934 ж. 12-20 маусым - Қазақстан жазушыларының бірінші съезі.
- 1936 ж. мамыр - Қазақ өнерінің Мәскеудегі бірінші онкүндігі.
- 1936 ж. 21-26 наурыз - Қазақстан Кеңестерінің Төтенше X съезі. Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы.
- 1938 ж. 24 маусым - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сайлауы.
- 1938 ж. 24 қараша - Балқаш мыс қорыту зауытының бірінші кезегі іске қосылды.
- 1938 ж. желтоқсан – КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы болып қайта құрылды.
- 1939 ж. 24 желтоқсан - Қазақ КСР-нің 1937 жылғы Конституциясының негізінде Қазақ КСР еңбекшілері депутаттары жергілікті Кеңестерінің алғашқы сайлауы.
- 1940 ж. 10 қараша - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қазақ тілін орыс графикасына негізделген жаңа әліп-биге көшіру туралы заң қабылдауы.
- 1941 ж. 16 қараша - 28 гвардияшы-панфиловшылардың Москва түбіндегі Дубосеково разъезінің жанындағы қаһармандық ерлігі.

- 1943 ж. 20 қаңтар - Ақтобе ферросплав зауытының бірінші кезегі іске қосылды.
- 1943 ж. 25 сәуір - Қаратау кен-химия комбинаты халықтық құрылысының бірінші кезегі салынып бітті.
- 1944 ж. 31 желтоқсан - Қазақ металлургиялық қайта өңдеу зауытының бірінші мартен пеші қатарға қосылды.
- 1944 ж. 26 қазан - КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыру туралы қаулысы.
- 1945ж. 9 мамыр – неміс фашистерін талқандаған жеңіс күні.
- 1946 ж. 24 шілде - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қазақ КСР халық шаруашылығын дамытудың 1946-1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заң қабылдауы.
- 1947 ж. 16 ақпан - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы.
- 1947 ж. 25 қыркүйек - Өскемен мырыш зауыты қатарға қосылды.
- 1948 ж. 11 қаңтар - Қазақ КСР еңбекшілер депутаттары жергілікті Кеңестерінің сайлауы.
- 1949 ж. 10-19 мамыр - Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі он күндігі.
- 1950 ж. 23 желтоқсан - Текелі қорғасын-мырыш комбинаты іске қосылды.
- 1953 ж. 27 қазан-Мойынты - Шу темір жолы тұрақты пайдалануға берілді.
- 1953 ж. 20 желтоқсан - Ақмола-Павлодар темір жолы тұрақты пайдалануға берілді.
- 1954 ж. 28 ақпан - Қостанайға тың игерушілердің алғашқы тобының келуі.
- 1956 ж. 10 қазан - Қазақстанның колхоздары мен совхоздары мемлекетке мерзімінен бұрын 1 млрд. 340 мың пұт астық тапсырды.
- 1956 ж. 20 қазап-КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының тың және тыңайған жерлерді игерудегі жетістіктері үшін Қазақ КСР-ін Ленин орденімен наградтау туралы Жарлығы.
- 1957 ж. 4 қазан - Байқоңыр космодромынан жердің дүниежүзіндегі тұңғыш жасанды серігінің ұшырылуы.
- 1960 ж. 4 қаңтар - Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының бірінші кезегі іске қосылды.
- 1960 ж. 2 шілде - Қарағанды металлургия зауытының бірінші домнасы іске қосылды.

- 1960 ж. 1 желтоқсан - Қарағанды металлургия зауытында кокс батареясы іске қосылып, Қазақстанның тұңғыш коксі алынды.
- 1962 ж. 3 қаңтар - Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатындағы Сарыбай руднигінің екінші кезегі іске қосылды.
- 1963 ж. 26-27 ақпан - жас шопандардың республикалық I слеті.
- 1964 ж. 29 маусым - Мақат-Ақтау темір жолының құрылысы аяқталды.
- 1965 ж. шілде - Өзен мұнай-газ кен орнының бірінші кезектегі объектілерін салу аяқталып, Маңғыстаудың алғашқы мұнайы алынды.
- 1965 ж. қазан - Жетіқара асбест комбинатының бірінші кезегі қатарға қосылды.
- 1966 ж. қазан - Республика мемлекетке 1 млрд. 37 млн пұт астық тапсырды
- 1967 ж. шілде - Қазақ КСР мәдениеті мен өнерінің Мәскеудегі күндері.
- 1968 ж. 1 ақпан - Есіл су құбыры /1748 км/ іске қосылды.
- 1969 ж. 17 қараша - Қазақстан колхозшыларының III съезі.
- 1970 ж. 28 тамыз - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қазақ КСР-і мен Қазақстан Компартиясының құрылғанына 50 жыл толуына арналған бірлескен салтанатты мәжілісі.
- 1971 ж. 27 қазан - Алматыда В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылығы Ғылымдары академиясының Шығыс бөлімшесі құрылды.
- 1972 ж. 28 желтоқсан - “Медеу” бірегей спорт комплексі пайдалануға берілді.
- 1973 ж. 4-9-қыркүйек - Алматыда Азия мен Африка елдері жазушыларының бесінші конференциясы болды.
- 1974 ж. 15 наурыз - Алматыда тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыс өтті.
- 1975 ж. 5 наурыз - Павлодар трактор зауытының конвейерінен 100 мыңыншы “Қазақстан” тракторы шықты.
- 1975 ж. 28 қыркүйек - Ермак ГЭС-і толық жобалық қуатында іске қосылды.
- 1977 ж. - Қазақстанда жоғарғы оқу орындарының саны 50-ге, арнаулы оқу орындарының саны 220-ға жетті.

- 1978 жыл - Қазақ тілінде 12 томдық Қазақ совет энциклопедиясын шығару аяқталды.
- 1980 жыл мамыр - Екібастұз отын-энергетика комплексінде қуаты жылына 50 млн. тонна көмір беретін “Богатырь” разрезі іске қосылды.
- 1981 жыл 15 шілде - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі халық депутаттары Кеңестерінің шаруашылық құрылыстағы ролін арттыру туралы қаулысы жарияланды.
- 1982 жыл 30 қараша - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы Қазақ КСР-нің 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған Азық-түлік бағдарламасын мақұлдады
- 1986 жыл 17, 18 желтоқсан - Г. В. Колбиннің Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті бірінші хатшысы болып сайлануымен байланысты республика жастарының наразылығы күндері.
- 1987-88 жж. - Г. В. Колбиннің бастауымен Қазақстан партия ұйымдарын тазалау және жергілікті ұлт кадрларын қуғындау жүрді.
- 1989 жылғы қыркүйек - “Қазақ КСР-дегі тіл туралы Заң” қабылданды.
- 1989 жыл маусым - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып Н. Ә. Назарбаев сайланды.
- 1990 жыл наурыз - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау жаңа демократиялық сайлау тәртіптері негізінде өткізілді.
- 1990 жыл 24 сәуір - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Н. Ә. Назарбаевты республиканың алғашқы Президенті етіп сайлады.
- 1990 жыл - Қазақстанда “Азат”, “Алаш”, “Желтоқсан” және т. б. саяси қозғалыстар мен партиялар құрылды.
- 1991 жыл маусым - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төртінші сессисында мемлекеттік меншікті жекешелендіру жөнінде арнайы заң қабылданды.
- 1991 жыл қыркүйек - Қазақстан Компартиясының тотенше съезінде бұл партияның қызметі тоқтатылды деп жарияланды.
- 1991 жыл - Қазақстан жерінде Семей полигонындағы ядролық жарылыс тоқтатылды.
- 1991 жыл 2 қазан – Бірінші қазақ Токтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.
- 1991 жыл - Қазақстан Социалистік және Халық конгресі партиялары құрылды.

- 1991 жыл 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасы егеменді, өз алдына тәуелсіз мемлекет деп жарияланды.
- 1991 жыл 21 желтоқсан - Алматы қаласында бұрынғы – 11 Одақтық республика өкілдерінің кездесуі болды.
- 1992 жыл қаңтар - Қазақстан өз жерінде таза алтын кесектерін құйып шығарды.
- 1992 жыл 6 қаңтар - Қазақстанның қаржы, сауда, тауар және материалдық мүдделерін қорғау мақсатында Президенттің Жарлығымен республикада бағаны ырқына жіберу басталды.
- 1992 жыл наурыз - Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.
- 1992 жыл 4 маусым - Парламент отырысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Туы, Елтаңбасы және Әнұраны қабылданды.
- 1992 жыл тамыз - Бүкіл дүние жүзіндегі қазақтардың саны 10 млн. 500 мың адамға жетті.
- 1992 жыл қазан - Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы Алматыда болып өтті.
- 1993 жыл 28 қаңтар - Егемен Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды.
- 1993 жыл 5 сәуір - Елбасы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанында Тіл комитетін құру туралы Жарлығына қол қойды.
- 1993 жыл 27-29 мамыр - киелі Ордабасы жерінде Төле биді, Қазыбек биді және Әйтеке биді еске алу жиыны болды.
- 1993 жыл 2-4 шілде - Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы Ордабұлақтағы Ұлы жеңістің 350 жылдығы атап өтілді.
- 1993 жыл 12 қараша - “Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы” Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты.
- 1993 жыл 13 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өз өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатты.
- 1994 жыл 11 қаңтар - Нүкісте Арал жөніндегі конференцияда Орта Азия мемлекеттерінің басшылары бас қосты.
- 1994 жыл 14 ақпан - Ақ үйде АҚШ Президенті Билл Клинтон мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев демократиялық серіктестік туралы хартияға қол қойды.
- 1994 жыл 28 наурыз - Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

- 1994 жыл 19 сәуір - жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өз жұмысын бастады.
- 1994 жыл 30 маусым - қазақ халқының екінші қыраны ғарышкер Талғат Мұсабаев аспан көгіне алты айлық сапарға аттанды.
- 1994 жыл 6 шілде-Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің кезекті жалпы отырысында Президенттің астананы Ақмолаға көшіру туралы ұсынысы мақұлданды.
- 1994 жыл 18 қазан - Ыстамбулда Орталық Азияның, Кавказдың түрік тілдес мемлекеттері мен Түркия басшыларының екінші кездесуі ашылды.
- 1995 жыл 23 қаңтар - Брюссельде Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.
- 1995 жыл 9 ақпан - ТМД мемлекеттері басшыларының жоғары дәрежелі кездесуі болды.
- 1995 жыл 27 ақпан - Қазақстан Республикасының төлқұжатын азаматтарға беру басталды.
- 1995 жыл 1 наурыз - Қазақстан республикасы Президентінің Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты.
- 1995 жыл 29 сәуір - Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттік мерзімі 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартылды.
- 1995 жыл 9 тамыз - Алматыда Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған ЮНЕСКО көлеміндегі салтанатты мәжіліс өтті.
- 1995 жыл 28 тамыз - түркі тілдес мемлекеттер басшыларының Бішкек қаласында кездесуі өтті.
- 1995 жыл 30 тамыз – Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды.
- 1995 жыл 15 қыркүйек - “Қазақстан Республикасының астанасы туралы” Президенттің жарлығы шықты.
- 1995 жыл 5 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына депутаттар сайланды.
- 1995 жыл 9 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттар сайланды.
- 1995 жыл 12 желтоқсан - “Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградалары туралы” Жарлыққа Елбасы қол қойды.
- 1996 жыл 27 сәуір - Ресей Федерациясының Президенті Б. Ельцин мен Қазақстан Президенті Н. Назарбаев Алматыда кездесіп, Қазақстан-Ресей бірлескен Декларациясына қол қойды.
- 1996 жыл 26 сәуір - Шанхайда бес жақты - Ресей, Қытай,

Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан басшылары бейтарап аймақтық қашықтықты 100 шақырымға дейін жеткізу келісіміне қол қойды.

- 1996 жыл 31 қыркүйек - Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше 129 елдің қатарында бүкіл жер бетінде ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қол қойды.

- 1996 жыл - Азия даму банкісі Қазақстанға 100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие бөлді.

- 1996 жыл - Қазақстанда 22 жекеменшік киностудиясы мен 14 галереясы жұмыс істеді.

- 1996 жыл - қазақ халқының патша өкіметіне қарсы көтерілісінің 80 жылдығы атап өтілді.

- 1996 жыл - дарынды ақын, дана тәлімгер, халықтар достығын жырлаушы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойы өткізілді.

- 1996 жыл - Желтоқсан оқиғаларының 10 жылдығы атап өтілді.

- 1997 жыл - Н. Ә. Назарбаевтың “Ғасырлар тоғысы” атты кітабы жарыққа шықты.

- 1997 жыл - Республика Президенті Жарлығымен жалпы ұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланды.

- 1997 жылы - Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданған.

- 1997 жыл 28 ақпан - Қазақстан Республикасының “Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы” Заңы қабылданды.

- 1997 жыл 29 маусым - Түркістан қаласының іргесі қаланғанына 1500 жыл толды.

- 1997 жыл 4 шілде - Қазақ жырауы, жыраулық поэзияның көрнекті өкілі Үмбетей Тілеуұлының туғанына 300 жыл /1697-1786 жж/ толды.

- 1997 жыл 15 қыркүйек пен 21 қыркүйек - Қазақстанның Шымкент аймағында, Өзбекстанның Шыршық жерінде НАТО-ның әскери бөлімдерінің қатысуымен әскери жаттығу өткізілді.

- 1997 жыл 18-19 қыркүйек - Ұлыбритания астанасы Лондонда “Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері” атты халықаралық конференция өтті.

- 1997 жыл 25 қыркүйек - Алматыда Батыс Қазақстан және Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырын жүргізу жөніндегі шартқа қол қойылды.

• 1997 жыл 28 қыркүйек - қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерей тойы ЮНЕСКО ауқымында атап өтілді.

• 1997 жыл 10 қазан - Президенттің Жарлығымен мемлекеттің астанасы болып Ақмола жарияланды.

• 1997 жыл 11 қазан - Президент Н. Ә. Назарбаев республика халқына “Қазақстан-2030” Жолдауын қабылдады.

• 1997 жыл 18 қараша - Вашингтонда «Қазақстан Республикасы мен АҚШ-тың экономикалық әріптестік жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына» қол қойылды.

• 1997 жыл 23 желтоқсан - Ақмола қаласында Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық қызметкерлерінің кеңесі болып өтті.

• 1997 жыл 25 желтоқсан - Ақмолада Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы кеңесінің бас қосуы болды.

• 1998 жыл 22 қаңтар - Мәскеуде Мемлекетаралық Кеңеске мүше - Қазақстан, Қырғызстан, Белорусь республикалары мен Ресей Федерациясының басшылары кездесті.

• 1998 жыл 29 қаңтар - Т. Мұсабаевтың басқаруындағы халықаралық экипаж ғарышқа аттанды.

• 1998 жыл 11 мамыр - Алматыда Орта Азия экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің мемлекет және үкімет басшылары бас қосты.

• 1998 жыл 10 маусым - Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырға бағдарланған Мәңгілік достық пен одақтық туралы Декларацияға қол қойылды.

• 1998 жыл 26 қараша - Алматыда Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы өткізілді.

• 1998 жыл 27 қараша - Құрманғазының 175 жылдық мерейтойы Алматыда аталып өтілді.

• 1999 жыл 10 қаңтар - Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Президенті болып қайтадан сайланды.

• 1999 жыл 21 қаңтар - Астанада Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясы болып өтті.

• 1999 жыл 19 ақпан - Астанада Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан республикасының басшыларының «Мәңгілік достық туралы» шартқа арналған кездесуі болды.

• 1999 жыл 1 наурыз - Мәскеуде бестік Одақ елдері /Ресей, Белорусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан/ жетекшілерінің бас қосуы өтті.

• 1999 жыл 24 сәуір - Президент Н. Назарбаев Вашингтонда жетекші мемлекеттердің басшыларымен кездесті.

- 1999 жыл 7 мамыр - Р. Қошқарбаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен “Халық қаһарманы” атағы берілді.
- 1999 жыл 28 мамыр - Алматыда қазақстандық қаржыгерлердің бірінші конгресі өтті.
- 1999 жыл 11 маусым - Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы жарияланды.
- 1999 жыл 6 тамыз - Қазақстан Республикасының “Мемлекеттік қызмет туралы” Заңы жарияланды.
- 1999 жыл 24-25 тамыз - Бішкек қаласында “Шанхай бестігі” саммитіне қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесуі өтті.
- 1999 жыл 3 қыркүйек - Қазақстанда мұнай өндіріле бастауының 100 жылдығы атап өтілді.
- 1999 жыл 10 қазан - Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен маслихаттардың сайлауы болды.
- 1999 жыл 1 желтоқсан - Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің алғашқы бірлескен отырысы болды.
- 1999 жыл 10 желтоқсан - Алматыда Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясы өтті.
- 1999 жыл 15 желтоқсан - Елбасының “Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі туралы” Қазақстан халқына жолдауы қабылданды.
- 1999 жыл 28 желтоқсан - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2000 жыл - Мәдениетті қолдау жылы деп жарияланды.
- 2000 жыл 25 қаңтар - Мәскеуде ТМД елдері басшыларының саммиті өтті.
- 2000 жыл 26-28 сәуір - Алматыда халықаралық “Еуразия-2000” экономикалық саммит болып өтті.
- 2000 жыл 9 мамыр - Қазақстанда Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 55 жылдық мерекесі тойланды.
- 2000 жыл 30 тамыз - Егемен Қазақстан Конституциясының 5 жылдығы атап өтілді.
- 2000 жыл 15 желтоқсан – Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясы болып өтті.
- 2001 жыл 5 қаңтар – Орталық Азия экономикалық қауымдастығына (ОАЭЖ) мүше елдер басшыларының Алматыда кездесуі болып өтті.
- 2001 жыл маусым – Ақсу-Дегелен темір жол құрылысы аяқталды.

- 2001 жыл 2-3 тамыз – Алматыда ядролық қарусыздану мәселелеріне арналған халықаралық конференция болды.
- 2001 жыл маусым – Алтынсарин - Хромтау темір жолының құрылысы басталды.
- 2001 жыл 3 қыркүйек – Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Республика Президентінің Қазақстан халқына жолдауы қабылданды.
- 2001 жыл 24 қазан – Астанада Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясы болып өтті.
- 2001 жыл 6 желтоқсан – «Темір жол туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.
- 2001 жыл 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы атап өтілді.
- 2002 жыл қаңтар – И. Тасмағамбетов басқарған жаңа Үкімет құрамы бекіді.
- 2002 жыл 28 ақпан – Алматыда “Орталық Азия ынтымақтас-тық” ұйымын құру жөнінде келісімге қол қойылды.
- 2002 жыл 12 наурыз – Қазақстан журналистерінің бірінші Конгресі болып өтті.
- 2002 жыл 8-9 сәуір – Давос аясындағы Еуразиялық экономикалық саммит Алматы қаласында өтті.
- 2002 жыл 25-28 сәуір аралығында Қазақстанда І-Еуразия-лық медиа-форумы болды.
- 2002 жыл 26 сәуір – Президент Н. Ә. Назарбаевтың Жарлы-ғымен Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиялық Бағ-дарламасы бекітілді.
- 2002 жыл 13 мамыр – Еуразиялық экономикалық байланы-сы мемлекетаралық кеңесінің отырысы Мәскеу қаласында өтті.
- 2002 жыл 28 мамыр – Санкт-Петербург қаласында Қазақ-стан мәдениеті мен өнер күндері ашылды.
- 2002 жыл 3-4 маусым - Алматыда Азиядағы сенім және өзара бірігіп қимыл жасау ұйымының (СВМДА) саммиті бол-ды.
- 2002 жыл 5 маусым – Президент Н. Ә. Назарбаев “Қазақ-стан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы” Жар-лыққа қол қойды.
- 2002 жыл 10 шілде – Астана қаласында Қазақстан жастар одағының кезектен тыс съезі болып өтті.
- 2002 жыл 15 шілде – Н. Ә. Назарбаев “Саяси партиялар туралы” Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

- 2002 жыл 21 қыркүйек – Көкшетау қаласында Кенесары ханның 200 жылдығы атап өтілді.
- 2002 жыл 26 қыркүйек – Тараз қаласының 2000 жылдық тойы салтанатты жағдайда өтті.
- 2002 жыл 17-18 қазан – Қазақстанға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы К. Аннан келіп қайтты.
- 2002 жыл 23-24 қазан – Түркістан қаласында қазақтардың Бүкілдүниежүзілік екінші құрылтайы болып өтті.
- 2002 жыл 8 қараша – Батыс Қазақстан облысы Орда селосында Бөкей хандығының 200 жылдығы атап өтілді.
- 2002 жыл 12 қараша – Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясы өтті.
- 2002 жыл 18 желтоқсан – Ресей Президенті В. В. Путин 2003 жылды Қазақстанның Ресейдегі жылы деп жариялады.
- 2002 жыл 22-24 желтоқсан – Президент Н. Ә. Назарбаев ресми сапармен Қытайға барып қайтты.
- 2002 жыл 27 желтоқсан – “Орталық Азия ынтымақтастық” ұйымы мемлекет басшыларының отырысы болды.
- 2003 жыл 16 қаңтар – Үкімет мәжілісінде Президенттің қатынасуымен 2002 жылдың алғашқы қорытындылары талқыланды.
- 2003 жыл 6 ақпан – Түркістан қаласында Қазақстан журналистерінің Екінші Конгресі болып өтті.
- 2003 жыл 19 ақпан – Мәскеуде Еуро-Азиялық экономикалық қатынасының бірінші форумы болды.
- 2003 жыл 11 наурыз – Үкімет отырысында Қазақстан дамуының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық Мемлекеттік бағдарламасы қаралды.
- 2003 жыл 4 сәуір – Қазақстан Республикасы Парламентінің отырысында “2004 жылға арналған ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары” туралы Н. Ә. Назарбаев баяндама жасады.
- 2003 жыл 29 мамыр – Мәскеуде Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кезекті саммиті болып өтті.
- 2003 жыл 11 маусым – И. Тасмағамбетов басқарған Қазақстан үкіметі отставкаға шықты.
- 2003 жыл 13 маусым – Қазақстан Республикасының Премьер-министрі болып Д. К. Ахметов тағайындалды.
- 2003 жыл 20 маусым – Қазақстан Республикасының Жер Кодексі бекітілді.

- 2003 жыл – Жамбыл облысындағы Амангелді газ құбыры төселіп бітті.
- 2003 жыл 10 шілде – Қазақстан Республикасының “Ауылдық аймақтары дамуының 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы” бекіді.
- 2003 жыл 17-24 шілде – Қапшағай қаласы маңындағы АҚШ, Ұлыбритания және Қазақстан жауынгерлерінің бірлескен жатығы болып өтті.
- 2003 жыл 23-24 қыркүйек – Астанада өлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі болды.
- 2003 жыл қазан – Алматы – Астана автокөлік жолының құрылысы толық аяқталды.
- 2003 жыл 15 қазан – Астанада Қазақстан Азаматтық форумының бірлескен мәжілісі болды.
- 2003 жыл 31 қазан – Астанада Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы өтті.
- 2003 жыл 28 қараша – Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мәжілісінде 2004-2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” бағдарламасының жобасы талқыланды.
- 2003 жыл 23 желтоқсан – Қазақстан халықтары Ассамблеясының X сессиясы болып өтті.
- 2004 жыл 6 ақпан – Астанада тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.
- 2004 жыл 12 сәуір – Астанада Қазақстан мемлекеттік қызметкерлерінің республикалық кеңесі болып өтті.
- 2004 жыл 28 мамыр – Астанада Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымына (ОАЫҰ) мүше елдер басшылары кеңесінің кезекті отырысы болды.
- 2004 жыл 15 маусым – “Отан” партиясының VII съезі болып, онда “Қазақстандық бағыт (Бағдарлама – 2009)” платформасы қабылданды.
- 2004 жыл – Қазақстан халық суретшісі Ә. Қастеевтің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО ауқымында атап отілді.
- 2004 жыл 17 маусым - Өзбекстан астанасы Ташкентте Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті мәжілісі болып өтті.
- 2004 жыл 18 маусым – Астанада ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің оныншы отырысы болды.
- 2004 жыл – Қазақстанның атакты тарихшы, этнограф, архе-

олог ғалымы, академик Ә. Марғұланнның 100 жылдық мерей тойы ЮНЕСКО ауқымында атап өтілді.

- 2004 жыл 6 шілде – “Ішкі су көлігі туралы” Қазақстан Республикасының заңы қабылданды.

- 2004 жыл 7 шілде – “Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы” Заң қабылданды.

- 2004 жыл 6 тамыз – Қазақстан темір жолының 100 жылдық мерейтойы аталып өтті.

- 2004 жыл 16 қыркүйек – Астанада Достастық Мемлекеттері басшыларының кездесуі болып өтті.

- 2004 жыл 19 қыркүйек – Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің сайлауы өтті.

- 2004 жыл 11 қазан – “Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы” қабылданды.

- 2004 жыл 12 қазан – Астанада білім және ғылым қызметкерлерінің III съезі болды.

- 2004 жыл 18 қазан – Тәжікістан астанасы – Душанбеде Орталық Азия Ұнтымақтастық Ұйымына (ОАЫҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысы өтті.

- 2004 жыл 30 қараша – Ұзындығы 403 шақырым Алтынсарин – Хромтау темір жолы іске қосылды.

- 2004 жыл 10 желтоқсан – Астанада Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XII пленарлық отырысы болып өтті.

- 2005 жыл 1 қаңтар – Президент Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқын жаңа жылмен құттықтады.

- 2005 жыл 18 ақпан – Мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” атты Жолдауын Қазақстан халқына жария етті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Абай Құнанбаев.* Таңдамалы шығармалар жинағы, 1-2 томдары. Алматы, 1972.
- Абжанов Х.* Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. Алма-Ата, 1988.
- Абдиров М.Ж.* История казачества Казахстана. Алматы, “Казахстан”, 1994.
- Абдиров М.Ж.* Хан Кучум: известный и неизвестный. Алматы, “Жалын”, 1996.
- Абдиров М.Ж.* Завоевание Казахстана царской Россией. Астана, «Елорда», 2000
- Абылай хан.* Алматы, 1992.
- Абылхожин Ж.Б.* Традиционная структура Казахстана. Алма-Ата, 1991.
- Абусейтова М.* Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. Алматы, 1998.
- Аджиев М.* Полюнь Половецкого поля. М., 1994.
- Айдаров Ф.* Күлтегін ескерткіші. Алматы, 1995.
- Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972.
- Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. Алма-Ата, 1980.
- Алаш орда: сборник документов. Алма-Ата, 1992.
- Алтысарин И.* Собрание сочинений в трех томах. Алма-Ата, 1975-1978.
- Аманжолов К., Рахметов Қ.* Түркі халықтарының тарихы. 1-2т. Алматы, 1996.
- Анчиков Г.В.* Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы. Алматы, 1992.
- Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолопері. Алматы, 1987.
- Артемьев А.И.* Свидетели Иеговы Казахстана и Средней Азии, (историко-религиоведческий анализ). Алматы, 2002
- Аспендияров С.* Қазақстан тарихының очерктері. Алматы., 1994.
- Асылбеков М.Х.* Железнодорожники Казахстана в первой русской революции. Алма-Ата, 1965.
- Асылбеков М.Х.* Формирование и развитие кадров железнодорожников. Алма-Ата, 1973.
- Асылбеков М.Х., Бегалпева А.А., Курмангалиева Р.Е.* История Туркестано-Сибирской магистрали /1926-1958 гг./. Алматы, 2002.

- Асылбеков М.Х., Нурмухамедов С.Б., Пан.Б.Г.* Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане / 1946-1965 гг/. Алма-Ата, 1976.
- Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Алматы, 2000.
- Ахинжанов С.М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1989.
- Ахметов А.Р.* Рабочий класс Казахстана в борьбе за коммунизм. Алма-Ата, 1970.
- Ахмет-сұлтан Кенесарыұлы.* Кенесары және Сыздық сұлтандар. Алматы, 1992.
- Ақынжанов М.Б.* Қазақтың тегі туралы. Алматы, 1957.
- Әбдәкімұлы Ә.* Қазақстан тарихы. Алматы, 1997.
- Байпаков К., Нуржанов А.* Ұлы Жібек жолы және Орта ғасырлық Қазақстан. Алматы, 1992.
- Байпаков К. М.* Средневековая культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986.
- Башев С.Б.* Социально-экономическое развитие Советского Казахстана. Алма-Ата, 1979.
- Байтіленов С.* Қазақстан ауыл шаруашылығындағы тоқырау. Тараз, 1999.
- Балакаев Т.Б.* Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Алма-Ата, 1971.
- Беспаяев М.С.* Интернационализм народов-братьев. Алма-Ата, 1985.
- Балакаев Т.Б. Алдажұманов Х.С.* Қазақстан еңбекшілері – майданға. Алматы, 1985.
- Барманкулов М.* Тюркская вселенная. Алматы, 1996.
- Бартольд В.В.* Очерк истории Семиречья. Алма-Ата, 1965.
- Басин В.Я.* Тяжелая промышленность Казахстана в Великой Отечественной войне. Алма-Ата, 1965.
- Басин В.Я.* Русско-казахские отношения в XVI-XVII веках. Алма-Ата, 1974.
- Бекмаханов Е.* Казахстан в 20-40 годы XIX в. Алма-Ата, 1992.
- Бейсембаев С.Б.* Ленин және Қазақстан. Алматы, 1970.
- Бейсембиев К.Б.* Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана /дореволюционный период/. Алма-Ата, 1976.
- Белан П.С.* Участие казахстанцев в сражениях Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1973.

- Берденова К. Ә., Құбаев Қ. Е., Кәрібай А. Ш.* Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері. Алматы, 1998.
- Бес арыс. Алматы, 1991.
- Бурабаев М. С.* Общественная мысль в Казахстане в 1917-1940 гг. Алма-Ата, 1991.
- Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана М., 1987.
- Востров В. В., Муканов М. С.* Родоплеменной состав и расселение казахов /конец XIX-начало XX вв./ Алма-Ата, 1968.
- Вяткин М. П.* Сырым батыр. Алматы, 1951.
- Галузо П. Г.* Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алма-Ата, 1965.
- Гафуров Б. Г., Касымжанов А. Х.* Аль-Фараби в истории культуры. М., 1975.
- Гумилев Л.* Қиял патшалығын іздеу. Алматы, 1992.
- Гумилев Л.* Көне түріктер. Алматы, "Білім", 1994.
- Дахшлейгер Г. В.* Историография Советского Казахстана. Алма-Ата, 1969.
- Дахшлейгер Г. Ф.* Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана. Алма-Ата, 1965.
- Дахшлейгер Г. Ф.* Маршрутом социального прогресса. Алма-Ата, 1978.
- Дильмухамедов Е. Д.* Революционное движение горнорабочих Казахстана в начале XX века. Алма-Ата, 1965.
- Досмухамедов Х.* Аламан. Алматы, 1991.
- Дулатова Д.* Историография истории Казахстана. Алма-Ата, 1985.
- Едыгенов Н. Е.* Участие казахстанцев в партизанском движении Белоруссии в годы Великой Отечественной войны. Алма-Ата, 1972.
- Елагин А. С.* Из истории героической борьбы партизан Семиречья. Алма-Ата, 1967.
- Елагин А. С.* Социалистическое строительство в Казахстане в годы гражданской войны. Алма-Ата, 1966.
- Ержанов А.* Коммунистическая партия Казахстана в послевоенный период /1946-1958 гг./ Алма-Ата, 1974.
- Ерофсева И. В.* Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, 1999.
- Есмагамбетов К. Л.* Действительность и фальсификация. Алма-Ата, 1976.
- Есмагамбетов К.* Что писали о нас на Западе? Алма-Ата, 1992.

- Есмағанбетов К.* Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы., 1994.
- Жакупбеков С. К.* История легкой промышленности Казахстана. Алма-Ата, 1985.
- Жаманбаев К.* Высшая школа в Казахстане. Алма-Ата, 1972.
- Жандарбеков З.Б.* Саки. Томирис. Исторический роман-дилогия. Алматы, 1993.
- Жолдасбайұлы С.* Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. Алматы, 1995.
- Жуламанов К.* Совершенствование высшего образования в Казахстане /1966-1975гг./. Алма-Ата, 1976.
- Жумабеков Ж.* Ленинской дорогой. Алма-Ата, 1973.
- Жүгенбаева Г. С.* Түркістан – Сібір темір жолының тарихы. Алматы, 2002.
- Задорожный Г.* Школы Казахстана /1846-1970 гг/. Алма-Ата, 1975.
- Закирьянов К., Мусин Ч.* Ленинские принципы партийного руководства комсомолом в действии. Алма-Ата, 1974.
- Захир ад-дин Мухаммед Бабыр.* Бабырнама. Алматы, 1993.
- Зауал /Мақалалар, естеліктер/.* Алматы, 1991.
- Зиманов С.З.* Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата, 1958.
- Зиманов С.З.* Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX в. Алма-Ата, 1960.
- Исмагулов О.* Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. Алма-Ата, 1970.
- Ирмуханов Б.Б.* Этническая история древнего Казахстана. Алматы, 1998.
- История индустриализации Казахской ССР /1925-1941 гг./*
Документы и материалы/ т. 1-2. Алма-Ата, 1967.
- История Казахстана: белые пятна /сборник статей/.* Алма-Ата, 1991.
- История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. В пяти томах. т. 1, 2,3.* Алматы, “Атамұра”, 1996, 1997, 2000
- История Казахстана. С древнейших времен до конца XVIII века /*
Практикум-учебное пособие/. Алма-Ата, 1992.
- История развития транспорта и коммуникаций Казахстана.* Алматы, 2000.
- Историческая наука советского Казахстана.* Алма-Ата, 1990.
- Кадырбаев М., Марьяшев А.И.* Наскальные изображения хребета Каратау. Алма-Ата, 1977.
- Кадырбаев А.Ш.* Очерки истории средневековых уйгуров, джалаирав, найманов и керитов. Алма-Ата, 1993.

- Казахстан за 50 лет. Статистический сборник. Алма-Ата, 1991.
- Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского союза. 1941-1945 гг. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1964, т.1; Алма-Ата, 1967, т.2.
- Қазақтың көпе тарихы. Алматы “Жалын”, 1993.
- Қайназаров Е. К., Қайназарова А. Е.* История Казахстана. /Учебное пособие/. Алма-Ата, 1992.
- Қан Т.* История Казахстана. Учебное пособие. Алматы, 2002.
- Қасымбаев Ж.* Под надежную защиту России. Алма-Ата, 1986.
- Қасымбаев Ж.Қ* Кенесары-хан. Алматы, 1993.
- Қасымбаев Ж.Қ.* Государственные деятели казахских ханств. XVII в. Т. I. Алматы 1999.
- Қасымбаев Ж.К.* Хан Айшуақ (1719-1810 гг.). Алматы, 2001.
- Қасымбаев Ж.К.* Хан Жаңтөре (1759-1809 гг.). Алматы, 2001.
- Қарібаев Б.* Қазақ хандығының құрылуы (Қазақ тарихы. 1995. 4,5,6).
- Кенжалиев И.* Исатай-Махамбет. Алматы, 1991.
- Кенжебаев М.* Борьба Коммунистической партии Казахстана за интенсификации сельского хозяйства /1956-1966 гг/, Алма-Ата, 1971.
- Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992.
- Ковальский С.Л., Маданов Х.М.* Освоение целинных земель в Казахстане. Алма-Ата, 1986.
- Козыбаев М.* Казахстан-арсенал фронта. Алма-Ата, 1970.
- Козыбаев М.К.* Казахстан и современность. Алма-Ата, 1991.
- Козыбаев М.К.* Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, 1992.
- Козыбаев М.К.* Жауды шаптым ту байлап. Алматы, 1994.
- Козыбаев М.К., Бекмаханова Н.Е.* История Казахстана. Алма-Ата, 1991.
- Козыбаев М.К., Козыбаев И.М.* История Казахстана. Алма-Ата, 1993.
- Козыбаев И.М.* Исторнография Казахстана: уроки истории. Алма-Ата, 1991.
- Қойгелдиев М.* Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. Алматы, 1997.
- Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. «Санаг», 1995.
- Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағылымы не дейді? Алматы. 1993.
- Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. Алма-Ата, 1990.

- Коллективизация сельского хозяйства Казахстана /1926 июнь – 1941 г/. Документы и материалы. Ч.1. Алма-Ата, 1967.
- Кошербаев Қ.Е., Құттыбаева Р.С.* Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселелері. Алматы, 1996.
- Қуандық Е.С.* Қазақстандағы «Кіші Октябрь» қасіреті. Алматы, 2002.
- Кунаев Д. А.* О моем времени. Алма-Ата, 1992.
- Курманбаев А.* Ленинские традиции развития социалистического соревнования в Казахстане /Партийное руководство социалистическим соревнованием рабочих Казахстана в 1946-1971 гг/. Алма-Ата, 1972.
- Кудайбергенов А.* За высокую культуру села. Алма-Ата, 1976.
- Кудайбергенов Ә.* Дәулетіне сәулеті сай. Алматы, 1987.
- Күзембайұлы А., Абилев Е.* История Казахстана. Алма-Ата, 1996.
- Кумеков Б.Е.* Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972.
- Кумеков Б.Е.* Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимаков. VII-XIII вв. Спб, 1994.
- Кунхожаев Н.* Коммунистическая партия Казахстана в борьбе за научно – технический прогресс в промышленности. Алма-Ата, 1973.
- Қадырғали Жалайыр.* Шежірелер жинағы. Алматы, 1997.
- Қазақ қалай аштыққа ұшырады? /Қасіретті жылдар хаттары/. Алматы, 1991.*
- Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-12 т. Алматы, 1972-1980.
- Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Алматы, 1980-1984.
- Қазақстан тарихы /көне заманнан бүгінге дейін/. Очерктер. Алматы, “Дәуір”, 1994.
- Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995
- Қазақстандық Социалистік Еңбек Ерлері. 1-4 т. Алматы, 1970-1971.
- Канапин Ә.* Қазақстан мәдениеті жаңа кезеңде. Алматы, 1968.
- Қаражанов К., Такенов А.* (Составители). Новейшая история Казахстана (Сборник документов и материялов 1917-1939 гг. Алматы, 1998.
- Қоншығара Салғарин.* Хандар кестесі. Алматы, 1992
- Қоншығара Салғарин.* Қазақтың қилы тарихы. Алматы, 1992
- Левшин А.* Описание киргиз – казачьих или киргиз – кайсацких орд и степей. Алма-Ата, 1996.

- Мағауин М.* Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994.
- Маданов Х.М.* Деятельность КПСС по осуществлению ленинской аграрной политики в Казахстане. Алма-Ата, 1980.
- Маданов Х.М., Кондратьев А.М.* Зерновой цех страны. Алма-Ата, 1984.
- Маданов Х.М.* Қазақ мәдениетінің калыптасу кезеңдері. Алматы, 1995.
- Маданов Х.М., Мусин Ч.* Ұлы дала тарихы. Алматы, “Санат”, 1994.
- Марғұлан А.Х., Ақишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М.* Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.
- Марғұлан А. Х.* Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.
- Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.
- Масанов Э.А.* Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966.
- Масанов Н.Э.* Кочевая цивилизация казахов.-Алматы-Москва, 1995.
- Махмуд Қашғари.* Түркі тілдерінің сөздігі. 1-2т. Алматы, 1996.
- Мәшімбаев С.* Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. Алматы, 1994.
- Монсеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи /XVII-XVIII вв./ Алма-Ата, 1992.
- Мухаммед Хайдар Дулати.* Тарих – и Рашиди. Алматы, 1999.
- Мусин Ч.* Ударные комсомольские. Алма-Ата, 1973.
- Мусин Ч.* Жұмысшы жастар оқуына партия қамқорлығы. Алматы, 1975.
- Мусин Ч.* Жастарды еңбекке тәрбиелеу. Алматы, 1979.
- Мусин Ч.* Жастарға саяси тәрбие беру. Алматы, 1987.
- Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. Алматы, 2000.
- Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. Алматы, 2003.
- Мұстафа Шоқай.* Түркістанның қилы тарихы. Алматы, 1992.
- Назарбаев Н.А.* Стальной профиль Казахстана. Алма-Ата, 1985.
- Назарбаев Н.Ә.* Әділеттің ақ жолы. Алматы, 1991.
- Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде калыптасу мен дамуының стратегиясы. Алматы, 1992.
- Назарбаев Н.Ә.* Фасырлар тоғысында. Алматы, 1996.
- Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан-2030. Алматы, 1997.
- Народное движение за освоение целинных земель в Казахстане. Сборник материалов и документов. М., 1959.
- Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова /Сборник документов/. Алматы, “Ғылым”, 1996.

- Неубет. Публицистикалық ой-толғаулар. Алматы, 1990.
- Нурмухамедов С.Б., Савосько В.К., Сулейменов Р.С.* Очерки истории социалистического строительства в Казахстане /1933-1940 гг/. Алма-Ата, 1966.
- Нұрпейісов К.* Қазақстанның шаруалар Советтері /1917-1929 жж/. Алматы, 1972.
- Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алаш Орда. Алматы, 1995.
- Нусупбеков А.Н.* Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. Алма-Ата, 1996.
- Нығмет Мыңжан.* Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 1994.
- Омаров А.Д.* История железных дорог Казахстана. 1825-1995. т.1. Алматы, 1997.
- Омарбеков Т.* Зобалаң. Алматы, “Санат”, 1995.
- Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997.
- Омарбеков Т.* XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 2001.
- Пахмурный П.Г., Григорьев В.К.* Октябрь в Казахстане. Алма-Ата, 1978.
- Пищулина К.А.* Юго-восточный Казахстан в середине XIV-начале XVI века /Вопрос политической и социально-экономической истории/. Алма-Ата, 1977.
- Покровский С.Н.* Разгром иностранных военных интервентов и внутренней контрреволюции в Казахстане. Алма-Ата, 1967.
- Развитие народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти. Алма-Ата, 1967.
- Романов И.* Осуществление ленинских идей электрификации в Казахстане. Алма-Ата, 1977.
- Рысбайұлы К.* Қазақстан Республикасының тарихы. Алматы, 1999.
- Сабырханов А.* Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары. Алматы, 1970.
- Савосько В.К., Шамшатов И.* Колхозное строительство в Казахстане /1946-1970 гг/. Алма-Ата, 1974.
- Садыков Т. С.* XXVI съезд КПСС и коммунистическое воспитание трудящихся. Алма-Ата, 1983.
- Сапаргалиев Г.* Карательная политика царизма в Казахстане. Алма-Ата, 1966.
- Сармурзин А.Г.* Деятельность КПСС по индустриальному развитию Казахстана. Алма-Ата, 1981.
- Совет Одағының қазақстандық батырлары. 1-2 т. Алматы, 1969.

- Сулейменов Б.С.* Казахстан в период первой русской революции. Алма-Ата, 1949.
- Сулейменов Б.С.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX-начале XX века. Алма-Ата, 1963.
- Сулейменов Б.С.* Революционное движение в Казахстане в 1905-1907 годах. Алма-Ата, 1977.
- Сулейменов Б.С., Басин В.Я.* Восстание 1916 года в Казахстане / причины, характер, движущие силы/. Алма-Ата, 1977.
- Сулейменов Р.Б.* Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане /Исторический опыт развития социалистической культуры народов, миновавших стадию капитализма/. Алма-Ата, 1972.
- Сулейменов Р.Б., Моисеев Б.А.* Из истории Казахстана XVIII века. Алма-Ата, 1988.
- Сыздықов С.* Қарлұқтар. Алматы, 2000.
- Таймагамбетов Ж. К.* Палеолитическая стоянка им. Ч. Валихапова. Алма-Ата, 1990.
- Такенов А.С.* Братские узы интернациональной дружбы. Алма-Ата, 1986.
- Тастанов Ш.Ю.* Советский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов. Алма-Ата, 1975.
- Толеубаев А. Т.* Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов. Алма-Ата, 1991.
- Толыбеков С.* Кочевое общество казахов в ХУП-начале ХХв. Алма-Ата, 1971.
- Толыбеков С.* Қазақ шежіресі. Алматы.1992.
- Тулепбаев Б.А.* Торжество ленинских идей социалистического преобразования сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстане. М., 1971.
- Турсунбаев А.Б.* Победа колхозного строя в Казахстане. Алма-Ата, 1967.
- Турсунбаев А.Б.* Торжество социалистического интернационализма. Алма-Ата, 1973.
- Турсунбаев А.Б.* Под знаменем Октября. Алма-Ата, 1977.
- Тынышпаев М.* История казахского народа. Алма-Ата, 1993.
- Тынышпаев М.* Великие бедствия /Ақтабан шұбырынды/. Алма-Ата, 1992.
- Шалтыков А.И.* Таможенная служба Казахстана: история и современность. Алматы, 2001.
- Шаймрденев Е.* Қазақ елінің рәміздері. Алматы, 1993.

- Шаймуханов Д.А.* Создание и развитие черной металлургии в Казахстане. Алма-Ата, 1981.
- Шәкәрім.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991.
- Шалекенов У.* Құм басқан қала. Алматы, 1992.
- Шежіре. Қазақтың ру-тайпалық құрылысы. Алматы, 1991.
- Шойынбаев Т.Ж.* Прогрессивное значение присоединения Казахстана к России. Алма-Ата, 1973.
- Үш пайғамбар /Толе би, Қаз дауысты Қазбек би, Айтеке би/. Алматы, 1992.
- Уәлиханов Шоқан.* Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1985.
- Учебное пособие по истории Казахстана (с древнейших времен до наших дней). Алма-Ата, 1992.
- Экономика Казахстана за 60 лет /становление и развитие/. Алма-Ата, 1977.
- Юсупов Х.* Переселение дунган на территорию Киргизии и Казахстана. Фрунзе, 1961.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

1-б о л і м. Ерте заманғы Қазақстан

Бірінші тарау. Қазақстан жеріндегі алғашқы қауымдық құрылыс

§1. Көне, орта және соңғы тас дәуірі	9
§2. Қола дәуірі. Бсғазы-Дөңдібай мәдениеті	13

Екінші тарау. Ерте темір дәуіріндегі тайпалық одақтар мен көне мемлекеттік құрылымдар.

§1. Сақ тайпалық одақтары	19
§2. Сармат тайпалары	25
§3. Үйсіндер	28
§4. Қаңлы тайпалары	33
§5. Ғұндар	38

II-б о л і м. Қазақстан түркі дәуірінде (VI-XII ғғ.).

Үшінші тарау. Ерте ортағасырлық мемлекеттер.

§1. Көне түрік, Батыс түрік қағанаттары	43
§2. Түргеш қағанаты	48
§3. Қарлұқ қағанаты	51
§4. Оғыз мемлекеті	54
§5. Кимек қағанаты	58

Төртінші тарау. Кейінгі ортағасырлық мемлекеттер.

§1. Қарахан мемлекеті	61
§2. Қарақытай мемлекеті	66
§3. Найман, Керейт, Жалайыр ұлыстары	69
§4. Қыпшақ хандығы	76

Бесінші тарау. VI-XII ғғ. Қазақстан жеріндегі отырықшы және көшпелі мәдениет.

§1. Орта ғасырдағы Қазақстан қалалары. Ұлы жібек жолы	81
--	----

§2. Қазақстан жеріндегі материалдық және рухани мәдениет	86
--	----

Алтыншы тарау. Моңғолдардың Қазақстан жеріне шапқыншылығы және жаулап алуы.

§1. Моңғолдардың Қазақстан жеріне басып кіруі. Отырар апаты	95
§2. Батыйдың Батысқа жорығы. Алтын Орданың құрылуы	100
§3. Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуына және қазақ халқының қалыптасуына моңғол шапқыншылығының тигізген зардаптары	103

Жетінші тарау. XIV-XV ғғ. Қазақстан жеріндегі феодалдық мемлекеттер.

§1. Ақ Орда мемлекеті	106
§2. Моғолстан мемлекеті	110
§3. Ноғай Ордасы	117
§4. Әбілхайыр хандығы («Қошпелі өзбектер мемлекеті»)	120
§5. Қазақстан экономикасы мен мәдениеті	124

Сегізінші тарау. Қазақ хандығының құрылуы және қазақ халқының қалыптасуы (XIV-XV ғғ.).

§1. Қазақ хандығының құрылуы	128
§2. Қазақ халқының шығу тегіндегі антропологиялық және этникалық жақтары	133
§3. Қазақ халқының құрылуының негізгі кезеңдері және этнос ретінде қалыптасуының аяқталуы	137

Тоғызыншы тарау. XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы

§1. Қазақ хандығының этномемлекеттік шекараларының кеңеюі	141
§2. Тәуке хан және оның “Жеті жарғысы”	149

Оныншы тарау. XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының саяси-қоғамдық құрылысы және шаруашылығы мен мәдениеті.

§1. Қазақ хандығының саяси және қоғамдық құрылысы	153
§2. Қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениеті	157

Он бірінші тарау. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресі.

§1. Жоңғар мемлекетінің құрылуы және оның қазақ жеріне шапқыншылығы	164
§2. Қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күресі. Жоңғар мемлекетінің күйреуі	169

III - б о л і м . Қазақстан Ресей империясы құрамында

Он екінші тарау. Қазақстанның Ресейге қосылуы.

- §1. Қазақстанның Ресейге қосылуының себептері. Кіші жүздің империя құрамына кіруі 177
- §2. Ресей империясының қазақ жеріндегі отарлау саясаты. Орта және Ұлы жүздің Ресейге бірігуі 184

Он үшінші тарау. Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі ұлт-азаттық күрес. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі /1783-1797 жж./

- §1. Кіші жүздегі көтерілістің басталу себептері және оның барысы 191
- §2. Көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызы . 197

Он төртінші тарау. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған шаруалар көтерілісі /1836-1838 жж./

- §1. Исатай мен Махамбет басқарған көтерілістің басталу себептері 199
- §2. Көтерілістің барысы және оның жеңіліспен аяқталуы 204

Он бесінші тарау. Қазақстандағы Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалыс /1837-1847 жж./.

- §1. Кенесары басқарған ұлт-азаттық қозғалыстың басталу себептері және барысы 210
- §2. Қарулы күрестің күшейген кезеңі және оның жеңілуі 215

Он алтыншы тарау. Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарған Сырдария және Есег Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі (1853-1858 ж.ж). 219

Он жетінші тарау. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі.

- §1. XIX ғ. 60-90 жылдарындағы әкімшілік-басқару реформалары. Патша үкіметінің аграрлық саясаты 226
- §2. Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі 233
- §3. XIX ғ. және – XX ғ. басындағы Қазақстан мәдениеті 237

Он сегізінші тарау. XX ғасыр басындағы Қазақстан.

- §1. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Жұмысшы табының қалыптасуы 249

§2. 1905-1907 жж. орыс революциясына Қазақстан халқының қатысуы	257
§3. Столыпин аграрлық реформасы. Отарлық қоныстандыру саясатының күшеюі	262

Он тоғызыншы тарау. Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі.

§1. 1916 ж. көтерілістің басталу себептері, сипаты және қозғаушы күштері	265
§2. Көтерілістің Жетісу және Торғай облыстарындағы орталығы	269
§3. Қазақстан 1917 жылғы Ақпан революциясы кезінде. Ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы және “Алаш” партиясының құрылуы	275

IV- б о л і м. Қазақстан Кеңестер Одағы құрамында.

Жиырманшы тарау. 1917 ж. Қазан революциясы және Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы.

§1. 1917 ж. Қазан революциясы және Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы	281
§2. Қазақстанда кеңестік мемлекеттік аппарат құру және экономика саласындағы алғашқы өзгерістер	286

Жиырма бірінші тарау. Қазақстан азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.)

§1. Өлкеде азамат соғысының басталуы және оның барысы	291
§2. Қазақ кеңес республикасының құрылуы	296

Жиырма екінші тарау. XX ғ. 20-30 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер

§1. Қазақстанда жаңа экономикалық саясатқа кошу және оның барысы	301
§2. Республиканың саяси өміріндегі өзгерістер	306
§3. Қазақ АКСР-ның одақтас республикаға айналуы. Тоталитарлық жүйенің қылмысы мен халықты жаппай жазалауы	311

Жиырма үшінші тарау. Қазақстанның индустриялық дамуы және оның қайшылықтары мен қиындықтары.

§1. Халық шаруашылығын қалпына келтіру барысында Қазақстан өнеркәсіп салаларының дамуы	314
--	-----

§2. Қазақстанның индустриялық дамуындағы қайшылықтар мен кннндықтар	317
---	-----

Жиырма төртінші тарау. Қазақстандағы ұжымдастыру және оның зардаптары.1932-1933 жж. аштық.

§1. 20-шы жылдардағы Қазақстан ауыл шаруашылығындағы жағдай	323
§2. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және оның зардаптары. 1932-1933 жылдардағы аштық	327

Жиырма бесінші тарау. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті.

§1. Тоталитарлық жүйенің творчестволық шығармашылыққа қатал идеялық қысымы	332
§2. Жаппай сауатсыздықты жою және халыққа білім беру ісінің дамуы. Республика жоғары мектебінің қалыптасуы	335
§3. Ғылымның және ғылыми орталықтардың құрылуы. Әдебиет пен өнер саласындағы жетістіктер	342

Жиырма алтыншы тарау. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жж.)

§1. Қазақстандықтардың майданға аттануы және олардың қаһарман ерліктері	348
§2. Қазақстан экономикасын майдан мүддесіне бағындыру. Халықтың тылдағы ерен ерлігі	355

Жиырма жетінші тарау. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1950ж.ж.)

§1. Республика халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамуы	362
§2. Қазақстанның 1946-1950 жылдардағы қоғамдық – саяси өмірі	369

Жиырма сегізінші тарау. XX ғ. 50-ші жылдарындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайы және экономикасы мен мәдениеті.

§1. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі. Өнеркәсіптің даму барысы	373
§2. Республика ауыл шаруашылығының артта қалуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру	378
§3. Қазақстанның мәдени дамуындағы өзгерістер	383

Жиырма тоғызыншы тарау. Қазақстанның XX ғ. 60-шы жылдарындағы экономикалық және саяси-әлеуметтік жағдайы.

- §1. Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформалар және оның нәтижелері 386
§2. Республикадағы қоғамдық-саяси жағдай. Әлеуметтік және мәдени дамудағы ахуал 392

Отызыншы тарау. Қазақстан “тоқырау” кезеңінде /1971-1985 жж./.

- §1. “Тоқырау” жылдарындағы республиканың онеркәсібі 397
§2. Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуындағы қайшылықтар мен қиындықтар 401
§3. Республиканың қоғамдық-саяси және мәдени дамуындағы жағдай 403

Отыз бірінші тарау. Қазақстан “Қайта құру” жылдарында /1985-1991 ж/.

- §1. “Қайта құру” кезіндегі республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы .. 410
§2. Қазақстанда демократиялық қатынастардың белең алуы. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы 414

Отыз екінші тарау. “Қайта құру” кезіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы өзгерістер.

- §1. Жаңа жағдайдағы республиканың экономикалық ахуалы 419
§2. Қазақстанның әлеуметтік және мәдени дамуындағы қиындықтар 423

V - б о л і м. Қазақстан - егемен тәуелсіз мемлекет.

Отыз үшінші тарау. Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресі және егемендік алуы.

- §1. Кеңестер Одағының ыдырауы және оның себептері 427
§2. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы 433

Отыз төртінші тарау. Егемен Қазақстанның сыртқы саясаты.

- §1. Қазақстанның шет елдерімен тең құқықтық қатынастар құру саясаты 437

§2. Мемлекет қауіпсіздігін сақтау – басты міндет	448
§3. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатындағы экономикалық байланыс мәселелері	456

Отыз бесінші тарау. Тәуелсіз Қазақстанның ішкі саясаты. Демократиялық қатынастардың дамуы.

§1. Елдегі демократиялық қатынастардың дамуы. Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар	462
§2. 1995 жылғы Қазақстан Конституциясы	475
§3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері	480

Отыз алтыншы тарау. Егемен Қазақстанның экономикасы.

§1. Қазақстанда нарықтық қатынастарға кошу: қиыншылықтар мен қайшылықтары	485
§2. Қазақстан өнеркәсібі	492
§3. Республика ауыл шаруашылығының жағдайы	498

Отыз жетінші тарау. Қазақстанның көлік және жол қатынасы.

§1. Қазақстанның темір жол қатынасы	504
§2. Республиканың автомобиль жол қатынасы	512
§3. Қазақстанның су және әуе жол қатынасы	518
§4. Қазақстан құбыр жолдары	524

Отыз сегізінші тарау. Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік жағдайы және мәдениеті.

§1. Республика халқының әлеуметтік жағдайы	530
§2. Қазақстан мәдениетінің дамуындағы өзгерістер	541

Тарихи оқиғалар жылнамасы

Әдебиеттер тізімі

Мусин Чапай

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Учебник

(на казахском языке)

Редактор *Арпабеков С.*

Верстка *Наурызбаева Ш.*

Дизайн *Сапарбаев Н.*

Басуға 14.03.05. қол қойылды. Пішімі 84x108/32.
Баспа табағы 37.0. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 56.



Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 42/44, тел 504510, 930502



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90.
E-mail: rpik-dauir_81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru